Данная работа является продолжением научных исследований по расчету влияния сопротивления трения торцовых пластин на аэродинамику плоской струи. Ранее был произведен расчет сопротивления при турбулентном пограничном слое. В работе показаны результаты расчета влияния сопротивления трения торцовых пластин на закономерности развития плоской свободной струи. Построена схема течения струи между торцовыми поверхностями. Проведен расчет сопротивления при ламинарном пограничном слое. Получена расчетная формула, которая описывает изменение максимальной скорости струи в первом приближении. Произведено сравнение результатов расчета с экспериментальными данными.

Ключевые слова: плоская струя, сопротивление трения, пограничный слой, ламинарное течение, аэродинамика.

Андатпа

Бұл жұмыс жазық ағынның аэродинамикасына шеттік беттік пластинаның үйкеліс кедергісінің әсерін есептеу бойынша ғылыми зерттеулердің жалғасы болып табылады. Бұрын турбулентті шекара қабаты кезіндегі кедергіні есептеу жүргізілген. Жұмыста жазық еркін ағыншаның даму заңдылығына шеттік беттік пластинаның үйкеліс кедергісінің әсерін есептеу нәтижелері көрсетілген. Шеттік беттердің арасындағы ағынша ағысының сызбасы тұрғызылды. Ламинарлық шекаралық қабат кезіндегі кедергіні есептеу жүргізілді. Бірінші жуықтауда ағыншаның максималді жылдамдығының өзгерісін сипаттайтын есептік формула алынды. Есептеу нәтижелерінің эксперименттік берілгендермен салыстырылуы жүргізілді.

Кілттік сөздер: жазық ағынша, үйкеліс кедергісі, шекаралық қабат, ламинарлық ағын, аэродинамика.

Abstract

This work is a continuation of scientific research on the calculation of the effect of the friction resistance of end plates on the aerodynamics of a flat jet. Previously, the resistance was calculated for a turbulent boundary layer. The paper shows the results of calculating the effect of the friction resistance of end plates on the regularities of the development of a flat free jet. A flow diagram of the jet between the end surfaces is constructed. The resistance is calculated for a laminar boundary layer. A calculation formula is obtained that describes the change in the maximum velocity of the jet in the first approximation. The calculation results are compared with experimental data.

Keywords: flat jet, friction resistance, boundary layer, laminar flow, aerodynamics.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Abramovich G.N., Girshovich T.A., Krasheninnikov S.I., Sekundov A.N., Smirnova I.P. 1984. The Theory of Turbulent Jets. The MIT Press, Cambridge, Massachusetts, Pages: 684.
- 2 Quinn W.R. Turbulent free jet flows issuing from sharp-edged rectangular slots: the influence of slot aspect ratio. Exp. Thermal Fluid. Sci. 5, 203-215 (1992).
- 3 Faghani E., Maddahian R., Faghani P., and Farhanieh B. Numerical investigation of turbulent free jet flows issuing from rectangular nozzles: the influence of small aspect ratio. Archiv. Appl. Mech. 2010. Vol. 80. No. 7. Pp. 727-745.
- 4 Isataev S., Toleuov G., Isataev M., Ospanova Sh. and Bolysbekova Sh. Impact of frictional resistance of end plates on flat jet attenuation // Journal of engineering and applied Sciences, 10: 76-79. 2015.
- 5 Lhendup Namgyal and Joseph W. Hall. Coherent streamwise vortex structures in the near-field of the three-dimensional wall jet. J. Fluid. Eng. 2013. Vol. 135, No. 6. Pp. 120–126.

ӘӨЖ: 536.46:532.517.4

ЕРКІН ТУРБУЛЕНТТІ АҒЫНШАНЫ ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЗЕРТТЕУ

Ғ.Төлеуов¹, М.С. Исатаев², Ж.К. Сейдулла³, М.Сұлтан⁴,
А. Байкаметова⁵, Г.Тлепберген⁶, А.Ермекова⁷

¹ф.-м.ғ.к., доцент, ²ф.-м.ғ.к., доцент, ³аға оқытушысы, ⁴оқытушы, ⁵⁻⁷магистрант
әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы қ., Қазақстан
e-mail: Muhtar.Isataev@kaznu.kz

Кіріспе

Шығар қимасы квадрат формалы соплодан ағып шығатын еркін турбулентті ағынша жылдамдықтың дыбысқа дейінгі диапазонында әлі кең түрде зерттелмей келеді. Егерде квадрат формалы шығар қиманың екі қарама-қарсы жағын тұрақты қылып ұстап, оларға перпендикуляр екі жағын созатын болсақ, онда тіктөртбұрышты соплоны аламыз (анықтауыш параметр – созылу параметрі λ , мұндағы $\lambda = a/b$, a – шығар қиманың ұзындығы; b – шығар қиманың ені). Мұндай соплодан шығатын ағынша үшөлшемді. Осындай үшөлшемді турбуленттік еркін ағыншалар жалпы молынан зерттелген [1-9]. Ал, бас жақта айтылған шығар қимасы квадрат формалы соплодан таралатын ағыншаны алатын болсақ ($\lambda=1$), онда осы бағытты қамтитын кейбір аздаған жұмыстарды ғана атап кетуге болады [4;7;11;12]. Квадрат формалы шығар қимасы бар соплодан ағып шығатын турбулентті ағыншаны тікелей эксперименттік зерттеуге қатысты [13] жұмысты айтып кетуге болады. Бұл жұмыста соплодан ағып шығатын турбулентті еркін ауа ағыншасының орташа динамикалық сипаттамалары кеңінен зерттелді. Зерттеу ағысқа сыртқы әсер (акустикалық) түсірілген және түсірілмеген кездерде де жүргізілді.

Аталған жұмыста осындай ағыншаны ары қарай зерттеу нәтижелері көрсетілген.

Эксперименттік зерттеулер үшін аппаратура

Тәжірибе 1 суретте көрсетілген қондырғы көмегімен жүргізілді.

(1) желдеткіштен шыққан ауа (2) вибросөндіруші өтпеден (3) тыныштық камерасына келіп түсіп, содан соң (4) және (5) торлар арқылы квадрат формалы шығыс кескіні бар (6) соплодан ағып шығады.

Ағыншаның негізгі бөлігі көлеңкелі аспап ИАБ-451-дің жұмысшы бөлігінде орналасқан. Оның көмегімен ағыстың көлеңкелі лездік суретін зерттеуге болады. Ағыншаға әсер ету тыныштық камерада ағыншаның шығыс кескініне фронтальді түрде орналасқан, қуаты 50 Вт болатын (7) динамик көмегімен іске асырылды.


(13) дыбыс генераторынан динамикке синусоидалы сигнал беріледі, соған байланысты ағыншаның шығыс кескінінде таңдап алынған жиіліктегі жылдамдықтың синусоидалы тербелісі пайда болады.

Орташа жылдамдық пен динамикалық қысымды өлшеу үшін Пито түтігі мен ММН-240 маркалы (9) микроанометр қолданылды.

Жұмыста термоанометрлік блок жүйесі қолданылды. Ол сызықтандырылған шығыс сигналды жылдамдығы бар қосарналы термоанометрлік жүйеден, температураны түрлендіргіштен, (12) фазалық таңдау блогынан тұрады.

Соплоның симметриялық үш өсі бойымен Пито түтікшесі мен датчиктің орналасуы үшөлшемді координатник көмегімен жүзеге асырылады.

Соплоның сығылу дәрежесі $c = 10$ ($c = F_1 / F_2$, мұндағы F_1 -соплоның кіру ауданы, F_2 -оның шығу ауданы), соплоның биіктігі 90 мм-ге тең.



1-желдеткіш; 2-вибросөндіруші өтпе; 3-тыныштық камерасы; 4-түзету торлары; 5-кыздырылатын тор; 6-сопло; 7-динамик; 8-Пито түтікшесі; 9-микроманометр; 10-датчик; 11-СТМ-02 типті термоанемометрлік блок жүйесі; 12-фазалық таңдау блогы; 13-дыбыстық генератор

1 сурет. Тәжірибелік қондырғының сызбасы

Алынған нәтижелер және олардың анализі

Ағыншадағы ағыстың құйындық құрылымын зерттеу үшін термоанемометрмен өлшенетін, осциллографтың экранында сақталатын жылдамдықтың лездік пульсациясының жазылуы әдісін қолдану қажет.

Термоанемометрдің көмегімен жылдамдықтың орташа және пульсациялық мәндері, турбуленттіліктің деңгейлері (турбуленттіліктің интенсивтілігі) өлшенді. Жылдамдықтың пульсациясының лездік өзгерісінің осциллограммаларына талдау жасау негізінде, ірімасштабты бірінші реттік құйындардың пайда болуы және олардың соплодан алыстауы кезіндегі даму жиіліктері есептелінді.

Жылдамдықтың лездік пульсациясы сигналын созу осциллограммасына талдау жасау, жылдамдық тербелісінің нақты берілген жиіліктері бар екендігін көрсетеді. Жылдамдықтың осы тербелістері бастапқы бөлімшеде еркін шекаралық қабаттағы ірімасштабты дискреттік құйындардың пайда болу жиіліктерімен дәл келеді. Ағыстың бойымен төмен соплоның шығар қимасынан алыстаған сайын бірінші реттік құйындардың бір-бірімен әсерлесуі және олардың осының негізінде іріленуі нәтижесінде үлкен амплитудалы төменгі жиіліктегі жылдамдықтардың тербелісі пайда болады.

Сонымен қатар, олардың фондында бірінші реттік құйындармен түсіндірілетін жоғарғы жиіліктегі жылдамдықтардың пульсациясы сақталады. Мысал ретінде 2 суретте ағыншаның өсі бойынша әр түрлі қашықтықтарда, x/b параметрінің (калибр) әр түрлі мәндерінде алынған шығар қимасы квадрат формалы соплодан таралатын ағыншаның өстік жылдамдығының пульсациясының осциллограммалары көрсетілген.


Зерттеу көрсеткендей орташа жылдамдықтың кемуіне байланысты бірлік уақытта датчиктің жанынан өтетін құйындардың саны азаяды. Осы нәтижелерден шығатын қорытынды: соплодан ағыстың бойымен алыстаған сайын құйындар кішірек құйындарға бөлінбейді, құйындардың саны артпайды, ал оның есесіне үлкен размерлі ірі құйындарға бірігуі көрінеді. Екінші жағынан осы топтардың ішіндегі әрбір құйын өзінің индивидуальділігін соплоның шығар қимасынан өте үлкен арақашықтықта сақтай алады (30 калибрге шейін) және жылдамдық пульсациясын туғызады.

Жұмыста еркін ағыншаның пульсациялық сипаттамалары да зерттелді. Өлшеулер жүргізілмес бұрын термоанемометр тарировкаланды. Өстік максимал жылдамдыққа (U_m) шағылған және бастапқы жылдамдыққа (U_0) шағылған өстік жылдамдықтың пульсация интенсивтілігі (турбуленттіліктің интенсивтілігі) ε_m және ε_{m_0} келесі формулалар көмегімен анықталды:

$$\varepsilon_m = \frac{\sqrt{U'^2}}{U_m} = \frac{4\bar{E}(\bar{E}^2 - E_0^2)\sqrt{e'^2}}{(\bar{E}_m^2 - E_0^2)^2} \quad (1)$$

$$\varepsilon_{m_0} = \frac{\sqrt{U'^2}}{U_0} = \frac{4\bar{E}(\bar{E}^2 - E_0^2)\sqrt{e'^2}}{(\bar{E}_0^2 - E_0^2)^2}, \quad (2)$$

мұндағы \bar{E} - кез-келген нүктедегі орташа кернеу, \bar{E}_m - өс бойындағы орташа кернеу, $\sqrt{e'^2}$ - өс бойындағы кернеудің орташаквадраттық пульсациясы, \bar{E}_0 - бастапқы кернеу, E_0^2 - тарировкалық графиктің көмегімен анықталған коэффициент, $\sqrt{U'^2}$ - жылдамдықтың өстік орташа квадраттық пульсациясы.




$\lambda = 1$, $U_0 = 20,7 \text{ м/с}$; $f = 0$; $y = 0$; $z = 0$; U_0 - бастапқы жылдамдық;
 f - сыртқы акустикалық әсер жиілігі
 а) $x/b=2$; б) $x/b=6$; в) $x/b=10$; г) $x/b=18$; д) $x/b=26$; е) $x/b=30$.

2 сурет. Шығар қимасы квадрат формалы соплодан таралатын ағыншаның өсі бойындағы жылдамдық пульсациясының осциллограммалары


Шығар қимасы квадрат формалы соплодан шығатын ағыншадағы турбулентіліктің интенсивтілігінің өс бойымен таралу заңдылықтары 3 а) және 3 б) суреттерде көрсетілген. Суреттерден көретініміздей екі жағдайда да (әсер бар және жоқ кездерде) ε_m және ε_{m_0} екеуіде бастапқыда кілт жоғары көтеріледі, одан соң ε_{m_0} төмендеуі байқалады, ал ε_m өсу темпі ары қарай жалғаса береді.

Жұмыста шығар қимасы квадрат формалы соплодан ағып шығатын еркін ағыншаның көлденең қималарындағы жылдамдықтың профильдері зерттелді. Эксперимент нәтижелері 4 суретте көрсетілген. Тәжірибе ағыншаға сыртқы әсер түсірілген кезде жасалынды, әсер жиілігі $f = 421 \text{ Гц}$. Суреттен көретініміздей, көлденең қималардағы жылдамдықтың профильдерінің универсалдылығы (аффинді тәріздестік) 6 калибрден ($x/b=6$) басталады.

Ағыншаның шығу қимасында температураның біркелкі профилін алу кезінде біршама техникалық сипаттағы қиындықтар кездесті. Олар, біріншіден, ұсақ ұяшықты никель торлары таңдалғандықтан, екіншіден, контактілі қысқыштардың бір-біріне жақын орналасқандығынан жойылды.




а) $\lambda = 1; f=0; U_0=20,7 \text{ м/с}$




б) $\lambda = 1; f=200\text{Гц}; U_0=20\text{м/с}; Sh=0,2$

3 сурет. Ағыншадағы турбулентіліктің интенсивтілігінің өстік таралуы



$U_0 = 20,9 \text{ м/с}; f = 421.$

4 сурет. Шығар қимасы квадрат формалы соплодан ағып шығатын еркін ағыншаның көлденең қималарындағы жылдамдықтың профилдері



$U=21\text{м/с}; f=0; \Delta T_0 = 30^0 \text{ C}.$

5 сурет. Шығар қимасы квадрат формалы соплодан таралатын еркін ағыншаның өлшемсіз асқын температурасының көлденең қима бойындағы өзгерісі

Осыған байланысты соплоның шығар қимасындағы температураның профилін біркелкі деп есептеуге болады. Тек соплоның ішкі жақтарынан жылу сыртқа таралатын облыстарда аздаған

ауытқулар байқалады. Сондықтан соплоның шығар қимасындағы температураның көлденең профилінің тікбұрышты формада ауытқуын минимумға жеткізу үшін соплоның ішкі жақтары сыртқы ортадан мейілінше оқшауландырылды (изоляцияланды).

Жұмыста шығар қимасы квадрат формалы соплодан ағып шығатын ағыншаның негізгі бөлімшесіндегі, әр түрлі көлденең қималардағы орташа температураның өлшемсіз профильдері көрсетілген (5 сурет).

Суреттен көретініміздей, көлденең қималардағы температураның профильдерінің универсалдылығы негізгі бөлімшенің бас жағынан басталып, аяғына дейін жалғасады.

Аңдатпа

Аталған мақалада шығар қимасы квадрат формалы соплодан ағып шығатын еркін турбулентті ағыншаның даму динамикасы зерттелді. Зерттеулер ағыншаға сыртқы әсер түсірілген және түсірілмеген жағдайларды қоса қамтиды. Термоанометрдің көмегімен жылдамдықтың орташа және пульсациялық мәндері өлшенді, турбуленттіліктің деңгейлеріне талдау жасалынады. Соплодан таралатын еркін ағыншаның өлшемсіз асқын температурасының өс бойындағы өзгерістері зерттелді.

Кілттік сөздер: сопло, еркін ағынша, турбулентті ағыс, эксперименттік зерттеу, жылдамдық және температура профилдері.

Аннотация

В статье приведены результаты исследования динамики развития свободной турбулентной струи, вытекающей из сопла квадратного сечения. Исследования проводились как при наличии внешнего воздействия, так и без воздействия. Средние и пульсационные значения скорости измерялись с использованием термоанометра, был проведен анализ уровня турбулентности. Исследовались безразмерные профили температуры на оси свободной струи, выходящей из сопла.

Ключевые слова: сопло, свободной струя, турбулентное течение, экспериментальное исследование, профили температуры и скорости.

Abstract

The article presents the results of studying the dynamics of the development of a free turbulent jet flowing out of a square-shaped nozzle. The studies were conducted both in the presence of external influence, and without influence. The average and pulsation values of the velocity were measured using a thermoanometer, and the turbulence level was analyzed. We studied dimensionless temperature profiles on the axis of the free jet emerging from the nozzle.

Keywords: nozzle, free jet, turbulent flow, experimental study, temperature and speed profiles.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Trentacoste N., Sforza P.M. Further experimental results for three-dimensional free jets. AIAA J. 1967. Vol.5. No.5. Pp. 885-890.
2. Sfeir A.A. The velocity and temperature fields of rectangular jets. Int. J. Heat and Mass Transfer. 1976. Vol.19. No.11. Pp 1289-1297.
3. Крашенинников С.Ю. Рогольская Е.Г. Распространение струй из прямоугольных сопел, свободных и вблизи экрана. Изв. АН СССР. МЖГ. 1979. №4. С. 39-48.
4. Quinn W.R. Turbulent free jet flows issuing from sharp-edged rectangular slots: the influence of slot aspect ratio. Exp. Thermal Fluid Sci. 1992. Vol.5. No.2. Pp.203-215.
5. Rembold B., Adams N.A., Kleiser L. Direct numerical simulation of a transitional rectangular jets. Int. J. Heat Fluid Flow. 2002. Vol.23. Issue 5. Pp. 547-553.
6. Berg J.R., Ormiston S.J., Soliman H.M. Prediction of the flow structure in a turbulent rectangular free jet. Int. Commun. Heat and Mass Transf. 2006. Vol.33. No.5. Pp. 552-563.
7. Faghani E., Maddahian R., Faghani P., and Farhanieh B. Numerical investigation of turbulent free jet flows issuing from rectangular nozzles: the influence of small aspect ratio. Archive of applied mechanics. 2010. Vol. 80. No.7. Pp. 727- 745.
8. Исатаев С.И., Толеуов Г., Исатаев М.С., Болысбекова Ш.А. Экспериментальное исследование трехмерных турбулентных струй, истекающих из сопла с прямоугольным выходным сечением. Инженерно-физический журнал. 2016. Т.89, №2. С. 383– 387.

9. Исатаев М.С., Төлеуов Г., Есеналина К.А. Экспериментальное исследование распространения трехмерных турбулентных струй из прямоугольных сопел. Инженерно-физический журнал. 2017. -Т.90, -№6. -С.1543–1548.

10.Абрамович Г.Н., Гиршович Т.А., Крашенинников С.Ю. и др. Теория турбулентных струи. Изд. 2-ое перераб. и доп. Подред. Г.Н. Абрамовича. – М., 1984. -720 с.

11. Tsuchiya Y., Horikoshi C., Sato T. On the spread of rectangular jets. Exp. Fluids 4. 1986. - P.197–204.

12. Quinn W.R., Militzer J. Experimental and numerical study of a turbulent free square jet. Phys. Fluids 31. 1988. -P.1017–1025.

13.Төлеуов Ғ., Исатаев М. С., Оралбаев А. Б., Артықбаева А., Алтайқызы М., Асильбекова Ш.Шығар қимасы квадрат формалы соплодан ағып шығатын еркін турбулентті ағыншаны эксперименттік зерттеу // ҚазҰТЗУ хабаршысы. - №2(126). Алматы, 2018.-Б.233-242.

ӘӨЖ: 621.548

ЖЕЛКЕНДІ ТУРБИНАЛАРДЫҢ ЖҰМЫСЫН COMSOL MULTIPHYSICS КӨМЕГІМЕН МОДЕЛДЕУ

А.К.Тулепбергенов, Д.Е.Туралина, Д.С.Ергалиев, А.Т.Аман
Әл-фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан
e-mail: asylbek12@mail.ru

Қазіргі таңда энергиясыз өмір, адамзат үшін үлкен мәселе. Барлығымыз энергия көздері орнына, көмір, газ, мұнай органикалық отындарын пайдалануға бейімделдік. Дегенмен оларды қолдану шектеулі болуы мүмкін. Ерте ме кеш пе аяқталатын күнде жетеді. Сондықтан, кез келген жағдайда да тиімді энергия көздерін іздеу, қарқынды түрде жалғасуда. Әлемдегі баламалы, дәстүрлі емес, жаңартылатын және экологиялық таза энергия көзінің маңыздылығы айқын.


Елімізде арзан электр энергия көздерін іздеу мақсатында, “Қазақстанда 2030 жылға дейін электр энергиясын өндіруді дамыту” туралы мемлекеттік бағдарламаға сәйкес, жел күшімен өндіретін электр энергиясы қуатын халық шаруашылығына қолданудың тиімді жолдары қарастырылуда. Қазақстанда жел күшімен алынатын электр энергиясы қуатын кеңінен және мол өндіруге болады. Жел энергиясының басқа энергия көздерінен экологиялық және экономикалық артықшылықтары көп. [1]

Зерттеу Қазақстандағы қолданбалы механика және физика бағыттарын, электротехникадағы теориялармен тәжірибелердің, технологиялық және циклдық жел энергетикалық қондырғылардың дамуына себепші болатыны белгілі. Жел энергетикасының қалыптасуы жеке кәсіпкерліктің дамуына, аймақтардағы көптеген әлеуметтік мәселелердің шешілуіне алып келеді. Потенциалды тұтынушылар: қыстақтар мен ауылдар, шағын және орта бизнес, шаруа қожалықтар және дербес энергия көздерін тұтынушылар болып келеді [2].

Бұл жұмыста есептеу кезінде параметрлердің өлшемдерін өзгерте отырып есептеулер жүргіземіз.

Савониус роторы – екі жартылай цилиндрлік бет, бұл желдің бағытына перпендикуляр вертикаль оське бекітілген қалақшалардан тұрады. Оны фин инженері Савониус 1920 жылы ойлап тапты. Ол қарапайым құрылымға ие, жақсы бастапқы сипаттамалары бар, жұмыс жылдамдығы төмен, сонымен қатар желдің кез-келген бағытында жұмыс істейді. Алайда оның төмен аэродинамикалық тиімділігі бар.

Егер қуат сенімділігі турбинадан немесе тиімділігінен маңызды болса, Савониус артықшылығы бар таңдау болуы мүмкін.



1-сурет. Савонионустың турбина және жұмыс механизмі секциялық көрінісі.

Қазіргі уақытта Савониус роторы бар жел генераторлары 5 кВт-қа дейін өндіреді.


Қазақстанның аумақты кең территориясында электрлік, механикалық және жылулық энергияларын тұтынушыларының көп болуына байланысты жаңғырмалы, экологиялық таза энергия көзі шағын жел энергетикалық қондырғыларды (ШЖҚ) зерттеп, жасау маңызды болып табылады. Жобаның басты әдіснамасы, ол ШЖҚ-ның модельдік түпнұсқасының техникалық және өнеркәсіптік түпнұсқаға айналуында болып табылады. [3-5]


Жел турбиналары жел энергиясын механикалық энергияға айналдыру үшін қолданылады және электр энергиясын өндіреді. Жел турбиналарының өзгерістерінің басты параметрі оның геометриялық сипаттамаларына сәйкес келеді, яғни оның оның тиімділігін артыру үшін түрлі конструкциялары жасалған. Жел турбиналарының басты элементі айналушы турбина болып табылады.

Жұмыс істеу принципіне сәйкес жел турбиналарын үшке бөлуге болады: желкенді, пропеллерлі, қанатты. Желкенді типтегі жел турбиналары желдің динамикалық қысымының жел турбинасының қалақшасына тікелей әсер етуі арқылы жұмыс істейді. Артықшылықтары конструкциясының жеңілдігін атап айтса болады. Кемшіліктеріне желді қолданудың төмен коэффициентінде болып табылады. Желкенді типтегі жел турбиналарының жарқын мысалы ретінде Савионус турбинасын келтіруге болады.

Одан басқа заманауи жел турбиналарды бірнеше жіктемелері бар. Мысалы: айналу осьтерінің бағытына негізделген, тартқыш күшке негізделген немесе көтеруші күшке негізделген, сондай-ақ турбиналардың қуатына негізделген жіктемелерге бөлуге болады.

Осы жұмыста Савониус роторының қалақшаларын әртүрлі пішінде алып қарастырып, солардың ішіндегі ең тиімдісін анықтаймыз (2-сурет қараңыз). Осы сұлбаға сәйкес теориялық тұрғыда, Савониус роторының қалақшаларының тиімділігі зерттелінді. Оған қоса сол зерттелген теориялық нәтижені алу барысында эксперименталды түрде COMSOL Multiphysics бағдарламасында тексерілді. Жұмыстың мақсаты, қалақша пішінін өзгерте отырып және ағын жылдамдығын өзгерту (арттыру) арқылы жел турбиналарының айналу жылдамдығын көбейту, сәйкесінше мол энергия өндіру.






2-сурет. Сыналатын үлгілердің геометриялық формалары


3D және COMSOL Multiphysics бағдарламасындағы моделдері 3-суретте келтірілген.

Сандық эксперимент жасаудың барысында ең алдымен теориялық зерттеуді тексеру үшін COMSOL Multiphysics бағдарламасында екі түрлі эксперимент жүргіземіз [6-8]. Ол үшін қажетті жел турбинысын құрастырамыз.

Бірінші экспериментте біз ағынның жылдамдығын тұрақты деп алып, оған $v=5$ м/с жылдамдық береміз.


Екінші экспериментте біз роторды бір орында қозғалмай орналастырып, ағын жылдамдығын 0,5 м/с-тан 50 м/с – қа дейін өзгерте отырып қарастырамыз .






3-сурет. Савониус роторының 5-түрлі формалы қалақшасының тор құру сұлбасы.


Ағынның әртүрлі жылдамдықтармен роторды ағып өтуі(50м/с, 30 м/с, 20 м/с, 15м/с, 10м/с, 5м/с, 4м/с, 3м/с, 2м/с, 1м/с, 0.5м/с) (12-сурет)



4-сурет. Ағынның әртүрлі жылдамдықтармен роторды ағып өтуі(10м/с, 5м/с, 4м/с, 3м/с, 2м/с, 1м/с, 0.5м/с) (10-сурет)



5-сурет.. Ағынның әртүрлі жылдамдықтармен роторды ағып өтуі



сурет. Ағынның әртүрлі жылдамдықтармен роторды ағып өтуі

Ағынның әртүрлі жылдамдықтармен роторды ағып өтуі (50м/с, 30 м/с, 20 м/с, 15м/с, 10м/с, 5м/с, 4м/с, 3м/с, 2м/с, 1м/с, 0.5м/с) (14-сурет).

Сандық әдіспен есептеу үшін PYTHON программалау тілін пайдаланып кедергі күшін есептеу үшін келесі параметрлерді табамыз. C_f аэродинамикалық қарсыласу коэффициенті:

1-кесте. Аэродинамикалық қарсыласу коэффициенті Жанасатын беттің ауданы S:

Дене формасы	C_f аэродинамикалық қарсыласу коэффициенті
Конус	0,5
Жазық бет	0,95
Сфера	0,47
Цилиндр	0,82
Куб	1,05

2-кесте. Қалақша аудандары

Қалақша номері	Ауданы $S \text{ м}^2$
1	0.0785
2	0.0942
3	0.0852
4	0.074
5	0.084

Қай форманы таңдаған тиімді екенін білу үшін, қалақшаны айналдыруға жұмсайтын күшті білуіміз қажет. Ол үшін келесі нәтижелерді аламыз:

3-кесте. Нәтижелер

$S[\text{м}^2]$	$Y[\text{H}]$	$F[\text{H}]$	$q[\text{H}/\text{м}^2]$
0.0942	1.4496496875	1.18279875	2.832812
0.0785	1.20804140625	0.985665624	2.83281250
0.0852	1.1849578125	0.9668312499999999	2.832812500000001
0.074	1.138790625	1.0764687499999999	0.842187500000001
0.084	1.2926812500000002	1.2219375000000001	0.842187500000001

ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеу Қазақстандағы қолданбалы механика және физика бағыттарын, электротехникадағы теориялармен тәжірибелердің, технологиялық және циклдық жел энергетикалық қондырғылардың

дамуына себепші болатыны белгілі. Жел энергетикасының қалыптасуы жеке кәсіпкерліктің дамуына, аймақтардағы көптеген әлеуметтік мәселелердің шешілуіне алып келеді. Потенциалды тұтынушылар: қыстақтар мен ауылдар, шағын және орта бизнес, шаруа қожалықтар және дербес энергия көздерін тұтынушылар болып келеді.

Негізгі мақсат аэродимикалық қондырғы арқылы Савониус роторының қалақшалардың айналуын сынау. Тәжірибені қалақшалардың пішінін өзгерте отырып бірнеше рет қайталау. Тәжірибелік деректерді пайдаланып, алынған өлшемдердің ең тиімдісін ұсыну.

Autodesk Simulation CFD 2018 және COMSOL Multiphysics программаларында түрлі жағдайларға байланысты нәтижелер алынды. Барлық тәжірибеден кейін алынған нәтижелер кестеге жүйелі түрде салынды.

Жоғарыда келтірілген деректерге сүйене отырып, Савониус роторының қалақшаларын дөңгелек тәріздес қылып алу тиімді екені көрсетілді. Оның ішінде нөмірі бірінші және екінші қалақшалар аэродинамикалық параметрлері жағынан жақсырақ болып табылады.

Аңдатпа

Қазіргі таңда энергиясыз өмір, адамзат үшін үлкен мәселе. Барлығымыз энергия көздері орнына, көмір, газ, мұнай органикалық отындарын пайдалануға бейімделдік. Дегенмен оларды қолдану шектеулі болуы мүмкін. Ерте ме, кеш пе аяқталатын күнде жетеді. Сондықтан, кез келген жағдайда да тиімді энергия көздерін іздеу, қарқынды түрде жалғасуда. Әлемдегі баламалы, дәстүрлі емес, жаңартылатын және экологиялық таза энергия көзінің маңыздылығы айқын.

Кілттік сөздер: савониус, ротор, comsol multiphysics, autocad, қалақша, теория, эксперимент.

Аннотация

Сегодня жизнь без энергии - большая проблема для человечества. Вместо источников энергии все мы адаптировались к использованию угля, газа и нефтяного топлива. Однако их использование может быть ограничено. Это рано или поздно придет к концу. Поэтому в любом случае поиск эффективных источников энергии продолжается. Важность альтернативных, нетрадиционных, возобновляемых и экологически чистых источников энергии очевидна.

Ключевые слова: савониус, ротор, comsol multiphysics, autocad, лопасти, теория, эксперимент.

Abstract

Today, life without energy is a big problem for humanity. Instead of energy sources, we all adapted to the use of coal, gas and oil. However, their use may be limited. It will come to an end sooner or later. Therefore, in any case, the search for effective energy sources continues. The importance of alternative, non-traditional, renewable and clean energy sources is obvious.

Keywords: savonius, rotor, comsol multiphysics, autocad, blades, theory, experiment.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Гадеев.Т. От винта. газета Известия-Казахстан.№98(643) 5 июня 2003.
2. Ершина А.К., Ершин. Ш.А., Жапбасбаев У.К. Основы теории ветротурбины Дарье.- Алматы: КазГосИНТИ, 2001.-104 стр.
3. Редчиц Д. А. Аэродинамика трёхлопастного ротора Савониуса /Д.А. Редчиц // Вестник двигателестроения. – 2009. –№ 3. – С. 71–76.
4. Редчиц Д. А. Аэродинамика роторов Дарье и Савониуса / Д. А. Редчиц, А. А. Приходько // Авиационно-космическая техника и технология. – 2007. – № 5. – С. 26–31.
5. Горелов Д. Н. Экспериментальное исследование энергетических характеристик двухъярусного ротора Савониуса / Д.Н. Горелов // Теплофизика и аэромеханика. – 2005. – № 4. – С. 693–696.

- <https://www.comsol.ru/>

- www.autodesk.ru.

- <https://www.autodesk.com/products/cfd/overview>

А.К.Тулепбергенов¹, Д.Е.Туралина¹, А.Қ.Ершина², А.Баққожа¹, А.С.Тоқтарова¹,
Д.Б.Абдуллаева¹

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан

²Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

e-mail: asylbek12@mail.ru

Қазақстанда жел энергетикасын пайдаланудың басымдықтары жел энергиясы ресурстарының бар болуымен анықталады. Қазақстан территориясының жартысында желдің орташа жылдық жылдамдығы 5-6 м/с., ал кейбір аудандарда желдің жылдамдығы 7-8 м/с құрайды. Жел электростанцияларын салу ең алдымен, желіге қосылмаған шалғайдағы аудандарды энергиямен қамтамасыз етумен шартталады [1].

Елімізде жел энергетикасын дамытуға деген қызығушылық келесі артықшылықты факторлармен түсіндіріледі:

- жел – бұл отынның бағаларына тәуелді болып табылмайтын энергияның жаңартылып отыратын ресурсы; жел ресурсы елдің барлық территориясында қол жетімді болып табылады;
- орнатылатын жел энергетикасы құрылғысының қуаттылығына бәсекенің болуы;
- атмосфераға зиянды қалдықтарды тастаудың және парниктік газдарды жіберудің болмауы;
- шалғай аудандарды электроэнергиямен жабдықтауды орталықсыздандырудың мүмкіндігі.

Жұмыс істеу принципі турбинаның айналу кезінде пайда болатын қалақшаның беттік кедергі күші мен турбинаның айналуына байланысты болатын жел турбинаны беріктікке зерттеу үшін оның элементтеріне (мұнарасы, қалақшасының бекітпесі және жұмысшы қалақшасы) әсер ететін күштер мен оларды сипаттайтын математикалық теңдеулерді енгізу керек [2-4].

Жел турбиначасының мұнарасын горизонталь орналасқан балка ретінде қарастырамыз [5-8]. 1-ші және 2-ші суреттерде түзу және иілген балканың сұлбалары келтірілген, ал штрих сызықтарымен симметрия осі берілген. Сыртқы күштердің әсер етуі балканың иілуіне әкеледі (2 суретті қараңыз).




1-сурет. Горизонталь орналасқан балка



2-сурет Сыртқы күштердің әсерінен иілген балка

Балканың бастапқы қалпынан ауытқуына сыртқы күштердің әсерін толық түсіну үшін. Горизонталь орналасқан, симметрия осі x осінде жатқан ОА балкасын қарастырайық (3 сурет)



3-сурет. Горизонталь орналасқан балкаға әсер ететін күштерді сипаттау

У осінің оң бағыт ретінде О нүктесінен төмен бағытты аламыз. Сыртқы күштердің әсерінен F_1, F_2, \dots симметрия осі серпімді сызыққа иіледі. С ерпімді сызықтың (y) x осінен ауытқуын балканың иілуі деп атайды. Осылайша, егер серпімді сызықтың теңдеуі белгілі болса онда балканың иілуінің теңдеуін де беруге болады

$$EJ \frac{y''}{[1 + (y')^2]^{3/2}} = R_x x \quad (1)$$


мұндағы, E – материал түрінен тәуелді болатын Юнг модулі, J – инерция моменті. Егер, балканы сәл иіледі деп қарастырсақ, онда y' бұрыштық коэффициентінің шамасы өте аз болады сондықтан бұл шаманы елеусіз қалдыруға болады.

$$EJ y'' = R_x x \quad (2)$$

Бұл жердегі R_x жел турбинасына әсер ететін аэродинамикалық күштердің (беттік кедергі күштерінің жиынтығы) Ox бағытындағы проекциясы, турбина қалақшасының ұзындығы.

Савониус турбинасының жұмысшы қалақшасының бекітпесінің беріктігіне қалақша дайындалған материал түріне, жел жылдамдығы мен жел турбинасының геометриялық параметрлеріне тәуелді болатын центрден тепкіш күш әсер етеді. Жұмысшы қалақша беріктігіне аэродинамикалық күштердің әсерінің мәндері центрден тепкіш күштің мәнімен салыстырғанда өте аз болғандықтан еленбейді. Центрден тепкіш күштің жұмысшы қалақшаның бойымен таралуын есептей отырып, қалақшаның жел турбинасының жұмысы іске қосылмай тұрғандағы қалпы (y') мен жел турбинасының жұмысы кезіндегі бастапқы қалпынан ауытқуы (y) дәрежесін жел жылдамдығы мен жүрдектік параметрінің әр түрлі мәндері үшін алынған нәтижелер 4 суретте көрсетілген.


4 суретте пластмасс материалы үшін жүрдектік параметрлерінің әр түрлі мәні үшін қалақшаның жел турбинасының жұмысы іске қосылмай тұрғандағы қалпы (y') мен жел турбинасының жұмысы кезіндегі бастапқы қалпынан ауытқуы (y) дәрежесінен тәуелділік графиктері жел турбина жүрдектігінің әр түрлі мәндері үшін көрсетілген.



4-сурет жұмысшы қалақшаның бастапқы қалпынан ауытқу деңгейінің (y) y' параметрінен тәуелділігі. (7 м/с)


Жел турбинасының жұмысшы қалақшасының беріктігі жоғарыда айтылғандай қалақша материалына тәуелді болып табылады. Бұл мақалада жел турбинасының қалақшасы ABC 1106 маркалы пластмасс материалы немесе емен ағашынан дайындалған жағдайдағы есептеу нәтижелері берілген. 4-ші суретте тек пластмасс материалы жағдайындағы нәтижелер көрсетілген.

Қарастырып отырған процестің математикалық моделі COMSOL Multiphysics бағдарламасында жүргізілді [7,8]. 5-ші суретте жел ағынының бағыты мен айналып тұрған турбинаның 0° жағдайында орналасуында орағыта ағуы сәтінде оң жағында жылдамдық өрісінің, ал сол жағында қысым кескіні келтірілген.




5-сурет. Жел ағынының айналып тұрған турбинаның бағытымен 0° жағдайында орағыта ағуы сәті

6-шы суретте жел ағынының бағыты мен айналып тұрған турбинаның 45° жағдайында орналасуында орағыта ағуы сәтінде оң жағында жылдамдық өрісінің, ал сол жағында қысым кескіні келтірілген. Дәл сол сияқты 7-ші суретте жел ағынының бағыты мен айналып тұрған турбинаның 90° жағдайында орналасуында орағыта ағуы сәтінде оң жағында жылдамдық өрісінің, ал сол жағында қысым кескіні келтірілген.



6-сурет. Жел ағынының айналып тұрған турбинаның бағытымен 45° жағдайында орағыта ағуы сәті




7-сурет. Жел ағынының айналып тұрған турбинаның бағытымен 90° жағдайында орағыта ағуы сәті

Айналып тұрған жел турбина қалақшасының бекітпесін беріктікке зерттеу жүргізгенде бекітпенің центрге тартқыш күштің әсерінен бастапқы қалпынан созылу деңгейін есептейтініміз жоғарыда айтылды. 8 суретте пластмасс материалы немесе емен ағашынан жасалған қалақша

профилінің бекітпесінің созылу деңгейінің турбинаның айналу жылдамдығынан тәуелділігі әр түрлі жел жылдамдығының мәндері үшін берілген.

8 суретте берілген графиктерде көрініп тұрғандай емен ағашынан жасалған қалақша профилінің бекітпесінің созылу шамасы пластмасс материалынан дайындалған қалақша профилінің бекітпесінің созылу шамасынан төмен. 15м/с жел жылдамдығы үшін емен ағашынан жасалған қалақша профилінің бекітпесі 0,00043÷0,0086м аралығында созылса, ал пластмасс материалы үшін бұл көрсеткіш 0,004-0,092м аралығына тең. Жел жылдамдығының мәні артқан сайын қалақша профилінің бекітпесінің бастапқы қалпынан созылу деңгейі сәйкесінше арта түседі.

Алдыңғы нәтижелерден байқағандай жел жылдамдығының артуы жел турбина элементтерінің беріктігіне кері ықпал етеді. Сондықтан жел жылдамдығының мәні 20м/с мәнінен асқан жағдайда практикада жел қондырғысының жұмысын тоқтатады.



8-сурет Қалақша бекітпесінің созылу деңгейін сипаттайтын параметрінің (y) жүрдектік параметрінен (Z) тәуелділігі. (15м/с)

ҚОРЫТЫНДЫ

Бұл мақалада қарастырылып отырған савониус турбинасының жел энергиясын пайдалану коэффициенті төмендеу, геометриялық өлшемдерінің өте шектеулі және т.б. кемшіліктерінің орын алуына байланысты түпкілікті математикалық зерттеу арқылы, оның тиімді түрлерін ұсынуға болады.

Жел энергетика саласын елімізде дамытуға үлес қосу мақсатында, бұл мақалада савониус роторының жұмыс істеу принципі мен ерекшеліктерін зерттеу, турбина элементтерін беріктікке есептеу жұмыстары жүргізілді. Негізгі зерттеу объектісі ретінде савониус турбинасы қарастырылды. Жел турбинасына әсер ететін күштер ескеріле отырылып, турбина беріктігін сипаттайтын теңдеулер алынды. Жұмыстың негізгі мақсаты болып табылатын жұмысшы қалақшаның беріктігіне айналу қозғалысының әсері есептелді. Есептеу нәтижелері жүрдектік параметрінің (0,2÷0,9) әр түрлі мәндері үшін, жұмысшы қалақша дайындалатын материал түрлеріне байланысты (темір, алюминий, емен, пластмасса) алынды. Бұл мақалада математикалық моделін Autodesk Simulation CFD 2018 және COMSOL Multiphysics программаларында түрлі жағдайларға байланысты қарастырылды. Орындалған жұмыстар бойынша алынған нәтижелердің механикалық мағынасы тұшымды.

Андатпа

Бұл мақалада савониус жел турбинасының негізгі элементтерінің, яғни турбина бағанының беріктігінің физикалық және математикалық моделі қарастырылған.

Жалпы савониус жел турбинасының жұмысшы қалақшасының айналуы кезіндегі беріктікке есептеу әдістемесін пайдаланып физикалық мағынасы бар нәтижелерге қол жеткізілді. Есептеуден алынған нәтижелер болашақта желтурбиналардың математикалық модельдерін тереңдете қарастыруға және осындай жел турбиналардың конструкцияларын жобалау жұмыстарына тигізер пайдасы бар деп білеміз.

Кілттік сөздер: математикалық модель, беріктік, жұмысшы қалақшасы, турбина жүрдектігі, беттік кедергі күші

Аннотация

В данной статье рассмотрена физико-математическая модель прочности основных элементов ветровой турбины Савониуса, т. е. башни турбины.

В целом с помощью методики расчета на прочность при вращении рабочего лопасти ветротурбины Савониуса были достигнуты результаты, имеющие физический смысл. Результаты расчетов показывают, что в дальнейшем можно углубленно рассмотреть математические модели ветряных турбин и провести работы по проектированию конструкций таких ветротурбин.

Ключевые слова: математическая модель, прочность, рабочая лопасть, быстроходность турбины, сила поверхностного сопротивления

Abstract

In this article, a physical and mathematical model of the strength of the main elements of the Savonius wind turbine, i.e. the turbine column, is considered.

Results with physical meaning were achieved using the method of calculating the strength during the rotation of the working blade of a general Savonius wind turbine. We believe that the results obtained from the calculation will be useful in the future for an in-depth study of mathematical models of wind turbines and work on the design of such wind turbine structures.

Keywords: mathematical model, strength, working blade, turbine speed, surface resistance force

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДБИЕТТЕР

1. Ершина А.К., Ершин Ш.А., Жапбасбаев У.К. Основы теории ветротурбины Дарье. - Алматы: КазгосИНТИ, 2001. - 104с.
2. Д.де Рензо «Ветроэнергетика» – Москва, Энергоатомиздат, 1982.
3. Я. И. Шефтер, И. В. Рождественский. Изобретателю о ветродвигателях и ветроустановках. М.: Издательство министерства сельского хозяйства, 1957г.
4. Ш.А. Ершин, А.К. Тулепбергенов “Об одной нелинейной задаче ветротурбины карусельного типа” Материалы Межд. Конф. “Хаос и структуры в нелинейных системах. Теория и эксперимент”. г.Караганда, 9-11 октября, 1997г.
5. Л.И. Турчак, П.В. Плотников “Основы численных методов”. Москва, 2003г – 304с.
6. А.А. Самарский, А.В. Гулин “Численные методы”. Москва “Наука” 1989г – 428 с.
7. <https://www.comsol.ru/>
8. <https://www.autodesk.com/products/cfd/overview>

AN EXPERIMENTAL STUDY OF THE DEPENDENCE OF RIVER RUNOFF IN THE FOOTHILLS ON PRECIPITATION AND RIVER SLOPE

D. E. Turalina¹, T. Nurkat²

¹ Kazakh National University named after Al-Farabi, Dept. of mechanics, Almaty, Kazakhstan

² Kazakh National University named after Al-Farabi, Dept. of mechanics, Almaty, Kazakhstan

E-mail: nurkat_tannur@mail.ru

Introduction

Precipitation is any product of condensation of atmospheric water vapor under the influence of gravity. Precipitation is an important meteorological parameter for hydrology, as it controls other processes such as infiltration, water flow, water accumulation and evaporation [1]. Infiltration is the absorption of precipitation through the soil surface or falling vertically underground. It depends on the type of soil, porosity and permeability. Sewage is the flow of rainwater that occurs during heavy rainfall on the surface. Flow occurs when rainwater exceeds the infiltration capacity of the soil. Precipitation does not always correct surface runoff. Some of them evaporate, some penetrate into the soil and replenish groundwater, some disappear from the water exchange zone into the deeper layers of the soil. For any body of water, the relationship between precipitation and flow is an important relationship. This ratio depends on some factors, such as precipitation, slope, water flow and infiltration characteristics [2]. Figure 1 shows a diagram of the hydrological cycle.




Figure 1. Diagram of the hydrological cycle

Precipitation in a water basin is important for hydraulic design, water supply, flood forecasting, drainage, power generation, as well as water resources planning and many other issues.

Due to the sharp rise in the water level of the river there are floods and emergencies. Predicting the level of rising river water will help prevent disasters. Therefore, the experimental study of the dependence of river flow in the foothills on the amount of precipitation considered in this paper is relevant.

1 Methodology

This experimental research was carried out in the laboratory of fluid and gas mechanics, Faculty of Mechanics and Mathematics, Al-Farabi Kazakh National University.

Experimental work was carried out in a horizontal tank with a width of 1 m and a length of 2 m, the walls of which were waterproof, with a rectangular cross section. The rectangular metal tank is filled with fine-grained sand with a diameter of 0.5-1.0 mm [5]. Experiments can be conducted to understand the mechanism of formation of surface or underground flows. However, in this work the mechanism of surface flow formation is studied. Therefore, during the experiment, the soil in the tank is initially completely saturated with water [6,7,8].

During the experiment, the slope of the tank was changed by 0%, 2% and 4%. The results were obtained by considering the amount of river flow in each slope in three cases (1 l / min, 2 l / min, 3 l / min), and the flow of precipitation in two cases (1 l / min and 1.5 l / min). A total of 12 experiments were performed to study these phenomena at the sprinkler system.

2 S12-MKII Armfield installation

The experiments described in this paper were carried out using a unit with fine-grained sand, water flow and precipitation spray. Figure 2 shows an overview of the experimental setup. The general installation allows you to monitor the occurrence of surface runoff, river runoff, and surface or underground runoff.



Figure 2. General view of the S12 Armfield

The main components of the unit - a nozzle for changing the slope, continuous spray, it also has a constant pressure piezometer and is connected to the pump system.




Figure 3. a) device for changing the slope; b) precipitation spray; c) piezometer;

The pump system provides a constant pressure to prevent changes in the intensity of precipitation during precipitation. The pressure gauges controlled the pressure in the pump and nozzle. Only a few rows of rain sprays can be used during the experiment. In the experiment described in this study, 14 piezometer readings were used.

3 Experimental work on the S12 Armfield

The results of experiments performed in different situations are compared in accordance with the purpose of the experimental work.

Actions to be performed before starting experimental research on the S12 Armfield:

1. The fine-grained sand in the tank is completely saturated with water;
2. A model of a river channel is made of water-saturated sand in the reservoir [9];

Figure 4 shows an example of a fine-grained sand saturated with water and a riverbed made of that sand.



Figure 4. Model of the river channel in the unit

According to the report, the following experimental research was conducted:

Experimental research work 2. In this case, the river flow was considered to be 3 l / min, and the precipitation flow was considered to be 1.5 l / min. At this time, the slope of the tank was changed by 0%, 2% and 4%, and 3 different experiments were performed. The results are shown in Figure 4. The blue, red and green lines shown in the graph correspond to the slope of the tank 0%, 2%, 4%.




Figure 5. The relationship between river flow and rainfall according to changes in slope

Experimental research work 2. Three different experiments were performed, changing the slope of the tank by 0%, 2% and 4% with a river flow rate of 2 l/min and precipitation flow rate of 1.5 l/min. The results obtained are shown in Figure 6.




Figure 6. Relationship between river flow and rain according to the change of slope (River flow -2 l/min)

Experimental research work 3. Three different experiments were performed by changing the slope of the reservoir by 0%, 2% and 4% when the river flow was 1 l/min and the precipitation was 1.5 l/min. The results are shown in Figure 7.




Figure 7. The relationship between river flow and rain according to the change of slope (River flow - 1 l / min)

Experimental research work 4. In this case, the experiment is considered without rain and when it rains. When the river flow was 3 l / min, 3 different experiments were performed, changing the slope of the tank by 0%, 2% and 4%. During the experiment, the readings of piezometers located along the tank were recorded. Figure 8 shows the piezometric readings of groundwater flow with a river flow of 3 l / min and a reservoir slope of 0%.




Figure 8. Piezometric indicators of groundwater flow and rainfall

4 Conclusion

Experimental work was carried out on the experimental unit in the conditions of initial humidity, different values of river flow, constant precipitation and different slopes. Changes in river flow in rainy and non-rainy conditions were studied. Piezometric readings of the tank were recorded during all experimental work [12]. Based on the results, graphs and hydrographs were created.

In the course of this study, it was found that the flow rate is influenced by the intensity and duration of precipitation, slope, roughness, soil morphology.

The main and important conclusions from this study are as follows:

- a decrease in the slope of the unit at a given amount of precipitation slows down the peak flow intensity. That is, if the slope is 4%, the flow intensity reaches the peak in a short period of time. You can

see it in Figures 5, 6 and 7, which show the relationship between river flow and rainfall according to the change in slope.

- As the slope of the unit increases with a given amount of precipitation, the river's drop line becomes steeper, ie the water drains faster.

- According to the piezometric indicators in Figure 8, it can be seen that the river water rises due to rain.

- Experiments show that the slope of the terrain affects the flow of the river.

Abstract

This article presents the results of studies of changes in river flow as a result of precipitation and river morphology. The research was carried out experimentally on a special S12 Armfield installation.

According to the results of the study, a change in the intensity of precipitation and the slope of the river bed leads to a significant change in the volume of river flow.

Key words: river runoff, precipitation, hydrograph, peak discharge, slope.

List of used literature

[1] Уразметов И.А. Гидрология рек: учебное пособие // И.А. Уразметов; под ред. проф. И.Т. Гайсина. – Казань: 2007. - 95с.

[2] Jain M.K., Chakravarti A., Rohila K. Experimental Investigation and Modeling of Rainfall Runoff Process // Indian Journal of Science and Technology. 2014. 7(12): 2096-2106.

[3] Patel R.J., Parmar H.V., Mashru H.H. Establishment of rainfall – runoff relationship for the estimation runoff in semi-arid catchment. 2016. 5(1): 60-67.

[4] Beven, K. J. Rainfall-runoff modelling : the primer // Keith Beven. – 2nd ed. Times by Thomson Digital, Noida, – India: 2012. - 448p.

[5] S12MKII Advanced Hydrology Study System

[6] Hou L., Feng S., Ding Y., Experimental study on rainfall-runoff relation for porous pavements // Hydrology Research. 2008. 39.3, 181-190p.

[7] Tarboton, D.G. Rainfall-Runoff Processes // Utah State University: Logan, UT, USA, 2003.

[8] Khadka, D.B. Experimental Study of Runoff Coefficients for Different Hill Slope Soil Profiles // Open Journal of Civil Engineering. 2019. 9, 157-171.

[9] Nana Z., Fuliang Y., Chuanzhe L. Investigation of Rainfall-Runoff Processes and Soil Moisture Dynamics in Grassland Plots under Simulated Rainfall Conditions // Water. 2014, 6, 2671-2689 p

[10] Kumari, A., Mayoora, M., Mahapatra, S., Singh, H.P. and Parhi, P.K. Estimation of Rainfall-Runoff Relationship and Correlation of Runoff with Infiltration Capacity and Temperature Over East Singhbhum District of Jharkhand. IJEAT. 2019. 9(2): 461- 466p.

[11] Chouksey A, Lambey V, Bhaskar R. N. Hydrological Modelling Using a Rainfall Simulator over an Experimental Hillslope Plot // Hydrology 2017. 4, 17.

СУДЫҢ ФИЛЬТРАЦИЯСЫНА ЖЫЛУАЛМАСУДЫҢ ӘСЕРІН ЗЕРТТЕУ

Д.Е.Туралина¹, Токтарова А.С.

¹Әл-фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан

²Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан
e-mail: toktarova107@gmail.com

МАТЕМАТИКАЛЫҚ МОДЕЛІ

Дарси заңы – сығылмайтын сұйықтың көлемдік шығыны мен қысым өзгерісінің арасындағы тура пропорционалдықты береді:

$$Q = k_{\phi} \frac{H_1 - H_2}{l} F \quad (1)$$

мұндағы $H_1 = z_1 + \frac{p_1}{\rho g}$ мен $H_2 = z_2 + \frac{p_2}{\rho g}$ – бастапқы және соңғы толық қысымдар, l – ортаның ұзындығы, F – көлденең қимасының ауданы, k_{ϕ} – фильтрация коэффициенті.

Дарси заңын келесі түрде өткізгіштік коэффициенті арқылы жазуға болады: h

$$Q = \frac{k p_1^* - p_2^*}{\mu} F = \frac{k \Delta p^*}{\mu l} F \quad (2)$$

мұндағы $p_1^* = \rho g z_1 + p_1$, $p_2^* = \rho g z_2 + p_2$ – сәйкес биіктіктерге байланысты алынған қысым шамалары.

$$-\frac{dp}{dx} = \frac{\mu}{k} w \quad (3)$$

мұндағы $\frac{dp}{dx}$ – қысым градиенті, w – фильтрация жылдамдығы, k – өткізгіштік коэффициенті. – таңбасы ағынның бағыты қысым градиентінің бағытына қарама қарсы болғандықтан қойылады.

1. Жылдамдық пен шығын:

$$w = \frac{k \Delta p}{\mu L}, \quad Q = wF \quad (4)$$

2. Қысым градиенті:

$$\frac{\Delta p}{L} = \frac{w\mu}{k}, \quad \frac{\Delta p}{L} = \frac{Q\mu}{Fk} \quad (5)$$

3. Өткізгіштік коэффициенті:

$$k = w\mu \frac{L}{\Delta p}, \quad k = \frac{Q\mu L}{F \Delta p} \quad (6)$$

Comsol Multiphysics моделі

Берілген есептегі кеуекті ортада жылу тасымалын сандық әдіспен модельдеуде Comsol Multiphysics программасы пайдаланылды. Модель үшін Comsol Multiphysics программасында Heat Transfer in Porous Media интерфейсі таңдалып жасалды. Модельдеу барысында кубтық пішінді кеуекті орта тұрғызылды. Куб өлшемінің биіктігі 10 м, ұзындығы 8 м, ені 4 м сәйкес салынды. Кубтық кеуекті орта ішіне жылу таратқыш құрылғы ретінде спираль тәрізді форма таңдалып алынды. Спираль тәрізді Helix атты құрылғы пайдаланылды. Кеуекті орта ретінде Comsol Multiphysics программасындағы сақтаулы материалдар арасынан жер асты топырағы soil (почва) алынды. Есепті қойылымына сәйкес модельдеу үшін кеуекті ортадағы жылу тасымалы физикасы қолданылды. Қажетті параметрлер сәйкес шамалармен алынды. Модельде жүргізілген эксперимент келесі теңдеулер арқылы сипатталады:

$$(\rho C_p)_{\text{eff}} \frac{\partial T}{\partial t} + \rho C_p u \cdot \nabla T + \nabla \cdot q = Q + Q_{\text{vd}} \quad (7)$$


мұндағы

$$q = -k_{\text{eff}} \nabla T \quad (8)$$


$$(\rho C_p)_{\text{eff}} = \theta_p \rho_p C_{p,p} + (1 - \theta_p) \rho C_p \quad (9)$$

$$k_{\text{eff}} = \theta_p k_p + (1 - \theta_p) k + k_{\text{disp}} \quad (10)$$

Кеуекті ортада жылу тасымалын бақылау үшін ағып өтетін су сол жақ бетінен кіріп, оң жақ бетінен шығады. Жылу таратқыш кеуекті орта ішінде (1.5; 2; 1.4) координатасында орналасқан. Торкөз ретінде Normal торкөзі таңдалған.




1-сурет. Comsol Multiphysics моделі



2-сурет. Comsol Multiphysics моделіндегі торкөзбен берілгені


Comsol Multiphysics бағдарламасында алынған сандық есептеу нәтижелері




3-сурет. Модельдің бастапқы күйі

Бұл жағдайда 40С тұрақты температурамен 0,5м/с, 0,8м/с және 1м/с әртүрлі мәндердегі жылдамдықтармен таралуы зерттелді. Жылудың таралуына жылдамдықтың әсері модельдеу барысында толыққанды көрсетіліп, әр уақыт үшін нәтижелік модельдеу суреттері берілді.


Тұрақты 40С температурадағы жылудың 0,7 секундта әртүрлі жылдамдықпен таралуы:




4-сурет. 0,5 м/с жылдамдықпен таралуы



Қорытындылай келе, баламалы энергетика — дәстүрлі энергия сияқты кең таралмаған, алайда, әдетте, қоршаған ортаға зиян келтірудің төмен тәуекелі кезінде оларды пайдаланудың пайдалылығына байланысты қызығушылық тудыратын энергияны алудың, берудің және пайдаланудың (көбінесе жаңартылатын көздерден) перспективалы тәсілдерінің жиынтығы екенін ұмытпағанымыз жөн.

Андатпа

Қоршаған ортаны қорғау-кешенді және жан-жақты іс. Оның маңызды аспектілерінің бірі "жасыл энергетиканы" дамыту болып табылады: баламалы, жаңартылатын энергия көздеріне (ең алдымен, бұл күн, су, жел) көшу планетаға экологиялық жүктемені едәуір азайтуға, ауаның, топырақтың, түрлі табиғи объектілердің ластануын барынша азайтуға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: Жасыл энергия, жел энергиясы, гидроэнергетика, толқын энергиясы, теңіз суының температуралық градиент энергиясы, күн сәулесінің энергиясы, геотермалдық энергия, биоэнергетика

Аннотация

Охрана окружающей среды-дело комплексное и комплексное. Одним из важнейших ее аспектов является развитие "зеленой энергетики": переход на альтернативные, возобновляемые источники энергии (прежде всего, это солнце, вода, ветер) позволит значительно снизить экологическую нагрузку на планету, минимизировать загрязнение воздуха, почвы, различных природных объектов.

Ключевые слова: Зеленая энергия, энергия ветра, гидроэнергетика, энергия волны, энергия температурного градиента морской воды, энергия солнечного света, геотермальная энергия, биоэнергетика

Abstract

Environmental protection is a complex and complex matter. One of its most important aspects is the development of "green energy": the transition to alternative, renewable energy sources (first of all, the sun, water, wind) will significantly reduce the environmental burden on the planet, minimize air pollution, soil, and various natural objects.

Keywords: Green energy, wind energy, hydropower, wave energy, seawater temperature gradient energy, sunlight energy, geothermal energy, bioenergy

Пайдаланылған әдебиеттері

1. Новиков Ю.В. Экология, қоршаған орта және адам. М., «ФАИР-ПРЕСС», 2003 ж.
2. «Сеть: изношенные провода и наше энергетическое будущее» Гретхен Бакке, 2016
3. Возобновляемые источники энергии в АПК, В.И.Земсков
4. <https://habr.com/ru/company/toshibarus/blog/481764/>
5. <https://metallurgist.pro/energiya-biomassy/>

УДК: 532.5

СИММЕТРИЧНОГО ИСТЕЧЕНИЕ ИЗ ЩЕЛИ МЕЖДУ ДВУМЯ ПЛОСКОСТЯМИ ПРИ НАЛИЧИИ ПРЕПЯТСТВИЕ НА ОСИ SYMMETRIC OUTLET FROM THE SLIT BETWEEN TWO PLANES IN THE PRESENCE OF AN OBSTACLE ON THE AXIS

¹Абдылдаев М.Ю., ²Исабеков Т., ³Аджыгулова Г.С., ⁴Керимов У.Т., ⁵Кольбаева Б.Б.

¹д.т.н., профессор, ²д.т.н., профессор, ³к.т.н., доцент, ⁴старший преподаватель, ⁵магистр

¹Кыргызский Государственный Университет им. И.Арабаева, г.Бишкек, Кыргызстан

²Кыргызско-Российский славянский университет им. Б. Н. Ельцина, г.Бишкек, Кыргызстан e-mail: tilek66@gmail.com

³Кыргызско-Российский славянский университет им. Б. Н. Ельцина, г.Бишкек, Кыргызстан

⁴Кыргызский Государственный Университет им. И.Арабаева, г.Бишкек, Кыргызстан e-mail: u.kerimov@bk.ru

⁵Кыргызский Государственный Университет им. И.Арабаева, г.Бишкек, Кыргызстан

Исследуется плоская задача гидродинамики об истечении идеальной, несжимаемой и невесомой жидкости из щели, образованной двумя бесконечными плоскостями, расположенными под некоторым углом, на оси симметрии которого имеется препятствие в виде многоугольника (рис 1).

Данная задача является обобщением известной задачи гидродинамики. «Истечение из щели между двумя плоскостями [1]».

Подобные задачи исследованы в некоторых работах М.Ю.Абдылдаева [2,3].

Задача решается методом Н.Е. Жуковского [1]:

$$\omega = \ln \zeta = -\ln \frac{dW}{v_0 dz} = \ln \frac{v_0}{v} + i\theta, \text{ где } \theta\text{-угол скорости с осью абсцисс.}$$

На поверхностях струй АВ и А'В' абсолютная величина скорости равна v_0 (рис.1).

Для решения задачи отобразим верхнюю половину области течения ($\zeta_{mz} \geq 0$) и соответствующие ей области изменения функций $dW/(v_0 dz)$ и W на верхнюю половину плоскости параметрического переменного ($\zeta_{mt} \geq 0$) (рис.2).

Пусть на одной граничной линии тока САВ $\Psi=0$, а на другой граничной линии тока CMNKDB, $\Psi = -q$, где q половины расхода жидкости в сосуде. При движении вдоль линии тока потенциал скоростей Ψ , очевидно, меняется от $-\infty$ до $+\infty$.

Таким образом область изменения W является полоса (рис.3) шириной q . Отображение этой полосы на верхнюю полуплоскость параметрического неизменного ($\zeta_{mz} \geq 0$) осуществляется с помощью формулы Кристоффеля – Шварца [1]:

$$W(t) = \frac{q}{\pi} \ln \frac{t-c}{1-c} - iq \tag{1}$$




рис.1. Картина течения в физической плоскости. $Z = x + iy$



рис.2. Параметрическая плоскость $t = \xi + i\mu$




рис.3. Область изменения комплексного потенциала. $W = \varphi + i\Psi$

Для установления правильности формулы (1) достаточно, очевидно СМ, проверить выполнение граничных условий. В промежутках CM ($c < t < m$), MN ($m < t < n$), NK ($n < t < k$), KD ($k < t < 1$), DB ($1 < t < \infty$) $\zeta_m W = -q$
 На линиях: BA ($-\infty < t < 0$) и AC ($0 < t < c$)

соответственно равняя:

$$\zeta_m W = \frac{q}{\pi} \ln \frac{t+c}{1-c} e^{i\pi} - qi = 0;$$

$$\zeta_m W = \frac{q}{\pi} \ln \frac{c-t}{1-c} e^{i\pi} - qi = 0.$$

В верхней полуплоскости W аналогично $e^{i\pi}$.

Перейдем к определению комплексной скорости $\zeta = \frac{dw}{(v_0 dz)}$.

При отображении области течения на плоскости Н.Е. Жуковского имеем двулистной поверхности. Ввиду сложности отображения этой области в верхнюю полуплоскость t , применим интеграл Шварца [4]:

$$F(t) = \frac{1}{\pi} \int_{-\infty}^{+\infty} \frac{\zeta_m(F(\xi))}{\xi - t}.$$

Функция $F(t)$ определяется с помощью известного решения задачи об определении функции комплексного переменного в верхней полуплоскости по её заданной мнимой части.

Введем вспомогательную функцию $\Omega(t)$.

$$\Omega(t) = \frac{F(t)}{\sqrt{t}} = \frac{\ln \frac{v_0}{v}}{\sqrt{t}} + i \frac{\theta}{\sqrt{t}}.$$

Для нашего случая мнимой части функции $\Omega(t) = \frac{dw}{v_0 dz / \sqrt{t}}$ имеет вид:

$$\zeta_m \frac{\xi}{\sqrt{t}} = \begin{cases} -\alpha / \sqrt{\xi}, & AC (0 < \xi < c), \text{ где } \theta = \alpha, \\ \beta / \sqrt{\xi}, & MN (m < \xi < n), \text{ где } \theta = \beta, \\ -\beta / \sqrt{\xi}, & KD (k < \xi < 1), \text{ где } \theta = -\beta. \end{cases}$$

На линиях: CM ($c < \xi < M$), NK ($n < \xi < k$), DB ($1 < \xi < +\infty$)

$$\zeta_m W / \sqrt{t} = 0 (\vartheta = 0)$$

На участке BA ($-\infty < \xi < 0$ $\theta \neq 0$,

$\zeta_m \frac{\xi}{\sqrt{t}}$ меняется на $Re \frac{\xi}{\sqrt{t}}$ и $v = v_0, \ln = 0$, следовательно, на этом участке мнимая части будет

равен нулю.

Таким образом для функции $\xi(t) / \sqrt{t}$ имеем:

$$\frac{\xi(t)}{\sqrt{t}} = -\frac{\alpha}{\pi} \int_0^c \frac{d\xi}{\sqrt{\xi}(\xi-t)} + \frac{\beta}{\pi} \int_m^n \frac{d\xi}{\sqrt{\xi}(\xi-t)} - \frac{\beta}{\pi} \int_k^1 \frac{d\xi}{\sqrt{\xi}(\xi-t)} \quad (k)$$

Оттуда,

$$w(t) = \ln \left\{ \frac{\sqrt{t} + \sqrt{c}}{\sqrt{t} - \sqrt{c}} \right\}^{2/\pi} \left\{ \frac{\sqrt{n} - \sqrt{t} \sqrt{m} + \sqrt{t} 1 + \sqrt{t} \sqrt{k} - \sqrt{t}}{\sqrt{n} + \sqrt{t} \sqrt{m} - \sqrt{t} 1 - \sqrt{t} \sqrt{k} + \sqrt{t}} \right\}^{\beta/\pi} \quad (4)$$

$$\zeta(t) = \left\{ \frac{\sqrt{t} + \sqrt{c}}{\sqrt{t} - \sqrt{c}} \right\}^{\alpha/\pi} \left\{ \frac{\sqrt{n} - \sqrt{t} \sqrt{m} + \sqrt{t} 1 + \sqrt{t} \sqrt{k} - \sqrt{t}}{\sqrt{n} + \sqrt{t} \sqrt{m} - \sqrt{t} 1 - \sqrt{t} \sqrt{k} + \sqrt{t}} \right\}^{\beta/\pi} \quad (5)$$

$$\bar{\zeta}(t) = \left\{ \frac{\sqrt{t} - \sqrt{c}}{\sqrt{t} + \sqrt{c}} \right\}^{\alpha/\pi} \left\{ \frac{\sqrt{n} + \sqrt{t} \sqrt{m} - \sqrt{t} 1 - \sqrt{t} \sqrt{k} + \sqrt{t}}{\sqrt{n} - \sqrt{t} \sqrt{m} + \sqrt{t} 1 + \sqrt{t} \sqrt{k} - \sqrt{t}} \right\}^{\beta/\pi} \quad (6)$$

В формуле (6) обеспечено нужное соответствие характерных точек границы:

$$\bar{\zeta}_B(\infty) = \left\{ \begin{matrix} v = v_0 \\ \theta = 0 \end{matrix} \right\}, \bar{\zeta}_A(0) = \left\{ \begin{matrix} v = v_0 \\ \theta = -2 \end{matrix} \right\}, \bar{\zeta}_C(c) = \{v = 0\},$$

$$\bar{\zeta}_M(m) = \{v = 0\}, \bar{\zeta}_N(n) = \{v = \infty\}, \bar{\zeta}_K(k) = \{v = \infty\}, \bar{\zeta}_D(1) = \left\{ \begin{array}{l} v = 0 \\ \theta = \pi/2 \end{array} \right\}.$$

Так как функция $\bar{\zeta}(t) = dw/(v_0 dz)$ удовлетворяет граничным условиям задачи и она аналогична в любой точке верхней полуплоскости $\zeta_{mt} \geq 0$, то формула (6) решает задачу конформном отображении $\bar{\zeta}(t)$ на верхней полуплоскости t . Из формулы (1) и (6) следует

$$\frac{dw}{dt} = \frac{q}{\pi} \frac{1}{t-c} \quad (7)$$

$$Z(t) = \frac{q}{\pi v_0} \int_0^t \xi(t) \frac{dt}{t-c} + ih \quad (8)$$

где $Z(t)$ – определяется формулой (5), $h=|OA|$.

Формулы (1), (6) и (8) дают общее решение задачи в параметрической форме.

Так как $|MN| = |KD|(l_1 = |MN|); l_3|KD|)$ то

$$\int_m^n \xi(t) \frac{dt}{t-c} = \int_k^1 \xi(t) \frac{dt}{t-c} \quad (9)$$

Уравнение (9) устанавливает зависимости между параметрами c, m, n, k .

Полученные формулы позволяют найти наиболее интересную для данной задачи величину коэффициент сжатия струи, равный отношению ширины струи в бесконечности (h^1) к ширине отверстия (h) в стенке OA (рис.1).

Из (рис.1) видно, что $\overline{DA} = \overline{DO} + \overline{OA}$.

Для определения $L = |\overline{DO}|$ и $h = |\overline{OA}|$ рассмотрим изменения $Z(t)$ от точки $D(t = 1)$ до точки $A(t = 0)$ (рис. 1):

$$L + ih = \frac{h^1}{\pi} \left\{ \int_1^0 \xi(t) \frac{dt}{t-c} \right\} \text{ где } h^1 = q/v_0 \quad (10)$$

Преобразуем выражение (10) так, чтобы в него входили интегралы по отрезкам действительной оси $t=\xi$

$$L + ih = \frac{h^1}{\pi} \left\{ \int_1^\rho \xi(t) \frac{dt}{t-c} + \int_{\Gamma_\rho} \xi(t) \frac{dt}{t-c} + \int_{-\rho}^0 \xi(t) \frac{dt}{t-c} \right\} \quad (11)$$

Здесь Γ_ρ – полуокружности радиуса s с центром в начале координат (рис.1). Введем обозначения:

$$\zeta_1 = \int_1^\rho \xi(t) \frac{dt}{t-c}, \zeta_2 = \int_{\Gamma_\rho} \xi(t) \frac{dt}{t-c}, \zeta_3 = \int_{-\rho}^0 \xi(t) \frac{dt}{t-c} \quad (12)$$

При $\rho \rightarrow \infty$ интеграл ζ_2 принимает значение $\zeta_2 = i\pi$

В формуле ζ_3 при $t = -\tau, (\tau \geq 0)$, модуль $|\xi(\tau)| = 1$, а аргумент определяется следующим образом:

$$\zeta_3 = - \int_0^\rho e^{iA(\tau)} \frac{d\tau}{\tau+c} = - \int_0^\rho \{ \cos A(\tau) + i \sin A(\tau) \} \frac{d\tau}{\tau+c} \quad (13)$$

$$A^*(\tau) = \frac{\alpha}{\pi} \left(-\pi + 2 \arctg \sqrt{\tau/c} \right) + 2 \frac{\beta}{\pi} \left(-\arctg \sqrt{\tau/n} + \arctg \sqrt{\tau/m} + \arctg \sqrt{\tau} - \arctg \sqrt{\tau/k} \right) \quad (14)$$

Откуда,

$$\begin{aligned} Re \zeta_3 &= - \int_0^\rho \cos[-A^*(\tau)] \frac{d\tau}{\tau+c} \\ \zeta_m \zeta_3 &= \int_0^\rho \sin[-A^*(\tau)] \frac{d\tau}{\tau+c} \end{aligned} \quad (15)$$

Первый интервал (ζ_1) при $\rho \rightarrow \infty$ существует, ограничен и действителен. Подставляя в выражение (11) значения интегралов $\zeta_1, \zeta_2, \zeta_3$ для L и h имеем:

$$L = Re \int_1^0 \frac{dz}{dt} dt = \frac{h}{\pi} \left\{ \int_1^\rho \xi(t) \frac{dt}{t+c} + \int_0^\rho \cos[-A^*(\tau)] \frac{d\tau}{\tau+c} \right\} \quad (16)$$

$$h = \zeta_m \int_1^0 \frac{dz}{dt} dt = h' \left\{ 1 + \frac{1}{\pi} \int_0^\rho \sin[-A^*(\tau)] \frac{d\tau}{\tau+c} \right\} \quad (17)$$

Из формулы (17) можно найти коэффициент сжатия струи для данной задачи:

$$K_0 = \frac{2h'_1}{2h} = \frac{\pi}{\pi + \int_0^\rho \sin[-A^*(\tau)] \frac{d\tau}{\tau+c}} \quad (18)$$

Рассмотрим частные случаи:

Пусть $c = m = n = k = 1$ – отсутствует препятствие.

В этом случае формула (18) в предельном течении совпадает с формулой коэффициентом сжатия струи в задаче и «Истечение из щели между двумя плоскостями» [1].

$$K = \frac{\pi}{\pi + \int_0^{\pi} ctq \frac{\sigma}{2} \sin \mu \sigma d\sigma} \quad (19)$$

Действительно, формула (18) принимает следующий вид

$$K = \frac{\pi}{\pi + \int_0^{\infty} \sin B^*(\tau) \frac{d\tau}{\tau+1}} \quad (20)$$

где $B(\tau) = \frac{2}{\pi}, (-\pi + 2 \operatorname{arctg} \sqrt{\tau})$;

Обозначим $\sigma/2 = \frac{\pi}{2} - \alpha \tau ctq \sqrt{\tau}$; $tg \frac{\sigma}{2} = \frac{1}{\sqrt{\tau}}$, откуда $d\tau = -ctg \frac{\sigma}{2} \cdot [\sin^2 \frac{\sigma}{2}]^{-1} \cdot d\sigma$

Следовательно, имеем формулы (19):

$$K = \frac{\pi}{\pi + \int_0^{\pi} ctq \frac{\sigma}{2} \sin \mu \pi d\sigma}, \quad \text{где } \alpha = \mu \pi$$

При $\mu = 1/2, c = m = n = k = 1$, получаем задачу об «Истечении из отверстия в плоскости»[1]:

$$K = \frac{\pi}{\pi + 2} \approx 0,61$$

При $\mu = -1, c = m = n = k = 1$, получается насадки Борда, где $K = 0,5$.

Аннотация

Рассматривается истечение идеальной, несжимаемой жидкости из щели между двумя плоскостями, имеющей на оси симметрии препятствие. Задача плоская, решается методом Н.М. Жуковского. Исследуемая задача является обобщением известной задачи гидродинамики «Истечение из щели между двумя плоскостями». Находиться общие решение задачи в параметрической форме. Вводятся формулы коэффициент сжатия струи, уравнения линии свободной поверхности и др. Исследуются частные случаи, когда угол наклона стенки сосуда с осью Ox составляет: $\alpha = -\pi/2$ и $\alpha = -\pi$. Первый случаи – истечение из отверстие в плоскости, во втором – насадки Борда.

Ключевые слова: щель, идеальной жидкости, симметрия, ось, струй, параметр, плоскость, коэффициент.

Abstract

We consider the outflow of an ideal, incompressible fluid from a gap between two planes that has an obstacle on the axis of symmetry. The problem is flat, it is solved by the methods of N.M. Zhukovsky. The problem under study is a generalization of the well-known problem of hydrodynamics "Outflow from a gap between two planes". Find a general solution to the problem in a parametric form. Formulas are introduced for the compression ratio of the jet, equations for the free surface line, etc. Special cases are investigated when the angle of inclination of the vessel wall with the Ox axis is: $\alpha = -\pi/2$ and $\alpha = -\pi$. The first case is an outflow from a hole in the plane, in the second - the Borda nozzles.

Key words: gap, ideal fluid, symmetry, axis, jets, parameter, plane, coefficient.

Литература

1. Гуревич М.Н. Теория струи идеальной жидкости: - М.: Гос.издат.физ.-матем. Литературы, 1961.
2. Абдылдаев М.Ю. Истечение из щели между двумя плоскостями при наличии пластины на оси щели: - Известия АН Уз.ССР. Серия Тех.наука №6, 1968.
3. Абдылдаев М.Ю. Плоские задачи теории струи идеальной жидкости: -НАН КР.: Илим, 1999.
4. Лаврентьев М.А., Шабат Б.В. Методы теории струи комплексного переменного: - М.: Наука, 1973.

АМЕРИКА ҚҰРАМА ШТАТТАРЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМИ ЖҰМЫСТЫ ЖОСПАРЛАУ МЕН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Н.А. Абдрахманова, 7M01502-Физика мамандығының 1 курс магистранты

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

e-mail: nyshangul103@mail.ru

Ғылыми жетекшісі: физика магистрі, оқытушы Н. Байтурсын

Ғылым-қазіргі қоғамның өнімді күші. Ғылымның жетістіктерін қолданбай, халық шаруашылығы салаларын, ел экономикасын дамыту мүмкін емес. Ғылыми зерттеулер білімі бар, техникалық, экономикалық, математикалық есептеулер техникасын меңгерген, эксперименттерді өз бетінше орындауға бейімді және инновациялық жетістіктерді ойлап табу және оларды өндіріске енгізу дағдылары бар мамандарды даярлау деңгейін арттыру міндеті қойылып отыр.

Америка Құрама Штаттарында (АҚШ) ғалымдар өз жұмыстарында ұстанатын ашықтық саясаты американдық қоғамның дамығандығын көрсетеді. Бұл ел бүкіл әлемнің талантты мамандарын өздеріне тартатын ашықтық қағидатын ұстанатын жұмыс ортасы. Әр түрлі ынтымақтастық пен ғылыми еңбектерге сілтемелер арасындағы байланысты зерттеген Гарвард университетінің экономисі Ричард Фриман: "Ғалымдар шетелден келіп, американдықтармен жұмыс істегісі келгендігі өте жақсы, өйткені олар бізде өте жағымды ғылыми мәдениет бар деп санайды, мұнда көптеген елдерден келген, түп-тамыры әртүрлі адамдар жұмыс істейді менің ойымша, бұл американдық ғылымның нығаюына ықпал етеді", -деді. Кейбір елдерде ғалымдар мен олардың зерттеулері қатаң бақыланады. Егер зерттеу бағыты тым қатаң бақыланса, бұл шығармашылық пен жаңа идеялардың тууына жол бермейді.

АҚШ үшін ғылым негізгі мемлекеттік салалардың бірі. Бүгінгі таңда бұл мемлекет Нобель сыйлығының иегерлері саны жөнінен әлем бойынша бірінші орынға ие болып отыр. 2018 жылдың қорытындысы бойынша, АҚШ азаматтарына барлығы 331 Нобель сыйлығы берілген. 2007 жылы ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға әлем бойынша 962 млрд. АҚШ доллары жұмсалса, соның 1/3 бөлігі Америка Құрама Штаттарына тиесілі. Аталмыш тізімде екінші орында тұратын Жапония мемлекеті мен АҚШ-ты қоса алсақ, ғылымға жұмсалған әлемдік қаржының 50% осы екі елдің үлесіне тиеді [1].

Мемлекет ғылыми-техникалық саланы ұйымдастыруда, жоспарлауда және басқаруда басты рөл атқарады. Бұған мына деректер дәлел бола алады: АҚШ үкіметінің аппаратында шамамен 2,7 миллион адам бар, оның әрбір төртіншісі (0,67 млн. адам) ғылым мен техниканың дамуын басқару саласында жұмыс істейді; әрбір оныншы (шамамен 0,27 миллион адам) ғылыми-техникалық ынтымақтастықты халықаралық жарнамалық бақылауға қатысады.

АҚШ-та ғылыми-техникалық саясатты жүзеге асырудағы мемлекеттің рөлі тек қаржы бөлумен шектелмейді. Мемлекеттік ғылыми-техникалық саясаттың өзге де аспектілері мемлекеттің назарында. АҚШ-тағы зерттеулердің басым бөлігі жоғары оқу орындарына келеді. Университетте жүзеге асырылатын зерттеулердің барлығы екіге бөлінеді:

1. демеушілер көмегімен жасалатын
2. университеттің өз күшімен жасайтын

Университет қабырғасында алынған барлық өнертабыстар университеттердің мамандандырылған органдарында дереу декларацияланады. Бұл үшін университеттерде 1980 жылдардың басында Технологиялық Лицензияны Басқару (Offices of Technology Licensing –ТЛБ) құрылды. Бұл органдар өнертабыс жасалған жағдайларды сараптауды ұйымдастырады және ол өнертапқыштың меншігінде қалады ма, әлде университетке беріледі ме, соны шешеді. Егер сарапшылар патент құқығы туралы университетке тиесілі деп шешім қабылдаса, содан кейін патенттерді басқарудың екі мүмкін нұсқасы болады:

бірінші – бұл өнертабыспен ТЛБ айналысады, екінші – университет ынтымақтастық жасаған зияткерлік меншікті басқару жөніндегі мамандандырылған фирмаға беріледі.

Университет қызметкерлерінің немесе студенттердің өз атына патенттерді ТЛБ-ның жазбаша келісімсіз тіркеуге ешқайсысының құқығы жоқ. Университеттің меншігіндегі патенттер мен лицензиялардан түсетін кірістер түрліше таратылады. Осы қағидатта қаражат үш бөлікке бөлінеді: өнертапқыштар алатын; өнертабыс жасалған департаменттің шотына түсетін; ғылымды қолдауға бағытталған бүкіл университет ауқымына.

Кесте-1. Қаржының жұмсалуды сараптайтын көрсеткіш



Кесте-2. Ғылыми-зерттеу белсенділігі деңгейі бойынша әлем елдерінің рейтингі (2019 ж.)

Орын	Мемлекет	Мақала саны
1	Қытай	528263
2	Америка Құрама Штаттары	402808
3	Үндістан	135788
4	Германия	104396
7	Ресей	81579
61	Қазақстан	2367
188	Түрікменстан	4

[2]

Жалпы, американдық университеттер үшін фирмалардың кірісі, олардың зияткерлік меншігін пайдалана отырып құрылатын зияткерлік меншік, мысалы, патенттік және лицензиялық қызметтен түсетін түсімдерден едәуір төмен.

Кесте-3. Америка Құрама Штаттары мен Қазақстанның ғылыми-зерттеу көрсеткішін салыстыру (2019 ж.)

Көрсеткіштер	АҚШ	Қазақстан
Халық саны (миллион)	329	18,6
Миллион адамға шаққандағы ғалымдар саны	4 412,4	666,9
Миллион адамға шаққандағы инженерлер саны	205.625	123,9
ҒЗТКЖ-ға бөлінген қаржы шығыны, (млрд. доллармен)	397	72,2
Мемлекеттің жалпы ішкі өнімі (ЖІӨ),(млрд. доллармен)	23460	180,2
ҒЗТКЖ-ға бөлінетін финанстық қаржысының мемлекет қаржысына ішкі валлдық өнімділікке шаққандағы бөлігі (%)	2.8	0.1
Ғылыми басылымдар саны	422808	2 367
1000 адамға келетін компьютерлер саны	554.51	201
Патентке берілетін өтінім саны	285 095	789

Америкада билікке Джордж Буш әкімшілігі келген кезде инженерлік саладағы жағдай салыстырмалы түрде нашар болды. Жапония мен Қытай инженер мамандарын даярлау көрсеткіші бойынша АҚШ-қа жете бастады. Ал жаңа техникалық идеялардың өсу қарқыны бойынша АҚШ Оңтүстік Корея, Тайвань секілді елдерден артта қала бастады. Сол себепті жаңа әкімшілік инженерлік-техникалық мамандарды даярлауды ұлттық басымдық ретінде жариялап, бірте-бірте

осы мәселені шеше бастады. 2006 жылға қарай жағдай тураланып, инженерлік мамандықтың бакалавриатын бітірушілер саны 2000 жылмен салыстырғанда 20%-ға артса, ғылым докторы атағы 40%-ға көбірек берілді, алайда магистр бітірушілер саны өзгеріссіз қалды. АҚШ ғылым жүйесіне оң әсерін тигізіп отырған факторлардың бірі- салықтық жеңілдіктер. «Салықтық шығындар» деп аталатын бұл жеңілдіктер 5 жылға дейін созылып, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізетін корпорацияларға қолданылады. Аталмыш жеңілдік тек АҚШ территориясында жүргізілетін ҒЗТКЖ-ға ғана жүреді. Мұндай салықтық шығындар корпорациялардың ұзақ мерзімді зерттеулер жүргізулерін ынталандырады [3].

Төмендегілер АҚШ-тағы даму бағыттарына сәйкес маңызды технологиялар ретінде танылды:

- информатика және бағдарламалық қамтамасыз ету;
- космология
- биотехнология;
- энергетика саласындағы технологиялар;
- жаңа материалдар жасау технологиялары;
- көлікті дамыту технологиялары;
- қалалық мәселелерді шешуге бағытталған технологиялар және құрылыс.

АҚШ-тың мемлекеттік бюджеттік бағдарламаларының мысалдары:

- "Unmanned Aerial Systems Roadmap" бағдарламасы (Ұшқышсыз авиациялық кешендердің 2005-2030 жылдарға арналған даму жоспары);

- "Unmanned Integrated Roadmap" бағдарламасы (Өздігінен жүретін роботтарды өндіруді дамыту жоспары);

- "Nano Air Vehicle" бағдарламасы (Ұшатын наноаппараттар);

- ғылыми жобаларға тапсырыстарды орындау бойынша 11 мемлекеттік ведомствоның гранттық кешенді бағдарламалары (оның ішінде Қорғаныс министрлігінің зерттеулері мен әзірлемелері және NASA):

а) "Small Business Innovation Research Act "/SBIR/ (инновацияны шағын бизнесте дамыту);

б) "Small Business Technology Transfer " / STTR/ (технологиялар және шағын бизнес) және

басқа да бірқатар бағдарламалар.

АҚШ - тың ғылыми-техникалық кешені:

- АҚШ Қорғаныс министрлігі,
- Ұлттық аэроавиатика және зерттеу басқармасы ғарыш кеңістігі (NASA),
- Ұлттық ғылыми қор,
- Энергетика министрлігі,
- Сауда министрлігі және ғылыми-техникалық саясатты ұйымдық-құқықтық реттеу

Осы құрылымдық міндеттерді орындау үшін ҒЗТКЖ -ға бөлінген бюджеттің жалпы қаражатының 90-95% бөлінеді. АҚШ ғылыми-техникалық кешенінің ұйымдастырушылық ерекшелігі орталықтандыру принципі болып табылады.

Жақын арада АҚШ үкіметі баламалы отын мен энергия көздері саласындағы ірі ведомствоаралық бағдарламаны бастайды деп сеніммен айтуға болады. Бұл үшін барлық алғышарттар бар және ғылыми зерттеулер жүргізіліп жатыр.

Жалпы, біз АҚШ-тағы әртүрлі кешенді бағдарламаларды ұзақ уақыт тізімдей аламыз және Қазақстанда олардың аналогтарының жоқтығына өкінеміз. АҚШ-та қалыптасқан ғылыми-техникалық прогресті қалыптастыру жүйесі үнемі өзгертіліп отырады, бірақ оның негізгі принциптері өзгеріссіз қалады. Оларды зерттеу бізге басқа ғалымдардың және инженерлер мен ІТ қызметкерлерінің тәжірибесін сәтті пайдалануға мүмкіндік береді. Бұл мәселе біздің еліміздің ғылыми-техникалық держава ретіндегі төмен беделге ие болуы емес, болашақ ұрпақ үшін қалдырар мұрамыз ретінде жауапкершілікке шақыруы керек.

Әрине, бұл секторлардың ұлттық "ғылыми қоржынға" қосқан үлесі бірдей емес, бірақ олардың зерттеулер мен әзірлемелер нарығында болуы олардың әрқайсысында жеткілікті тұрақтылықпен ерекшеленеді олардың өзіндік басым қаржыландыру көздері қалыптасты.

АҚШ –та және басқа дамыған елдерде ғылымға бөлінетін үлкен ақшаға қарамастан, АҚШ-тағы аспиранттардың көпшілігі диссертация дайындап, оны қорғаудан 5-6 жыл бұрын университеттерде тәжірибеден өтеді, бірақ ұзақ зерттелетін ғылыми жұмыстардың әсерінен 10 жыл бойы аспирантурада оқып жүргендер де бар.

АҚШ-тағы ғылым жүйесінің тағы бір ерекшелігі инженер мамандарды даярлауда. 1980 жылдардың соңында бұл елде инженерлік мамандықтардың мәртебесі төмендеп, экономика үшін

қажетті техникалық маман иелерінің саны азайды, орта мектеп бітірушілерінің арасынан инженерлік бағдарламаларды таңдайтындардың саны күрт қысқарды. Мектептердегі жас буын бизнес пен құқықтануды көбірек таңдайды. Мемлекеттегі ғылыми-техникалық кешеннің үлкен қарқынмен дамуына қауіп төнді, өйткені нақ осы инженерлік сала жаңа техника, қызметтер, технологиялар секілді инновациялық өнімдердің шығарылуымен байланысты еді. Дәл осы мәселе Қазақстанның бүгінгі жағдайындағы басты мәселесі болып отыр. Біздің де еліміздегі мектеп бітірушілер техникалық, соның ішінде инженерлік мамандықтарға барғысы келмей, дипломат, заңгер, қаржыгер болғылары келеді.

Қазақстан Республикасының ҒЗТКЖ-ға жұмсалатын ішкі шығындары

Ғылымға ЖІӨ-нен жұмсалатын шығыстардың үлесі – 0.1 %. Web of Science (Clarivate Analytics) және Scopus (Elsevier) платформасындағы ақпараттық ресурстардың деректері бойынша 2018 жылы (4873 дана) жарияланымдардың жалпы санынан рейтингтік басылымдардағы қазақстандық жарияланымдардың өсімі – 88 %.

Ғылыми-зерттеу ұйымдарының сапасы: Дүниежүзілік экономикалық форумның Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі бойынша Қазақстан 63 орында. ҒЗТКЖ – ға жұмсалатын ішкі шығындарды қаржыландырудың ең көп бөлігі республикалық бюджет қаражатына тиесілі-51,3%.

2019 жылы ҒЗТКЖ-ны қаржыландырудың басым бағыты инженерлік әзірлемелер мен технологиялар саласындағы зерттеулер болды, олардың үлес салмағы ҒЗТКЖ-ға жұмсалатын ішкі шығындардың жалпы сомасында 45,6% -ды құрады. Жаратылыстану ғылымдары саласындағы зерттеулерге шығыстар 32,6%–ды, ауыл шаруашылығы ғылымдары саласында – 9,5%–ды, гуманитарлық ғылымдар саласында –5,1% -ды, медициналық зерттеулер саласында–4,8% -ды, әлеуметтік зерттеулер саласында-2,4% - ды құрады. 2019 жылы ҒЗТКЖ саласында 22 081 адам жұмыс істеді, оның ішінде 17 205-і зерттеуші мамандар болып табылады. Оның ішінде ғылым докторларының саны 1822 адамды, бейіні бойынша докторлардың саны – 380 адамды, PhD дәрежесінің иегерлерінің саны – 597 адамды, ғылым кандидаттарының саны – 4562 адамды, магистрлердің саны – 4109 адамды құрады.

ЮНЕСКО – ның 2015 жылғы соңғы рейтингісіне сәйкес, әлемнің 74 елінің ішінде Израиль өзінің ЖІӨ-нің ең көп үлесін ҒЗТКЖ-ға жұмсайды, соңғы жылдары осы көрсеткіш бойынша көшбасшы болып табылатын 4,27%-ды құрайды. Одан кейін Оңтүстік Корея-4,23%, Жапония – 3,28%, Швеция – 3,26% және Австрия – 3,07%.

Қазақстан тізімнің төменгі бөлігінде–0,17% -дан 63-орында орналасқан. Бізден жоғары Өзбекстан тұр, ол 0,21% көрсеткішімен, Қырғызстаннан сәл төмен – ЖІӨ-нің 0,12%. (Forbes Kazakhstan есебі бойынша, 2017 жылы Қазақстанның көрсеткіші 0,14% -ды құрады.) [4].

Қазақстан Америка Құрама Штаттарының ғылым деңгейіне жету үшін не істеу керек?

-оқушылар мен студенттердің халықаралық олимпиадаларға, ғылыми-зерттеу жобаларына, конкурстар мен ғылыми-техникалық турнирлерге қатысуын кеңейту;

-ғалымдар мен инженерлердің елден кетпеуі үшін материалдық тұрғыда жағдай жасау;

- әлемдік ақпараттық қорларын, ғылыми еңбектерді қазақ тіліне аудару;

-алпауыт елдердің ғылым және білім реформаларын Қазақстан мәдениетіне сәйкестендіріп қолдану;

-Жоғарғы оқу орындарындағы ғалымдар мен өзге де ғылыми атағы бар тұлғалардың мәртебесін көтеру;

- Жоғарғы оқу орындары студенттерін ғалымдар мен оқытушылардың ассистенттері ретінде белсенді ғылыми қызметке тарту;

-ҒЗТКЖ-ға бөлінетін қаржы көлемін ұлғайту;

-болашағы зор студенттерді ғылыми-зерттеу жұмыстарына және ғылыми-зерттеу жобаларын орындауға тарту және тағы басқа.

Қазіргі уақытта жастарды ғылым, білім, жоғары технологиялар саласына кеңінен тарту және оларды осы салаларда ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды тиімді молайту мәселелерін кешенді шешу қажет. Бұл бағдарламалық-мақсатты әдіс негізінде жүзеге асырылуы мүмкін, оны қолдану мәселені жүйелі шешуді, ұзақ уақытты қажет етеді.

Қорытындылай келе, Америка Құрама Штаттарындағы ғылыми-зерттеу көрсеткіштерінің өте жоғары екенін білдік. Біздің Қазақстан осы процестің негізгі бағыттарын ғылым мен білімді реформалау туралы шешім қабылдау кезінде ескеруі керек. Қазақстан әрине, АҚШ-тың ғылыми жұмыстарды ұйымдастыру тәжірибесі тікелей түрде Қазақстан ғылымы үшін экономикалық,

әлеуметтік тұрғыдан қолайсыз болуы мүмкін. Бірақ ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру тәжірибесі сөзсіз қазақ ғылымын реформалау кезінде пайдалы болуы мүмкін.

Аннотация

В статье представлена статистика науки и образования в США: по количеству патентов, по количеству статей, по внутренним затратам на исследования и разработки, по развитию инноваций, по активности научных исследований, по количеству Нобелевских премий. Также были сопоставлены научные показатели Казахстана и Соединенных Штатов Америки.

Ключевые слова: Валовой Внутренний Продукт, патент, университет, web of science, инженеры.

Abstract

The article presents statistics of science and education in the United States: number of patents, the number of articles on domestic spending on research and development, innovation activity of scientific research, the number of Nobel prizes. Scientific indicators of Kazakhstan and the United States of America were also compared.

Keywords: Gross Domestic Product, patent, university, web of science, engineers.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. <https://ru.wikipedia.org>
2. <https://gtmarket.ru/ratings/scientific-and-technical-activity>
3. https://el.kz/news/archive/a-sh_-ylym_zh-yesi_turaly_ne_bilemiz/
4. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы
5. Кочетков Г.Б. Мировой опыт организации науки (на примере США)

ӘӨЖ: 543.04

ГРАВИТАЦИЯ ТЕОРИЯСЫНДАҒЫ ИНТЕГРАЛДНАТЫН МОДЕЛЬДЕР

Н.А. Абдрахманова, 7M01502-Физика мамандығының 1 курс магистранты

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

e-mail: nyshangul103@mail.ru

Ғылыми жетекшісі: PhD доктор, аға оқытушы Т.Р. Мырзақұл

Соңғы кезеңдердегі теориялық физиканың даму үстіндегі салаларының бірі ретінде гравитация теориясындағы интегралданатын модельдерді қарастырамыз. Бұл саланың негізгі міндеті – гравитацияның интегралданатын шешімін алу шеңберінде, ғылымдағы қолданыстағы теориялық және тәжірибелік ақпараттарға қарсы болмайтындай сипаттау және космологиядағы қараңғы заттар мен күңгірт энергияның табиғатын жақсы түсіну. Гравитация теориясындағы ұсынылатын модельдердің барлығы теориялық негіздемеден басқа, тәжірибелік тексеруді қажет етеді, сондықтан бұл мақала дәлелденген ақпараттарға шолу жасау негізінде жазылды.

Бүкіл әлемдік тартылыс заңын Ньютон Кеплердің үш заңының негізінде ашқан:

1. Барлық планеталар бір фокусында Күн орналасқан эллипс бойында қозғалады.
2. Планетаның радиус-векторы бірдей уақыт аралығында бірдей ауданды қиып өтеді.
3. Планеталардың айналу периодтарының квадраттарының қатынасы орбиталардың үлкен жартыөстерінің кубтарының қатынасындай болады. Ньютон механикасының кері есебін шығару арқылы, яғни планеталардың қозғалу заңдарынан гравитациялық күш өрнегін алған болатын.

$F = G \frac{mM}{r^2}$, мұндағы $G=6,67 \times 10^{-11} \text{ м}^3 \text{ кг}^{-1} \text{ с}^{-2}$ – гравитациялық тұрақты [1].

Адамзат өзінің жаратылысынан бастап космологиялық мәселелер туралы ойлады. Ғылыми космология Ренессанс астрономдарының жұмыстарынан басталды: Николай Коперник (1473-1543жж.), Иоганн Кеплер (1571-1630жж.) және Галилео Галилей (1564-1642жж.). Алайда, олардың барлығы қозғалмайтын жұлдыздардың шеңберінен шықпады, яғни олар Күн жүйесінің құрылымына қызығушылық танытты. Бұл бағыт құрылған соң, Исаак Ньютонның (1642-1727жж.) Бүкіл әлемдік тартылыс заңынан кейін математикалық негізге ие болды.


20 ғасырдың соңғы жылдары әлемнің таңғажайып жаңалығының бірі – ғаламның жедел ұлғаюы ашылды. Бастапқыда ғаламның жедел ұлғаюы Ia типті суперноваларды (катаклизмдік ауыспалы жұлдыздардың ішкі категориясы болатын супернова жұлдыздарының ішкі категориясы.

Іа типті суперновалар ақ ергежейлілердің термоядролық жарылысының нәтижесі болып табылады) байқау үшін табылды. Бірақ алынған ақпараттарды мұқият сараптағаннан соң, біздің ғаламның үдеумен ұлғайып жатқандығы туралы қорытынды жасалды. Бұл шешім Эйнштейннің ғаламның баяулауымен кеңейуі керек деген теориясына қарама-қарсы келді. Осы уақытқа дейін адамзат ғаламның жедел ұлғайып жатқандығының табиғатын түсінбей келді. Ғаламның мұндай кеңейуін сипаттайтын әртүрлі гипотезалар бар. Бұл құбылысты "қараңғы энергияның" болуымен түсіндіруге болады деген пікір кең таралған. Қараңғы энергия-вакуумның қасиеті немесе жаңа физикалық өріс болуы мүмкін, бірақ бұл құбылысты түсіндіру үшін жаңа гравитациялық теориясы қажет. Егер қараңғы энергия зат болса, онда ол экзотикалық қасиеттерге ие болуы керек, мысалы теріс қысым және осы заттың қысымы мен тығыздығы арасындағы ерекше байланыс. Қазіргі уақытта жалпы салыстырмалылықты қолданбайтын ғаламның жедел ұлғаюын түсіндірудің тағы бір тәсілі бар. Қазіргі үдемелі ұлғаюды зерттеудің кең таралған әдістерінің бірі-интегралданған гравитациялық теорияны қолдану. Бұл гравитациялық теориясына қызығушылық физикалық қасиеттері мүлдем түсініксіз күңгірт энергияның факторларын енгізбестен ғаламның үдемелі ұлғаюын түсіндіру мүмкіндігімен байланысты. Гравитациялық теориясын қолданудан басқа, жалпы салыстырмалылық теориясымен болжанған көптеген астрофизикалық нысандарды: домен қабырғаларын, ғарыштық жолдарды, бозонды жұлдыздарды және т. б. алу үшін қолдануға болады.

Кесте-1. Әлем тарихының негізгі кезеңдері [2]

Үлкен жарылыс болған сәттен бастап	Орта температурасы, К	Ескертпелер
$10^{-43} - 10^{-37} \text{с}$	$>10^{26}$	Инфляция
10^{-6}с	$>10^{12}$	Кварктардан, глюондардан, электрондардан, нейтринолардан және олардың қарсы бөлшектерінен тұратын плазма
3×10^{-5}	10^{12}	Нуклондардың түзілуі
$10^{-4} - 3 \text{мин}$	$10^{12} - 10^9$	Дейтерий, гелий және литий түзілуі
15мың жыл	10^4	Материя мен сәулелену энергиясы тығыздығының теңдігі
300мың жыл	4000	Атомдардың пайда болуы, мөлдір ғалам
15 млн жыл	300	Бөлме температурасы
1-3 млрд. жыл	20	Алғашқы жұлдыздардың тууы
3 млрд. жыл	10	Ауыр ядролардың өте жаңа жарылыстың нәтижесінде түзілуі
3-14 млрд. жыл	3	Саналы өмірдің пайда болуы
10^{14} жыл	–	Жұлдыздардың пайда болу процесі тоқтайды
10^{37} жыл	–	Соңғы жұлдыздардың сөнуі
10^{100} жыл	–	Барлық қара құрдымдар буланып кетеді

Егер ғаламның ұлғаюы тездетілсе, онда ол шөлге айналуы мүмкін. Төмендегі суретте көрсетілген қызғылт-сары шарлар – бұл жарық жылдамдығымен өсетін ғаламның көрінетін бөлігі, ал көк шарлар – кеңістіктің кеңейетін бөлігі. Кеңейту жылдамдығы өскен сайын, галактикалар кластерлерінің саны аз болып қалады [3].



Сурет-1. Ғаламның ұлғаюы

1917 жылы салыстырмалылықтың жалпы теориясын ғаламның табиғатымен үйлестіруге тырысқан Эйнштейн шешілмейтін проблемаға тап болды. Көпшілік замандастары сияқты Ғалам стационар жүйе (ұлғаймайды және сығылмайды) деп есептеді, бірақ бұл ой оның салыстырмалық теориясымен қарама-қайшы келді. Бұл ойы дұрыс болмағандықтан Эйнштейн гравитацияға қарсы тұру арқылы ғаламның стационарлығын қамтамасыз етуге арналған қосымша космологиялық мүшені енгізді. Көптеген ғалымдардың алдында электромагниттік және гравитациялық өрістің шеңберінен шықпай, космология принциптерін түсіндіру мақсаты тұрды. XX ғасырдың 60-жылдары В. Гейзенберг : «Бұл өте керемет әрекет... Эйнштейн бірыңғай өріс теориясымен айналысқан кезде одан бөлек элементар бөлшектер және олармен салыстырылған жаңа өрістер жаңа идеялар үздіксіз ашылды. Нәтижесінде Эйнштейн идеясын жүргізу үшін эмпирикалық негіз болған жоқ және Эйнштейннің әрекеті ешқандай сенімді нәтижелерге әкелмеді". "Әлемдегі барлық нәрсенің теориясын" құру міндеті ("theory of everything") Теориялық физиканың ортақ міндеті болып қала береді»– деген екен.

Алайда, Эйнштейннен соң 12 жылдан кейін американдық астроном Эдвин Хаббл Ғаламның тұрақты емес екенін анықтады. Ол алыстағы галактикалар біздікінен тез алыстайтынына және олардың қозғалыс жылдамдығы бізге дейінгі қашықтыққа тура пропорционал екеніне көз жеткізді. Ұлғайып жатқан ғаламды түсіндіру үшін космологиялық мүше қажет емес болды және Эйнштейн одан бас тартты. Орыс ұлтынан шыққан американдық физик Георгий Гамов былай деп жазды: " ... Мен Эйнштейнмен космологиялық мәселелерді талқылаған кезде, ол космологиялық мүшені енгізу оның өміріндегі ең үлкен қателік екенін байқады". Гравитациялық теория мен кванттық теорияның байланысы бөлек, ұзақ және өте күрделі тарих. Бір жағынан, кез-келген толқын өрісі сияқты гравитация да аз масштабта болсын кванттық қасиеттер көрсетуі керек. Екінші жағынан, бөлшектер теориясында математикалық жағынан жақсы көрсетілген кванттық қасиеттер, қисық кеңістікте орындалмауы мүмкін. А.Эйнштейн кванттық механиканы түсіндіру тұрғысынан Нильс Бордың қарсыласы екені белгілі. Кванттық гравитация үш негізгі тұрақтыдан — Планк тұрақтысы ($h = 6.63 \times 10^{-34}$ Дж · с), жарық жылдамдығы ($c = 3 \times 10^8$ м/с) және гравитациялық тұрақты ($G=6,67 \times 10^{-11}$ м³кг⁻¹с⁻²) құралады.

А. Эйнштейн мен А. Фридманнан кейінгі релятивистік гравитация мен динамикалық космологияның дамуында біз үш бөлек кезеңді атап өтуге болады:

1. Эйнштейн мен Фридман жасаған идеалды сұйықтық түрінде материя көздері бар модельдерді зерттеу.

2. Классикалық және кванттық жағдайларда электромагниттік және скалярдан бастап әртүрлі физикалық өрістер түріндегі модельдерді зерттеу.

3. Космология мен қара құрдым физикасының іргелі мәселелерін шешу үшін, әсіресе жоғары энергия режимдерінде, қосымша өлшемдер мен р-брана идеяларын көздер ретінде қолдана отырып, бірыңғай модельдердің идеялары мен нәтижелерін қолдану қазір шынымен де өзекті. Соңғы тәсілде көп өлшемді гравитациялық модельдер маңызды рөл атқарады. Гравитация теориясы мен космологияның көп өлшемді модельдерін зерттеу қажеттілігі бірнеше себептерге байланысты. Біріншіден, қазіргі физиканың негізгі бағыты барлық белгілі іргелі физикалық өзара әрекеттесулерді біріктіру болып табылады: электромагниттік, әлсіз, күшті және гравитациялық. Соңғы онжылдықтар ішінде әлсіз және электромагниттік өзара әрекеттесуді біріктіруде айтарлықтай прогреске қол жеткізілді.

Нақты модификацияланған (өзгертілген) гравитациялық модельдер:

- I. **$f(R)$ Гравитациялық моделі:** Лагранжиан f – Риччи скалярының R функциясы: $f = f(R)$
- II. **Скаляр-тензорлық теория:** $f = \frac{1}{2}F(\varphi)R - \frac{1}{2}\omega(\varphi)(\nabla\varphi)^2 - V(\varphi)$, бұл теорияның негізі-Бранс-Дикке теориясынан шығады: $f = \frac{1}{2}\varphi R - \frac{\omega\pi D}{2\varphi}(\nabla\varphi)^2 - V(\varphi)$
- III. **Гаусс-Боннэ моделі:** $f = \frac{1}{2}R - F(\varphi)G - \frac{1}{2}(\nabla\varphi)^2 - V(\varphi)$ немесе $f = \frac{1}{2}R + F(G)$
- IV. **DGP бранаәлем (braneworld) моделі (Dvali, Gabadaze және Porrati):** Минковскийдің 5 өлшемді көлеміндегі 3-бранадағы өздігінен үдейтін шешімдерден шығады.
- V. **Галилейдің гравитациялық моделі:** Галилеон симметриясын қанағаттандыру үшін Лагранжиан өрісі шектеулі болуы керек, $\partial_\mu\varphi \rightarrow \partial_\mu\varphi + b_\mu$ [4].

Жоғарыда аталғандардан басқа, балама космологиялық модельдер де бар:

1. Материя мен антиматерияға қатысты симметриялы модель осы екі заттың ғаламда тең болуын болжайды. Біздің Галактикада іс жүзінде антиматерия жоқ екені анық болса да, көрші жұлдыздық жүйелер толығымен одан тұруы мүмкін; олардың сәулеленуі қалыпты галактикалармен бірдей болар еді. Алайда, ұлғаюдың бұрынғы дәуірінде, зат пен антиматерия тығыз байланыста болған кезде, оларды жою қуатты гамма-сәулеленуді тудыруы керек еді. Оны бақылаулар анықтай алмайды, бұл симметриялы модельдің дұрыстығын екіталай етеді.

2. Суық Үлкен жарылыс моделінде ұлғаю абсолютті нөлдік температурада басталды деп болжанады. Рас, бұл жағдайда ядролық синтез затты қыздырып, қыздыруы керек, бірақ микротолқынды фондық сәулеленуді енді үлкен жарылыспен тікелей байланыстыруға болмайды, бірақ оны басқаша түсіндіру керек. Бұл теория тартымды, өйткені ондағы зат фрагментацияға ұшырайды және бұл ғаламның кең ауқымды гетерогенділігін түсіндіру үшін қажет.

3. Стационарлық космологиялық модель заттың үздіксіз туылуын болжайды. Бұл теорияның негізгі ұстанымы, идеалды космологиялық принцип ретінде белгілі, ғалам әрдайым болған және солай болып қала береді. Бақылау мұны жоққа шығарады.

4. Эйнштейннің Гравитациялық теориясының өзгертілген нұсқалары қарастырылады. Мысалы, Принстоннан келген К. Бранс пен Р. Дикке теориясы Күн жүйесіндегі бақылауларға сәйкес келеді. Бранс-Дикке моделі, сондай-ақ уақыт өте келе кейбір іргелі тұрақтылар өзгеретін Ф.Хойлдың радикалды моделі, біздің дәуірімізде Үлкен жарылыс моделі сияқты космологиялық параметрлерге ие.

5. Модификацияланған Эйнштейн теориясы Ж. Леметр 1925ж ашқан модель. Эйнштейн өзінің сүйікті статикалық ғаламның космологиялық моделін негіздеу мүмкіндігіне қызығушылық танытты, бірақ ғаламның кеңеюі ашылған кезде ол оны көпшілік алдында қабылдамады.

6. Хорава-Лифшиц (ХЛ гравитациялық моделі) гравитациялық модельдерінің нақты шешімдерін табу өте маңызды. Біздің жағдайда барлық ХЛ модельдері нақты шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Бұл шешімдердің кейбіреулері ғаламның үдемелі ұлғаюын сипаттайтын маңызды интегралдық модельдер болып саналады [5].

Ғаламның ұлғаюы – Жерден бақылған космологиялық қызыл ығысу арқылы шығатын, оның барлық масштабтарындағы ғарыш кеңістігінің біртекті және изотропты ұлғаюынан тұратын құбылыс. Эксперименталды түрде Ғаламның ұлғаюы Хаббл заңының орындалуымен, оған қоса экстремалды жойылған «стандартты шамдардың» жарықтылығының азаюымен расталады. Үлкен жарылыс теориясына сәйкес, Ғалам бастапқы аса тығыз және аса ыстық күйінен ұлғаяды. Жалпы салыстырмалылық теориясы, скаляр-тензор, Эйнштейн және Биметриялық теориялары, сондай-ақ Тевес, $f(R)$, жалпы жоғары дәрежелі теорияларды, Хоржава-Лифшиц ауырлық күшін, Галилеондарды, Калуцу-Клейн, Рэндалл-Сандрум, DGP және қосымша тағы басқа өлшеу модельдері де Ғаламның ұлғаюын түсіндіреді. Бұл салалар соңғы онжылдықта қарқынды зерттелді, бұл көбінесе бақыланып отырған космология саласындағы жылдам прогреске негізделген, алғаш рет іргелі физиканы бақыланып отырған ғалам масштабында дәл сынақтан өткізуге мүмкіндік береді.

Жалпы салыстырмалылық теория пайда болғаннан бері ғаламның кеңеюінің көптеген модельдері, сондай-ақ балама модельдері ұсынылды. Олардың құрылуы кванттық физика теориялары, сондай-ақ қараңғы материяны да, қараңғы энергияны түсіндіруі керек болды. Мұны байқау деректерін теорияның болжамдарымен салыстыру арқылы жасауға болады. Модельдерді тексерудің бір әдісі- гравитациялық өрістегі сынамалы денелердің, фотондардың және тағы басқа өлшемдердің қозғалыстарын зерттеу. Қорыта айтқанда, гравитация теориясында жоғарыда көрсетілген модельдерден бөлек көптеген модельдер бар. Сол модельдердің аналитикалық және

сандық шешімдерін алу космология ғылымының басты мәселесі болып отыр. Ғаламның үдемелі ұлғаюын зерттеу, қара құрдым, күнгірт энергия терминдері Қазақстан ғалымдары үшін әлі де толық меңгерілмеген мәселе болып отыр. Космология ғылымының елімізде дамуы үшін астрофизика саласы мен техникалық физика мамандықтарына кадрларды, жас ғалымдарды тартуымыз керек және ақпарат көздерін қазақ тіліне аударылуын дамыту қажет деп санаймын. Берілген ақпараттардың барлығы өзге елдердің, әсіресе АҚШ, Ресей, Польша ғалымдарының еңбектерінен алынғандықтан, өз елімізде де осы саланың дамуына үлес қосу керек екендігін естен шығармаған дұрыс.

Аннотация

В статье представлена информация об этапах возникновения Вселенной, теории гравитации Эйнштейна, моделях, описывающих ускоренное расширение Вселенной, и другие космологические модели. Кроме того, в статье рассматривается связь теории относительности с квантовой теорией.

Ключевые слова: гравитация, галактика, Вселенная, модель, космология.

Abstract

In article are presented information on the stages of the origin of the Universe, Einstein's theory of gravity, models describing the accelerated expansion of the Universe, and other cosmological models. In addition, the article discusses the relationship between the theory of relativity and quantum theory.

Keywords: gravity, galaxy, Universe, model, cosmology.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қабылбеков К.А., Аширбаев Х.А., Сабалахова А.П., Рустемова К.Ж., Джумағалиева А.И.. Дененің гравитациялық өрісте қозғалысын зерттеуге арналған компьютерлік зертханалық жұмысты ұйымдастырудың бланкі үлгісі// М.Әуезов атындағы ОҚМУ ғылыми еңбектері. 2015.№ 1 (32)
2. Бронников К.А., Рубин С.Г. Лекции по гравитации и космологии// Учебное пособие. Москва. –2008.
3. В.Сурдин. Астрономияның маңызды оқиғалары мен шешілмеген мәселелері туралы редакциялаған "Астрономия: XXI ғасыр" кітабының 3-ші басылымынан үзінді
4. Probing signatures of modified gravity models of dark energy. Shinji Tsujikawa (Tokyo University of Science) // <https://slideplayer.com/>
5. <https://www.krugosvet.ru/КОСМОЛОГИЯ> | Энциклопедия Кругосвет

ӘӨЖ: 502.536

ФИЗИКА ЖӘНЕ ҚАЛДЫҚСЫЗ ТЕХНОЛОГИЯ

С.Абылқасым, Н.Изатулла 11 сынып оқушылары

М.Әуезов атындағы № 128 жалпы білім беретін мектеп, Алматы қ., Қазақстан

assiya_888@mail.ru

Ғылыми жетекшісі: п.ғ. магистрі А.Бутабаева

Қазіргі кезде ғылым мен техника дамып келеді. Бұл даму биосфераға тікелей ықпалын тигізуде. Жер шарындағы экологиялық жағдай күн сайын төмендеуде.

Байқайтын болсақ, еліміздің табиғаты да бұрын-сонды болмаған өзгерістерге ұшырауда. Көптеген аймақ шөлейттеніп, топырақ тозып, су қоры тартылып жатыр. Тіршілігімізге қатер төндіретін қауіпті табиғи құбылыстар мен өнеркәсіп апаттары да жиілей бастады. Улы қалдықтардың жинақталуы қоршаған ортаға зиян тигізіп отыр.

Қазіргі кезде адамзат алдында тұрған аса күрделі экологиялық мәселе – қоршаған ортаны қалыпты жағдайда ұстау. Осыған біз қаншалықты үлес қосып отырмыз? Иә, анда-санда сенбіліктерге шығамыз. Өзімізге берілген аймақты тазалап, жинаймыз. Кейде мектептің алдындағы гүлдерге, ағаштарға қараймыз. Біз күнделікті өмірімізде «қоршаған ортаны қалайша сақтап қаламыз, не істеуіміз керек?» деген мәселеге салғырт қарап жүрген сияқтымыз. Осы тұрғыда ауаның ластануы жөнінде нақты фактілер келтіріп кеткен жөн. Мысалы жыл сайын әлемдік мұхитқа он миллион тоннаға жуық мұнай ағызылады. Қазіргі кезде ауа атмосферасында газ тектес және қатты қоспалардың үлесі елеулі артуда. Дүние жүзіндегі барлық энергетикалық қондырғылар атмосфераға жыл сайын 200-250 миллион тонна күл және 60 миллион тоннаға жуық күкіртті ангидрид шығарады. Никель зауытының электр балқыту цехтарында пайдаланылған газдың құрамының $\frac{3}{4}$ бөлігін металл құрайды. Міне кәсіпорын тек ауаны лаптап

қана қоймай бағалы шикізаттан да айрылып отыр. Ластаудың тағы бір көзі автомобиль транспорты болып табылады. 300 миллионнан астам іштен жанатын двигателі бар автомобильдер жыл сайын ауаға миллиондаған тонна күкірт және азот тотықтарын, сутекті көмір, көміртекті тотығын шығарады. Мұның өзі адамға қауіпті.

Автокөлік қозғалтқыштары атмосфераға жылына көміртек тотығы мен азот қоспасымен қатар 2–3 млн тонна қорғасын шығарады. Қорғасынмен ластанудың салдары топырақтың, судың және атмосфераның улануына әкеліп соғады. Іштен жанатын қозғалтқыш (ІЖҚ) жұмысы кезінде пайдаланылған мәшине майлары жерасты суларын ластайды, бұл таза тұщы су проблемасына әкеледі.

Мұнайды өндіргенде, тасымалдауда және қайта өңдеу кезінде биосфера қабаты мұнай өнімдерімен ластанады, ол дүниежүзілік мұхит проблемасына әкеп соғады.



1-сурет. Паровоздардың ПӘК-і 2–3%-ды құрайды

Жердің атмосфера қабатын басты ластаушылардың бірі көлік болып табылады (2-сурет). Автокөлік газдары – мындаған компоненттерден тұратын қоспа. Олардың ішінде көміртек тотығы, азот тотығы, альдегидтер, күйе, бензапирен, қорғасын қоспасы, формальдегид, бензол сияқты уандырғыш заттар бар. Күкірт газы мен азот тотығының қалдықтары тыныс алу жолдары ауруларының пайда болуына әкеліп соғады. Адам иісті газбен қатты уланғанда оттегінің жетіспеуінен өліп кетуі мүмкін. Азот қоспасы қанға және қан тамырына жағымсыз әсер етеді. Қорғасынның бейорганикалық өоспасы зат алмасуын бұзады, балаларда ақыл ойының кемістігін, ми ауруларын тудырады. Бензапирен канцероген болып табылады, ол қатерлі ісікті тудырады. Альдегидтер көздің шырышты қабығы мен тыныс алу жолдарын тітіркендіреді, жүйке жүйелеріне зиянды әсер етеді.

Қоршаған ортаны қорғау үшін энергияны қолданудың тиімділігін арттыру қажет және энергияны үнемдеу технологияларына көшу керек. Атмосфераға зиянды заттарды шығаруға кедергі келтіретін сүзгілерді кеңінен пайдалану қажет. Жанармайға қосылатын ауыр металл қоспаларын, әсіресе қорғасын қоспасын қолдануды шектеу; сутегін отын ретінде пайдаланатын қозғалтқыштарды жасауды аяқтау; электр көліктері мен күн энергиясын пайдаланатын автокөліктердің шығарылымын бастау; үйкеліске кететін энергияны және толық жанбау салдарынан жанармайды жоғалтуды азайту есебінен жылулық қозғалтқыштардың ПӘК-ін арттыруды жетілдіру.



2-сурет. Автокөліктердің пайдаланылған газдары – атмосфераның ластануының негізгі көзі

Жоғарыда сипатталған мәселелерді шешуде Қазақстан Астанасында «Болашақ энергиясы» тақырыбына ұйымдастырылған халықаралық EXPO–2017 көрмесі дәуірлік тарихи маңызы бар оқиға болды.

ЕХРО–2017 көрмесі «Болашақтың энергиясын» жасақтаудың мына негізгі үш бағытына басымдық беруді көздейді:

- экологиялық таза жаңартылатын энергия көздерін (күн, жел) пайдаланатын техника мен технологияларға басымдық беру;
- Жер-ананың өкпесі – жасыл энергия көздерін (ормандар мен өсімдік түрлерін) қорғау және олардың энергетикалық әлеуетін үнемдеп пайдаланатын техника мен технологияларға басымдық беру;
- жаңартылмайтын қазба отын энергия көздерін (көмір, мұнай, газ, шымтезек, жанғыш тактатас) үнемдеп пайдаланатын техника мен технологияларға басымдық беру.

Қазіргі таңда ауаның ластануы дүниежүзін алаңдатып отырған мәселелердің бірі. Еліміздегі өнеркәсіп пен өңдеуші кәсіпорындар, автокөлік санының артуы, ауа ластануының басты себебі деп ойлаймыз. Бұл өндірістердің ластанушы заттарының негізгі түрлері газ тәрізді заттар. Яғни, автокөлік қозғалысы кезінде және отын жанғанда олардан көміртек оксиді бөлінеді. Ол қанның құрамындағы гемоглобин мен әрекеттесу арқылы организмді улайды. Яғни осындай өндірістер теке ауаны ластап қоймай, адамдардың да денсаулығына кері әсерін тигізуде. Дәлел ретінде Пекин қаласын алып қарастырсақ болады. Қазір ол қала экологияның ластануы бойынша ең бірінші орын алуда. Қалада таза ауа белгілі бір пластикалық пакеттерде сатылады, ал адамдары болса, өте әлсіз, әрі аурушаң болып келеді. Егер біз қазірден бастап Қазақстанның экологиясының тазалығын қолға алмасақ біздің де жағдайымыз Пекин қаласымен бірдей болады. Яғни, экологияның ластануы критикалық деңгейге жетіп, әрбір адамымыздың денсаулығы төмендеп, ұмытшақтық пен аурушаңдық пайда болады. Сондықтан да, автокөліктер мен өндіріс заттардан шығатын улы қалдықтарды азайту өте күрделі мәселелердің бірі болып табылады. Осыған байланысты біз өз жобамызды бастап, осы мәселенің шешу жолын қарастырдық. Ең алдымен ауаның ластануы бойынша түрлі ақпараттарды жинақтадық. Әлеуметтік желідегі мәліметтерге жүгінсек, жалпы Қазақстан бойынша жыл сайын атмосфераға түрлі стационарлық көздерден 2,5 млн тоннадай, ал бір ғана автокөліктен 1 млн тоннадай улы газдар шығарылады. Осылардың ішінде автокөліктердің алатын орны ерекше. Бүгінгі таңда жалғыз Алматының өзіне 500 мың автокөлік кіреді. Бұл есепке Алматыдағы 588 379 автокөлік есептелмейді. Жыл сайын олар 280 млн тонна шамасында көміртек тотығын, 56 млн тонна көмірсутек, 28 млн тонна азот тотығын ауаға қосады. Шығарылған газдардың ішінде зияндары да, зиянсыздары да кездеседі. Яғни, азот, сутек, оттек, судың булануы зиянсыз болса, көміртек, азот тотығы, этилен, бензол, этан, метан күкіртті түгін зиянды заттар қатарына жатады.

Басында атап өткендей бұлардың барлығы адам денсаулығына кері әсерін тигізеді. Сондықтан қазіргі қалыптасып отырған экологиялық жағдайды жақсартуға, соның ішінде, ауа қабатының ластануының жоғары деңгейін болдырмау үшін өз жобамызды бастадық. Ауаның ластануы басты себеп болғандықтан, зиянды заттарды жою үшін алуан түрлі шаралар қолданылуы тиіс. Мысалы: ластанушы қалдықтарды электр тогы арқылы жою, көптеген жаңа жобалар ойластыру.


Осыған қарай отырып біз тазартқыш қызметі бар сүзгі ойлап қарастырып көрдік. Құрылғы үш бөліктен тұрады. Олар: қалдықтарды ішке тартпас үшін арналған сүзгі, басты сүзгі және ауа шығарушы құрылғы. Сүзгілер микрофибра мен параллон атты материалдардан жасалған. Ол автокөліктерге, өндіруші, өңдеуші кәсіпорындарына, үйдің ішін улап жатқан мұржаларға да қойылады. Біздің ойлап тапқан құрылғымыз кәсіпорындардағы, автокөліктердегі, мұржалардағы зиянды қалдықтардың ауаға аз мөлшерде таралуын қамтамасыз етеді. Осы жаңа құрылғы арқылы ауаның ластануын тоқтатып, Қазақстанның экологиясын жаңа дәрежеге көтеруге болады.

Көптеген пікірлерді, идеяларды қарастыра отырып, экологиялық мәселені шешу жолын қарастырып көрдік. 3-суретте автокөліктерге арналған сүзгінің құрылыс көрсетілген.



3-сурет. Автокөліктерге арналған сүзгі


- 1-су өткізгіш (сұйықтықты босататын бөлшек)
- 2-бөгет (автокөліктен шығатын қызуды ұстайды)
- 3-қалдық жинағыш. (бензиннің қалдығын жинайтын бөлшек)
- 4-қалың сүзгі (микрофибра мен параллон).
- 5-тор(сетка) сүзгі.



4- суретте үйлердің мұржасына қойылатын сүзгінің құрылымы көрсетілген.

Мұржа сүзгісі

- 1- Вентилятор (іште түтін қалып кетпес үшін, сыртқа итеріп тқрады)
- 2- Басты сүзгі (түтіннің және түтін қалдықтарын жинайтын құрылғы)
- 3- Тор (сетка)сүзгі (желді тазартып шығарады)



5-сурет. Үйлердің мұржасына қойылатын сүзгі

Біздің қарастырған сүзгілеріміз қазіргі таңдағы өте ауқымды мәселені шешудің бірден-бір жолы. Қазіргі таңда автокөліктерге және жер үйлердің мұржаларына сүзгі қоюдың жолы қарастырылды.

Аннотация

Необходимо повысить эффективность использования энергии для защиты окружающей среды и перейти на энергосберегающие технологии. Следует широко использовать фильтры, препятствующие выбросу вредных веществ в атмосферу. Автомобильные двигатели выбрасывают в атмосферу от 2 до 3 миллионов тонн свинца вместе со смесью окиси углерода и азота в год. Последствия загрязнения свинцом приводят к отравлению почвы, воды и атмосферы.

Кілттік сөздер: Двигатель внутреннего сгорания (ДВС), загрязнение атмосферы, фильтр, токсичные газы, микрофибра.

Abstract

It is necessary to increase the efficiency of energy use to protect the environment and switch to energy-saving technologies. Filters that prevent the release of harmful substances into the atmosphere should be widely used. automobile engines emit 2 to 3 million tons of lead, along with a mixture of carbon

monoxide and nitrogen, into the atmosphere per year. The consequences of lead contamination lead to poisoning of the soil, water and atmosphere

Keywords: internal combustion engine(ice), air pollution, filter, toxic gases, microfiber.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Р.Башарұлы, Ш.Шүйінші, К.Сейфоллина «Физика» 8 сыныпқа арналған оқулық.
2. Н.Закирова, Р.Аширов «Физика» 8 сыныпқа арналған оқулық.
3. «Математика және физика» ғылыми әдістемелік журналдары 2002-2005 ж.
4. <https://www.zharar.com/kz/science/19391-g.html>
5. «Қазақстан 2030» стратегиясы

УДК: 519.6

МОДЕЛИ ЭКОЛОГО-ЭКОНОМИЧЕСКОГО СОСТОЯНИЯ ПРИРОДНОЙ СРЕДЫ ПРИ ТЕХНОГЕННОЙ НАГРУЗКИ АТМОСФЕРЫ

Айдосов А.¹, Айдосов Г.А.², Заурбеков Н.С.¹, Заурбекова Н.Д.³

¹ доктор технических наук, профессор, ² доктор технических наук, ³ кандидат технических наук
¹ Казахский Национальный Педагогический университет имени Абая, ² Казахский национальный университет имени аль-Фараби, ³ Казахский национальный женский педагогический университет
e-mail: agu_nurgali@mail.ru

В связи с резким увеличением техногенной нагрузки на природную среду и ее воздействию на биоту, возросло эффективность эколого-экономических исследований. Выявлено, что в большинстве случаев уровень заболеваемости населения региона, являться мерой техногенной нагрузки и здоровье населения в значительной степени определяется экологической обстановкой в зоне проживания. Для решения этих проблем мы используем метод математического моделирования, которое более точно без личных технических, финансовых затрат определить эколого - экономических информации о величине технической нагрузки и ее проявлении в заболеваемости. В результате такого моделирования получим количественную общую зависимость частоты отдельного заболевания от содержания группы элементов в воздухе, с учетом определений доли всех и каждого в изменчивости частоты заболеваний. В результате можно рассчитать уровень заболеваемости, который будет определяться только экологическим фактором.

Охрана и управления качеством окружающей среды порождают широкий класс задач, при поиске и подготовке оптимальных решений народнохозяйственных проектов, осуществление которых сопряжено с воздействием на природную среду, а также с планированием природоохранных мероприятий, требующих управления выбросами действующих промышленных объектов с учетом особенностей гидрометеорологического режима и ограничений санитарного и социально-экономического характера.

В связи с этим большее значение приобретают методы улучшения качества окружающей среды. К этим методам можно отнести:

- приведение действующих технологических процессов к обеспечению снижение выбросов примесей и вредных отходов;
- использование малоотходных (замкнутых) технологических процессов, обеспечивающих комплексное повторное применение всех компонентов и минимальное поступление выбросов в окружающую среду.

Используя метод экономико-эколого-математического моделирования, выберем способов управлений, наиболее эффективных с точки зрения «природоохранных» и «производственных» критериев[1-7].

Пусть значение концентраций вредных веществ (q) определены некоторой функцией $q(\bar{x}, \bar{p})$, зависящей от \bar{x} – координат территорий и \bar{p} – параметров, в виде модели:

$$q(\bar{x}, \bar{p}) = a_0 + \sum_{i=1}^m a_i \cdot x_i + \sum_{j=1}^m a_j \cdot p_j, \quad (1)$$

где: m – количество параметров (пользователь выбирает самостоятельно); $a_{i,j}$ – коэффициенты; a_0 – свободный член, где $q(t_i, x_j, y_k)$ – значение концентраций примеси в точке с координатами x_j, y_k определяется следующим образом: $(j, k = -1, 0, +1), (i = -2, -1, 0, +1)$

$$q(t_{+1}, x_0, y_0) = c_0 + c_1 \cdot q(t_0, x_0, y_0) + c_2 \cdot q(t_{-1}, x_0, y_0) + c_3 \cdot q(t_{-2}, x_0, y_0) + c_4 \cdot q(t_0, x_{-1}, y_0) + c_5 \cdot q(t_0, x_{+1}, y_0) + c_6 \cdot q(t_0, x_0, y_{-1}) + c_7 \cdot q(t_0, x_0, y_{+1}), \quad (2)$$

Для вычисления построена интерполяционная модель

$$q(t_{+1}, x_0, y_0) = -0,19 + 25,20 \cdot q(t_0, x_0, y_0) + 0,026 \cdot q(t_{-1}, x_0, y_0) - 0,08 \cdot q(t_{-2}, x_0, y_0) - 1,08 \cdot q(t_0, x_{-1}, y_0) - 0,657 \times \\ \times q(t_0, x_{+1}, y_0) - 0,657 \cdot q(t_0, x_0, y_{-1}) - 9,12 \cdot q(t_0, x_0, y_{+1}). \quad (3)$$

Данная модель позволяет сделать прогноз уровня загрязнения воздушного бассейна на близлежащих производственных территориях. Величины техногенной нагрузки определяется в зависимости от значения суммарного показателя загрязнения

$$Z = K_k \cdot (N - 1), \quad (4)$$

где N – количество элементов, участвующих в расчетах (здесь $N=2$, т.к. показатель – оксид углерода); K_k – коэффициент концентрации

$$K_k = \frac{C_p}{C_n}, \quad (5)$$

C_p – средний уровень загрязнения; C_n – фоновое содержание.

Когда $K_k = 3,37$. $Z = 3,37$ показатель по оценочной шкале загрязнения и увеличение общей заболеваемости с обострениями и переходами в хроническую форму у населения из-за наличия высокого уровня загрязнения.

Процесс распространения примесей от источников расположенных в ограниченной трехмерной области $D = \Sigma[O, H]$ с n промышленными предприятиями, производящих выбросы вредных веществ в атмосферу описывается уравнением турбулентной диффузии, считая источники выбросов точечными и расположенными внутри области.

$$L_\varphi = \frac{d\varphi}{dt} + \text{div} \bar{U}_\varphi + \delta\varphi - \frac{\partial}{\partial z} \varrho \frac{\partial \varphi}{\partial \varphi} - \mu, \varphi = \varphi_0(\bar{x}, t) + \sum_{m=1}^n Q_m, \quad (6)$$

с краевым и начальными условиями

$$\varrho \frac{d\varphi}{dz} + \beta\varphi = 0, \quad (7)$$

$$\varrho \frac{d\varphi}{dz} = 0, \quad (8)$$

$$\varphi / s = \varphi_s(\bar{x}, t), \quad (9)$$

$$\varphi /_{t=0} = \varphi_0^{\bar{v}}(\bar{x}). \quad (10)$$

где $\varphi(\bar{x}, t)$ – концентрация примеси в $\bar{x} \in D$ в момент времени $t \in [0, T]$; $\bar{U} = (U, V, W)$ – вектор скорости ветра; $\Delta = \text{div}_s \mu \text{ grad}_s \mu \varrho$ – коэффициенты горизонтальной и вертикальной диффузии; $\sigma(\bar{x}, t)$ – функция, описывающая скорость изменения активных примесей; β – коэффициент, характеризующий взаимодействие примесей с подстилающей поверхностью; $\varphi_s(\bar{x}, t), \varphi_0^{\bar{v}}(\bar{x})$ – значение концентрации примесей на S – боковой поверхности области D и в начальный момент времени; $\varphi_0^{\bar{v}}(\bar{x})$ – известная функция, описывающая неорганизованные источники выбросов; Q_m – начальная мощность выброса источника, $m = 1, \bar{n}$, при заданных начальных и краевых условия (7) – (10). Введем обозначения: $\bar{v} = (e_1, e_2, \dots, e_n)$ – вектор размерности компонента, который описывает относительное уменьшение интенсивности выброса от i -го источника, $0 \leq e_i \leq E_i$; E_i – максимум относительного уменьшения интенсивности выброса от i -го источника, $i = 1, \bar{n}$.

Решение модели (7) – (10), концентрация примесей в точке после уменьшения интенсивности выбросов определяется в виде[5]:

$$\varphi(\vec{x}, t, \vec{e}) = \sum_{m=1}^n Q_m (1 - e_m) \varphi_m(\vec{x}, t) + \varphi_0(\vec{x}, t), \text{ где } \varphi_m(\vec{x}, t) - \text{ решение набора задач. (11)}$$

$$L\varphi_m(\vec{x}, t) = \delta(\vec{x} - \tau_m); E\varphi_m(\vec{x}, t) = 0, \quad g \frac{\partial \varphi_m}{\partial Z} = 0 \text{ при } z=0, H \quad (12)$$

$$\varphi_m(\vec{x}, t)|_{t=0} = 0, \quad \varphi_m(\vec{x}, t)|_s = 0, \quad m=1, n$$

а функция $\varphi_0(\vec{x}, t)$ удовлетворяет задаче $L\varphi_0(\vec{x}, t) = \varphi_0(\vec{x}, t), E\varphi_0(\vec{x}, t) = 0, \quad g \frac{\partial \varphi_0}{\partial Z} = 0$

$$\text{при } z=0, H \quad \varphi_0|_s = \varphi_s(\vec{x}, t), \quad \varphi_0|_{t=0} = \varphi^0(\vec{x}), \quad (13)$$

При выработке долговременной политики улучшения качества атмосферы используются, как правило, значения усредненных концентраций примесей в точках приземного слоя [5,6]. Интервал осреднения T может быть различной величины в зависимости от конкретных обстоятельств, например: года, сезона.

Обозначим осредненные концентрации примеси через $g(\vec{x}, t)$ и определим их как

$$g(\vec{x}, t) = \sum_{m=1}^n Q_m (1 - e_m) d_m(\vec{x}) + d_0(\vec{x}), \text{ где } d_m(\vec{x}) = \int_0^T \varphi_m(\vec{x}, t) dt / T, \quad m = \overline{0, n} \quad (14)$$

Решения задач (11) - (13) находим методом крупных частиц [1,2]. Для численного интегрирования этих задач в D введена сеточная область $D^n = \sum^n x W_z^n, \sum^n = W_x^n x W_y^n$, где $W_\alpha^n (\alpha = x, y, z)$ - сетка в направлении координат x, y, z с шагом $\Delta x, i = \overline{0, I}, \Delta y; j = \overline{0, j}, \Delta z_k, k = \overline{0, k}$. Приземные концентрации обозначены

$$g_{ij}(l) = \sum_{m=1}^n Q_m (1 - e_m) d_m(x_i y_j z_0) + d_0(x_i y_j z_0), \text{ где } d_m(x_i y_j z_0) = \int_0^T \varphi_m^n(x_i y_j z_0) dt / T. \quad (15)$$

Таким образом, в зависимости от варианта управления \vec{e} множество векторов $C = \{g_{ij}(l), i = \overline{0, I}, j = \overline{0, J}, l \in E\}$ описывает возможные последствия загрязнения в точках приземного слоя. Рассмотрим, модель функции стоимости регулирования источников [3,4]. Введем, следующие обозначения: $G_m(l_m)$ - функция [5], характеризующая стоимость уменьшения интенсивности выбросов на m - M предприятий на величину $l_m, m = \overline{1, n}; G(l) = \sum_{m=1}^n G_m(l_m)$ общая стоимость регулирования источников в пределах региона.

Пусть S - стоимость всех средств, используемых для улучшения качества атмосферы, считая заданным множество E в виде

$$E = \{ \vec{l} : G(\vec{l}) \leq S, 0 \leq l_m \leq E_m, \quad (16)$$

Построения зависимостей $G_m(l_m), m = \overline{1, n}$ определяются исходя из технологических процессов производства [6]. Следуя [7], будем понимать под стоимостью противозагрязняющих мероприятий на предприятии ($G_m(l_m)$) сумму всех издержек, которые несет данное предприятие, при уменьшении объема вредных выбросов на величину e_m, n и неизменном объеме выпускаемой продукции. Для расчета этих элементов составляющих, стоимость предотвращения загрязнения, может быть успешно применен метод экономико-математического моделирования [8,9].

Рассмотрим метод построения функций $G_m(l_m)$, основанный на более употребительных моделях - линейной производственной модели [8,9]. Обозначим через h_{ml} интенсивность использования 1-ой технологии на предприятии, m - $M, l = \overline{1, r_m}; h_m = \{h_{m1}, h_{m2}, h_{mk}\}$ - вектор интенсивного (план) функционирования m - го предприятия. Представим экономико-математическую модель работы предприятия следующим образом:

$$P_m(h_m) = \sum_{l=1}^{rm} P_e^m h_{me} \rightarrow \max hm \text{ (прибыль)}, \quad (17)$$

с ограничениями:

$$\sum_{l=1}^{rm} a_{ja} h_{me} = A_{mj} \quad j=1, J_m \text{ (плановое задание)}, \quad (18)$$

$$\sum_{l=1}^{rm} b_e^m h_{me} = \theta_m (1-l_m) \text{ (предельно допустимые выбросы)}, \quad (19)$$

$$\sum_{j=1}^{Jm} \sum_{l=1}^{rm} S_{je}^m a_{je}^m h_{me} \leq S_0^m \text{ (себестоимость)}, \quad (20)$$

$$\sum_{l=1}^{rm} K_e^m h_{me} \leq K_0^m \text{ (капиталовложения)}, \quad (21)$$

$$\sum_{l=1}^{rm} V_e^m h_{me} \leq V_0^m \text{ (эксплуатационные затраты)}, \quad (22)$$

где P_e^m - прибыль m -го предприятия при использовании e -й технологии с единичной мощностью; a_{je}^m - объем выпуска продукции вида j на m -м предприятии по способу производства; b_e^m - мощность выброса примеси на m -м предприятии по e -й технологии с единичной мощностью; S_{je}^m - себестоимость производства единицы продукции e -го вида для m -го предприятия по технологическому способу; K_e^m - капитальные вложения на предотвращение загрязнения атмосферы в e -ю технологию на m -м предприятии ($K_e^m \neq 0$ для вновь осваиваемых и реконструируемых технологий); V_e^m - затраты на эксплуатацию и содержание газоочистных установок и других очистных сооружений в связи с применением e -го технологического способа на m -м предприятии; K_0^m - лимит капиталовложений для e -го предприятия; V_0^m - лимит эксплуатационных затрат на m -м предприятии; S_0^m - предельная величина себестоимости выпускаемой m -м предприятием продукции.

Оптимальный план функционирования m -го предприятия определяется с помощью решения задачи линейного программирования (17) - (22). Переменная e_m участвует в этой задаче как параметр. Величина E_m в рамках принятой модели может быть определена из решения задачи линейного программирования: $e_m \rightarrow \max_{h_m, l_m}$ при ограничениях (12)-(17). Если e_m^* - оптимальное решение этой задачи, то $E_m = l_m^*$. Пусть $h_m^*(l_m)$ - вектор оптимального решения задачи оптимизации (17) - (22), зависящий от параметра. Используя введенные обозначения, вычислим следующие величины:

$$P_m(l_m) = \sum_e P_e^m h_{me}^*(l_m) \text{ - прибыль } m\text{-го предприятия при оптимальном плане } h_m^e(l_m);$$

$$S_m(l_m) = \sum_{j,e} S_{je}^m a_{je}^m h_{me}^*(l_m) h_m^*(l_m) \text{ - себестоимость продукции на } m\text{-м предприятии при оптимальном}$$

$$\text{плане } h_m^e(l_m); K_m(l_m) = \sum_e K_e^m h_{me}^*(l_m) \text{ - объем капиталовложений на оздоровление атмосферы,}$$

$$\text{требуемый } m\text{-му предприятию при данном режиме работы; } V(l_m) = \sum_e V_e^m h_{me}^*(l_m) \text{ - стоимость всех}$$

эксплуатационных затрат, связанных с работой очистных сооружений и установок при плане работы m -го предприятия.

Определим суммарные издержки m -го предприятия (функцию $G_m(l_m)$), возникающие вследствие уменьшения выбросов на l_m . Тогда

$$G_m(l_m) = (P_m(0)P_m(l_m)) + (S_m(l_m) - S_m(0)) + (K_m(l_m) - K_m(0)) + (V_m(l_m) - V_m(0)). \quad (23)$$

Отметим, что $G_m(l_m)$ как функция l_m является кусочно-линейной функцией на $[0, E_m]$. Это следует из общего свойства решения задач линейного программирования, - вектор-функция $h^*(l_m)$ «склеена» из кусков линейных отрезков в R^m . Поэтому для построения функции стоимости $G_m(l_m)$ достаточно иметь решения нескольких задач линейного программирования вида (17) - (22), которые последовательно принимают значения, равные точкам излома графика вектор – функции $h_m^*(l_m)$.

Для численной реализации модели на компьютере разработаны алгоритмы программ в виде блок-схемы.

Аңдатпа

Жұмыста өндірістік аймақтың ауасына техногендік үстеменің әсеріне байланысты табиғи ортаның эколого-экономикалық жағдайын сапалы бағалаудың математикалық модельдері жетілдірілген. Ол, ауданның қарастырылған нүктеленінін ластану деңгейлерін бағалауды есептеуге мүмкіншілік берді, сонымен бірге аймақтың ауа алабының сапа белгісін қалыптастыру үшін пайдаланылды. Осы ауа атмосферасының диффузиясының моделін, аурудың шекті деңгейін ескере отырып, табиғатты қорғау шаралары, елді мекеннің саулығының қатерлігін бағалау және басқа да көптеген мәселелерді шешуге қолдануға болады. Модельді санға дейін жеткізу үшін компьютерде арнайы бағдарлама алгоритімі жасалған.

Кілттік сөздер: техногендік үстеме, математикалық модель, табиғи ортаның экологиялық-экономикалық жағдайы, атмосфералық ауаның ластануы, ауыру деңгейі

Abstract

In the mathematical models of the qualitative assessment of ecological and economic state of the environment depending on the technogenic load of the atmosphere of the industrial region. This allowed an assessment of contamination levels at the points of the region, so that – more used to form the criterion of quality air basin area. This model solves the atmospheric diffusion large range of applied problems, like environmental protection measures, risk assessment for public health, etc., taking into account the thresholds of disease. For the numerical realization of the model of computer algorithms for programming.

Keywords: technogenic load, mathematical model, ecological and economic state of the natural environment, air pollution, disease level.

Литература

1. Айдосов А.А., Айдосов Г.А., Заурбеков Н.С. Моделирование распространения вредных веществ в нижнем слое атмосферы со свободной верхней границей воздушной массы и оценка экологической обстановки окружающей среды //Промышленность Казахстана. – Алматы. - 2007. - №1(40). - С. 68-70.
2. Айдосов, А. А., Г. А. Айдосов, Н. С. Заурбекова, и Г. И. Ажиева. Модельная оценка технологической нагрузки экологических компонентов в нефтегазодобывающем регионе-Монография: Алма-Ата. 2015.
3. Нигматулин Р.И. Методы механики сплошной среды для описания многофазных смесей //ПММ. – 1970. – Т.34, №6. – С.1097-1112.
- 4.Блинова Е.И. Методы решения нелинейной задачи об атмосферных движениях планетарного масштаба //ДАН СССР. – Т.110, №6, 1956.
- 5.Бакирбаев Б., Керимкул Ж. Численная модель турбулентной диффузии примесей в пограничном слое атмосферы //Природопользование и проблемы антропоферы: Вестник ТарГУ им. М.Х.Дулати. – Тараз, 2001. – №4. – С.123-130.
6. A.Aidosov, G.Aidosov, N.Zaurbekov, et all. Mathematical Modelling of Atmospheric Pollution in an Industrial Region with a View to Design an Information System Software for Ecological Situation - Ekoloji, 2019, Issue 107, Pages: 349-358
7. A.Aidosov, G.Aidosov, N.Zaurbekov, et all. Informational and Matematical Modeling of the Impact of Emissions into the Atmosphere on Public Health - Ad Alta, vol. 9, issue 1, special issue V. – Pages: 74-79

8. N.Zaurbekov, A.Aidosov, N.Zaurbekova, et all. Emission spread from mass and energy exchange in the atmospheric surface layer: Two-dimensional simulation - Energy Sources Part A Recovery Utilization and Environmental Effects. olume 40, 2018 - Issue 23. - Pages 2832-2841

9. Айдосов А., Заурбеков Н.С., Заурбекова Н.Д., Дихамбай Н.Б. Моделирование процесса распространения активных примесей в приземном слое атмосферы с учетом диффузии, химической реакции и переноса вещества течением воздуха - Вестник Национальной инженерной академии – Вычислительные технологии: совместный выпуск. Октябрь 2020. Выпуск 3. Часть 2. - С. 161-167.

ӘӨЖ: 519.23

**ТІЗБЕКТЕРДІ ҮШБҰРЫШТЫ, ЖҮЛДЫЗША ЖАЛҒАНУДЫ ҚОЛДАНЫП
ТІЗБЕКТИҢ БАЛАМА КЕДЕРГІСІН ТАБУ**


Ғ.А. Амантай, 5В011000-Физика мамандығының 4-курс студенті

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

e-mail: ebl0929@mail.ru

Ғылыми жетекшісі: Е.Л. Бостанов

Тізбектің толық кедергісін есептеуде оқушылар элементтердің қайсысының тізбектей не параллель болатынын ажырата отырып, өздерінің жадындағы формулалар бойынша есептеп шығара алуына дағдыланады. Егер күрделірек тізбектер кездескен жағдайда олардың алдымен балама (эквивалентті) сызбасын орындап, содан кейін нақты тапсырма сұрауына жауап беруге машықтандыру керек. Мысалы, 1а-суреттегі сызбаның балама түрі 1б-суретпен көрсетіледі.




Осыған ұқсас күрделенген тізбектерді түрлендіру әдістерін қолдану төменде көрсетілген тапсырмалар арқылы орындаған нәтижелі болады:

- өткізгіштің негізгі сандық сипаттамасы берілген кедергілерді қосу әдісіне байланысты тізбектің толық кедергісін анықтау;
- толық кедергісі белгілі болған жағдайда белгісіз кедергіні табу;
- ЭҚЖ және кедергі белгілі болған жағдайда, оларға сәйкес белгісіз тармақтағы ток мөлшерін анықтау.

Оқыту барысында оқушы орындайтын тапсырма алдыңғы берілген тапсырмаға қарағанда күрделірек болуы шарт.


Келесі есепті 2-сурет бойынша құрсақ, онда бұл тізбектің толық кедергісін табу қажет болады.



Мұндағы $R_1=R_2=R_3=R_4=R$ болсын.

Шешуі: $R_1=R_2=R_3=R_4$ болғандықтан $\varphi_c=\varphi_d$, яғни c және d нүктелерінің арасындағы потенциалдар айырымы нольге тең ($U_{cd}=0$), бұл тармақта ток жүрмейді деп ұғындыру қажет.


Мұндай жағдайда cd тармағын алып тастауға немесе c мен d түйіндерін біріктіруге болады. Сонда тізбегіміз 3-суреттегі түрге енеді. Екі жағдайда да $R_{\text{топ}}=R$ екенін оқушылардың анықтауына қиынға соқпайды.



3-сурет

Ал енді осы есепті $R_1 \neq R_2 \neq R_3 \neq R_4$ деп тапсырманы күрделендірсек. Бұл жағдайда $\varphi_c \neq \varphi_d$, бұл әр текті әршамалас жағдай. Онда оқушылар тізбекті қанша түрлендіргенімен шешуін таба алмаған болар еді. Себебі, осыған ұқсас тізбектегі кедергілерді балама түрлендіру әдісі (жұлдызшалап қосуды үшбұрыштап қосуға түрлендіру және керісінше) орта мектеп бағдарламасына енген. Бұл тақырыпты өту барысында оқытушы өз тарапынан белсенділік танытып, оқушылар назарын қиында болса қызығы мол осы бір кедергі тізбектерінің өрнектерін ашып, есептерін шығаруға баулыған жөн.

Кейбір тізбектерді қарастырғанда үшбұрыштап қосуды жұлдызшалап қосумен және керісінше түрлендіруге болады. Үш сәулелі жұлдыз тәрізді қосылған үш тармақты жұлдызшалап қосу деп (4а – сурет), ал үшбұрыш жасап қосылған үш тармақты үшбұрыштап қосу (4ә - сурет) деп атайды.



4-сурет

Осылайша түрлендіргеннен кейін аттас нүктелердің потенциалдары және сол нүктелерге бағытталған токтар тең болса, жалпы тізбекке мұндай «ішкі» түрлендіру әсер етпейді. Енді сол түрлендіру өрнектерін қарастырайық.


Тармақтарды баламалы түрлендіру кезінде пассивті элементтер үшбұрыштап қосылса, оны «жұлдызшаға» түрлендіру үшін келесі формулалар қолданылуы қажет:

$$R_a = \frac{R_{ca} \cdot R_{ab}}{R_{ca} + R_{ab} + R_{cb}}, \quad R_b = \frac{R_{cb} \cdot R_{ab}}{R_{ca} + R_{ab} + R_{cb}}, \quad R_c = \frac{R_{ca} \cdot R_{cb}}{R_{ca} + R_{ab} + R_{cb}}.$$

Немесе жұлдызшаға баламалы үшбұрыштың тармақтарының кедергілері төмендегі формулалар бойынша есептеледі:

$$R_{ab} = R_a + R_b + \frac{R_a R_b}{R_c}, \quad R_{cb} = R_c + R_b + \frac{R_c R_b}{R_a}, \quad R_{ca} = R_c + R_a + \frac{R_c R_a}{R_b}.$$

Мысалы, 2-суретте берілген тізбектің cdb үшбұрыштап қосылған бөлігін жұлдызшалап қосуға ауыстырайық. Сонда тізбек мына түрге енеді:



5-сурет

Мұндағы:

$$R_d = \frac{R_5 \cdot R_4}{R_5 + R_4 + R_3}, \quad R_b = \frac{R_3 \cdot R_4}{R_5 + R_4 + R_3}, \quad R_c = \frac{R_5 \cdot R_3}{R_5 + R_4 + R_3}.$$

формулаларынан табылады. Әрі қарай тізбекті оңай есептеп шығаруға болады.

Жоғарыдағы тізбектен (2-сурет) adc түйіндерінің арасындағы үшбұрыштап қосылуын жұлдызшалап қосуға немесе c түйінінде (не d түйінінде) қосылған пассивті элементтердің жұлдызшалап қосылуын үшбұрыштап қосуға түрлендіріп, есепті шығаруға болады.

Егер жоғарыда келтірілген есептегі кедергілердің сан мәндері берілген болса, есептің нәтижесін Electronics Workbench (Interactive Image Technologies компаниясы), Electron (ҚазҰУ) сияқты қолданбалы бағдарламалар көмегімен тексеруге болады. Ол үшін 2-ші және 5-суреттегі тізбектердегі кедергілерге сан мәндерін беріп, бағдарламаның жұмыс үстелінде тізбекті құрастырып, мультиметр арқылы a және b түйіндерінің арасындағы кедергіні өлшейді. Нәтижелер бір-бірімен салыстырылады.

Аннотация

В этой статье рассматриваются методы улучшения статьи «Последовательное и параллельное соединение проводников» в 10 классе физики, преподаваемой в области естественных и математических наук для современных школ, и способы проверки ответов на задачи с помощью приложений.

Кілттік сөздер: тізбектей, параллель, кедергі, ЭҚК, үшбұрыш, жұлдызша

Abstract

This article discusses how to improve the Serial and Parallel Wires article in Grade 10 physics taught in science and mathematics for modern schools and how to test answers to problems using apps.

Keywords: sequentially, parallel, obstacle, EMF, triangle, asterisk

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Н.И.Карякин, К.Н.Быстров, П.С.Киреев. Краткий справочник по физике. // М., «Высшая школа», 1969.

2. Под редакцией Д.И.Панфилова. ЭЛЕКТРОТЕХНИКА И ЭЛЕКТРОНИКА В ЭКСПЕРИМЕНТАХ И УПРАЖНЕНИЯХ. Практикум на Electronics Workbench. Том 1. // М., «Додэка», 2001.

УДК 37: 378.1:53

ФОРМИРОВАНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ УМЕНИЙ У СТУДЕНТОВ ИНЖЕНЕРНЫХ СПЕЦИАЛЬНОСТЕЙ ПРИ ВЫПОЛНЕНИИ ЛАБОРАТОРНОГО ФИЗИЧЕСКОГО ЭКСПЕРИМЕНТА

Д.Бабаев¹, А.Айдарбекова²

¹д.п.н., профессор, ²магистр физики, старший преподаватель

¹Международный Кувейтский университет, г. Бишкек, Кыргызстан

²Казахский Национальный Женский педагогический университет, г. Алматы, Казахстан

Согласно учебному плану технических вузов по направлению физика для направления «Электроэнергетика и электротехника» профиль: Электроснабжения на выполнение лабораторных работ отводится 28 часов учебного времени, при этом время на выполнение работ лабораторного практикума не предусматривается [1]. Однако, не исключается использование программ и учебно-методических комплектов по физике для инженерных специальностей при расширении числа лабораторных работ по физике, в том числе лабораторных работ физического практикума. Поэтому реализация лабораторного физического практикума в вузах предполагает вариативность лабораторных работ в зависимости от возможностей лабораторного оборудования и предпочтений преподавателя физики.

При решении инженерной задачи было ясно, сколь велика роль эксперимента при решении инженерных задач. Ознакомление студентов с основами организации научного эксперимента позволяет студентам получить ясное представление о его сущности, способствует развитию

навыков самостоятельного творческого труда и создает определенную направленность у студентов в подходе к решению исследовательских задач.

Постановка цели, формулирование гипотезы, задач эксперимента, разработка методики эксперимента и обработка экспериментальных данных - это есть элементы научного поиска, конструктивные инженерные умения. Задача преподавателя - стремиться так организовать познавательную деятельность обучающихся, чтобы были пройдены все этапы творческого познавательного процесса и тем самым освоены необходимые конструктивные инженерные умения. Для включения студентов в самостоятельную частично поисковую или поисковую работу мы продумали формы руководства, исходя из содержания работы, доли самостоятельности обучающихся, учета их подготовленности, бюджета времени.

Так как начинать организацию любой деятельности следует с четкого формулирования ее цели, то мы на первом занятии информируем студентов о том, какими экспериментальными умениями должны овладеть будущие инженеры, а затем раскрываем содержание этих умений [2, 3].

Структура учебно-исследовательского эксперимента представлена на рис. 1. Обучение студентов экспериментальным умениям осуществляется с помощью методических указаний следующего содержания

О цели и задачах эксперимента

Цель – конечный результат деятельности. Цель учебно-исследовательского эксперимента может состоять в том, чтобы сопоставить теоретическую модель физического явления




Рис. 1. Структура учебно-воспитательского эксперимента

(математическое описание явления) с результатами эксперимента, определить неизвестную физическую величину, познакомиться с методом измерения и сделать его оценку.

Для достижения той или иной цели экспериментатор должен решить следующие задачи: разработать теорию метода, выбрать методику эксперимента, подобрать оборудование, наметить план действий при выполнении эксперимента, провести эксперимент, обработать экспериментальные данные, сделать выводы.

О гипотезе эксперимента

Гипотеза – это ожидаемый результат в эксперименте, это научно обоснованное предположение о факте, о закономерной связи, о закономерном порядке явлений.

Варианты формулировок гипотез в учебном эксперименте:

- данную закономерность можно проверить в ... условиях с ... степенью точности;

- определяемая величина должна находиться в ... пределах измерений;
- экспериментальный график зависимости физических величин, $y = y(x)$ будет иметь вид...;
- исследуемая зависимость $y = y(x)$ будет иметь место при следующих допущениях ... и т.д.

О методике эксперимента

Методика эксперимента включает:

- разработку теории метода, описывающей изучаемое явление;
- выбор методов измерений физических величин;
- учет условий проведения эксперимента и- подбор оборудования;
- разработка принципиальной схемы рабочей установки или объяснение принципа действия имеющейся и сбор самой установки;
- составление плана ведения эксперимента.

О плане ведения эксперимента и обработке экспериментальных данных

В план ведения эксперимента входит выбор необходимых наблюдений, измеряемых физических величин, условий для проведения эксперимента, последовательности опытов, формы записи результатов эксперимента. Обработка полученных результатов предполагает выполнение расчетов, построение экспериментальных графиков, подсчет систематической и случайной погрешностей измерений.

План оформления отчета

1. Цель работы. 2. Гипотеза эксперимента. 3. Методика эксперимента (теория метода, схема рабочей установки, принадлежности и данные о приборах, условия проведения эксперимента, кодирующая таблица измерений). 3. Обработка экспериментальных данных (расчеты, построение графиков, вычисление погрешностей измерений). 5. Выводы.

В лаборатории "Механика. Молекулярная физика" студенты выполняют одну работу (первую) репродуктивного характера с целью ознакомления со структурой эксперимента, правилами оформления отчета и расчета погрешностей, одну работу (последнюю) - поискового характера, остальные - частично поискового.

Целесообразность внедрения лабораторных работ поискового и частично поискового характера подтверждается содержанием таблицы 1, при котором приведены сравнительные характеристики традиционного и исследовательского методов обучения при проведениях физического лабораторного практикума.

Таблица-1

Отличительный признак	Традиционный метод обучения	Исследовательский метод обучения
Цель лабораторного практикума	1. Проверить выполнимость некоторых известных закономерностей курса физики	1. Сопоставить выводы, предсказываемые теоретической моделью физического явления с выводами, полученными из эксперимента
	2. Сформировать манипулятивные навыки и способности следовать указаниям, ведущим к запланированным результатам	3. Иметь обобщенное представление об эксперименте, его этапах, о содержании каждого этапа и уметь пользоваться этими знаниями
Методика проведения лабораторной работы	1. Указания к лабораторным работам составлены так, что правильных результатов достигают лишь те студенты, которые строго следуют инструктивным указаниям	1. Студенту предоставлена свобода самостоятельно определить план учебного исследования, результаты которого не являются заведомо известными
	2. В ходе выполнения лабораторной работы студент следует точным предписаниям о том, что следует наблюдать, измерять, вычислять	2. Студент самостоятельно изучает и описывает те сведения, которые он получает в ходе исследования

Обработка экспериментальных данных	Указано, какие графики построить, по каким формулам рассчитать погрешности и на какие вопросы ответить при написаниях выводов	Студент самостоятельно обрабатывает и интерпретирует экспериментальные данные
------------------------------------	---	---

Исследовательский метод обучения, в отличие от традиционного, характеризуется большей степенью самостоятельности и творческой активности студента при постановке, проведении эксперимента и обработке экспериментальных данных. Исследовательские умения, формируемые в лабораторном практикуме, относятся к важнейшим умениям инженера современного производства.

Аннотация

В данной статье рассматриваются пути формирования профессиональных умений студентов технического вуза. А также дано методика проведения физического эксперимента и постановка цели, задачи, гипотезы лабораторных работ. Кроме того, приведено структура учебно-исследовательского эксперимента.

Ключевые слова: профессиональное умение, исследовательские умения, формулировка гипотезы, физический эксперимент, методика эксперимента.

Abstract

This article discusses the ways of forming professional skills of students of a technical university. It also gives a methodology for conducting a physical experiment and setting goals, objectives, hypotheses of laboratory work. In addition, the structure of the educational research experiment is given.

Key words: professional skill, research skills, hypothesis formulation, physical experiment, experimental technique.

Литература

1. Государственный образовательный стандарт высшего профессионального образования. Направление: 640200 «Электроэнергетика и электротехника». Приказ №1179/1. – Бишкек, 2015.
2. Майсова Н.Н. Практикум по курсу общей физики [Текст]: учебное пособие / Н.Н. Майсова. – М.: - 1970, - 448 с.
3. Стригин Е. Ю. Учебная экспериментальная деятельность студентов технического вуза на основе инновационного лабораторного практикума для дистанционного обучения [Текст]: автореф. дис. ... кан. пед. Наук: 13.00.08 / – Краснодар, 2012. - 25с.

ЭЖО 378.14.016.02:53 (574)

ДИНАМИКАЛЫҚ БЕЙБЕРЕКЕТТІК ТҮРҒЫСЫНДА САҚТАЛУ ЗАҢДАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Байкадамова Л.С.¹, Байтұрсын Н.², Байымбетова Ж.С.³

¹Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті физика магистрі, аға оқытушы, Алматы қ.

²Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті физика магистрі, оқытушы, Алматы қ.

³№122 жалпы білім беретін мектептің физика пәнінің мұғалімі, Алматы қ.

Сақталу заңдары. Физикалық заңдардың ең іргелілері – импульстің, импульс моментінің және энергияның сақталу заңдары. Энергияның сақталу заңы жүйеге сыртқы күштің әсері жоқ кезде (тұйықталған жүйе үшін) жұмыстың нөлге теңдігінен шығады.

$$E_p + E_k = const. \quad (1)$$

Осы механикалық энергияның сақталу заңы былай тұжырымдалады: жүйеге әсер ететін барлық күштер консервативті болса, оның толық механикалық энергиясы кез келген жағдайда тұрақты сақталады. Бұл заң мектеп физика курсына кең түрде баяндалады.

Импульстің сақталу заңы Ньютон заңдарымен салыстырғанда қарапайым және оның қолданылуы жалпы сипаттық қасиетке ие. Классикалық механиканы баяндауды Ньютон заңдарынан бастау дәстүрге айналғанына қарамастан, соңғы кездері оны оқытуды импульс және оның сақталу заңынан бастау керектігі әдістемелік тұрғыда қолайлы екендігі жиі айтылып жүр.

Массасы m және \bar{v} жылдамдықпен қозғалған нүктенің импульсі \vec{p} мына формуламен анықталады:

$$\vec{p} = m\vec{v}. \quad (2)$$

Импульстің сақталу заңы былай тұжырымдалады: *оқшауланған бөлшектер жүйесі үшін кез келген механикалық қозғалыста толық импульс тұрақты*. Оқшау жүйе деп сыртқы күштер әсер етпейтін жүйелер айтылады. Көп n бөлшектен құралатын жүйе үшін импульстің сақталу заңы мына формуламен өрнектеледі:

$$\sum_{i=1}^n m_i \vec{v}_i = const. \quad (3)$$

Оқшау жүйе үшін динамиканың 2-ші заңын екі дене үшін жазылған импульстің сақталу заңынан ($m_1 \vec{v}_1 + m_2 \vec{v}_2 = const$) уақыт бойынша туынды алу арқылы қорытып шығаруға болады:

$$m_1 \frac{d\vec{v}_1}{dt} = -m_2 \frac{d\vec{v}_2}{dt}, \text{ немесе, } m_1 \vec{a}_1 = -m_2 \vec{a}_2. \quad (4)$$

Екі бөлшектің де үдеулері олардың инерттік массаларына кері пропорционал, яғни, $a = F/m$, мұнда F -пропорционалдық тұрақты. Осыдан күштің анықтамасы тұжырымдалады:

$$\vec{F} = m\vec{a}. \quad (5)$$

Енді екі бөлшектен тұратын, қандай да бір күшпен (табиғаты электрлік немесе гравитациялық) тек қана өзара әсерлесетін оқшауланған жүйені қарастырайық. Егер \vec{F}_{12} – бірінші бөлшектің екіншіге, ал \vec{F}_{21} – екінші бөлшектің біріншіге әсер етуші күштері болса, онда (4) формуладан

$$\vec{F}_{12} = -\vec{F}_{21}. \quad (6)$$

Бұл жерде “әсердің қарсы әсерге теңдігін” тұжырымдайтын Ньютонның 3-ші заңы алынды. Жеке оқшауланған бөлшек үшін $\vec{F} = 0$, $\vec{a} = 0$; бірақ $\vec{a} = d\vec{v}/dt$, олай болса, $\vec{v} = const$. Бұл инерция заңы немесе Ньютонның 1-ші заңы.

Ал импульс моменті мен оның сақталу заңы факультативтік курстар мен арнайы бағдарламалармен оқытылатын сыныптарда, жоғарғы мектептерде өтіледі. Айналмалы қозғалысты сипаттауда күштің орнына күш моменті \vec{M} , дененің массасының орнына оның инерция моменті, ал импульстің орнына дененің айналу осіне байланысты импульс моменті қолданылады. Импульс моменті мына формуламен анықталады:

$$\vec{L} = [\vec{r} \vec{p}] \quad (7)$$

мұндағы \vec{r} - радиус-вектор, \vec{p} - импульс.

Физикада кәдімгі күшті дененің түзу сызықты қозғалысын өзгертетін “себеп” ретінде қарастырады. Осы сияқты, күш моментін де дененің айналмалы қозғалысын өзгертетін “себеп” деп санауға болады. Олай болса, Ньютонның 2-ші заңына сәйкес айналмалы қозғалыстағы дененің негізгі теңдеуі мына түрде жазылады:

$$\vec{M} = d\vec{L}/dt. \quad (8)$$

Бұл қатынастан сыртқы күштер моменті жоқ болғанда ($\vec{M} = 0$), дененің импульс моменті тұрақты болатыны шығады, яғни,

$$d\vec{L} = 0, \quad \vec{L} = const. \quad (9)$$

Осы импульс моментінің сақталу заңының орындалатындығы тәжірибе арқылы оңай дәлелденеді. Мысалы, биші тез айналғысы келсе қолдарын денесіне жинайды. Бұл кезде, оның инерция моменті кемиді, керісінше, айналу жылдамдығы артады. Демек, айналатын жүйенің өлшемі кішірейсе (сығылса) оның бұрыштық жылдамдығы артады. Айдың тартылыс күшінің әсерінен Жер қыртыстары мен мұхиттардағы судың көтерілуі, импульс моментінің өзгеруі арқылы Жердің өз осінен айналу жылдамдығының баяулауы тәжірибелер арқылы дәлелденген.

Сақталу заңдарының түбегейлі себептері бар, олар кеңістік пен уақыттың симметриялық қасиеттеріне байланысты. Қазіргі ғылымда бұл тұжырым кеңінен қолданатындықтан сақталу заңдарын осы тұрғыдан түсіндіру қажет болып отыр.

Симметрия деп объектілерде, құбылыстарда болған әртүрлі өзгерістерге, түрлендірулерге қарамастан олардың қайсыбір қасиеттері мен пішіндерінің сақталуы айтылады. Егер қандайда-бір өзгерістерде түсініктер, құбылыстар, тұрақтылық (инварианттық) қасиетін сақтаса, олар симметриялы болып саналады. Симметрия ұғымының кез келген объектіге, демек, физикалық заңдарға тікелей қатысы бар. Барлық физикалық заңдардың түбінде симметриялық қасиет жатыр, себебі, олар кеңістіктің кез келген нүктесінде, кез келген уақытта орындалады, яғни, өзгермейді.

Уақыт ауысуына байланысты физикалық заңдардың симметриялылығы туралы айтылғанда уақыттың біртектілігі, яғни, кез келген уақыт мезетінің бірдей қасиетке ие екендігі, тең құқықты екендігі қабылданады. Ал, кеңістіктегі орын ауыстырулар мен айналуларға байланысты табиғат заңдарының симметриялылығы сөз болғанда кеңістіктің біртектілігі мен изотроптылығы туралы айтылады.

Жалпы физикалық теория бойынша энергияның сақталу заңы уақыттың біртектілігіне, импульстің сақталуы кеңістіктің біртектілігіне, импульс моментінің сақталуы кеңістіктің изотроптылығына байланысты. Алдымен “біртекті”, “изотропты” деген сөздердің мәнін түсіндіру тәсілін білу қажет. Біртектілік кеңістіктің белгілі бір бағытындағы кез келген нүктелердегі оның қасиеттерінің бірдей екендігін білдіреді. Изотроптылық кеңістіктің бас нүктесінен бірдей қашықтықтағы барлық бағыттағы (айналу бұрышы өзгергендегі) оның қасиеттерінің өзгермейтіндігін білдіреді. Орта біртекті, бірақ изотропты емес немесе изотропты, бірақ біртекті емес болуы мүмкін.

Уақыттың біртектілігі физикалық құбылыстардың, заңдылықтардың кез келген уақытта бірдей орындалатындығын білдіреді, демек, ең жалпы қасиеттердің бірі – энергия сақталады. Алайда, сақталмайтын күй функциялары да бар, мысалы, энтропия. Ол туралы арнайы тоқталамыз.

Симметриялық қасиеттерден сақталу заңдарының шығатындығына бір мысал келтірейік. Кеңістік біртекті болса дене қосымша үдеу алмайды (түзу, жазықтық үшін қисықтық радиусы $R \rightarrow \infty$, $a \rightarrow 0$), жаңа күш пайда болмайды, демек импульс сақталады

$$\frac{d\vec{P}}{dt} = \vec{F} = 0, \quad \vec{P} = const. \quad (10)$$

Динамикалық бейберекеттік. Егер дененің қозғалысы күрделі сипатта болса, мысалы үйкеліс күші, сыртқы айнымалы күш әсер етсе, дененің жылдамдығы ылғи да бірмәнді болмайды. Бұл кезде жүйенің қозғалысын сипаттайтын динамикалық теңдеулердің әртүрлі шешімдері болуы мүмкін. Физикалық жүйелерде бейберекет күй – динамикалық бейберекеттік (хаос) орнайды. Соңғы жылдарда мұндай заңдылықтың тек физикалық жүйелерде емес, химиялық, биологиялық, тіпті әлеуметтік жүйелерде де орындалатындығы дәлелденді. Олай болса, табиғатта бейберекеттік күйлердің болуы кездейсоқтық емес, заңдылық. Күрделі жүйелердегі осы іргелі заңдылықтарды баяндау мен түсіндірудің арнайы әдістемелік жүйесі қажет. Бұны жүзеге асырудың тіке және қарапайым жолы – бейсызық маятниктің қозғалысын қарастыру.

Сызықты маятниктің қозғалыс теңдеуі былай жазылады:

$$\ddot{x} + \omega_0^2 x = 0, \quad (11)$$


бұл жерде ω_0 – дөңгелек немесе циклдік жиілік.

Егер тербеліс амплитудасы елеулі мәнге жетсе денеге әсер етуші үйкеліс күші, жылдамдықтың бірінші дәрежесіне емес күрделі байланысқа тәуелді болады және маятниктің қозғалысы бейсызық теңдеумен сипатталады:

$$\frac{d^2 x}{dt^2} + \omega_0^2 \sin x = 0, \quad \ddot{x} + \omega_0^2 \sin x = 0. \quad (12)$$

(11) теңдеу бойынша жылдамдықтың ($v = \dot{x}$) координатаға (x) байланысы бір мәнді (1-сурет).

(12) теңдеуді кезеңдік (фазалық) кеңістікте (жылдамдық – координата айнымалылар кеңістігінде) қарапайым талдау сапалық тұрғыдан жаңа нәтижелер алуға, жаңа тұжырымдамалар жасауға мүмкіндік береді. Бұл үшін (12) теңдеу әрқайсысы бірінші реттік екі дифференциалдық теңдеулер арқылы жазылады:



1-сурет

$$\frac{dv}{dt} + \omega_0^2 \sin x = 0 \text{ және } v = \frac{dx}{dt}. \quad (13)$$


(13) теңдеуден уақыт дифференциалын алмастыру арқылы $dt = dx/v$ мынадай өрнек алынады:

$$v dv + \omega_0^2 \sin x \cdot dx = 0. \quad (14)$$

Алынған теңдеуді (v, v_0) және (x, x_0) шектерінде интегралдау тербелістегі дененің бірлік массасына сәйкес толық энергияны (E) береді.

$$\frac{v^2}{2} + \omega_0^2 (1 - \cos x) = \frac{v_0^2}{2} \equiv E. \quad (15)$$

Бұдан v нүкте жылдамдығының x ығысуға күрделі тәуелділігі анықталады. Мұнда нүктенің жылдамдығы бірімәнді емес, $x = \pi$ және $x = -\pi$ нүктелерінде график тарамдалып кетеді (2-сурет). Оның себебі – бейсызықтық. Егер (12) формулада үйкеліс күші ескерілсе қозғалыс бейберекет сипат алады. Яғни, $v = v(x)$ күрделі байланысын анықтайтын нәтиже алынады.



2-сурет

Аннотация

В статье рассматриваются законы сохранения и их зависимость от свойств пространства и времени, основные понятия нелинейной динамики.

Ключевые слова: импульс, момент импульса, нелинейный маятник, динамический хаос, симметрия.

Summary

The article deals with the conservation laws and their dependence on the properties of space and time, the basic concepts of nonlinear dynamics.

Keywords: momentum, angular momentum, the nonlinear pendulum dynamic chaos, symmetry.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жаңабаев З.Ж, Ильясов Н. Практикум по нелинейной физике. Алматы: «Қазақ университеті». 2003, 123 б.
2. Хакен Г. Синергетика: Пер. с англ.-М.: Мир, 1980 с. 404 с.
3. Николис Дж. Динамика иерархических систем. Пер. с англ.-М.: Мир, 1989 с. 488 с.
4. Хакен Г. Информация и самоорганизация: Пер. с англ.-М.: Мир, 1991.- 240с.

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМІН БАҒАЛАУДАҒЫ СИНЕРГЕТИКАЛЫҚ ӘДІСТЕРДІҢ ТИІМДІЛІГІ

¹Л.С.Байкадамова, ²Н.С. Бекарыстанова

¹физика магистрі, аға оқытушы, ²информатика магистрі
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.

Елімізде білім беру сапасын жоғарылату мақсатында жүргізіліп жатқан реформалар көптеген педагогикалық технологияларға қатысты сұрақтарды ғылыми тұрғыда негіздеу керектігін айқындап отыр. Бұл бағытта, бірінші кезекте, жалпы педагогиканың ғылым-негіздерін қайта қарауға, көпдеңгейлі және кредиттік жүйемен оқыту процесін ұйымдастыру мен басқаруға, оқыту мазмұны мен оның қарқынды, әрі тиімді әдістерін пайдалануға, оқушылардың білім, білік және дағдыларын бақылау мен бағалаудың тестік әдістерін, рейтингтік жүйені қолдануға қатысты маңызды мәселелерді шешу тұр.

Соңғы жылдары еліміздің барлық орта және жоғары оқу орындарында, оқытудың әртүрлі деңгейінде, оқу процесін басқару мен бақылауға, оқушылардың (студенттердің) білімін тексеру және оның сапасын анықтауға бағытталған, компьютерлік техниканың мүмкіндіктерін қажет ететін көп сұраққа, көп сатылы, көп балды бақылау жүйелеріне негізделген, жоғарыда аталған, статистикалық әдістер – рейтингтік жүйелер мен тестілеу кеңінен қолданылуда. Жалпы рейтинг деп кәсіптік, шығармашылық іс-әрекеттің салыстырмалы статистикалық көрсеткіші айтылады. Ал, біз қарастырып отырған жағдайда, рейтинг жүйесі ретінде көп сатылы, көп балмен бағаланатын үздіксіз бақылау жүйесі қабылданып отыр.

Бұл әдістердің аса бағалы ерекшелігі мен тиімділігі – оқушы білімінің тиянақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған жүйелі, күнделікті бақылауды ұйымдастыруды жүзеге асырудың қарапайымдылығы және оның кездейсоқ нәтижелерін ("қиын" немесе "оңай" сұрақтарды) болдырмау. Бірақ, осы бағыттағы біздің зерттеулер, қазіргі кезеңде, оқу процесін басқару мен бақылаудың жаңа технологиялары мен формаларын практикаға енгізуде біршама әдіснамалық, әдістемелік және техникалық кемшіліктер орын алып отырғанын көрсетті.

Мысалы, кейбір жоғары оқу орындарында студенттердің білімін бағалау жүйесін таңдауда бірауыздылық жоқ, көп жағдайда, ойдан, ғылыми негізсіз алынған коэффициенттерді пайдаланып құрылған бақылау және бағалау жүйелері қолданылады. Конкурстық тестілеу нәтижелерін өңдеуде жеке сұрақтардың маңыздылығы, күрделілігі ескерілмейді. Сыналушылардың жинаған балдары тең болған жағдайда жеңімпазды анықтаудың нақты жолы айқындалмаған және ең аз қанша балға оң баға қоюдың әдістемесі жоқ, оқушының білімінің сапалық деңгейін анықтайтын балл мөлшері тағайындалмаған және т.б. Осы сияқты қиындықтар мен қателіктер ғылыми және педагогикалық еңбектің нәтижелерін қорытындылау, олардың сапасын мөлшерлік тұрғыда бағалау кездерінде де байқалады.

Мұндай ахуалдың, біздің пікірімізше, ең басты себебі педагогикалық үдеріс сияқты ашық, күрделі жүйенің сипаттамаларын сапалық тұрғыда бағалау мен өлшеу мәселесі, осы уақытқа дейін бүкіл әлем қабылдаған стандарттық шешімі әлі табылмаған, мәселе екендігінде [1-3]. Ал, мұндай жүйелерді статистикалық заңдылықтарға сүйеніп, оны құрайтын нысандардағы өзара әсерлер мен құрылымдардың түзілу үдерісін зерттейтін ғылым – синергетика қазір қалыптасуда.

Материя мен оның қозғалысының өзқауым теориясы (бейберекеттіктен реттіліктің пайда болуы) синергетика деп аталады. 20-шы ғасырдың соңғы ширегінде қалана бастаған, бұл әдіснамалық ғылыми бағыттың классиктері, оның идеяларын табиғаты әртүрлі жүйелерді, соның ішінде әлеуметтік жүйелерді де зерттеуге қолдану мүмкіндіктерін көрсетті.

Синергетика ұстанымдарын педагогикада қолданудың тиімділігі алғаш рет біздің еңбектерімізде жариялана бастады [4-7]. Педагогикалық жүйені синергетикалық тұрғыда талдау,

басқа әлеуметтік жүйелерге қарағанда жеңілдеу, себебі, адам бойындағы рухани және мәдени құндылықтар кездейсоқ жағдайларда, мысалы, саяси өзгерістерге байланысты, салыстырмалы тұрғыда, аса көп өзгермейді. Синергетика идеяларын педагогикалық үдерісте кең түрде қолдану бұрынғы жүйелі-функционалды әдістерді дамыту, тек мұнда, оның себептері мен механизмін тереңірек зерттеуге және оны ғылыми тұрғыда болжау мен басқаруға мүмкіндік туады.

Біз педагогикалық процестің синергетикалық заңдылықтарын тағайындадық, білім, білік, дағдыны бақылау мен бағалау әдістері – рейтингтік жүйенің және тестілеудің информациялық мәнін, мағынасын аштық /4-7/.

Ашық жүйелердің жалпы теориясынан, педагогикалық процестің негізгі мақсаты болып табылатын, өзқауым процесінде информациялық энтропия (бейберекеттік өлшемі) кемитіні белгілі. Біз күрделі ашық жүйелердің өзқауым (самоорганизация) дәрежесінің мөлшерлік белгі-шартын анықтадық: сапалы жаңа деңгейлер информациялық жүйенің қайсыбір негізгі сипаттамаларының мынадай салыстырмалы мәндеріне сәйкес келеді:

$$I_{10} = 0,5; \quad I_1 = 0,567; \quad I_{20} = 0,618; \quad I_2 = 0,806,$$

бұлар мына формулалар арқылы анықталады;

$$e^{-I_1} = I_1; \quad 1 - I_{10} = I_{10}; \quad (I_2 + 1)e^{-I_2} = I_2; \quad 1 - I_{20}^2 = I_{20}.$$

Осы сипаттамалардың бірге нормаланған мәндері немесе жүйенің информациялық энтропиясы мына интервалдарда жатады:

$$I_{10} < S \leq I_1; \quad I_{20} < S \leq I_2.$$

Бұл жерде, бірінші интервал реттелген жүйенің өзқасастығын, ал екінші интервал реттелмеген, бейберекет жүйенің өзқасастығын анықтайды. Мұнда I_{20} Фибоначчи саны ("алтын қима") деп аталады және ол механикада, физикада, математикада, экономикада және тағы басқа ғылым салаларында кеңінен қолданылады. Біздің теориямызда ол дербес жағдай ретінде байқалады. Жоғарыда келтірілген синергетикалық сандар білім деңгейлерін нақты, әрі дәл ажыратуға (градиациялауға) (іс-әрекет сапасын, даму күйін және т.б. – 1-сызба) мүмкіндік береді. $I_{10} \div I_1$ интервалы білімнің қарапайым ("қанағаттанарлық") деңгейіне, $I_{20} \div I_2$ интервалы білімнің өзқауымдалған ("жақсы"), ал $I_2 \div 1$ - білімнің күрделі ("өте жақсы") деңгейлеріне сәйкес келеді. Сызбадан, білімнің қарапайым деңгейінің, оның өзқауымдасқан және күрделі деңгейлермен салыстырғанда біршама сапалық айырмашылығы болатындығы көрінеді, яғни, олардың арасында ауыспалы зона бар.

КҮРДЕЛІЛІКТІ БАҒАЛАУДЫҢ БЕЛГІ-ШАРТТАРЫ

Масштабты инварианттылықтың белгі-шарты, (%)	Жүйе дамуының күйі		Жуықталған бүтін санмен жазылған белгі-шарттар, (%)	Сапалы білім деңгейлері	Сапа бойынша таңдалған белгі-шарттар, (%)	
					Қатаң бәсекелестік	Орташа бәсекелестік
100	Күрделі, Ықтималды,	Стохастылық және бейберекеттік	80	Өте жақсы	$1 - I_2 = 20$ (19,4)	$1 - I_{20} \approx 40$ (38,2)
$I_2 = 80,6$ $(I_2 + 1)e^{-I_2} = I_2$		Өзқауымдасқан			Жақсы	

$I_{20} = 61,8$ $1 - I_{20}^2 = I_{20}$ $I_1 = 56,7$ $e^{-I_1} \approx I_1$ $I_{10} = 50,0$ $1 - I_{10} = I_{10}$	Жаңғыр- тылу		60	Қанағаттана рлық	$I_2 \approx 80$ $(80,6)$	
		Өзұқсасты (самоподобн ое)	50			Парэто ережесі "20÷80"
	Қарапайым, детерминделген, жаңғырта алмау (невоспроизводимое)					

Айта кету керек, қарапайым түрде, I_1, I_2 сандарының педагогикада қолданылу мүмкіндігі, олардың бесбалдық жүйе арқылы білім деңгейлерін бағалауға сәйкес келетіндігімен де түсіндіріледі: "қанағаттанарлық" ($I > \frac{2}{5}$) "жақсы" ($I > \frac{3}{5}$), "өте жақсы" ($I > \frac{4}{5}$). Практикада, жоғарыда келтірілген теориялық белгі-шарттардың жуықталған мәндерін (0,5; 0,6; 0,8) пайдалана беруге болады.

Біз конкурстық іріктеулерде аса маңызды рөл атқаратын шектік шамалар аралықтарын (интервалдарын) анықтадық $40\% \div 60\% [(1 - 0,6) \div 0,6]$ (орташа бәсекелестік), $20\% \div 80\% [(1 - 0,8) \div 0,8]$ (қатаң бәсекелестік). Тағайындалған қатынастар абитуриенттерді, бакалаврларды магистратураға, магистрлерді докторантураға және т.т. қабылдау барысында конкурстық іріктеулерге қойылатын ең төменгі талаптарды анықтайтын, практикалық тұрғыда зор маңызға ие, сұрақтарға нақты жауап береді. Бұл шектік шамалардан аз немесе одан көп мөлшерде қабылдау ғылыми негізге ие емес. Сонымен қатар, "20-80" деп аталған практикалық ереже (Парэто ережесі) экономиканың негізгі заңдарының бірі («клиенттердің 20 проценті кірістің 80 процентін қамтамасыз етеді») болып саналатынын атап өткеніміз жөн. Тағы бір айтатын жай, біздің тағайындаған теориялық белгі-шарттар әртүрлі физикалық және компьютерлік эксперименттерде өте жоғары дәлдікпен байқалды.

Бұл, көп сатылы, көп балды бақылау мен бағалау жүйесін жоғарыда баяндалған көзқарастың негізінде зерттеу ғана, оны практикада қолдану барысында жіберілетін елеулі кемшіліктердің себебін ашуға және оларды жоюға мүмкіндік береді. Олай болса, бұл аса маңызды және күрделі мәселені жүзеге асыру мынадай қағидаларға негізделіп құрылуы тиіс:

- білім – адамның ойлау қабілетінің құрылымдық, интегралдық қасиетімен сипатталады, демек, оны жеке көрсеткіштердің қарапайым қосындысымен бағалауға болмайды;

- білім деңгейін сараптауда, оның сапасын анықтауда ойдан алынған, ғылыми тұрғыда негізделмеген коэффициенттерді енгізуге, соған сәйкес бақылаудың шытырман жүйесін пайдалануға болмайды;

- конкурстық бақылау, тестілеу нәтижелері барынша қарапайым және ғылыми негізделген тәсілмен – информация теориясының элементтерін, оның соңғы жетістіктерін пайдалану арқылы өңделуі тиіс;

- білім деңгейінің көрсеткіші (балл түрінде қойылатын баға) бақылаудың әртүрлі формаларына, түрлеріне сәйкес сайланып алынуы керек;

- білім деңгейлерін тағайындауда, қалай болса солай алынған көпбалды ажыратуларды (градацияларды) пайдалануға болмайды.

Осы келтірілген қағидалардың әрбір қоғам мүшесінің интеллектуалдық байлығын, мәдени деңгейін, ойлау қабілетін бағалауға тікелей қатысы бар, сондықтан, бұл бағытта жоғары сапалы, кемеліне жеткізілген педагогикалық технологиялар қолданылуы қажет.

Қазіргі кезде оқытудың кредиттік технологиясына (ECTS (European Credit Transfer System) сәйкес ұсынылып отырған білім сапасын бағалау сызбасы (схемасы) қатаң ғылыми негізі жоқ, интуитивті шкала болып табылады. Мысалы, аталған шкала бойынша "қанағаттанарлық" баға $50 \div 74$ аралығында балл жинаған студент қойылуы керек. Бұл, білудің білмеуден басымдылығын ғана анықтайтын, сыналушының білім алуды жалғастыруға мүмкіндігі бар екендігін ғана білдіретін, аталмыш бағаның мәнін тым арттыру, көпе-көрнеу жоғарылату болып табылады. Екінші жағынан,

керісінше, "өте жақсы" баға қою үшін ұсынылған балдар аралығы (интервалы) ($90 \div 100$) өте еңсіз. Бұл кезде, қарапайым деңгейге қарағанда, жүйе дамуының күрделі деңгейінің біршама кең балдар аралығымен (интервалымен) сипатталуы тиіс екендігі ескерілмейді.

Оқу іс-әрекетінің көпбалдық көрсеткіштері бақылаулардың әртүрлі сатыларындағы қойылатын бағалардың қосындысын, яғни, білімнің сапалық деңгейін, қорытқы балды анықтайды. Білім адамның оқу-танымдық іс-әрекетінің нәтижесі ретінде, қарастырылатын объектінің мәні, қасиеттері және оның даму заңдылықтары жөніндегі мағлұматтардың жиынынан құралады. Білімділік пен білімсіздік адамның сапалы тұрғыда әртүрлі функционалдық мүмкіндіктерімен сипатталады. Білімнің ең қарапайым, төменгі деңгейі информацияның ең аз мөлшерін, элементар актысын қабылдау арқылы алынады.

Информацияны қабылдау, өңдеу және сақтау процестерінің өзіне тән ерекшеліктері әр адамның ойлау қабілетіне сәйкес, оның миында әртүрлі білім деңгейлерінің қалыптасуының негізі болады. Демек, әртүрлі иерархиялық деңгейлерде информацияның өздігінен реттелу, құрылымдық түзілу мен сығылу (концентрация) процестері жүреді. Бірақ, бұл процестер сапалық өзгерулермен қабаттаса жүретіндіктен, оларды қайсыбір үздіксіз шкаламен өлшеуге болмайды. Күрделі жүйелерде жүретін заңдылықтар құрылымдық әдістермен, дискретті түрде өлшенеді. Бұл кезде өлшеу шкаласы өзқауым (өздігінен реттелу) деңгейлерінің сипаттамаларына сәйкес таңдалуы керек.

Аннотация

Вопрос о необходимости научных основ педагогических технологии остро стоит в оценке учебной деятельности. По нашему мнению основной причиной оценка качества учебной деятельности является проблемой познание, измерения характеристик сложного объекта, которая не имеет стандартных решений, общепринятых в мировом масштабе.

В первую очередь, научных основ организации и управление многоуровневым обучением и кредит-системой, использования тестовых методов контроля знаний и рейтинговой системы. Мы раскрыли информационную сущность современных методов контроля знаний, нашли количественные критерии степени самоорганизации сложных открытых систем. Кроме того, установлены крайние ориентации конкурсного отбора 40%-60% [$(1-0,6) \div 0,6$] (умеренная конкуренция) 20%-80% [$(1-0,8) \div 0,8$] (жесткая конкуренция). Эти соотношения дают ответ на конкретные практические вопросы определения минимальных требований и конкурсному отбору абитуриентов. Отбор в меньшем или в больше не имеет научную основу.

Ключевые слова: синергетика, информация, энтропия, оценки знаний, самоорганизация.

Abstract

The need for scientific bases of pedagogical technology in the acute evaluation of educational activity. In our opinion, the main reason for assessment of the quality of educational activity is a problem of knowledge, measurement of characteristics of a complex object, which has no standard solutions accepted worldwide.

In the first place, the scientific bases of the organization and management of a multi-level training and credit system, the use of test methods of knowledge control and rating system. We have disclosed the information the essence of modern methods of knowledge control, we found the quantitative criteria of degree of self-organization of complex open systems. In addition, it sets the extreme orientation of the competitive selection of 40% -60% [$(1-0,6) \div 0,6$] (moderate competition) 20% -80% [$(1-0,8) \div 0,8$] (tough competition). These the ratios answer the specific practical problems of determining the minimum requirements and competitive selection of entrants. Selecting a smaller or larger does not have a scientific basis.

Keywords: Synergetics, information, entropy, assessment of knowledge, self-organization.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Николис Г., Пригожин И. Познание сложного. М.: 1990. - с 344.
2. Хакен Г. Информация и самоорганизация М.: Мир, 1990. – с 240.
3. Климонтович Ю.Л. Статистическая теория открытых систем. М.: Янус, 2000. Т.3, - с 508.
4. Жанабаев З.Ж., Ильясов Н., Темірқұлова Н.И. Бейсызық физика практикумы. Алматы: «Қазақ университеті», 2003. - 123 б.
5. Жанабаев З.Ж., Ильясов Н. Синергетические методы контроля педагогической деятельности // Материалы МНК. Хаос и структуры в нелинейных системах. Теория и эксперимент/, 2006. С. 242-246.

6. Жанабаев З.Ж., Иманбаева А.К. Конкурентоспособность образования: реформа на научной основе // Кредитная основа обучения. Алматы: «Қазақ университеті», 2004. С. 13-24.

7. Жанабаев З.Ж. Можно ли оценить знание рейтинговой системой и тестированием? // Вестник высшей школы. 1996. №1. С. 98-103.

8. Жанабаев З.Ж., Ильясов Н., Тынтаева Ш.Б. Физиканы оқыту теориясы және әдістемесі. Алматы: 2006. – 170 б.

ЭЛЕМЕНТАР БӨЛШЕКТЕР ФИЗИКАСЫНЫҢ ҚАРАПАЙЫМ ҰҒЫМДАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

¹Н. Байтурсын, ²Н.С. Бекарыстанова

¹физика магистрі, оқытушы, ²информатика магистрі

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

e-mail: baitursyn.nurai@gmail.com

Элементар бөлшектер алғаш рет ядролық процестерді зерттеу барысында ашылып, зерттелді. Осыған байланысты ұзақ уақыт бойы бөлшектер физикасы Ядролық физиканың бір бөлімі болды. Тек XX ғасырдың ортасынан бастап элементар бөлшектер физикасы бөлек, тәуелсіз бағытта ерекшеленді. Физиканың осы екі бөлімі де әлі күнге дейін зерттелген құбылыстар мен қолданылатын зерттеу әдістерінің ортақтығымен біріктірілген. Бірақ бұл бағыттар арасында айырмашылықтар бар. Бөлшектер физикасының негізгі міндеті – элементар бөлшектердің табиғатын, қасиеттерін және өзара түрленуін зерттеу.

Барлық заттар мен айналадағы заттарды құрайтын ең кішкентай бөлшектердің болуы туралы ойлаған алғашқы адам ежелгі грек философы Демокрит болды. Ол бірінші болып іргелі бөлшектердің бар екендігі туралы болжам жасады. Сәйкес, жазбаша көздері, бұл да біздің дәуірімізге дейінгі IV ғасыр Демокрит атомға атау берді және оның материяның бөлінбейтін бөлшегі екенін анықтады. Бірнеше ғасырлар бойы атомдар туралы ұғым физикалық мағынадан гөрі философиялық болды. Және тек 19 ғасырлардан бастап атомдар туралы түсінік алдымен химиялық, содан кейін физикалық процестерді түсіндіру үшін қолданыла бастады.

Барлық заттар мен айналадағы заттарды құрайтын ең кішкентай бөлшектердің болуы туралы ойлаған алғашқы адам ежелгі грек философы Демокрит болды. Ол бірінші болып іргелі бөлшектердің бар екендігі туралы болжам жасады. Сәйкес, жазбаша көздері, бұл да

XIX ғасырдың 30 жылдары Макс Фарадей электролиз теориясы аясында ион ұғымын енгізді, сонымен қатар элементар зарядтың өзгеруін жүзеге асырды. Ғасырдың аяғында Антуан Анри Беккерель радиоактивтілік құбылысын ашты, Джозеф Томсон электрондардың бар екенін анықтады, Эрнест Рутерфорд – α - бөлшектер. XX ғасырдың алғашқы бес жылдығында Альберт Эйнштейн фотондар (электромагниттік өріс кванттары) туралы ілім жасады. Барлық осы ашылулар атомдар туралы ұғымдарды түсініксіз қалдыруы мүмкін емес еді. XX ғасырдың бірінші үштен бір бөлігінде атомның күрделі құрылымы бар екендігі анықталды, ол ядро мен оның айналасында орналасқан электрондардың болуын болжайды. Эрнест Рутерфорд Атом құрылымының орбитальды моделін ұсынды, оған сәйкес электрондар белгілі бір орбиталарда ядро айналасында қозғалады. Тәжірибелердің қорытындысы атом ядросындағы протондар туралы ақиқатты орнатты.

Нейтрондардың ашылуы әйгілі ағылшын физигі Джеймс Чадвикке тиесілі. Ол атомдардың ядролары күрделі құрылымға ие екенін анықтады. Осылайша ядролық құрылымның протон-нейтрондық теориясы пайда болды, оны неміс зерттеушісі Вейнер Гейзенберг және теориялық физик, Сталин сыйлығының лауреаты Дмитрий Дмитриевич Иваненко жасады. Позитронның болуын ағылшын Пол Дирак болжаған. Электрон сияқты бірдей массасы бар және бірдей (модуль) заряды бар оң зарядталған бөлшекті американдық эксперименталды физик Карл Дэйвид Андерсен ғарыштық сәулелерді ашты.

XX ғасырдың 30 жылдары нейтрондар мен протондардың өзара өзгерістері ашылды. Элементар бөлшектер өзгермейтіні анықталды. Сонымен бірге массасы бар бөлшектер - муондар ашылды. Электронды массалар, содан кейін пиондар – Атом ядросындағы нуклондардың өзара әрекеттесуін қамтамасыз ететін бөлшектер болып табылады. XX ғасырдың ортасында элементар бөлшектердің үлкен саны ашылды. Бұл ғарыштық сәулелерді кеңінен зерттеудің, үдеткіш техниканы енгізудің, ядролық физиканы дамытудың арқасында мүмкін болды.

Қазіргі уақытта 400 ге тарта элементар немесе қосалқы бөлшектер. Олардың көпшілігі тұрақсыз: уақыт өте келе кейбір бөлшектер өздігінен басқаларына айналуы мүмкін. Бұған нейтрино, фотон, протон және электрон жатады. Тұрақсыз бөлшектердің өмір сүру уақыты айтарлықтай өзгереді. Нейтрон ең ұзақ өмір сүреді: 15 минут, μ -мезон $2,2 \cdot 10^{-6}$ секунд, бейтарап π -мезон – $0,87 \cdot 10^{-16}$ с. Среднее время существования гиперон, жалпы беттік бөлшектердің орташа өмір сүру уақыты 10^{-10} с уақытты құрайды.

Антибөлшектер бөлшектерді бір-бірімен, оларды сипаттайтын кванттық сандардың жиынтығының көмегімен сәйкестендіреді. Мұнда әрбір жиынға міндетті түрде спиндік кванттық сан кіреді. Қазіргі физикаға, спиндік импульс моменті атомдық спектрлердегі спектральды сызықтардың ерекше тарамдалуын түсіндіру үшін енгізілген болатын. В.Паули құрған спиннің бірінші формалды теориясы релятивистік кванттық механикаға негізделген еді. Шамамен, сол кезде П.Дирак спиннің релятивистік теориясын дамыта бастады. Соңғы теориядан, табиғатта оң зарядталған электрон болып табылатын элементар бөлшек болуы тиіс деген болжам жасалды.

Дирактың жорамалы спині $\frac{1}{2}$ тең барлық фермиондар үшін оңай жалпыланады. Олай болса, оның теориясынан жалғыз оң зарядты электрон ғана емес, сонымен қатар, теріс зарядталған протон да болады деген қорытынды жасалды. Аталған бөлшектер, кәдімгі теріс зарядталған электрон мен оң зарядталған протонның “антибөлшектері” деп атала бастады. Мұндай антибөлшектердің бар екендігі көптеген эксперименттер, тәжірибелер арқылы дәлелденді. Кейінірек, өте көп элементар бөлшектердің антибөлшектері болатыны анықталды. Мысалы, антинейтрон, антипротон, антинейтрино, ал электронның антибөлшегі позитрон деп аталды. Элементар бөлшектердің қазіргі теориясы бойынша барлық бөлшектердің өз антибөлшектері бар. Антибөлшекті кеңістік-уақыт “айнасындағы” бөлшектің кескіні деп қарастыруға болады. Бұл кезде антибөлшектің көптеген қасиеті бөлшектің қасиетіндей болады, ал кейбірі айнадағы сияқты кері айналған түрде байқалады. Мысалы, позитронның массасы электронның массасына тең, бірақ заряды оң, протон мен антипротонның массалары тең, бірақ зарядтары қарама-қарсы таңбалы болады. Ал бөлшектің қасиеті деп, оны толығымен сипаттауға мүмкіндік беретін, жоғарыда баяндалған, кванттық сандардың жиыны алынады. Мысалы, егер бөлшектің теріс заряды болса, ғажайыптылығы $S=+1$, магниттік моменті оң болса, оның антибөлшегінің заряды оң, ғажайыптылығы $S=-1$, ал магниттік моменті теріс, бірақ массалары бірдей болады. Айта кету керек антибөлшектің жұптылығы, бариондық немесе лептондық сандары бөлшектегімен салыстырғанда кері таңбаларға ие болуы мүмкін.

Бозондардың бөлшегі мен антибөлшегінің еш айырмашылығы жоқ, яғни, оларды бір бөлшек ретінде қарастыруға болады, сондықтан олар үшін аталған кванттық сандардың міндетті түрде қарама қарсы кері таңбалы мәндерге айналуы міндетті емес. Олармен қабаптаса түзілетін, пайда болатын К-мезон үшін «ғажайыптылықты» сипаттайтын кванттық сан ғана кері мәнге айналады. Сонымен, фермиондар үшін масса мен спиндік кванттық сандардан басқасынан бәрі кері мәндерге айналады. Тек осы екі шама – масса мен спиндік кванттық сандар ғана фермиондар мен бозондардың бөлшектері мен антибөлшектері үшін бірдей болады.

Енді осы айтылғандар түсініктірек болуы үшін идеал тегістелген металл айнадан, мысалы, мыс айнадан қандай да бір дененің шағылуын қарастырайық. Мыс айна жерге жалғансын, ал дененің жоғарғы шеті теріс, төменгі жағы оң зарядқа ие болатындай электрлік зарядталсын. Енді осы айнадағы дененің кескінін зерттейтін болсақ, оның оптикалық кескіні денені қайталайды, бірақ оның оң жағы сол, сол жағы оң болып көрінеді. Денеден айнаға түсетін жарық сәулелері де, шағылғанда осылай өзгереді. Дененің айнадағы кескіні, қарама қарсы зарядталған болып көрінеді, тек оның оң заряды жоғарыда, ал сол заряды төменге ауысады. Олай болса электр заряды шын мәнінде орын алмастырады.

Осыдан мынадай қорытынды жасауға болады: дененің кейбір қасиеттері оның кескінінде айналған күйде байқалады. Бұл келтірілген мысалдарға талдау жасай отырып элементар бөлшектерге қатысты көптеген мәселелерді тереңірек пайымдауға болады.

Сонда мыс айна “кеңістік-уақыт айнасының” ролін атқарады. Бірақ, кеңістік-уақыт мыс айнадан бөлек, бөлшектің барлық қасиетін шағылдырады, кейбірін кері мәнге айналдырады, ал қайсыбірін бұрынғы күйінде сақтайды. Кеңістік-уақыт айналасындағы кескін, оның алдындағы нысан сияқты реал нақты нысан – дене. Яғни, кеңістік-айнадағы бөлшектің кескіні, осы кескінделген бөлшек сияқты, элементар бөлшек болып табылады. Олардың қайсысы бөлшек, ал қайсысы антибөлшек деп аталуы қойылған шарттар мен берілген анықтамаларға тікелей қатысты. Бөлшек пен антибөлшек адамның оң қолымен сол қолы сияқты. Оң қолды анти сол қол, ал сол қолды анти оң қол деп айтуға болады.

Бөлшек пен антибөлшек бірімен бірі тағы бір ерекше қатынаста бола алады. Олар (мысалы, электрон мен позитрон) бір-бірімен табиғаттағы ең белсенді күшті әсерлесудің нәтижесінде біріге алады. Осы үдерісте бұл екі бөлшек жоғалады, ал олардың толық масса-энергиясы фотонға немесе басқа бөлшектерге түрленеді. Аталған үдеріс «аннигиляция» деп аталады. Бірақ бұл із-түссіз аннигиляция емес, себебі, энергия, импульс, импульс моменттері аннигиляция (бірігуі) кезінде сақталады және ешқайда жоғалмай, жаңа бөлшектерге беріледі. Бұл жағдай аннигиляцияда тек фотон түзілген болса да орындалады. Өздерінің антибөлшектерімен сәйкес келетін бозондарды бір бірімен үнемі бірігетін және соның нәтижесінде жаңа бөлшектер бозондар түзілетін немесе жоғалып отыратын үдерістердің тізбегі ретінде елестетуге болады.

Антибөлшектердің болатынын жорамалдауға мүмкіндік беретін релятивистік кванттық теорияны құрғаннан соң П.Дирак бөлшектер мен антибөлшектер туралы мынадай өте маңызды физикалық идея ұсынды. Бұл идея бойынша біздің әлемдік кеңістік, еш санлаусыз, теріс энергетикалық немесе массалық күйдегі бөлшектермен толған. Кеңістікті толтыратын бөлшектерден тұратын осы «Дирак теңізі», Дирақтың пікірі бойынша, электрондар мен протондардан, нейтрондар мен мюондардан, нейтринолардан және т.б. бөлшектерден құралады. «Теңізді» құрайтын бөлшектердің барлығы теріс энергиялық күйлерде болғандықтан, олардың ешбірін байқау, көру (эксперименттер, тәжірибелер арқылы) мүмкін емес.

Бірақ олардың әрқайсысы нақты элементар бөлшек және өздеріне тән кванттық сандар жиынымен сипатталады. Бұл бөлшектердің массалары теріс болғандықтан, оларды эксперименталды түрде тіркеу, детектрлеу, анықтау мүмкін емес, бірақ бұлар нақты бар бөлшектер. Дирак ойша сызған сурет, дәл орындалған болса, біздің әлемді вакуум, бос кеңістік деп елестетуге болар еді. Дирак аталған «теңіздегі» кейбір бөлшектерді оң энергиялы күйге көтеру мүмкіндігі бар және бұл жағдайда оларды байқауға, көруге, тіркеуге болады деп санады. Шындығында, көтерілген бөлшектер кәдімгі элементар бөлшектер болып табылады.

Қазіргі кезде көптеген бөлшектер «Теңізден» көтеріліп оң энергиялы күйге ауыстырылған. Сондықтан, заттар, біздер және бізді қоршаған ортада табиғат бар. Бірақ бөлшектер көтерілгенде, олардың орындары тесік, қуыс болып қалады. Осы тесіктер – біз өмірде байқаған антибөлшектер болып табылады. «Тесіктер» бөлшектердің барлық қасиетіне ие және кері кванттық сандармен сипатталады. Оларда теріс массалы күйдегі антибөлшектің массасы оң екендігін айта кеткен жөн.

Элементар бөлшектердің өзара әсерлесулерін табиғаттағы барлық құбылыстардың негізі деп қарастыруға болады. Қазіргі физикада да элементар бөлшектердің әсерлесулерінің мынадай негізгі бірнеше түрі қарастырылады. Мұнда оның теориялық тұрғыда және тәжірибелер арқылы нақты дәлелденген – гравитациялық, әлсіз, электромагниттік, күшті және өте күшті – бес түрі туралы сөз қозғалады.

Гравитациялық өзара әсерлесу басқа әсерлесулерге қарағанда ерте ашылған. Аталған әсерлесу макроденелердің арасында қатты байқалғанымен, элементар бөлшектерде өзара гравитациялық әсерлеседі. Бірақ бұлардың арасындағы өзара әсерлесу күштері өте мардымсыз болғандықтан, қазірге дейін оларды тіркеу мүмкін болмай отыр. Яғни, элементар бөлшектердің бір-бірімен гравитациялық әсері өте әлсіз. Сондықтан, элементар бөлшектердің өзара әсерлесуін сипаттайтын гравитациялық күштер, көп жағдайда, Кавендиштің гравитациялық тұрақтысымен сипатталады.

$$G_m = 6.7 \cdot 10^{-11} \frac{H \cdot M^2}{кг^2} \quad (4.1)$$

мұны басқа әсерлесулермен салыстыру ыңғайлы болуы үшін өлшемсіз шамаға айналдыруға болады. Ол үшін нуклонның массасы m , Планк тұрақтысы \hbar және жарық жылдамдығы c пайдаланылады, яғни,

$$q_m = G_m \left(\frac{M^2}{\hbar c} \right) = 6 \cdot 10^{-39} \quad (4.2)$$

Гравитациялық өрістің кванты гравитон, ол еш күдіксіз бозон. Бірақ ол әлі эксперимент арқылы табылған жоқ. Элементар бөлшектердің гравитациялық әсерінің аздығы, жоғарыдағы (4.2) формуламен анықталған өлшемсіз шаманың өте аздығымен сипатталады.

Әлсіз әсерлесу атом ядросының диаметрі шамамен 10^{-15} м. Егер өте қуатты космостық немесе элементар бөлшектердің өте қуатты үдеткішінің шоғынан жіберілген протон ядроға соқса, оны тесіп өтуге 10^{-23} с уақыт жұмсайды. Бұл кездегі портонды вакуумдегі жарық жылдамдығымен қозғалады деп санауға болады. Осы соқтығысуда ядродан өте көп әртүрлі бөлшектер ағыны тарайды. Олай болса, ядролық үдерістің сипатты уақыты 10^{-23} с деп алынады.

Ядроның радиоактивті ыдырауы мен орнықсыз бөлшектердің ыдырауына миллиардтаған есе көп уақыт жұмсалады. Тіптен, ең тез β - ыдыраулар 10^{-10} с уақытта жүреді. Бірақ, 1 секунда, 1 минутта немесе бірнеше сағатта жүретін β - ыдыраулар болатыны белгілі. Тіптен, 10^3 жыл жүретін ыдырауларда бар. Жоғарыда келтірілген мәндерден β - ыдыраулар, ядролық күштерге қарағанда, әлдеқайда әлсіз күштердің әсерінен жүреді деген қорытынды жасалады.

Аннотация

В статье мы рассмотрим историю формирования элементарных частиц по физике элементарных частиц и историю открытия элементарных частиц, остановимся на простых понятиях физики элементарных частиц, которые, по нашему мнению, способствуют формированию у обучающихся правильного понимания. Частица и античастица могут находиться в еще одном уникальном соотношении друг с другом. Они (например, электрон и позитрон) могут объединяться друг с другом в результате наиболее активного сильного взаимодействия в природе. Бозоны, совпадающие со своими античастицами, можно представить как последовательность процессов, которые постоянно объединяются друг с другом и в результате чего новые частицы образуются или исчезают из бозонов.

Ключевые слова: элементарная частица, античастица, фотон, электрон, ядро

Abstract

In this article, we will look at the history of the formation of elementary particles in elementary particle physics and the history of the discovery of elementary particles, we will focus on simple concepts of elementary particle physics, which, in our opinion, contribute to the formation of students' correct understanding. a particle and an antiparticle can be in yet another unique relationship with each other. They (for example, an electron and a positron) can combine with each other as a result of the most active strong interaction in nature. Bosons that coincide with their antiparticles can be represented as a sequence of processes that constantly combine with each other and as a result of which new particles are formed or disappear from the bosons.

Keywords: elementary particle, antiparticle, photon, electron, nucleus

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ильясов Н., Парманбеков Ө., Байтурсын Н. Элементар бөлшектер және химиялық элементтердің түзілуі. Алматы 2015ж.
2. Амальди Дж. Вещество. Антивещество. М.: Атомиздат 1969г.
3. Ахиезер А.И., Рекало М. Биография элементарные частиц. Киев -1979г.
4. Григорьев В.И., Мякишев Г.Я. Силы в природе. М.: Наука 1979г.
5. Компанеев А.С., Симметрия в микро- и макромире. М.: Наука 1978г.
6. Тейлер Р.Дж. Происхождение химических элементов. М.: Мир 1975г.
7. Тейлер Р.Дж. Галактики. Строение и эволюция. М.: Мир 1975г.
8. Форд К. Мир элементарных частиц. М: Мир, 1965г.

СТЕФАН-МАКСВЕЛЛ ӘДІСТЕРІ АРҚЫЛЫ ЕСЕПТЕЛЕТІН КҮРДЕЛІ ТЕНДЕУЛЕР ЖҮЙЕСІН BORLAND DELPHI ТІЛІНДЕ ҚҰРАСТЫРЫЛҒАН STEFAN ПРОГРАММАСЫНЫҢ КӨМЕГІМЕН ЖЫЛДАМ ЕСЕПТЕУ

Бақтыгерей Ф., Жұмағали Н. 10-сынып оқушылары

*Ғылыми жетекшісі: Шақарбекқызы А.
жаратылыстану ғылымдарының магистрі,
математика пән мұғалімі
Алматы, «АйСаф» жеке қыздар мектебі*

Қазіргі ақпараттық технологиялардың қарқынды даму кезеңінде, оқу үдерісінің тиімділігін арттыру мақсатында, физика пәні өтілетін барлық салада техника тілін қолданудың мүмкіндіктері қарастырылған. Жәй көзбен көріп, түсіну қиын болған газ қоспаларындағы зат алмасу процесін Borland Delphi тілінде құрастырылған Stefan программасының көмгімен, қажетті параметрлер арасындағы тәуелділіктер арқылы график түрінде көрсетуге болады. Мысалы, қоспадағы әртүрлі

газдардың концентрациясының уақытқа тәуелді графиктері келтірілген. т.б. Осы уақытқа дейін қолданылып келген көпкомпонентті газ қоспасындағы диффузия процесін есептейтін Стефан –


Максвелл теңдеулер жүйесі
$$\Delta X_i = \sum_{j=i}^n \frac{1}{D_{ij}} (C_i^p J_j - C_j^p J_i),$$
 көп мәрте қайталап есептеуді, ұзақ

уақытты талап етеді. Осындай қиындықтарды жеңілдету мақсатында, аталған программаның көмегімен нақты әрі жылдам есептеуге, сенімді нәтиже алуға қол жеткізуге болады. Осы процесті жүзеге асыру, екіколбалық диффузиялық қондырғы негізінде зерттеледі.

Диффузия құбылысының заңдылығын білу зат алмасу теориясын дамытуда ғана емес, сонымен бірге қазіргі химиялық өндірісті жобалауға және зат алмасу процесстерін есептеуде өте маңызды. Міне осы зат алмасу процесіне байланысты жасалған программа арқылы есептеу нәтижелеріне қолжеткізумен бірге, эксперимент нәтижелерін график түрінде де көз жеткізуге мүмкіндік береді. Дегенмен диффузияның заңдылықтары мен есептеу әдісін игере білу қажет.

Әр түрлі көпкомпонентті қоспалармен байланысты табиғи және технологиялық процестерді қарастырғанда, біз оның негізгі масса тасымалдауын ерекшеліктерін көрсететін параметрлерді білуіміз қажет. Нақты кездесетін заттар мен құбылыстар алуан түрлі, сондықтан олардың масса тасымалдауын анықтайтын коэффициенттер мәндері де әртүрлі және олар өте кең зерттеулерді керидиффузия, диффузиялық бөгет сияқты эффектілерге әкеледі, ол эффектілер тәжірибе жүзінде тұйықталған екі колбалық жүйе әдісімен зерттеледі.

Аталған программаның көмегімен, бірдей мөлшердегі газ қоспаларының диффузиясының эффективті коэффициенті (ДЭК), физикалық параметрлердің (температураның, қысымның) өзгерісіне тәуелді екендігіне график арқылы көз жеткізуге болады. Диффузияның эффективті коэффициенті (ДЭК) дегеніміз – жабық ыдысқа немесе зертханалық аппаратқа толтырылған газ қоспасындағы газ молекулаларының бір-біріне өту жылдамдығы, тездігі. ДЭК анықталса, газ




қоспаларындағы заталмасу процесін есептеу қиынға түспейді.

1-сурет. Екіколбалық әдістемелік қондырғының эксперименттік сызбасы. А, Б – газдармен балондар; I – газдарды дайындау блогы; II – екіколбалық аппаратпен термостат. 1 - 10 - крандар; 11 – мембрана бөлгіші; 12 - манометрлер; 13 - теңестіретін сыйымдылық; 14- төменгі колба; 15 - диффузиялық капилляр немесе капилляр блогы; 16 - жоғарғы колба; 17 - фторлыпласталық таблетка; 18 - шток; 19 - вороток.

Жұмыста екіколбалық диффузиялық қондырғы әдісі қолданылды, негізгі газдар сутегі, азот, аммиак, метан, екі колбада да бірдей мөлшерде осы газ қоспаларының заталмасу процесінің эксперименттік зерттеуі көрсетілген. Қондырғы негізгі екі бөліктен тұрды. Біріншісі – газ дайындайтын блок, онда колбаны газға толтыру үшін керекті винтильдер жиынтығы және колбадағы газдардың қысымдарын теңестіретін сыйымдылықтар, манометрлердің көрсетулерінен тұратын газдарды дайындау блогы, яғни газы бар баллондар, крандар, мембраналық бөлгіштер. Екіншісі – термостатты екі колбалық аппарат (1-сурет). Қондырғымен жұмыс істеу әдісі мынадай: аппараттың колбалары өзара бөлінеді және форвакуумдық насоспен сорып алып дайындалады, мысалы бірнеше рет зерттелетін газ қоспасымен «шайылған» және онымен тәжірибелік қысымға дейін жоғарғы колба толтырылады. Осыған ұқсас процедура төменгі колбада да жүргізіледі. Берілген температуралық режимде колбалардағы қысымдар теңестіріледі және газдың артық мөлшері атмосфераға жіберіледі. Манометрлердің көрсетулерінде аппарат колбаларындағы газ

қысымы белгіленеді. Тәжірибенің абсолюттік қысымы атмосфералық қысымдардың қосындысымен, яғни манометр-барометрдегі (МБП) қысым және манометр көрсетуіндегі қысыммен анықталды. Қысымдарды теңестіргеннен кейін бастапқы араласу процесіне сәйкес келетін уақыт белгіленеді және диффузиялық канал ашылады. Тасымалдау жүргізілген уақыты аяқталғаннан кейін эксперимент соңында аппарат колбалары ажыратылады. Араласудан кейін газдарды талдау хроматографта жүргізілді. Біз газ жүйелерінің



жалпы қысымға және температураға тәуелділігін зерттедік [3,197 б.].


$T = 500\text{K}$ және $P = 30\text{МПа}$ мәнге ие болған жағдайда газдардың өзара әсер коэффициенті төмендегідей нәтижені көрсетті:

$D_{\text{H}_2-\text{N}_2}=0,0258$; $D_{\text{H}_2-\text{CH}_4}=0,0242$; $D_{\text{N}_2-\text{CH}_4}=0,0071$; $D_{\text{H}_2-\text{NH}_3}=0,0252$; $D_{\text{N}_2-\text{NH}_3}=0,0074$; $D_{\text{CH}_4-\text{NH}_3}=0,0068$,
 $D_{\text{H}_2-\text{Ar}}=0,0274$; $D_{\text{N}_2-\text{CH}_4}=0,0071$; $D_{\text{N}_2-\text{Ar}}=0,0068$; $D_{\text{Ar}-\text{CH}_4}=0,0068$; $D_{\text{H}_2-\text{Kr}}=0,0229$; $D_{\text{CH}_4-\text{Kr}}=0,0147$; $D_{\text{N}_2-\text{Kr}}=0,0128$; $D_{\text{NH}_3-\text{Kr}}=0,0029$; $D_{\text{Ar}-\text{Kr}}=0,0041$; $D_{\text{Ne}-\text{Kr}}=0,0001$; $D_{\text{H}_2-\text{Ne}}=0,0044$; $D_{\text{N}_2-\text{Ne}}=0,0254$; $D_{\text{NH}_3-\text{Ne}}=0,0101$;
 $D_{\text{Ne}-\text{CH}_4}=0,018 \text{ см}^2/\text{с} /3/.$


Borland Delphi тілінде құрылған Stefan программасы арқылы есептелген диффузияның эффективті коэффициентінің (ЭКД) сандық мән нәтижесі. $0,6\text{H}_2 + 0,4\text{NH}_3 - 0,5\text{N}_2 + 0,5\text{CH}_4$: $D_{\text{H}}^{\text{эф}} = 0,775 \text{ см}^2/\text{с}$; $D_{\text{N}}^{\text{эф}} = 0,503 \text{ см}^2/\text{с}$; $D_{\text{CH}_4}^{\text{эф}} = 0,481 \text{ см}^2/\text{с}$; $D_{\text{NH}_3}^{\text{эф}} = 0,067 \text{ см}^2/\text{с}$.

Сондай-ақ $P=0,101 \text{ МПа}$ және $T=298,0 \text{ К}$. болғандағы көпкомпонентті газ қоспасының матрицалар коэффициентінің нәтижесі төменде көрсетілген (КҚМК):

$D(1,1) = 0,77305$; $D(1,2) = -0,00542$; $D(1,3) = -0,00322$;
 $D(2,1) = -0,17904$; $D(2,2) = 0,28566$; $D(2,3) = -0,00314$;
 $D(3,1) = -0,14475$; $D(3,2) = -0,00550$; $D(3,3) = 0,27736 \text{ см}^2/\text{с}$




2 - суретте эксперименттік қондырғы көрсетілген.



3-сурет. Жоғарғы және төменгі колбалардағы $0,6232\text{H}_2 + 0,1929\text{N}_2 + 0,0339\text{NH}_3 + 0,1099\text{CH}_4 + 0,0401\text{Ar} - 0,5775\text{H}_2 + 0,1486\text{N}_2 + 0,1557\text{NH}_3 + 0,1233\text{CH}_4 + 0,0449\text{Ar}$ газ жүйесінің концентрациясының уақытқа тәуелді өзгерісінің график түріндегі көрсетілу нәтижесі.

Жаратылыстану ғылымдарының көш басшысы болған математика, физика, химия, информатика сынды төр іргелі ғылымының басын біріктіретін Borland Delphi тілінде құрастырылған Stefan программасын пайдаланып, газ қоспаларындағы зат алмасу процесін зерттеу, осы пәндерді біріктіретін жаңа технологияны оқу үдерісіне енгізудің бірінші баспалдағы болып отыр. Аталған программа бойынша алынған нәтижелер мен теориялық жолмен дәлелденіп, эксперимент арқылы алынған нәтижелер салыстырылды. Қорытынды нәтиже айталықтай айырмашылықтар болмағандығын дәлелденді. Осы программа арқылы алынған нәтижелерді күнделікті оқу барысында анықтамалық құрал ретінде пайдалануға болады.



4-сурет. $0,6232\text{H}_2 + 0,1929\text{N}_2 + 0,0339\text{NH}_3 + 0,1099\text{CH}_4 + 0,0401\text{Ar} - 0,5775\text{H}_2 + 0,1486\text{N}_2 + 0,1557\text{NH}_3 + 0,1233\text{CH}_4 + 0,0449\text{Ar}$ газ жүйесі үшін диффузияның эффективті коэффициентінің (ЭКД) концентрацияға тәуелді өзгерісінің график түрінде көрсетілуі (x осінде – t уақыт, y осінде – ДЭК кескінделген).

Осы ғылыми жұмыстың зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелері төмендегідей:

1. Borland Delphi тілінде программа жасалынған және бұл программа көмегімен екікөлбалы аппараттың ішінде диффузиялық процессті есептеу методикасы меңгерілген. Көпкомпонентті жүйелерде зерттелген.

2. Құрамында аммиагі бар көпкомпонентті газ қоспасы үшін техникалық маңызы бар эксперименттік есептеулер жасалынды.

3. ДЭК және ҚДМК зерттеліп анықталды. Біздің есептеуіміз бойынша алынған нәтижелер эксперимент нәтижелерімен салыстырғанда есептеліну дәлдігі 4-9% сәйкес келді және басқа тәсілмен есептелген нәтижелермен сәйкес келді. Бұл программаны технологиялық маңызы бар массаалмасу процессінде қолдануға болатындығы куәландірілді.

Жұмыс нәтижелерін көпкомпонентті қоспаның диффузиялық процесін есептеуде және болашақ көпкомпонентті масса алмасу процесстерінде, эксперименттік есептеулерде сондай-ақ анықтамалық құрал ретінде қолдануға мүмкіндік береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жаврин Ю.И., Косов Н.Д., Белов С.М., Тарасов С.Б. Влияние давления на устойчивость диффузии в некоторых трехкомпонентных газовых смесях // Письма в ЖТФ. – 1984. – Т.54, № 5. – С. 943-947.

2. Шакарбекқызы А. Расчет диффузионного процесса в многокомпонентных газовых смесях, используемых при синтеза аммиака// Сборник тезисов III Международного конгресса студентов и молодых ученых Мир науки», Алматы, 19-22 апреля 2010г. – Алматы, 2010. – С.14

3. Шакарбекқызы А. Көпкомпонентті газ қоспасындағы диффузия құбылысын Borland Delphi тілінде құрылған Stefan программасы арқылы зерттеу// Изденіс №1(1)/2013. 195-199б.

ӘОЖ: 372.08

БІЛІМ БЕРУДЕГІ АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕЛЕР

И.М.Бапиев¹, Н.Қ.Шайдығалиев²

¹Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті доцентінің м.а., PhD докторы БҚО, Орал қ., 090000, Қазақстан Республикасы

²М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, БҚО, Орал қ., 090000, Қазақстан Республикасы

(E-mail: nurtileu2408@gmail.com)

Білім беруде ақпараттық технологияларды енгізудің негізгі бағыттары: оқытудың үрдісін жетілдіру, оның сапасы мен тиімділігін арттырудың құралы ретінде пайдалану: компьютерлік техниканы білім алудың, өзін танудың және ортаны танудың құралы ретінде пайдалану; компьютерлік техниканы және ақпараттық технологияның жаңа құралдар оқып-білудің объектісі; жаңа ақпараттық технологияны білім алушының шығармашылық дамуының құралы ретінде қолдану; компьютерлік техниканы бақылау үрдісін, түзету, тестілеу және психодиагностика құралы ретінде, педагогикалық тәжірибемен әдістемелік және оқу әдебиетімен алмасу құралы ретінде ақпараттық техниканы қолдану арқылы коммуникациялар ұйымдастыру, қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар құралдары интеллектуальды бос уақытты ұйымдастыру; оқу орнын және оқу үрдісін қазіргі коммуникациялық технологиялары негізінде интенсификациялау және жетілдіру [1].

Қазіргі физикалық зерттеу зертханалары компьютерлермен мейлінше жабдықталған. Қазіргі кезде ғылымдар компьютерсіз қалай жұмыс істейтінін көз алдына есептеу қиын. Қазіргі заманғы құралдармен алынған ақпарат көлемі өте көп болғандықтан, оларды алдынала компьютермен автоматты өңдемей игеру іс жүзінде мүмкін емес. Компьютерлер өлшеу нәтижелерін өңдеу кезінде де, сол сияқты тәжірибені жасау кезінде де баға жетпес көмек көрсетеді. Тәжірибелік қондырғыларды және тәжірибе барысын компьютерлік басқару күрделі қондырғылармен жабдықталған зертханаларды Интернет пайдалану арқылы жетілдіру.

Компьютерлерге байланысты тек ғылыми емес, оқу физикалық зертханаларын өз келбеттерін баяу болса да, өзгертін келеді. Тәжірибелерді компьютерлік басқару, оқу зертханаларында да тәжірибе нәтижелерін автоматты түрде компьютерлік өңдеу қажеттілігі туындап отыр, жақын аралықта бұл бағыттағы өзгерістер міндетті түрде болады. [2,3]

Барлық инженерлік курстарда оқыту барысында зертханалық практикум міндетті құрамды бөлігі болып табылады. Практикум барысында студенттер теориялық білімдерін практикалық

жұмыстарда бекітеді, бақылау және өлшеу құралдарымен жұмыс істеп үйренеді, ізденімпаздық дағдылары қалыптасады.

Ақпараттық технологиялармен байланысты, "виртуальды зертханалық практикум" (ВЗП) [4] ұйымы қалыптасты, оның негізін имитациялық компьютерлік модельдеу алынады. Оқу үрдісінде ВЗП қолдану бағыттары:

- Нақты зертханада практикумды орындауға әзірлік ретінде компьютерлік "тренажер" ретінде қолдану, бұл жағдайда компьютерлік бағдарлама мен физикалық тәжірибенің барысы, көп жағдайда бірдей болады.

- Физикалық қондырғыда әр түрлі себептермен (техникалық, қаржылық, ұйымдастыру және т.б.) жүзеге асыру мүмкін болмағанда, нақты практикумға қосымша ретінде компьютерлік тәжірибелермен толықтыру.

Компьютерлік "тренажер" ретінде ВЗП қолдану физикалық тәжірибеге білім алушының жан-жақты дайындалуына [5], зерттелетін құбылыстарды терең игеруіне, өлшеуіш құралдармен жұмыс істеу дағдыларының қалыптасуына (бұл жағдайда виртуаль практикумды нақты приборларға қасиеттері жақын өлшеуіш құралдар пайдаланған жағдайда). Мұндай жағдайда көбіне сырттай – дистанциялық оқыту бөлімінің студенттері ұсынылады, себебі оқылатын материалды терең игеруге мүмкіндік беріп қоймайды, сонымен қатар оқу орнында нақты зертханаларда практикумды орындау уақытын қысқартуға оң әсерін тигізеді.

Егер ВЗП нақты практикумға толықтыру ретінде қолданылса, ол күрделілігі жоғары практикумды орындауға немесе университетте күрделі құрал-жабдықтар болмаған жағдайда зерттеу жұмыстарын жүргізуге бағытталуы керек.

ВЗП жабдықтау технологиясы бойынша негізгі нұсқаларды бөліп алуға болады [6].

1. Бірнеше пәндердің үлкен аумағында қолдануға болатын бағдарламалардың әмбебап қажеттері негізінде ВЗП. Мысалы: National Instruments фирмасының LabVIEW жүйесі [4] (ағылш. Laboratory Virtual Instrumentation Engineering Workbench). әмбебап пакеттерге физикалық құралдар мен зертханалық қондырғылардың виртуаль интерфейстерін жасауға қажетті элементтердің аумақты кітапханасы болады.

2. Пән – бағытталған арнайы бағдарламалар пакеттердің негізінде біршама шектелген пәндер жиынына арналған ВЗП. Мысалы: Electronics Workbench фирмасының электрондық сұлбаларды модельдеу үшін жасалған Multisim жүйесін, химиялық үрдістерді талдау және модельдеу үшін Cambridge Soft фирмасының Ghem office жүйесі және т.б. алуға болады. Бұл топтың бағдарламалық қамтуы, алдыңғы топтағы сияқты, пайдаланушының қолданбалы есептерін шығаруға арналған әмбебап орта болып табылады.

3. Java – апплеттер негізінде ВЗП. Оқытушы графикалық бағдарламалар жүйесінде істейтін алдыңғы қарастырылған жағдайлардан өзгеше, Java – апплет жасау үрдісі көп жұмыс жасауды және бағдарламаларды кодты жасауды талап етеді. Осыған қарамай, бұл технология желілік қолдануға арналған ВЗП туралы сөз болғанда артықшылықтары болады. Мысалы: LabVIEW жүйесінде қосымшалар жасағанда 2,5-3 Мбайт көлемінде жады қолданылады, Java – апплет негізіндегі зертханалық жұмыстардың көлемі ондаған – жүздеген килобайт болады.

Желілік компьютерлік технологиялық прогрессивті жетілуі нақты құрал-жабдықтан қашықтан оқыту режимінде жүзеге асырылатын зертханалық практикумның жасалуына мүмкіндік береді. Нақты құрал жабдықтарға қашықтан әсер етуді жүзеге асыру бірнеше мәселелерді шешуімен байланысты болғандықтан (зертханалық макетті ДК – үйлестіру, қондырғыларды апаттық жағдайлардан сенімді қорғау, қондырғыларға ұжымдық әсер етудің кей жағдайда мүмкін болмауы және т.б.), бұл технологияға қаржылық білдірушілер де бар. Дегенмен, бұл жүйенің ВЗП қарағанда кейбір артықшылықтарының болуы, оны да пайдаланудың мүмкіндігі бар екендігін көрсетеді.

ВЗП нақты лабораториялық практикумға альтернатива болмай ма деген сұрақ та маңызды [8]. Бір жағынан, қазіргі имитациялық модельдеудің компьютерлік технологиялары нақты зертханалық қондырғылардың сыртқы пішінін, оның параметрлерін жоғары дәлдікпен жасайтын виртуаль интерфейстер жасауға мүмкіндік береді. Екінші жағынан, қазіргі зертханалық қондырғыларды және өлшеуіш құралдарды жұмыс жағдайында ұстап отыру және өз уақытында жаңартып отыру үшін біршама қаржы қажет етеді.

Сонымен қатар қандай болмаса жоғары деңгейдегі ВЗП студентке нақты қондырғымен жұмыс істегендей әсер ете алмайды.

Қазіргі кездегі концепциялардың біреуін сай, адам қабылдайтын ақпарат төмендегі сатылардан өшеді: сенсорлы-моторлы, символды, логикалық және лингвистикалық.

Бірінші сатыда ақпаратты түйсікті қабылдау болады, екінші этапта оны образдарға түрлендіру, үшіншіде – оны түсіну, төртіншіде – ақпарат санада "сөз-образ" арқылы тіркеледі.

Табиғаттану ғылымдары пәндерін оқытуда әр уақытта да сенсорлы-моторлы саты орын алады. Мұнда зертханалық практикумдар және оқу тәжірибелері елеулі роль атқарады [9].

Оқу тәжірибесі білім беру әдістерінің маңыздыларының бірі болып табылады. Ол қандай да болмасын курстық кіріспесі ретінде қолданылуы мүмкін (мотивация), жаңа материалды түсіндіруге иллюстрация (қабылдау және түсіну), өткен материалды қайталау және қорытындалау (интериоризациялау), немесе оқытуды барлық кезеңінде алған білімді, дағдылады т.б. бақылау ретінде пайдаланылады.

Оқу тәжірибелерін төмендегі түрлерге бөледі:

Демонстрациялық тәжірибе Зандарды, құбылыстарды түрлендіру кезінде иллюстрациялау және оларды қодануы көрсету, техникалық қондырғыларды жұмыс істеу принципін, іргелі тәжірибелермен оқушыларды таныстыру үшін қолданылады. Оны тек оқытушы әзірлеп, өткізеді.

Фронталь зертханалық жұмыстар, тәжірибелер және бақылаулар. Сабақ барысында оқытушы басқаруымен барлық студент бір мезгілде бірдей қондырғылармен жасайды.

Практикум. Оқушылардың өзбетімен жұмыс істеу формасы болып табылады, оқушылар алдын-ала әзірлеп, жазбаша нұсқаулықтар бойынша орындайды.

Сабақтан тыс тәжірибелер және бақылаулар. Үй тапсырмасының бір түрі. Теориялық білімдерді өзектілеу және жаңа материалды оқуға ынталандыру мақсатында пайдаланылады.

әдістемелік жағынан дұрыс ұйымдастырылған тәжірибе практикалық білім қалыптастыру үшін де, бұрын алған теориялық білімдерін белсендіре түсуге де көмек көрсетеді. Оқыту процесінде қабылдаудың әр түрлі арналары (есту, көру, сезіну т.б.) іске қосылады. Бұл алынған ақпаратты жарқын бейнелер жүйесі түрінде қалыптастырып, ұзақ еске сақтауға мүмкіндік жасайды. [10].

Екінші жағынан зертханалық жұмыстарды дайындау және орындау оңай іс емес, оқытушыдан белгілі бір әдістемелік ерекшеліктерді білуді талап етеді, белгілі бір приборлар мен аспаптарды болуы қажет етеді.

Осы және басқа да мәселелерді белгілі бір деңгейде білім беру кезінде компьютерлік тәжірибелер арқылы шешуге болады. Бұл термин зертханалық жұмысты басқа да техникалық құралдарды пайдаланбай компьютерде толықтай атқаруды қамтиды.

Оқу үрдісінде компьютерлер қолдану арқылы тәжірибе жасау көптеген ұсақ мәселелерді шешуге (сұлбаның параметрлерін өзгерту, тәжірибе нәтижесін өлшеу, есептеу т.б.) қажетті уақытты елеулі қысқартуға мүмкіндік береді, сөйтіп өткізілген тәжірибенің мақсаты мен міндеттеріне елеулі көңіл бөлуге мұрса береді. Сонымен қатар оқу кабинетінде жасауға келмейтін тәжірибе көрсету мүмкіндігі пайда болады.

Компьютерлік тәжірибеге тән ерекшеліктерін көрсетейік. Формасы – оқушы мен компьютердің функциялары төмендегідей:

- қарастырылатын объектінің, қондырғының, процесстің немесе күйдің моделін бағдарламалардың көмегімен жүзеге асыру
- өлшеу құралдарын имитациялау және өлшеу нәтижелерінің ұсақ-түйек бөлігін орындау
- оқушылардың іс-қимылдарын бағалау
- оқушының міндеттері (дәстүрлі тәжірибедегі оқушының міндеттерінен өзгеше)
- бағдарламаның дисплей экранына шығарған ақпаратты талдау
- эксперименттің шарттарын таңдау
- жұмыстың басында тұжырымдалған мақсаттарға жету үшін тәжірибелер сериясын өткізу
- жоғары баға алу мақсатында және есепті тиімдірек жолмен шығару келесі қадамдарға түзетулер енгізу.

Экспериментті тек компьютерлік нұсқауда жүзеге асыру мүмкіндігі анық. Бірақ та, компьютерлік тәжірибенің дидактикалық тиімділігі және қызықтылығымен қатар кейбір мәселелер шешілмей қалады. [10; 11].

Біріншіден, ақпаратты қабылдау дәстүрлі зертханалық жұмысты қабылдаудан елеулі өзгеше болады, жеке жағдайда сенсорлы-моторлы саты болмайды. Бұл сатысыз қабылдау толық бола алмайды. Нәтижесінде оқыту да толық болмайды.

Екіншіден, нақты құралдар мен қондырғылар жұмыс жасау кезінде алатын политехникалық дағдылар жөнінде мәселе туындайды.

Нақты емес объектілермен жұмыс істеу кезінде өзгеше туралы сәйкесті көзқарастарды қалыптастыру мәселесі өте маңызды және әлі толық зерттелмеген.

Бұл мәселені шешу нақты дүниедегі үдерістер мен құбылыстарды барынша толық бейнелейтін бағдарламаларды оқу үрдісінде пайдалану арқылы шешуге болатын болар. Бұл жағында виртуаль шындықтың құралдарына аса көңіл аудару керек.

Сонымен табиғаттану ғылымдары циклін оқытудың негізгі мәселесі оқу жіне зертханалық тәжірибелерді нақты түрде қоюдың шектелуі болады.

Қазіргі жағдайда виртуаль-зертханалық практикум жұмыстары болғанмен, мәселені түпкілікті шешу үшін әр түрлі салада мамандарды, психолог-педагогтардың баса назары аударғаны жөн.

Жоғары оқу орындарының зертханалық және тәжірибелік базалары өзгеріске баяу түседі, материалдық және қаржылық шектеулер оны тез өзгертуге тежеу болады. Сондықтан олар техникалық қарқынды дамуына ілесе алмайды, құрал-саймандар тез моральдық жағынан тез ескіреді. Қазіргі тез өзгертін жағдайда мамандықтар мен мамандандарылу өндірістің сұранысына тез және үздіксіз бейімделуі керек, жоғары оқу орнының зертханалық және тәжірибелік базасы оқу үрдісін қажетті деңгейде ұстап тұра алмайды [12]

Материалдық базаның өмір талабынан қалып қоюы тек қана жоғары оқу орнының күрделі мәселесі емес, ол өндіріске де жана жаңа техниканы жасайтын әр түрлі ұйымдар мен фирмаларға тән екенін атап өту керек.

Виртуаль приборлардың қазіргі технологиясы осы артта қалуды азайтуға және оқу сапасын төмендетпей елеулі қаржылық ресурстарды үнемдеуге мүмкіндік береді. Жоғары оқу орындарының дүниежүзілік іс-тәжірибесі виртуаль технологиялардың оқу үрдісіне енуінің нақты және ұлғая түсу тенденциясын көрсетеді. Е_{ти} 8086 бағдарламалық ортасы. Мысалы, виртуаль приборлартехнологиясын қолдайтын және соған сәйкесті оқу зертханаларын тез икемделетін бағдарламамен қайта құрылатын өлшеуіш құралдармен қамтамасыз етеді немесе зертханадан кез-келген күрделі өлшеу құралдар модернизациялау, жоғары оқу орнына автоматтанған өлшеуіш жүйелер мен станцияларды оқу үрдісіне енгізуге мүмкіндік береді.

LabVIEW бағдарламасы [4,13] да виртуаль құрал болып табылады (ағылш. Virtual Instrument), екі бөліктен тұрады:

- виртуаль құралдың жұмыс логикасын сипаттайтын блокты диаграмма
- виртуаль құралдың сыртқы интерфейсін сипаттайтын алдыңғы панель

виртуаль құралдарды басқа да виртуаль приборлар жасау үшін құрамды бөлігі ретінде қолдануға болады.

В работах [7,8] мы упоминали, что горные породы обладают свойствами упругости в определённых границах напряжённо-деформированного состояния и рассматривали критерий Кулона, перепишем её в следующем виде:

$$\sigma_1 = S + \sigma_3 \operatorname{ctg} \psi, \quad (4)$$

где $S = 2C \operatorname{ctg}(\pi/4 - \varphi/2)$ – прочность на одноосное сжатие; $\operatorname{ctg} \psi = \frac{1 + \sin \varphi}{1 - \sin \varphi}$, где C, φ –

сцепление и угол внутреннего трения.

Уравнение (4) на рисунке 1 изображается прямой BC. В области растяжения область упругости ограничивается прямой AB, имеющей уравнение

$$\sigma_3 = T, \quad \text{где } T - \text{прочность на растяжение } (T < 0). \quad (5)$$

Если после выхода напряжённого состояния на критериальную границу дальнейшее неупругое деформирование (пластическое течение) происходит с упрочнением, то напряжённое состояние в процессе пластического течения будет характеризоваться точками, лежащими вне контура ABC, и не вернётся в пределы заштрихованной области. Для таких упрочняющихся сред границы области упругости, записанные через напряжения, будут однозначны для всего процесса деформирования.

Реальные горные породы далеко не все и не при всяких условиях обладают свойствами упрочнения. Прежде всего это утверждение относится к условиям растяжения. Если при первоначальном растяжении, пока не произошёл разрыв, границей упругости является отрезок AB (рисунок 1), то после образования трещин разрыва растягивающие напряжения в среде существовать не могут, и новая граница области упругости будет иметь вид уже не $\sigma_3 = T$, а $\sigma_3 = 0$. Кроме того, в процессе запредельного пластического деформирования в условиях $\sigma_3 > 0$ также происходит нарушение природной спаянности, разупрочнение и вместо контура текучести BC порода будет характеризоваться некоторой линией EF, лежащей внутри первоначального контура.

Теперь предложим модель идеально-пластической среды с равнообъёмным характером течения. Рассмотрим простейшую модель запредельного деформирования, изображённую на рис. 2. Участок AB с рис. 1, в плоскости главных деформаций $\varepsilon_1, \varepsilon_3$ будет иметь уравнение, получаемой при подстановке уравнения (5) во второе уравнение (3):

$$\frac{1-v^2}{E}T - v\varepsilon_1 - \sigma_3 = 0 \quad (6)$$

На рисунке 2 (б) это уравнение имеет вид А'В'.

Участок ВС с рисунка 1, имеющий уравнение (4), в плоскости главных деформаций (В'С' на рисунке 2 б) будет иметь уравнение, получаемое при подстановке уравнения (2) в уравнения (4).

$$\left| \frac{(E\varepsilon_1 - S)(1 - v \operatorname{ctg} \psi)}{\operatorname{ctg} \psi - v} - vS \right| / E - \varepsilon_3 = 0 \quad (7)$$




Рисунок 1 – Обобщённые критериальные границы горной породы

Таким образом, в области I в пределах контура А'В'С' действуют уравнения состояния линейно- упругой среды. За пределами контура А'В'С' действуют иные уравнения связи напряжений и деформаций. Назовём левые части уравнений (6) и (7) деформационными функциями $f_1(\varepsilon)$ и $f_2(\varepsilon)$ соответственно. Тогда можно сказать, что элемент упруг, если $f_1(\varepsilon) < 0$ и $f_2(\varepsilon) < 0$.

После выхода точки, характеризующей деформационное состояние, из упругой области на границу упругости (D' на рисунке 2 б), дальнейшее увеличение деформации ε_1 при постоянной величине σ_3 будет, во- первых, характеризоваться равным по величине и противоположным по знаку изменением деформаций ε_3 , т. е. вектор пластических деформаций ε^p при пластическом деформировании от точки D' до точки E' будет наклонен под углом 45° к осям и $\varepsilon_3^p = -\varepsilon_1^p$. Во- вторых, будем считать, что при таком пластическом деформировании при $\sigma_3 = \text{const}$ сопротивляемость среды напряжениям σ_1 , остаётся постоянной, определяемой формулой (4).

Графически этот факт изображается горизонтальностью отрезка D'E" на рис 2а. Поскольку при пластическом течении при $\sigma_3 = \text{const}$ объёмные пластические деформации равны нулю, то модуль объёмной сжимаемости такой среды сохраняется неизменённым как в упругой, так и пластической стадиях деформирования. Характеризуя комплекс свойств, которыми наделена среда ее можно назвать идеально- пластической Кулоновской средой с равнообъёмным (эквиволлюмиальным) характером пластического течения. Отметим, что деформированное состояние отвечающее рассмотренному механизму деформирования может существовать лишь вправо от линии L'F', характеризующей пластическое течение при одноосном сжатии $\sigma_3 = 0$ (рисунок 2б). Координаты точки L', характеризующей деформированное состояние при $\sigma_3 = 0$ и $\sigma_1 = S$, соответственно равны: $\varepsilon_1 = S/E$, $\varepsilon_3 = -vS/E$. При этом уравнение линии L'F' имеет вид:

$$\varepsilon - \frac{S}{E} + \varepsilon_3 + v \frac{S}{E} = 0. \quad (*)$$

Таким образом, если среда имеет деформации, попадающие в зону II, т. е. в пределы угла C'L'F', то это значит, что она находится в стадии пластического деформирования. Назовём левую часть уравнения (*) функцией $f_3(\varepsilon)$. Вправо от линии L'F' в зоне II $f_3(\varepsilon) > 0$.

Напряжения, соответствующие деформациям зоны II, например точки E¹, определяются следующим образом. Координаты ε_1 и ε_3 точки E' могут быть представлены в виде упругих $(\varepsilon_1^y, \varepsilon_3^y)$ и пластических $(\varepsilon_1^p, \varepsilon_3^p)$ компонент. Упругие компоненты, представляющие собой координаты точки D' являются деформациями на момент начала пластического течения, которое от точки D' до точки E' происходило при неизменном напряжённом состоянии. Итак:

$$\varepsilon_1 = \varepsilon_1^y + \varepsilon_1^p, \quad \varepsilon_3 = \varepsilon_3^y + \varepsilon_3^p. \quad (8)$$




Рисунок 2 – Модель идеально-пластической среды с равнообъемным характером течения

Из первого уравнения (8) имеем $\varepsilon_1^p = \varepsilon_1 - \varepsilon_1^y$. Имея в виду равенство $\varepsilon_3^p = -\varepsilon_1^p$, из него и второго уравнения (8) получим

$$\varepsilon_3 = \varepsilon_3^y - \varepsilon_1 + \varepsilon_1^y.$$

Далее подставив вместо упругих деформаций их выражение (3) получим:

$$\varepsilon_3 = (\sigma_3 - \nu\sigma_1)/E - \varepsilon_1 + (\sigma_1 - \nu\sigma_3)/E$$

Подставив в это уравнение вместо σ_1 выражение (6) найдём величину σ_3 :

$$\sigma_3 = [E(\varepsilon_1 + \varepsilon_3) + S(\nu - 1)] / (1 - \nu \operatorname{ctg} \psi + \operatorname{ctg} \psi - \nu). \quad (**)$$

Итак, по заданным деформациям ε_1 и ε_3 найдено главное напряжение σ_3 ; напряжение σ_1 определяется выражением (6). Уравнение (**) и (6) являются уравнениями связи напряжений и деформаций для принятой модели среды в процессе пластического течения. Отметим, что если в (**) принять $\sigma_3=0$, то следует уравнение (*).

Далее надо установить уравнение связи для области III, ограничиваемой границей $K'L'F'$. Здесь деформации ε_3 превышают (по абсолютной величине) возможную величину ε_3 при пластическом течении, которая определяется линией $L'F'$. Значит, деформация ε_3 настолько велика, что в элементе среды напряжения σ_3 должны бы быть меньше нуля, т. е. растягивающими. Однако, поскольку деформированное состояние находится уже за пределами упругой зоны, структура среды уже нарушена и она не может сопротивляться растягивающим напряжениям. Следовательно, влево от линии $L'F'$ (рисунок 2б) $\sigma_3=0$, т. е. напряжённое состояние является одноосным сжатием: при этом напряжения σ_1 будут зависеть только от величины деформации ε_1 и определяться графиком одноосного сжатия $O''L''F''$ на рисунке 2а, т. е. в пределах зоны III

$$\sigma_1 = S, \quad (9)$$

а в пределах зоны IV, где ε_1 меньше предельной упругой деформации одноосного сжатия

$$\sigma_1 = E\varepsilon_1. \quad (10)$$

Уравнение линии $L'K'$ имеет вид:

$$\varepsilon_1 - \frac{S}{E} = 0. \quad (11)$$

Назовём левую часть уравнения (11) деформационной функцией $f_4(\varepsilon)$. Вправо от линии L'K' (в зоне III) $f_4(\varepsilon) > 0$. Наконец в зоне V обе деформации растягивающие и находящиеся за пределами упругости, т.е. структура среды нарушена. Логично полагать, что среда не способна сопротивляться растягивающим напряжениям, т.е. $\sigma_1 = \sigma_3 = 0$

Схематические картины разрушения образцов в разных деформационных зонах показаны на рисунке 2б.

Рассмотренная модель среды по своим прочностным свойствам при одноосном и трёхосном сжатии эквивалентна связанной сыпучей среде Соколовского [9]. Она дополнена свойствами при растяжении, а также обладает конкретными деформационными характеристиками. Среда Соколовского есть частный, упрощённый вариант данной модели.

Аңдатпа

Кен жыныстары сілемдерінің механикалық қасиеттері өте күрделі және әртүрлі. Оларды белгілі бір қысым мен қырау диапозондарында жуықтап сипаттау үшін ұсынылып отырған біршама жеңілдетілген механикалық-математикалық модельді қолдануға болар еді. Модельдер жалпақ деформациялық жағдайда қарастырылады. Ортаның қарастырылып отырған моделі өзінің беріктік қасиеттері бойынша біросьтік және үшосьтік сығу барысында Соколовскийдің байланысқан еркін ағынды ортасына эквивалентті. Ол созылу кезіндегі қасиеттерімен байытылған, сондай ақ нақты деформациялық қасиеттері бар. Соколовский ортасы осы модельдің жекеше, жеңілдетілген жағдайы деп есептеуге болады.

Abstract

The mechanical properties of rocks are very complex and varied. For their approximate description in a particular range of stresses and deformations, some simplified mechanical and mathematical models of state can be used. Models are considered in terms of plane deformation. The considered model of the medium in its strength properties under uniaxial and three-axial compression is equivalent to a coherent free-flowing Sokolovsky medium. It is supplemented with tensile properties and also has specific deformation characteristics. Sokolovsky's environment is a private, simplified version of this model.

Литература

1. Заурбекова Н.Д., Тултуков Б.Д., Жумажанов Б.Ж., Абдылдаев Э.К. Методика оценки устойчивости породного массива вблизи выработок - Вестник Казахского национального технического университета имени К.И.Сатпаева. № 5 (55). Алматы, 2006. - С. 42-45.
2. Абдылдаев Э.К., Сандибеков М.Н., Заурбекова Н.Д. Моделирование процесса деформирования откосов - Вестник Казахского национального технического университета имени К.И.Сатпаева. № 2 (59). Алматы, 2007. - С. 17-19.
3. Абдылдаев Э.К., Заурбекова Н.Д. Математические модели породного массива - Комплексное использование минерального сырья. №1. Алматы, 2007. - С. 3-6.
4. Заурбекова Н.Д. Метод конечных элементов при моделировании процесса деформирования откосов - Известия НАН Киргизской Республики. № 4. Бишкек, Илим, Кыргызская Республика, 2007. - С. 42-45.
5. Абдылдаев Э.К., Заурбеков Н.С., Заурбекова Н.Д., Молдошев Р.А., Уйпалакова Д.М. Информационная система реализации модели упруго-пластической среды - Вестник КазНУ, №5 (129). Алматы, 2018. - С. 349-356
6. Заурбекова Н.Д., Машанхан М. Тау жыныстарындағы акустикалық қасиеттерінің негізгі факторларға әсер етуі - Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы, Серия Физико-математические науки № 3(59), 2017г. - С. 172-176.
7. Абдылдаев Э.К. Напряженно-деформированное состояние массива горных пород вблизи выработок. - Фрунзе: Илим, 1990. -164 с.
8. Авершин С.Г. Горные удары. - М.: Углетехиздат, 1955.
9. Соколовский В.В. Статика сыпучей среды. - М.: Гостехиздат, 1954. - 275 с.

**БОЛАШАҚ АКТ МАМАНДАРЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН
ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Заурбеков Н.С.¹, Диқамбай Н.Б.², Заурбекова Н.Д.³

¹ доктор технических наук, профессор, ² докторант специальности информатика,
³ кандидат технических наук

^{1 2} Казахский Национальный Педагогический университет имени Абая,

³ Казахский национальный женский педагогический университет

e-mail: agu_nurgali@mail.ru

Біздің елімізде құзыретті тәсіл негізінде жүргізілетін білім беру саласын жаңғырту білім беру жүйесіне айтарлықтай әсер етті. Алайда, "экологиялық құзыреттілік" ұғымы жаңа болғандықтан, оны анықтауды, мазмұнын ашуды, және құрылымын нақтылауды қажет етеді, ал ІТ саласының мамандарының экологиялық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі әлі күнге дейін ғылыми және педагогикалық әдебиеттерде тиісті шешімін таппай отырғандығы байқалады, сондықтан бұл кәсіби педагогиканың маңызды, бірақ аз зерделенген мәселелердің бірі болып табылады.

Құзыреттілік тәсіл бағытындағы зерттеулер мен құзыреттілікті қалыптастыру мәселесі ғылыми білімнің әртүрлі салаларында - философияда, педагогикада, психологияда, акмеологияда және т.б. зерттеулерде қарастырылады. Бірқатар жұмыстардың мазмұнымен таныса отырып, құзыреттілікті қалыптастыру мәселелері білімнің феноменологиялық жинақталу сатысында екендігіне көз жеткізуге болады, ал ол өз кезегінде нақты жағдайларды сипаттау, оларды типологизациялау, қатынастар мен заңдылықтарды ерекшелеу, ІТ маманының экологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық негіздерін әзірлеуді талап етеді.

Экологиялық құзыреттілік деңгейлерін бағалау критерийлерін анықтау мақсатында философтардың, психологтардың және педагог ғалымдардың еңбектерін зерделедік. Философтар (Э.В.Гиросов, А.Н.Кочергин, Ю.Г.Марков және т.б.) экологиялық сананы қоғам мен табиғи ортаның арақатынасы мәселелерін көрсететін көзқарастар, теориялар, тұжырымдамалар мен әлеуметтік эмоциялар жиынтығы ретінде қарастырады [1,2]. Экологиялық сана іс-әрекеттің ауқымын анықтайды, олар: табиғатпен өзара әрекеттесудегі адамзаттың жетістіктерін тарихи бағалау, алдағы қызметті жоспарлау және оның нәтижелерін болжау. Болжау ерекше маңызға ие - адамның табиғи ортаға әсерінің жақын және алыс салдарын болжай білу болып табылады. Зерттеушілердің (А.Д. Урсул және т. б.) "озық білім беру" моделін ұсынуы кездейсоқ емес, оның аясында белгілі бір идеал жасалады: білім беру процесі соған сүйенеді - өткеннен қазіргіге және болашаққа бағытталған түрде ұйымдастырылады [3].

Г.В.Акопов, Е.И.Чердымова экологиялық сананы *құрылымдық* (экологиялық назар, экологиялық есте сақтау, экологиялық қабылдау, экологиялық әсер ету, экологиялық ойлау, экологиялық ерік) және *функционалдық* (экологиялық мақсат қою, экологиялық білім, экологиялық жоспарлау, экологиялық бағдарламалау, экологиялық болжау, экологиялық көзқарас, экологиялық шешім қабылдау, экологиялық өзін-өзі тану, экологиялық бағалау, экологиялық өзін-өзі бағалау, экологиялық өзін-өзі бақылау, экологиялық жауапкершілік) компоненттерден тұратын күрделі психологиялық білім ретінде анықтайды [4,5]. Сонымен қатар, экологиялық санада адамның табиғатпен өзара әрекеттесуінің көрінісі ретінде авторлар мыналарды ерекше атап көрсетеді: табиғи құбылыстар мен заңдылықтар туралы білім, табиғат объектілерімен іс-әрекеттің мақсаттарын, мазмұнын мен тәсілдерін түсіну, сыртқы және ішкі әлемді бағалауды, табиғатпен қарым-қатынастағы жеке көзқарасты өзіндік бағалау және т.б.

В.И.Медведев және А.А.Алдашева экологиялық сананы адамның сыртқы әлеммен байланысына, адамның немесе адамзаттың мүддесі үшін осы байланыстардың өзгеру мүмкіндіктері мен салдарына, сондай-ақ әлеуметтік сипаттағы тұжырымдамалар мен идеялардың таралуына, құбылыстар мен табиғат объектілеріне және олардың адамдармен өзара байланыстарына тұжырымдамалық аппарат түрінде қалыптасқан жүйе ретінде анықтайды. Қарым-қатынас жүйесі олардың белсенді динамикалық сипатын болжайды [6]. Ұсынылған тұжырымдама дүниетаным сияқты сананың саласына өте жақын. Экологиялық сана дүниетанымның негізгі элементтерінің бірі ретінде қарастырылады.

Бұл тұжырымдама мазмұнының тереңдігі экологиялық сананың қалыптасуы идеологияның, саясаттың, өнердің, ғылыми білімнің, өндірістік тәжірибенің, білім мен ағартудың әсерінен

адамның өмір бойы жүзеге асырылуы мүмкін ұзақ процесс екенін көрсетеді. Экологиялық сананың қалыптасу ұзақтығы адамның тек ересек болуымен шектеліп, бұл процестің аяқталатындығын білдірмейді. Кез-келген жастағы адамның (мектеп жасына дейінгі баладан ересек адамға дейін) экологиялық санасының жетілуінің өлшемі, көрсеткіші табиғатты сақтауға, оны жойылудан қорғауға бағытталған әртүрлі саналы әрекеттері мен шұғыл шешімдері деп санауға болады. Сонымен қатар, бұл баланың қолы жететін өсімдіктерге, жануарларға қатысты нақты іс-әрекеттеріне де, ересек адамның жеке мінез-құлқына (мысалы, табиғат аясында демалушы), жекелеген адамдар мен ұжымдардың өндірістік іс-әрекеттеріне (мысалы, табиғат мүдделеріне әсер ететін қарарларға қол қою, жобалар жасау) және т. б. бірдей қолданылады.

Қоғамдық экологиялық сананың деңгейі көбінесе мемлекеттік және үкіметтік емес ұйымдардың экологиялық қызметінің бағыты мен қарқындылығын анықтайды. Тәрбие, білім беру, ақпараттық-ағартушылық қызмет процестері елдегі табиғатты пайдаланудың тұтынушылық саясатын жеңуге, азаматтардың экологиялық құқықтары мен міндеттерін дамытуға, олардың экологиялық дүниетанымын қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл экологиялық білім берудің міндеттері болып табылады.

Болашақ IT мамандарының экологиялық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесін шешу осы құзыреттіліктің мәнін білуге байланысты болатындығын ескере отырып, біз "құзыреттілік", "экологиялық құзыреттілік" ұғымдарын нақтылауды шештік, бұл университет студенттерінің зерттелген құзыреттілігін қалыптастырудың шарттарын, көздері мен тетіктерін анықтауға мүмкіндік береді.

Философиялық және психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау мыналарды анықтауға мүмкіндік берді, яғни қазіргі ғылыми әдебиеттерде "құзыреттілік", "құзыреттілік тәсіл" сияқты ұғымдар ерекше орын алады. Бұл терминдердің пайда болуының өзіндік негіздемесі бар:

а) бүгінгі таңда еңбек нарығы кәсіби білімнің жоғары деңгейіне ие ғана емес, сонымен қатар, ең алдымен, өз бетінше жұмыс істей алатын, проблемаларды анықтай алатын, оларды шешу жолдарын таба алатын, уақытты бөліп, өз іс-әрекеттері үшін жауап беретін маманға артықшылық береді;

б) кәсіби міндеттерді орындайтын адамнан байланысты мамандықтардың белгілі бір санын игеруге айтарлықтай шығынсыз қабілеттің қажеттілігі.

Адамзатты қоршаған ортаның мәселелері жайлы БҰҰ Стокгольм конференциясында (1972), Тбилисиде өткен қоршаған орта саласындағы білім беру жөніндегі 1-ші Дүниежүзілік үкіметаралық конференцияда (1997), Мәскеуде білім беру және қоршаған орта мәселелері бойынша мамандар даярлау саласындағы ЮНЕСКО - ЮНЕП Халықаралық конгресінде (1987), сондай-ақ Рио-де-Жанейрода өткен қоршаған орта және даму жөніндегі БҰҰ конференциясында (1992) экологиялық білім берудің ағымдағы және болашақтағы міндеттері қарастырылды.

Экологиялық білім беру - табиғатты қорғау теориясы мен практикасын, жалпы және дербес экологияның негіздерін игеруге бағытталған оқыту жүйесі - қазіргі заманғы адамның жалпы мәдениетінің қажетті элементі. Экологиялық мәдениеттің маңызды элементтерінің бірі - жалпы білім беру процесінде қалыптасатын жеке экологиялық білімділіктің негізгі көрсеткіштері болып табылады. Білім беру адамның мінез-құлқына әсер ететін маңызды фактор және эмпирикалық зерттеулерде ескеріледі. Экологиялық білім берудің мақсаты - қоғам мен табиғат арасындағы қарым-қатынас туралы білім көлемін жинақтау, ол кез-келген адамға, кейінірек кім болып жұмыс істесе де, қайда істесе де қажет болатын білім деп есептеледі. Сонымен қатар біз болашақ IT маманының экологиялық құзыреттілігін қалыптастыру моделін құру және оны іске асыру жолдарын назардан тыс қалдырмаймыз.

Осылайша, біз болашақ IT мамандарының экологиялық білімге дайындығы жеткіліксіз деп қорытынды жасай отырып, ғылыми тұрғыдан терең білім қажет деп тұжырымдаймыз - ЖОО-да студенттік ұжымымен әдістемелік жұмыс, ол мынадай бағыттарды қамтуға тиіс: ғылыми-кәсіптік даярлау (экология негіздерін білу), кәсіптік-әдістемелік (экологиялық білім берудің қазіргі заманғы бағдарламалары мен әдістемелерін игеру, білімгерлермен жұмыс әдістемелерін және экологиялық қауіпсіздік негіздерін меңгеру, экологиялық жағдайды өз бетінше бағалай білу және оны халықтың денсаулығымен байланыстыра білу, экологиялық білім беру мақсаты үшін дамытушы пәндік ортаны ұйымдастыра білу, қоршаған ортаға қатысты өзінің мінез-құлқын талдай білу және қоршаған ортаны қорғау бойынша қолдан келетін іс-шараларға қатысуға ықылас білдіру. Болашақ мамандарды жаңа парадигма (құндылық бағдарларының өзгеруі) позициясынан жұмыс істеуге үйрету және оның өз іс-әрекеттері мен қоршаған ортаның жай-күйі үшін өз жауапкершілік сезімін саналы түрде өз қажеттіліктерін шектеуге дейін түсінуге тәрбиелеу маңызды.

Болашақ ІТ мамандарының экологиялық құзіреттілігінің компоненттерін қалыптастырудың алғышарттарын және оларды бұғаттайтын мәселелерді зерттей отырып, мамандардың экологиялық құзіреттілік деңгейі олардың кәсіби білім сапасына қалай әсер ететінін бағалау біз үшін маңызды болып табылады.

И.П.Подласый педагогикалық құбылыстардың сапалық және сандық сипаттамаларын бірлікте зерттеу керек екенін айтады [7]. Сандық диагностика сандық әдістерді қолданумен, сапалық - құбылыстарды бақылаумен және сипаттаумен байланысты.

Диагностиканың сандық әдістері бізге білімді игеру процесін бағалауға, болашақ маманның әлем туралы түсініктерін қалыптастыруға мүмкіндік берді. Әрі қарай біз диагностиканың сапалы әдістерін қолдандық. Біздің мақсатымыз-болашақ маманның мінез-құлқындағы өзгерістерді және оның іс-әрекетін ынталандыруды, эмоционалды саланы дамытуды, танымдық процесіті жандандыруды атап өту, яғни адамның экологиялық бағытын бағалау. Ол үшін біз үнемі болашақ мамандардың бақылау жазбаларын жүргізе отырып, олардың пікірлерін тіркеу біз үшін маңызды. Мұндай жұмыстың нәтижелері еркін түрде жасалады.

Тұлғаның экологиялық бағыттылығын қалыптастыру нәтижелерін бағалау үшін біз келесі критерийлер мен көрсеткіштерді ерекше атап көрсетеміз: эмоционалды-сезімдік — табиғатқа жанашырлықтың көрінісі; танымдық — табиғат туралы, оның құбылыстары туралы ғылыми түсінік болуы, оған қызығушылықтың көрінісі; іс-әрекеттік – табиғаттың жанды, жансыз өкілдеріне қамқорлық жасау, оларға қол жетімді көмек көрсету.

Бұл критерийлерді таңдау болашақ ІТ мамандарының дүниетанымының ерекшеліктеріне байланысты. Бұл оған ненің қымбат және жақын екендігі туралы нақты идеямен тығыз байланысты, яғни, оны қоршаған табиғатқа деген сүйіспеншілікпен, оны өмірде не қуантатындығына байланысты болады. Мамандардың қызығушылықтары мен жанашырлық сезімдері қоршаған әлем туралы идеялармен және оған деген эмоционалды қарым-қатынасымен тығыз байланысты. Л.С.Выготский эмоцияларды қоршаған шындықты пассивті түрде қарастырып қана қоймай, оған тәуелді болып табылатын, оның қажеттіліктері мен мүдделеріне сәйкес оны белсенді түрде өзгертетін ойлаудың субъектінің сезімдік-объективті қызметімен байланысының ішкі психологиялық механизмі ретінде қарастырады [8].

Эмоционалды-сезімдік қабылдаудың көрсеткіші-бұл басқа адамға немесе жабайы табиғаттың басқа өкіліне адамгершілік көзқарастың бір түрі ретінде жанашырлық сезімі. Бұл көзқарас оның басқа біреудің жағдайын түсінетіндігімен және оған жауап беруге дайын екендігімен көрінеді (оның қуанышына жанашырлық білдіру немесе қуанту).

Тұлғаның экологиялық бағдарлауының келесі критерийі — танымдық. Оның көрсеткіші-қызығушылық және қоршаған әлем туралы түсініктер. Қызығушылық-бұл жаңа білім алуға бейімділік. Жастар-қоршаған әлемнің ізденімпаз зерттеушілері, бұл қасиет оларға табиғаттан тән.

Сонымен, біріншіден экологиялық құзіреттілікті субъектінің экологиялық -кәсіби іс-әрекетіндегі интеграцияланған кәсіби сапасы ретінде анықтауға болады. Ол келесі құзыреттіліктерде көрініс табады: ақпараттық- экологиялық, пәндік-әдістемелік және құндылық-мотивациялық; екіншіден болашақ ІТ мамандарында экологиялық құзыреттілікті қалыптастыру процесінің моделі экология және экологиялық-кәсіби салада олардың біліктілігін арттыру, болашақ ІТ маман іс-әрекетінің түрлерін экологияландыру, экологиялық білім беру ортасын құру, экологиялық ағартушылық және желілік жұмыстар, болашақ ІТ маманның ғылыми және басқа мекемелермен байланысын жүзеге асыруды көздейді.

Аннотация

Исследуя вопросы формирования экологические компетенции и проблемы их реализации, выяснили, что оценка влияния уровня экологической компетентности специалистов на качества их профессиональной деятельности является одним из важнейших задач при подготовке будущих IT-специалистов. Итак, экологическая компетентность является показателем профессионального качества интегрированной экологическо-профессиональной деятельности субъекта. Их результаты отражаются в следующих компетенциях: информационно-экологическая, предметно-методическая и значимо-мотивационная. Модель процесса формирования экологической компетенции будущих IT специалистов создает возможности повышения их квалификации в экологическо-профессиональной сфере, экологизация видов их деятельности, создание среды экологического образования, экологическое просвещение и сетевые работы, налаживания связей с начными и другими организациями общества.

Abstract

Investigating the issues of the formation of environmental competencies and the problems of their implementation, we found out that assessing the impact of the level of environmental competence of specialists on the quality of their professional activities is one of the most important tasks in the training of future IT specialists. So, environmental competence is an indicator of the professional quality of the integrated environmental-professional activity of the subject. Their results are reflected in the following competencies: informational-ecological, subject-methodological and significant-motivational. The model of the process of forming the environmental competence of future IT specialists creates opportunities for improving their qualifications in the environmental and professional sphere, greening their types of activities, creating an environment for environmental education, environmental education and networking, establishing links with primary and other organizations of society.

ПАЙДАЛАНАЛЫҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Гирусов Э. В. От экологического знания к экологическому сознанию // Общество и природа. М.: Наука, 1986. С. 114-158.
2. Кочергин А. Н., Марков Ю. Г., Васильев Н. Г. Экологическое знание и сознание: особенности формирования. Новосибирск: Наука, 1987. 221 с.
3. Урсул А. Д. Опережающее образование, фундаментальная наука и устойчивое развитие // Новая парадигма развития России в XXI в. — Москва, 2000.
4. Acorov G.V. Psychology of consciousness: Issues of methodology, theory and applied research: monograph. M., Institut psikhologii RAN, 2010, 272 p. [in Russian]
5. Чердымова Е.И. Социально-психологическое исследование модели соотношения экологической установки и экологического поведения школьников. Дисс.канд.психол.наук., Самара, 1999. -176с.
6. Медведев В.И., Алдашева А.А. Экологическое сознание: Учебное пособие. Изд. второе, доп. - М.: Логос, 2001. -384 с.
7. Подласый И.П. Педагогика. 2-е изд., испр. и доп. — М. : Гуманитар, изд. центр ВЛАДОС, 2007. -463 с
8. Выготский Л. С. Собрание сочинений: В 6 томах. – М.: Педагогика, 1984. Т. 1.

ӘӨЖ: 3937

АЙНАЛМАЛЫ НЕЙТРОНДЫҚ ЖҰЛДЫЗДЫҢ ӨРІСІНДЕ СЫНАҚ ДЕНЕСІНІҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ

Н.Ж. Исақұл, 7M05308-Физика мамандығының 2-курс магистранты

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы, Қазақстан

e-mail: issakul.n@mail.ru

Ғылыми жетекшісі: ф.-м.ғ.д., профессор М.Е. Абишев

Нейтрондық жұлдыздың пайда болуы. Нейтрондық жұлдыздар – жұлдыз эволюциясының соңғы нәтижесі (өнімі) болып табылады. Үлкен массасы бар жұлдыздың өлімі (мысалы, қызыл гигант) нейтрондық жұлдыздың пайда болуына алып келді. Бастапқыда нейтрондық жұлдыз өте ыстық болады, шамамен $10^{11}K$. Ал, ол негізінен спектрдің рентген бөлігінде жарқырайды. Өмірінің алғашқы бірнеше жүз жылында нейтрондық жұлдыздың беті $10^6 K$ дейін салқындатылады. Жас нейтрондық жұлдыздар супержаңаның қалдықтарында кездеседі. Нейтрондық жұлдызды сипаттайтын параметрлер: масса, тығыздық, температура, радиус, жылдамдық және алынған күй теңдеулері. Айналмалы нейтрондық жұлдыздарда аккреция маңызды рөл атқарады. Алдағы уақытта, сынақ денесін нейтрондық жұлдыз маңындағы тұмандықтар ретінде қарастыратын боламыз. Соңғы уақытта релятивистік айналмалы жұлдыздарды теориялық тұрғыдан және бақылау жүргізу арқылы зерттеу кең қолданыста. Себебі, біз бұл жұлдыздар туралы көптеген ақпарат аламыз. Мысалы, жоғарғы тығыздықтағы күй теңдеулері туралы ақпарат пен гравитациялық толқынның негізгі көзі болып табылады. Ал, гравитациялық толқындарды зерттеу арқылы кезкелген жұлдыз туралы ақпарат ала аламыз. Мысалы, жұлдыз эволюциясы жайында, немесе қазіргі күйі туралы. ЖСТ -да аспан денелерін зерттеу бір метрикуаны қолдануға негізделеді. Менің жағдайымда Фоктың бірінші жуықтау метрикасы. ЖСТ-да қозғалыс теңдеуін сапалы және жуықтау әдістері бар. Біздің жағдайда, Фоктың бірінші жуықтауы қолданылады. Айналмалы нейтрондың жұлдыздың өрісіндегі сынақ денесінің қозғалысын Фоктың бірінші жуықтау

метрикасын қолдану арқылы анықтаймыз.[1,с.19] Бұл Фоктың бірінші жуықтау метрикасы Эйнштейн теңдеуінің сызықты емес шешімі болып табылады. Теңдеуді гармоникалық координаталар негізінде анықтайды. Гамма коэффициенті гармоникалық шартты қанағаттандырады.[3-7]

$$ds^2 = \left(c^2 - 2U + \frac{2U^2}{c^2} \right) dt^2 - \left(1 + \frac{2U}{c^2} \right) (dx_1^2 + dx_2^2 + dx_3^2) + \frac{8}{c^2} (U_1 dx_1 + U_2 dx_2 + U_3 dx_3) dt \quad (1)$$

(1)-ден $c^2 dt^2$ - мәнін жақша сыртына шығарып

$$ds^2 = c^2 dt^2 \left(1 - \frac{2U+2U^2}{c^2} + \frac{2U^2-2Uv+8(\vec{U}\vec{v})}{c^4} \right) \quad (2)$$

(2)-ні қатарға жіктеп, келесі өрнекті аламыз

$$ds = c dt \left(1 - \frac{U+\frac{v^2}{2}}{c^2} + \frac{\frac{U^2}{2}-\frac{3}{2}Uv^2-\frac{1}{8}v^4+4(\vec{U}\vec{v})}{c^4} \right) \quad (3)$$

Енді, (3)-ші формула көмегімен қозғалыс теңдеуі үшін Лагранж функциясын ЖСТ-да жазамыз. Лагранж функциясы

$$L = -mc \frac{ds}{dt} \quad (4)$$

(4)-ші теңдікке (3) қойсақ, айналмалы нейтрондық жұлдызды сипаттайтын Лагранж функциясын анықтаймыз. Ол, сәйкесінше

$$L = -mc^2 \left(1 - \frac{U+\frac{v^2}{2}}{c^2} + \frac{\frac{U^2}{2}-\frac{3}{2}Uv^2-\frac{1}{8}v^4+4(\vec{U}\vec{v})}{c^4} \right) \quad (5)$$

Мұндағы, $U = \frac{\gamma m}{r}$ –Ньютондық потенциал. m – орталық өріс массасы, ал орталық өріс айналмалы нейтрондық жұлдыз болып табылады. Яғни, бұл айналмалы нейтрондық жұлдыз массасы.

\vec{U} – жалпы жағдай үшін, кейбір айналмалы стационар аймақ потенциалы деп аламыз. Ол, өз кезегінде

$$\vec{U} = \gamma \sum_b \frac{m_b \vec{v}_b}{|\vec{r} - \vec{r}_b|} \quad (6)$$

Мұндағы, m_b – сынақ дене массасы, \vec{r}_b – сынақ дене радиус – векторы

$$\frac{1}{|\vec{r} - \vec{r}_b|} = \frac{1}{r} + \frac{(\vec{r}\vec{r}_b)}{r^3} + \dots \quad (7)$$

(7)-ні (6)-ға қойсақ,

$$\vec{U} = \frac{\gamma}{r} \frac{d}{dt} \sum_b m_b \vec{r}_b + \frac{\gamma}{r^3} \frac{d}{dt} \sum_b \vec{r}_b (\vec{r}_b \vec{r}) + \frac{\gamma}{2r^3} \frac{d}{dt} \sum_b m_b [\vec{r} [\vec{v}_b \vec{r}_b]]$$

Немесе қысқаша түрде

$$\vec{U} = -\frac{\gamma}{2r^3} [\vec{r} \vec{S}_0] \quad (8)$$

Мұндағы, $\vec{S}_0 = \sum_b [\vec{r}_b m_b \vec{v}_b]$ -спині.[1-2]

Қозғалыс теңдеуін екі жағдайда қарастырамыз, ол

$$\frac{d}{dt} \frac{\partial L}{\partial \vec{v}} - \frac{\partial L}{\partial \vec{r}} = 0 \quad \text{және} \quad \frac{d}{dt} \frac{\partial L}{\partial \vec{v}_b} - \frac{\partial L}{\partial \vec{r}_b} = 0 \quad (9)$$

Енді, (5)-ғы Лагранж функциясынан дербес туынды мәндерін жазсақ,

$$\begin{cases} \frac{\partial L}{\partial \vec{v}} = m \vec{v} + 3 \frac{mU\vec{v}}{c^2} + \frac{mv^2}{2c^2} \vec{v} - \frac{4m}{c^2} \left(-\frac{\gamma m_b}{2r^3} [\vec{r} [\vec{r}_b \vec{v}_b]] \right) \\ \frac{\partial L}{\partial \vec{r}} = -\frac{\gamma m^2}{r^3} \vec{r} - \frac{mU}{c^2} \frac{\partial U}{\partial \vec{r}} + \frac{3mv^2}{2c^2} \frac{\partial U}{\partial \vec{r}} - \frac{4}{c^2} \frac{\partial}{\partial \vec{r}} (\vec{p} \vec{U}) \\ \frac{\partial L}{\partial \vec{v}_b} = -\frac{4m}{c^2} \left(-\frac{\gamma m_b}{2r^3} [\vec{r} [\vec{r}_b \vec{v}_b]] \right) \vec{v} \\ \frac{\partial L}{\partial \vec{r}_b} = -\frac{4m}{c^2} \left(-\frac{\gamma m_b}{2r^3} (\vec{v}_b \vec{r} - \vec{r} \vec{v}_b) \right) \vec{v} \end{cases} \quad (10)$$

(9)- ге (10)-ға қойып қозғалыс теңдеуін жазамыз

$$\begin{cases} m^2 \dot{v} + \frac{3m}{c^2} (\dot{U}v + U\dot{v}) + \frac{3mv^2}{2c^2} \dot{v} + \frac{\gamma m^2}{r^3} \dot{r} + \frac{mU}{c^2} \frac{\partial U}{\partial \vec{r}} - \frac{3mv^2}{2c^2} \frac{\partial U}{\partial \vec{r}} + \frac{4}{c^2} \frac{\partial}{\partial \vec{r}} (\vec{p} \vec{U}) = 0 \\ \frac{d}{dt} \left(\frac{4\gamma m m_b}{2r^3 c^2} [\vec{r} [\vec{r}_b \vec{v}_b]] \right) \vec{v} - \left(\frac{4\gamma m m_b}{2r^3 c^2} (\vec{v}_b \vec{r} - \vec{r} \vec{v}_b) \right) \vec{v} = 0 \end{cases} \quad (11)$$

(11)-і қозғалыс теңдеуі. Орталық өріс болып табылатын, айналмалы нейтрондық жұлдыз қозғалысын сипаттайтын қозғалыс теңдеуі болып табылады.[2]

Аннотация

В данной работе, мы будем рассматривать движение пробного тела и возмущение, происходящие в поле вращающейся нейтронной звезды в ОТО. Параметры, характеризующие нейтронную звезду: масса, плотность, температура, радиус, скорость и полученные уравнения состояния. Определяем методом первого приближения Фока. Будем считать, что пробное тело не имеет собственного вращения.

Ключевые слова: вращающаяся нейтронная звезда, ОТО, прецессия, теория возмущение, аккреция.

Abstract

In this paper, we will consider the motion of the test body and the perturbation occurring in the field of a rotating neutron star in GR. Parameters that characterize a neutron star: mass, density, temperature, radius, velocity, and the resulting equations of State. We determine by the first Fock approximation method. We will assume that the test body has no proper rotation.

Key words: rotating neutron star, General relativity, precession, perturbation theory, accretion.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абдильдин М.М. Механика теории гравитации Эйнштейна. – Алма-Ата.: Наука, 1988,- 1986.
2. Абдильдин М.М. Проблема движения тел в общей теории относительности. - Алматы.: Казак университеті, 2006. – 132б.
3. Ландау Л.Д. Теория поля.-М.: Наука, 1973. – 400б.
4. Фок В.А. Теория пространства, времени и тяготения.-М.:,1961. – 563 б.
5. Рябушко А.П. Движение тел в общей теории относительности. Минск, 1979. – 240б.
6. Брумберг В.А. Релятивистская небесная механика. М.:1972.-382б.
7. Инфильд Л., Плебаньский Е. Движение и релятивизм.М.:1962.-204б

УДК 621.867.212

УЛУЧШЕНИЕ ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ ОБСТАНОВКИ ПРИ ИСПОЛЬЗОВАНИИ ЛЕНТОЧНЫХ ТРУБЧАТЫХ КОНВЕЙЕРОВ ДЛЯ ТРАНСПОРТИРОВАНИЯ СПЕЦИАЛЬНЫХ ГРУЗОВ

¹Кинжебаева Д.А., ²Кинжебаева А.С.

¹к.т.н, доцент, ²докторант 2 курса

¹Казахский национальный педагогический университет им. Абая, г. Алматы, Казахстан

²Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, г. Нур-Султан, Казахстан

e-mail: dinar.kinzhe@mail.ru

Введение. Для осуществления технологического процесса транспортирования сыпучих грузов на ТЭЦ, угольных шахтах, разрезах, рудниках и т.д. используют ленточные трубчатые конвейеры. В настоящее время они являются экологически чистыми системами транспортирования в сложных условиях.

Конвейерные системы - механические непрерывные транспортные средства для перемещения различных грузов на небольшие расстояния. Конвейеры разных типов применяются во всех отраслях промышленности для погрузки-выгрузки и транспортировки материалов в процессе производства. Обычно считается, что конвейер есть изобретение времени, вызванное к жизни требованиями массового производства. Однако почти все основные принципы конвейерной механизации были известны уже в 15 в. Грузоподъемное оборудование существовало в древности: подъемные устройства использовались в Египте в 1550 до н.э. [2].

Целью настоящей работы является исследование проблемы улучшения экологической обстановки при использовании ленточных трубчатых конвейеров в мире и их использование в промышленности.

Существующие ленточные трубчатые конвейеры в мире

В настоящее время во всем мире эксплуатируются более 1 000 ленточных трубчатых конвейеров, которые имеют общую протяженность более 300 км.

Мощные конвейерные линии протяженностью около 14 км находятся на Курской магнитной аномалии. В штате Аризона (США) работает конвейерная линия, состоящая из трех ставов, длиной

10,5 км и производительностью 1260 т/ч. Фирмой «Крупп» (Германия) изготовлена линия из 11 ленточных конвейеров общей протяженностью 100 км. Разработана конвейерная линия Германия – Нидерланды протяженностью 206 км, которая транспортирует руду Рурского промышленного района. Наибольшая в мировой практике производительность ленточных конвейеров достигнута на угольных разрезах Германии.

Анализ использования конвейерного транспорта в Казахстане показал, что наибольшее число ленточных конвейеров эксплуатируется на предприятиях промышленности строительных, нерудных материалов. Например, дробилка вольфрама и мобильный дробильный комплекс для речного камня в Алматы, в угольной промышленности Карагандинской области. В основном эти конвейерные линии имеют небольшую протяженность [3].

В системах для очистки воздуха используется пылеуловитель. Это устройство позволяет удалять из воздуха или газа взвешенные частицы. Достоинством этих устройств является низкая стоимость, а недостатком – относительно долгий процесс, громоздкая конструкция, предусматривающая отстойник [4-6].

Немецкая Профессиональная Ассоциация по карьерным разработкам (Steinbuch Berufsgenossenschaft) провела комплекс исследований по применению установки электростатического пылеподавления (рис. 1), которые показали, до какого уровня можно уменьшить выбросы минеральных частиц в точках перегрузки продукции на ленточные конвейеры [7].



Рисунок 1. Установка для удаления минеральных частиц из окружающего воздуха в точках перегрузки продукции на ленточный конвейер

Зарубежные фирмы пошли по пути создания беспросьпных конвейеров с применением специальной дорогостоящей ленты – трубчатые конвейеры и конвейеры со специальной подвесной лентой (рис.2) производства фирм Phoenix и Koch (Германия), Metco (Финляндия), Sicon (Швеция).

«Koch» установлен в швейцарских Альпах для транспортирования от карьера «Famsa» вниз под углом 29° гравия, песка и щебня, необходимого для строительства железнодорожного полотна в долине. Производительность конвейера приблизительно 500 т/ч, длина 208 м.

Индийская фирма «India's Jindal Steel and Power Ltd» добывает железную руду в г. Барбиле, штат Джаркханд (Индия) в руднике, расположенном на высоте 700 м над уровнем моря. Этой фирмой был заключен контракт с германской фирмой «Koch» на изготовление двух ленточных трубчатых конвейеров длиной 1 500 м каждый, предназначенных для транспортирования дробленой руды вниз (перепад высот 180 м), к пункту перегрузки на железнодорожный транспорт. Ленточные трубчатые конвейеры смонтированы в галерее и предназначены для транспортирования руды различных фракций. Один конвейер транспортирует более крупные куски, второй – куски мелкой и средней фракций. Конвейерная система спроектирована для работы производительностью 3 000 т/ч [1].



Рисунок 2. Конвейер с подвешенной лентой

Германская фирма «Koch» (рис.3) смонтировала на цементном заводе в Австрии трубчатый конвейер длиной 336 м, производительностью 20,0 т/ч при диаметре трубчатой ленты 200 мм, а один из наиболее мощных ленточных трубчатых конвейеров в мире разработала фирма «СКІТ» из ЮАР для индийского горного предприятия Birla Correg. Конвейер имеет длину 3,2 км и производительность 1 800 т/ч [8].



Рисунок 3. Трубчатый конвейер Германская фирма «Koch»

Технологические возможности ЗВ Hungaria позволяют выполнить любые требования Заказчика по изготовлению оборудования. Цена зависит от необходимых параметров. Также можно заказать различные дополнительные опции [9].

ОСНОВНЫЕ ТЕХНИЧЕСКИЕ ДАННЫЕ ОБОРУДОВАНИЯ

Производительность, т/ч	До 500
Ширина, мм	До 1400
Длина, м	До 1000
Диаметр ленты, мм	До 750

Официальным представителем оборудования ЗВHungaria (рис.4) является компания «МХМ Украина». Продажа конвейеров по оптимальной стоимости (ленточных: вертикальных (крутонаклонных), качающихся, трубчатых), рольгангов и других видов транспортирующего и

перерабатывающего оборудования осуществляется в любой город Украины (Одесса, Киев и т.д.) [10, 11].




Рисунок 4. Ленточный трубчатый конвейер фирмы ZBHungaria

Выводы

1. Достоинством ленточных трубчатых конвейеров является, что нет смещения ленты, увеличение срока службы ленты и роликов. Появляется возможность транспортирования материалов под углом 20-25°.
2. Возрастает энергоёмкость процесса транспортирования, нет просыпания груза, дробления, пыления и потери его качества при транспортировке. Улучшает санитарные условия труда.
3. Недостатком ленточных трубчатых конвейеров является высокая стоимость данных конвейеров.

Андатпа

Мақалада ұзындығы үлкен көлік конвейерлері қарастырылған және швейцариялық Альпіде орнатылған ұзындығы 208 м «Koch», Джаркханд штаты (Үндістан), Барбиле қаласындағы ұзындығы 1500 м сияқты әлемдегі бар таспалы құбырлы конвейерлердің (ТҚК) шолуы қарастырылған. «МХМ Украина» компаниясында қолданылатын ZBHungaria жабдығының негізгі техникалық деректері келтірілген. Германияда жасалған бөлшектердің санын өлшеу және жиналған шанның гранулометриялық құрамын анықтау үшін Sandvik HX410 қондырғысы қарастырылды. Таспалы құбырлы конвейерлердің артықшылықтары мен кемшіліктері көрсетілген.

Кілттік сөздер: шолу, конвейерлік жүйелер, шаңтұтқыштао, таспалы құбырлы конвейер, жүк, таспа.

Abstract

The article reviews the existing tube belt conveyors (TBC) in the world, such as «Koch», installed in the Swiss Alps, with a length of 208 m, in Barbil, Jharkhand state (India) with a length of 1,500 m. The main technical data of ZBHungaria equipment used in the company «МХМ Ukraine» are given. The Sandvik HX410 device for measuring the number of particles and determining the granulometric composition of collected dust developed in Germany is considered. Advantages and disadvantages of tube belt conveyors are shown.

Key words: review, conveyor systems, dust collector tube belt conveyor, cargo, belt.

ЛИТЕРАТУРА

1. Артоболовский И. И. Теория механизмов и машин. – М.: Наука, 1975. – 640 с.
2. <https://www.krugosvet.ru/enc/konveyery>.
3. <http://demeermakers.nl/themes/wisdom/static/project/mobile-crusher-plant.html>
4. <http://www.uralzavod.com/100000579.html>.
5. file:///C:/Users/User/Downloads/Report_Air_Kazakhstan_R_Rev.pdf.
6. Тогизбаева Б.Б., Сулейменов Т.Б., Жалгасбеков А.З., Амиржанова Д.Р. Анализ устройств для снижения токсичности от самоходного горного оборудования. Scientific horizons – 2015: Materials of the XI international scientific and practical conference, Sheffield (England), 2015. www.rusnauka.com.

7. <https://mining-media.ru/ru/article/prombez/347-minimizatsiya-pylevydeleniya-v-tochkakh-peregruzki-lentochnykh-konvejeroev>
8. Галкин В. И. Особенности эксплуатации трубчатых ленточных конвейеров / В. И. Галкин // Горное оборудование и электромеханика. – 2008. – № 1. – С. 7–12.
9. Hinterholzer S. Again published in Bulk Solids Handling / S. Hinterholzer, F. Kessler, K. Grabner – November, 2001. – P. 43–46.
10. <https://www.3bhungaria.com.ua/conv-ribbon/trubchatiy>
11. <https://mining-media.ru/ru/article/transport/1254-besprosyypnye-lentochnye-konvejery>.

ӘӨЖ: 539.17

КӨП БӨЛШЕКТІ ҚАБЫҚША МОДЕЛІНДЕГІ ТОЛҚЫНДЫҚ ФУНКЦИЯЛАР ЖӘНЕ НУКЛОНДАР МЕН КЛАСТЕРЛЕРДІҢ СПЕКТРОСКОПИЯЛЫҚ S-ФАКТОРЛАРЫ

Көпенбаева А.С.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 6D060400-Физика мамандығының 3 курс докторанты

Ғылыми жетекші: ф.-м.ғ.д., профессор Жүсіпов М.Ә.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ., Қазақстан

Кез-келген ядролық реакцияны дұрыс сипаттау процестің механизмін де, ядролардың құрылымдық ерекшеліктерін де білуді талап етеді. Ядролық физикада механизмі жақсы құрылған деп саналатын бірқатар процестер бар. Бұл жағдайда құрылымдық сипаттамаларды сипаттауға басты назар аударылады. Осындай процестер қатарына X бөлшегін A ядросымен алу ықтималдығын анықтайтын спектроскопиялық S-факторлар жатады, мұндағы X-нуклондар немесе кластерлер, яғни, дейтрон, тритон және альфа-бөлшектер. Құрылымдық сипаттамалар ядролық моделдерде есептеледі. Жеңіл ядролар үшін неғұрлым тиімді модель – ол көпбөлшекті қабықша моделі (КҚМ) болып табылады. Бұл модельде белгілі бір ядродан бөлшектерді бөлу үшін де, немесе оған қосу үшін де спектроскопиялық S-факторларды есептеу әдістемесі жасалған.

1. Көпбөлшекті қабықша моделінің толқындық функциялары

Қабықша моделіне сәйкес ядродағы нуклондар, олардың арасында күшті өзара әсерлесудің болуына қарамастан, бір-біріне тәуелсіз қозғалады. Бұл шартты келесідей тұжырымдауға болады: бөлшектің соқтығысу арасындағы орташа еркін жүріжолының ұзындығы ядроның сызықтық өлшемдерімен салыстырғанда үлкен [6]. Әрбір нуклонды басқалары жасайтын орташаланған өрісте қозғалатын деп санауға болады. Осындай өзіндік үйлесімді өрістің потенциалы статикалық және сфералық симметриялы деп қабылданады.

Көп бөлшекті қабықша моделінде ядролардың қасиеттерін толтырылмаған және толтырылған қабықтағы барлық бөлшектер анықтайды.

КҚМ-дегі толқындық функцияларды (ТФ) және энергия деңгейлерін есептеу Гамильтонды диагонализациялауға сәйкес келеді [7, 8]:

$$\hat{H} = \sum_{i=1}^n H_i + \sum_{i<j} V_{ij} + a \sum_i \hat{l}_i^{\mathbf{r}} \cdot \hat{s}_i^{\mathbf{r}}. \quad (1)$$

Бұл теңдеудің оң жағындағы бірінші бөлшек қарастырып отырған қабықшадағы барлық нуклондардың бірбөлшекті қорытынды энергиясын көрсетеді, ол деңгейдің салыстырмалы күйіне әсер етпейді. $\sum_{i<j} V_{ij}$ – нуклондардың жұптасып әсерлесі энергиясы – бұған әртүрлі алмасу күштері

жатады (Вигнер, Бартлетт, Майоран және Гейзенберг күштері), бұл күштердің әрқайсысының үлесі екі бөлшектік потенциалдың өрнегіне кіретін коэффициенттермен сипатталады:

$$\hat{V}_{12} = \left[W + M\hat{P}_x + B\hat{P}_\sigma + H\hat{P}_x\hat{P}_\sigma \right] V(r_{12}), \quad (2)$$

мұндағы P_x және P_σ – сәйкесінше кеңістіктік және спиндік координаталармен алмасу операторлары.

Орталық әсерлесу матрицасының элементтеріне L және K Сэлтер радиалды интегралдары жатады [8].

(1) теңдеудің үшінші құрамы – $a \sum_i \hat{l}_i^{\mathbf{r}} \cdot \hat{s}_i^{\mathbf{r}}$ – спин-орбитальдық әсерлесу, мұндағы a – әсерлесу тұрақтысы.

(1) теңдеудің шешімі көбінесе LS -толқындық функциялар немесе jj - байланыстар ретінде таңдалатын базистік күйлерде таралу түрінде ұсынылған. LS - байланыс түріндегі толқындық функция келесі түрде анықталады:

$$\Psi_i = \left| (1s)^4 (1p)^{A-4} [f] LSJT \right\rangle, \quad (3)$$

мұндағы $[f]$ – Юнг схемасы, L, S, T – сәйкесінше қозғалыс мөлшерінің орбитальдық, спиндік және изотоптық моменттері, J – қозғалыс мөлшерінің толық моменті.

Модель параметрлерін әртүрлі әдістермен таңдауға болады. Әдетте, есептеулер кезінде, кейбір параметрлерді барлық $1p$ қабықша үшін тіркеп алып, қалғандарын өзгертуге тырысады, осылайша экспериментпен ең жақсы сәйкестікке қол жеткізіледі. Мысалы, Кураттың [9] жұмысында L және K радиалды интегралдарды есептеудің орнына $W = H = 0$, $M = 0,8$; $B = 0,2$; алынған, L/K қатынасы параметр ретінде қарастырылған, сондықтан орталық әсерлесу мен радиалды толқын функцияларының радиалды тәуелділігін нақты қарастырудың қажеті болмады. Бұл жерде K параметр энергия шкаласын көрсетеді, және жұптық әсерлесудің амплитудасын сипаттайды. Курат [9] деңгей спектрі L/K шамасының әртүрлі мәндеріне байланысты емес екенін көрсетті. ыло показано, что спектр уровней малочувствителен к различным значениям L/K . Есептеулер $L/K = 6,8$ мәні үшін жүргізілді. Әрбір ядро үшін деңгейлер спектрі a/K параметрді өзгерту арқылы алынды, ал a/K мәні $1p$ -қабықшасының басынан аяғына дейін біртіндеп өсті.

А.Н. Бояркиннің жұмысында [8] басқа параметрлер алынды, яғни: Розенфельд алмасу варианты $W = -0,13$; $M = 0,96$; $B = 0,46$; $H = -0,26$; $L/K = 6$. Экспериментке сәйкес төменгі деңгейдегі орнына a және K параметрлердің өзгеруі арқылы жетті.

Сонымен, ядролық өзара әрекеттесу туралы негізделген болжамдар негізінде осы модельде топтық теорияның дамыған математикалық аппаратын, бұрыштық импульс теориясын, тензор операторларының алгебрасын, көп бөлшекті гамильтониан энергетикалық матрицасын диагонализациялау арқылы ТФ генеалогиялық ыдырата отырып ТФ функция мен ядроның негізгі және қозған күйінің спектрін есептеуге болады. [8]. Қарастырылған конфигурация шеңберінде бұл функциялар күйлердің толық жиынтығын құрайды және нуклондардың фермиондық статистикасының талаптарын қанағаттандырады, яғни олар антисимметрияланған болып табылады. Сондықтан КҚМ –де еркіндік дәрежесін нуклондық деп те, кластерлық деп те қарастыруға болады. КҚМ ядроның ішкі аймағында локализацияланған процестерді сипаттауда әсіресе сәтті болып табылады. Перифериялық процестерді қарастырған кезде, негізінен бұл модельдің ТФ дұрыс емес асимптотикасымен, яғни олардың үлкен қашықтықта өте тез ыдырауымен байланысты оның кемшіліктері айқын көрінеді [10].

КҚМ ядролық күйлердің генеалогиялық принциптеріне негізделген және қандай да бір ядролық күйлердің ТФ–нан нуклон сандары аз кез-келген ішкі жүйелердің ТФ таңдауға мүмкіндік береді. Кластердің кез келген санды нуклонмен бөліну ықтималдығы спектроскопиялық фактормен сипатталады, ол қалдық ядросы және алынған фрагмент қозғалысының ТФ модулі квадратының интегралы болып табылады [11,12]. КҚМ-ның басты артықшылығы - бастапқы күйдегі бірегей ТФ негізделген кез келген санды нуклонды кластерлер үшін де, нуклондар үшінде спектроскопиялық факторды есептеу болып табылады [8].

1, 2 кестелерде негізгі күйдегі ${}^6\text{Li}$ және ${}^7\text{Li}$ ядроларының ТФ-дағы әртүрлі компоненттерінің амплитудалары келтірілген [8].

Кесте 1 – Массалық саны $A = 6$ ядролар үшін ТФ амплитудалары

$A = 6, J = 1, T = 0$				
$E_{\text{экс.}}$	$E_{\text{теор.}}$	$[42]^{13}S$	$[411]^{11}P$	$[42]^{13}D$
0	0	-0,996	-0,077	0,018
6,0	5,7	-0,028	0,128	-0,991
-	16,4	-0,074	0,989	0,130

Кесте 2 – Массалық саны $A = 7$ ядролар үшін ТФ амплитудалары

$A = 7, J = 3/2, T = 1/2$						
$E_{экс.}$	$E_{теор.}$	$[43]^{22}P$	$[421]^{22}P$	$[421]^{24}P$	$[421]^{22}D$	$[421]^{24}D$
0	0	0,986	-0,020	-0,132	-0,062	-0,065
-	10,3	0,126	0,080	0,983	-0,095	-0,017
-	12,8	-0,069	-0,485	0,025	-0,085	-0,867
-	15,9	-0,032	0,870	-0,084	-0,090	-0,477
-	18,2	-0,065	-0,055	-0,081	-0,986	0,124

PISA халықаралық тест тапсырмалары 15 жасар білім алушылардың мектеп баспалдағында алған академиялық білімін өлшемейді. Зерттеу барысында оқушылардың академиялық білімдерін әртүрлі өмірлік ситуацияларда, яғни өмірлік дағдыларда қолдану. Сонымен қатар мәселелерді қою мен шешу, модельдеу, ойлауда қолданатын білімі мен дағдыларының деңгейлері бағаланады. Үш бағыт бойынша білім алушылардың сауаттылығын бағалау технологиясы PISA жобасына қатысушылардың алған білімдерін қорыта отырып, мектептен тыс жағдайларда қаншалықты қолдана алатынын анықтауға мүмкіндік береді. Мұндай көзқарас академиялық білімнің жоғары кәсіби деңгейде қолданыста жүзеге асырылуы арқылы қазіргі экономиканың қоғамға әсер етіп отыр деген деректі көрсетеді.

Қазақстан Республикасы алғаш рет халықаралық PISA зерттеу тапсырмаларына 2009 жылдан бастап қатысты. Еліміз PISA зерттеуіне үш мәрте қатысып, математикалық және жаратылыстану сауаттылықтары бойынша оңтайлы жетістіктер көрсетті. Ал 15 жасар білім алушылардың оқу сауаттылығы бойынша нәтижелерінде өзгерістер болмады. Бұл нәтижелер 2004 жылы қазан айында республикамызда білім мазмұнын білімділіктен құзыреттілікке көшу жөніндегі саяси көзқарастың дұрыстығын растап отыр. PISA зерттеуі 2000 жылдан бастап басымды үш бағыттың біріне баса көңіл бөле отырып, үш жылда бір қайталанып жүргізіледі. 2015 жылы зерттеу жаратылыстану сауаттылығына басымдылық беріліп өтетін болады. Алдыңғы жылдары бұл бағыттағы басымдылық 2006 жылы жүргізіліп, 57 ел, ал 2015 жылы 70 ел қатысқан [1].

PISA-2018 зерттеуі 2015 жылы өткен зерттеудегідей қосымша жаңашыл мақсаты бар, атап айтқанда, 15 жасар білім алушылардың функционалдық сауаттылығын интерактивті ортада бағалау мақсаты болған. Тестілеу жүйесі барынша электронды түрде жүргізілді. Сондықтан интерактивті тапсырмаларды пайдаланып компьютерлік тестілеуге назар аударған жөн.

Қазіргі уақытта республика бойынша PISA-2021 зерттеуіне қатысу мақсатында іс-шаралар өткізілуде. Ол зерттеудің мақсаты мен оның өткізілу тәртібін, тапсырмалардың ерекшеліктерін мұғалімдер мен оқушыларға бағдар етуге, біліктігі мен дағдыларын дамытуды қамтамасыз етуге бағытталған. Осы оқу бағдарламасын жүргізіліп жатқан жұмыстың бір бөлшегі деп санауға болады. Сол себепті оқушылардың алдағы уақытта PISA тапсырмаларын орындауда олардың сыни тұрғыдан ойлау логикалық қабілетін дамытуды мақсат қойып отырмыз. Сыни тұрғыдан ойлаудың стратегиясы мен әртүрлі пәндік саласындағы білім беру мен оларды үйретудің тәсілдерді біріктірудің ең тиімді әдістерін ұсынады. Оқу үлгерімі, білім деңгейі мен сапасын артырады, ал ең бастысы - оқушылардың оқуға деген қызығушылығын оятады. Менің ойымша, бұл қазіргі білім берудегі ең тиімді және жетістіктерге, жоғары сапаға қол жеткізудің қарапайым әрі жолы. Сыни

тұрғыдан ойлаудың стратегиясы арқылы халықаралық PISA зерттеу тапырмаларын құрастыруда тиімді және ұтымды жолдармен пайдалануға болады.

Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілетін арттыруда жан-жақтылықпен жұмыс жасау керек. Ол үшін оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілетін арттыруда тек қана қазақстандық ғалым – әдіскерлердің зерттеу жұмыстарымен шектелмей, PISA тапсырмаларын орындауда айтарлықтай нәтиже көрсете алған шет мемлекеттердің жұмыстарымен танысып, олардың ғалымдарының еңбектерімен алмасқан жөн. Мысалы, нәтиже бойынша алғашқы ондыққа кіретін Азия елдері халықаралық рейтингте ең жақсы нәтижелермен мақтана алады. Олар: Қытай, Тайвань, Сингапур, Оңтүстік Корея, Жапония және олардан кейін Финляндия, Лихтенштейн, Швейцария және Нидерландия елдері орналасқан.

Алайда бұл аталған мемлекеттер PISA тестілерінің кейбір кемшіліктерінің бар екендігін атап көрсете алмады. Тек қана жоғары экономика мектебінің әлеуметтік ғылымдар факультеті психология кафедрасының профессоры Александр Поддяков PISA тестілерінің де кейбір кемшіліктері бар деп санады: оның пікірінше, көптеген интерактивті шығармашылық тапсырмаларға жауап берудің икемді жүйесі болуы керек. Осы типтегі бірнеше тапсырмада сарапшы қателіктерді байқады: әзірлеушілер тестілерді шешудің басқа нұсқаларын болжай алмағандығы атап айтқан.

Бірақ Аризона университетінің американдық педагогика профессоры Дэвид Берлинер PISA тестінің нәтижелері білім деңгейімен емес, елдегі өмір сапасымен байланысты дейді. Америка Құрама Штаты 2015 жылы өткен PISA тестілеуінде математикадан 28-ші, оқудан 24-ші, жаратылыстану ғылымдарынан 25-ші орынды иеленді. Ол кезде Ресейдің сол пәндер бойынша 23, 26 және 33 орындарды иеленді. Ал Қазақстан ауыз толтыралықтай нәтиже көрсете алмады [2].

Ресей 2000 жылдан бастап PISA зерттеуіне қатысады. 2021 жылы зерттеудің 8-ші циклі өтеді. Ал Қазақстан 4-ші цикліне аяқ басады. Негізгі назар 15 жастағы оқушылардың математикалық сауаттылығын бағалауға аударылады. Қазіргі таңда елде зерттеуге дайындық жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бірақ, Ресей елінің оқушылары соңғы PISA тестілеуінен өткенде елдердің халықаралық рейтингісіндегі көрсеткіштері төмен болды. 2021-ші жылы айтарлықтай орына ие болу мақсатында Ресей елінде қарқынды жұмыстар жүргізіліп жатыр. Сонымен 2015 жылы PISA-ға қатысушы басым мемлекеттер жаратылыстану ғылымдары бойынша білімнің ауқымдылығын ескере отырып, әзірленген оқу бағдарламаларын іске асырады.

Осы жаратылыстану ғылымдарына физика, биология, география және химия пәндері кіретіндігі белгілі. Ал, енді физика пәнінен PISA тапсырмаларын дайындауда оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілетін қалай арттыруға болады? Жоғарыда айтқандай оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілетін арттыруда тек қана өз еліміздің ғалымдарының жұмыстары мен қатар ресей-әдіскерлерінің жазған еңбектерімен ұштастыратын болсақ, онда біз көкसेген мақсатымызға бір табан жақындайтын едік.

Бүгінгі таңда Ресей ғалым-әдіскерлерінің сыни тұрғыдан ойлауды дамыту және сыни ойлауды дамытудың теориялық ережелері туралы ғылыми тәжірибе еңбектері жинақталған. Мысалы, С.Выготский, Ж. Пиажет, К. Роджерс, Д. Халперн, Г. Линдсей, Л. Джинни, С. Курфис, Ч. Темпл және С.Заир-Бек. Осы аталған ғалымдардың еңбектерінің ортақ Андатпасі бір. Ол – сыни бағалау оң және теріс қатынастардың сындарлы көрінісі бола алатын және бағалауды қамтитын болуы керек. Сыни тұрғыдан алғанда, біз нәтижені ғана емес (біз қабылдаған шешім қаншалықты дұрыс немесе тапсырманы қаншалықты сәтті орындадық), сонымен бірге ойлау процесін де (тұжырымдарымызға әкелген ойлау барысы немесе шешім қабылдау кезінде ескергеніміз) бағалаймыз. Сыни тұрғыдан ойлау қажетті нәтижеге қол жеткізуге бағытталған, сондықтан оны кейде бағытталған ойлау деп те атайды.

Бағалау қызметі оқушылардың практикалық дағдыларын дамытады, олардың арасындағы байланыстар мен қатынастарды орнатады, балаларды синтез және талдау, салыстыру және салыстыру ретінде логикалық тұжырымдарға үйретеді. Осылайша, олар ойлаудың дамуын ынталандырады, оқу әрекеттерін қалыптастыруға ықпал етеді. [3]

Рефлексия-сыни ойлаудың ажырамас бөлігі. Рефлексия процесінде жаңа ақпарат тағайындалады, яғни ол өзінің біліміне айналады. Мұны Р.Пол өзінің сыни ойлау анықтамасында растайды: «сыни ойлау - бұл ойлауды жақсарту мақсатында ойлау туралы ойлау... Сонымен қатар, екі мәселе шешуші мәнге ие: сыни ойлау өзін - өзі жетілдіруге әкеледі; бұл жетілдіру ойлау процесін түзету стандарттарын қолдану дағдыларымен келеді». Жекелеген пәндерді оқыту процесінде оқушылардың сыни ойлауының дамуын ғылыми негіздеудің жеткіліксіздігімен байланысты проблемалық жағдайдың болуы келесі қарама-қайшылықтардың өзекті болуына әкеледі:

әлеуметтік-педагогикалық деңгейде:

- мазмұны әртүрлі полярлы ақпараттық орта жағдайында өмір сүретін және жұмыс істейтін қоғам мүшелерінің сыни ойлауын дамыту, бағалау негізінде белгісіздік жағдайында шешім қабылдау және оны білім беру практикасында, оның ішінде жеке пәндерді оқыту процесінде және жалпы оқу жоспарында іске асыру болып табылатын әлеуметтік тапсырыстың объективті бар болуы арасында;

ғылыми-теориялық деңгейде:

- өмірлік және динамикалық ақпараттық-білім беру ортасында тұлғаның барабар бейімделу факторы ретінде сыни ойлау феноменін теориялық түсіну қажеттілігі мен теориялық және ғылыми-әдістемелік деңгейлерде оның ғылыми негіздемесінің жеткіліксіз деңгейі;

ғылыми-әдістемелік деңгейде:

- жеке тұлғаның сыни ойлауын дамыту проблемасын шешу жөніндегі ғылыми ұсынымдарға деген қажеттілік пен жалпы білім беру жүйесінің педагогтері үшін оны шешуді ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етудің жеткіліксіз дәрежесі арасында.

Осы берілген ұстанымдарды физикадан PISA тапсырмаларын құрастыруда ескерек, онда біз оқушылардың функционалды сауаттылығын арттыруда үлес қосар едік.

Annotation

The main goal of modern education and upbringing is the formation of a well-rounded, changeable environment, capable of using their knowledge, skills and abilities, enterprising, having their own thinking, capable personality. This goal involves the development of functional literacy. Functional literacy is an indicator of the level of a person's ability to interact with the external environment and the ability to adapt to this environment and communicate as quickly as possible. Renewal of education consists in the development of the teacher not only knowledge, but also skills of their application, in particular functional literacy or competence. An important and complex issue on the part of the teacher is the formation of students' skills to effectively use the acquired knowledge for self-education, analysis, construction, self-realization in public life and instilling benefits to society.

Key words: PISA, critical thinking, scientists, natural science literacy, result.

Андатпа

Қазіргі кездегі білім мен тәрбие берудегі негізгі мақсат – жан - жақты білімді, өзгермелі ортаға бейім, өзінің білім, білік дағдысын қолдана алатын, іскер, өзіндік ой толғамы бар, қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру. Бұл мақсат функционалды сауаттылықты дамытуды көздейді. Функционалды сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Білім беруді жаңарту ұстаздың білімін ғана емес, оларды қолдану дағдыларын, атап айтқанда, функционалды сауаттылығын немесе құзыреттілігін дамыту болып табылады. Ұстаз тарапынан оқушылардың бойында өзіндік білім алу, талдау, құрастыру, қоғамдық өмірде өзін-өзі жан-жақты таныту үшін алған білімін тиімді пайдалана білу дағдыларын қалыптастыру және қоғамға пайда келтіру маңызды әрі күрделі мәселе болып табылады.

Кілттік сөздер: PISA, сыни тұрғыдан ойлау, ғалымдар, жаратылыстану сауаттылығы, нәтиже.

Аннотация

Основная цель современного образования и воспитания – формирование всесторонне образованной, склонной к изменчивой среде, способной использовать свои знания, умения и навыки, предприимчивой, обладающей собственным мышлением, способной личности. Данная цель предполагает развитие функциональной грамотности. Функциональная грамотность-показатель уровня способности человека к взаимодействию с внешней средой и способности максимально быстро адаптироваться к этой среде и общаться. Обновление образования заключается в развитии у педагога не только знаний, но и навыков их применения, в частности функциональной грамотности или компетентности. Важным и сложным вопросом со стороны учителя является формирование у учащихся навыков эффективного использования полученных знаний для самообразования, анализа, конструирования, самореализации в общественной жизни и привития пользы обществу.

Ключевые слова: PISA, критическое мышление, ученые, естественнонаучная грамотность, результат.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстандағы PISA-2009 халықаралық зерттеуі нәтижелері бойынша Ұлттық есеп, БСБҰО, 2010.
2. Интернет: <https://god2021bull.com/issledovanie-pisa-2021-goda-napravlenie-podgotovka/>
3. Джонсон, Д.Х. Несколько замечаний касательно обучения критическому мышлению // КМ Новости. - 1985. - Т.4. - №1. - 210 с.

УДК 377.5.02

НЕКОТОРЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ИНФОРМАЦИОННОЙ ТЕХНОЛОГИИ В ПРОЦЕССЕ ПОДГОТОВКИ УЧИТЕЛЕЙ ТЕХНОЛОГИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Асаналиев М.К., Тавинтеев Р.А.

¹д.п.н., профессор, академик МАНПО РФ, ²преподаватель

¹Кыргызский государственный технический университет им.Раззакова,

²Исыккульский государственный университет, г.Бишкек., Кыргызстан

Возможность исследования проблемы внедрения ИТО в процесс профессионального обучения обусловлена быстрым накоплением и обновлением объема научных знаний при фиксированном времени обучения и возросшими объективными потребностями современного автоматизированного производства в подготовке учителей технологического образования.

Динамический процесс развития компьютерной техники в профессиональную деятельность не могут не повлиять на изменение технологии обучения в традиционной системе «учитель–студент» и арсенал технических средств, используемых преподавателем. Появившиеся в конце ХХІ века и стремительно развивающиеся информационные технологии характеризуются всепроникающим характером, что объясняется единством закономерностей протекания информационных процессов во многих сферах человеческой деятельности, в том числе, и в образовании [1]. Отсюда следует, что логическим следствием информатизации общества является совершенствование современных методов обучения путем применения персональных компьютеров как средств реализации информационных технологий.

Данная проблема на определенном уровне разработанности информатизации образования, внедрение информационных технологий в практику высшего профессионального образования происходит медленно, продолжают доминировать традиционные методы и средства обучения. На это есть ряд объективных и субъективных причин: недостаточный уровень обеспеченности образовательных учреждений ВПО средствами компьютерной техники, а также квалифицированными, информационно грамотными специалистами. Кроме того практическое применение средств информатизации, в первую очередь персональных компьютеров, во многом сдерживается отсутствием исследований по определению дидактических условий оптимального внедрения ИТ в образовательный процесс учреждений ВПО.

Необходимо разрешение противоречия между объективной необходимостью внедрения ИТ в образовательный процесс с целью повышения эффективности обучения и отсутствием системных исследований по определению необходимых дидактических условий, являющихся их предпосылкой. Все это обусловлено развитием темпов смены техники и технологий порождают адекватное изменение целей образования, которые, в свою очередь, детерминируют новый тип образования - инновационный, где информационные технологии призваны сыграть системообразующую, интегрирующую роль.

Информационные технологии, являясь качественным продолжением компьютерных технологий, находятся в процессе своего развития, то семантическое содержание, педагогический смысл этого понятия продолжает постоянно уточняться. Мы под информационными технологиями обучения понимаем целостную технологическую обучающую систему, представляющую собой интеграцию технической, дидактической, пользовательской и информационно-образовательной среды, обеспечивающую выполнение заранее обусловленной последовательности совместных действий субъектов обучения в условиях информатизации образования, направленных на достижение проектируемых результатов профессиональной подготовки кадров.

Анализ психолого-педагогических концептуальных подходов к процессу обучения, с учетом сложившихся объективных и субъективных предпосылок информатизации образования, изменения

целей образования и появления нового элемента педагогической системы – ИТО [3], мы разработали модель ПС, которая соответствует инновациям, происходящим в образовании и характеризуется такими общесистемными признаками как организованность, иерархичность и целостность. В свою очередь категория «целостность» предполагает настолько тесную связь между элементами системы, что изменение одного из них вызывает изменение других, а нередко, и системы в целом. В связи с этим положением нами теоретически и экспериментально апробированы возможные изменения взаимосвязанных элементов ПС (содержание образования, методы, формы, средства, субъекты обучения), а также выявлены дидактические условия, необходимые для оптимального внедрения ИТО в образовательный процесс учреждений системы ВПО[4,5].

Дидактические условия внедрения ИТО мы понимаем определенное состояние субъект-объект-субъектной среды образовательного учреждения, возникшее в результате инновационной деятельности педагогического коллектива, способствующее качественному изменению педагогической действительности (уровня профессиональной подготовки студентов) на основе внедрения и использования информационных технологий.

К таковым условиям мы относим:

- наличие в образовательных учреждениях современных технических средств, позволяющих реализовать информационные технологии обучения (компьютеры и их локальные сети, средства мультимедиа, локальные - на CD ROM - базы данных и необходимые педагогические программные средства);

- достаточный уровень компетентности педагогов для осуществления образовательного процесса с использованием информационных технологий;

- готовность осваивать новое, наличие положительной психолого-педагогической установки субъектов обучения (студентов и педагогов) к применению ИТО;

- создание интегрированных курсов «Спецпредмет + информатика», адекватных новым целям образования и происходящему в обществе процессу информатизации.

Выявленные дидактические условия смогут обеспечить адаптивность введеному элементу системы - информационным технологиям обучения, а вся педагогическая система получит новое, более высокое качество, обеспечивающее подготовку квалифицированных кадров.

Проведенный на базе кафедры «Инженерная педагогика» констатирующий эксперимент показал наличие современной материально-технической базы и педагогических программных средств во всех образовательных учреждениях. Это первое, выделенное нами, дидактическое условие ИТО является базой для всех последующих условий, иначе информационные технологии реализуемы быть не могут.

Проведенное в ходе констатирующего эксперимента анкетирование участников эксперимента показало у студентов недостаточный уровень компьютерной грамотности (низкий уровень - 60% студентов, средний - 33%, при явно выраженной «компьютерной фобии» - 50% - из-за недостаточности знаний по основам КТ), и слабую, не отвечающую современному уровню, подготовку педагогов к проведению уроков по спецпредметам с использованием информационных технологий. В то же время у субъектов образовательного процесса (студентов ПО) имеется явно выраженная положительная установка (91% опрошенных) на использование компьютерной техники в обучении. Это послужило основанием сделать вывод о том, что на этапе констатирующего эксперимента уровень реализации дидактических условий можно отнести к стихийно-информационному.

Все вышесказанное явилось предпосылкой к проведению формирующего эксперимента, основанного на системном подходе к использованию КТ и ИТ в обучении. Осуществление данного научного подхода можно отнести к информационно-теоретическому уровню реализации информационных технологий в учебном процессе профессиональной подготовки студентов.

В ходе формирующего эксперимента предусматривалось проведение занятий с педагогами и студентами с целью ликвидации пробелов в знаниях и умениях работы с компьютером, выявленных в констатирующем эксперименте. Для будущих учителей читался спецкурс «Современные информационные технологии в профессиональном образовании», предусматривающий освоение педагогами персонального компьютера и обучение работе с пакетами прикладных учебных программ. Полученные знания в сфере работы с компьютерной техникой, соответствующие современному уровню подготовки, позволили педагогам интегрировать освоенные способы информационной деятельности в учебный процесс, что привело к количественным и качественным изменениям в использовании компьютера в профессиональной деятельности.

После проведения учебных занятий стала возможной реализация очередного, выявленного нами, дидактического условия - создание интегрированных курсов специальных предметов. В результате предложенного в статье алгоритма деятельности педагога по конструированию содержания специальных предметов был разработан интегрированный курс, в котором интегрируемый предмет «Информатика» был направлен на освоение студентами специфических информационных способов деятельности, информационных технологий, развитие информационной культуры, а интегрирующий курс «Инженерная графика», предоставляя учебный материал, обеспечивал предметную составляющую курса.

На следующем уровне реализации дидактических условий - информационно-эмпирическом - интегрированный спецкурс «Инженерная графика + информатика» апробировался в образовательном процессе. Реализация данного интегрированного курса может рассматриваться как одно из важнейших дидактических условий ИТО.

В ходе обучения по программе интегрированного курса для студентов создавались условия, когда у них возникала потребность и была обеспечена возможность работы на компьютере. Кроме того, на учебных занятиях по предмету «Информатика» формировались знания о сферах применения компьютерной техники в жизни общества и развивался интерес и мотивация к использованию компьютера в своей досуговой и будущей профессиональной деятельности. Все это было направлено на устранение выявленной во время констатирующего эксперимента «компьютерной фобии», формирование навыков пользователя ПК и повышение уровня информационной культуры.

В результате обучения интегрированному курсу «Инженерная графика + информатика» у студентов экспериментальных групп заметно изменился качественный состав знаний и умений, входящих в понятие компьютерная грамотность, по сравнению с студентами контрольных групп. Полученные результаты корреляционного анализа в экспериментальных ($r = 0,70$) и контрольных $r = 0,31$) группах говорят о существовании достаточно выраженной прямой связи между успеваемостью по информатике и успеваемостью по инженерной графике, преподаваемому в экспериментальных группах с использованием ИТ. Это позволяет сделать вывод о том, что интеграция двух курсов положительно сказывается на качестве знаний по обоим предметам. Полученные коэффициенты полноты усвоения знаний по интегрированному курсу в экспериментальных группах выше, чем в контрольных: $Kэ = 0,03$, $Kк = 0,028$. Положительная тенденция наблюдается и по коэффициенту прочности усвоения учебных элементов $Kпэ = 0,94$, $Kпк = 0,91$.

Таким образом, результаты проведенного формирующего эксперимента дают наглядную картину более высокого уровня обученности студентов в экспериментальных группах, чем в контрольных и могут служить основанием для выводов о повышении качества обучения с использованием ИТО, что свидетельствует о подтверждении выдвинутой нами научной гипотезы. В результате итогового контроля количество студентов экспериментальных групп, получивших высокие баллы оказалось в 1,5 раза больше, чем в контрольных группах, что говорит о более высоком уровне их профессиональной подготовки.

Андатпа

Мақалада педагогикалық шындықты (студенттердің кәсіби дайындық деңгейін) сапалы өзгерту мақсатында ақпараттық технологияларды пайдалану мүмкіндіктері қарастырылған.

Кілттік сөздер: Ақпараттық технологиялар, техника және технологиялар, технологиялық білім беру мұғалімі, инженерлік графика

Аннотация

В статье рассмотрены возможности использования информационных технологий с целью качественного изменения педагогической действительности (уровня профессиональной подготовки студентов).

Ключевые слова: информационные технологии, техника и технологии, учитель технологического образования, инженерная графика

ЛИТЕРАТУРА

1. Образование и XXI век: Информационные и коммуникационные технологии. – М.: Наука, 1999.
2. Открытое образование – объективная парадигма XXI века / Под общ. ред. В.П. Тихонова. – М.: МЭСИ, 2000.

3. Проект Программы информатизации московского образования (подготовлено МИПКРО, Центром информационных технологий и учебного оборудования под руководством А.Л. Семенова). – М.: МИПКРО, – 2000.

4. Информатика и образование 5—2008

5. Информатика и образование 3—2008

6. Миронова, Р. С. Инженерная графика: Учебник. / Р. С. Миронова, Б. Г. Миронов. - 2-е изд., испр. и доп. - М.: Высш. Шк.; Издательский центр «Академия», 2001. -288с.: ил.

ӘӨЖ: 004.42

БІЛІМ БЕРУДЕ МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ

Ш.М.Асылбекова

магистр, оқытушы, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ., Қазақстан
e-mail:shynar.asylbekova91@gmail.com

Білім беру процесінде заманауи ақпараттық технологияларды қолдану жалпы және арнайы орта білім беру мекемелерінде ғана емес, сонымен қатар жоғары оқу орындарында да кеңінен қолданылады. Ақпараттық технологияларды қолданудың артықшылығы білім алушыларға ұсынылған материалды тиімді игеруге, оқу процесін модернизациялауға ықпал етуге, қашықтықтан білім беру және үздіксіз білім беру жүйесін дамытуға мүмкіндік беруде және оқыту процесін тиімді ұйымдастыруға көмектеседі. Мобильді құрылғылар бүгінде біздің күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігі болып табылады. Кез-келген салада жаңа технологияларды енгізу білім саласына айтарлықтай әсер етеді. Мобильді қосымшаларды әзірлеу күн санап өркендеп келеді және олардың қызметтері күн сайын үлкен аудиторияға қызмет етеді [1].

Бүгінгі таңда оқу процесін ұйымдастыруда мобильді технологиялар кеңінен қолданылады. Гаджеттер біздің күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігі болып табылады. Оқу процесінде мобильді құрылғыларды пайдаланбайтын студентті елестету мүмкін емес. Реферат дайындау, курстық жұмыс жазу, өзара бір-бірімен байланыс, дәрістер мен практикалық материалдарға қол жеткізу, семинарлар мен конференцияларға қатысу – осының барлығы бүгінгі күні ақпараттық технологиялардың даму барысында онлайн-режимде іске асып жатыр.

Мобильді оқытудың ерекшелігі оның кез-келген уақытта және кез-келген жерде қол жетімділігі. Сондықтан әзірлеушілер электронды оқытудан түбегейлі ерекшеленетін әдіснаманы қолданады. Мобильді оқыту жеке және топтық оқыту түрлерін біріктіреді және кейбір пәндер мен тақырыптарға өте ыңғайлы білім беру кеңістігін жасайды. Сондай-ақ, өздік жұмысты орындау барысында білім алушылар әртүрлі интернет-платформалардың көмегімен тапсырмаларды шығармашылықпен орындауға мүмкіндік алады, осылайша өтілетін жаңа тақырыпқа қызығушылығын арттырады және оқытушыға оқыту процесіне жаңа көзқараспен қарауға көмектеседі [2-3].

Kahoot, Mentimeter, Plickers, Quizlet сияқты онлайн сервистердің media фрагменттерін, әртүрлі презентация форматтары мен интерфейстерін қолдана отырып, зертханалық және өзіндік жұмыстарды алдын-ала тапсыруға мүмкіндік береді. Оқытушылар бұл қызметтерді бақылау құралы ретінде белсенді қолданады, бұл білім алушының өзіндік жұмысын ұйымдастыруға оң әсер етеді және ағымдағы білім бақылауын ұйымдастыруға оқытушының уақытының азаюына әкеледі. Мұндай тесттер тез тексеріліп, оқытушыны күнделікті тексеру жұмысынан жеңілдетеді. Оқыту сапасының мониторингін мобильдік технологиялар мен құрылғыларды пайдалану арқылы бақылау, оқу материалын игеру деңгейін барынша саралау кезінде білімді жүйелі бағалауды пайдалануға мүмкіндік беретінін көрсетеді.

Kahoot қосымшасы интерактивті сауалнамалар жүргізуге мүмкіндік береді. Оқытушы сайтта алдын-ала тест дайындайды <https://kahoot.com/>, ал сабақта компьютер мен проектордың көмегімен білім алушылар өздерінің ұялы телефондарында орнатылған қосымшалар арқылы таңдайтын сұрақтар мен жауап нұсқаларын көрсетеді. 2 режимді таңдау ұсынылады – командалық немесе жеке. Ұпайлар сұрақтарға жауаптардың дұрыстығы мен жылдамдығына байланысты беріледі. Тест аяқталғаннан кейін барлық тестілеу нәтижелерін оқытушы оларды кейіннен талдау үшін электрондық кестеде сақтай алады. Kahoot қосымшасы барлық білім алушыларды белсенді оқу қызметіне тарта отырып, оқытудың кез келген кезеңінде (бастауыш сыныптардан бастап ЖОО-дағы сабақтарға дейін) сабақты қызықты және түсінікті етуге мүмкіндік береді.

Quizlet қосымшасы арқылы оқу материалын енгізу мен бекітудің қызықты форматы кез-келген тақырып бойынша ұсынылады. Ол әрбір карточканың бір және басқа жақтарындағы мәтінді (және суретті) салыстыруға мүмкіндік беретін карточкалардың электрондық аналогы болып табылады. Сіз сөздерді және олардың аудармаларын, тарихи оқиғалардың күндерін, математикалық және химиялық формулаларды, әдеби шығармалар мен олардың авторларының аттарын және тағы басқаларын есте сақтауға үйрете аласыз.

Өз карталарыңыздың жиынтығын жасауға немесе көптеген дайын жиынтықтардан таңдауға (қаласаңыз, оларды өзгертуге) болады. Әр түрлі жаттығу форматтары ұсынылады: карталарды дәйекті немесе кездейсоқ қарау, жауапты жазбаша енгізу, жиынтықтан таңдау, интерактивті ойын және т.б. әр жиынтықта сіз күрделі карталарды белгілей аласыз, содан кейін олар тек жаттығуға ұсынылады. Quizlet қосымшасымен жұмыс істеу ыңғайлы және әрқашан қол жетімді.

Мобильді қосымшаларды білім беруде қолданудың артықшылығы:

- Қосымшаларды кез-келген жерде және ыңғайлы уақытта қолдану;
- Әртүрлі қосымшаларды таңдай аласыз, қалай үйрену керек және ол үшін қандай ресурстарды пайдалану керек;
- Заманауи цифрлық технологиялардың көмегімен оқуға деген ықылас, қосымшаларды үйрену құралы ретінде пайдалану.

Осылайша, мобильді құрылғыларды қолдана отырып, білім алушыларды оқытуды ұйымдастырудың ұсынылған тәсілі мобильді платформалардың жаңа мүмкіндіктерін пайдалану арқылы қолдану аясын кеңейтеді. Қорытындылай келе, мобильді қосымшаларды оқу процесіне қосымша ретінде және аралас оқытудың құрамдас бөлігі ретінде пайдалануға болады. Мобильді оқытуды белсенді қолдану компьютерлерді портативті гаджеттермен алмастыруды мақсат етпейді, керісінше білім беру ортасын білім алушылар үшін қолайлы және қол жетімді қызықты және өзекті әдістермен кеңейтеді және толықтырады.

Андатпа

Қазіргі уақытта мобильді технологиялар оқытудың инновациялық әдістерін енгізуде үлкен потенциалға ие. Мақалада мобильді құрылғылардың технологиялық ерекшеліктері, қазіргі білім беру процесіндегі әсері мен ролі қарастырылады.

Кілттік сөз: мобильді құрылғы, Android, қосымшалар, гаджет, тестілеу

Аннотация

Мобильные технологии имеют большой потенциал для содействия внедрению инновационных методов обучения. В статье рассматриваются технологические особенности мобильных устройств, их влияние и роль в современном образовательном процессе.

Ключевые слова: Мобильное устройство, Android, приложения, гаджет, тестирование

Abstract

Mobile technologies have great potential to facilitate the introduction of innovative learning methods. The article discusses the technological features of mobile devices, their influence and role in the modern educational process.

Key words: Mobile device, Android, apps, gadget, testing

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Доскажанов Ч.Т., Даненова Г.Т., Коккоз М.М. Роль мобильных приложений в системе образования // Международный журнал экспериментального образования. – 2018. – № 2.
2. <https://kahoot.com/schools-u/>
3. <https://quizlet.com/ru>

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІ ДАЯРЛАУДА ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ

Әлімбаева Г.Б.

Алматы қаласы, ҚазҰПУ -нің профессоры, п.ғ.д.
alimbek_50@mail.ru

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында білім беру жүйесін реформалау, жоғары кәсіби педагогикалық білім жүйесінің функционалды-құрылымдық және мазмұндық өзгертілуін талап етеді. Құрылымдық және мазмұндық ерекшелігі, үздіксіз білім беру жүйесінде дара тұлғалық бағыттылықта болашақ мұғалімдерді даярлауды жетілдірудің педагогикалық және әдістемелік басылымдарда, үздіксіз көп деңгейлі білім беру жүйесі негізінде, жобалық семинарлар мен ғылыми-практикалық конференцияларда нақтыланып, оқыту үдерісінде қолданылып келеді.

Өркениетті әлемнің таңдаулы мүшесі болу – мемлекеттің рухани және мәдени қуатына, ғылымы мен біліміне тікелей байланысты. Сондықтан, Н.Ә.Назарбаев [1]: «... білім мен ғылымды өз дәрежесінде меңгерген елдер ғана әлемдік дамудың алдында, озық көштің бойда ұстар тұсында болады», - деп мемлекет тағдыры мен кәсіби білікті де, құзыретті мамандар даярлауды негізгі басымдықтар деп қатар қояды.

Жоғары кәсіптік білім беруді интеграциялау үдерісін жүйелеу, әрі жетілдіру мақсатында өзге мемлекеттерде де маңызды қадамдар жасалуда. Лиссабон конвенциясы, Сорбонна және Болонья декларациясында қабылданған шешімдер осының айғағы. Декларацияда: «Біз жоғары білімге деген теңдесі жоқ сұраныстың куәсі болып отырмыз, себебі оның әлеуметтік-мәдени және экономикалық дамудағы маңызын, сондай-ақ жаңа білім, дағды, біліктілікті және идеяларды меңгерген жас ұрпақтың болашақты жасаудағы шешуші маңызын үлкен сезіммен мойындаймыз», - деп атап көрсетілген. Болон декларациясының білім беруге қойған негізгі мақсаттарының бірі – «оның сапасын қамтамасыз ету...» - деп нақтыланған. Осы орайда, елімізде де білім беру жүйесін реформалау бағытында ауқымды істер жүзеге асырылуда.

Қазақстан Республикасындағы білім саласында қоғамдық-әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық білім тұрғысынан болашақ маманның кәсіби білім жүйесін жетілдіру бағыттарында зерттеулер кең өріс алуда. Ғылыми-теориялық және практикалық бағытта болашақ мамандарды дайындау әр деңгейлерде зерттеліп келеді. Мұғалімнің кәсіптік даярлығы орта немесе жоғары оқу орнының қабырғасында бітпейтінін классикалық педагогика теориясында дәлелденген, ол оның кәсіптік қызметінің барлық кезеңінің барысында жалғастырылады. Мұғалімнің кәсіптік білімінің үздіксіздігі оның шығармашылық қабілеттерін дамытудың қажетті алғы шарты, жеке тәжірибесін ұдайы дамытудың шарты. Ең бастысы, ол өзінің іс-әрекетін оқушы танымдық қызметтің объектісі емес, субъектісі болып табылатын оқыту үдерісіне бағытталған, қазіргі дидактикада айқындалған үдерістерге сәйкес, кәсіби білікті педагогты қалыптастыруға тиіс. Бұл жерде басымдық іс-әрекеттің дербес түрлеріне, болашақ мұғалімдердің ақпаратты іздестіру, өңдеу, ой елегінен өткізу және қолдану жөніндегі жеке белсенділігіне берілуге тиісті. Жалпы педагогикалық білім берудің құрылымы мен мазмұнын жетілдірудің, мұғалімдер даярлаудың сапасын арттырудың міндеттерін шешу өзекті мәселе болып отыр.

Үздіксіз көп деңгейлі кәсіби педагогикалық білім беруге мемлекеттік стандарттың дәстүрлі, бірізді мемлекеттік педагогикалық маман даярлау стандарты мен ғылыми негізге сүйене отырып, салыстыруымыздан мұғалімдерді даярлау стандартын енгізудегі оңтайлы шешімді аңғардық, нақтыласақ:

- мамандықтарға негізделген циклдердің кешендігі, дәстүрлі форма сақталынған;
- циклдердің ара-қатынасы мен көлемі өзгертілген, оқу жүктемесі ықшамдалған, қысқартылған;
- пәндер бойынша бірізділік, сабақтастық принципі;
- көп деңгейлі білім беру жүйесінде, кәсіпке дайындау мазмұнының талаптарының өзгеруінен туындаған жаңа пәндердің енгізілуі.

Жас мұғалім жұмысының сәттілігі оны қоғамдық-саяси, жалпы білім беру, арнайы, психологиялық-педагогикалық әдістемелік дайындығымен байланыста болады. Жаңадан келген жас мұғалімдердің дайындық деңгейін анықтау үшін біз төрт этаптан тұратын зерттеу жұмыстарын ғалымдардың зерттеу әдіснамаларын негізге ала отырып жүргіздік:

- мектеп директорларынан сауалнама, сұхбат;

- жас мұғалімдерден сауалнама, сұхбат;
- ата-аналармен сұхбат;
- жас мұғалімдердің оқушылармен, ата-аналармен, қоғамдық тапсырмаларды орындау деректері.

Сонымен, үздіксіз білім бере отырып, дамыта оқыту технологиясы бойынша кәсіби-тұлғалық даралығын табыс нәтижесіне бағдарлы білімдендіру бойынша болашақ мұғалімнің кәсіби потенциалын дамыту көзделген (1-сурет).



Сурет 1 – Болашақ мұғалімдердің кәсіби потенциалын дамыту бағыттары.

Болашақ мұғалімнің кәсіби бейімділік, икемділік деңгейлерінің мамандық таңдауда мамандықты ұнату факторларының байланысының әлсіздігі байқалды. Біздің ойымызша, студенттердің кәсіптік дайындығының стандарттық талаптан төмен болуының себептері: кәсіби бейімділікті дамытатын әдіс-тәсілдері өз дәрежесінде қолданбауы, кәсіптік даярлықты қалыптастыруда жеке тұлға факторының көлеңкеленуі, жалпы массалық қатынас.

Болашақ мұғалімдердің кәсіптік дайындығын жетілдірудің педагогикалық бағыттарын анықтау арқылы мынадай тұжырымдарға келдік:

- зерттеуіміздің психологиялық-педагогикалық талдау нәтижесінде біз кәсіби бейімделу үдерісі кәсіби қызметтің мазмұнын анықтайтын фактор деген қортындыға келдік. Болашақ мұғалімнің кәсіби қызметі, кәсіби тұрақтылығы, кәсіби нәтижелілік жоғары оқу орнында бейімделу үдерісіне байланысты;

- болашақ мұғалімдерді кәсіби бейімделуінің жан-жақты сипаты кәсіби қызметке бейімделуге жүйелі педагогикалық факторлардың кешенін зерттеуді ұсынды;

- болашақ мұғалімдердің кәсіптік дайындығын қалыптастырып жетілдіру теориялық білім шығармашылық және аналитикалық сын жүргізу арқылы қабылданып, кәсіби тұлғаның қалыптасуына санлы әсер ететініне көз жеткіздік;

- үздіксіз көп деңгейлі білім беру жүйесінің принципінің негізінде кәсіби білім мен біліктілікті өмір бойы үздіксіз дамытуға қалыптастыру мақсатында кәсіби білімдендіру талаптарын орындап, шешу жолдарын іздестіруде әрбір студент жеке тұлға ретінде және маман иесі тұрғысынан қарастыру.

Жеке тұлғаға бағдарланған педагогикалық технологиялардың сабақтастығы, маман тұлғасын қалыптастыруда жүйелілігі, сыни тұрғысынан ойлау арқылы өздігінен білім алу, кәсіби біліктілікті шеберлікке ұштастыруға педагогикалық жоғары оқу орнында тиімді жолмен қалыптастыруға болады деген болжамымыздың туралығына көз жеткіздік.

Үздіксіз білім беру жүйесінде болашақ мұғалімдерді даярлауды жетілдірудің педагогикалық бағыттары арқылы кәсіби даярлау теориялық және тәжірибелік зерттеу нәтижелері төмендегідей қорытынды жасауға мүмкіндік туғызды:

1. Үздіксіз білім беру жүйесін дамыту нақты нәтиже беруге бағытталған тиімді мазмұндық-мақсаттық моделін құрып, оны жүзеге асыру үшін жүйелі педагогикалық технология талаптарын қанағаттандыратын практикалық жүйе құруды қажет етеді.

2. Кәсіби білімдендіруде педагогикалық жүйені жетілдіруде [2]:

- оқыту үдерісінің сапасы мен тиімділігін арттыруға;
- болашақ мұғалімнің өзіне және қоғамға қажетті бейімділігін, әлеуметтік кәсіби-тұлғалық белсенділігін дамытуға;
- болашақ мұғалімнің оқу-танымдық әрекетін тиімді ұйымдастыруға, өмір бойы өздігінен білім алу дағдысын қалыптастыруға;
- педагогикалық компьютерлік технологияның мүмкіндігін тиімді пайдалануға;
- болашақ мұғалімдердің кәсіби бейімділігіне қарай деңгейлі білімдендіру;
- болашақ мұғалімдердің кәсіби бағдары мен кәсіпкерлік деңгейін білімдендіру үдерісінде арттыруға жағдай жасау.

3. Болашақ мұғалімдерді даярлауды жетілдірудің әдістемелік жүйені техноло-гиялық негізде дамытудың мынандай дидактикалық талаптардың орындалуы [3]:

- кәсіби білімдендірудің нәтижелі мақсаты диагностикалық анықталуы тиіс;
- білім мазмұны нәтижелі мақсаттарға сәйкес нақатыланып, анықтау принциптері ізгілендіруі қажет;

- болашақ мұғалімдердің кәсіби-тұлғалық сапасын арттыруда білімдендірудің белсенді әдістері басым түрде пайдаланып, оқыту әдістерінің негізгі аспектілері ескерілген, кәсіби бейімделуді дамытуда білімдендірудің деңгейі құрылып, толыққанды кеңінен пайдалануы қажет;

- кәсіби білімдендірудің формасы болашақ мұғалімнің даралық даму траекториясының негізінде топтық даму түрлерін тиімді үйлесуін қамтамасыз етуді жетілдіруі тиіс;

- үздіксіз педагогикалық кәсіби білім беру жүйесін жетілдіру кәсіби білімдендіру құралдарының дидактикалық мүмкіндіктері нақты анықталып, өздігінен білім алуға нәтижелі бағытталуы қажет.

4. Үздіксіз білім беру жүйесінде болашақ мұғалімдерге кәсіби білім беру үдерісінде, нәтижеге бағдарланған педагогикалық әдіс-тәсілдерді ендірудің жолдары көрсетіліп, оқытудың технологиялар жүйесі: дамыта оқыту, деңгейлеп оқыту, модульдік оқыту – кәсіби бейімділікті дамытуға ықпалы жан-жақты ашылып, оқу үдерісінде пайдаланудың үлгі жоспары ұсынылды [4]:

- кәсіби бейімділіктің негізінде кәсіби білімдендіруді деңгейлеп оқыту технологиясында қарастырылып, әрбір деңгейде даралық және топтық іс-әрекеттер жүйесі салыстырмалы түрде көрсетілді;

- жоғары оқу орнында мұғалімдерді даярлауда дамыта оқыту технологиясы дәстүрлі және дамытушы оқытуды салыстыру негізінде ашылды;

- болашақ мұғалімдерді даярлауда жүйелі педагогикалық технологияны пайдаланғанда «студент-объект» және «студент-субъект» тұрғысынан алғандағы «студент-оқытушы-болашақ мұғалім» - іс-әрекеттері өзара бірлікте салыстырылып, ерекшеліктері анықталды;

- үздіксіз білім беру жүйесінде, болашақ мұғалімдердің кәсіби бейімділігін дамытуға негізделген оқу үдерісінде әдіс-тәсілдерді пайдаланудың жолдары көрсетілді.

5. Деңгейлік оқыту үдерісінде болашақ мұғалімдердің физика және технология пәндерінде кәсіби тілді дамыту жолдары көрсетіліп, әдістемелік технологияларды үйрену әдістерінің мүмкіндіктері ашылды. Болашақ мұғалімдердің алғашқы курстан педагогикалық технологияны меңгеруінің біліктілік деңгейлері негізінде кәсіби бейімділік дәрежелерінің өсуі анықталды.

6. Үздіксіз кәсіби педагогикалық және әдістемелік білім беру жүйесінде, білімдендіру үдерісінде, жүйелі педагогикалық технологияның әдіс-тәсілдерін пайдалану бойынша нәтижелері көрсетілді.

Үздіксіз білім беру барысында, оқу үдерісіне жүйелі педагогикалық технологияның әдіс-тәсілдерін ендіру барысында студенттердің үлгеріміне, білімдерінің сапасының артуына, нәтижелі кәсіби бейімденуіне жол ашатындықтары дәлелденді. *Жеке тұлғаға бағдарланған үздіксіз білім беру* адамның білімге деген қажеттілігін үнемі қанағаттандыру, әртүрлі білім беру деңгейін тандапалып, меңгеруге мүмкіндік беретін және білім беру бағдарламаларын жобалау мен іске асыру шарттарын қарастырады. Жоғары мектептегі жеке тұлғаға бағдарланға білім беру студенттің дамуына және өзін-өзін дамытуға, оның жеке ерекшеліктерін, қызығушылықтары мен қабілеттерін ескере отырып тұлға ретінде қалыптасуына бағытталған. *Тұлғаға бағдарланған оқыту* әрбір білім алушылардың бейімділіктері мен қызығушылықтарын, мүмкіндіктері мен қабілеттерін, құндылық бағдарлары мен субъективті тәжірибесін ескере отырып өздерін танымда, оқу іс-әрекетінде іске асыру мүмкіншілігін береді. *Тұлғаға бағдарланған тәрбие* – бұл жалпы адамдық құндылықтар негізінде тұлғалық қасиеттерді дамыту және өзін-өзі дамыту. Е.В.Бондаревская «ізгілікті жеке тұлғаға бағдарланған тәрбиелеу – бұл тұлғаның әдени сәйкестендіру, әлеуметтік бейімдеу және шығармашылық өзін-өзі жүзеге асырудың педагогикалық басқарылатын процесі, осы процес

барысында білім лұшының мәдениетке, қоғам өміріне енуі, оның барлық шығармашылық қабілеттері мен мүмкіндіктерінің дамуы болады» деп есептейді.

Тұлғалық келіс – бұл педагогикалық–психологиялық ғылымдағы ең басты қағида, ол белсенді оқыту және тәрбиелеу ортасын қалыптастыруды, тұлғаның даму және өзін-өзі дамыту барысындағы өзіндік ерекшелігін ескеруді қарастырады. Аталған қағида білім алушының тәрбие үдерісіндегі жағдайын анықтайды, оны іс-әрекеттің белсенді субъектісі ретінде қабылдауды білдіреді, демек субъект-субъектілік қарым-қатынастың қалыптасқанын көрсетеді. Атақты психолог С.Л.Рубинштейн жеке тұлғаға бағдарланған келіс теоретигі ретінде мойындалған. Басқа белгілі психолог К.К.Платонов: тұлғалық келіс – бұл адамның барлық психикалық құбылыстарын анықтайтын жүйе ретінде түсіне отырып адамға тұлға ретіндегі жеке қатынасы деп есептейді. Педагогикада тұлғалық келістің мағынасын Б.П.Беспалько анықтады. Ол оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруда осындай келіс жетекші болады деп атап көрсетті.

«Тұлғаға бағдарланған оқыту – бұл ең басты орынға баланың тұлғасы, оның өзбетінше өмір сүруі, өзіндік құндылығы қойылатын оқыту, әркімнің субъектілік тәжірбиесі алдымен ашылады, содан кейін білім мазмұнымен келісіледі» *Тұлғаға бағдарланған келіс* – бұл педагогикалық іс-әрекеттегі әдіснамалық бағдар, ол өзара байланыстағы ұғымдар, идеялар және әрекет ету тәсілдерінің жүйесіне сүйену арқылы білім алушының жеке тұлғасының өзін-өзі тану, өзін-өзі құру және өзін-өзі жүзеге асыруды, оның қайталанбас даралығын қамтамасыз етумен қолдауға мүмкіндік береді. *Біріншіден*, жеке тұлғаға бағдарланған келіс білім алушы мен өзара әрекеттесетін мемлекеттік және қоғамдық институттардың емес, көпмөлшерде білім алушының қажеттіліктері мен қызығушылықтарын қанағаттандыруға бағытталған. *Екіншіден*, осы келісті қолдану барысында педагог негізгі күш – жігерін білім алушының әлеуметтік типтік қасиеттерін қалыптастыруға емес, олардың бірегей тұлғалық қасиеттерін дамытуға жұмсайды.

Үшіншіден, бұл келісті оқу-тәрбие үдерісінде оқытушылар мен тәрбиеленушілердің арасындағы субъект-субъектілік қарым-қатынастың өзгеруіне ықпал ететін субъектілік өкілеттіліктерді қайта бөлуді қарастырады. Тұлғаға бағдарланған келіс пен бұрынғы әдіснамалық бағдарлар арасында басқада айырмашылықтар бар. Олар толығырақ тұлғаға бағдарланған және жеке келістердің салыстырмалы сипаттамасы берілген.

Андатпа

Кәсіби педагогикалық білім беруді жетілдірудің мақсаты үздіксіз және жүйелі кәсіби өзін-өзі тәрбиелеуге қабілетті педагогтің бәсекеге қабілетті тұлғасын қалыптастыру үшін неғұрлым қолайлы жағдай жасау болып табылады.

Кілттік сөздер: ақпарат, үздіксіз білім беру, интеграция, жаңа ақпараттық технологиялар, педагогикалық технология.

Аннотация

Целью совершенствования профессионального педагогического образования является создание наиболее благоприятных условий для формирования конкурентоспособной личности педагога, способной к непрерывному и систематическому профессиональному самообразованию.

Ключевые слова: информация, непрерывном образовании, интеграция, новые информационные технологии, педагогического технология.

Abstract

The purpose of perfection professional teachers - pedagogical of formation is creation of optimum conditions for formation the competitive person of the teacher capable to continuous and systems to professional self - education.

Key words: informatization, technology, new information technology, adaptation, educational technology, mixed media.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. //Ақиқат. №1. -2013. -5-27 бб.

2. Әлімбаева Г.Б. Жоғары мектепте оқыту үдерісін ұйымдастырудың ғылыми негіздері. Оқулық. «Ұлағат» баспасы– Алматы, 2015. – 372 б.

3. Әлімбаева Г.Б. Болашақ мұғалімдердің теориялық және әдістемелік даярлықтарын жетілдіруге арналған оқу құралы. –Алматы, 2019. – 206 б.

4. Кузина Н.В. Профессионализм личности преподавателя и мастера производственного обучения. – М.: Высш.шк., 1990. – 119 с.

ЭОЖ 378.016. 1:53(574)

БОЛАШАҚ МАМАНДАРҒА ИННОВАЦИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСТЕРІН КӘСІБИ БАҒЫТТА ҚАЛЫПТАСТЫРУ

¹Әлімбаева Г.Б., ²Тұрғанова М.Б.

¹ҚазҰПУ профессоры, п.ғ.д., ²3-курс докторанты. alimbek_50@mail.ru Алматы қаласы,

Бүгінгі күнгі жоғары оқу орындарының басты міндеті – білікті мамандарды дайындау екендігі даусыз. Заман талабы өзгерген сайын жоғары оқу орындарына қоғам тарапынан қойылатын талап та өзгереді. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың мемлекеттің болашақ дамуына арналған «Қазақстан – 2050» стратегиясында [1] жоғары білімнің сапалылығы, адамсүйгіштігі және жаһандануы арқылы мәдениет жасаушылық, интеграциялық рөліне ерекше мән берген болатын. Осыған байланысты елімізде жоғары білім беру саласы соңғы жылдары өзгерістерге ұшырап, жаңа бағыт іздеу жолында.

Қазақстан Республикасындағы қоғамдық өзгерістердің ауқымдылығы, күрделілігі білім беру саласына оның ішінде жоғары оқу орындарында білім беру стратегияларына өзгерістер енгізуді талап етеді. Әр түрлі болжамдардың сан алуандығына қарамастан, қазіргі білім беру жүйесін дамыту үдерісінде жаңа оқыту үлгілеріне, мазмұнына, технологияларына, түрлері мен әдістеріне қатысты шығармашылық ізденістердің қарқындылығымен, әрі көп түрлілігімен ерекшеленетінін мойындауға болады. Мұндай даму қоғамды ақпараттандыру технологиясын қарқынды дамыту аясында жүзеге асырылып отыр.

Жоғары оқу орнының басты мақсаты – алдыңғы қатарлы жастар тәрбиелеу, адамзаттың мәдени және өнегелік деңгейі мен оның ой-өрісін арттыру, жоғары білімді маман иелерін қазіргі заман талабына сай дайындау.

Жоғары білім – маманға білім, іскерлік және дағды ғана беріп қоймайды, ол жеке тұлға қалыптастырады. Бүгінгі күнгі педагогика ғылымының көкейкесті мәселелері – әлемдік білім беру кеңістігіне сай бейімдеп білім алу, кәсіби қалыптастырудың сапасын жақсарту, біліммен қамтамасыз етудің ғылыми-әдістемелік жүйесін түбегейлі жаңарту, оқытудың әдістері мен ұйымдастыру түрлерін өзгерту, педагогикалық ғылымдарды ұйымдастыруды қайта құру, ондағы алдыңғы қатарлы оқу-тәрбие тәжірибелері мен қазіргі қоғамның сұраныстарының алшақтығын жою, білімдегі жаңашылдықты саралау, білімді жетілдіру үдерісіндегі үздіксіздікті қамтамасыз етуде оның рөлін арттыру.

Қазақстан Республикасының «*Білім туралы*» Заңында [2] ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім беру және оның шығармашылық, рухани және тәни күш қуатын жетілдіру, жеке тұлғаның жан-жақты дамуына жағдай жасау міндеті көзделгенін ескерсек, болашақ мамандарды жаңашылдыққа даярлауымыз керек.

Жаңашылдық білім беру саласының алдында тұрған жаңа міндеттерді сәтті орындаудың негізгі шарттарының бірі болып саналады. Олар оқу-тәрбие жұмыстарының тиімділігі мен өнімділігін арттыруға септігін тигізеді. Білім беру саласына жаңалықтар енгізбестен бұрын, қоғамдық еңбектің басқа салаларына сәтті түрде жаңалықтар енгізу қиынға соғады.

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді сараптау нәтижелері «новация» мен «инновация» ұғымдарын жеке-жеке қарастыру керектігін көрсетті. Дегенмен, әдебиеттерде осы екі ұғымның әртүрлі анықтамалары кездеседі. Инновация ұғымын энциклопедиялар мен сөздіктерде әртүрлі анықтамаларын кездестіруге болады. Инновация ұғымына жалпы энциклопедияның жаңа басылымында «инновация»; жаңалық, жаңару – техникалық және технологиялық жетістіктер мен ашылымдардың немесе жаңалықтардың іс жүзіндегі қолданысы - деген анықтама беріледі.

Ал, сөздікте «новация – бар нәрсенің ішінара жаңаруы, яғни қандай да бір бөлігінің, қасиетінің, байланысының өзгеруі» делінсе, «инновация – мүлдем жаңа нәрсе, жаңалық» ретінде пайымдалады. «*Инновация*» сөзі латын тіліндегі *in* (ішіне) *novus* (жаңа) сөздерінен құралып, жаңару, жаңалық, өзгеру деген мағынаны білдіреді. Қазақстанда ең алғаш «инновация» ұғымын қазақ тілінде анықтаған ғалым, профессор Н.Нұрахметов. Ол «Инновация, инновациялық үдеріс деп отырғанымыз, білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызмет» деп көрсетеді [3]. Ал, К.Құдайбергенова «*инновацияны*» – нақты

қойылған мақсатқа сай алынған жаңа нәтиже деп есептеп, төмендегідей аудармалар жасаған: «инновация» - жаңарту, «нововедение» – енген жаңалық, «новое» – жаңа, «новшество» – жаңалық, «инновационный процесс» – жаңарту үдерісі. Алайда, инновация ұғымының шығу кезеңі мен тарихын дәл анықтау мүмкін болмаса да, бұл ұғым қоғамдық ғылымдарға жаратылыстану ғылымдарынан келген деп есептеледі. Өйткені, инновациялар көбіне экономика, техника, агрономия, өнеркәсіп және медицина салаларында кеңінен қолданылады. Инновациялар қоғамның пайда болу кезеңінен бері жүзеге асырылып келе жатса да, педагогикалық категория ретінде XX ғасырдың 70-80 жылдарында ғана қолданысқа енгізілді. Мұның басты себептерінің бірі – олардың мағынасының түрліше түсінілуінде.

Кейбір ғалымдар инновациялардың анықтамасын берер кезде оның түрлеріне де ерекше тоқталып өтеді. Кейбіреулері білім берудің мақсаты мен міндеттеріне негізделетін жаңалықтарды: материалдық және рухани, құрылымдық және технологиялық, негізгі, іргелі, стратегиялық жаңалықтар деп бөлсе; ал біреулері білім беру саласы мен ұйымдарындағы жаңалықтарды: жаһандық, жекелеген, ұйымдық және спонтандық, ірі және ұсақ, сырттан әкелінген және спонтандық, ішкі және сыртқы жаңалықтар деп бірнеше түрлерге ажыратады.

Білім берудегі жаңалықтарды жіктеу барысында инновацияның адам қызметінің ең маңызды түрлерінің бірі екендігін ескерген жөн. Бұл қызметті қатаң шектеуге және бөлшектеуге болмайды. Білім берудің барлық құрамдас бөліктері мен аспектілеріне жаңалық енгізу қиын, тіпті мүмкін емес болғанымен, оларды бір құрамдас бөлікке біріктіру одан сайын қиынға соғады. Сондықтан, білім беру мазмұнындағы жаңалықтар міндетті түрде ұйыммен және тиісінше, жұмыс істеу әдістемесімен өзара ықпалдасып отырады. Инновациялық білім беру үдерістерін басқаруды кәсіби қалыптастырудың тиімділігін бағалау критерийлеріне инновациялық білім беру үдерісінің шынайылығы, жүзеге асырылғыштығы (ресурстық қамтамасыз етілу деңгейі), басқарылғыштығы, инновациялық деңгейі, гуманитарлығы, өңделгендігі және таралу мүмкіндігі жатады.

Жоғары оқу орындарындағы инновациялық білім беру үдерістерін басқаруды кәсіби қалыптастырудың *ұйымдық-педагогикалық бағыттарының жүйесі*:

- инновациялық білім беру үдерістері жұмыс істейтін оқу және білім беру ортасының ғылыми әрі оқу-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етілуін;

- жоғары оқу орындарының инновациялық құрылымын құру кезінде білім беру, ғылыми-зерттеу және коммерциялық (инновациялық білім беру үдерістеріне кететін шығынды өтеу және келешектегі инновациялық білім беру үдерістерін қаржыландыру әлеуетін қалыптастыру мақсатында) іс-әрекеттердің үйлесімділігінің орнатылуын;

- жоғары оқу орындарындағы инновациялық білім беру үдерістерін басқару құрылымының инновациялық білім беру үдерісінің кезеңдерін жүзеге асыратын функциялармен сәйкестігін;

- оқу материалдарының көлемін және пәндік дайындықтың қысқартылған мерзімін ескере отырып, оқыту әдістері мен түрлерінің ең оңтайлы үйлесімділігін;

- оқу материалының кәсіптік бағдарлану, өзекті мәселеге бағытталу және мәселені ашып көрсету деңгейінің қамтамасыз етілуін еңбек нарығы мен білім беру қызметтері нарығының маркетингтік зерттелуін қамтиды.

Қазіргі кездегі жоғары білімнің мақсатына жаңаша түсінікпен қарасақ, оны дамытудың *басты стратегиялық бағдары* – өмірге жауапкершілікпен қарайтын, дүниетанымдық мәдениеті жетілген, шығармашылық ойлауға дағдыланған, іскерлік қабілеттілігі биік, гуманистік ойлауы басым, инновациялық ілімімен қаруланған адамгершілік қасиеттері мол білікті мамандардың жаңа ұрпағын қалыптастыру болып табылады.

Ал енді, жоғары кәсіби білім берудің алдында тұрған неғұрлым маңызды, мәнді міндеттерге келсек, мыналарды бөле-жара атаған жөн:

- *біріншіден*, білім жүйесін жетілдіру;
- *екіншіден*, оны үздіксіз әрі көпсатылы құрылым ретінде енгізу;
- *үшіншіден*, халықаралық біліми кеңестікке кіру.

Бүгінгі таңда бұрынғы жоғары білім беру жүйелерін осы заманғы әлеуметтік, экономикалық даму тұрғысынан жетілдіру талап етіледі. Ең басты мәселе – білімді жетілдіру, жаңа жүйеге көшу болып табылады.

Еліміздегі жоғары оқу орындарында білім мен ғылымдағы ең алуан түрлі және болашағы зор қазіргі заманғы білім беру технологиялары ендірілуде. Оқытудың кредиттік жүйесін, қашықтан оқыту формасын енгізуді, маман даярлаудың көпсатылы құрылымына көшуді, оқу үдерісінде қазіргі заманғы білім беру технологиялары мен сабақ берудің озық әдістерін қолдануды атап айтуға болады.

Білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін оны халықаралық стандарттар деңгейіне шығару қажет, бұл бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып табылады.

Қазақстанның жоғары кәсіби білім берудің көп деңгейлі құрылымы және жоғары мектептің халықаралық білім беру жүйесіне жоспарлы интеграциялануы, жоғары оқу орнын қазіргі заманның талаптарына сай басқару мәселелері жаңа тәсілдерді талап етеді. Болашақ мамандардың шығармашылық мүмкіндіктерінің дамуына, олардың білім беруде кредиттік жүйені енгізу жағдайларында кәсіби хабардарлығының бейімделуі жоғары оқу орындарында оқу үдерістерін ұйымдастыруда сапалы өзгерістердің қажеттілігін көрсетеді.

XXI ғасырда білім берудің мазмұнды болуына толық мүмкіндіктер жасалып келеді. Оның мәнділік сапаға ие болуы үшін әр студенттің білім мазмұнының ғылыми негізін даралық қабілеттілікте қабылдауына ықпал ету тиімді. Педагогикалық білім беру мазмұнында (жоғары оқу орнындағы жағдайына) бейнеленген формальді емес педагогикалық зерттеулердің нәтижесі парадигманың, яғни оқыту іс-әрекетке жаңа көзқарастың білімдік жинақталған принциптерін сіңіре келіп, стандартқа сәйкес студенттердің сұранымына, қоғамның қажеттілігіне, білім беру қызметінің сапасы деңгейінде іс-әрекеттерін бағдарлайды. Білім беру іс-әрекетінде тұлғаның, өзін-өзі айқындауы, өзін-өзі дамытуы, осыларға деген қызығушылық пен қажеттіліктер дәстүрлі ұйымдастырылған педагогикалық іс-әрекетте екінші орындағы және қосалқы жұмыс ретінде қалып отырғанын байқаймыз. Мұнымен бірге әлем мен Қазақстанда болып жатқан білім беру үдерісі барысындағы өзгерістер, анықтап айтқанда, адамның әлеуметтік ортадағы қамтамасыз етер мәселеге назар аудару қажеттілі туып отыр. Оқыту студенттердің оқуға ізденімпаздық белсенділігін арттыру тұрғысында ғана жетістікке жетеді. Неғұрлым студенттердің іс-әрекетін қарқындылыққа қарай оқытушы-профессорлар құрамы бағдарлай білсе, соғұрлым оқыту нәтижелі болмақ.

Жоғары оқу орындарында аталған:

1. Білім мазмұны арқылы тәрбиелеу (мамандығын сүюге, оған ізгілікті сипат беруге).
2. Оқыту үдерісінде студенттердің мақсаттылықта өзара қауымдық іс-әрекетінен басқа да заңдылықтар бар, олар төмендегідей [4]:

1. Студент түсінігінің өркендеуіне бір ұғымның екінші ұғыммен тығыз байланыстылығы арқылы жүзеге асады және ол ұғымдар белгілі тақырыптың маңыздылығын айқындауға көмек береді.

2. Қабілет тек білім мазмұнынан туындайтын ғылым негізіндегі нысаналарды ойға, жадына сақтау іс-әрекеті мен қызметінің ұштасуына қарай дамиды.

3. Оқу материалының меңгерілу тұрақтылығы оның ілгерілеу заңдылығына қарай ұдайы ескеріліп, қайта-қайта қайталау іс-әрекетінде жүзеге асырылады.

4. Оқу, оқыту іс-әрекетіндегі қолданылатын күрделі тәсілдердің бәрі дерлік оқытушы-профессорлардың қаншалықты білімі-ғылыми еңбекті ұйымдастыруда қарапайым тәсілдерге төселдіруіне қарай дамиды, сөйтіп студент белгілі бір оқысынан туатын жағдайларды қарапайым тәсілдердің басын қосу арқылы өзінің тәжірибесінде ұтымды қолданып, оны күрделендіре алады.

5. Студент оқу үдерісінде оқытушы-профессорлар құрамның берген ақпараттар тоғынын еске түсіру арқылы оны жинақтап, одан әрі дамытуға мүмкіндік алады.

6. Кез-келген білім мазмұнындағы жақсылықты меңгеру үшін студент тіректік ұғымдарды табуға ынталану аудиториялық жұмыстардың нәтижесінде туады.

7. Студенттің икем-қабілетінің өркендеуі оқытушы-профессорлардың ұсынған білім мазмұнының сипатына тікелей байланысты.

Жоғары оқу орындарындағы инновациялық білім беру үдерістерін басқаруды кәсіби қалыптастыру іс-әрекеттерінің орындалуына тікелей педагогикалық-ұйымдастыру жұмыстарының мына жолдары ұсынылады:

- ұжым мүшелеріне жоғары оқу орнын дамытудың қажет екендігін ұғындыру;
- инновациялық өзгерістерге қатысушыларға жоғары оқу орнын дамытуға мұқтаж әрі қажетті екендіктерін сезіндіру;
- инновациялық іс-әрекетке қатысушыларды жаңалық жасауға және өзгерістер енгізуге ынталандыру;
- қатысушылардың бойына инновацияларды жүзеге асыруға қажетті білім мен қабілетті сіндіру;
- жаңалықтарды сәтті игеруге қажетті барлық ресурстарды дайындау.

Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі білім беруді дамыту Тұжырымдамасында: «Орта білім беру мақсатының бірі жылдам өзгеріп отыратын дүние жағдайларында алынған терең

білімнің негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін өзі іске асыруға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру» делінген.

Егер, мәселені тұлғаның қалыптасуы көзқарасы тұрғысынан қарастырса, онда теориялық даярлық мыналарды қамтиды [5]:

- кәсіби – танымдық даярлық;
- кәсіби даму;
- кәсіби тәрбиелеу;
- тұлғаның жалпы тәрбиеленуі мен дамуы.

1. Теориялық даярлық үдерісінде бірінші кезекте кәсіби білімдер жүйесін дамыту мен қалыптастырудан тұрады. Теориялық оқыту оқушылардың кәсіби дамуына ықпал етеді: бұл – кәсіби есте сақтаудың және кәсіби ойлаудың дамуы, ақпаратты қабылдау тетіктері қырларының өзіндік дамуына қосылған үлес.

2. Кәсіпке теориялық оқыту кәсіби тәрбиеге де елеулі үлес қосады. Бұл ең әуелі кәсіби оң бағытталушылыққа тәрбиелеу – таңдап алған кәсіпке ұнатушылыққа тәрбиелеу; кәсіби еңбек сапаларын қалыптастыру; Бұл – тұлғаның кәсіби – коммуникативтік, кәсіби – эстетикалық, кәсіби – дене сапаларын қалыптастыруы.

3. Оқу, даму және тәрбиелеу қасиеттері ерекше ұйымдасқан іс-әрекетте – оқу іс-әрекетінде қалыптасады. Мұнда білімдер мен біліктіліктерді игеру оқытудың тікелей нәтижесі, тәрбиелеу - әлдеқайда алыс нәтиже. Даму да сондай алыс нәтиже.

Кәсіпке теориялық оқыту мамандарды кәсіби іс - әрекеттің тікелей теориялық негізі болып табылатын білімдер жүйесімен қаруландыру болып табылады. Ол сондай-ақ, мамандарда игерілетін кәсіптің шеңберінде теориялық іс - әрекет біліктіліктерімен қаруландырылуы тиіс. Кәсіби білім берудің практикалық бөлігінің базистік немесе оқу міндеті оқушылардың кәсіби қызметтерін орындауға мүмкіндік беретін біліктіліктердің жүйесін қалыптастыру болып табылады. Кәсіби даярлықтың біліктілік деңгейіне байланысты практикалық даярлықтың ойлау біліктілігіне қосатын үлесі әр түрлі. Жалпы білім беруде ойлау біліктілігіне практикалық даярлықтың қосатын үлесі ерекше болып келеді. Сонымен, жоғары оқу орындарындағы инновациялық білім беру үдерістерін басқаруды *кәсіби қалыптастыру дегеніміз* – қазіргі талаптарға сай, білім беру саласына жаңа оқу әдістерін ендіру арқылы, жеке тұлғаның кәсіби білімі мен біліктілігін жетілдіре отырып, кәсіби қызметке қажетті білімдерін, іскерліктерін және дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Жоғары оқу орындарындағы инновациялық білім беру үдерісін және оның құрамдас бөліктері саналатын оқу-тәрбие үдерісінің мазмұны мен ұйымдастырылуын жобалау, қадағалау, реттеу, түзету және ғылыми пайдалылығын анықтау мен сыналған тәжірибені тарату мәселелерін жан-жақты зерттеуге қажеттілік туындайды. Жоғары оқу орындарындағы инновациялық білім беру үдерістерін басқаруды кәсіби бағытта қалыптастыру мәселелері келешекте жан-жақты зерттеуді қажет ететін өзекті мәселе екендігін айту орынды.

Андатпа

Бұл мақалада еліміздің жоғары оқу орындарында болашақ мамандарды білімді және жоғары білімді, жан-жанжақты мамандандырылған, қоғамға қажетті, қазіргі заманның озық жаңа технологияларын пайдалана алатын мамандар дайындау жолдары қарастырылады.

Кілт сөздер: мамандар даярлау, инновация, технология, инновациялық үдеріс.

Аннотация

Главной целью высшего учебного заведения является подготовка образованных и высококвалифицированных специалистов, и формирование личности, способной активизироваться в обществе, реагировать на все изменения в нем.

Ключевые слова: подготовка специалистов, инновация, технология, инновационный процесс.

Abstract

The main purpose of higher educational institutions is training of educated and highly skilled specialists, and forming of personality who is able to survive in modern society and to respond to all its changes.

Key words: training of specialists, innovation, novus, technology, remote learning, process.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. //Ақиқат. №1. -2013. -5-27 бб.

2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңы», 27 шілде 2007 жыл, №319-III. ЗРК.
3. Нұрахметов Н.Н., Құдайбергенова К. Технология обучения казахстанских авторов. - Алматы: Мектеп, 2005. – 160 с.
4. Әлімбаева Г.Б. Болашақ физика мұғалімдеріне кәсіби бағытта білім берудің негізгі бағыттары. Оқу құралы. –Алматы, 2019. -252 б.
5. Әлімбаева Г.Б. Болашақ мұғалімдердің теориялық және әдістемелік даярлықтарын жетілдіруге арналған оқу құралы. –Алматы, 2019. -206 б.

ӘӨЖ: 378.048.2

ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ НЕГІЗІНДЕ ФИЗИКА КУРСЫНЫҢ ДЕМОНСТРАЦИЯЛЫҚ ЭКСПЕРИМЕНТТЕРІН ЖЕТІЛДІРУ

Г.Б. Алимбекова¹, Г.Б. Қарабасова²

¹п.ғ.д., профессор Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,

²докторант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,

Алматы қ., Қазақстан

e-mail: gul_dana1989@mail.ru

Кіріспе. Физиканы оқытуда эксперименттік зерттеулердің мүмкіндігі ғылым ретінде физиканың негізгі артықшылығы болып табылады. Эксперимент деп түсіндірілетін белгілі бір жағдайларда зерттелетін құбылыстарды бақылау мен талдау құбылыстардың барысын бақылауға және тіркелген жағдайлар барысында оны қайталауға мүмкіндік береді [1]. Ғылыми зерттеулерде де, физиканы оқытуда да эксперимент білімнің қайнар көзі, физикалық құбылыстардың дәлелділік белгісі, логикалық және математикалық операцияларды жүргізу үшін бастапқы нүкте, теория мен тәжірибенің байланысының дәлелі болып табылады [2].

Физика курсы өте күрделі, қабылдауы оңай емес біршама ұғымдардан тұратындығы белгілі. Ғылым дамуының жылдам қарқыны мұндай ұғымдардың, айғақтардың, идеялар мен заңдылықтардың ұлғаюына әкеледі [3]. Бұл жағдай оқу материалдарын қандай дидактикалық қағидалар негізінде баяндауды таңдап алу ісінде қиындық туғызуда. Физика құбылыстары мен заңдылықтарын студенттерге түсіндірудің бір қиыншылығы - олардың көбінің көзге көрінбейтін, қолмен сезінуге болмайтын құбылыстар екендігінде. Кейбір орта және жоғарғы оқу орындарында оларды эксперименттік тұрғыда сабақта түсіндіруге де қажетті демонстрациялық не лабораториялық приборлардың жетіспеушілігі әрі жасау да оңай емес. Физикалық эксперимент сабақтың маңызды бөлігі болғандықтан, мұндай кемшіліктер мектеп оқушыларымен қатар жоғары оқу орнының білім алушылары үшін де ғылыми-зерттеу орталықтары мен өндірісте қолданылатын қондырғыларда орын алатын аса күрделі құбылыстарды елестетіп, олардың жұмыс істеу принциптерін түсіндіру көптеген қиындықтарды туғызады [4-5]. Осындай қиындықтардан шығудың негізгі жолы физикадан демонстрациялық эксперименттерді цифрлық технологиялар негізінде жетілдіру болып табылады.

Цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану жағдайында білім берудің мазмұнын, мақсатын, ұстанымдарын, педагогикалық негіздерін және білім беру сапасын арттыруда бағалау ынталарының жүйесін дамытуды бірнеше шетелдік және отандық ғалымдар С.Ангелл, К. Хенриксен [6], П.Клейн, С.Гребер, А. Мюллер [7], Ж.А.Қараев [8], Е.Ы.Бидайбеков [9], Т.О.Балықбаев, С.М.Кеңесбаев [10], А.Е.Абылкасымова [11], К.М.Беркимбаев [12] және т.б. қарастырған. Аталған ғалымдардың еңбектерінде білім беруді ақпараттандыру жағдайында оқытудың озық тәжірибелерін оқу үдерісіне енгізудің қажеттілігі айтылған. Сонымен қатар, болашақ физика мұғалімдерін кәсіби даярлау үдерісінің негіздерін, ерекшеліктері мен қызметтерін, физиканы оқытудың теориялық және әдістемелік мәселелерінде цифрлық технологиялардың ролін шетелдік және отандық ғалымдардан, А.Л.Рудольф, Б.Леймен, М.Жойс, Х.Вигноллес физиканы оқытуда ақпараттық технологиялар көмегімен интербелсенді оқыту мәселелерін [13], Г.Бриссенден физикалық құбылыстарды ақпараттық жүйелер негізінде түсіндіруде интерактивті әдістердің алатын орнын [14], В.Н.Косов, С.А.Красиков физика курсына классикалық тәжірибелерді статикалық компьютерлік модельдеуді [15] зерттеді. Демек, заман талабына сай физика саласында білім алушылардың жетістікке жетуі үшін физикалық экспериментке баса назар аудару қажет. Физикалық тәжірибелерді жасау, эксперимент жүргізу арқылы жаңалықтарға қол жеткізу үшін студенттердің бойында цифрлық

технологиялар негізінде ақпараттық күзiреттiлiктi қалыптастыру қазiргi заманның өзектi мәселесi болып табылады.

Зерттеу әдiстемесi. Қойылған мiндеттердi шешу үшiн келесi зерттеу әдiстерi қолданылды:

- философиялық, психологиялық, физикалық және әдiстемелiк әдебиеттердi зерттеу негiзiнде мәселенi теориялық талдау. ScienceDirect, Scopus, Web of science дерек көздерiнен зерттеу бағытына байланысты бiрнеше ғылыми мақалалар талқыланды. Зерттеу бағытының әлемдiк деңгейдегi маңыздылығы айқындалды.

- жалпы физика курсының оқыту теориясы мен әдiстемесiн талдау.

Физиканы оқыту әдiстемесi саласы бойынша оқу құралдарына талдау жасалынды, физикалық эксперименттiң оқу үдерiсiнде қолданыстағы түрлерi айқындалды.

- физикалық негiздердi зерттеуде цифрлық ресурстарды, компьютерлiк модельдеудi қолданудың тиiмдiлiгiн анықтау мақсатында сауалнама жүргiзу және оның нәтижелерiн талдау жасалынды.

Зерттеу бағытының өзектiлiгiн айқындау мақсатында жүргiзiлген сауалнамаға физика мамандықтары бойынша 150 студент қатысты. Сауалнаманың негiзгi мазмұнында келтiрiлген сұрақтарды қарастырайық. Сауалнаманың мақсаты – физика курсына демонстрациялық эксперименттi орындауда цифрлық технологияларды пайдаланудың маңыздылығын анықтау.

1. Сiздiң болашақ кәсiбiңiзде цифрлық технологиялар қаншалықты мөлшерде қажет деп санайсыз. (10-балдық жүйемен бағалаңыз: 10-өте қажет,.....,1-мүлдем қажеттiлiгi жоқ)

2. Физиканы оқыту үдерiсiнде цифрлық технологияларды қолдану өз мамандығыңыз бойынша бiлiм мен бiлiктi қалыптастыруда тиiмдi деп санайсыз ба? (10-балдық жүйемен бағалаңыз: 10-өте тиiмдi,.....,1-мүлдем тиiмдiлiгi жоқ)

3. Қазiргi дамып жатқан ақпараттық қоғамда адамдар ақпаратты өндiрушiлер және ақпаратты қолданушылар болып бөлiнедi. Қалай ойлайсыз сiз болашақта өз кәсiбiңiзде:

○ Ақпаратты қолданушы

○ Ақпаратты өндiрушi

○ Екi жақтыда

○ Басқа

- Төмендегi бағдарламалардың iшiнде сiздiң болашақ кәсiбiңiзге қажеттi деп санағаныңызды таңдаңыз.

○ Графикалық редакторлар

○ Мультимедиялық презентация жасау бағдарламалары

○ Физикалық модельдер

○ Компьютерлiк эксперименттер

○ Демонстрациялық эксперимент бағдарламалары (Открытая физика, Физикон)


4. Физиканы меңгеруде цифрлық ресурстарды өздiгiңiзден қажеттi бiлiм қорын немесе қажеттi ақпаратты дайындау, алу, жасау үшiн қаншалықты қолдана аласыз? (10-балдық жүйемен бағалаңыз: 10-өте жақсы қолдана аламын,.....,1-мүлдем қолдана алмаймын)

5. Цифрлық технологияларды физиканы оқып үйренудiң қай жағдайында қолданасыз?

Зерттеудiң бұл әдiстерi зерттеу жұмысымыздың нәтижелерiн айқындауға мүмкiндiк бердi.

Зерттеу нәтижелерi. Физика - эксперименттiк ғылым болып табылады. Соңдықтан, физикадан өткiзiлетiн оқу эксперименттi студенттердiң физика бойынша алатын бiлiмдерiнiң көзi және физикалық құбылыстарды зерттеудiң әдiсi, физика сабақтарындағы басты көрнекiлiк болып табылады.

Арнаулы құралдардың жәрдеменi физикалық процестердi демонстрациялап көрсету және студенттердiң өздерiнiң iстеп, зерттеп, бақылауы физикалық оқу эксперименттi деп аталады. Ол физика пәнiн оқытудағы ең негiзгi көрнекi құрал болып саналады, себебi оны пайдаланудың нәтижесiнде физикалық ұғымдар (үдеу, өрiс, жарық дисперсиясы т.б.) қалыптастырылады, құбылыстар арасындағы өзара байланыстар (күш пен масса, ток күшi мен кедергi, жылудың механикалық эквиваленттi т.б.) тағайындалады, физикалық заңдар (Ньютон, Ом заңдары т.б.) тексерiледi. Ұйымдастыру формасына қарай физикадағы оқу эксперименттiнiң жүйесi 6 түрден құрылады (1-сурет).



Сурет 1 - Физикадағы оқу экспериментінің жүйесі

Демонстрациялық эксперимент немесе тәжірибелер сабақ үстінде көрсетіледі, сондықтан, ол сабақтың бір бөлігі болып есептелінеді және оқытудың басқа тәсілдерімен (әңгімелеу, дәріс, проблемалық баяндау, т.т.) бірігіп қолданылады. Демек, демонстрациялық тәжірибелер көрсетпейінше физика сабақтарын сапалы өткізуге болмайды.

Сабақ үстінде физикалық тәжірибелерді көбінесе мұғалім көрсетеді, кейде оларды білім алушылардың өздеріне де жасатуға болады. Физикалық эксперимент – оқытудың ең нәтижелі, әсерлі әдістерінің бірі. Демонстрациялық тәжірибелер көрсетілгенде физика сабағы қызықты өтеді.

Зертханалық жұмысты (экспериментті) орындағанда, физикалық құбылыстарды студенттердің өздері бақылайды, тексеріп көреді; табиғат заңдылықтарын зерттейді; «қолдан қайта жасайды», сандық және сапалық қасиеттерін байқап, өлшейді; өз бетінше қорытынды жасауға үйренеді, физикалық процестерді біліп-тануға және өмірде қолдануға мүмкіндік болатындығына сенімі артады. Зертханалық эксперимент оқытудың ең әсерлі және нәтижелі әдістеріне жатады. Оны физика ғылымындағы эксперименттік зерттеу тәсілдерінің бейнесі және тікелей «көшірмесі» деп түсіну керек. Сондықтан ол физика пәніне ғылыми-зерттеу сипат береді. Физиканы оқытудың мақсаттарын орындайтындай зертханалық, демонстрациялық экспериментті цифрлық технология негізінде ұйымдастырудың мынадай әдістемелік ерекшелік маңызы бар.

1. Демонстрациялық тәжірибені көрсеткенде студенттер тек қана пассивті түрде бақылаушы рөл атқаратын болса, цифрлық технологиялар негізінде демонстрациялық экспериментке олардың өздері белсене қатынасады, физикалық құбылыстарды өздері компьютер арқылы істеп көріп, өлшеулер жүргізеді, физикалық шамалар мен тұрақтыларды тағайындайды.

2. Цифрлық ресурстар арқылы демонстрациялық эксперимент жасау үстінде студенттер бізді қоршаған табиғат құбылыстары туралы өзінше қорытынды жасауға үйренеді, физика заңдарының практикалық маңызын түсінеді, физика ғылымының техникамен және өмірмен байланыстылығына сенетін болады. Бұл физиканы оқытудағы формализмді жоюға жәрдемдеседі.

3. Цифрлық ресурстар арқылы демонстрациялық эксперимент сабақтарында студенттер ғылыми-зерттеу жұмыстарды жүргізуге дағдыланады, физика ғылымының танымдық күшіне сеніп, оқуға деген олардың ынта-жігері артады.

Нәтижелерді талқылау. Соңғы уақытта жиі кездесетін мәселелердің бірі: «Физика сабақтарында компьютердің қажеттілігі бар ма? Оқу үдерісінен нақты тәжірибені компьютер ығыстырып жатқан жоқ па?», «Физика сабақтарында компьютерлік бағдарламалардың қолданылуы қашан айқындалатындығы?» мәселесіне жауап берейік. Біздің ойымызша, оқытудың дәстүрлі түрлерімен салыстырғанда артықшылығы бар жағдайларды келтіру керек. Мысалы, оқыту үдерісінде компьютерлік модельдерді пайдалану жағдайлары. Компьютерлік модель ретінде физикалық құбылыстарда, тапсырмаларда кездесетін жағдайлар мен тәжірибелерді жасанды түрде көрсете алатын компьютерлік бағдарламаларды меңзеу қажет.

Табиғи тәжірибе мен компьютерлік модельдеудің қандай айырмашылығы бар? Ең алдымен, компьютерлік модельдеу табиғи тәжірибелер мен құбылыстардың көрнекті қарқынды кескіндерін алуға, нақты құбылыстар мен тәжірибелердің көзге байқалмайтын ұсақ бөлшектерін қайталауға мүмкіндік береді. Модельдерді пайдалану барысында компьютер табиғи тәжірибеде табылмайтын, нақты табиғи құбылысты емес, оның қарапайымданған үлгісін көзбен көруге мүмкіндік береді. Мұнда кезеңімен қарастырылатын қосымша факторлар модельді бірте-бірте күрлендіреді және оны

нақты табиғи құбылысқа ұқсастырады. Сонымен бірге, компьютерлік модельдеу оқиғалардың уақыттық көлемін өзгертуге және табиғи тәжірибеде іске асырылмайтын, жағдайларды модельдейді.

Қорытынды. Білім алушының компьютерлік модельдермен жұмысы аса пайдалы, себебі, компьютерлік модельдер табиғи тәжірибелердің бастапқы жағдайларын түрліше өзгерте алатындықтан, олар көптеген виртуалдық тәжірибелер жасауға мүмкіндік алады. Мұндай интерактивтілік білім алушыға кең көлемдегі танымдық мүмкіндіктерді бере отырып, оларды бақылаушы ғана емес, жүргізілетін тәжірибелердің белсенді қатысушыларына айналдырады. Кейбір модельдер тәжірибе барысымен қатар сәйкес графикалық байланыстардың құрылуын бақылай отырып, олардың көрнекілігін арттыруға мүмкіндік береді. Мұндай модельдер ерекше құнды, себебі, білім алушылар әдетте графикаларды құру мен оқу барысында қиналады. Әрине, компьютерлік зертхана табиғи зертхананы алмастыра алмайды. Дегенмен, компьютерлік зертханалық жұмыстардың орындалуы табиғи тәжірибеге тән дағдыларды – бастапқы жағдайларды таңдау, тәжірибе өлшемдерін орнату және т.б. талап етеді.

Аңдатпа

Жоғары білім беруді жаңғыртудың қазіргі заманғы кезеңінің неғұрлым өзекті мәселесі тез өзгертін цифрлық қоғамның жағдайларына бейімделуге дайын, кәсіби міндеттерді өз бетінше шешуге қабілетті болашақ физика мұғалімдерін даярлау болып табылады. Мақаланың мақсаты физика курсының демонстрациялық эксперименттерін жетілдіруде цифрлық технологияларды қолдану ерекшеліктерін айқындау болып табылады. Бұл мәселені зерттеудің жетекші әдісі - модельдеу әдісі, психологиялық-педагогикалық, ғылыми-техникалық және әдістемелік әдебиеттерді талдау, сауалнама жүргізу. Әр түрлі физикалық заңдар мен құбылыстардың компьютерлік модельдерін қолдану студенттерді физика курсына оқытудың тиімділігіне ықпал етеді, оларға физикалық құбылыстар мен заңдардың механизмдерін түсінуге мүмкіндік береді. Осыған байланысты қазіргі уақытта Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінде болашақ физика мұғалімдерін даярлау кезінде цифрлық технологияларды пайдаланудың техникалық базасын әзірлеуге көп көңіл бөлінуде, физиканы оқыту үдерісінде қолданысқа тиімді электрондық ресурстар әзірленуде. Тәжірибелер мен демонстрациялардың компьютерлік модельдерін қолдана отырып, физикалық зертханадағы жабдықтың жетіспеушілігін толтыруға және осылайша студенттерді виртуалды модельдердегі физикалық эксперимент барысында физикалық білім алуға үйретуге мүмкіндік туады, яғни, студенттер арасында шығармашылық пен танымдық белсенділікті арттырудың нақты мүмкіндігі пайда болады.

Кілттік сөздер: цифрлық технологиялар, демонстрациялық эксперимент, физика курсы, болашақ физика мамандары, жетілдіру

Аннотация

Наиболее характерной проблемой современного этапа модернизации высшего образования является подготовка будущих учителей физики, готовых адаптироваться к условиям быстро меняющегося цифрового общества, способных самостоятельно ставить и решать профессиональные задачи. Цель статьи заключается в выявлении особенности применения цифровых технологий в совершенствовании демонстрационных экспериментов курса физики. Ведущим методом к исследованию данной проблемы является метод моделирования, изучение и анализ психолого-педагогической, научно-технической и методической литературы. Использование компьютерных моделей различных физических процессов и явлений способствует эффективности обучения студентов учебному курсу физики, позволяет им осмысливать механизмы физических явлений и процессов. В связи с этим в настоящее время в Казахском Национальном педагогическом университете имени Абая уделяется большое внимание разработке технической базы использования цифровых технологий при подготовке будущих учителей физики, разрабатываются электронные ресурсы для использования при обучении физике. С помощью использования компьютерных моделей опытов и демонстраций можно компенсировать недостаток оборудования в физической лаборатории и таким образом, научить студентов самостоятельно добывать физические знания в ходе физического эксперимента на виртуальных моделях, то есть появляется реальная возможность формирования у студентов творчества и повышения познавательной активности по физике.

Ключевые слова: цифровые технологии, демонстрационный эксперимент, курс физики, будущие специалисты по физике, усовершенствование

Abstract

The most characteristic problem of the current stage of modernization of higher education is the training of future physics teachers who are ready to adapt to the conditions of a rapidly changing digital society and are able to independently set and solve professional problems. The purpose of the article is to identify the features of the use of digital technologies in improving the demonstration experiments of the physics course. The leading method to study this problem is the modeling method, the study and analysis of psychological, pedagogical, scientific, technical and methodological literature. The use of computer models of various physical processes and phenomena contributes to the effectiveness of teaching students the physics course, allows them to understand the mechanisms of physical phenomena and processes. In this regard, at present, the Abai Kazakh National pedagogical University pays great attention to the development of a technical base for the use of digital technologies in the training of future physics teachers, and electronic resources are being developed for use in teaching physics. By using computer models of experiments and demonstrations, it is possible to compensate for the lack of equipment in the physical laboratory and thus teach students to independently acquire physical knowledge during a physical experiment on virtual models, that is, there is a real opportunity to form students' creativity and increase cognitive activity in physics.

Key words: digital technologies, demonstration experiment, physics course, future specialists in physics, improvement

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Abu Bakar, J.A., Gopalan, V., Zulkifli, A.N., & Alwi, A. (2018). Design and development of mobile augmented reality for physics experiment. In *Communications in Computer and Information Science* (Vol. 886, pp. 47–58). Springer Verlag. https://doi.org/10.1007/978-981-13-1628-9_5
2. Saprudin, S., Liliyasi, S., Prihatmanto, A.S., Setiawan, A., Viridi, S., Safitri, H. Rochman, C. (2020). Gamified experimental data on physics experiment to measuring the acceleration due to gravity. In *Journal of Physics: Conference Series* (Vol. 1567). Institute of Physics Publishing. <https://doi.org/10.1088/1742-6596/1567/3/032079>
3. Ramankulov, S. Z., Dosymov, E., Mintassova, A. S., & Pattayev, A. M. (2019). Assessment of student creativity in teaching physics in a foreign language. *European Journal of Contemporary Education*, 8(3), 587–599. <https://doi.org/10.13187/ejced.2019.3.587>
4. Құрбанбеков Б.Ә. Физиканы оқытуда білімгерлердің тәжірибелік-зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың дидактикалық шарттары мен қағидалары. Қазақстанның ғылымы мен өмірі. №3(46), 2017. 54-59б.
5. Ибрагимов Г.И. Педагогический эксперимент: проблемы и основные направления совершенствования // Педагогика. 2010.№3. С.20-27.
6. Angell C., Guttersrud O., Henriksen E., Isnes A. Physics: frightful, but fun. Pupils' and teachers' views of physics and physics teaching // *Science Education* – 2004. – №88(5). – P. 683-706.
7. Klein P., et al. Classical Experiments revisited: Smartphone and Tablet PC as Experimental Tools in Acoustics and Optics. *Physics Education* 49 (4), 2014. – P. 412-418.
8. Караев Ж. А. Активизация познавательной деятельности учащихся в условиях применения компьютерной технологии обучения: Автореф. док. пед. наук: 13.00.01. – Алматы, 1994. – 21 с.
9. Бидайбеков Е. Ы. Білімді ақпараттандыру саласы бойынша болашақ педагогтарды дайындау мәселелері // Педагогика және Психология. - 2012. – №3-4. – С. 221-231.
10. Кеңесбаев С.М. Жаңа ақпараттық технологияларын пайдалану үрдісінде студенттерді кәсіби әрекеттерге дайындаудың ғылыми-теориялық негізі // Білім - Образование. – 2010. –№2. – Б. 28-32.
11. Әбілқасымова А.Е. Студенттердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру. - Алматы: Білім, 1994. -192 б.
12. Беркінбаев К. М., Сыдықов Б. Д. Информатикалық пәндерді оқытудың педагогикалық технологиясы // Қазақстан мектебі. – 2006. – №11. – Б. 33-35.
13. Rudolph A. L., Lamine B., Joyce M., Vignolles H., and Consiglio D. D. Introduction of interactive learning into French university physics classroom// *Phys. Rev. Special Topics: Physics Education Research*. - 2014. -№10. – В – 010103.
14. Brissenden G. Using Research to Bring Interactive Learning into General Education Mega-Courses. *Peer Review*. – 2011. – №13. – 3 p.

15. Косов В. Н., Красиков С. А. Компьютерное моделирование на уроках физики. – Алматы, 2001. – 194 с.

UDC: 543.04

METHODOLOGICAL BASIS OF PROFESSIONAL TRAINING IN THE COURSE «ELECTRICITY AND MAGNETISM» AT THE UNIVERSITY

Alimbekova G.B.¹, Kalieva A.A.², Babaev D.B.³, Zhaparova, M.S.⁴, Botabaeva G.B.⁵

^{1,2}Kazakh National Pedagogical University named after Abai,Almaty, Kazakhstan.

²International Kuwait University,Bishkek, Kyrgyzstan

^{4,5} S. Amanzholov East Kazakhstan State University

The problem of training and quality of education of demanded specialists was and will be the main one in any educational system, especially when it comes to professional technical education. In addition, there are usually modern problems of technical higher education with a low interest in engineering professions. At the same time, it should be noted that in recent years, these indicators in the Republic of Kazakhstan are Changing in a positive way: according to the regional Department of education (regional communications service), for example, in Pavlodar region, the graduates of the most preferred subjects in 2018 were mathematics and physics, as their share was -28.3%, while chemistry - biology - 15.7%, geography - biology - 9.9%, English - 7.2, history-5.8 % [1]. All this testifies to the fact that the education system, like any system, experiences changes in various parameters and develops relative to the equilibrium position. Since in recent years there has been a deviation of the pendulum in the direction of technical professions and specialties. This characterizes the results of the choice of physics in the certification of knowledge, which gives students to further study the physical disciplines they need in their professional activities.

It should be noted that "Electricity and magnetism", according to the state educational standard of the Republic of Kazakhstan for higher professional education, are components of the course of General physics, due to the fact that electromagnetic interactions are considered one of the four interactions that determine the physical picture of the world. General physics, refers to General scientific academic disciplines, as it provides students with fundamental knowledge, which also form their scientific picture of the physical world. A deeper and more solid knowledge of the basic laws, such as electricity and magnetism, they also create the basis for professional knowledge and allow better assimilate related disciplines, both theoretical and practical.

It should be noted that this study is based on previous studies and its own conclusions. Analysis of the bibliography showed that the theoretical framework for the methodical and methodological approaches of formation of such physical concepts as electricity and magnetism and their basic ideological aspects were identified or considered in works of many scientists and researchers, which include the works of : V. S. Gott, V. F. Efimenko, V. G. Ivanov, S. E., Kamenetsky, M. A. Omel'yanovskii, V. G. Razumovsky, V. A. Fock, A. V. Usova, etc. Also, due attention should be paid to this course : N. Kirichenko [2], E. Purcell [3], R. P. Feynman [4], which describes the theory and disclosed the basic laws and theories in the volume of training lectures on the course "Electricity and magnetism" and methods of solving problems (D. F Kiselev) [5], etc. All of them show that an important role in the effectiveness of the learning process of scientific concepts and their quality of assimilation in the study of the basics of General physics and its components. It is noted that the value of the optimal choice of means and methods of training, which should be implemented through the improvement and activation of the learning process of thinking of students. It should be understood that these methods and means of training on the example of the formation of the main aspects of electricity and magnetism require further research in order to develop a more effective assimilation and understanding of the conceptual system of physical knowledge of this direction, and their practical application. This is the basis of our research.

It is generally established that in General physics traditionally sets out all the paradigms that have won the other defeated theories, which contributes to the development of students ' beliefs in the complexity and continuity of the process of development of all systems of physical knowledge. This is due to the fact that for a technical University the structure of General physics usually includes the following sections, reflected schematically in the form of separate courses, according to figure 1.




Figure 1 - structure of General physics courses [6].

Such training allows to get reflection in physics of consecutive ideas of physical knowledge, for example, from mechanics to nuclear physics. At the same time, such a course as electricity and magnetism is always important in General physics. Moreover, we note that to date, there is an incompleteness of the nature of the influence of individual scientific discoveries of a section on their mechanisms that flow from the same phenomenon of the system of physical knowledge and depends largely on its possible subsequent qualitative transformations. The study of this course of General physics is given a different number of hours, depending on the specialty and is determined by their curricula. The main technical specialties, where they study the course «Electricity and magnetism» include the following: radio engineering, instrumentation, applied mathematics, software engineering, applied Informatics, construction, computer science, etc. At the same time, the evaluation of practical activities of technical universities shows that for different areas often the course of Electricity and magnetism, as well as other courses of General physics, is often not differentiated. This suggests that teach different directions quite often the same sections of General physics, do not take into account their volume, taking into account the requirements of the profile specialty. At the same time, according to the state standards of higher technical education, the requirements for the content of both General physics and its courses have already disappeared. This suggests that each teacher can independently make a decision about the content of educational and practical materials used in teaching. This approach allows you to differentiate the content of the course according to the characteristics of the learning process and specialization. Table 1 shows the approximate distribution of hours in the volume of lectures, from the experience of developed technical universities, for each of the sections for different areas of training.

Table 1-Approximate program of the lecture course electricity and magnetism in the structure of General physics, taking into account the specialization of training

Sections general physics	Applied mathematics and Informatics	Technological machines and equipment	Design and technological support	machine-building	radio-technical Equipment	Infocommunication technologies and communication systems
Electricity and magnetism	2+8	2+8	2+ 12	2+ 10	2+ 10	2+ 16
Total hours of General physics	48	48	64	48	48	64

The division was carried out taking into account the above sections necessary for the preparation of students. The number of hours is reflected in the amount, which reflects the first term – the number of hours falling on its base part, and the second term – on a specialized course. The greatest specific weight in the General physics accounts for electricity and magnetism in teaching in the following areas: Instrument engineering, radio engineering. And when training in the direction of information and communication

technologies and communication systems allocated more hours for training. In addition, we see that more hours are allocated for specialized training, which is important for professional higher education. It is necessary to differentiate not only lecture, but also practical classes for various specialties, it gives the chance at training to give the necessary time for electricity and magnetism and to fix thereby at students knowledge necessary for them in the future (see table 2).

Table 2-Approximate program of the practical course electricity and magnetism in the structure of General physics, taking into account the specialization of training

Sections of general physics	Applied mathematics and Informatics	Technological machines and equipment	Design and technological support	machine-building	radio-technical Equipment	Infocommunication technologies and communication systems
Electricity and magnetism	2	2+16	2+ 8	2+ 8	2+ 10	2+ 10
Total hours of General physics	16	80	40	48	48	48

It should be noted once again that the training material, both lecture and practical classes is divided into 2 parts: basic and specialized. For example, the basic part of the practical training will contain tasks for the course of the standard type and thus to their solution will demonstrate the basic approaches to the topics of the course, and specialized - contain mainly applied problems that are close to the subject of professional orientation, based on the specialty training. This approach will provide an opportunity at the initial stage to acquaint students with the tasks that correspond to their future profession. In this case, the requirements for the study of the volume of the course of electricity and magnetism should be based on the needs of other special disciplines, which are associated with the laws and theories of electromagnetism. The course "Electricity and magnetism" is studied most often in Junior courses, most often in the first and second year, while others, for example, nuclear physics and solid state physics, are usually studied in senior courses. Individual topics on electromagnetism can be studied further and in senior courses even optional, if it requires a future specialty.

We offer training manuals for this course allow you to organize as classroom work, practical and lecture classes, as well as for independent work, as in the classroom and for independent study of individual parts of the section of General physics [7]. Most often distributed all the material (theoretical and practical) on three main topics: electrostatics, direct electric current, electromagnetism. In the context of each topic, there are necessarily separate blocks, which consist in solving problems, and consist of typical examples of their solutions and a selection of several tasks offered to students for independent decision. For example, physical workshop on electromagnetism S. P. Zimin contains detailed descriptions in the scope of laboratory work, which are performed both on electricity and magnetism. The presented materials of laboratory works correspond to the sections of the lecture course, and allow not only to consolidate the theoretical material, but also to get the skills of experiments, as the work is built as follows: a brief theory; the order of work and control questions) [8]. Such and similar manuals allow to expand knowledge in the volume of the course, as well as recommend for training in specialties that have a small number of training courses, as well as for students for distance and distance learning. It is established that in this course «Electricity and magnetism» there is a consistent carrying out of the studied ideas aimed at the formation of students ' clear ideas about the ratio of the content of the course and the content of scientific results in the context of all topics and related academic disciplines. When studying specifically considered in the course, both methods of presentation of scientific results and teaching methods. This makes it possible in higher professional school in the study of the course, to obtain examples of methods (creation and use), as well as examples of the logic of structuring and preparation of training programs on "Electricity and magnetism. Thus, future specialists have their own system of ideas about the methods of training and the structure of the course.

It should also be noted that the training course «Electricity and magnetism» is a priority - the formation of a system of concepts underlying these physical phenomena, which besides they reveal the basic content of the theories and laws of this orientation, based on the methods of scientific knowledge. Its decision is based primarily on the fact that the course is usually intended for students of technical

universities, where usually studied the course «Electricity and magnetism», in terms of their main aspects, as well as some scientific and applied theories of this orientation. It should be understood that students and other students of the course in training need to have knowledge of physics, obtained in the volume of secondary education. This suggests that they must have an understanding of the basic concepts concerning electro - and magnetostatics, to know the basics of differential and integral vector calculus, etc. Otherwise it will be difficult to understand the more complex physical knowledge, more revealing the key aspects of electricity and magnetism. Typically, the course «Electricity and magnetism» is intended for bachelors of radio engineering and technical universities, who study physics in the extended program.

The course «Electricity and magnetism» plays an important role in the formation of the scientific worldview of future technical specialists, as their concepts are considered to be the basis for further study of other sections of General physics and other special and General engineering disciplines. The method of teaching the course is generally based on the teaching of electricity and magnetism as a pedagogical science, and is considered to be the application of a number of didactic principles to the teaching of the subject - General physics. It should be noted that the process of professional training in the course of "Electricity and magnetism" has its own history. Training of scientific and engineering personnel of electrical and radio engineering began purposefully, with the expansion of the theoretical foundations of electricity and magnetism, the emergence of textbooks and books for the study of electrical, magnetic phenomena, in some technical schools. The first training courses, for example, in electrical engineering began to form in the 18th century. In modern conditions, as before, the training of specialists of higher professional school is always based on the principles of General didactics, as noted in I.A.Komensky. They allowed him to formulate more forms and methods of training. He also found that are the main problems of didactics: the definition of the content of training, the opening of the laws of the learning process, the development of the most effective organization and teaching methods. At the same time, «Electricity and magnetism», as well as other academic disciplines, have their own characteristics, on the basis of which the characteristic organizational forms and methods of training are needed for their training, defined as private didactics, expressed in the specifics of teaching methods.

In this case, only a properly constructed learning process should allow students to understand the following essential concepts important in physics, such as the field of the dipole, the magnetic field in matter and the forces in the magnetic field, the energy method of calculating forces, electromagnetic induction, electromagnetic waves in waveguides, the circulation theorem, the image method, free oscillations, the method of complex amplitudes, Maxwell's equations, spectral analysis in linear systems, and many others. Training on this course, as we noted in part above, in the form of lectures, seminars, practical work and laboratory classes. Various thematic conferences and other active teaching methods are used. In the course of the study it is also established that the training must necessarily separate the content of the course and the content of training in its entirety. The study of training on the course «Electricity and magnetism», allowed to highlight the features of his training, as the study of scientific knowledge, as well as the possibility of design and modeling on this specific. This indicates that it is laid in the teaching methodology for teachers of the scheme of research and construction of physical processes, both electricity and magnetism. For example, on the topic «application of Gauss theorem for calculation of electric fields» it is shown that it is possible to find the field of uniformly charged spherical surface using Gauss theorem, according to the scheme in Fig. 2.




Figure 2 - solution using the Gaussian sphere [10].

This allows you to then even mentally hold a spherical surface, where its center coincides with the center of the charged sphere. On the subject of Magnetic field, can be represented by a sufficiently large magnetic force, which manifests itself without electric power in systemwide, the interaction of current-

Функционалды-графикалық сауаттылық оқушылардың қарапайым функциялар графиктерін оқу және бейнелеу үшін қажетті функционалды-графикалық білім мен білік жүйесі түсінеміз. Оқушылардың функционалды-графикалық сауаттылығын қалыптастыру 7-9 сыныптарда математика пәнінде қарапайым функциялар мен олардың қасиеттерін білуіне тікелей байланысты. Сауаттылық феноменін зерттеуге арналған іргелі және қолданбалы еңбектерді көптеген ғалымдар жазып кеткен. (Б.С.Гершунский, Е.Миллард, Л.М.Перминова, С.Хит)

Математиканы оқытудың қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың дайындығына қойылатын талаптар келесі дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асады:

- функция мәнін график немесе аргументі арқылы кесте құрып табу;
- функция қасиеттерін оның графигі арқылы анықтау;
- теңдеулерді, теңсіздіктерді шешкен кезде графикалық түрде (елестету) шешу;
- алған білімдері мен дағдыларын практикада қолдану, формула бойынша есептер жүргізу, күнделікті өмірде қолдану деңгейін түсіну;

- жалпы мемлекеттік аттестациядан өтетін 9 сынып түлектер [1] алгебра пәні бойынша міндетті графикалық функцияның түрін, олардың графигін салуды және өсу, кему аралығын, ең кіші, ең үлкен мәнін екі айнымалысы бар жүйелік теңдеулерге интерпретация жасай білу керек. Бұл оқушылардың функционалды-графикалық сауаттылығын жоғары болуын міндеттейді.

Графикалық сауаттылық дегеніміз-графикалық кескіндерді қолдана отырып ақпаратты жұмыс жасай алу. С.М.Танеев «геометриядағы графикалық дағдылар» түсінігінде дағдылардың негізгі екі түрі бар:

- 1) есеп шартына байланысты графикалық кескін алу;

- 2) ұсынылған графикалық кескінді оқи алу мүмкіндігі. Математиканы оқыту үрдісінде оқушылардың функционалды-графикалық сауаттылығын қалыптастыру дағдысы ретінде есеп шартын қанағаттандыратын функцияның графигін дұрыс салу, ұсынылған графикалық кескінді оқи алу дағдыларын айтамыз [2]. Көптеген талдаулар мен салыстырулар нәтижесінде функционалды-графикалық сауаттылықтың компоненттерін екі түрде анықтады:

- когнитивті;

- белсенді.

Когнитивті компоненттерге:

1. Функционалды ұғымдардың мазмұнын білу («функция», «функция графигі»);

2. Функция қасиеттерін білу: анықтау облысы, мәндер жиыны, өсу және кему аралықтары, ең кіші және ең үлкен мәндері, функция нөлдері, асимптоталары, жұп-тақтығы.

3. Графикалық түрлендірулерді білу: осьтер бойымен параллель көшіру, координаталары мен осьтерге қатысты симметриялығы, графиктерді созу және сығу.

Белсенді компоненттерге:

1. Координаталық түзу сызу;

2. Координаталық түзуден координаталық нүктелерді белгілеу;

3. Координаталық жазықтық салу;

4. Координаталық жазықтықтан нүктелерді белгілеу;

5. Координаталық жазықтықта берілген нүктелерге сызық жүргізу;

6. Координаталық түзуде координаталық нүктелерді табады және графиктен функция мәндерін, аргумент мәндерін табамыз;

7. Қарапайым функция графигіне қарап оның қасиеттерін анықтайды;


8. Функция графигіне қарап коэффициент мәндерін формула арқылы анықтайды және аналитикалық жазба құрады;

9. Салынған кесінді график болатынын түсіндіреді және сол графиктің неге тәуелді болатынын түсіндіреді. Осылайша, әдебиеттер мен ғылыми анализдер бізге сауаттылықты кез-келген саладағы білім мен дағдылар жүйесінің болуы деп қарастыруға мүмкіндік берді.

Функционалды-графикалық сауаттылықты, біз оқушылардың кез-келген график түрін салғандағы және оқу кезінде функционалды-графикалық білімі мен дағдылардың қалыптасуын айтамыз. Функционалды-графикалық сауаттылықта біз оқушыларды екі компонентте яғни

когнитивті (функционалды-графикалық білімді) және белсенді (функционалды-графикалық дағдылы) деп бөлдік.

Тәжірибелік зерттеудің көмегімен вербальді ақпаратқа қарағанда көрнекі ақпаратын артықшылығы туралы көптеген ғылыми негізделген дәлелдер бар. [28,54,152] Көрнекі ақпарат ынталандырушы (стимульді), ал ауызша ақпарат дәйекті (сукцессивті) болып келеді. Көрнекі ақпаратты пайдалану кезінде, ауызша ақпаратқа қарағанда бес-алты есе тез жүреді. Функционалды-графикалық ақпаратты ұсынудың көрнекі әдістерін жасау кезінде әр-түрлі теориялық материалдарды жүйелеу және жалпылау орынды болып келеді (логикалық, реляциялық, сематикалық және когнитивті психологиядағы продуктивті модельдер). Мысалы сызықты функцияны коэффициенттердің мәндері мен белгілеріне байланысты зерттегенде және координаталар жүйесінде графиктің орналасу сипаттамаларын анықтағанда: бастауыш кезеңде (7 сынып) сызықтық функцияның графигін зерттей отырып, егер солдан оңға қарай жүрсек (Ох осінің мәндері бойынша) біздің графигіміз кейде өседі және кейде кемиді. Бірінші жағдайда сызықтық функция өспелі, екінші жағдайда кемімелі деп атайды. Осылайша оқушылар функцияның монотондылық қасиеті туралы тура-интуитивті білімі қалыптасады. Базалық кезеңде (8-сыныпта) квадраттық функцияны зерттеу барысында функцияның монотондылық қасиетін анық түсінеді, бірақ біртіндеп формальді деңгейге өтеді: егер үлкен аргументтер мәніне үлкен функция мәндері сәйкес келсе функция өседі.



Мысал 1: $y = f(x)$ функциясы берілген. Мұндағы $f(x) = \begin{cases} 3 + x^2, & x \geq 0 \\ h(x), & x < 0 \end{cases}$, $y = f(x)$ функциясы

жұп болатындай $h(x)$ функциясын табыңыз.

Шешуі: Бұл есепті шешу $y = 3 + x^2$ функциясының $x \geq 0$ болғанда графигін салуға болады. Сосын ОУ осіне симметриялы график тұрғызамыз. Жұптық функцияның анықтамасын пайдалана отырып, $\forall x \in X$ үшін, егер $f(-x) = f(x)$ болса, онда функция жұп болады, ал егер $\forall x \in X$ үшін $f(-x) = -f(x)$ болса тақ функция деп аталады. ОУ осіне симметриялы абцисса осінің теріс мәндерімен $h(x) = 3 + x^2$ ордината мәндері бірімәнді болады.

Аңдатпа

Математика пәні оқытудағы оқушылардың функционалды-графикалық сауаттылықтың мәні мен мазмұны, қалыптастыру дағдылары, теориялық түрде жүзеге асыру жолдары, функционалды-графикалық сауаттылығын қалыптастыру үшін қолданылатын модельдер туралы жазылған.

Кілттік сөздер: функционалды-графикалық, когнитивті, функция, график, модель, дағды;

Аннотация

Изложены сущность и содержание функционально-графической грамотности учащихся при изучении математики, формирующие навыки, способы теоретической реализации, модели, используемые для формирования функционально-графической грамотности.

Ключевые слова: функционально-графический, когнитивный, функция, график, модель, навыки;

Abstract

The article describes the essence and content of functional and graphic literacy of students in the study of mathematics, forming skills, methods of theoretical implementation, models used for the formation of functional and graphic literacy.

Keywords: functional-graphic, cognitive, function, schedule, model, skills;

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Пермякова М.Ю. Функционально-графические умения как необходимый компонент общей культуры обучающихся / М.Ю.Пермякова // Сб. науч. материалов междунар. науч.-практ. конф. 29 ноябрь. 2013 г. - Тамбов: Бизнес-Наука-Общество, 2013. - С. 121-122.
2. Пермякова М.Ю. Характеристика понятия «функционально-графическая грамотность обучающихся» / М.Ю.Пермякова // Мир науки, культуры, образования. - 2012. - № 6 (37). - С. 251-253
3. Пермякова М.Ю. Повышение функционально-графической грамотности обучающихся с использованием взаимопереходов различных типов моделей функциональной зависимости / М.Ю.Пермякова // Перспективы науки. - 2013. - № 6 (45). - С. 22-25
4. Пермякова М.Ю. Структурно-логическая модель формирования функционально-графической грамотности учащихся основной школы / М.Ю.Пермякова, О.И.Чикунова // Педагогическое образование в России. - 2014. - № 8. - С. 251-256

УДК 37.01.

ФОРМИРОВАНИЕ НАУЧНОГО МИРОВОЗЗРЕНИЯ УЧЕНИКОВ В ПРОЦЕССЕ ОБУЧЕНИЯ ФИЗИКИ

Т.Д.Бердалиева¹, Г.К.Маханбет²

¹к.п.н., доцент, ²магистрант

Университет «Сырдария», г.Жетысай, Казахстан

e-mail: tilla.berdalieva@mail.ru

Что же такое мировоззрение, из чего оно складывается и что может сделать физика как учебный предмет для его формирования? Существуют разные типы мировоззрения, например, научное, религиозное и др. Формирование научного мировоззрения учащихся является одной из ведущих целей школьного физического образования. Мировоззрение включает в себя систему обобщенных взглядов на объективный мир и место в нем человека. Оно определяет основные жизненные позиции людей, их убеждения, идеалы, принципы познания и деятельности, ценностные ориентации. Состав научного мировоззрения, его компоненты вытекают из понимания его как обобщенной системы взглядов, убеждений и идеалов, в которых человек выражает свое отношение к окружающей его природной и социальной среде [1]. В состав научного мировоззрения входят и научные знания, как предпосылка и основа его формирования. В связи с этим выдвигается задача - выделить ведущие мировоззренческие понятия и идеи и определить мировоззренческое содержание школьного образования по каждому предмету. Объективные возможности формирования научного мировоззрения на основе обучения физике состоит в том, что физика-это наука «о формах материи..., которые входят в состав любых сложных материальных систем, о взаимодействии этих форм материи и их движения». Она рассматривает в естественно-научном плане такие общие категории, как материя, движение, взаимодействие, пространство и время, причинности и закономерность. Все эти категории являются мировоззренческими, потому раскрывая представления физической науки по этим проблемам на уроках физики необходимо формировать у учащихся научное понимание мира.

Физика взаимосвязана с философией, являющейся основной мировоззренческой наукой. Одна из форм такой взаимосвязи состоит в том, что «физика формирует собственную картину мира, то есть некоторое обобщенное представление о мире с точки зрения ее предмета, метода и форм описания и как картина мира лидирующей науки, физическая картина мира является основной общей естественно научной картины мира». Отсюда следует, что формирование у школьников представлений о физической картине мира есть один из основных компонентов процессов формирования научного мировоззрения.

Физика как наука включает в себя не только систему знаний о природе, но и теоретико-познавательные принципы, методы и средства. Вторым компонентом процесса формирования научного мировоззрения на основе обучения физики являются формирование знания о процессе научного познания. В состав мировоззрения входят не только знания, но и личностные установки, регулирующие познавательную и практическую деятельность человека, то есть принципы, нормы мышления. Поскольку физика оказывает влияние на другие естественные науки не только своим

содержанием, но и своими методами, принципами подхода к решению проблем, то она в большой мере определяет стиль научного мышления вообще [2].

Отсюда следует, третьим компонентом процесса формирования мировоззрения на основе обучения физике является формирование у учащихся элементов научного мышления, обеспечивающие действенность взглядов. Очень важно, чтобы у учащихся сложилось личностные отношения к миру и месту человека в нем. Поэтому четвертым компонентом процесса формирования мировоззрения на основе обучения физике является формирование убеждений.

В первую очередь и главным образом мировоззрение на уроках физики формируется во всех своих компонентах на основе физических знаний, определяемых содержанием школьного курса физики, - знаний важнейших физических понятий и идей. У важнейших физических понятий, явлений, законов есть свой «мировоззренческий подтекст». Например, закон сохранения и превращения энергии выражает и конкретизирует очень важные идеи-сохранения материи и движения и взаимопревращаемости форм движения материи. Это уже философского характера, которые могут быть сформированы на уроке на основании изучения данного физического закона. Поэтому, второй группой знаний, на основе которых формируется научное мировоззрение являются выводы и обобщения философского характера, сделанные на основе изучения конкретного физического материала. Итак, знания важнейших физических понятий и идей, выводы и обобщения философского характера и материал по истории физики-таковы составные части того содержательного базиса, на основе которого формируется научное мировоззрение на уроках физики. Можно выделить два пути формирования научного мировоззрения на уроках физики:

1. Диалектико-материалистического исталкивания основ физики, приводящее к обобщениям и выводам философского характера.

2. Историзм в изложении важнейших физических понятий и идей.

Оба эти пути связаны с содержанием школьного курса физики, которые для выполнения своей мировоззренческой функции должен включить в себя не только физические, данные, но и сведения об истории науки. Важным путем осуществления процессов формирования мировоззрения является обобщение знаний, получаемых школьниками на основе курса физики. Отражение природы физической наукой осуществляется в формах понятий, моделей, законов, теорий, в которых отражаются отдельные свойства, отношения, взаимосвязи между объектами и явлениями природы. Но ни одна из этих форм не является отражением природы в целом. При изучении физических законов в мировоззренческом отношении очень важно показывать, что многие законы выражают причинно-следственную связь явлений природы и формулировка закона учитывая эту связь. Например, II закон Ньютона показывает, что действие на данное тело другого тела есть причина изменения движения тела. При этом ускорение пропорционально силе. Учащиеся же склонны эго уравнение истолковывать как пропорциональность силы ускорению, путая тем самым причину и следствие. Поэтому надо подчеркнуть, что опыт показывает: ускорение зависит от силы, а не наоборот [3].

При изучении любого закона надо чётко определять границы его применимости, приучая тем самым учеников к мысли о том, что нет вечных, повсеместно применимых истин, ибо что справедливо в одних условиях, то несправедлива в других. Это позволит представить бездумное использование учащимися законов вне границ их применимости. Формирование мировоззрения учащихся имеет два аспекта: во-первых, повышение интеллектуальной деятельности ученика (за счет приобретенных новых знаний, освоения разнообразных способов познания, развития критичности, доказательности и самостоятельности мышления, готовности работать в режиме творчества, выработки культуры интеллектуальной деятельности, формирование потребности в умственном труде и т.д.). Во-вторых, рост индивидуального своеобразия склада его ума (за счет поддержки индивидуальных интеллектуальных склонностей, предпочитаемых способов переработки информации, личных житейских впечатлений и т.д.).

Формирование и развитие мировоззрения – это два взаимосвязанных аспекта образовательного процесса. Однако формирование мировоззрения – в отличие от развития мировоззрения – имеет свою специфику. Формирование мировоззрения означает создание условий для интеллектуальной само актуализации личности в процессе обучения (в рамках «каждый человек умен на свой лад»), тогда как развитие мировоззрения предполагает целенаправленное формирование мировоззрения и интеллектуальных способностей учащихся как основы «нужных» учебных достижений в соответствии с заданными нормативами. Формирование научного мировоззрения направлено на выстраивание внутренних интеллектуальных ресурсов учащихся. Освоение разных способов кодирования информации, дифференциация и интеграция понятийного

опыта, формирование общих интеллектуальных умений, развитие способности к само регуляции интеллектуальной деятельности, рост умения работать с противоречивой и парадоксальной информацией и готовности доверять своей интуиции и т.д.), тогда как развитие мировоззрения, в первую очередь, ориентировано на высокую результативность мировоззренческих взглядов (высокая скорость обработки информации, большой объем усвоенных знаний, способность понять, усвоить фундаментальные теории, законы и т.д.). Формирование мировоззрения предполагает индивидуализацию процесса обучения с точки зрения учета индивидуальных склонностей, предпочтений, убеждений каждого ученика, тогда как развитие мировоззрения в большей мере связано с учетом общих закономерностей умственного развития учащихся в процессе обучения в рамках определенного возраста. Формирование мировоззрения является приоритетным фактором внутренней активности ученика – его инициатива и самостоятельность (соответственно результатом формирования мировоззрения является превращение школьника в субъекта учебной деятельности, действующего по принципу «я учусь, а не меня учат»). Тогда как в развитие мировоззрения на первый план выходит фактор внешнего управления учебно-познавательной деятельностью учащихся при руководящей роли учителя [4].

Таким образом, школа как общеобразовательное государственное учреждение является важнейшим социальным институтом, в рамках которого воспроизводится, восстанавливается и качественно улучшается интеллектуальный потенциал населения. Школа – это своего рода база интеллектуальных ресурсов общества. Поэтому проблема школьного образования в наше время должна быть в центре государственных интересов, а интеллектуальное воспитание т.е. развитие мировоззрения подрастающего поколения – стать одной из приоритетных задач образовательной политики.

Андатпа

Мақалада физиканы оқыту процесінде оқушылардың дүниеге ғылыми көзқарастарын қалыптастыру мәселесі қарастырылған. Ғылыми көзқарасты қалыптастырудың маңыздылығы және қиыншылықтары туралы айтылған.

Кілттік сөздер: физика, дүниетану, ғылыми білім, мектептегі білім, физикалық түсініктер

Abstract

In the article the problem of students scientific understanding in learning physics refers to the difficulty and importance of the scientific view.

Keywords: physics, worldview, scientific knowledge, school education, physical concepts

ЛИТЕРАТУРА

1. Мощанский В. Н. Формирование мировоззрения учащихся при изучении физики. – 3-е изд., перераб. и доп. [Текст] – М.: Просвещение, 1989. – 192 с.
2. Теория и методика обучения физике в школе: Общие вопросы: Учебное пособие для студентов высших учебных заведений. / С.Е.Каменецкий, Н.С.Пурьшева, Н. Е. Важеевская и др.; Под ред. С. Е. Каменецкого, Н.С.Пурьшевой. [Текст] – М.: Изд. центр «Академия», 2000. – 368 с.
3. Разумовский В.Г. Основы методики преподавания физики. М.: Просвещение, 1984.
4. Мамбетакунов.Э. Методология качества педагогических исследований. Б.: КНУ, 2006.

ӘОЖ 378

БОЛАШАҚ ИНФОРМАТИКА МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КРЕАТИВТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

¹Беркимбаев К.М., ²Бураева Ж.Б.

¹п.ғ.д., профессор, ²докторант

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Қазақстан
e-mail: kamalbek.berkimbaev@yandex.kz

Ұлттық білім беру моделін қалыптастыруда әлемдік деңгейдегі озық білім беру ұйымдарының тәжірибелерін зерделеу және алдымен, адами және ғылыми-техникалық әлеуетті нығайту маңыздылығынан туындайды. Бұл, білім беру ұйымдарында оқытуды ұйымдастырудың ұдайы жетілу мен толысу үдерісінің үздіксіз іске асырылуын негіздейді. Осы орайда, *оқыту мен білім беру*

ұғымдарының өзара қатынасын зерделеу маңызды. Соңғы уақытқа дейін оқыту мен білім берудің өзара байланысты туралы бірнеше тұжырымдамалар қалыптасқандығы белгілі:

- оқыту мен білім беру арасында сәйкестік мүлдем жоқ деуге болады;
- білім беру психология сияқты ғылыммен ғана емес, сонымен бірге өнер деген ұғыммен де тығыз байланысты. Хайет ол туралы: «Бұл кітаптың *Білім беру өнері* деп аталу себебі – мен білім берудің ғылым емес, өнер екеніне сенемін. ...Алайда білім беруді оқытудан бөліп алуға болмайды, – деген еді»;

- «түрлі теориялық қағидалар екі саланы басқарады» деген пікірмен тығыз байланысты. Шуелл [1] бұл хақында: «Оқыту мен білім берудің айырмашылығы әдетте оларды бір-бірінен бөліп қарастырумен байланысты», – дейді.


Қазіргі кезде түрлі зерттеу тәсілдеріне сүйенетін зерттеушілер *білім алу мен оқыту бір-бірімен тығыз байланысты, сондықтан оларды бірге қарастыру* қажет деп ойлайды. Білім алушылардың оқу траекториясын, яғни олардың бастапқы деңгейі мен қол жеткізгісі келетін нәтиже аралығын анықтаудың пайдасы ұшан-теңіз. Кейін білім алушылар аталған траекториялар бойынша өз білімдерін контекстік факторлармен байланыстыру арқылы білім алу туралы шешім шығара алады.

Ал, Дейл Х. Шунктің тұжырымдауында – *оқыту теориясы мен білім беру тәжірибесі бір-бірі толықтырады*.

Осы орайда, Дейл Х. Шунктың *«оқыту – қайталаулардың немесе тәжірибенің нәтижесінде адамның мінез-құлқы мен жүріс-тұрыс ерекшелігінде орын алатын, ұзақ уақытқа созылатын өзгеріс»* екендігін көрсететін анықтамасын басшылыққа алу маңызды [2].

Дейл Х. Шунк ұсынған оқыту межесіне жетуде бірнеше мәселелерді шешу қажеттілігі көрініс табады (сурет 1). Енді аталған мәселелерді кеңірек қарастырайық.

1. Оқытудың іске асуы - оқытудағы нейрондық байланыстардың (синапстар) пайда болуы мен нығаюын қамтитын бекіту үдерісі. бекітуді арттыру тәсілдері: оқу үдерісін ұйымдастыру, қайталау, жоспарлау. Біздің зерттеу мәселемізге байланысты оқытудың іске асуы болашақ информатика



Сурет 1 - Оқыту межесі (Дейл Х. Шунк бойынша)

мұғалімдерінің педагогикалық креативтілігін қалыптастырудағы оқыту мазмұны, оқыту әдістері және формалары арқылы қамсыздандырылады.

2. Жад қызметі - оқыту материалының білім алушының өздері ұйымдастырып, білетінімен байланыстырылып, есте сақтай алатындай болуы. Танымдық теориялар да жадтың рөлін атап көрсетеді. Ақпаратты өңдеу теориялары оқытуды *кодтау* ретінде қабылдап, санада жинақталған білім ұйымдасқан және мағынаға толы деп есептейді. Қажетті белгі жеткен кезде жадтың тұрақты қызмет етіп отыруына мүмкіндік беретін білімге қол жеткіземіз.

3. Ынтаның рөлі - білім алушылардың оқуға ынтасын арттыру үшін оқытушылар оқу тәжірибесі мен қоршаған ортаның ынталандыру әсерін естен шығармағаны абзал. Бұл болашақ информатика мұғалімдерінің педагогикалық креативтілігін қалыптастырудағы оқыту мақсаты, өзіндік тиімділік, құндылықтар және мүдделер арқылы айқындалады.

4. Өзіндік оқу - оқу мақсатына жету үшін білім алушылардың ойларын, сезімдері мен әрекеттерін сол мақсатқа бағыттауы. Болашақ информатика мұғалімдерінің педагогикалық


креативтілігін қалыптастырудағы өзіндік оқу: тұлғаның педагогикалық креативтілікті қалыптастырудағы мақсатын, оның сол мақсаттарға сүйене отырып әрекет жасауын және білім алуы мен болашақ кәсіби қызметте жетістікке жету үшін түрлі тәсілдер мен әрекеттерді бақылап, бейімдеп отыруын қамтиды.

5. Трансфер - білім мен дағдыны жаңаша, жаңа контентте, бұрынғыдан басқа жағдайда қолдану. Танымдық теория білім алушылар алған білімдерін басқа жағдайда қалай қолданатынын түсінген кезде трансфер орын алады деп есептейді. Ақпараттың жадта қалай сақталатынын аса маңызды. Білімді пайдалану жолдары алған біліммен бірге сақталады немесе оған басқа жад арқылы қол жеткізуге болады. Бұл болашақ информатика мұғалімдерінің педагогикалық креативтілігін қалыптастыруда креативті оқыту әдістерін басшылыққа алып ұйымдастырылатын практикалық сабақтар тапсырмаларын, квесттерді, оқу жобаларын орындаулары арқылы іске асады.

6. Оқытудың мәні - оқыту түрлері арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтап, олардың әрқайсысы үшін тиімді тәсілді таңдау. Танымдық теория оқытуды білім алу, ақпаратты өңдеу, жад жүйесі, сабақ барысында болып жатқан оқиғаларды (мұғалімдер, құрдастары, материалдар, ұйымдар) білім алушының қабылдауы мен түсіндіруі сияқты факторлармен байланыстырады. Бұл болашақ информатика мұғалімдерінің педагогикалық креативтілігін қалыптастыру мақсатында «Жаңа ақпараттық педагогикалық технологиялар» элективтік курсы оқыту әдістемесін іске асыру тетіктерімен негізделеді.


Болашақ информатика мұғалімдерінің педагогикалық креативтілігін қалыптастыру білім беру мен маман даярлау бағытында кешенді іс-шаралар аясында іске асырылатын күрделі сипатқа ие үдеріс. Оқыту дегеніміз білім алушылардың білім мазмұнын (мәдени тәжірибені) игеруіне жағдай жасайтын арнайы ұйымдастырылған үдеріс деп түсініледі [3].

Сондықтан, оны жүзеге асыруға негізделіп құрылған құрылымдық-мазмұндық модельді заманауи оқыту моделіне бағдарланған оқыту әдістемесімен үйлестіру қажеттілігі бар. Болашақ информатика мұғалімдерінің педагогикалық креативтілігін қалыптастыруда келесі оқыту моделін басшылыққа аламыз (сурет 2).



Сурет 2. Оқыту моделі және оның өнімдері (Битем Элен бойынша)

Зерттеу жұмысымыздың теориялық негіздері арқылы болашақ информатика мұғалімдерінің педагогикалық креативтілігін қалыптастыру құрылымы келесі сызба түрінде айқындалды (сурет 3).



Сурет 3 - Болашақ информатика мұғалімдерінің педагогикалық креативтілігін қалыптастыру құрылымы

Болашақ информатика мұғалімдерінің педагогикалық креативтілігін қалыптастырудың әдістемелік жүйесін өзара байланысқан құраушылар құрайды: *оқыту мақсаты, мазмұн, әдістемелік құраушы және тиімді бағалау.*

Біздің зерттеу проблемамызға байланысты жоғарыда аталған зерттеулер мазмұнын зерделеу болашақ информатика мұғалімдерінің педагогикалық креативтілігін қалыптастырудың әдістемелік жүйесін құруға негіз болды.

Осы орайда Sternberg және W.Williams «Білім алушылардың креативтілігін дамыту жолдары» [4] еңбегінде ұсынған креативтілікті дамытудың 24 тәсілін қарастыру маңызды. Олар:

- креативті үлгі
- сенімділігін қалыптастыру
- болжам жасауға көмектесетін сұрақтар
- мәселелерді анықтау
- идеяларды ойлап табуға ынталандыру
- өзара ой алмасу идеялары
- креативті ойлауға уақыт бөлу
- креативтік нұсқаулар және бағалаулар
- креативті идеялар мен өнімдерді марапаттау
- тәуекелге баруды ынталандыру
- тұрақсыздыққа төзімділік таныту
- қателіктерге жол беру
- кедергілерді анықтау және жеңу
- жауапкершілікке үйрету
- өзін-өзі реттеуге ықпал ету
- бағалауға асықпау
- креативті серіктестікке үйрету
- басқа көзқарастарды ескеру
- адамның қоршаған ортасын тану
- уайымдарды тани білу
- ынталандырушы ортаны іздеу
- күшті жақтарын тани білу
- креативті өсу
- креативтілікті насихаттау

Болашақ информатика мұғалімінің педагогикалық креативтілігін қалыптастыруда біз саналы және бейсаналы деңгейде креативті ойлауға, креативтілікті практикаға бағытталған іс- әрекет, жаңа идеяларды қалыптастыру ретінде қарастырамыз; оны күнделікті іс-әрекетте инновациялық шешімдер қабылдауға үйретеміз.

Аннотация

В статье рассматривается сущность и значение понятий обучения и образования. Также изложена структура формирования педагогической креативности будущих учителей информатики. *Ключевые слова:* образование, обучение, будущий учитель, креативность, педагогический креативность.

Abstract

The article deals with the essence and meaning of the concepts of training and education. The structure of the formation of pedagogical creativity of future computer science teachers is also described. *Key words:* education, training, future teacher, creativity, pedagogical creativity.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1 Shuell, T. J. (1988). The role of the student in learning from instruction. *Contemporary Educational Psychology*, 13, 276–295.

2 Дейл Х. Шунк. Оқыту теориясы: Білім берудің келешегі. 7-басылым. –Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. -468 б.

3 Кларин М.В. Инновационные модели обучения: Исследование мирового опыта. Монография. 2-е издание. - М.: АУч, 2018. - 640 с.

4 Шамшина Н.В. Развитие креативного мышления в профессиональной подготовке учителей информатики // Современные тенденции естественно-математического образования: школа – вуз. Материалы Международной научно-практической конференции: в 2 частях. Соликамский государственный педагогический институт (филиал) ФГБОУ ВО «Пермский государственный национальный исследовательский университет». 2016. – С. 98-102.

ЭОЖ 537

ДЕНЕЛЕРДІҢ ЭЛЕКТРЛЕНУ ҚҰБЫЛЫСЫН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

М.Б. Динаилова

ғ.м., аға оқытушы, «Сырдария» университеті, Жетісай к., Қазақстан. (molya_021091@mail.ru)

Кез келген денелер өзара бір-бірімен әрекеттесетін болса, онда пластмассадан жасалған заттарды немесе қаламды киімге үйкесендер, басқа ұсақ қағаз қиындыларын өзіне тартатынын көреміз. Онда құрғақ шүберекпен сүртілген әйнек, шыны мен пластинка тозаңды және басқа ұсақ бөлшектерді өзіне тартады. Сендер үстеріңнен синтетикалық киімді шешкенде, шытырлаған дыбыс ести аласыңдар, сонда бір дененің екінші бір денемен өзара әрекеттесуінен дене электрленеді. Көп жағдайда жанасқан заттардың бір-біріне тартылатынын байқауға болады. Демек, денелер өзара электрленеді де, олардың арасында электрлік тартылыс күштері пайда болады. Бұл құбылысты үйкеліс арқылы электрлену деп аталады. Электрлену кезінде түрлі заттардан жасалған денелердің электрлік өзара әрекеттесу қабілетіне ие болатынын дәлелдей түседі. Денелердің осы қасиетін электр заряды деп аталатын физикалық шамамен сипаттайды [1]. Электр заряды туралы ұғымды оқушылар оңай түсінбейтін ең күрделі ұғым болып табылады.

Қазіргі кезде электр құбылыстары жөнінде тәжірибие өте көп. Мысалы, әйнек, эбонит, капрон, жүн, жібек тағы сол сияқты материалдар көмегімен жасалатын көрнекілікті кез келген физикалық материалдардан қарастыруға болады [2].

Денелердің өзара әрекеттесу кезінде электр заряды мен қосса, электр өрісінің пайда болатынын анықтайық.


Ол үшін электр өрісі туралы ұғымның қалыптасуы ең бірінші тәжірибемен басталады.

Электрофор машинасы физика пәні бойынша электростатика тарауын оқыған кезде демонстрациялық тәжірибелер көрсету кезінде үлкен зарядтарды және жоғары потенциалдар айырмасын алуға негізделген. Электростатика тарауы қозғалмайтын электр зарядтарының бір-бірімен өзара әсер етуін зерттейді.

Электрофор машинасына өткізгіш сымдарды электр сұлтандарына тізбектей жалғай отырып, электрофор машинасын қозғалысқа келтірейік. Оның ең маңызды кезеңдерінің бірі оңашаланған зарядтың екі әр аттас зарядтарының электр өрісін бақылау [3]. Сонда қозғалыстың арқасында электр зарядтарының пайда болатынын байқаймыз. Әрбір зарядталған электр сұлтандарының бойында электр өрісі пайда болады. Яғни электр сұлтандарының бір-бірімен тартылып немесе тебіліс жатқаны көрінеді. Электр сұлтандардың бойына әр аттас зарядтар немесе біртекті зарядтар жинақталады. Сол біраз уақытқа дейін тебілу, тартылу немес өзара әрекеттесу күштері жойылмайды. Сондықтанда электр сұлтандардың бойында электр заряды сақталады. Бұл жүйедегі электрлену құбылысы электр зарядының сақталу заңына бағынады:

Тұйықталған жүйедегі денелердің электрленуінің барлық құбылыстарында электр зарядтарының қосындысы сақталады:

$$q_1 + q_2 + \dots + q_n = const$$



Электр сұлтандарының бойындағы электр заряды

Келесі тәжірибеде электрофор машинасын қозғалысқа келтіре отырып, электрофор машинаның кондукторының бойында электр зарядының жинақталғанын электрметр деген құрал арқылы өлшеп көрсету.



Электрметрлік құрылғы

Көрнекі тәжірибелерді қоя отырып, денелердің электрленуін көрсету. Физикада денелердің электрленуін оқыту барысында оқушыларға көрнекі құралдарды көрсету. Физикалық теорияларды тәжірибе жүзінде дәлелдеу қажет.

Аннотация

В данной статье представлены примеры электрического заряда во время электрификации в лабораторном эксперименте

Ключевые слова: зеркало, стекло, эбонит, электрофорная машина, электромметр.

Abstract

This article presents the formation of electric charge during electrification through a laboratory experiment

Key words: mirror, glass, ebonite, electrophoric machine, electrometer.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Б.М. Дүйсенбаев, Г.З.Байжасарова, А.А.Медетбекова «Физика және астрономия», 8 сынып, Алматы «Мектеп» 2008, 109б.
2. А.Файзуллаев, «Физиканы оқыту әдістемесі», Алматы, 2014, 79б
3. Т.Д. Бердалиева, Ә.Т. Мирзалиева «Физиканы оқыту әдістемесі», Жетісай 2015, 43б.

ОРТА МЕКТЕПТЕ ЭЛЕКТРОДИНАМИКА КУРСЫН ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚОЛДАНБАЛЫ БІЛІМІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

А. Дүйсенбек, 7М1502-19-Физика мамандығының 2-курс магистранты

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қ, Қазақстан

e-mail: a_duysenbek98@mail.ru

Ғылыми жетекшісі: ф.-м.ғ.к., доцент Рамазанова С.А.

Қазіргі таңда сапалы білім беру – оқыту мен тәрбиелеудің үздіксіз үдерісі. Қазіргі жаңа талаптар оқушыға ғана емес, қазіргі заман мұғаліміне қойылады, мұғалімдер тек «сабақ беруші» ғана емес, баланың оқу ортасын құра арлатын ынтасы мен қызығушылығын оята алатын, білімді тиянақты меңгерте алатын маман болуы тиіс. Мұғалім үнемі жанашылдыққа дайын болуы керек. Білім сапасына, оны оқытудың әдіс-тәсілдері мен технологиясына жоғары талаптар қойылып, оқушыны нағыз бәсекеге қабілетті тұлға ретінде тәрбиелеу мен білім беру – жаңашыл ұстазға қойылар басты талаптардың бірі болып саналады.

Білім беру ісіндегі түрлі өзгерістер, білім беру мазмұнының жаңаруы, тереңдеуі және де оны оқушыларға меңгерте білу әдіс-тәсілдерін жетілдіру – мұның барлығы білім беру үдерісінің үнемі жаңарып, жаңғырып отырғаны, даму барысы деп білемін. Олай болса, орта білім берудің негізгі бағытының бірі - оқушыларға физика курсын түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, тереңдетіп, жетілдіре отырып меңгерту болмақ. Әсіресе, физика курсының «Электродинамика» бөлімін мазмұн жағынан және әдістемелік тұрғыдан тереңдете білудің маңызы зор.

Физиканы оқыту оқушыларды ғылыми таным әдістерімен қаруландырып қана қоймай, оларға табиғи және техникалық құбылыстарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беретін интеллектуалдық және практикалық біліктіліктерін дамытуға бағдарлануы тиіс.

Мектепте оқылатын физика курсының негіздері (құбылыстар, ұғымдар, заңдар, теориялар) таңдап алынған материалдар оқушыларға дидактикалық принциптерге сәйкес жинақталып берілуі тиіс. Қазіргі кездегі оқушылардың ойлау қабілетін дамыта оқытуда оқытылатын материалдар дәйекті түрде жүйеленіп берілуі қажет. Орта мектептегі физика курсының оқу материалдары негізгі идея және физикалық теориялардың айналасында жинақталып берілуінде.

Электродинамика дегеніміз – электромагниттік өріс жайындағы ғылым. Ол өрістің электр зарядтарымен байланысын, өрістің зарядтарға әсерін ашып береді. Классикалық механикада денелердің қозғалысын қарастырғанда, денелерге әсер етуші күштердің табиғаты ашып айтылмайтынын еске алайық. Олардың жылдамдыққа, уақытқа тәуелділігі алдын ала беріледі немесе басқа физикалық теориялардан алынады. Электродинамика электромагниттік әсер күштерінің электр зарядталған денелердің әсерінен болатындығын және олар зарядталған денелерге әсер ететіндігін айтып сипаттайды.

Электродинамикада әртүрлі күштер қарастырылады:

1) вакуум үшін демалу зарядтарының өзара әрекеттесуін сипаттайтын күштер. Олар орталық болып табылады, өзара әрекеттесетін зарядтар арасындағы қашықтыққа байланысты және жылдамдыққа тәуелді емес.

2) ток пен магниттік жебенің өзара әрекеттесу күші (Эрстед тәжірибесі) оларды байланыстыратын сызық бойынша әрекет етеді, тек өзара әрекеттесетін объектілер арасындағы қашықтыққа ғана емес, сонымен қатар ток күшіне де байланысты, бұл өз кезегінде зарядталған бөлшектер мен зарядтардың жылдамдығына байланысты.

3) токпен екі параллель өткізгіштің арасында пайда болатын күштер. Олар өткізгіштегі ток күшіне (демек, зарядқа) және оның қозғалыс жылдамдығына пропорционал және олардың арасындағы қашықтыққа кері пропорционал.

4) магнит өрісі жағынан қозғалатын зарядқа әсер ететін күш. Бұл зарядтың жылдамдығына байланысты.

Жалпы білім беретін орта мектеп бағдарламасына электронның реттелген қозғалыс жылдамдығы, кедергінің температураға байланыстылығы және асқын өткізгіштік енгізілді. Оқушыларды классикалық электрондық теориямен таныстырған кезде мынандай маңызды қағидаларға көңіл бөлу керек:

1) теория қашан және неге жасалған; 2) теорияның негізгі қағидалары және көрнекілік үлгісі; 3) теорияның тәжірибеде дәлелденуі; 4) классикалық электрондық теорияның қолданылуы (қандай құбылыс және фактілер осы теориямен түсіндіріледі); 5) классикалық электрондық теорияның қиыншылықтары және оның пайда болу себептері; 6) классикалық электрондық теорияның маңызы.

Жоғарғы сыныптарда электр тоғының әр түрлі қатты, сұйық және газ тәрізді ортада өтуін оқып-үйренеді. Мұнда әр түрлі өткізгіштікті, яғни металдардағы электр тоғын, шала өткізгіштіктердегі, вакуумдағы, газдардағы, сұйықтардағы электр тоғы қарастырылады. Металдардағы электр тоғы толық жан-жақты қарастырылып, сандық түрде оқып үйретіледі. Ал қалған материалдар тек сапалық түрде қарастырылады.

Жалпы білім беретін мектеп бағдаламасында (2000 жылғы) сәйкес әр түрлі ортадағы электр тоғы өту реті біршама өзгереді. Өту реті: металдардағы электр тоғы; шала өткізгіштердегі электр тоғы; шала өткізгіштік құралдардың техникада қолданылуы; электролит ерітінділеріндегі электр тоғы; электролиздің техникалық қолданылуы; газдардағы электр тоғы; вакуумдегі электр тоғы және олардың қолданулары. Мұнда шала өткізгіштердегі электр тоғын оқыту металдардағы электр тоғын оқытқаннан кейін басталу себебі, қазіргі кездегі олардың техникада қолданулары маңызды орын алуынан.

Заттың электрлік қасиеттерін орта мектепте классикалық электрондық теорияға сүйеніп түсіндіреді. Негізгі мектепте денелердің электрленуі, металл өткізгіштердегі электр тоғы тақырыптарын өткен кезде классикалық электрондық теория туралы оқушылар алғашқы мағлұматтар алған болатын. Бағдарлы мектепте өткізгіштердің және диэлектриктердің қасиеттерін түсіндіргенде электрон үлгісі, өткізгіштік және диэлектриктердің үлгілері қолданылады.

Өткізгіштердің электрлік қасиетін мектепте қарастырудың басты мақсаты өткізгіштің және электр өрісінде тұрған зарядталған өткізгіштің ішінде заряд та, электр өрісі де жоқ екенін дәлелдеу және түсіндіру. Электрстатикалық құбылыстардың практикада қолданылуын көрсету.

Электрдинамика – макроскопиялық, микроскопиялық және кванттық болып бөлінеді. Орта мектепте макроскопиялық электрдинамиканың элементтері – Максвелл электрдинамикасы оқытылады. Максвелл теңдеулері орта мектепте берілмесе де электрдинамикада алатын орны ерекше, механикадағы Ньютон заңдары сияқты. Бұл теңдеу электрмагниттік өрісті сипаттайтын электр өрісінің кернеулілігі - E және магнит индукция векторы B - арнап жазылған. Максвелл теориясында ортаның қасиеті үш шамамен сипатталады: ϵ - диэлектрлік өтімділік, магнит өрісінің өтімділігі - μ және меншікті электрлік өткізгіштік γ .

Жоғарғы сынып оқушыларына Максвеллдің идеясын қазіргі кезге сәйкес түсінуге оңай түрде жеткізу қажет. Электрмагниттік өріс - дегеніміз зарядталған бөлшектердің өзара әсерлесуінен болатын материяның ерекше бір формасы. Оқушыларға негізгі мектеп бөлімінен белгілі, электр және магнит өрістері, осы электрмагниттік өрістің жеке жағдайлардағы білінуі болып табылатынын жеткізу керек.

Электр және магнит өрістерінің бір-бірімен байланысын оқушыларға электрмагниттік индукция құбылысын мысалға алып түсіндіруге болады.

Қорыта айтқанда, оқушыларға электродинамика тарауындағы қолданбалы материалдарды оқыту, техникалық білімдерін кеңейтетін қолданбалы мазмұндағы сабақтар жүйесі нағыз бәсекеге қабілетті жастарды дайындайды. Электродинамика тарауы бойынша физика – техникалық материалды игеру жолдары, пәнаралық байланыстың ролі және арнайы жасақталған әдістемелік жүйелер қарастырылады.

Аңдатпа

Мақалада оқыту сапасын арттыру және студенттердің электродинамиканы оқытуда қолданбалы білімдерін қалыптастыру мәселелері қарастырылады. Қоғамның болашақ мүшелерінің

жаратылыстану ғылымдарының негіздерін толық игеруі қазіргі заманғы талаптардан туындайтынын ескере отырып, оның негізі орта мектепте физика пәнінен басталатыны белгілі. Физика курсының негізгі бөлігі-электродинамика курсы. Электродинамика курсының маңыздылығы, оны оқытудың тиімділігі мен алғышарттары талқыланады.

Кілттік сөздер: физика, оқыту, электродинамика, әдістеме, педагогика, қолданбалы білім

Аннотация

В статье рассматриваются вопросы повышения качества обучения и формирования у студентов прикладных знаний при обучении электродинамике. Учитывая, что полное овладение основами естественных наук будущими членами общества вытекает из современных требований, известно, что его краеугольный камень начинается с овладения физикой в средней школе. А основная часть курса физики - это курс электродинамики. Обсуждается важность курса электродинамики, эффективность и предпосылки его обучения.

Ключевые слова: Физика, обучение, электродинамика, методика, педагогика

Abstract

The article considers the issues of improving the quality of teaching and the formation of students' applied knowledge in the study of electrodynamics. Considering that full mastery of the basics of natural science by future members of society comes from modern requirements, it is known that its cross-section begins with the mastery of physics in secondary school. And the main part of the physics course is the electrodynamics course. The importance of the course of electrodynamics, efficiency and preconditions of his training is discussed.

Key words: Physics, training, electrodynamics, methodology, pedagogy

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 27 шілде 2007 жыл №319-Ш. (24.11.2015 жылы өзгерістер мен толықтырулар енгізілген)
- 2 Даулетқұлов С. Есептер мен демонстрациялық тәжірибенің мәні // Математика және физика, ғылыми-әдістемелік журнал, №6, 2003.
- 3 Шахмаев И.П. и др. Физический эксперимент в средней школе. –М.: «Просвещение», 1991.
- 4 Акитай Б.Е. Физиканы оқыту теориясы және әдістемелік негіздері –Алматы: «Просвещение», 2006.
- 5 Жумабаева Р, Баспақова Ш. Физикадан факультативтік сабақтар методикасы. Алматы «Просвещение», 1980.
- 6 Айманов тағы басқалар., Электрониканың физикалық негіздері, -А.: «Рауан» 1971.
- 7 Кабардин О.Ф., Орлов В.А., Шефер Н.И. Факультативный курс физики. 10 класс- М.: Просвещение, 1987.
- 8 Кенжалиев Д.И. Электродинамика және арнаулы салыстырмалық теориясы – Орал, 2007.

ӘӨЖ: 543.04

COVID-19 ПАНДЕМИЯСЫ КЕЗІНДЕ ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ САПАСЫН АРТТЫРУҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗУДЕГІ КЕДЕРГІЛЕР

Б.Е.Ерболова

7M01501-Физика мамандығының 1 курс магистранты, Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан, e-mail: baktygul.erbolova.97@mail.ru

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы, доцент м.а. А.Б.Ашиқбаева

Жалпы түсінік. Осы мақалада сипатталған физика курсы бойынша білім беру ғылыми-зерттеу бағдарламаларынан және университет оқытушылармен өзара ынтымақтасқан байланыстан туындады. Мұндай ынтымақтасқан зерттеу жұмыстарының нәтижелерін тиімді жүзеге асыру жаңа жаһандық зерттеулерге жол ашады. Демек, физика ғылыми зерттеу бағдарламалары мен жоғарғы оқу орындары арасындағы ынтымақтастық барысында дамиды. Шынында да, осы мақалада сипатталған кейбір функциялар әлі іске асырыла қоймаған жобаларды іске асыруға мүмкіндік береді.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы COVID-19-ны пандемия деп жариялағаннан бері, оқытушылар электронды оқыту жүйелері арқылы онлайн оқытуға көшуге мәжбүр болды[1,2]. Аль-Арайни бүкіл әлемде жоғары білім беру саласында қашықтықтан білім беру жылдам енгізіліп

кедергілерді, проблемалар мен қиындықтарды айналып өтіп жатқанын айтады[3]. Қазіргі күні жоғары оқу орындары алдына ғылыми және технологиялық жетістіктермен қатар бірқатар талаптарды қойды.

Қашықтықтан білім беру жағдайында университеттің ресми білім беру платформаларына қосыла алмайтын шалғай аудандардағы студенттерге білім алу мүмкіндіктерін ұсынады. Қазіргі күнде оқытушылар мен студенттер әртүрлі заманауи байланыс құралдарын қолдана отырып өзара байланысқа шығуда. Бұл қауіпті пандемияда онлайн-платформаларға, бейнеконференцияларға, онлайн-пікірталастарға және дәрістерге кіру ақысыз болуын қамтамасыз ету керек. Интернет байланыстары жақсы болса, студенттерден жедел кері байланыс ала аласыз және сабақтарды бетпелбет жүргізе аласыз. Дағдарыс жағдайында онлайн оқуға бейімделу - бұл пандемиямен күресуге көмектесу барысында, білім беру ұйымдары оқыту мен оқу барысындағы ең үлкен проблемасы.

Палестиналықтар араб әлемінде бірінші болып қашықтықтан білім беру барысында Аль-Кудс Ашық Университетін (Al-Quds Open University) құрды. Кейіннен басқа араб бастамалары жарияланды, оның ішінде Ливия қаласында Триполидегі Ашық Университет; Алжирдегі үздіксіз білім беру университеті (University of Continuing Training); Сириядағы виртуалды университет және де көптеген филиалдары бар. Мысырда, Йеменде, Мароккода, Ливанда және басқа араб елдерінде қашықтықтан білім беру барысында оқытушыларды алдын-ала ашық білім беруге даярлау жобалары бар [4].

Бүгінгі күні COVID-19 пандемиясының пайда болуымен үкіметтер 188 елдегі студенттердің 89% -ына (яғни 1,5 миллиардтан астам адамға) университеттер кіруге рұқсат бермей университеттерді жабуға мәжбүр болды[5].

1.1. Міндеттері. Осы зерттеу жұмысы Қазақ Ұлттық Университетінің оқытушылар мен студенттердің өзіндік көзқарастары бойынша қашықтықтан білім берудегі кедергілерді зерттеу, аталған кедергілердің алдын-алуда және қашықтықтан оқыту процесінің білім беру үдерісінде пайдалы болуына бағытталған. Университет оқытушылары мен олардың студенттері тарапынан қашықтықтан оқытудың жоғары сапасына қол жеткізу барысындағы кедергілерді анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді. Бұл зерттеудің мақсаты:

1. COVID-19 пандемиясы кезінде университет оқытушылары мен студенттерінің қашықтықтан білім беру сапасына қол жеткізуде кездескен кедергілерді зерттеп, қандай кедергілер олардың білім алу және білім беру процестерін шектегенін анықтау.

2. Ашық білім беру жүйесіндегі анықталған кедергілердің жіктелуі.

3. COVID-19 пандемиясы кезінде оқытушылар мен студенттер арасында сапалы ашық білім алуға қол жеткізу үшін анықталған кедергілердегі айырмашылықтарды анықтау.

4. Ашық білім беру және білім алу кезінде анықталған кедергілерді жеңу үшін бірнеше ұсыныстар беру.

Осы зерттеудің негізгі сұрақтары. Зерттеудің маңыздылығы COVID-19 пандемиясы кезінде университеттің дәстүрлі білім беру жүйесін балама ретінде қашықтықтан білім беру жүйесіне қолданған, бұл оларға оқу жылының аяғына дейін сабақ пен білім беру іс-шараларын ойдағыдай аяқтауға мүмкіндік берді. Бұл жағдай университетке қашықтықтан білім беру жүйесін диагностикалауға, олардың білім беру барысындағы жетістіктеріне кедергі келтірген қиындықтар мен кедергілер туралы білуге және осы кедергілерді азайтуға бағытталған шешімдерді табуға негізделуі керек.

Зерттеудің негізгі сұрақтары:

1. Университет оқытушылары мен олардың студенттеріне COVID-19 пандемиясы кезінде қашықтықтан оқытудың сапалы деңгейіне жетуге қандай тосқауылдар бар?

2. Бұл кедергілер қалай жіктеледі?

3. COVID-19 пандемиясы аясында қашықтықтан білім беруде сапаға жету үшін аталған кедергілер оқытушылар мен студенттер арасында әр түрлі ме?

1.2. Зерттеудің маңыздылығы. Бұл зерттеу COVID-19 пандемиясы кезінде қашықтықтан оқытуды диагностикалауға бағытталған, университеттердің оқытушылары мен студенттерінің көзқарастарына сүйене отырып жасалған. Соңғы қадам –білім беру мекемелерінде қашықтықтан білім берудің қазіргі қолданысы мен дамуын жақсартуға көмектесетін нәтижелер шығару.

Бұл зерттеу университеттің оқытушылары мен студенттерінің пікірлеріне сүйене отырып, COVID-19 пандемиясы кезінде университетте қашықтықтан оқытуды диагностикалауға бағытталған, өйткені қашықтықтан оқыту университеттегі соңғы кезеңдегі тенденция болып табылады. Сонымен қатар, қашықтықтан оқыту кезеңінде білім беру үшін қазіргі заманғы

технологияларды қолдану өте маңызды. Зерттеудің соңғы кезеңінде – университеттерде және білім беру мекемелерінде қашықтықтан білім беруді дамытуға көмектесетін нәтижелерді алу.

1.3. Зерттеу жұмысындағы кедергілер. Төменде сипатталғандай әр түрлі университеттердің оқытушылары мен студенттеріне ыңғайлы таңдау арасында сауалнамалар таратылғаннан кейін үлкен үлгі алынды:

Нысан: Қазақ Ұлттық Университеті. Кезең: зерттеу 2020 жылдың қараша-желтоқсан айларында жүргізілді. Үлгілер: зерттеуге университет оқытушылары мен студенттері қатысты.

1.3.1. Теориялық құрылым және зерттеу кезеңдері: Қашықтықтан оқыту, Қашықтықтан оқыту тұжырымдамасы. COVID-19 пандемиясы кезінде онлайн-оқыту мекемелері көбейіп, қазіргі кезде Қытайдың көптеген университеттерінде едәуір жоғары пайызды құрайды, соның ішінде түнгі ауысымдарды қарапайым сыныптардан электронды сыныптарға ауыстырып және оқу процесіндегі түрлі кедергілерге бейімдеуде [6, 7]. Қашықтықтан оқыту - бұл білім беру салсындағы философия емес, білімге деген көзқарас. Яғни, студенттер өз уақыттарына, мүмкіндіктеріне сәйкес (үйде, жұмыс орнында немесе оқу орталығында) оқытушылармен тікелей байланыссыз оқи алады. Демек, ақпараттық технологиялар қашықтықтан білім берудің маңызды элементі болып табылады [8].

1.3.2. Қашықтықтан оқыту жүйесі. 1896 жылы Лондон Университетінде (University of London) сырттай оқытын студенттерге емтихан тапсыру туралы Корольдік келісімі жасалды, ал 1858 жылы университет студенттерге сабаққа қатысуды қажет етпестен дәрежелер берді, содан соң басқа университеттер де осы жүйені қолдана бастады. 1877-1931 жылдар аралығында Шотландиядағы Сент-Эндрюс университетінде (University of St Andrews) дүние жүзі бойынша жүзден астам қашықтықтан білім беруге арналған орталықтары болды. 1946 жылы Оңтүстік Африка Университеті (University of South Africa) қашықтықтан білім берудің бүкіл жүйесін енгізген алғашқы университет болды, ал 1939 жылы Францияның қашықтықтан білім беруге арналған ұлттық орталығы (French National Distance Learning Center - CNED) құрылды [9].

Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялардың жетістігіне байланысты қашықтан білім беру түрлері де дамуда, ол келесі сатылардан

- Сырттай оқытудан бастап;
- Содан кейін радио мен теледидар арқылы оқытудан;
- Аудио және аудиовизуалды ақпарат құралдарын пайдаланудан;
- Оқу телефонды, интерактивті видеоны және оқу компьютерлерін пайдаланудан;
- Қашықтықтан білім беру саласындағы интернеттің қолданысқа енгізілуінен тұрады.

Электрондық кітапханалар мен ақпараттық жүйелердің қолданысқа енгізілуі білім берудің ұжымдық түрінен білім берудің жеке түріне өтуіне ықпал етті және қашықтықтан оқытудың маңыздылығын көрсетті.

Қашықтықтан оқыту жүйесінің сипаттамалары

Кедергілер Санаты (Топтары)	Кедергілер	Оқытушылар N=10	Студенттер N=25	Барлығы N=35	Барлығы (100%)
Жеке кедергілер (өздігінен жасалған кедергілер)	Студенттердің қашықтықтан оқытуға деген ынтасының нашар болуы.	3	12	15	42.8
	Аудиториядағы өзара байланыс болмаған жағдайда студенттердің кейбір пәндерді түсіну қиындықтары.	7	14	21	60
	Кейбір оқытушылардың қашықтықтан оқытудың пайдалы екеніне сенімді еместігі.	1	5	6	17.14
	Қашықтықтан оқыту жүйесін енгізуге деген дайындықтың болмауы.	4	11	15	42.8
Педагогикалы қ кедергілер	Кейбір қолданбалы курстарды игерудегі қиындықтар.	1	5	6	17.14

	Қашықтықтан білім берудегі бағалаудың белгілі әдістерінің болмауы.	4	4	8	22.8
	Университет қауымдастығының (әкімшілік, оқытушылар және т.б.) қашықтықтан оқытуға дайын болмауы.	1	5	6	17.14
Техникалық кедергілер	Әлсіз интернет ағыны (жылдамдық).	5	1	6	17.14
	Мәліметтер мен ақпараттың қауіпсіздігі және құпиялығы.	5	15	20	57.14
Қаржылық және ұйымдас-тырушылық кедергілер	Қашықтан байланыс жасау мүмкіндігінің болмауы (құрылғылар, Интернет, қосымшалар және т.б.).	6	5	11	31.4
	Технологияны қолдануға дайындықтың болмауы.	5	16	21	60
	Электронды тасымалдағыштың көптігі және бәрінің арасында бірыңғай бақылаудың болмауы.	4	8	12	34.28
	Үйдегі жағдай қашықтықтан білім алу үшін қолайлы емес.	4	5	9	25.7

Мустансири Университет профессорлары Хайфа Гази Рашид, Сеад Обаид Джауда, Зиад Мохаммед Абуд, Сахлат Аль ван Джавад өз зерттеулерінде «Қашықтықтан білім беру жүйесін дәстүрлі білім беру жүйесінде қолданылатын әдістерден өзгеше әдістер қолданатын, оқытудың жаңа әдісін қарастырады», - деп баяндайды [10]. Қашықтықтан білім беру жүйесінде дәстүрлі білім берудегідей бір ғана әдіспен шектелмей, студенттерге ақпарат беру үшін көптеген әдістер қолданылады, мысалы, білім алушы кез келген уақытта, кез келген жерде білім ала алады, сондықтан білім берудің бұл түрі басқа білім беру жүйелеріне қарағанда арзан. АКТ-ны қолдана отырып, қашықтықтан оқытудың басты кемшіліктерінің біріне - қазіргі кезде гуманитарлық және әлеуметтік көріністі қамтамасыз ете алмайтын және нақты көріністі қамтамасыз ете алмайтын оқытушы мен студенттің тікелей өзара әрекеттестігі мен байланысы жоқ қашықтықтан оқыту жүйесі жатады.

1.4. Зерттеу әдісі

COVID-19 пандемиясы кезінде қашықтықтан оқытудың сапалы деңгейіне жету жолындағы кедергілерді табу үшін университет оқытушылары мен студенттеріне осы кедергілерді анықтау мақсатында сұрақ қойылды. Жұмыс зерттеушілік сипатта болғандықтан және кедергілерді анықтауға бағытталғандықтан, жауаптар статистикалық мәнмен көрсетілді.

«COVID-19 пандемиясы жағдайында қашықтықтан білім беру сапасын арттыру» тақырыбында зерттеуін дайындауға байланысты келесі сұрақтарға жауап берді: мысалы, Сіздің ойыңызша, қашықтықтан білім берудің сапалы деңгейіне жетуге не кедергі?

1.5. Мәліметтер жинау және нәтижелер. Кедергілер санаты

COVID-19 пандемиясы жағдайында қашықтықтан оқытудың сапалы деңгейіне жетудегі кедергілерді 2 кестеде көрсетілген үлгі бойынша төрт түрлі топқа бөлуге болады.

Жалпы қайталау бағанында оқытушылар мен студенттердің ішінен әр кедергі үшін алынған сынағандардың жалпы саны, сонымен бірге олардың жалпы санының пайыздық көрсеткіші көрсетілген. «COVID-19 пандемиясы жағдайында қашықтықтан білім беру сапасын арттыру барысындағы кедергілер». Мысалы, университет оқытушылары мен олардың студенттері COVID-19 пандемиясы кезінде қашықтықтан оқыту сапасын арттырудағы кедергілерді студенттердің қашықтықтан оқуға деген ынтасы нашар (42,8%), аудиториялық өзара әрекеттесу болмаған кезде кейбір пәндерді түсіну қиындықтарымен байланыстырды (60%) және кейбір оқытушылардың қашықтықтан оқытудың пайдалы екеніне сенімді еместігі (17,14%) және қашықтықтан оқыту жүйесін енгізуге дайын еместігі (42,8%). Тұтастай алғанда, екі тараптың да жалпы жауаптары 50% - дан әлдеқайда төмен болғанын байқауға болады (13 кедергінің 10-ы), ал тек үш кедергілер 50% -дан жоғары болды, демек бұл барлық кедергілер үшін жақсы және оң жауап болып табылады.

2-кестеде профессордың және студенттердің 1-ден 14-ке дейінгі жалпы пайыздық үлесі көрсетілген, олардың зерттеуден алынған кедергілердің тізімдері келтірілген және олардың

таңдаулары арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтары пайыздық үлеспен көрсетілген. Сонымен қатар, бұл оқытушылар мен студенттің қызығушылықтарын анықтап арасындағы айырмашылықты табу мақсатында жасалды. Іріктеуге қатысушылардың жалпы пайызы қашықтықтан байланысқа түсу мүмкіндігінің болмауы (мысалы, құрылғылар, интернет және қосымшалар) кейбір оқытушылар үшін де үшін де негізгі мәселе болды. өзара байланыс болмаған кезде студенттерге кейбір пәндерді түсіну қиын болғандықтан, сіз пайыздық бөлшектеуде үлкен алшақтықты байқай аласыз. Аудиторияда өзара қарым-қатынас болмаған жағдайда, студенттердің кейбір пәндерді түсінуге қиыналғандығын пайыздық айырмашылықтан байқауға болады.

Маркус Ллойд Джордждың пікірінше, дағдарыс бола ма, жоқ па, студенттер курсты өтушімен электронды пошта арқылы кеңес беруді қолдана білуі керек, өйткені бұл оқытудың басқа құралдарымен салыстырғанда (аудиторияда) және білім беру мекемелерінде кеңесе алады[11]. (2 және 3 кестелер) бойынша оқытушылар мен студенттердің жауаптарын салыстырудық. COVID-19 пандемиясы кезінде қашықтықтан оқытудың сапалы деңгейіне жетудің кедергілеріндегі айырмашылықтар келесідей: оқытушылардың 70% -ы қашықтықтан байланыс (құрылғылар, интернет, қосымшалар және т.б.) мүмкіндігінің жоқтығымен байланыстырады), ал 70% аудиториядағы өзара байланыс болмаған жағдайда студенттердің кейбір пәндерді түсіну қиындықтарын түсіндіреді. Бұл сәйкесінше студенттердің 20% және 56%. Бұл айырмашылық оқытушылардың өз студенттерінің жағдайын, әсіресе ауылдар мен шалғай аудандардағы тұрмыстық деңгейдің төмендігін жақсы түсінуіне байланысты болуы мүмкін. Оқытушылардың шамамен 40% -ы COVID-19 пандемиясы кезінде сапалы қашықтықтан білім берудегі кедергілерді үйдегі жағдай қашықтықтан білім алу үшін қолайлы еместігіне, ал 40% қашықтықтан білім берудегі бағалаудың белгілі әдістерінің болмауына байланыстырды. Бұл сәйкесінше студенттердің 20% және 16% үлесін құрайды.

Университеттің қазіргі жағдайына келетін болсақ, ол қашықтықтан оқытудың ескі және заманауи түрлерін біріктірді, мысалы, интернетті әртүрлі білім беру платформалары арқылы сабақ беру үшін қолданды (Moodle, Open Master Class, Open KazNU, Oqulyq платформасы) немесе университет арқылы электронды басылымдарды жібергеннен кейін сабақтарды түсіндіру үшін әлеуметтік желілерді (мысалы, Facebook және YouTube) пайдаланды. Қашықтықтан оқыту жоғары оқу орындары үшін біз өмір сүріп жатқан ерекше жағдайларға байланысты абсолютті қажеттілікке айналды. Шын мәнінде, бұл технологияны біріктіретін және білім беру қауіпсіздігін қамтамасыз ету және университеттің нәтижелерін жақсарту үшін оқыту ортасында икемділікті қалыптастыратын заманауи білім беру жүйесін құру еді. Осы зерттеу негізінде оқу аймағында және басқа бағыттарда сапалы қашықтықтан оқытуға қол жеткізу үшін келесі ұсыныстар ұсынылады:

2. Жоғары деңгейдегі электронды курстарды дайындау және оларды университеттердің веб-сайттарында көпшілікке қолжетімді болатындай орналастыру.
3. Қашықтықтан білім беру саладағы оқытушыларға өмір бойы осы сала бойынша білім алуға мүмкіндіктер ұсыну, қашықтықтан білім беру талаптарын арттыру, сондай-ақ қашықтықтан білім берудің жаңа әдістерін қалыптастыру.
4. Студенттердің мотивациясын арттыру және оларды өздігінен оқуға ынталандыру үшін қашықтықтан оқытудың аясын кеңейту.
5. Қашықтықтан білім беруді дамыту барысында электронды университет бағдарламалары мен қашықтықтан тестілеуге қатысты, жалпы сапа стандарттарын сақтау.
6. Ауылдық және шалғайдағы барлық студенттер үшін интернетке қол жетімділікті қамтамасыз ету.

Аңдатпа

Бұл зерттеу (COVID-19) пандемиясы кезінде қашықтықтан оқудың сапалы деңгейіне жету жолындағы кедергілерді анықтауға бағытталған. Зерттеудің негізгі мақсаты студенттердің университетті тоқтата тұру кезінде COVID-19 салдарынан оқуын үйде жалғастыруының әртүрлі жолдарын зерттеу болды. Бұл мақалада ыңғайлы үлгідегі сауалнаманы қолданып, зерттеушілік сипаттама тәсілін қолданады. Нәтижелер көрсеткендей, оқытушылар мен студенттер педагогикалық, техникалық, қаржылық немесе ұйымдастырушылық кедергілермен қатар оқу процесінде өздерінде кездесетін кедергілер қарастырылды. Күтілмеген проблемалар туындаған кезде осы кедергілерді жеңу және түсіну үшін ұсыныстар беріледі.

Кілттік сөздер: білім берудегі кедергілер; сапа; қашықтан оқу; COVID-19 пандемиясы; сауалнама; оқытушылар мен студенттер.

Аннотация

Это исследование направлено на выявление препятствий на пути достижения качественного уровня дистанционного обучения во время пандемии COVID-19. Основная цель исследования состояла в том, чтобы изучить различные способы, которыми студенты могут продолжать обучение дома из-за COVID-19 во время приостановки университета. В этой статье используется исследовательский описательный подход с использованием анкеты удобного образца. Результаты показали, что наряду с педагогическими, техническими, финансовыми или организационными барьерами преподавателями и студентами рассматривались препятствия, с которыми они сталкиваются в процессе обучения. При возникновении непредвиденных проблем даются рекомендации по преодолению и пониманию этих препятствий.

Ключевые слова: барьеры в образовании; качество; дистанционное обучение; пандемия COVID-19; опрос; преподаватели и студенты.

Abstract

This study aims to identify obstacles to achieving a high-quality level of distance learning during the COVID-19 pandemic. The main goal of the study was to explore the various ways that students can continue their studies at home due to COVID-19 during university suspension. This article uses a research-based descriptive approach using a convenient sample questionnaire. The results showed that along with pedagogical, technical, financial or organizational barriers, teachers and students considered the obstacles they face in the learning process. When unforeseen problems arise, recommendations are given for overcoming and understanding these obstacles.

Key words: barriers in education; quality; distance learning; COVID-19 pandemic; survey; teachers and students.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. World Health Organization. Corona Virus Disease (COVID-19): Question and Answer. 2020. Available online: <https://www.who.int/ar/emergencies/diseases/novel-coronavirus-2019/advice-for-public/q-a-coronaviruses> (accessed on 17 May 2020).
2. Shivangi, D. Online Learning: A Panacea in the Time of COVID-19 Crisis. *J. Educ. Technol. Syst.* 2020, 49, 5–22. [[Google Scholar](#)] [[CrossRef](#)]
3. Al-Araini, S. The Instructors in distance education. In Proceedings of the First Scientific Conference Assumptive Education and Distance Learning: Reality and Future Prospects Arab Open University, Philadelphia University, Amman, Jordan, 3-4 December 2003; pp. 3-4. [[Google Scholar](#)]
4. Abdelhai, R.A. *Distance Education in the Arab World and the Challenges of the Twenty-First Century*; The Anglo-Egyptian Bookshop: Cairo, Egypt, 2010. [[Google Scholar](#)]
5. UNESCO. Distance Education in the Corona Virus Pandemic. Available online: <https://en.unesco.org/covid19/educationresponse> (accessed on 17 May 2020).
6. Girik, A.M.D. Is the online learning good in the midst of Covid-19 Pandemic? The case of EFL learners. *J. Sinesthesia* 2020, 10, 1–8. [[Google Scholar](#)]
7. Liguori, E.W.; Winkler, C. From offline to online: Challenges and opportunities for entrepreneurship education following the COVID-19 pandemic. *Entrep. Educ. Pedagog.* 2020. [[Google Scholar](#)] [[CrossRef](#)]
8. Falta, E.; Sadrata, F. Barriers to using e-learning to teach masters students at the Algerian University. *Arab J. Media Child Cult.* 2019, 6, 17-48. [[Google Scholar](#)]
9. Al-Farra I.S. Distance learning and open education: Roots, concepts, and justifications. *Palest. J. Open-End. Educ.* 2007, 1, 11-60. [[Google Scholar](#)]
10. Jawda, P.S.O.; Rashid, P.D.H.; Aboud, A.P.D.Z.M.; Jawad, A.P.D.S.A. University Education Remote Concept and the Extent of their Applicability. *Alustath J. Hum. Soc. Sci.* 2016, 216, 139–158. [[Google Scholar](#)] [[CrossRef](#)]
11. George, M.L. Study on the effect of tutorial, email and office consultations on undergraduate performance in the topic of finite state machines. *Int. J. Adv. Sci. Technol.* 2020, 29, 1225–1233. [[Google Scholar](#)]

SOME ASPECTS OF INCLUSIVE EDUCATION IN HIGHER EDUCATIONAL INSTITUTIONS OF KAZAKHSTAN

S.B. Jangeldinova

Master of Arts, senior teacher, E.A.Buketov Karaganda University, Karaganda
e.mail:saltanat83@mail.ru

We say that we do not have inclusive children so there is no need for inclusive education. We just do not want to see «special» children who are different from their peers, children who not only need our attention and our love. They do not need our compassion; they need the support of society and state in the development of personality.

We never thought about how many institutions we have that teach «special» children and studying in higher education is a big problem. Every parent wants his child to be on a par with others, even he or she is «special». There are specialized companies that prepare inclusive children in Kazakhstan but they provide only basic knowledge, parents are carrying out another work. We should know how many really talented children among them! Children with such features have a very advanced way of thinking, they feel deeply. They are able to do many things. These talented children are given more than others.

The concept of «inclusive education» means that students with disabilities are not trained in specialized schools intended for them and along with the rest - in conventional universities as well surrendering tests and exams and getting the exact same diploma at the end. Inclusive education is a process of education which implies access to education for all in terms of adapting to the different needs of all children ensuring access to education for children with special needs.

The development of inclusive education system - one of the priorities of the Education Development State Program of Kazakhstan for 2011-2020. Every school of our state should provide a child with special educational needs to feel himself ordinary. Children with developmental disabilities cannot return to the closed boarding schools as defined in ordinary kindergartens and schools. That is called inclusive education.

In Kazakhstan inclusive education makes only the first steps although in many countries there is the same situation.

Special education is a part of the general education system and Republic of Kazakhstan creates conditions for persons with special educational needs in order to ensure equal opportunities in education.

For the purpose of scientific and methodological support of the social, medical and educational support for children with disabilities the Republican Scientific and Practical Center of social adaptation and vocational rehabilitation transformed into the National Scientific and Practical Center of Correctional Pedagogy. There conducted research work on the development of special education and transition to inclusive education the development of special curricula, textbooks and teaching materials.

We are in the very beginning of the formation of the inclusive education in the country, when it is very important to develop a common understanding of the phenomenon and the conceptual apparatus used to describe and control. Of course this information should be enshrined in the state concept which is necessary to develop and adopt as soon as possible otherwise we will not be able to overcome the spontaneity of having a place and remain a risk of profanation ideas. While common understanding we have as evidenced by the analysis of publications various events, reports about the success of solving the problem of inclusive education.

The international community considers inclusive education to the legal problem, since is intended to contribute to the realization of the human right to quality education throughout life. The term "inclusive education" in recent years treated in a broader sense - as an educational reform aimed at supporting and promoting the diversity among students. This is not only for children with developmental disabilities and people with disabilities. Specific needs of the child are considered to be in receipt of social, psychological - educational and other support which provides them the opportunity to learn. Special educational needs can be due to both socio-cultural factors and special needs for children. For example, children living in remote areas of the school need to ensure the transportation of school and children with developmental problems - in special psycho-pedagogical support etc.

In our country according to the definition of the concept of inclusive education given in the Law of education we still hold the position of a narrow understanding of inclusion as the inclusion in the general education only to persons with disabilities in development [1].

Inclusive education is one of the processes of the education system transformation focused on creating conditions for the availability of education quality for all people. It involves the inclusion of children with special educational needs, regardless of their physical, mental, intellectual, cultural, ethnic, linguistic and other characteristics, into the general educational environment, the elimination of all barriers for them to receive quality education, their social adaptation and integration into society.

The analysis shows that the Kazakhstani model of inclusive education does not fully comply with the requirements and provisions adopted in world practice. The presentation of inclusive education as a form of teaching children with special needs limits possibilities of organizing education in ensuring the availability of a general education program for all categories of children with special educational needs. In the Kazakhstani education system: - models of inclusive education have not been created to provide individualized teaching methods, the personal trajectory of development of each student and his psychological and pedagogical support and social adaptation; - flexible (adaptive) general educational curricula have not been developed; - general educational organizations do not have sufficient personnel, educational and methodological base for inclusive education; - monitoring and evaluation of the quality of education is not carried out, there are no indicators of criteria-based assessment of the knowledge and skills of children; also sufficient conditions have not been created for early vocational guidance, pre-vocational and vocational training of children with special educational needs; - there is no systematic approach to ensuring the consistency and continuity of educational programs for preschool, secondary, technical and vocational and higher education, employment of persons with disabilities; - and there is a the problem of early detection of deviations in the psychophysical development of children and their correction [2].

One of the main conditions for the education of people with disabilities is the creation of a barrier-free environment in the system of inclusive education and appropriate technical equipment. For this, special equipment and devices are intended to provide access to classrooms and free movement around the territory of the educational institution. Higher education institutions should provide to any person the right to choose the type and place of education, depending on their interests, needs, opportunities, so inclusive education should be viewed as one of the possible options for quality education which should co-exist with others.

Аннотация

В статье автор рассматривает проблемы инклюзивного образования в высших учебных заведениях Казахстана.

Аңдатпа

Мақаланың авторы Қазақстанның жоғары оқу орындарында инклюзивті білім мәселесін қарастырады.

Abstract

The author examines the problem of inclusive education in Kazakhstan.

Key words: education, inclusive education, institutions, concept, community, support, co-existence.

LITERATURE

1 Закон РК «Об образовании» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 24.10.2011 г.)
[http:// www.edu.gov.kz](http://www.edu.gov.kz)

2 Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 1 июня 2015 года № 348
Об утверждении Концептуальных подходов к развитию инклюзивного образования в Республике
Казахстан <http://online.zakon.kz>

ӘӨЖ: 543.04

МАТЕМАТИКА ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Жәми А.Б.

7M01501-математика мамандығының 2 курс магистранты, Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан. e-mail: zhamiaru@gmail.com

Ғылыми жетекшісі: п.ғ.к., профессоры Г.Р.Кошанова

Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту – бүкіл әлемдегі заманауи білім берудің өзекті мәселесі. Өмір бізбен кездесетін жаңа шындықтар бізді іргелі ғылыми принциптерді,

мәселелер мен оларды шешу жолдарын қайта қарастыруға мәжбүр етеді. Сондықтан мұғалімнің алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі – шығармашылық ойлауды дамыту, бұл балаларға қиялдауға, логикалық ой қорытуға, тұжырымдар құруға, дәлелдер келтіруге, тұжырымдар жасауға, қорытындыларын шығаруға, өз үкімдерін негіздеуге мүмкіндік береді.

Шығармашылық – бір жағынан жұмбақ және болжауға келмейтін процесс; екінші жағынан, бұл қарапайым процесс және мұқият талдаудың нәтижесі болып табылады. Сондықтан шығармашылық қабілеттерді дамыту әдісі оқушының жас ерекшелігі мен білім деңгейін ғана емес, оның жеке басының психологиясының ерекшеліктерін ескере отырып, көпқырлы болуы керек. Жеке көзқарас деңгейі дәстүрлі білім беру жүйесіндегіден әлдеқайда жоғары. Автордың өзі белгілі бір идеяны, суретті, модельді алгоритмді қолданбай немесе көшірмесіз жасайды. Оның дамыған шығармашылық қиялы бар, күтпеген нұсқалар ойлап табады, стандартты ережелер мен заңдарды айналып өтеді. Ойшыл және шешуші өз идеяларын бағалап, шындыққа айналдыра алады.

Болашақ жасампазды тәрбиелеу мен оқытудағы мұғалімнің міндеті – балаларға шығармашылықпен ойлауды дамыту жолына оңай және ләззатпен көмектесу үшін біздің күрделі және өзгермелі әлемге бейімделу үшін өзін кәсіби жетілдіру.

Бүгінгі таңда педагогикалық іс-әрекеттің негізгі мақсаты деп оқушылардың жеке басының шығармашылық қабілеттерін дамытуға жағдай жасау деп санауға болады. Шығармашылық қабілет дегеніміз – бұл проблеманы көре білу, гипотезаны алға қою үшін қажетті білімді жұмылдыру, оны теориялық және практикалық тұрғыдан тексере білу және нәтижесінде өзіндік өнім жасау, ғылыми жаңалық ашу, өнертабыс, есептер шығару. [1]

Математика – бұл елеулі іргелі ғылым және ғылыми-техникалық прогрестің негізі ғана емес, сонымен қатар адамзат мәдениетінің маңызды бөлігі, әлемді танудың құралы, шығармашылық қабілеттерін дамытудың құнарлы негізі. Математика көптеген білім беру профилдері үшін маңызды оқу пәні болып табылады. Мұнда логикалық ойлауды, геометриялық және нақты объектілерді модельдеуге арналған практикалық іс-әрекеттерді дамытуға үлкен мүмкіндіктер бар [2]. Білім беру математикалық есептері – бұл оқушылардың мектеп математикасы ұғымдары мен әдістерін игерудің өте тиімді және жиі алмастырылмайтын құралы. Математикалық ойлауды дамытуда және оқушыларға математикалық білім беруде, олардың математиканы іс жүзінде қолдану қабілеттері мен дағдыларын қалыптастыруда міндеттердің рөлі зор. Есептер шығару математиканы оқытуға қойылған барлық мақсатқа жетуге қызмет етеді. Ал сөздік есептерді шешу әдістері жағдайды талдау, есептер шығару стратегиясын таңдау әдісі арқылы оқыту құралы ретінде әрекет етеді. Есептер шығаруға үйрету кезінде қарастырылып отырған жағдайды елестетуге мүмкіндік беретін шарттарды, модельдерді жазу үшін схемалық сызбалар қолданылады, онсыз ойлау логикасын түсіну қиын. Ерекше атап өту керек, сіз қабілетті оқушыларға жеке жеке шығармашылық тапсырмалар дайындап, оны бүкіл сыныпқа берілетін әдеттегі тапсырмалардың орнына ұсынбаңыз. Мұндай дараландыру әдісін ең жақсы деп санауға болмайды, өйткені ол балаларды әдейі тең емес жағдайға түсіреді, оларды қабілетті және қабілетсіз деп бөледі. Шығармашылық тапсырмалар бүкіл сыныпқа берілуі керек. Оларды жүзеге асыруда тек жетістікке жету керек. Әрқашан оқушыны мұқият тыңдау, әр оқушының бойынан ерекше қабілеттері мен таланты бар жеке тұлғаны көру қажет.

Кез-келген баланың қабілеті бар, әрине балалар қызығушылық танытады және оқуға құштар. Өз таланттарын көрсету үшін ересектерден ақылды басшылық қажет. Кез-келген математика сабағы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға және оларды жүзеге асыруға бағытталуы үшін мұғалім оны өткізу барысында келесі принциптерді басшылыққа алуы керек.

Сыныптағы және сыныптан тыс жұмыстар тек қана математиканы дамытып, қызығушылықты сақтап қана қоймай, жеке тұлғаның шығармашылық қабілетін, ақыл-ой белсенділігін дамытуға ықпал етуі керек.

Сонымен қатар, олимпиада есептері арқылы да оқушылардың шығармашылық қабілетін арттыруға болады. Соңғы кездегі олимпиада тапсырмаларында прогрессия, рекуренттік өрнек, функционалды теңдеулерге және т.б. тақырыптарға байланысты есептер жиі кездеседі. Мысалы, мектеп математикасында прогрессия тақырыбын оқыту барысында арифметикалық және геометриялық прогрессиялардың мүшелерін табу мен қосындысын табудан әрі аса алмайды, ал олимпиада есептерінде өте маңызды орын алатын тақырыптардың бірі [3].

Есеп 1. Барлық мүшесі оң сан болатын $\{a_n\}$ прогрессияның алдыңғы n мүшесінің қосындысы S_n , $2S_n = a_n + \frac{1}{a_n}$ -ді қанағаттандырады. Осы прогрессияның рекуренттік формуласын табындар.

Шешуі. $n \geq 2$ болғанда $a_n = S_n - S_{n-1}$ -ді $2S_n = a_n + \frac{1}{a_n}$ -ге қойсақ,
 $2S_n = S_n + -S_{n-1} + \frac{1}{S_n - S_{n-1}} \Rightarrow S_n^2 - S_{n-1}^2 = 1 (n \geq 2)$ және $S_1 = a_1 = 1$, сондықтан $\{S_n^2\}$ бірінші мүшесі 1, айырымы 1 болған арифметикалық прогрессия, $S_n^2 = 1 + (n-1) \cdot n$, $S_n = \sqrt{n}$, ендеше $a_n = S_n - S_{n-1} = \sqrt{n} - \sqrt{n-1} (n \geq 2)$. Ал $n=1$ болғанда $2S_1 = a_1 + \frac{1}{a_1}$ -ден $a_1 = 1$ шығып, ол да $a_n = \sqrt{n} - \sqrt{n-1}$ -ді қанағаттандырады.

Демек, $a_n = \sqrt{n} - \sqrt{n-1}$ болады.

Теңсіздіктерге байланысты тақырыптарға жеткілікті дәрежеде мән бермегендіктен мұғалімдер мен оқушыларымыз қатты қиналады. Келесі есепте теңсіздіктің қасиеттерін пайдаланып дәлелдеуге тиісті теңсіздік келтірілген.

Есеп 2. $a^3 - b^3 = a^2 - b^2$ теңдігін қанағаттандыратын өзара тең емес оң нақты сан a, b -лар үшін $1 \leq a + b \leq \frac{4}{3}$ теңсіздігін дәлелде.

Дәлелдеу. $a^3 - b^3 = a^2 - b^2 \Rightarrow (a-b)(a^2 + ab + b^2) = (a-b)(a+b)$ және $a \neq b$ болғандықтан $a^2 + ab + b^2 = a + b$.

$(a+b)^2 \geq a^2 + ab + b^2 = a + b \geq 0 \Rightarrow a + b \geq 1$ және де

$(a+b)^2 = a^2 + ab + b^2 = ab + (a+b) \leq \frac{(a+b)^2}{4} + (a+b) \Rightarrow \frac{3}{4}(a+b)^2 \leq (a+b) \Rightarrow a + b \leq \frac{4}{3}$.

Сондықтан, $1 \leq a + b \leq \frac{4}{3}$.

Оқу процесінде мектеп оқушылары үшін шығармашылық әдістердің, мотивтердің, білімнің, дағдылардың болуын болжайды, соның арқасында жаңашылдығымен, өзіндік ерекшелігімен және бірегейлігімен ерекшеленетін өнім жасалады.

Математика сабақтарындағы стандартты емес тапсырмалар шығармашылық белсенділіктің қалыптасуына ықпал етеді. Бұл тапсырмалардың стандартты емес сипаты күрделілікте емес, студенттер үшін ерекше болып табылады. Стандартты емес міндеттердің пайда болуы әдіснамалық жүйенің басқа компоненттеріне байланысты сөз проблемаларының мазмұны мен құрылымының эволюциясы туралы, олардың оқудағы рөлі мен орнының өзгеруі туралы куәландырады, яғни бұл толықтай табиғи, негізделген процесс.

Мектеп оқушыларын стандартты емес мәселелерді шешуге үйретудің тиімділігі бірнеше шарттарға байланысты:

- тапсырмалар белгілі бір жүйеде күрделіліктің біртіндеп артуымен белгілі бір жүйеге енгізілуі керек, өйткені шыдамсыз тапсырма оқушылардың дамуына аз әсер етеді;
- студенттерге мәселелердің шешімін табуда максималды тәуелсіздік беру, оларға дұрыс емес жолмен соңына дейін жүруге, қателікке көз жеткізуге, басына оралып, шешудің басқа, дұрыс жолын іздеуге мүмкіндік беру керек;
- сіз студенттерге мәселелерді шешудің кейбір тәсілдерін, тәсілдерін, жалпы тәсілдерін түсінуге көмектесуіңіз керек.

Тәжірибе көрсеткендей, математика сабағында шығармашылық сипаттағы стандартты емес, мәтіндік мәселелерді қолдану, өзіндік ойлаудың қалыптасуына, шығармашылық белсенділікке тәрбиелеуге, тек білімдік емес, дамытушылық мақсаттарды жүзеге асыруға, балаларды шығармашылық ізденіс қызметіне тартуға ықпал етеді.

Стандартты емес есептерді шешуде ең бастысы – студенттерді проблема туралы ойлануға, ойлауға, болжауға, дұрыс қорытынды жасауға үйрету. Тапсырмаларды орындау нәтижелеріне сүйене отырып, мұғалім ақыл-ой әрекетінің әр түрлі тәсілдерін қалыптастыра алады: талдау, синтездеу, салыстыру, жалпылау, заттар мен құбылыстарды жіктеу, қорытынды жасау қабілеті. Және бұл дағдылар жалпыланған, пәнаралық сипатта болады. Бұл тапсырмаларды орындау тереңдік пен толықтық, хабардарлық пен тиімділік сияқты білім сапаларын тәрбиелейді. Балаға үнемі проблемалық жағдаяттар беруі оның проблемаларға «көнбейтіндігімен», оны шешуге

ұмтылатындығына әкеледі, сол арқылы біз әрқашан ізденуге қабілетті шығармашыл адаммен жұмыс жасаймыз. Осылайша, өмірге қадам басқан кезде бала стресстен анағұрлым қорғалған болады.

Андатпа

Математика пәнін оқытудағы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыру жолдары баяндалған, теориялық тұрғыда негізделген, шығармашылық қабілет ұғымына тоқталған, логикалық ойлау, танымдық іс-әрекет туралы жазылған.

Кілттік сөздер: Шығармашылық, сабақтар, математика, танымдық белсенділік, оқушылар

Аннотация

Описаны способы повышения творческих способностей учащихся при обучении математике, теоретически основанные на концепции творческих способностей, логического мышления и познавательной деятельности.

Ключевые слова: Творчество, уроки, математика, познавательная активность, учащиеся

Abstract

Describes how to increase the creative abilities of students in teaching mathematics, theoretically based on the concept of creative abilities, logical thinking and cognitive activity.

Key words: Creativity, lessons, mathematics, cognitive activity, students

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Кравченко А.Н. Развитие творческих способностей учащихся через нестандартные формы работы на уроках математики http://ansinyakova.ucoz.ru/publ/razvitie_tvorcheskikh_sposobnostej_uchashhikhsja_cherez_nestandartnye_formy_raboty_na_urokakh_matematiki/

2. Леонкин М.И. Развитие творческих способностей учащихся на уроках математики http://anone.ru/news/razvitie_tvorcheskikh_sposobnostej_uchashhikhsja_na_urokakh_matematiki/2014-01-07-420

3. Ырысбек Мәуіт. Олимпиадалық есептерді дәлелдеу мен шешудің кейбір ерекше тәсілдері: оқу құралы. – Нұр-Сұлтан: «БиКА» БПК, 2019 – 171 бет.

ӘӨЖ 372.853

МАТЕМАТИКА ПӘНІН ОҚЫТУДА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

А.Б. Жексембинова

8D01505-Математика мамандығының 1-курс докторанты, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

e-mail: aruka_s_09@mail.ru

Ғылыми жетекшісі: б.ғ.к., қау.профессор м.а. А.Б. Кокажаева

Қазіргі кезеңде егеменді елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне бағыт алуда. Бұл педагогика тарихы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр, себебі, білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарды, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болды.

Дәстүрлі оқыту әдістемесінің білімді мемлекеттік стандарт деңгейінде толық меңгеруге кепілдік бермейтінін мектеп тәжірибесі көрсетіп отыр, сондықтан жаңартылған әдістемелік жүйені оқыту үрдісінде іске асыру үшін оны технологияландыру қажеттігі туындайды.

Педагогикалық технология – мұғалімнің кәсіби қызметін жаңартушы және сатыланып жоспарланған нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін іс-әрекет жиынтығы. Педагогикалық технологиядағы басты міндет – оқушының оқу-танымдық әрекетін жандандыра отырып, алға қойған мақсатқа толық жету [1].

Мақалада профессор Ж.А.Қараевтың оқытудың «Үшөлшемді әдістемелік жүйесі» педагогикалық технологиясының қолданылуы келтірілген. Технологияның негізі ретінде тұлғаның әрекеттілігі алынып, оқушылардың дағдылары мен біліктері олардың өзіндік қайта құру іс-әрекеті негізінде қалыптасады. Кез келген іс-әрекет оның түрлерінің сатылануымен сипатталады. Оқыту әдістемелік жүйесінде сатылы орналасқан және тұлғаның әрекеттілігі тұрғысынан ойластырылған бөліктері бар әдістемелік жүйені құрастыру тәсілдерін ойлап шығарып, оны «Оқытудың үшөлшемді әдістемелік жүйесі» деп атаған [2].

Оқытудың «Үшөлшемді әдістемелік жүйесінің» педагогикалық технологиясы нәтижеге бағытталған білім беруді қамтамасыз ететін механизм.

Мұнда күтілетін нәтижелер:

- Нәтижеге бағытталған бәсекеге қабілетті білім алуға жағдай жасалады;
- Білім беру жүйесінің дамуын болжауға және қадағалауға жағдай туады;
- Білім беру жүйесінің сапасын бағалайтын ұлттық бағалау жүйесі құрылады;

Педагогикалық технология деген «Тәжірибеде жүзеге асып, нәтиже беретін педагогикалық жүйенің жобасы». Педагогикалық жүйе дегеніміз «Әдістемелік жүйе мен дидактикалық үрдістің» бірлігі [3].

Білім мазмұнын деңгейлік түрде ұсыну дамыта оқытуды ұйымдастыруға мүмкіндік береді, өйткені оқулық та тапсырмалар да деңгейленіп жасалған, оны біртіндеп деңгей бойынша меңгереді, және мұндағы білімнің кейбір жетекші элементтерін: фактілер, ұғымдар, ережелер, заңдылықтарды т.б. оқушылардың өздері ашады. Осы жерде бірнеше деңгей түрлерін атауға болады:

- оқушылық деңгейде бала мұғалім көмегімен амал-әрекет жасайды алдындағы мақсатты шешуге ұмтылады, бұрынғы білімдерін пайдаланады.

- алгоритмдік деңгейде мақсат пен шешілуге тиісті ситуация анық, оқушы бұрынғы жинақталған білімін пайдалана отырып, мақсатқа жету үшін өз бетімен жұмыс істейді.

- эвристикалық деңгейде мақсат ашық, ситуация түсініксіз, оны оқушының өзі толықтырады, табады, шешеді, яғни бұрынғы білім көмекке келеді. Оқушы жаңа хабар, білімді өз ізденісімен ала алады. Бұл деңгей - өнімді деңгей.

- шығармашылық деңгей – мақсат жалпылама, анық емес. Оқушы оны анықтайды, жаңа нәрсені табады, өз бетінше жаңа дүние әкеледі.

Деңгейлік тапсырмалардың алғашқы үш деңгейі мемлекеттік стандарттың міндетті деңгейін құрайды. Төртінші деңгейде шығармашылық тапсырмаларын оқытушы жеке баланың қабілетіне қарай өзі құрастырады [4].

Мұғалімдердің алдына қойылып отырған басты міндеттерінің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияларды меңгеру.

Орта білім беру жүйесінде әлемдік жоғары деңгейге қол жеткізген анағұрлым танымал оқыту әдістемелері арасында сындарлы теориялық оқытуға негізделген тәсіл кең тараған. Бұл теория оқушылардың ойлауын дамыту олардың бұрынғы алған білімдері мен жаңа немесе сыныптағы түрлі дерек көздерінен, мұғалімнен, оқулықтан және достарынан алған білімдерімен астастырыла жүзеге асады деген тұжырымға негізделеді.

Сындарлы оқытудың мақсаты-оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету. Оқытудың қандай жолы қолданылса да, қарастырылатын екі көзқарас бар. Біріншіден, оқушының жеке тұлға және әлеуметтік нысан ретіндегі келешегі, екіншіден, оқытудың оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас нәтижесі ретінде қарастырылуы. Құзырлы оқытудың маңызды факторы мұғалімнің оқушының тақырыптың мәнін өз бетімен меңгеруін түсінуі мен бағалай алуы болып табылады, ал құзырлы мұғалім оқушыларға, ортаға және ресурстарға лайықтап нақты кезеңде қолданылуы тиімді оқыту элементтерін реттеп отырады. Оқушылардың оқуға қабілетін жақсартуға мүмкіндік беретін педагогикалық тетіктердің біртұтас кешені айқындалған [5].

Іске тартылған педагогикалық тетіктердің ішінде мыналарды атап өтуге болады.

- Оқыту негізін түсіну, оқыту стильдерін назарға алу және өмір бойы өзін-өзі оқытудың қажеттілігін мойындау және оның әдістерін таңдау;

- Жүйелі ойлануға үйрету;

- Шығармашылық таланттарын және оларды барынша жақсы пайдалану жолдарын зерттеу және анықтау;

- Оқу үдерісі үшін және өзін-өзі тану әдісі ретінде оқуды жақсы көру;

- Тілді, есептеуді жақсы игеру және кеңістіктік ойлау қабілетінің болуы;

- Сандық технологиялар саласындағы жоғары құзыреттілік.

«Білім игеру- өмір бойғы үздіксіз процесс» деген ұстанымды негізге ала отырып, бүгінде формалды білім жеткіліксіз, сол себепті де біз өмір бойы өздігімізше үйренуіміз қажет екенін естен шығармауымыз қажет. Бүгінгі күнгі білімге негізделген қоғам әрбір тұлғадан өмір бойы оқып-үйренуді талап етеді және төмендегідей өзгерістерді енгізуді қажет деп санайды:

Адам үшін ең қызықты нәрсе-өз қолымен жасағаны, өйткені адамның жадында бірінші мезетте тек өзінің әрекеттері мен өз қолымен жасағандары ғана қалады. Көне қытай ғұламасы Конфуций былай деген екен: «Маған айтып берсең- ұмытып қаламын, көрсетсең –есте сақтармын,

ал өзіме жасатсаң- үйренемін». Сол себепті де интербелсенді оқу үйренушілердің оқу процесіндегі белсенді әрекеттерін үйренудің негізгі құралдары мен тәсілдері ретінде таниды [6].

Кәсіби біліктілікті арттыруда осындай белсенді оқыту тәсілдерін математика пәнінен кеңінен қолдануға болады. Оқушылар шығармашылық деңгейде жұмыстанып жақсы нәтиже көрсетіп, жыл сайынғы ҰБТ, қалалық, облыстық, республикалық деңгейлерде өтетін олимпиада, ғылыми жарыстарға қатысқан оқушылар жоғары көрсеткіштерге жететініне сенімдімін.

Осы мақсатта мектептерде құзыреттілікке бағытталған математикалық тапсырмаларды құрастырып, оны жүзеге асыру мәселелеріне зор көңіл бөлу қажет деп есептеймін.

Мәтін есептерді шығару кезінде есептің математикалық моделі және алгоритмі құрылады. Оқушы өз бетімен орындау жұмысын жолға қою қажет. Оның алгоритмі келесідей болады:

- - үлгімен немесе тапсырманың жауабымен салыстыру;
- - есептің шығару жолын қайталау;
- - кері есеп шығару;
- - нәтиженің есеп шартына сәйкестігін тексеру;
- - есепті түрлі тәсілмен шығару;
- - модельдеу, жобалау;
- - нәтижені бағалау, талдау;
- - жеке жағдай арқылы тексеру;
- - нәтижені зерттеу (оқытушы оқушының қызметін бақылау арқылы тексереді, оқушылар бірін-бірі тексереді, оқушылар атқарылған қызметті тексереді).

Мысал: Пәтерде ендері бірдей екі бөлме жасау жобалануда. Бірінші бөлменің ұзындығы енінен 1,5 есе артық, ал екінші бөлменің ұзындығы 7,2 м. Егер пәтердің ауданы 56,7 м² болса, онда бөлмелердің енін табыңдар.

Шешуі. Бөлменің енін x м арқылы белгілейік. Сонда бірінші бөлменің ұзындығы $1,5x$ м, ал ауданы $1,5x * x$ м² болады. Екінші бөлменің ауданы $7,2x$ м береді.

Есептің шарты бойынша

$$1,5x^2 + 7,2x = 56,7$$

немесе

$$3x^2 + 14,4x - 113,4 = 0$$

Соңғы квадрат теңдеуді шешіп, $x_1 = 4,2$ және $x_2 = -9$ түбірлерін аламыз. Бұл сандар есептің шарты бойынша құрылған квадрат теңдеуді қанағаттандырады. Бірақ есептің шешімі тек 4,2 саны болады, себебі бөлменің ені әр уақытта оң сан. Тексеру жүргізу арқылы 4,2 м есепті қанағаттандыратынын аламыз. Жауабы: 4,2 м.

Қорыта келе, қазіргі уақытта заман талабына сай оқытудың жаңа технологияларын қолдану математиканы оқыту барысында оқушыларға өмірден өз орнын таба білуге, бәсекелестікке дайын, түрлі мамандықтарды меңгере алатын, күрделі өмірлік мәселелерді жылдам шешуге икемді жастарды қалыптастыру, жаңа ақпараттық технологияны пайдалану, жан-жақты білімді де дарынды тұлғаны білім нәрімен сусындатып, тәрбиелеуде өз үлесімізді қосамыз.

Аңдатпа

Қазіргі таңда педагогика ғылымының бір ерекшелігі – баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылуы. Жаңа педагогикалық технология баланың жетілген тұлға ретінде дамуы үшін маңызы зор. Ұстаздардың алдына қойған міндет – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіру. Әрбір педагогикалық технология – жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуға, оның өзіндік шығармашылық қабілеттерін арттыруға қажетті іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыруға қолайлы жағдай жасауға қажетті объективтік әдістемелік мүмкіндіктерді қамтиды.

Математиканы оқыту әдістемесі оқушының өзіндік тұлғасын қалыптастыру үшін, оның дүниетанымын және интеллектін дамытуға, іргелес пәндерді зерттеуге, білімін жалғастыруға және болашақ мамандық қызметі үшін қажетті математикалық білімі мен іскерлігін қалыптастыруға және жүйелендіруге бағытталған.

Кілттік сөздер: педагогикалық технология, математиканы оқыту әдістемесі, бағдарламалап оқыту, деңгей түрлері, сындарлы оқыту

Аннотация

В настоящее время одной из особенностей педагогической науки является стремление ребенка к созданию новых технологий обучения, направленных на личностное развитие. Новая

педагогическая технология имеет большое значение для развития ребенка как зрелой личности. Задача, которую ставят перед собой учителя-постоянное совершенствование методов и приемов обучения. Каждая педагогическая технология-включает в себя объективные методические возможности, необходимые для создания благоприятных условий для саморазвития личности, формирования умений и навыков, необходимых для повышения ее собственных творческих способностей.

Методика преподавания математики направлена на формирование самостоятельной личности учащегося, развитие его мировоззрения и интеллекта, изучение смежных дисциплин, формирование и систематизацию математических знаний и умений, необходимых для продолжения образования и деятельности будущей профессии.

Ключевые слова: педагогическая технология, методика преподавания математики, программируемое обучение, типы уровней, конструктивное обучение

Abstract

Currently, one of the features of pedagogical science is the child's desire to create new learning technologies aimed at personal development. The new pedagogical technology is of great importance for the development of the child as a Mature person. The task that teachers set for themselves is the continuous improvement of teaching methods and techniques. Each pedagogical technology includes objective methodological capabilities necessary for creating favorable conditions for self-development of the individual, the formation of skills and abilities necessary to increase their own creative abilities. The methodology of teaching mathematics is aimed at the formation of an independent student's personality, the development of his worldview and intelligence, the study of related disciplines, the formation and systematization of mathematical knowledge and skills necessary for continuing education and the future profession.

Key words: pedagogical technology, the methodology of teaching mathematics, programming training, types of levels, constructive learning

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Современные педагогические технологии: учебное пособие для студентов-бакалавров, обучающихся по педагогическим направлениям и специальностям / Автор-составитель: О.И. Мезенцева; под. ред. Е.В. Кузнецовой; Куйб. фил. Новосиб. гос. пед. ун-та. – Новосибирск: ООО «Немо Пресс», 2018. – 140 с.

2. Ж.А.Қараев. «Оқытудың үшөлшемді әдістемелік жүйесі» педагогикалық технологиясы. Алматы - 2007 ж 4-5, 17 б.

3. Педагогические технологии: учебное пособие для педагог. спец./ М.В. Буланова-Топоркова, А.В.Духавнева, В.С.Кукушин, Г.В.Сучков; по общ.ред. В.С.Кукушина.- 3-е изд.:испр. и доп.- М.:Ростов н/Д: Март, 2006.-333с

4. Алехина, Л. В. Использование современных технологий на уроках математики / Л. В. Алехина. - Текст: непосредственный // Молодой ученый. - 2017.- № 15.2 (149.2). - С. 10-13.

5. Н.Кабушева «Математиканы деңгейлеп оқыту технологиясы». ИФМ. «Математика және физика» журналы, № 2, 2001 ж.

6. Әлімов А. Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері. – Алматы, 2013. – 256 б.

ӘОЖ 53.082.72/78

ОРТА МЕКТЕПТЕ «ЭЛЕКТРОСТАТИКА НЕГІЗДЕРІ» ТАРАУЫН ОҚЫТУДА ДЕМОНСТРАЦИЯЛЫҚ ЭКСПЕРИМЕНТТІ ҚОЛДАНУ

Ж.Жолбарыс¹, Б.Камал¹, Ө.Ержанбек¹, Д.Е.Шекербаева²

¹ магистрант, 7М01504-Физика, 1 к., ¹аға оқытушы, ²физика пәні мұғалімі


¹Абай ат.Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

²№35 «Болашақ» жалпы орта мектебі, Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Қазақстан
zhansayazholbarys@gmail.com


Физика эксперименттік ғылым болғандықтан, физиканы оқытуда эксперименттерді қолдану аса маңызды. Орта мектепте электростатика негіздері тарауын оқытуда өтілетін әрбір тақырыпқа сай демонстрациялық тәжірибиелер көрсетудің маңызы зор. Электростатика негіздері тарауындағы демонстрациялық тәжірибиелерді оқушыларға қаншалықты жоғары дәрежеде қалай түсіндіруге

болатындығы А.В.Усованың [1,Б.326-330] еңбегінде қарастырылған. Электростатикалық құбылыстарды демонстрациялаудың ерекшелігі – ол тәжірибиелерде потенциалдар айырмасы өте жоғары біршама шағын электр мөлшері пайдаланылатындығында. Сондықтан зарядтардың ағып кетуін жою үшін бірқатар шаралар қолдану қажет. Электростатика негіздері тарауы бойынша демонстрациялық тәжірибиелер көрсетуде жоғары сапалы изоляторлар: слюда, органикалық шыны, фарфор пайдаланылады.

8-сыныпта оқушыларға тарауды терең игерту мақсатында қоршаған ортада болып жатқан құбылыстарға мысал келтіру арқылы алғашқы түсініктерді қалыптастырамыз. Жаңартылған білім мазмұны бойынша 8-сыныпта «Электростатика негіздері» тарауын игеру «Денелердің электрленуі. Электр заряды. Өткізгіштер мен диэлектриктер» тақырыбынан басталады. Демек осы тақырыптан бастап оқушылардың қызығушылығын арттыруға, тарауды жоғары дәрежеде меңгеруіне басты назар аударуымыз қажет. Тақырыпты оқытуда оқушыларға күнделікті өмір тәжірибесінен таныс денелердің электрленуіне байланысты құбылыстарды көрсетуден бастаған жөн. Мысалы, пластмасса тарақпен шашты тарап, қағаздың ұсақ киындыларына жақындатсақ, олар тараққа тартыла бастайды (сурет 1). Сол сияқты зертханадағы эбонит немесе шыны таяқшаларын киімге немесе басқа бір материалға үйкесек, оларға да қағаз киындылары тартылып, жабысады (сурет 2). Осы сияқты тәжірибиелер жасау арқылы олардың қызығушылығын оятамыз.



Сурет 1.




Сурет 2.

Оқушылар бұған дейін олармен таныс болғанымен бұл құбылыстардың ғылыми тұрғыда мән мағынасын түсіне бермейді. Бұл құбылыстардың мәнін осы «Электростатика негіздері» тарауын меңгергеннен кейін толық түсінеді [2]. Электростатика бойынша жасалатын демонстрациялық тәжірибиелерге, сондай-ақ индукциялық катушка жұмыс істеген кезде газ жанарғыларын жаққанда артатын ауаның иондалуы да бөгет жасайды. Электростатикалық приборларды кептіру үшін плиткаларды, жылытқыш рефлекторларды немесе басқа қыздырғыштарды пайдалануға болады.

Электростатика негіздері тарауын оқытуда алдымен денелердің электрленуі тақырыбынан бастап демонстрациялық тәжірибиелер жасап көрсетеді. Денелердегі электр құбылыстары жөніндегі тәжірибиелер оқушыларға белгілі. Демонстрацияларды эбонит таяқшалармен және органикалық шыны таяқшамен жасайды. Эбонит таяқшалар мен эбонит изоляторларды приборларда пайдаланып тәжірибиелер жасауды қиындататын, эбониттің тағы бір ерекшелігіне назар аударайық. Ұзақ уақыт жарық жерде сақталғанда, эбониттің беті электр өткізгіш болып, мұндай эбонит таяқша практика жүзінде электрленбейтіні сөзсіз. Эбонит таяқшаларын қараңғыда сақтаған жөн.

Оқушылар барлық денелердің: диэлектриктер де, металдар да электрленетінін ұғынулары тиіс. Металдардың электрленуін ең оңайы былайша жүзеге асырған жөн. Электрлеуге арналған жиынтықтан алынған изоляциялайтын тұтқасы бар металл пластинканы органикалық шыны пластинкаға жанастырып үйкейді. Егер осыдан кейін металл пластинканы изоляциялаушы жіпке ілінген алюминий фольганың гильзасына жақындатсақ, онда гильза металл пластинкаға тартылады (сурет 3). Демек металл электрленеді. Тәжірибиені сондай-ақ эбонит тұтқасы бар жез түтіктің көмегімен жүзеге асыруға болады. Осы тәжірибиеден кейін тиістірілген денелердің екеуінің де бір мезгілде электрленуін көрсетеді. Гильза металл пластинкаға да, органикалық шыны пластинкаға да тартылады (сурет 3)



Сурет 3.

Демонстрацияланған барлық құбылыстар өте көне заманда байқалғандығы оқушыларға айтылады. Ертедегі Грецияда мұндай құбылыстар янтарь ұршық пен жүнді иірген кезде байқалған болатын. Сондықтан осы құбылыстарды алғаш сипаттаған ғалымдар оларды электр құбылыстары деп атаған. Электр заряды әрқашан қандай да бір денемен байланысты және өздігінен өмір сүре алмайды, өйткені ол бөлшектердің белгілі бір қасиеттерін сипаттайды, атап айтатын болсақ, бір бірімен электр өрістері арқылы белгілі бір түрде өзара әсерлесу қасиетін сипаттайды. Барлық денелер электрленеді, электрленбейтін дене болмайды, электрленген денелер басқа барлық денелерге қатысты өздерінің қасиеттерін білдіреді.


Электрлену кезінде әр түрлі денелерге үйкегенде, жанасқанда бір денеде таңбалары әр түрлі зарядтар пайда болуы мүмкін екендігін ескеру керек. Мәселен алар болсақ: эбонитті теріге немесе жібекке үйкегенде теріс электрленеді, ал резеңке мен қағазға үйкегенде оң электрленеді. Көбінесе мұны ескермей, әрқашан эбонитті электрлеу кезінде пайда болатын теріс заряд туралы сөз етеді. Бұл жағдайда тәжірибие кезінде көптеген шатасу мен сәтсіздік болуы мүмкін. Бұл жөнінде теріге, резеңкеге және жібекке үйкегенде оң зарядталатын органикалық шынының қасиеттері өте тұрақты. (сурет 4).

Денелердің электрленуін және зарядтардың өзара әсерлерін оқып үйренген соң электроскоп жөніндегі немесе электр өрісі жөніндегі мәселені қарастыруға болады. Мәліметтерді баяндаудың екі түрінде қолдануға болады, бірақ ең алдымен қалайда электроскоптың құрылысын қарастырып болған соң ғана маңызды мәселеге – электр өрісі жөніндегі ұғымға көшкен дұрыс.



Сурет 4. Эбонит таяқшасының теріс (-) зарядталуы


Электроскоптың жұмыс принципін ең алдымен, демонстрациялық үстелден изоляцияланған стерженьге ілінген, екі қағаз жолақтарын пайдаланып демонстрациялайды. Осыдан кейін мектептік электроскоп көрсетіліп, оның құрылысымен оқушыларды таныстырып жұмыс істеу қағидасы айтылады. Электроскопты пайдалану арқылы оқушыларға денелердің электрленуінің басқа да тәсілдері бар екенін көрсетеміз. Ол үшін тағыда бір тәжірибие көрсетуге болатыны 8-сынып оқулығында айтылған [3, Б.90-91]. Бір ұшына металл табаға бекітілген екінші ұшына екі қағаз тілшесі жапсырылған металл шыбығын шыны колбаның мойнына өткізіп бекітейік. Мұндай аспап электроскоп деп аталады. Қағазға үйкелеу арқылы электрленген шыны таяғын металл табаққа жақындатып, жанастырмай ұстап тұрсақ, металл шыбығының екінші ұшындағы қағаз тілшелер бір-бірінен алшақтай бастайды (сурет 5). Демек, бұл құбылыс қағаз тілшелерінің бір түрлі электрленгенін білдіреді. Бұдан шығатын түйін денелерді бір-біріне жанастырып үйкемей-ақ электрлендіре алатынымызға көз жеткіземіз.



Сурет 5. Электроскоптың электрленуі

Әдістемелік еңбектерде электр заряды ұғымын былай түсіндіреді: электр заряды ұғымын талдағанда, электрон туралы қарастырылып, оның теріс зарядты, әрі одан ары бөлінбейтін ең кіші бөлігі ретінде алынатынын оқушыларға түсіндіру қажет. Зарядтың бөлінгіштігі мен дискреттілігін оқушыларға түсіндіру барысында электрон ұғымы енгіземіз. Зарядтың бөлінгіштігін орта мектептің 8-сыныбында оқушылар зарядталған дененің зарядталмаған екінші денеге бөлініп зарядталуынан біледі. Бұл тәжірибелер қарапайым әрі оны оқушылар жақсы түсінеді.


Зарядталған бөлшектерді өз бойларынан өткізе алатын да, алмайтын да денелер мен заттар бар [3]. Электр зарядын өткізетін немесе өткізбейтін денелерді анықтау үшін тағыда тәжірибиеге жүгінейік. Электр зарядын өлшейтін екі градуирленген электроскоп алып (сурет 6), оларды бір-біріне жақын орналастырайық. Олардың біреуін зарядтайық та, оны металл шыбық арқылы екіншісімен жалғастырып, тілшелерінің қозғалысына зер салайық. Сонда зарядталған электроскоптың зарядының азайғанын, ал оның есесіне екінші электроскоптың сонша зарядты иеленгенін көреміз. Бұдан металл шыбығының бойымен зарядталған бөлшектердің бір электроскоптан екінші электроскопқа өткенін көреміз.



Сурет 6. Электроскоптар

Электр зарядының дискреттілігі Иоффе және Милликен тәжірибиелерінде дәлелденеді, бірақта бұл тәжірибиені мектепте көрсетуге мүмкіндік жоқ. Ғылымда Иоффе және Милликен тәжірибесі жоқ. Зарядтың дискреттілігін Иоффе металл тозаңын, ал Милликен май тамшысын алып зарядталған конденсатор астарларындағы электр өрісінде қозғалысын микроскоп арқылы зерттеп, зарядтың бөліну шегі бар екенін, зарядтың дискреттілігін анықтайды (сурет 7).

Иоффе тәжірибесінде зарядтың секірмелі түрде өзгерегіндігі, яғни дискреттілігін дәлелдейді. Ал, Милликен тәжірибесінде элементар зарядтың бар екенін, оның шамасын электронның заряды анықтайды.



Сурет 7. Иоффе және Милликен тәжірибиелерінің үлгісі

Оқулықта денелердің электрленуіне арналған оқушыларды қызықтыратын көптеген құбылыстар бар [3, Б.98-99]. Электростатика негіздері тарауы бойынша оқушылардың білімдерін қорытындылау, бекіту мақсатында төмендегі практикалық, эксперименттік және теориялық тапсырмаларды ұсынуға болады. *Практикалық тапсырма:* Капрон немесе пластмасса қақпағы бар литрлік шыны банка алып, электроскоп жасаңдар да, оны зерттеу жұмыстарында пайдаланатын болыңдар. Қақпактың центрі арқылы қатаң сым өткізіп, оның банкі ішіндегі ұшын тік бұрыш жасап

иіндер. Сымның иілген ұшына конфетті немесе шоколадты ораған станиол қағазынан жеңіл екі тілшік жасап, жіппен бекітіндер. Ортасынан сым өткізілген қақпақпен банкінің аузын жабындар.

Эксперименттік тапсырма: Төмендегі үш тәжірибені жасандар.

1. Балалардың үрленген екі шарын алып, газетке үйкелеңдер. Оларды ұзын жібек жіпке байлап, қатарластыра іліп қойындар. Олардың бір-бірінен тебілетініне көз жеткізіңдер.

2. Пластмассадан жасалған сызғышты немесе тарақты жүннен жасалған матаға немесе жүнге үйкелеп электрлендіріп алындар да, қраннан немесе шәйнектен сызаттап аққан суға жақындатындар. Сызаттап аққан су сызғышқа қарай тартылатынын көріңдер.

3. Балалардың үрленген шарын алып, газетке үйкелеңдер сосын оны бөлме төбесіне жақындатындар. Шардың төбеге жабысып, ұзақ тұратынын, одан кейін төмен түсетінін бақыландар.

Теориялық тапсырма: Жоғарыдағы тәжірибелерде байқалған құбылыстарға теориялық талдаулар жасап, қысқаша түсіндіретін баяндама жазындар да, өзара талқыландар.

Электр құбылысын оқушылардың бақылаулары кезінде электр заряды барлық жағдайда сол зарядтың тасымалдануына байланысты болатынын аңғартып отырулары қажет. Физикалық құбылыстарды оқытуда тәжірибелер көрсетіліп, физикалық құбылыстардың мәнін түсіндіруде оқушылардың өмірлік іс тәжірибесіне сүйенсе, пәнді игеру нәтижесі, оқушылардың білім дәрежесі жоғары болады. Сондай-ақ оқу материалын жақсы есте сақтайды.

Аңдатпа

Мақалада орта мектепте «Электростатика негіздері» тарауын оқыту әдістемесі баяндалған. Электростатика негіздері бойынша демонстрациялық тәжірибелерді көрсету әдістемесі көрсетілген. Электростатика негіздері тарауы бойынша практикалық, эксперименттік және теориялық тапсырмалар келтірілген.

Кілттік сөздер: демонстрациялық эксперимент, электростатика негіздері, оқыту әдістемесі

Аннотация

В статье описана методика обучения главе «Основы электростатики» в средней школе. Показана методика демонстрационных экспериментов по основам электростатики. Приведены практические, экспериментальные и теоретические задания по основам электростатики.

Ключевые слова: демонстрационный эксперимент, основы электростатики, методика обучения.

Abstract

The article describes the method of teaching the Chapter «Fundamentals of electrostatics» in high school. The method of demonstration experiments on the basics of electrostatics is shown. Practical, experimental and theoretical tasks on the basics of electrostatics are given.

Key words: demonstration experiment, the fundamentals of electrostatics, methods of teaching.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. А.В.Усова Физиканы оқыту методикасы. Алматы: Мектеп.-1978.-392б.
2. Ж.Жолбарыс Орта мектептің физика курсындағы электростатика негіздері тарауын оқыту әдістемесі // «Фараби әлемі» атты студенттер мен жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференция материалдары. Алматы «Қазақ университеті».- 2020.-Б.412-378.
3. Р.Башарұлы, Ш.Шүйіншина, К.Сейфоллина Физика. Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық. Алматы: «Атамұра».- 2018.-224б.

ӘОЖ: 374.016:004

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ГЕЙМИФИКАЦИЯ ТЕХНОЛОГИЯСЫ ҰҒЫМЫ

А.Жұман

7M01514-Информатика мамандығының 1 курс магистранты, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ., Қазақстан
e-mail:aidazhuman99@mail.ru,

Ғылыми жетекшісі п.ғ.к. Н.Ошанова

Қазіргі кезде информатиканы оқыту барысында қазіргі кезде түрлі педагогикалық технологиялар кеңінен қолданылуда. Бірақ осы педагогикалық технологияларды шектен тыс көбейіп кетуі оқушылардың оқуға деген қызығушылықтарын төмендетіп жіберіп жатқан кездері де болады. Информатика пәнін оқыту барысында оқулықтағы материалды құрғақ баяндаудан гөрі

қызықты, бейнелі түрде түсіндіруге және оқушылардың ойлауына бағытталғаны дұрыс. Егер дәстүрлі, қалыптасқан ережелер бойынша сабақ өткізсе, онда оқушылардың құзыреттіліктері толығымен қалыптаспайды. Бұл мұғалімнің білім мен ақпараттың негізгі көзі ретінде әрекет ететіндігіне, ал сыныптағы оқушылардың қатысуы және репродуктивтік қызмет ойлау қабілеттерінің дамуына ықпал етпеуіне байланысты. Көптеген мұғалімдер өз оқушыларының сабақтарда белсенділігінің жоқтығын, оқу қызметіне деген қызығушылығының жоғалғанын атап өтеді.

«Геймификация» терминін 2003 жылы Ник Пеллинг ұсынған болатын. Геймификация – ойын элементтері мен ойын қағидаларын ойын емес контекстерде қолдану.

Геймификацияда есептің қойылуы, кері байланыс, кезеңдер, шығармашылық сияқты ойын элементтері қолданылады. Осындай әдістерді қолдану оқу үдерісінің тиімділігін едәуір арттыруға мүмкіндік береді. Сондықтан да, негізгі сыныптарда информатиканы геймификация технологиясын қолданып оқыту әдістемесін жасу бүгінгі күні өзекті мәселеге екені сөзсіз. Информатиканы оқыту барысында оқушылардың пәнге деген қызығушылығын, мотивациясын және пәннің тақырыптарын тереңірек түсінуі және танымдық қызығушылықтарын арттыру мақсатында, ойын емес жағдайда ойын әдістерін - геймификацияны қолдану тиімді деп айтуға болады.

Қазіргі кезде геймификация цифрлық ұрпақтың мінез-құлықтарының нақты модельдерін көтермелеу және ынталандыруды арттырудың танымал тактикасы болып отыр. Көптеген білім беру бағдарламаларында ол мұғалімдерге оқытудың мақсаттарына жетуіне және оқушылардың күн сайын өсіп келе жатқан мұқтаждықтарын қанағаттандыру арасындағы тепе-теңдікті теңестіруге көмектеседі. Геймификацияның мақсаты оқушылардың пәнге деген қызығушылығын тудырып, оқуды рахаттана отырып жалғастыруға шабыттандырудың бір әдісі болып табылады. Білім беру контекстінде оқушылардың өз қалауларымен сабаққа қатысуы, оқу тапсырмаларына назар аударуы және бастаманы да өзінің беруі геймификацияға әлеуетті әсер етеді.

Геймификацияда әдетте оқушымен қарым-қатынасты жақсарту, оқытуды ұйымдастыру өнімділігі мен оқыту тиімділігін арттыру үшін ойын элементтері қолданылады. Геймификация бойынша зерттеулердің көпшілігі жеке тұлғаларға оң әсер ететінін көрсетеді. Алайда жеке және контекстуалды айырмашылықтар бар. Геймификация оқушының пәннің мазмұнды түсіну қабілетін жақсартады және белгілі бір зерттеу аймағын түсінуіне көмектеседі.

Кейде оқыту үдерісін сипаттау немесе оқыту геймификациясы үшін ойындық ойлау, мотивация жасау үшін ойын қағидалары, өзара іс-қимыл жасау және т.б. терминдер пайдаланылады. Геймификацияның мәні ойындармен геймерлерді бастан кешетін өзара іс-қимыл түрі оқытуды жеңілдету және оқушылардың мінез-құлқына әсер ету мақсатында білім беру контекстіне аударылуы мүмкін деген болжамнан тұрады. Геймерлер ойындарда және мәселелерді шешуде өздерінің шексіз уақыттарын жібереді, ал зерттеушілер мен мұғалімдер сыныптың мотивациясын арттыру мақсатында бейне ойындарды қолданудың тиімділігін және оны ұтымды пайдаланудың жолдарын зерттейді.

Кейбір авторлар ойын арқылы оқытуды геймификацияға қарама-қарсы қояды, олар геймификация ойын емес контексте, мысалы, мектеп сыныбында ғана және ойын элементтерінің бірқатары немесе «ойын қабаты» жүйеде ұйымдастырылған кезде әдеттегі сыныпта оқытумен үйлесімде әрекет етеді деп тұжырым жасайды. Ал, ойын арқылы оқыту оқушыларды оқуға ынталандыру үшін құрылған ойындарды қамтиды деп есептейді.

Геймификация технологиясы басқа түрлердің үлгілерінен ерекшеленетін ерекшелігі, ойын өткізу үшін арнайы ойын - ойын - рөлдерді орындайтын, яғни өзінің мінез-құлқымен жүйенің кейбір компоненттері-прототиптің іс-әрекеті қажет. Бұл әдіс жоғары оқу орындарында және біліктілікті арттыру курстарында оқыту практикасына берік кірді. Жалпы ойынның нақты анықтамасы жоқ. Әдебиетте осы әдістің көптеген анықтамалары кездеседі, бірақ олардың барлығы басты ерекшелікті атап өтеді: қандай да бір жұмыс өндірісінің технологиясы (шарт жасау, жұмыс жоспарын жасау және т.б.) болып табылатын жағдайдың немесе имитациялық модельдің болуы.

Геймификация нақты ойын жағдайлары имитацияланады, онда ойынға қатысушылар нақты ойын міндеттерін білдіретін оқу-тәрбие жағдайларында әрекет етеді. Жүйе динамикалық ретінде қарастырылады, және бұл ойында шешім түрінде көрінеді. Бастапқы ақпарат негізінде ойын қатысушылары қабылдаған шешім нысанның үлгісіне әсер етеді, оның бастапқы күйін өзгертеді. Нысанның жай-күйінің өзгеруі туралы мәліметтер негізінде ойыншылар объектіге қайта әсер ететін келесі кезеңде шешім шығарады және т.б. нысанға шешімдер әсерлері арасындағы аралықтарда іскерлік қарым-қатынас және ойын қатысушыларының бірлескен қызметі жүзеге асырылады.

Ойында қатысушылар рөлдерді ойнай отырып, білімді, дағдыларды оңай игереді, өздері қатысатын үдерістерді түсінеді. Оқу ойынының ерекше тиімділігі ойыншы оның тікелей қатысушысы бола отырып, оны ішінен танитындығымен түсіндіріледі. Тәрбие жоспарында жақсы ұйымдастырылған ойын сабағы қандай да бір мамандықтың қызықты, жарқын жақтарын көрсетеді. Сонымен қатар, білім мен біліктілікті меңгерумен қатар тұлғаның әлеуметтік - кәсіби қасиеттерінің элементтері дамиды: әр түрлі жағдайларда өзара қарым-қатынас жасай білу, ұжымда жұмыс істеу және т.б. Жаңа білімді қалыптастыруға бағытталған ойын, бұрын жарияланым немесе ауызша хабарлама түрінде көрсетілмеген, зерттеу ойыны деп аталады. Ойыншылардың жаңа білімі бар ойын, ол бұрын белгісіз болуы мүмкін, бірақ жарияланым немесе ауызша хабарламалар түрінде көрсетілген ойын оқу ойыны деп аталады. Сондай-ақ, дағдыларды, біліктілікті немесе қандай да бір сапаны тәрбиелейтін оқу ойыны болып саналады. Орта мектептерде геймификация технологиясы өте сирек қолданылады. Бұл геймификация технологиясы ересектерді оқыту үшін жасалғандықтан және кәсіби білімді талап етеді. Мектеп оқушылары мұндай білімге ие емес, сондықтан олар үшін геймификациялық ойындар технологиясы мазмұны мектеп бағдарламасында қарастырылған ғылым негіздерінің біліміне негізделетін болады. Адамдардың ойын іс-әрекетінің заңдылықтары туралы, балалар шығармашылығы мен бәсекелестігінің сипаты мен ерекшеліктері туралы білім педагогтарға өз педагогикалық практикасына оқыту мен тәрбиелеудің ойын нысандарын дайындау, сынақтан өткізу және енгізу кезінде қажетті негіз бола алады. Мектепте геймификация оқушылардың сыни ойлау, шешім қабылдай білу, командада жұмыс істей білу, ынтымақтастыққа дайын болу сияқты білім, біліктілік және дағдыны өз бетімен қалыптастыруға, белсенді талпынуына ықпал ететін ақпараттық-оқыту ортасын құруға бағытталған. Осылайша, геймификация шығармашылық қабілеттерін ашуға көмектеседі және тұлғаның өз білімін ынталандырады. Геймификацияның мақсаты оқушылардың пәнге деген қызығушылығын тудырып, оқуды рахаттана отырып жалғастыруға шабыттандырудың бір әдісі болып табылады.

Аннотация

В статье рассматриваются педагогические технологии, в том числе технология геймификации используемые в современном образовании. Цель геймификации состоит в том, чтобы вызвать интерес учащихся к предмету и вдохновить их продолжать учиться с удовольствием.

Ключевые слова: процесс обучения, технология, геймификация, игровые технологии, эффективность

Abstract

The article discusses pedagogical technologies, including gamification technology used in modern education. The goal of gamification is to arouse students ' interest in the subject and inspire them to continue learning with pleasure.

Key words: learning process, technology, gamification, game technologies, efficiency.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Титов С.А. «Геймификация» дистанционного обучения // Cloud of science. 2013. № 1. С. 21–23.
2. Орлова О.В., Титова В.Н. Геймификация как способ организации обучения //Вестник Томского государственного педагогического университета. 2015.
3. Reem S.Al-T., Lamya F.D., Lamiaa F.I. Increasing Students Engagement // Data Structure Course Using Gamification. 2018. Т. 8. № 4. № 9. С. 60–64.

ӘОЖ 373.5.016.02:514(547)

БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕГІ КОМПЬЮТЕРЛІК РЕСУРСТАР

М.Т.Искакова¹, К.М. Иманберлина²

¹п.ғ.к., кау.профессор м.а., ²докторант, 3-курс

^{1,2}Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ. Қазақстан
e-mail.ru: kuzulgul@mail.ru

Мектеп геометриясын оқыту үдерісінде білім берудің компьютерлік ресурстарын қолданудың мазмұны, әдістері, түрлері және құралдары. Компьютерлік ресурстар іс жүзінде адам өмірінің көптеген салаларында қолданылады. Қоғамды ақпараттандыру процестері білім беру

саласына күшті ықпал етеді. Қазіргі таңда мектеп ең алдымен білім, білік және дағды алуларын қамтамасыз етеді, яғни дайын білімді таратушы болып қызмет етуі қажет деген ұғым өзекті болып табылмайды. ХХІ ғасыр адамнан жаңа жағдайларға өз бетінше бейімделу қабілеті, проблемаларды табу және шеше білу қабілеті, кез-келген жағдайды түсіне білу және ұтымды шешімдер таба білу, осы жағдайларда ақпараттық технологияларды тиімді пайдалана білу сияқты қабілеттерді талап етеді. Компьютерлік ресурстар «білім берудің компьютерлік ресурстары» ұғымының мазмұнын дамыта отырып, білім беру саласында белсенді түрде қолданылады. Компьютерлік ресурстар білім беру үдерісін дамытудың жаңа сапалы деңгейіне өтуді қамтамасыз етеді. Компьютерлік ресурстар заманауи білім беру жүйелерінің маңызды компоненті (құрамдас бөлігі) болып келеді. Бұл оларға қатысты білімнің белгілі шеңберін талап етеді. Компьютерлік технологиялардың жаңа үлгілері қолданыстағы білім беру технологияларына қосымшаларды, немесе жаңа білім беру технологиялардың әзірлемелерін қосуды және оларды оқу процесіне белсенді ендіруді болжайды. Демек, заманауи ақпараттық технологиялар, білім беру технологияларының құрылымын толықтыра отырып, білім беру процестерінің сапасын арттыру үшін жаңа алғышарттарды ашады[1].

Білім саласындағы сарапшылардың пікірі бойынша, компьютерлік ресурстарды қолдану білім беру сапасын арттырады. Компьютерлік ресурстар: - оқушылардың ынталылығын арттырады; пассивті оқытудан белсенді оқытуға өтуді мүмкін етеді; - ақпараттық мәдениетті қалыптастырады, әсіресе технологияларды пайдалану қабілетіне байланысты; - дағдыларды тасымалдау қабілетін (мысалы, тәуелсіз оқыту немесе АТ пайдалану дағдыларын) дамытады; - оқытудың сапалылығын қамтамасыз етеді; - білімгерлердің оқу материалдарына икемді қолжетімділігін сайттар арқылы да (немесе телебайланыс жүйелері), сайттардан тыс та қамтамасыз етеді.

Ал білім алушы бұл үдерісте педагогпен бірге қызмет субъектісі ретінде болады, ал оның тұлғалық дамуы, оқу нәтижесі сияқты, басты білім беру мақсаттарының бірі ретінде алдығы орынға шығады. Заманауи мектепте оқытудың қызығушылықпен және барынша тиімділікпен ұйымдастырылуы бүгінгі күні жаңа буын электронды білім беру ресурстарының көмегімен болатыны айқын. Осы ресурстарды пайдалана отырып, оқушы өз мүмкіндіктерін айтарлықтай кеңейтуде. Басқа елдердегі өз замандастарымен өздігінен қарым-қатынас жасай алады, кез келген дереккөзге жүгіне алады, оқу тапсырмаларын орындау үшін қажетті көмек ала алады, түрлі эксперименттер жасай алады және осы арада өз білімін тексере алады.

Компьютерлік ресурстарын қолдану үдерісінде білім алушылардың танымдық қызметінің белсенді түрлерін ұйымдастыруға, белсенді танымдық позицияны қалыптастыруға негізгі назар аударылады. Мұғалім бұл үдерісте оқушыларға оқу құралдарының қажетті жиынтығын ұсынуға, қажетті көмек көрсетуге, оқушыны оқу материалын игерудің дұрыс жолына бағыттауға дайын оқытудың педагог-менеджері, тьютор ретінде болады. Мұғалімнің тапсырмалары және оқу ақпараты танымдық қызметті ұйымдастыру құралы ретінде қолданылады[2].

Мұғалімдер оқушылармен әңгімелесу, оларға әдістемелік көмек көрсету үшін көп мүмкіндік ала алады. Компьютерлік ресурстарды оқытудың кез келген кезеңінде пайдалануға болады, бірақ оны пайдалануды алдын ала ойластыру қажет. Оны үй тапсырмасын тексеру, жаңа сабақты түсіндіру, тақырыпты бекіту, жаңа сабақты игергеніне бақылау жасау, оқу материалын жалпылау және жүйелендіру және т.б. пайдалануға болады. Оны өзіндік жұмыстарды орындау үшін де пайдалануға болады.

Жалпы орта білім беретін мемлекеттік білім беру стандарты өзіндік жұмыстарды орындау үшін түрлі мүмкіндіктерді ұсынады. Олардың арасынан жобалау жұмыстары, портфолио жасау бойынша жұмыстар ерекше көрінеді. Бұл үдерісте электронды білім беру ресурстары өз қызметін ұсына алады: тесттер, бақылау жұмыстары, презентациялар мен жобалардың алуан түрлерін қамтиды. Оқыту үдерісінде білім берудің компьютерлік ресурстарын қолданудың көптеген түрлерін қарастыруға болады. Жалпылау арқылы олардың келесі түрлерін ұсынуға мүмкіндік береді: Оқу. Оқушылардың құзыреттілігін қалыптастырудың негізін құрай алатын оқу материалының сапалы игерілуін қамтамасыз етеді. Ақпараттық технологиялар, соның ішінде компьютерлік ресурстар бүгінгі күні білім беруді дамытудың негізгі көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Компьютерлік ресурстарын пайдалану оқу үдерісінің үлкен мүмкіндіктерін кеңінен ашады.

Олар тек білім беру жүйесінің тиімділігін қамтамасыз етіп қана қоймай, жалпы алғанда қоғамның дамуы үшін де жұмыс жасайды[3].

Дербестік	Өзіндік жұмыстардың алуан түрлерін орындауға, қажетті оқу материалын талдауға және іріктеуге қабілетінің, оқушылардың сыни тұрғыда ойлау дағдыларының құралуына ықпал етеді
-----------	---

Көрсету (демонстрациялық)	Оқытылатын нысандарды, құбылыстарды, процестерді көрсетуге мүмкіндік береді, кез келген білім беру ақпаратын тұтас көрнекі түрде көруді қамтамасыз етеді
Тренингтік	Түрлі білік пен дағдыларды қайталауға, өтілген материалды қайталау және бекітуге арналған. Диагностикалық және тестілеуші. Оқушының білімін, білігін, дағдыларын бағалайды, оқып-үйрену деңгейін белгілейді, тұлғалық қасиеттерін, зияткерлік (интеллектуалдық) даму деңгейін анықтайды
Бақылаушы.	Оқу нәтижелерін бақылау (өз бетінше бақылау), оқу материалын игеру деңгейін анықтау процестерін автоматтандырады
Сарапшылық.	Оқу процесінің барысын басқарады, оқу міндеттерін шешу барысында пайдаланушы мен оқыту жүйесі арасындағы диалогты ұйымдастырады
Коммуникативтік	Жергілікті және жаһанды желілерде кез келген ақпаратқа, оқу процесі субъектілерінің үзілген интерактивті өзара қатынасына қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз етеді
Есептеу	Қарастырылатын процестер мен құбылыстарда оқу экспериментінің нәтижелерін, есептердің, өлшемдердің өңдеу процестерін автоматтандырады
Сервистік	Пайдаланушының компьютерде жұмыс жасау қолайлығын және қауіпсіздігін қамтамасыз етеді
Ойын-сауық	Білім алушыларды тәрбиелеу және тұлғалық дамыту мақсатында бос уақытын ұйымдастыру үшін компьютерлік ойындар және компьютерлік коммуникация құралдары, сыныптан тыс жұмыстар. Мамандар электронды білім беру ресурстарының сапасын бағалау критерийлерін ұсынады

Оқытудың теориясы мен практикасының проблемалары бойынша зерттеулер сабақ мектепте математиканы оқытуды ұйымдастырудың негізгі түрлерінің бірі болып табылады деген қорытындыға алып келеді. Сондықтан сабақ оқытуды ұйымдастырудың үнемі дамитын түрі ретінде қарастыру қажет. Бұл дамудың басты бағыты сабақтың мұғалім мен оқушы шығармашылығының нәтижесі болуына қол жеткізу әрекетінде көрінеді. Дидактика, әдістеме, педагогикалық технологиялар бойынша ауқымды әдебиетте «сабақ» ұғымының анықтамасын оқу жұмысы шамамен бірдей жастағы және бірдей дайындық деңгейдегі оқушылардың құрамымен жүргізілетін білім беру процесінің тұтас, логикалық аяқталған бөлігіне түйістіреді. Оған келесі белгілер тән:

- белгілі білім беру, тәрбиелеу және дамыту мақсаттарының болуы;
- нақты оқу материалының және оны игеру деңгейлерінің алға қойылған мақсаттарына сәйкес іріктеу;
- оқытудың қолайлы құралдары мен әдістерін іріктеу жолымен алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу;
- оқушылардың тиісті оқу қызметін ұйымдастыру [4].

Негізгі белгілері арасында сабақтың мақсаттары – білімділік, тәрбиелік және дамытушылық негізгі орын алады. Олардың барлығы өзара тығыз байланысты және, нақты шарттарға байланысты, сабақты ұйымдастыру және өткізуде немесе сабақтар жүйесінде олардың ролі түрлі болады. Алға қойылған мақсаттарға сәйкес сабақтың мазмұны іріктеледі. Ол оқу бағдарламаларының, оқулықтардың, әдістемелік құралдардың көмегімен нақтыланады. Нақты материалда алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін оқытудың қолайлы құралдары мен әдістері пайдаланылады. Оларды таңдау тиімділігі оқытудың дәстүрлі және дәстүрлі емес, жалпы және арнайы әдістерінің ерекшелігін терең білмей мүмкін емес. Оқытудың әрбір құралдары, тәсілдері мен әдістерінің жүйесіне мұғалім мен оқушылардың арасындағы өзара қарым-қатынаспен анықталатын өз ұйымдастыру түрі сәйкес келеді.

Дербес компьютерлік ресурстарды қарқынды ендіру оларды оқытудың тиімді құралы ретінде пайдалануға мүмкіндік береді. Бірақ жалпы білім беретін мектепте математиканы оқыту барысында ақпараттық технологияларды пайдалану өзіне ерекше көңіл бөлуді талап етеді. Оқулықпен салыстырғанда ақпараттық технологиялардың барлық артықшылықтарын пайдалану үшін оқу процесінің (немесе кем дегенде ескісін жетілдіру) жаңа әдістемесін әзірлеу қажеттілігі туындайды[5].

Компьютерлік ресурстарды оқыту құралы ретінде пайдалануға кіріскен әрбір адам ерте ме, кеш пе, күрделі проблемаға – педагогикалық бағдарламалық құралдардың жетіспеушілігіне тап болады. Бағдарламалар оқу процесінің қажеттіліктерінен емес, бағдарламашының біліктілігіне сүйене отырып, яғни «бағдарлама - әдістеме» сызбасы бойынша жасалады. Іс жүзінде керісінше: әдістеме – оқыту моделі – сценарий – алгоритм – бағдарлама болуы тиіс.

«Оқушыларды оқыту қызметін екі негізгі түрге бөлуге болады: оқытудың жалпы мақсаттарын қоюды, жеке мақсаттарын алға шығару және негіздеу, оқу қызметінің ынталандыруын қалыптастыру, жаңа ақпаратты қабылдау, оны өңдеу, білік пен дағдыларды меңгеру және т.б. қамтитын оқу-танымдық; оқушылардың оқу жұмысын оның барлық түрлерінде және оқу процесінің барлық кезеңдерінде бақылауды, оқушылардың жұмыстарының нәтижелерін бағалауды, оларды есепке алуды, жеке оқушылардың оқу қызметін түзетуді және т.б. түсінетін бақылау-бағалау» болып табылады.



Оқушылардың бақылау-бағалау қызметінің негізгі мақсаттары ретінде мыналарды аламыз:

- оқу-танымдық қызметті белсендіру;
- оқу-танымдық қызметтің әдістерінің деңгейін және оның нәтижелерін өзі бағалау;
- оқушыларды өзіндік оқытуға себеп болу;
- жаңа материалды игеруде алға бастыруды өз бетінше жоспарлау үшін оқушыларға ақпарат ұсыну[6].

Бұл оқушылардың пікірін дұрыс арнаға бағыттауды мүмкін етеді. Оқытуда білім берудің компьютерлік ресурстарын барлық уақытта емес, оқушылардың білімнің, біліктілігінің белгілі бір бөлігін өзекті етуге немесе материалдарды игеруге және жоғары дайындық жасауға қажет. Компьютерлік ресурстарды білімді ұқсас үзінділерге бөлуде және қолайлы тармақты іске асыру қиын болған жағдайда пайдалануға болмайды. Ең алдымен оқыту бағдарламасы әрқайсысына алға қойылған есепті өз бетінше шешуге мүмкіндік береді. Егер оқушы өз бетінше жұмыс жасай алмаса, онда ол өз бетінше жасайтын әрекеттерге өту үшін компьютерлік ресурстарды қолдана алады. Ұжымдық оқытуда бұл шарт әдетте бұзылатынын атап кетейік. Мұғалім ұжымның әр мүшесі есепті шешудің алдыңғы қадамы қалай игерілгенін білмей, сыныбымен алға ілгерілейді. Білім берудің компьютерлік ресурстар тек оқушыға ғана емес, мұғалімге де, әсіресе оқушылардың білімін бақылау барысында көмектеседі.

Аңдатпа

Бүгінде білім беру үдерісін компьютерлік ресурстарсыз, әсіресе олардың ішінде маңызды орын алатын электронды білім беру ресурстарын қолданбай жұмыс жасау мүмкін емес. Білім берудің компьютерлік ресурстары - білім беруді оңтайландыруға, оқыту үдерісінде қолдануға арналған электрондық оқу құралдары мен бағдарламалық кешендер. Білім берудің компьютерлік ресурстары ең алдымен сабақта мұғалімнің уақытын үнемдеу үшін, оқушылардың сабаққа деген

ынтасын арттыру үшін қажет. Компьютерлік ресурстарда аудио және бейне материалдары қолданылады, бірақ виртуалды түрде оқу материалын көрсетуге мүмкіндік беретін мультимедиа технологиялары басым қолданылады.

Кілттік сөздер: компьютерлік ресурс, өзіндік оқыту, дидактикалық материал, әдіс-тәсіл, құралдар.

Аннотация

Сегодня невозможно функционирование образовательного процесса без компьютерных ресурсов, особенно без использования электронных образовательных ресурсов, занимающих в них важное место. Образовательные компьютерные ресурсы-электронные учебные пособия и программные комплексы, предназначенные для оптимизации образования, использования в учебном процессе. Образовательные компьютерные ресурсы необходимы прежде всего для экономии времени учителя на уроке, для повышения мотивации учащихся к занятиям. На компьютерных ресурсах используются аудио-и видеоматериалы, но преобладают мультимедийные технологии, позволяющие отображать учебный материал в виртуальной форме. Ключевые слова: компьютерный ресурс, самообразование, дидактический материал, методы, средства

Abstract

Today, it is impossible to function the educational process without computer resources, especially without the use of electronic educational resources, which occupy an important place in them. Educational computer resources-electronic textbooks and software packages designed to optimize education, use in the educational process. Educational computer resources are necessary primarily to save teachers 'time in the classroom, to increase students' motivation to study. Computer resources use audio and video materials, but multimedia technologies that allow displaying educational material in virtual form prevail.

Key words: computer resource, self-education, didactic material, methods, tools

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Шаронова Н.В. Формирование научного мировоззрения при изучении физики. – М.: Просвещение, 1994. -91 с. 104
2. Лапчик М.П. Рабочие учебные матер. по курсу «Методика преподавания информатики». Методические рекомендаций для кафедр информатики педагогических институтов. – Омск: Респуб. Центр НИТО при Омском пед. инт-те, 1990. -52 с.
3. Макаровой Н.В. Информатика. - М.: Финансы и статистика, 1999. – 68с.
4. Каймин В.А. Угриновия Н.А. Преподавание курса ОИВТпо машинному варианту //ИНФО. - 1982. - №2. –С.45-51.
5. Бидайбеков Е.Ы. Математико-информационные технологии в теории и практике обучения. – Алматы: АГУ им.Абая, 1996. -90 с.
6. Қараев Ж.А. Оқытуда компьютерлік технологияны пайдалану //Информатика-физика-математика. -1994. -№3. –Б.31-37.

ӘӨЖ: 519.23

ФИЗИКАНЫ ОҚЫТУДА МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ (ЖАҢАШЫЛДЫҚ) ТӘЖІРИБЕЛЕРІ

М. Калиева, М. Нұрлыбек, Т. Махсет

5B011000-Физика мамандығының 4 курс студенттері

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

e-mail: eb10929@mail.ru

Ғылыми жетекшісі: физика магистрі, аға оқытушы Е.Л. Бостанов

Басылым беттерінде озат тәжірибе туралы мақалалар көптеп басылып, тіпті арнайы кітапша түрінде жинақталып шығарылып та жатыр. Дегенмен, көпшілігінде, озат тәжірибенің өзінен гөрі оның иесі жайлы, оның жеткен жетістіктері туралы жалпылама айтылады да, озат тәжірибенің негізгі идеясы мен тәжірибе иесінің әдістемелік жүйесі (жоғары нәтижеге жеткізетін әдіс-тәсілдер жиынтығы), осы озат тәжірибенің дүниеге келуіне мұрындық болған жағдайлар, осы озат тәжірибе арқылы шешілетін мәселелер жайлы жеткіліксіз сөз болады. Осылайша негізгі нәрінен айрылған “озат тәжірибе” көпшілік пайдаланатын құнды құралдан гөрі, бір мұғалім туралы айтылған өмірбаян деректеріне ұқсап кетеді. Мұның бәрі – К.Ушинскийдің «Озат тәжірибені үйрену

барысында бір адамнан екінші адамның алатыны – тек қана оның идеясы» деген сөзін ескермеу салдары.

Осы жерде мектеп көлемінде жалпылап, жинақтауға жарайтын озат тәжірибе мыңдап, аудан көлемінде таратуға болатын озат тәжірибе жүздеп саналатынын, ал облыс, республика көлемінде зерттеп, жинақтап, таратуға болатын озат тәжірибе саусақпен санарлық екенін айта кетуіміз керек. Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдары Москва облысында мұғалімдердің біліктілігін арттыру институты тарапынан жүргізілген зерттеу жұмыстарының қорытындылары бойынша мектепшілік деңгейде қолданылып жатқан он мыңға жуық озат тәжірибе, аудандық және қалалық көлемде қолданылып жатқан 1200 озат тәжірибе, ал облыстық деңгейде пайдаланылып жатқан жүзден сәл ғана асатын озат тәжірибе бар екен. Қызылорда облысында осының оннан бірі бар деп есептесек, облыстық деңгейде сипаттап жазуға болатын он шақты ғана озат тәжірибе бар болып шығады екен. Мектептегі озат тәжірибені зерттеу бағытындағы әдістемелік жұмыстарды қайта құрудағы маңызды нәрсе мектепшілік бақылауды күшейту де емес, ашық сабақтар мен семинар-конференцияларды жиі өткізу де емес, бірінші кезекте педагогикалық ұжымда ынтамақтастық қарым-қатынас қалыптастыру болмақ. Сонымен бірге, әр ұстаздың өзіндік ерекшелігін ескере отырып, мектепте тұлғалық бағыттағы жеке жұмыстарды жолға қою өте маңызды міндет болып табылады. Бұл жұмыстарды жүзеге асыруға мектептің аудан орталығынан алыстығы емес, аудан бойынша ортақ әдістемелік қызмет желісінің жоқтығы көбірек әсер етеді.

Педагогикалық тәжірибе практика нәтижесі ретінде шындық өлшемі болып табылады: ол ендірілген жаңаруларды (инновацияларды) не растайды, не теріске шығарады. Ол тәжірибе дәстүрлі негізден бастау ала отырып, шығармашылық ізденіс пен жаңашылдыққа ұштасып жатады.

Кейбір мұғалімдер педагогикалық мәселені педагогикалық міндеттен ажырата алмайды. Мысалы, өз пәні бойынша жоғары көрсеткіштерге жету үшін мұғалім оқушылармен қосымша сабақтар ұйымдастырады, үйге нормадан тыс көп тапсырмалар береді. Бұл жұмыстар алғашқы кезде уақытша нәтижелерге жеткізуі мүмкін. Бірақ бұл жағдайда оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыру мен олардың қоғамдық құндылықтарын қалыптастыру сияқты маңызы жоғары педагогикалық мәселелер назардан тыс қалып қояды. Жалпы алғанда, қосымша сабақтар мен тапсырмалар арқылы алынған нәтижелер педагогикалық шеберліктің және озат тәжірибенің маңызды белгісі, құнды қасиеті емес. Тіпті интуитивті жолмен табылған (теориялық негізделіп, әдістемелік жалпыланбаған) оқу-тәрбие жұмысындағы кейбір күрделі міндеттердің тамаша шешімдері де озат тәжірибенің негізгі белгілері болып саналмайды.

Педагогикалық озат тәжірибе – практика жүзінде іске асырылған алдыңғы қатарлы педагогикалық идеялардың жиынтығы. Педагогикалық озат тәжірибенің мәнін тереңірек түсіну үшін педагог-ғалымдар оны қай тұрғыдан қарастыратынын білу керек. Озат тәжірибе педагогикада қазір бірнеше бағытта қарастырылады: педагогикалық озат тәжірибені мұғалімдердің өзіндік білім жетілдіру жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде қарастыру мұғалім өзінің және өзгелердің құнды іс-тәжірибесін зерттеп, жалпылау арқылы өз білімін жетілдіре алатынын білдіреді.

Педагогикалық озат тәжірибені мектептегі әдістемелік жұмыстың тиімділігін арттырудың қажетті шарты ретінде қарастыру жақсы жолға қойылған озат тәжірибені зерттеу ісі арқылы мектептегі әдістемелік жұмыстың тиімділігін едәуір арттыруға болатынын көрсетеді. Педагогикалық озат тәжірибені мұғалім мен әдіскердің педагогикалық шығармашылығын дамыту құралы ретінде қарастыру педагогтың озат тәжірибеге жүйелі зерттеу жүргізуі өз шығармашылығын дамытуына ықпал ететінін байқатады.

Педагогикалық озат тәжірибені тәжірибе педагогикалық үрдістер мен жүйелерді ғылыми зерттеу әдісі ретінде қарастыру ізденімпаз мұғалімдер үшін педагогикалық үрдістер мен жүйелерді ғылыми зерттеуге жол ашатынын білдіреді. Педагогикалық озат тәжірибені педагогика ғылымы мен практиканың өзара жүйелі байланысы ретінде қарастыру озат тәжірибе шын мәнінде ғылым мен практиканың сабақтастығы ретінде қарастырылатынын көрсетеді.

Педагогикалық озат тәжірибені педагогикалық іс-әрекеттің ерекше түрі ретінде қарастыру әрбір ұстаздың озат тәжірибені зерттеп, жалпылауы оның әдістемелік қызметінің ерекше бір саласы болып табылатынын байқатады. Күнделікті сабақ беру барысында балаға терең білім, тәлімді тәрбие беру - әр мұғалімнің басты арманы екені даусыз. Оған жету үшін оқытудың мазмұн, мақсат, әдіс-құрал, жағдай сияқты негізгі салалары бойынша көп тәжірибе жинақтау керек-ақ. Оның екі жолы бар: бірі-өзгелердің озат тәжірибесін зерттеп-үйреніп, күнделікті тәжірибеде қолдану, екіншісі-эксперимент жолымен өзіндік жұмыс стилін қалыптастырып, өз тәжірибенді жинақтау. Көп жағдайда бірінші жолды белгілі бір дәрежеде игеріп барып қана, екінші жолға түсуге болады деп есептеледі.

Жалпы алғанда, тәжірибелі мұғалім дегеніміз кез келген педагогикалық мәселені практикалық тұрғыдан шеше алатын, өз ісінің шеберіне айналған кәсіби біліктілігі жоғары мұғалім. Осы уақытқа дейінгі кейбір түсініктер бойынша тек тәжірибелі мұғалім ғана шығармашылықпен жұмыс жасап, жаңашылдықпен айналыса алады делінетін. Мектеп өміріне педагогикалық инновациялардың тереңдей енуі бұл пікірдің негізсіздігін көрсетіп берді. Қазіргі жаңаша түсінік бойынша мұғалім оқыту барысында шығармашылық ізденіспен айналысу, өз тәжірибесінде әр түрлі жаңалықтар ашу арқылы ғана озат тәжірибе жинақтайды.

Оқытушылардың қысқа арнайы курстарда оқып келген технологияны оқу-тәрбие үрдісіне ендіруде білім алушының даярлық деңгейін ескермеуі.

Білім берудің ұлттық моделіне көшкен қазіргі мектепке ойшыл, зерттеуші, жаттандылықтан аулақ, практикалық қызметте педагогикалық үйлестіруді шебер меңгерген психолог-педагогтік диагностика қоя білетін іскер мұғалім қажет. Қазір заман өзгерді, қоғам өзгерді, қоғамдық қасиеттер, ата-ана мен бала психологиясы өзгерді. Қазіргі балалардың көпшілігі ешнәрседен қорқа қоймайтын, өзінің өміріне тек тиімділік тұрғысынан қарайтын, іскерлікке бейім, романтик қиялшыл емес жауапкершілікті жете қабылдамайтын, көп нәрсеге сене бермейтін жаңашырлығы бауырмалдығы аз адамдар. Сондықтан кез-келген мұғалімдерді олардың жан дүниесі қабылдамайды. Олардың сұранысы өте биік. Бүгінгі күнгі мектеп мұғалімі жан-жақты, әлемдегі жаңалықтардан мағлұматы бар болғанда ғана жаңа формациядағы ұстаз бола алады.

Аңдатпа

Қазіргі инновацияның шапшаң дамуында, жаңа технологиялық әдіс тәсілдерді қолданып, кез-келген процесс бойынша іс-тәжірибелерді жинақтау, талдау, қорытындылау маңызды болып табылады. Осындай мақсатта біз мектептердегі физиканы оқыту тәжірибелерін жинақтау, талдау, өз ойымызша қорытындылауды жеке жұмыс ретінде қарастыруды қажет деп санадық. Ол үшін әдістемелік құралдарды, газет-журналдардағы мақалаларды, бірнеше мектептердің нақты іс-тәжірибелерін талдап, олар туралы өзіміздің ой-пікірімізді ортаға салуды жөн көрдік.

Кілттік сөздер: педагогикалық озат тәжірибе; диагностика; жаңашылдық; әдістемелік жұмыс; шығармашылық; педагогика ғылымы; интуитив; технология; формация; педагогикалық ұжым.

Abstract

In the rapid development of modern innovations, it is important to generalize, analyze, generalize experience in any process using new technological processes. To this end, we found it necessary to generalize, analyze, and generalize the experience of teaching physics in schools as an independent work. To do this, we decided to analyze the manuals, articles in newspapers and magazines, the real experience of several schools and share our opinion about them.

Key words: best teaching practice; diagnostics; innovation; methodical work; creativity; pedagogical science; intuitive; technology; formation; teaching staff.

Аннотация

В стремительном развитии современных инноваций важным является обобщение, анализ, обобщение опыта по любому процессу с использованием новых технологических процессов. С этой целью мы сочли необходимым обобщить, проанализировать, обобщить опыт преподавания физики в школах как самостоятельной работы. Для этого мы решили проанализировать методические пособия, статьи в газетах и журналах, реальный опыт нескольких школ и поделиться своим мнением о них.

Ключевые слова: педагогическая практика; диагностика; инновация; методическая работа; творческий подход; педагогическая наука; технология; формирование; преподавательский состав.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Құсайынов А.Қ. «Әлемдегі және Қазақстандағы білім беру сапасы» монографиясы туралы. Алматы, 2014;
2. Құсайынов А.Қ. «Білім – болашақ негізі», «Образование – основа будущего». Алматы, 2010;
3. Құсайынов А.Қ. «Білім және Реформа». Алматы, 2005;
4. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. М.: Педагогика, 1989. Стр. 47.;
5. Кларин М.В. Технология учебного процесса в зарубежной дидактике // Современная дидактика, теория и практика. М.: 1994 – 215 – 230 стр.;
6. Колоченко А. «Энциклопедия педагогических технологий» С – П. Каро, 2002 – 150 стр.;

7. Кобдикова Ж. Оқытудың жаңа технологиясы мен оқушылардың даму мониторингі. //Қазақстан мектебі, 2000 ж. №5, 2б.;

8. Матрос Д.Ш., Полев Д., Мельникова Н. «Управление качеством образования на основе новых информационных технологии образовательного мониторинга». М., 19стр.

УДК 378.147

ФИЗИКА ПӘНІНЕН ПРАКТИКАЛЫҚ БАҒЫТТА ЖҮРГІЗІЛЕТІН САБАҚТЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

Кәрімжан Ж.С.

7М01502-19 Физика мамандығының 2-курс магистранты, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қ., Қазақстан
e-mail: kzhans00@mail.ru

Ғылыми жетекшісі: ф.-м.ғ.к., аға оқытушы Рамазанова С.А.

Физика пәнін оқытуда, атап айтқанда практикалық сабақта, әр түрлі физикалық құбылыстарды, заңдылықтарды оқушыларға түсіндіріп жеткізудегі ақпараттық технологиялардың артықшылықтары сабақ жүргізу барысындағы мысалдар арқылы түсіндіріледі. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «еңбек нарығының, еліміздің индустриялық инновациялық міндеттері мен жеке тұлғаның қажеттіліктерін қанағаттандыратын және білім беру саласындағы үздік әлемдік тәжірибелерге сай келетін білім сапасын жоғары деңгейге жеткізу» деп негізгі мақсаты атап көрсеткен. Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңында еліміздің білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі — «Білім беру жүйесін ақпараттандыру, оқытудың жаңа технологиясын енгізу, халықаралық коммуникациялық желілерге шығу» деп көрсетілген. Бұл міндеттерді шешу барысында нәтижеге бағытталған білім берудің жаңа жүйесіне көшу үшін әр оқытушы, жеке тұлға күнделікті ізденіс арқылы барлық жаңалықтар мен өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа тәжірибеге, жаңа ақпараттарға, әлеуметтік, тұлғалық және жеке құзыреттіліктерге ие болуы тиіс. Бұл талаптар күнделікті әдістемелік жұмыстың жүйелі түрде ұйымдастырылуы негізінде жүзеге асырылады деп санаймыз.

Қазіргі кезде ғылымның қарқындап дамуына байланысты әрбір ғылым негізінің мазмұны кеңейіп, тереңдеп, сәйкесінші оларды оқытудың әртүрлі әдіс-тәсілдері де пайда болуда. Сол себепті әр пәнді оқыту әдістемесі жеке ғылым саласы болып қалыптасып, ірге тасы қалануда. Барлық жеке пәндерді оқыту әдістері дидактикаға негізделеді.

Әрбір оқытушысының міндеті - саналы да, білімді, білікті тұлға иесін дайындап шығару. Сол білімді ұрпақты дайындау барысында оқытушы үлкен жауапкершілікпен қарауы тиіс, яғни өз пәнін жоғарғы деңгейде жүргізіп, оқушының сапалы білім алуына мүмкіндік жасау. Болашақ инженер өз мамандығын меңгеруде физика пәнінің ролі зор екенін жақсы біледі.



1 Сурет. Физикадағы оқу экспериментінің жүйесі

Қазіргі заманға сай техникаларды құрастырушы, ғылыми-техникалық прогресті дамытушы болашақ инженерлердің ғылыми көзқарастарын қалыптастыруда физика мен кәсіби-техникалық пәндердің интеграциясына ерекше мән берілуі керек. Қазіргі кездегі ғылым мен техниканың барлық салаларын физикасыз елестету мүмкін емес. Сол себепті де бүгінгі күні физиканы оқытуды жетілдіру мәселесіне зор мән беріледі. Сондықтан мектеп оқу орындарында білімді жастарды оқыту түрлерін терең зерделеп, кең қолдануды талап етіледі. Әсіресе сабақтарында мүмкіндігінше бүгінгі талапқа сай практикалық жұмыстар, эксперименттік көрсетілімдер, мен жаңа техникалық құралдарды пайдаланған дұрыс.

Физиканы оқыту процесі нәтижелі болуы үшін, оқушылардың логикалық санасы мен диалектикалық ойлауды дамыту мақсатында, әр түрлі әдіс-тәсілдердің кеңінен қолданылуы керек, оқу материалын негізінен эксперименттік және көрнекілік түрде түсіндіру нәтижелі болып табылады.

Физикалық оқу эксперименті физиканы оқытудағы ең негізгі көрнекі құрал болып табылады. Өйткені оны пайдаланудың нәтижесінде физикалық ұғымдар (жылдамдық, үдеу, өріс, жарық дисперсиясы және т.б.) қалыптастырылады, құбылыстар арасындағы өзара байланыстар (күш пен масса, ток күші мен кедергі, жылудың механикалық эквиваленті) тағайындалады, физикалық заңдар (Ньютон, Ом заңдары және т.б.) тексеріледі.

Сабақ өткізу үшін материалды таңдаудың психологиялық алғышарттары келесідей: қазіргі жастардың басым көпшілігі практикалық тапсырмаларды қалайды; эксперимент жасағысы келетін, бірақ теорияны аз білетін және математикаға қатысты есептерді нашар шығаратындарға арналған; жауаптарды таңдауда еркін бағдарлай алатын немесе күнделікті өмірдегі физикалық құбылыстарды сапалы тапсырмаларда байқай алатын, көретін және дұрыс түсіндіре алатындар үшін барлық жеке ішкі шығармашылық әлеуетін жұмылдыруға және көрсетуге, студент үшін мүмкін болатын «ми шабуылын» өткізуге мүмкіндік ашылады және бұл әдеттен тыс тартады; сабақ белсенді негізге негізделген, сондықтан ол таза теориялыққа қарағанда жақсы қабылданады, бұл қолайлы эмоционалды климаттың қалыптасуына жақсы жағдай жасайды.

Бұл дегеніміз, білім беру үдерісінде жағымды эмоциялар, оқуға деген мотивацияны қалыптастыруда және психологиялық шиеленісті жоюда, танымдық қызығушылықты дамытуда маңызды рөл атқаратын денсаулық сақтау элементтері көбірек болуы керек. Ал туындаған танымдық қызығушылық деңгейі, бұл: 1) қызығушылықтың бастапқы деңгейі; 2) қызығушылық деңгейі; 3) қызығушылықтың тұрақты деңгейі.

Мұндай сабақтарды өткізу үшін көптеген дайындық жұмыстарын, дидактикалық материалды, тапсырмаларды, құралдарды, эксперименттерді, оқыту әдістерін таңдауға іздену қажет. Ұйымдастыру формасына қарай физикадағы оқу экспериментінің жүйесі 1 суретте көрсетілген түрлерден құралады.

Физиканы практикалық бағытта оқыту арқылы мұғалім сабақта оқушылардың білімі мен дағдыларын тексеріп бағалайды, жаңа материалды түсіндіреді және оны бекітеді, проблема қойып, оны зерттейді. Кез келген практикалық жұмыс оның тұжырымдамасын зерттеуден басталады. Сонымен қатар біз жұмыстың талаптарымен танысамыз, шартын зерттейміз және оның негізгі шиеленісін анықтаймыз. Берілген жұмыстың шартын талдай отырып, әрқайсымыз нысандар мен құбылыстарды абстракциялаймыз, дәріптейміз, басымдық процесті көрсетеміз, қосымша мәліметтер жинаймыз, шарттың артығын алып тастаймыз, сапалы және сандық сипаттама арасындағы өзара байланысты бекітеміз, шартты шешуге қажеттісін және жеткіліктісін айқындаймыз, есепті шығаруға қажетті моделін жасаймыз [2].

Қорытындылай келе, физика пәнін оқытуда практикалық сабақты өткізу арқылы оқушыға дүниенің заңдарын терең меңгертіп қоймай, оқушының ойын дамытып, эмоциясына, сезіміне әсер ете алады. «Физика» пәнінен теориялық білім мен адамзат қызметінің әр түрлі салаларындағы физиканың практикалық қолданылуын органикалық түрде үйлестіру, оқушылардың физикалық экспериментті орындай алу дағдысын дамыту, физиканың маңызды жетістіктерімен және қазіргі заманғы техникадағы қолданысымен таныстыру оқушылар білімдері мен біліктерін адами іс-әрекеттердің әртүрлі салаларында, сондай-ақ тұлғааралық қарым-қатынас пен әлеуметтік қатынастарда өмірлік міндеттерді шешу үшін пайдалануды қамтамасыз етеді.

Өзіне қажетті мазмұны мен мәліметті ала отырып, есеп шығару арқылы талдау жасап, өз бетінше ойланып, шешім қабылдауға дағдыланады. Сондай-ақ сабақ өтуде ипрактикалық тапсырмаларды қолдану сабақ тиімділігін арттырады. Бұл мақаладағы негізгі мақсат оқушылар

үшін физика пәнінен практикалық есеп шығару сабақтың маңыздылығын және қолданудың тиімділігі мен артықшылықтарын баяндау болды. Осы мәселені көрсете алдым деп ойлаймын.

Аңдатпа

Мақалада білім беруге болашақ физика мұғалімдерін дайындаудың әдістемелік негіздері мен орта мектеп оқушыларына физиканы практикалық бағытта оқыту әдістемесі жайлы келесі мәселелер қамтылған. Физика сабақтарында қазіргі заман талабына сай практикалық жұмыстарды қолданудың ерекшеліктері мен артықшылықтары қарастырылған. Зерттеулер бойынша оқушыларды қолданбалы физикалық жұмысты шешуге даярлау мәселесін шешу жаңа тәсілдерді қолдануды қажет етеді. Физика пәнін оқытуда, яғни сыныпта әр түрлі физикалық құбылыстар, заңдылықтар оқушыларға негізінен практикалық жұмыс арқылы түсіндіріледі.

Кілттік сөздер: білім беру, цифрландыру, практикалық бағыт, болашақ мұғалім, сандық технология, қашықтықтан оқыту, интерактивті тақта.

Аннотация

В статье рассмотрены особенности и преимущества использования практические работы на занятиях по физике и при решении задач в соответствии с современными требованиями. Исследования демонстрируют, что решение проблемы подготовки обучающихся к деятельности по решению прикладных физических работ требует применения новейших подходов. Автором обсуждается, что при изучении предмета физики, т.е. на занятиях, различные физические явления, закономерности ученикам объясняются преимущественно через практические работы.

Ключевые слова: образование, оцифровка, практическая ориентация, будущий учитель, цифровые технологии, дистанционное обучение, интерактивная доска.

Abstract

The article discusses the features and advantages of using multi-level problems in physics classes and when solving problems in accordance with modern requirements. Research shows that the solution of the problem of preparing students for the activity of solving applied physical problems requires the use of the latest approaches. The author discusses that when studying the subject of physics, i.e. in the classroom, various physical phenomena and patterns are explained to students mainly through practical work.

Key words: education, digitization, practical orientation, future teacher, digital technology, distance learning, interactive whiteboard.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: http://primeminister.kz/page/article_item-34.

2. Хабдиева С.Р., Каргиева З.К. Формирование навыков использования в образовательном процессе современных средств обучения и электронных образовательных ресурсов с учетом требований ФГОС/ С.Р. Хабдиева, З.К. Каргиева // Информатика и образование, 2013. № 10. С. 77-82.

3. Кудусов А.С., Мусенова Э.К. Стандартты емес есептерді шығару әдістемесі // Қарағанды ун-нің хабаршысы. Физика сер. 2012. № 3(67). 72-77б.

4. Мусатаева А.Б., Әкімбеков Е.Т. Физика пәнінен практикалық сабақтың маңызы // С.Сейфуллиннің 120 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары–10: Мемлекеттің индустриалды-инновациялық саясатын құрудағы бәсекеге қабілетті кадрларды дайындау келешегі мен ғылымның рөлі» атты Халықарал. ғыл.-теор. конф. \материалдары. Астана, 2014. 1-т. 3-б. 88-90 б.

ӘӨЖ: 37.022

ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Кушербаева М.Р.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан
e-mail: kmaikul@mail.ru

Қазіргі таңда Қазақстан әлемдік білім беру кеңістігіне бағытталған жаңа білім беру жүйесін қалыптастыруда. Бұл білім беру процесінің педагогикалық теориясы мен практикасына елеулі өзгерістер енгізумен жүргізіледі. Жаңа буынның оқу материалдарын даярлауға жасалған

инновациялық қадам, олардың білім беру тәжірибесінде қолданылатын функциялары мен әдістерін өзгерту білім беруді жаңғыртудың құрамдас компоненттерінің бірі болып табылады.

Қазақстанды дамыған 30 елдің қатарына жеткізетін – білім. Ғылым мен техниканың күн санап өсуіне байланысты педагогика ғылымының теориясы мен оқыту үрдісі де түбегейлі өзгерістерге ұшырауда [1,6]. Осыған орай оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жанарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жанартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Осы тұрғыда әр пән мұғалімдерінің оқыту әдістерін, жаңа технологияларды таңдап пайдалану және авторлық үлгілерді қолдану мүмкіндігі берілген. Отандық әдіскер ғалымдар жасақтаған «Модульдік оқыту технологиясы» (М.Жанпейісова), «Деңгейлік тапсырмалар» (Ж.Қараев) пән сабақтарына арналған «Сатылай кешенді талдау» (Н.Оразакынова) т.б технологиялары мұғалімдердің қызығушылығын арттырып, оқу үрдістеріне кеңінен ендірілуде.

Заманауи мектептердің мақсаты-жоғары білімді, шығармашыл адамның үйлесімді тұлғаланып, дамуы үшін қолайлы білім беру кеңістігін жасау. Өз білімінің нәтижесінде оқушы бойында сын тұғысынан ойлау, білімін шығармашылықпен пайдалана білу, зерттеушілік дағдылары, АКТ дағдылары, топта және жеке жұмыс істей білуі, тілдік дағдылары, қойылған міндеттер мен күрделі мәселелерді шеше білу дағдылары қалыптасады.

Білім беру саласындағы сапалы өзгерістерді оқытушылардың өзінің орны мен оқыту процесіндегі атқаратын рөліне деген жаңа көзқарасынсыз, оқушыға деген жаңа қарым-қатынасыз құру мүмкін емес. *Жаңартылған білім беру мазмұнының құзіреттілігін* ескере отырып мұғалімдердің біліктілігін арттыру, оқыту мен оқыту әдістеріне жаңа тәсілдерді енгізудегі үздік тәжірибелерін тарату маңызды болып отыр. Білім берудің жаңа мазмұнына көшу адам ресурстарына жаңа талаптар қояды: оқытушылардың білім берудің білікті тәсілдері аясында жұмыс істеуге даярлығы, оқытушыларды денсаулық қорғау технологиясымен қамтамасыз ету, білім беру процесінде өскелең ұрпаққа білім беру жағдайында жұмыс істеуге даярлығын қалыптастыру. Бүгінгі күні әрбір мұғалімді келесі сұрақтар қызықтырады:

1. Білім берудің жаңартылған мазмұнының қолданыстағыдан қандай айырмашылығы бар?
2. Мектептегі оқу процесін ұйымдастыру тәсілдері өзгере ме?
3. «Нәтижеге бағытталған білім беру» дегеніміз нені білдіреді?
4. Мұғалім білім берудің жаңа мазмұнына қалай және қандай бағытта дайындалуы керек?

Осы бағытта жарыққа шыққан педагогика ғылымдарының докторы, профессор Т.Т. Галиеваның «Жүйелі көзқарас негізінде оқыту» атты оқу құралы, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Г.О.Медетбековтың «TIMSS. PISA.PIRLS:халықаралық зерттеу контекстінде білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды дамыту» деген әдістемелік-нұсқаулығы, Н.В.Цойдың «Оқытушылардың біліктілігін арттыру жүйесінде SMART-оқыту технологиясын жүзеге асыру» атты әдістемелік құралы және тағы басқа оқу құралдары барлық пән мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсете алады. Біз SMART-қоғамда, яғни ақылды қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Бұл біздің өміріміздің барлық аспектілерін жақсартатын техникалық құралдармен және әр түрлі сервистермен жабдықталғанымызды білдіреді. Олай болса бұл өз кезегінде өзекті мәселе болып табылады.

PISA (*Programme for International Student Assessment*) зерттеуінің әрбір кезеңіне халықаралық контексте саралау жұмысы жүргізіледі. Бұл әрбір қатысушы елге білім беру жүйесінің стратегиялық мақсатын анықтауға мүмкіндік береді. 2011-2020 жылдарға Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін жетілдіруге бағытталған Мемлекеттік бағдарламасы біздің оқушыларымыздың PISA халықаралық зерттеулерінде мақсатты индикаторларды анықтады. Жаратылыстану бағытындағы PISA зерттеулерінің Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін орта мектебінің 8-9 сыныбында оқушыларымыздың дайындық деңгейлері әлемдік жетістіктерге сәйкес келетін, 6 деңгейлі құрылымын айқындайтын оқушының білім, білік, дағдылары ерекшеліктеріне сәйкестендіріп тест тапсырмаларын құрастыру және шешу жолдарын ұсыну басты идеялардың бірі екенін атап өткен жөн.

Осы тұрғыдағы іс-әрекеттерді қарастыра отырып, оқушының білімін қалыптастыруға бағытталған құзыреттілік түрлері айқындалады, олар:

- *Ақпараттық құзыреттілік.* Өз бетінше табуға, талдауға, іріктеу жасауға, түсіндіруге және ақпаратты тасымалдауды, оның ішінде қазіргі заманғы ақпараттық коммуникациялық технологиялардың көмегімен жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

- *Коммуникативтік құзыреттілік.* Нақты өмірлік жағдайларда өзінің міндеттерін шешу үшін ауызша және жазбаша коммуникациялардың түрлі құралдарын қолдануға мүмкіндік береді.

- *Проблемалардың шешімін табу құзыреттілігі.* Әр түрлі жағдайда проблемаларды анықтауға, жауапты шешім қабылдауға, өз шешімінің нәтижесін бағалауға мүмкіндік туғызады [2].

Жаратылыстану бағытындағы, оның ішінде физика пәнінен PISA зерттеулерінің әдісімен тест тапсырмаларын жоспарлау кезінде ең алдымен оқушының оқу сауаттылығының құзыреттілігін ескеру керек. Олар:

- мәтінде берілген пікірді әлем туралы өзінің көзқарастарымен салыстыру;
- жаратылыстанудың негізгі ерекшеліктерін адами таным мен зерттеу формасы ретінде түсіну қабілеттілігі;
- жаратылыстану ғылымдары мен технологияның материалдық, интеллектуалдық және мәдени салаға әсер ететіндігі туралы білімді көрсету;
- мектепте алған білімді түрлі өмірлік жағдайларда қолдана алу қабілеттігі, қойылған мәселелерді ғылыми әдістермен шешу, ақпараттың түрлі көздерімен жұмыс жасай және оны сыни тұрғыдан бағалай алу;
- эксперимент тәжірибелер жасау, болжамдар келтіру және қолдайтын немесе жоққа шығаратын зерттеулер өткізу, айтылған көзқарасқа қарсы шығу немесе оны негіздеу.

PISA зерттеулерінің әдісімен тест тапсырмаларын құрудағы қиындықтарды шешу жолдары ретінде мына мәселелерді атап өткен жөн:

1. Білім алушыға тапсырмаларды 6 деңгейлі Блум таксономиясы негізінде құрып, ондағы білу, түсіну, қолданудан гөрі синтез, анализ, бағалауға мән беру.

2. Стандарт талаптарына сай берілген тапсырмаларды орындаумен қатар оқушының өмірде қолдана алатындай тапсырмалар құрастыруға көңіл бөлу.

3. Білім алушының логикалық ойлауын, сыни тұрғыдан ойын жеткізуді жүзеге асыру үшін, білім беруде сабақтың құрылымын өзгерту, яғни оқытудың белсенді стратегияларын қолдану, оқушының сабаққа деген ынтасын арттыру үшін әр 10 мин сайын жағдаятты өзгертіп отыру.

4. Білім алушыға тапсырма берген кезде оның алгоритмдерін алдын-ала ескерту.

5. Тапсырманы зейін қойып, орындауға және эксперименттік есептер, зертханалық шағын зерттеу жұмыстарын орындата отырып, өзінің орындаған жұмысының дұрыстығына көз жеткізу, өзін-өзі бағалауға үйрету [3].

Егер білім алушы неғұрлым көбірек тапсырма орындауға тырысса және жоғары балл жинаса, онда PISA бойынша берілген тапсырманы толық орындай алғандығы анықталады. Олай болса, білім алушыларға PISA халықаралық зерттеулер әдісімен тапсырмаларды жасау барысында ең алдымен олардың бастауыш сыныптан бастап қалыптасқан жаратылыстану ғылымдары бойынша білім деңгейлеріне, функционалдық сауаттылығына, өз іс-әрекетіне сыни көзқараспен қарауды қалыптастыра алатындай жағдай жасау керек.

Аннотация

В статье подробно описаны основные этапы современного образования в стране, включая подробный анализ основных процессов, таких как требования к современным школам, образование в соответствии с международной системой образования. В соответствии с методологической основой исследования дан обзор ряда педагогических работ. В конце статьи описаны условия, которые необходимо учитывать при планировании заданий по физике методом исследования PISA.

Ключевые слова: знание, парадигма, компетентность, функциональная грамотность, исследование

Abstract

The article describes in detail the main stages of modern education in the country, including a detailed analysis of the main processes, such as the requirements for modern schools, education in accordance with the international education system. In accordance with the methodological basis of the study, an overview of a number of pedagogical works is given. At the end of the article, conditions are described that must be considered when planning physics assignments using the PISA method.

Key words: knowledge, paradigm, competence, functional literacy, research

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасында гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы. – Алматы: Қазақстан, 1994ж

2. «PISA халықаралық зерттеулері аясында оқушылардың ғылыми - жаратылыстану функционалдық сауаттылығын дамыту» тақырыбы бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курсының типтік оқу бағдарламасы, Қарағанды 2014.

3.Мелденова М.Ж. «PISA халықаралық зерттеулері аясында оқушылардың ғылыми-жаратылыстану функционалдық сауаттылығын дамытудың» география пәні бойынша жасалған құзырлы тапсырмалар. <https://botana.biz/prepod/geografiya/oerfh5of.html>

ӘӨЖ: 378

БОЛАШАҚ МАТЕМАТИКА МҰҒАЛІМІНІҢ АҚПАРАТТЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Б. Р. Қасқатаева¹, А. Копейсинова²

¹п.ғ.д., доцент, ²магистрант, ^{1,2}Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан, ¹ Kaskataeva@yandex.ru,

Қоғам дамуының қазіргі кезеңі ақпараттандыру процесінің қарқындылығымен сипатталады. Бұл құбылыс білім берудің алдына ақпараттық қоғамда өмір сүруге және қызмет жасауға бейім қазіргі заманғы адамды дайындау мәселесін қойып отыр. Себебі, қазіргі әлемде үнемі жаңа мамандардықтар туындайды, біліктілікті үздіксіз арттыруды қажет етеді.

Қоғамды ақпараттандырудағы басты мәселелердің бірі - білім беру мазмұнының сапасын арттыру, сонымен қатар білім беру жүйесіндегі барлық қызмет түрлеріне жаңа ақпараттық технологияларды енгізу және дамыту екендігі мәлім. Білім беруді ақпараттандырудың мақсаты ақпараттық және коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдалану есебінен зияткерлік қызметті тиімді жүргізу болып табылады.

Білім беру жүйесін ақпараттандыру процесі мектеп мұғалімдеріне ақпараттық құзыреттілік пен ақпараттық мәдениеттің жоғары деңгейімен сипатталатын құзыреттіліктерін арттыруды талап етіп отыр. Сонымен, мектептің білім беру кеңістігіне АКТ құралдарын кеңінен енгізу жағдайында өзінің кәсіби қызметін жүзеге асыруда мектеп мұғалімдерінің ақпараттық құзыреттілігінің маңыздылығы артты.

Осыған орай, педагогикалық университет студенттерінің ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі өзекті болып табылады, өйткені жоғары оқу орнының алдында кәсіби білікті маман даярлау міндеті тұр. ЖОО-ның болашақ түлегін даярлауда жоғары деңгейге теориялық білім саласындағы фундаменталдылықты сақтай отырып және білім алушылардың практикаға бағытталған даярлығын тереңдеткенде ғана жетуге болады. Болашақ математика мұғалімдерін компьютерлік технологияларды қолдана отырып, білімін жетілдіруге және кәсіби мәселелерді өз бетінше шешуге даярлау қажет.

Бұл мәселенің өзектілігі Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңындағы «ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттіліктеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтан оқыту, ақпараттық коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану» сияқты білім беру жүйесінің міндеттерімен де дәлелді [1].

Әлеуметтік тапсырыс екі компонентті қамтиды: түлектің еңбек нарығына деген сұранысы және оның жеке басының қоғамға деген сұранысы. Мемлекеттік білім беру стандартында көрсетілген білім беру бағдарламалары әлеуметтік тапсырыстың бірінші компонентіне бағытталған. Оларды жүзеге асыру «оқыту», «интеллект», «білім, білік, дағды», «құзыреттілік» ұғымдарымен байланысты.

Сонымен, заманауи әлеуметтік тапсырыс ақпараттық және коммуникациялық технологияларды меңгерген мамандарды кәсіби даярлауды жетілдіруді талап етеді. АКТ- ды қолдану, ең алдымен, болашақ математика мұғалімдерін - педагогикалық университеттердің студенттерін кәсіби даярлаудың ажырамас бөлігі болуы керек. Алайда, жоғары оқу орындарында болашақ мамандарды кәсіби даярлауда АКТ ны қолданудың дайындығы жеткіліксіз.

Зерттеу жұмысының мақсаты «болашақ математика мұғалімінің ақпараттық құзыреттілігінің» мазмұнын нақтылау және оны қалыптастырудың ерекшеліктерін айқындау болып отыр. Беспалько В.П. [2], В. С. Гершунский [3], Н.В. Кузьмина [4], А. В. Хуторский [5] және т.б. педагогикалық зерттеулерінде АКТ- ны қолдана отырып, болашақ педагогтарды даярлаудың

теориялық және қолданбалы міндеттерін, білім беру саласындағы ақпараттандырудың оңтайлы жолдарын көрсетті.

Н.В. Апатова [6], М. П. Лапчик [7] және т.б. әдістемелік зерттеулерінде оқу процесінде компьютерді қолданудың психологиялық-педагогикалық негіздемесі және кәсіби шеберлікке жетудің құралы ретінде информатиканың жалпы білім берудегі маңызы анықталды.

Қазіргі қоғамдағы мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін талдау нәтижесінде В.А.Адольф [8], А.А.Ахаян, О.А.Кизик [9] және т.б. мұғалімнің ақпараттық құзыреттілігі кәсіби құзыреттіліктің маңызды құрамдас бөлігі екенін көрсетеді. А.А.Абдукадыров [10], В.А.Далингер [11], М.И.Рагулина [12] және т.б. математика мұғалімін дайындауда АКТ- ны қолдану жолдарын зерттеді. Мұғалім өзінің білімін жаңа ақпаратпен үнемі толықтыра отырып, өзін-өзі жетілдіре білу және білім беру мәселелерін шешу үшін ақпарат көздерін барынша тиімді қолдана білу қабілеті маңызды. Осы аталған талаптар педагогикалық жоғары оқу орындарының түлектеріне, атап айтқанда болашақ математика мұғаліміне әлеуметтік тапсырыс.

Кәсіби құзырлы жаңа тұлғаны қалыптастыруға арналған білім беру жүйесі педагогикалық университет түлегінің жоғарыда аталған қасиеттерін дамытудың деңгейін толық қамтамасыз етпейді. Математика мұғалімдері әрдайым қажетті ақпаратты іздеу, таңдау, алынған деректерді талдау және синтездеу, оларды ұйымдастыру, ұсыну және беру, модельдеу, жобалау, жобаларды іске асыру (ақпараттық құзыреттілік элементтері) жұмыстарын толық орындай алмайды. Сонымен қатар пәндік іс-әрекетте бағдарламалық жасақтаманы қолдана отырып оқу мәселелерін шеше алмайды. Қазіргі жағдайда мектеп математика мұғалімінің әдістемелік дайындығы оның ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыруды қажет етеді.

Қазіргі әлемде білім мен тәжірибеге сүйене отырып, өз бетінше ойлау қабілеті жай эрудицияға қарағанда әлдеқайда жоғары бағаланады. Практикада алған білімді өмірлік мәселелерді шешу үшін қолдана білмеушілік көп кездеседі. Сондықтан қазіргі кезде білім беру сапасы:

- 1) жаңа білім алу және оны нақты өмірде қолдана отырып алу;
- 2) білім, білік пен дағдылардың жаңа жүйесін қалыптастыру;
- 3) оқушылардың өзіндік іс-әрекеті мен жауапкершілігін қалыптастыру қазіргі негізгі заманауи құзыреттіліктермен байланысты.

Білім беруді ақпараттандырумен қатар құзыреттілікке негізделген тәсіл анықталды. Құзыреттілік тәсіл - бұл білім берудің іс-әрекеттік сипатын іске асыратын тәсіл. Бұл ақпараттық құзыреттілік тұжырымдамасының пайда болуына әкелді. С.Тришинаның айтуы бойынша «ақпараттық құзыреттілік» дегеніміз ақпараттық процестер мен ақпараттарды білімнің ерекше түріне айналдыру нәтижесінде қалыптасатын интегративті жеке сапа. Ол «ақпараттық құзыреттіліктің көмегімен білім алушы әр түрлі бағыттарда оңтайлы шешімдерді жасауға, болжауға және жүзеге асыруға қабілетті», - деді [13].

Ақпараттық құзыреттілік ақпаратпен жұмыс істеу біліктілігі (ақпараттың қажеттілігін ұғыну; ақпаратты іздеу стратегиясын таңдау; ақпаратты іріктеу, салыстыру және бағалау) және ақпараттық технологияларды пайдалану дағдылары екені мәлім. Ресейлік ғалым А.В.Хуторский ақпараттық құзыреттіліктің құрамындағы объективті және субъективті компоненттерді бөліп көрсету қажет деп санайды. «Объективті аспект - қоғамның білім алушының кәсіби дайындығына қойылатын талаптармен анықталады, субъективтік аспект – білім алушының жеке жетістіктерінің сәйкестігі, оның осы құзыреттілікті игеруге деген ынтасы», - деді [5].

Бүгінгі адамның ақпараттық құзыреттілігі қоғамның ақпараттандыру деңгейіне де байланысты. «Болашақ математика мұғалімінің ақпараттық құзыреттілігін, оның ақпараттық дүниетаным жиынтығын және ақпараттық технологияларды қолдана отырып, жеке ақпараттық қажеттіліктерді оңтайлы орындайтын білім мен дағдылар жүйесі қалыптасқан интегративті қасиеті», -деп анықтауға болады.

Сонымен, ақпараттық құзыреттіліктерге

- әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеу дағдысын меңгеру: кітаптар, оқулықтар, анықтамалықтар, атластар, карталар, анықтағыш, энциклопедиялар, каталогтар, сөздіктер, CD-Rom, Интернет;

- оқу міндеттерін шешу үшін қажетті ақпаратты өз бетімен іздеу, алу, жүйелеу, талдау және таңдау, оны ұйымдастыру, түрлендіру, сақтау және жіберу;

- ақпараттық ағындардың бағдарын білу, олардың ішінен басты және қажетті ақпаратты көрсете білу; ақпаратты саналы түрде қабылдай білу;

- ақпараттық құрылғыларды: компьютерді, теледидарды, магнитофонды, телефонды, ұялы телефонды, пейджерді, факсті, принтерді, модемді, копирді пайдалану дағдыларын меңгеру;

- оқу мәселелерін шешу үшін аудио және бейнежазба, электрондық пошта, Интернет секілді ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды қолдана білу жатады

Педагогикалық университетте АКТ-ны қолданып оқытудың өзіндік ерекшелігі бар. Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар оқу объектісі ретінде де, пәндік және педагогикалық іс-әрекеттің құралы ретінде де, мектептегі оқу процесін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету құралы ретінде де әрекет етеді. Сонымен қатар, олардың қарқынды дамуы нақты бағдарламалық құралдарды емес, болашақ мұғалімдердің АКТ-ны дамыту, оқыту және оларды қолданудың психологиялық-дидактикалық негіздемесінің мәнін, мүмкіндіктері мен перспективаларын игеруді талап етеді.

Ақпараттық құзыреттілікті игеру болашақ маманға табысты және сұранысқа ие тұлға болуға мүмкіндік береді. Құзыреттіліктің ерекшелігі білім беру нәтижесі ретінде қалыптасатыны және қызметте көрініс табатыны болып табылады. Демек, білім алушының құзыреттіліктің белгілі бір қырын (аспектісін) талап етілген деңгейде игергеніне көз жеткізу үшін білім алушыға белгілі бір қызметті жүзеге асыра отырып қана орындауға болатын тапсырма беру керек.

Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университеті «Математиканы, физиканы және информатиканы оқыту әдістемесі» кафедрасында АКТ-ны қолданып болашақ математика мұғалімдерінің ақпараттық құзыреттіліктерін қалыптастыру бірінші курстан бастап жүргізіледі. Студенттер бірінші курстан бастап ақпараттық құзыреттілік элементтерін меңгере бастайды. Кейін үшінші курста «Математиканы оқыту әдістемесі» пәнін оқу процесінде студенттердің ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыру мақсатты түрде жүйелі жүргізіледі. Ол үш кезеңнен тұрады.

Бірінші кезеңде ақпаратты өңдеудің стандартты құралдарын қолдана білу құзыреттіліктері, сонымен қатар қолданбалы бағдарламалық жасақтаманы (кеңсе люксі, графикалық редакторлар, интернетте жұмыс жасау және т.б.) қолдануды оқып үйренуге ықпал ететін терминологиялық құзыреттілік қалыптасады. Курс аяқталғаннан кейін студент осы бағдарламалық жасақтаманы, ең алдымен, университеттегі өзінің білім алу қызметінде қалай қолдануды үйренуі керек. Яғни, студент мәтіндік құжаттарды құруды және редакциялауды, презентацияларды әзірлеуді және демонстрациялауды, Интернеттен ақпарат іздеуді және т.б. меңгереді.

Екінші кезеңнің негізгі міндеті пән саласындағы оқу жұмысын ұйымдастыра білу құзыреттілігін және терминологиялық құзыреттілікті қалыптастыру болып табылады. Осы құзырлылықтарды меңгеру білім алуда және кәсіптік (педагогикалық) қызметте нақты (ең алдымен мультимедиялық) бағдарламалық өнімдермен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруды болжайды. Кезеңнің соңында студент игерілген бағдарламалық жасақтаманы (компьютерлік графика және видео материалдардың редакторлары) тек өздерінің университеттегі оқу қызметінде ғана емес, сонымен қатар кәсіби педагогикалық жұмыста, атап айтқанда, болашақ математика пәнінің мұғалімі білім беру бағдарламасын меңгерудің міндетті компоненті болып табылатын педагогикалық практика барысында пайдалануды үйренуі керек. Бұл графиканы құру және редакциялау, бейне презентацияларды жобалау және көрсету мүмкіндігі, веб-сайттарды құру мүмкіндігі және т.б. Компьютерлік технологияны қолдану жаңа ұғымдарды түсініп, оны меңгеруге, шешім мен қорытындылардың дәлелділігі мен негізділігіне, себеп-салдар байланыстарын орнатуға әсер етеді.

Үшінші кезең математиканы оқыту процесінде қолданылатын бағдарламалар мен технологиялар арсеналын одан әрі кеңейтумен ерекшеленеді. Осы кезең аясында пәндік бағыттағы компьютерлік технологияларды қолдана отырып, оқу жұмысын ұйымдастыру саласындағы құзыреттіліктер және терминологиялық құзыреттілік дамиды. Кезеңнің соңында студент бағдарламалық жасақтаманы (векторлық графикалық редакторлар, жұмыс үстеліндегі баспа жүйелері және т.б.), ең алдымен, кәсіби педагогикалық іс-әрекетте қалай қолдануды үйренуі керек: векторлық графикалық кескіндер (диаграммалар, графиктер, карталар және т.б.) құру. Компьютерлік технологиялар алынған білімді бекітуге ықпал етеді, жарқын сілтемелер жасай отырып, материалдың логикалық байланысын жинақтауға, оқылатын оқу материалын жүйелеуге көмектеседі. Алынған білімді, қалыптасқан дағдыларды және іс-әрекет әдістерін жүзеге асырудың бір көрінісі - оларды қазіргі оқу іс-әрекеті мен педагогикалық практикасында қолдана білуі.

Біздің үшінші және төртінші курс студенттерімен жүргізілген сауалнама және бақылау нәтижесінде 4 курстың аяғына дейін студенттер мемлекеттік білім беру стандартында қарастырылған ақпараттық технологияларды меңгерудің барлық кезеңдерінен өтетіні анықталды. Нәтижесінде, егер студент стандартта қарастырылған дидактикалық бірліктерді ойдағыдай меңгерген болса, ол оқытудың әр кезеңінде ақпараттық құзыреттіліктің төмен, орташа немесе жоғары деңгейін игеріп отырады.

Ақпараттық құзыреттіліктің қалыптасқандығы студенттің: 1) АКТ-ны пәндік және педагогикалық іс-әрекеттің құралы ретінде қолданатындығын; 2) болашақта мектептегі оқу процесін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету құралы ретінде қолдана алатындығын; 2) АКТ-ны дамыту, оқыту және оларды қолданудың психологиялық-дидактикалық негіздемесінің мәнін, мүмкіндіктері мен перспективаларын игергендігін білдіреді. Қазіргі қоғамда табысты болу үшін адам ақпараттық құзыреттіліктің жоғары деңгейіне ие болуға тиісті.

Аңдатпа

Жоғары оқу орнының мақсаттарының бірі - болашақ мұғалімдердің компьютерлік технологияларды қолдана отырып, білімін жетілдіру және кәсіби мәселелерді өз бетінше шешуге дайындау болып отыр. Мақалада болашақ математика мұғалімінің ақпараттық құзыреттілігін қалыптастырудың өзектілігі негізделген, «болашақ математика мұғалімінің ақпараттық құзыреттілігінің» мазмұны нақтыланған және оны қалыптастырудың ерекшеліктері айқындалған.

Кілттік сөздер: ақпараттық құзыреттілік, ақпараттық және коммуникациялық технологиялар, жоғары оқу орны

Аннотация

Одна из целей университета - повысить уровень знаний будущих учителей с помощью компьютерных технологий и подготовить их к самостоятельному решению профессиональных задач. В статье обосновывается актуальность формирования информационной компетентности будущего учителя математики, уточняется содержание понятия «информационная компетентность будущего учителя математики» и выявляются особенности ее формирования.

Ключевые слова: информационная компетентность, информационные и коммуникационные технологии, высшее учебное заведение

Abstract

One of the Goals of the University is to raise the Level of Knowledge of future Teachers with the Help of Computer Technologies and prepare them to Independently Solve Professional Problems. The Article substantiates the Relevance of the Formation of Information Competence of a future mathematics Teacher, clarifies the Content of the Concept «Information Competence of a future mathematics Teacher» and identifies the Features of its Formation.

Key words: Information Competence, Information and Communication Technologies, Higher Education Institution

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Білім туралы Қазақстан Республикасының Заңы. http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_
2. Беспалько В.П. Педагогика и прогрессивные технологии обучения. 1491. М., 1995.-336 с.
3. Гершунский Б.С. Компьютеризация в сфере образования: проблемы и перспективы. М.: Педагогика, 1987. - 432 с.
4. Кузьмина Н.В., Кухарев Н.В. Психологическая структура деятельности учителя: Гомель. Изд-во Гомельского гос. Университета, 1996. — 57 с.
5. Хуторской А.В. Ключевые компетенции как компонент личностно-ориентированной парадигмы образования // Народное образование. – 2003. – №2. – С. 58-64.
6. Апатова Н.В. Информационные технологии в школьном образовании. — М.: МУ НИИ ОШ РАО, 1994.- 228 с.
7. Лапчик М.П. Информатика и информационные технологии в системе общего и педагогического образования. Монография. — Омск: изд-во ОмГПУ, 1999.-295 с. Әдістемелік.
8. Адольф В.А. Теоретические основы формирования профессиональной компетентности учителя. Дис. д-ра пед. наук. М.- 1998. - 357 с.
9. Ахаян А.А., Кизик О.А. Структура информационной компетентности выпускника профессионального лицея. <http://ito.edu.rU/2003/II/3/II-3-3305.html>
10. Абдукадыров А.А. Теория и практика интенсификации подготовки учителей физико-математических дисциплин. - Ташкент: Фан, 1991. - 120 с.
11. Далингер В.А. Компьютерные технологии в обучении геометрии: Методические рекомендации. Омск: Изд-во ОмГПУ, 2001. - 33 с.
12. Рагулина М.И. Формирование творческой направленности 161 старшекласников в процессе обучения математическим приложениям информатики // Информационные технологии в образовании: Сб. науч. тр. / Омск: Из-во ОмГПУ, 1999. Вып. 2. - С. 75-81.

БҰЛТТЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІН ИНФОРМАТИКАНЫ ОҚЫТУДА ПАЙДАЛАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН АЛАТЫН ОРНЫ

Л. Қоқыш, 7M01507-Информатика мамандығының 2-курс магистранты

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

e-mail: liza.kokysh@mail.ru

Ғылыми жетекшісі: п.ғ.к., аға оқытушы Б. Бостанов

«Бұлттық есептеулер» ұғымы алғаш рет 1970 жылы америкалық ғалым Джозеф Карл Робнетт Ликлайдердің ARPANET (Advanced Research Projects Agency Network) желісінің құрылуына жауапты болуынан пайда болған.

Ликлайдердің айтуынша: «Құжаттар, ақпарат көздері бір үлкен виртуалды сервер болып табылатын «бұлтта» сақталады және өңделеді. Жер бетіндегі әрбір адам желіге қосылады, ол тек деректерді ғана емес, сонымен қатар программаларды да алатын болады». Ал «Бұлттық есептеулер» 1960 жылы америкалық ғалым Джон Маккартидің: «Қай уақытта болмасын компьютерлік есептеулер «жалпыхалықтық пайдалану» арқылы жүзеге асырылатын болады» деген тұжырымнан кейін пайда бола бастады.

Виртуалды қызмет түрлерін ұсынып, ұйымдастырып, қолайлы жағдай жасап отыратын, кез келген деңгейдегі және кез келген қуатты ақпараттық ресурстарға қолжеткізуді қамтамасыз ететін бұлттық қызмет түрлерін провайдер атқарады.

Бұлттық провайдер (ағылш. Cloud provider – бұлттық сервистерді жеткізуші) – бұлттық есептеулер негізінде қызмет көрсететін компания, ол әртүрлі виртуалды ресурстың(виртуалды серверлер, виртуалды желілер, виртуалды деректерді сақтау жүйелері) автоматтандырылған басқару түрлерін жеткізуші [1].

Қазіргі уақытта бұлттық технологиялар және олардың тұжырымдамасы келесі қызмет түрлерін өз пайдаланушыларына көрсетуді көздейді:

Сақтау қызметі (Storage-as-a-Service)	талап ету бойынша дискілік кеңістікті білдіретін сервис. Бәлкім, мониторға шығатын «Логикалық дискі толық, орынды босату үшін қажетсіз бағдарламаларды немесе деректерді жойыңыз» деген ескертуді өзің көрген де шығарсың. Storage-as-a-Service қызметі деректерді сыртқы қоймада, яғни «бұлтта» сақтауға мүмкіндік береді. Сен үшін ол қосымша логикалық диск немесе папка болмақ. Сервис қалғандары үшін базалық, өйткені олардың әрқайсысының құрамына кіреді. Оның үлгісі – Google дискісі, Яндекс Диск, О Дискісі (бұлт mail.ru) және өзге де ұқсас сервистер.
Деректер қоры қызметі (Database-as-a-Service)	егер ДББЖ жергілікті ресурсқа орнатылған болса, деректер қорымен жұмыс істеуге берілген мүмкіндік. Бұл жағдайда, үлкен немесе тіпті, орта ұйымда ДБЖ пайдалану үшін талап етілетін аппараттық қамтамасыз етілім мен лицензиялық БҚ-дан қанша қаражат үнемдеуге болатынын айтпағанда, түрлі орындаушылар арасында деректер алмасуды ұйымдастыру әлдеқайда оңай.
Ақпарат қызметі (Information-as-a-Service)	минут сайын, тіпті, секунд сайын өзгеруі мүмкін кез келген ақпарат түрлерін қашықтан пайдалану мүмкіндігі.
Процесті басқару қызметі (Process-as-a-Service)	бірыңғай бизнес-процесті құру үшін бірнеше ресурсты (бір «бұлт» немесе басқа да қол жетімді «бұлттар» шегіндегі қызметтер немесе деректер сияқты) біріктіре алатын қашықтағы ресурс.
Бағдарламалық қамтамасыз етілім қызметі (Software-as-a-Service)	қашықтағы серверлерде ашылған талапқа сәйкес бағдарламалық қамтамасыз етілім және әрбір пайдаланушы

Service SaaS)	оған Интернет арқылы қол жеткізе алады, сонымен қатар осы қамтамасыз етілімнің лицензиялары мен жаңартулары туралы барлық сұрақтарды осы қызметті жеткізуші реттейді. Бұл жағдайда төлем оны нақты пайдалану үшін жүргізіледі. Оның үлгісі – Google құжаттары, Google күнтізбесі, т.б. онлайн-бағдарламалар.
Платформа қызметі (Platform-as-a-Service)	пайдаланушыға орнатылған операциялық жүйесі және кейбір бағдарламалық қамтамасыз етілімі бар компьютерлік платформа ұсынылады.
Интеграция қызметі (Integration-as-a-Service)	«бұлттан» қосымшалардың арасындағы бағдарламалық интерфейстерді және олардың алгоритмдерін басқаруды қоса алғанда, толық интеграциялық пакетті алу мүмкіндігі. Оған орталықтандыру пакеттерінің белгілі қызметтері мен функциялары, корпоративтік қосымшаларды ортайландыру және интеграциялау (EAI) кіреді, бірақ олар «бұлтты» сервис ретінде ұсынылады.
Қауіпсіздік қызметі (Security-as-a-Service)	қызметтің бұл түрі пайдаланушыларға веб-технологияларды, электрондық хат аламасуды, жергілікті желіні қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін өнімдерді тез өрістетуге мүмкіндік береді, бұл осы сервисі пайдаланушыларға өзінің жеке қауіпсіздік жүйесін өрістетуге мен қолдауда үнемдеуге мүмкіндік береді.
Әкімшілік ету және басқару қызметі (Management/Governance-as-a-Service)	➤ бір немесе көп «бұлтты» сервистердің жұмыс параметрлерін басқаруға және белгілеуге мүмкіндік береді. Бұл негізінен, топология, ресурстарды пайдалану, виртуалдау сияқты параметрлер.
Инфрақұрылым қызметі (Infrastructure-as-a-Service)	➤ пайдаланушыға компьютерлік инфрақұрылым, әдетте, желіге қосылған виртуалды платформалар (компьютерлер) ұсынылады, олар өз мақсатын өз бетінше теңшейді.
Сынақтан өткізу қызметі (Testing-as-a-Service)	➤ «бұлттан» сынақтан өткізетін БҚ қолдану арқылы жергілікті немесе «бұлтты» жүйелерді сынақтан өткізуге мүмкіндік береді (бұл жағдайда кәсіпорынға ешқандай жабдық немесе қамтамасыз етілім қажет емес).

Қауіпсіздік. «Бұлт» - айтарлықтай сенімді жүйе, алайда оған кірген кезде зиянкес деректердің үлкен қоймасына қол жеткізеді. Тағы бір кемшілігі – бұл гипервизор ретінде стандартты ОЖ ядросы (мысалы Windows) пайдаланылатын виртуалдар жүйелерін пайдалану, бұл жүйенің вирустары мен осалдығын пайдалануға мүмкіндік береді. Қымбат жабдықтар. Өз бұлтын құру үшін елеулі материалдық ресурстарды бөлу қажет, бұл құрылған және шағын компанияларға ғана пайдалы емес[2]. Әрі қарай ресурсты ақшаға айналдыру. Компаниялар алдағы уақытта ұсынылатын қызметтер үшін пайдаланушылардан ақы алуды ұйғаруы мүмкін.

Бұлттық технологиялардың артықшылықтары:	Бұлттық технологиялардың кемшіліктері:
Интернетке қосылған кез келген құрылғы арқылы (ДК, планшет, смартфон және т.б.) басқарылады;	Интернет болмаған жағдайда жұмыс тек құрылғыға жүктелген құжаттармен жұмыс істеумен шектеледі;
көптеген программалар тегін (немесе қолжетімді бағада) және үнемі программалардың ең соңғы нұсқасымен жаңарып отырады;	бұлттық программалардың жұмыс жасау жылдамдығы баяу болады;
арнайы операциялық жүйелерді талап етпейді;	ақпараттың зақымдалу қаупі бар;
кез келген жерде, кез келген уақытта ақпарат қолжетімді;	көптеген бұлттық сервистер бірнеше гигабайт көлемді ғана тегін ұсынады, ал оны тек қосымша ақы төлеу арқылы кеңейтуге болады;
көптеген қолданушылар үшін бірлескен жұмысты жеңілдетеді;	кейбір бұлттық технологиялар отандық және халықаралық стандартқа сай емес.

күжат форматтарының үйлесімділігі;	-
егер құрылғы (ДК, планшет, смартфон және т.б.) істеншықса, маңызды ақпарат жоғалмайды, себебі ол құрылғы жадында сақталмайды;	-
ақпараттар автоматты түрде бұлтта сақталып отырады және резервті көшірме жасайды;	-
әрқашан жаңа және жаңартылған аппараттық өңдеулер жүзеге асырылады.	-

Қолжетімділік. Бұлтта сақталатын ақпаратқа Интернет желісіне қосылған компьютер, планшет, кез келген ұялы құрылғысы бар адам қол жеткізе алады.

Ұтқырлық. Пайдаланушы бір жұмыс орнына тұрақты байланып қалмайды. Менеджерлер әлемнің кез келген жерінен есеп ала алады, ал басшылар өндірісті қадағалай алады.

Үнемділік. Маңызды артықшылықтардың бірі азайтылған шығындар. Пайдаланушыға қымбат, есептеу қуаты жоғары коомпьютерлер мен БҚ сатып алудың қажеті жоқ, сондай-ақ ол жергілікті IT-технологияларға қызмет көрсететін маманды жалдамаса да болады.

Жалға алу. Пайдаланушы қажетті қызметтер пакетін өзіне қажет болған кезде ғана алады және тек сатып алынған қызметтер санының ғана ақысын төлейді.

Икемділік. Барлық қажетті ресурстарды провайдер автоматты түреде береді.

Жоғары технологиялық. Деректерді сақтау, талдау және өңдеу үшін пайдалануға болатын үлкен есептеуіш қуат, олар пайдаланушының басқаруына беріледі.

Сенімділік. Кейбір сарапшылар қазіргі заманғы бұлтты есептеулерді қамтамасыз ететін сенімділік жергілікті ресурстардың сенімділігіне қарағанда әлдеқайда жоғары деп санайды, бұл деректерді толық өңдеу орталығын сатып алатын және ұстай алатын кәсіпорындардың аз екенін алға тартады[3].

Бұлтты технологияларды пайдалануға байланысты артықшылықтарды қарастырайық. Бірақ бұлт технологияларын пайдаланудың артықшылықтарымен қатар кейбір кемшіліктері де бар, олар кейде бұлттың қолданылуын шектейді. Тұрақты қосылу қажеттілігі. «Бұлт» қызметтеріне қол жеткізу үшін үнемі Интернетке қосылып тұру қажет. Бағдарламалық қамтамасыз етілім және оны «кастомизациялау». Бағдарламалық қамтамасыз етілім бойынша шектеулер бар, оны «бұлттарда» ашуға және оны пайдаланушыға ұсынуға болады. Пайдаланушының пайдалатын қамтамасыз етілімде шектеулері бар және кейде оны өз мақсатына сәйкес теңшеуге мүмкіндігі жоқ.

Құпиялылық. Жария «бұлттарда» сақталатын деректердің құпиялылығы қазіргі уақытта көптеген дау-дамай тудыруда, бірақ көп жағдайда сарапшылар компания үшін ең құнды құжаттарды жария «бұлтта» сақтамауға кеңес береді, өйткені қазіргі уақытта деректердің құпиялылығына 100% кепілдік беретін технология жоқ. Осылайша есептеу ресурстары пайдаланушыға «таза» күйінде беріледі, пайдаланушы қандай компьютер оның сұраныстарын өңдейді, оны қандай операциялық жүйе басқарады, т.б. білмеуі мүмкін. Бұлтқа негізделген технологиялар қосымшаларды өз құрылғына орнатпай-ақ, пайдаланушының деректерге қол жеткізу мүмкіндігін білдіреді, өйткені барлық қамтамасыз етілім серверлерді ұсынады. Мұндай қызметтер тегін де, ақылы де болуы мүмкін екенін естен шығармандар, бәрі сұраныстарға байланысты. Бұлт құрылымын келесідей көрсетуге болады.



1-сурет. Бұлттың құрылымы.

«Инфрақұрылым» пирамидасының негізгі – бұл физикалық құрылғылар жиынтығы (серверлер, қатты дискілер және т.б.), оның үстіне қызметтер жиынтығы болып табылатын

«платформа» орнатылады, пирамиданың жоғарғы бөлігінде – пайдаланушылардың сұранысы бойынша қолжетімді бағдарламалық қамтамасыз етілім тұрады.

Бұлт есептеулері – бұл түрлі технологиялар мен тәсілдерді біріктірген тұтас жүйе. Бұлт есептеулері (ағылш. cloud computing, сондай-ақ «деректерді бұлттық (шашыраңқы) өңдеу» деген термин қолданылады) – пайдаланушыға интернет-сервис түрінде компьютерлік ресурстар мен қуаттарды ұсыну. **Бұлт терминдер** – компьютерде арнайы программалардың орнатуынсыз, Интернет желіге қосылған жалпыға қолжетімді деректер ортасын өңдеу, жүктеу және сақтау т.с.с. қашықтан басқарудың технологиялық мүмкіндіктерін ұсынатын виртуалды қызмет түрлерінің жалпыланған атауы[4]. 2002 жылы Amazon компаниясы бұлттық веб-сервисті әзірледі. 2006 жылы Amazon «Elastic Compute cloud» (EC2) деп аталатын сервисті іске қосты. Amazon EC2 және Amazon Simple Storage Service (S3) сервистері алғашқы қолжетімді және бұлттық есептеулер саласындағы көшбасшылардың бірі болды. Дүниежүзілік нарықта бұлттық технологияларды қолданысқа енгізген компаниялардың саны көбейді, олар: IBM, Microsoft, Google, HP, Atos, Cap Gemini, ал Қазақстандық компаниялардан «Қазақтелеком» акционерлік қоғамы ұсынған Microsoft Hosted Exchange және Microsoft Hosted SharePoint, Қазтелепорт акционерлік қоғамы ұсынған «SmartCloud», KT Cloud Lab компаниясының инфокоммуникациялық кешендері (mycloud.kz) т.б.

Бұлтты технологиялар информатикамен көбірек байланысты. Студенттер оларды сақтау, ынтымақтастық, жариялау үшін пайдаланылатынын айтады. Оқушылардың 68% бұлтты технологиялармен таныс, ал 32% бейтаныс.

Қазір информатика - жеке тұлғаның білім беру ғана емес, сонымен бірге дамып, интеллектуалды әлеуетін қалыптастыру құралдарының бірі. Информатиканы оқу процесінде, әсіресе орта мектепте оқыту курстың негізгі міндеттерін толықтырады, бұл студенттерде логикалық қабілеттерді анықтау және дамыту, оларды интеллектуалды жарыстар мен ғылыми пікірталастарға қатысуға дайындау, олардың информатикаға деген тұрақты қызығушылығын қалыптастыру, дайындық қажеттілігіне байланысты жоғары оқу орындарында оқыту. Оқу процесі алға қойылған мақсаттарға жететіндей етіп ұйымдастырылуы керек.

Андатпа

Жаңа технологиялар пайда болуда, қолданыстағыларын қолдану кеңейтілуде, жаңа құрылғылар, бағдарламалық қамтамасыз етілімдер пайда болып жатыр. Есептеу қуаты өсуде. Бағдарламалық немесе аппараттық қамтамасыз етілімді үнемі жаңарту мүмкін емес, бірақ үдемелі жылдамдықтар мен есептеу қуаттарының әлеміне қосылғын келеді. Осындайда бұлт технологиялары көмекке келеді. Қазіргі әлемді бір сөзбен «шапшаң» деп сипаттауға болады. Осындай шапшаң өзгеретін әлемге бейімделу үшін адам ұтқыр, белсенді және икемді болуы керек. Егер ақпараттық технологиялар әлеміндегі жаңалықтарды байқасаң, бұл саланың тез, жылдам дамып келе жатқан салалардың бірі екенін айтуға болады.

Кілттік сөздер: бұлт технологиялары, бұлт есептеулері, ақпараттық қызмет, сақтау қызметі, инфрақұрылым қызметі

Аннотация

Появляются новые технологии, расширяется применение существующих, появляются новые устройства, программное обеспечение. Вычислительная мощность растет. Невозможно постоянно обновлять программное обеспечение, но вы хотите подключиться к миру ускоренных скоростей и вычислительной мощности. В этом случае могут помочь облачные технологии. Современный мир одним словом можно охарактеризовать как «быстрый». Чтобы адаптироваться к столь быстроменяющемуся миру, человек должен быть мобильным, активным и гибким. Если вы посмотрите новости в мире информационных технологий, то можете сказать, что это одно из самых быстрорастущих отраслей.

Ключевые слова: облачные технологии, облачные вычисления, информационная служба, служба хранения, инфраструктурные услуги.

Abstract

New technologies are emerging, the use of existing ones is expanding, new devices and software are emerging. Computing power is growing. It is not possible to update your software or hardware regularly, but you want to connect to the world of accelerated speeds and computing power. In this case, cloud technologies can help. The modern world can be described in one word as «fast». To adapt to such a rapidly changing world, a person must be mobile, active and flexible. If you look at the news in the world of information technology, you can say that this is one of the fastest growing industries. Cloud-based

technologies mean that the user has access to data without having to install applications on their device, as all support servers provide. Keep in mind that such services can be free or paid, it all depends on demand. The cloud structure can be displayed as follows.

Key words: cloud technology, cloud computing, information service, storage service, infrastructure services.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Информатика: Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытының 11-сыныбына арналған оқулық. / Г.И.Салғараева, Л.А.Рсалина, А.Б.Есенкүл
2. «Информатика негіздері» журналы 2006 жылы, 16-қазан
3. www.google.ru
4. www.rambler.ru
5. <http://neweurasia.net/kazakhstan/интернет/«бұлт-технологиясы»-төрге-шықты/>
6. <https://ds04.infourok.ru/uploads/doc/10e4/000715c3-972f709d.pptx>

ӘӨЖ: 372.851

ГЕОГЕВРА БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІ ШЫҒАРУҒА АРНАЛҒАН ФУНКЦИЯЛАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНА ТАРТУ ЖОЛДАРЫ

¹Қосыбаева Ү.А., ²Оразбекова Р.А., ³Ақынова Н.Т.

¹ п.ғ.к., доцент, ²білім магистрі, оқытушы, ³студент 3 курс,

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің Қарағанды қ., Қазақстан,
e-mail: raushan_0202@mail.ru

Бүгінгі таңда ақпараттық технологияларды енгізудің орынды екендігін ешкімге дәлелдеудің керегі жоқ. Оқу үдерісіндегі компьютерлік қолдау қажеттілігі бүгінгі таңда ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуымен, олардың қоғамдық өмірдің барлық салаларына, оның ішінде білім беру саласына енуімен анықталады және негізгі жалпы білімнің федералды мемлекеттік білім беру стандартының талаптарымен реттеледі.

Мұғалімді оқу үдерісінде мектеп оқушыларын пәнге қызықтыру, оқу материалының тиімділігін арттыру мақсатында материалдарды ұсынудың жаңа және ерекше формалары, әдістері мен тәсілдері қызықтырады, ал заманауи бағдарламалық жабдықталу математика сабағының сапасын түбегейлі түрде өзгертеді. Олар қызықты, түсінікті және серпінді бола бастайды. Қазіргі уақытта оқытуды, білім әлеміне анық және жүйелі түрде жол ашатын интерактивті үлгілерсіз (модельдерсіз) елестету қиын! Математиканы игерудің қиындықтарының бірі - бұл ғылымның абстрактілігі. Мұғалімнің міндеті - математиканы өмірмен байланыстыра отырып, математикалық фактілерді түсінікті ету. Математиканы елестетудің (визуализация) бір әдісі, қозғалысты енгізу арқылы - Geogebra компьютерлік ортасын пайдалану.

GeoGebra - геометрия, алгебра және басқа байланысты пәндер бойынша оқытудың әртүрлі деңгейлерінде қолдануға арналған динамикалық («тірі») сызбаларды құруға мүмкіндік беретін бағдарлама. Бұл бағдарламаны 2002 жылы австриялық математик Маркус Хохенвартер Java тілінде құрды, ол білім беру мәселесін анықтаңыз: «Шеңбердің центрін және радиусын қалай табуға болады?».Талқылау барысы GeoGebra бағдарламасындағы салулармен қатар жүреді. Осы уақытта жаңа команда құрылып, оны кейін тек қана геометрия сабағында ғана емес өзге де жағдайларда қолдануға мүмкіндік береді.

Сонымен, үшбұрышқа іштей сызылған шеңбер салу үшін немесе жаңа команда қосу үшін келесі әрекеттер тізбегі орындалады:

1. Үшбұрыш салыңыз.
2. Бұрыштарының биссектрисаларын сызыңыз.
3. Биссектрисалардың қиылысуындағы D нүктесіне назар аударыңыз.
4. Нысан тақтасын пайдаланып биссектрисаларды жасырыңыз.
5. Биссектрисалардың қиылысу нүктесі арқылы өтетін, үшбұрыштың бір жақ қабырғасына перпендикуляр түсіріңіз. Перпендикулярдың негізін E әрпімен белгілеп, оны нысан тақтасы көмегімен жасырыңыз.


6. D және E нүктелері арқылы өтетін шеңбер құрыңыз (O - оның центрі, E - шеңбер бойындағы нүкте).

7. Үшбұрыш пен іштей сызылған шеңбердің жанасу нүктелерін белгілеңіз

8. Құралдар - Құрал жасау - Енгізу нысандары (тізімнен таңдаңыз немесе үшбұрыштың төбелерін шертңіз) - Енгізу нысандары (шеңбер және оның центрі).

9. Атауы мен белгішесі. Іштей сызылған шеңбер. Сипаттама: «Үшбұрыштың үш төбесін белгілеңіз». Белгіше суретін алдын-ала дайындаңыз.

10. «Аяқтау» түймесін басыңыз. 6 суреттегідей терезеде жаңа команда пайда болады, оны үшбұрышқа іштей сызылған шеңбер қажет болған жағдайда пайдалануға болады.



Сурет 1 – Мысал

Параллелепипед үлгісі көрсетілген GeoGebra бағдарламалық ортасының интерфейсі .


Мұғалім оқушыларға келесі салуды аяқтауды ұсынады:

1. A1P түзуді салыңыз. 12 суреттегідей келесі құралдың көмегімен - «Екі нүктеге бағыттау» құралы қарапайым сызғышты қолданғаннан гөрі оңай. Сіз қалаған түзудің қалай «пайда болатынын» нақты көрсете аласыз.

GeoGebra құралдар тақтасы .


2. K нүктесі мен A1P-ге параллель өтетін түзу саламыз. Қиылысу нүктесін E әрпімен белгілеңіз. Бұл үшін де GeoGebra құралы - «Параллель түзу» қолданылады [2].

3. 1 суретте көрсетілгендей A1 және E нүктелерін «Екі нүкте түзуі» құралының көмегімен қосыңыз.




Сурет 2 - GeoGebra көмегімен A1E түзуді салу

1. P1 нүктесінен A1E-ге параллель түзу сызамыз. G - осы түзудің CC1 қабырғасымен қиылысатын нүктесі. Нүкте құруға бізге 3 суретте көрсетілгендей «Нүкте» құралы көмектеседі.



Сурет 3 – Мысал

5. К және G нүктелерін қосыңыз. A1EKGP көлденең қимасы қажет. Әрі қарай мұғалім оқушыларға салулардың дұрыстығын дәлелдеуді түсін өзгертіңіз. GeoGebra - ны пайдалану тәжірибесі 17 суретте көрсетілгендей келесі тұжырымдарды жасауға мүмкіндік береді:



Сурет 4 – Мысал

Оқушылардың ғылыми-зерттеу қызметін дамытуға бағытталған жүйелік-әрекеттік әдіс жүзеге асырылуда, өйткені GeoGebra білім беруде ғана емес, сонымен қатар оқушының өзін-өзі дамытуына ықпал ете алады. Білім беру іс-әрекетінің сипаты АКТ-ны қолдана отырып, білім беру мақсатына жетудің түрлі әдістері мен тәсілдері арқылы өзгереді. Интерактивті ортаны зерттеу әртүрлі жастағы оқушыларға, 5-сыныптан бастап қол жетімді, өйткені бағдарлама басқа аналогтармен салыстырғанда қолдануға оңай. Математиканы оқытуда GeoGebra ортасын қолдану құралдардың өзара әрекеттесуіне, сызбалық суреттердің қарапайымдылығына және көрнекіліктің жоғары деңгейіне байланысты оқушылардың танымдық қызығушылықтарының дамуына неғұрлым тиімді әсер ете алады [3].

Білім беруде сараланған тәсіл жүзеге асырылуда. Сабақтың әртүрлі кезеңдерінде уақытты ұтымды пайдалануға байланысты оқу үдерісін оңтайландыру қолға алынған. Оқу материалын түсіну деңгейі артып келетіндіктен, сабақта эмоционалды стресс біршама төмендеген. Барлық осы тұжырымдар математиканы оқытуда интерактивті динамикалық ортаны қолданудың тиімділігін көрсетеді, бұл оны маңызды педагогикалық құралдардың бірі етеді. Кез-келген жаңа педагогикалық құрал сияқты, оны игеруге, қолданыстағы әдістер мен белгілі бір техникалық базаны қарастыруға уақыт қажет [4]. Сондықтан GeoGebra-ны білім беру үрдісіне енгізудің және сол арқылы оқушыларды зерттеу жұмыстарына тартудың мүмкін перспективалары келесілер деп санаймыз: тәжірибені тарату, басқа білім беру пәндерімен (физика, география, химия) байланыстыру, білім беру үдерісін қолдау үшін ақпараттық ресурстар банкі құру (педагогикалық материалдар мен оқушылар жұмыстары), конкурстар мен жарыстар өткізу.

Аңдатпа

Мақала авторлары бүгінгі таңда еліміздің білім беру жүйесінде кеңінен қолданыс тауып отырған арнайы бағдарламалар арқылы пәнді оқытуды талдаған. Математика оқытуда жиі қолданылатын Geogebra бағдарламасының функциялары арқылы нақты мысалдар келтірілген мақалада осы бағдарламалар арқылы оқушыларды зерттеу жұмыстарына тарту мүмкіндігі бар екендігі баяндалған. Мақала авторлары бағдарламаның жекелеген функцияларын қолдану арқылы мектеп оқушыларының ақпараттық технологияларға деген қызығушылығын арттыру мен әртүрлі іс-шараларға тарту жолдарын көрсеткен.

Кілттік сөздер: оқыту, арнайы бағдарламалар, математика пәні бағдарламасы, зерттеу жұмыстары, Geogebra бағдарламасы, ақпараттық технология.

Аннотация

Авторы статьи проанализировали преподавание дисциплины через специальные программы, которые сегодня находят широкое применение в системе образования страны. В статье, где приводятся конкретные примеры функций программы Geogebra, которые часто используются в обучении математике, говорится, что есть возможность привлечь учащихся к исследовательской работе с помощью этих программ. Авторы статьи указали пути повышения интереса школьников к информационным технологиям и вовлечения в различные виды деятельности посредством применения отдельных функций программы.

Ключевые слова: обучение, специальные программы, Программа по математике, исследовательские работы, программа Geogebra, информационные технологии.

Abstract

The authors of the article analyzed the teaching of the subject through special programs, which are now widely used in the education system of the country. The article, which provides specific examples of the functions of the Geogebra program, which is often used in mathematics teaching, states that it is possible to involve students in research work through these programs. The authors of the article showed ways to increase students' interest in information technologies and involve them in various activities using certain functions of the program.

Keywords: training, special programs, mathematics program, research papers, Geogebra program, information technology.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1 Обучение геометрии с использованием возможностей GeoGebra: учебно-методическое пособие / Федер. гос. автоном. образоват. учреждение высш. проф. образования «Север. (Аркт.) федер. ун-т им. М.В. Ломоносова»; О.Л. Безумова, Р.П. Овчинникова, О.Н. Троицкая и др.; отв. ред. О.Л. Безумова. – Архангельск: КИРА, 2011. – 140 с.

2 Смирнов В.А., Смирнова И.М. Визуализация задач нахождение расстояния между скрещивающимися прямыми // Математика в школе. - 2019. - №6. - С.10-16.

3 Обучение математике с использованием возможностей GeoGebra // Шабанова М.В. и др. – М.: Издательство «Перо», 2013. – 128 с.

4 Өтелбаева А. Математика сабақтарында оқушылардың шығармашылық қызметін қалыптастыру. //«Математика және физика» журналы. - №5, 2011. - 15-18 б.

ӘӘЖ: 543.04

ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ТҰСТАРЫ МЕН КЕМШІЛІКТЕРІ

М.Н. Қуаншбек

7М01502-Физика мамандығының 1-курс магистранты

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

e-mail: maira.kuanyshbek@mail.ru

Ғылыми жетекшісі: п.ғ.к., қау.профессор м.а. Н. Сандибаева

Білімді ұрпақ - рухани дүниесі бай, білімі мен біліктілігі жоғары, ақпараттық қоғамда ғылым мен техниканың жетістіктерін игерген, компьютерлік сауаты бар, талап талғамы биік, адамгершілігі мол парасатты тұлға болуы тиіс. Осы мақсатта болашақ ұстаздар да теориялық білімдерімен қатар әдістемелік шеберлігі де жоғары, жаңа педагогикалық технологиялармен қаруланған, заманның сұранысына лайықты құзыретті маман болуы керек деп ойлаймын. 2020 жыл тек Қазақстан үшін емес, әлем үшін күрделі жыл болды. Әр салада жоғары жауапкершілік қажет екендігін көзге көрінбейтін вирус көзімізді жеткізді десем артық айтқаным болмас. Соның ішінде білім жүйесін елеулі өзгеріске ұшырады. Оған дәлел «Қашықтан оқу» термині сөздігімізде бар болса да, биылғы оқу жылында сол терминге практикалық түрде бетпе-бет келуіміз. Әрине карантиннің рөлі болды. Бірақ қашықтан оқыту үдерісі кеше пайда болған жоқ және ол кейінде жойылмайтыны анық.

Сонымен, қашықтан оқыту деген не? Оның кемшіліктері мен тиімді тұстары неде? Қашықтан оқыту- оқытушы мен оқушы арасындағы белгілі бір ақпараттық технологиялар көмегімен және ғылыми негізделген тәсілдер арқылы білім алу мақсатында қашықтан байланыс

орнату болып табылады. Кең мағынада, қашықтан оқыту сабағы-бұл педагогтың оқушыларға оқытылатын материал негіздерін меңгерту, олардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және тәрбиелеу мақсатында өз білім беру өнімін құру бойынша жеке және топтық қызметін басқару жағдайында белгілі бір уақыт шеңберінде өткізетін қашықтан оқыту сабағын ұйымдастыру формасы. Бұл оқушының өз бетінше білім алу принципіне негізделген білім беру үдерісі. Сонымен қатар қашықтықтан оқыту технологиясы білім берудің ортасында тұратын оқыту жүйесін құру мүмкіндігін береді. Бұл жүйеде оқытушы студенттің жұмыстарын, жеке қызығушылықтары мен сұраныстарын ескереді. Білім беру жүйесінің ортасында оқушы тұратынын ескерсек, оқыту жүйесі тұтасымен өзгереді. Оқытушы оқушыға арналған өзіндік жұмыстарды ұйымдастырумен шұғылданады. Қашықтықтан оқыту технологиясын қолдануда оқытушының рөлі арта түседі және өзгереді. Осымен байланысты қашықтықтан оқыту технологиясын қолданып жүргізілетін білім беру сапасын бақылауды дұрыс жүргізу және жүзеге асыру мәселесі туындайды.[1]

Қазіргі уақытта қашықтан оқытуды ұйымдастырудың үш түрі бар: онлайн (синхрондық), оффлайн (асинхрондық) және вебинар сабақтар. Онлайн режим, яғни синхронды түрде сабақ өткізу-интернет платформалардың көмегімен тікелей оқытушы мен оқушы арасында видеобайланыс орнау процесі. Оффлайн режимдегі оқыту-интернет ресурстарының көмегімен (Google classroom, электронды почта) ақпарат алмасуды қамтамасыз ететін оқыту формасы. Ал, вебинар-платформалар көмегімен семинарлар және тренингтер өткізу болып табылады. [2].

Осы ретте сабақтың өтілу формасы таңдау мен оның тиімді әрі сапалы ұйымдастыру үшін техникалық жабдықталу, интернет платформалар, стримингтер және цифрлық білім беру ресурстары керек. Төмендегі тізімге назар аударсақ:

-дербес компьютер;

-интернетке қосылу- сымдық немесе сымсыз (3G/4G/LTE);

-динамиктер мен микрофондар-ендірілген немесе USB, Bluetooth;

-веб-камера немесе HD-веб-камера, USB;

-интернет желісіне қосылған iOS немесе Android мобильді құрылғы (смартфон, планшет)

-интернет платформалар: ZOOM, Skype, Microsoft teams, Google meet, Google Classroom және т.б

-streaming платформалар: Bilimland.kz, Online Mektep, daryn.online.kz, Kundelik.kz, sabak.kz, aitude.kz, oriq.kz, т.б. [3].

Қазіргі таңда мыңдаған мұғалімдер үшін қашықтан оқытудың артықшылықтары айқын емес. Сондықтан, оқытушылардың басым бөлігі қашықтан оқыту қолайсыз, тәртіп пен оқу үлгеріміне кері әсерін тигізеді деген ойда. Бірақ шындығында 100% олай емес. Әр бір дүниенің жақсы тұсы болатындай, қашықтан білім берудің де өзіне тән артықшылықтары бар. Соны саралап көрсек:

1. Әр оқушымен жеке жұмыс жасау мүмкіндігінің болуы. Жалпы қашықтан оқыту технологиясы әр оқушының өзіндік көзқарасын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мысалы, сыныптағы жасқаншақ бала, сыныптастарының алдында белсенді жұмыс жасауға ұялуы мүмкін. Ал қашықтан оқытқанға, оқушы өзін еркін сезеді. Чатта немесе арнайы платформаларда мұғалімге сұрақтар қоя алады және ол баланың тапсырмаларды сәтті әрі дұрыс орындауға жағдай болады. Сонымен қатар, мұғалім оқушылардың пәнге қызығушылықтарын жоғалтып алмас үшін, әр баланың бейімділігіне сәйкес келетін қосымша тапсырманы дайындай алады. Яғни, қашықтан оқыту- бұл мұғалімінің оқушыларды жақынырақ тануға мүмкіндік береді және бағалау да оңай жүзеге асады.

2. Күнделікті процестерді автоматтандыру: қарапайым сөзбен айтқанда қашықтан оқыту технологиясы мұғалімнің жұмысын жеңілдетеді. Оқу тапсырмасы немесе сабақ үстіндегі тапсырмаларды тексеру жұмысын түбегейлі болмаса да, белгілі мөлшерде жояды. Орташа есеппен алғанда оқушылардың жұмысын тексеруде 1-2 сағат уақытты үнемдейді. Бұл жүйе өте қарапайым орындалады. Бәрімізге белгілі еліміздегі мектептер Online мектеп платформасын қолданады. Дәл осы платформа бізге процестерді автоматтандыруға көмектеседі. Мұнда тақырыпты меңгертуге арналған материалдар және соған сай тапсырмалар жиынтығы бар. Берілген тапсырмаларды орындап болған соң оқушыларға және мұғалімге де мониторинг бөлімі арқылы нәтижелері баллдық шкала бойынша бірден көрінеді. Сонымен қатар Google Forms арқылы тест сұрақтарын дайындауға болады. Мұнда да нәтижені бірден көруге мүмкіндік бар.

3. Жаңа технологияларды игеру мүмкіндігі. Қашықтан оқытуда АКТ-ды қолдануда тәжірибесі бар мұғалімдерге деген сұраныс жоғары болатыны шындық. Интерактивті оқытудың тиімді платформаларын және бейнеконференция қызметтерін пайдалу мүмкіндігі мұғалімнің еңбек нарығында құндылығын арттырады. Әрине, мұғалім өз уақытын ұйымдастыру, оқушылармен

қашықтан істеу дағдыларын қалыптастыру, оларды қашықтан басқару мен ынталандыру мүмкіндігі одан да құнды екенін басшылыққа алғанымыз жөн.

4. Тапсырмаларды ойын түрінде беру. Қашықтан оқыту сандық технологияларды өте белсенді қолдануды көздейді. Оған қоса, тапсырмаларды онлайн ойын түрінде, викториналар, баланың танымын кеңейтетін миға арналған интерактивті ойын түрлерін айтсақ болады. Мысалы, create.kahoot.it, quizizz.com, learningApps.com сайттарынан ұйымдастырылатын ойын түрін таңдау арқылы түрлі қызықты тапсырмалар дайындауға болады. Кез-келген бала үшін ойын- әлемді танудың ең табиғи тәсілі. Тіпті жоғарғы сынып оқушыларына да мұндай тапсырмалар оқулықтағы құрғақ тапсырмалардан қарағанда әлдеқайда қызығырақ. Сонымен қатар ойындар тек оқу процесіне керемет атмосфера сыйлап қана қоймайды, оқушыларды прогрессті бағалауға және оқудың бәсекеге қабілетті элементін алуға көмектеседі. Білім беруде ойындарды қолдану ресми бағдарламаның бөлігіне жатпайды. Бірақ белсенді педагогикалық, инновациялық технологияларды пайдалану сабақтың сапасын көтереді. Бұл жағдайда бала да сабақты қызыға оқиды, үлкен жетістіктерді бағындырады, танымы кеңейеді.

5. Ыңғайлы жағдайда жұмыс жасау мүмкіндігі. Қашықтан жұмыс істейтін мұғалім кез-келген жерде Америкада немесе Таиланда болсын өмір сүре алады. Әрине бүгінде қозғалыс шектеулі, бірақ бұл әрдайым бола бермейді. Бірақ онлайн сабақ беретін мұғалімдердің өмір сүру мекенін таңдау еркіндігі қалады. Қазірде көптеген мұғалімдер қашықтан оқытудың артықшылығын бағалады. Қаланың көлік кептелісі деп ерте тұрып жиналудың қажеті жоқ. Сонымен қатар оқу орнындағы шу мен шуылдан алыстау көптеген мұғалімнің психикалық жағдайына жағымды әсер еткен және мұғалімнің жұмыстың басты аспектілеріне назар аударуға көмектеседі.

6. Жұмыс қарқынының өсуі. Қашықтан білім берудің мұғалімдерге тиімді тұсы - уақыт. Мұғалімнің оқушылармен байланысының көп бөлігі мессенджерлерде болғандықтан, олардың қоятын сұрақтарын толық әрі нақты жауап беруге мүмкіндік туады. Яғни, қателесуге тәуекел етіп бірден жауап берудің қажеті жоқ. Әсіресе жас мамандарға. Анықтамалық әдебиеттермен танысып, өз білімінді саралап, мұқият әрі егжей-тегжейлі жауап беруге болады. Бұл мұғалім мен оқушылар арасындағы қарым-қатынасын кәсіби етеді.

7. Оқу материалдарының қолжетімділігі. Қазір көптеген онлайн кітапханалар мен түрлі мұражайлар өздерінің виртуалды есіктерін ашып, оқулықтары мен оқу құралдарын тегін пайдалануға мүмкіндік берді. Осылайша сіз сабақты дайындауға пайдалы көптеген электронды кітаптарды еркін қол жетімді жерде таба аласыз. Бұл мектеп кітапханасындағы оқулықтармен шектелмеген мұғалімнің де, қымбат қосымша жәрдемақы сатып ала алмайтын оқушылардың ата-аналарының да өмірін жеңілдетеді.

8. Мұғалімнің де оқушының да шығармашылық даму мүмкіндігі. Яғни уақытты ұтымды пайдалана отырып, мұғалім өз мамандығы бойынша істермен немесе хоббиімен айналыса алады. Оқушы да өзін дамытуға арналған, өз қызығушылығын оята алған түрлі жаңа дүниемен таныса алады.[4]

Таяқтың екі ұшы болатындай қашықтан оқытудың өзіндік кемшіліктері де жоқ емес. Сондықтан оқушы да, оқытушы да қашықтан оқудың шектеулері мен қиындықтарын білуі тиіс.

1. Ең бірінші кемшілігі жұмыс пен бос уақыттың шекарасы жоғалды. Үйде отырғанда адам өзінің жұмыс күнінің нақты қашан аяқталатынын айта алмайды. Яғни, дәстүрлі оқытуда жұмыс орнынан келген оқытушы, бір мезгіл демалып, отбасына көңіл бөлетіндей уақыты болса, қашықтан оқытуда күні-түні компьютердің алдында жұмыс, одан бөлек түрлі конференциялар мен жиналыстар. Бұл мәселеде жұмыс үшін бұрыш бөліп, отбасы мүшелерімен келісу өте маңызды: сіз осы бұрышта отырғанда, сіз виртуалды болса да, мектеп сыныбындағыдай боласыз. Осы сағаттарда сізді ешкім алаңдатпауы және сізге жүгінбеуі керек. Жұмыс пен тынығудың дұрыс тепе-теңдігін сақтау үшін әр сағат сайын үстелден тұрып, түрлі жаттығу жасау керек екенін еске салатын оятар алыңыз, ал 19:00-ден кейін компьютерді өшіріп, дұрыс демалу керек. Компьютердің алдында көп уақыт отыру өз кезегінде көңіл-күйдің болмауына, денсаулыққа кері әсерін тигізетінін де ескергеніміз жөн.

2. Сандық технологияларды түсіну мүмкіндігі. Жаңа жұмыс стиліне ауысу алаңдатарлық сипатта болды. Әсіресе елімізде бірыңғай нұсқаудың болмауы. Бірақ әрине әр оқу орының әкімшілігі тиімді деп тапқан платформаларды таңдады, қазіргі таңда бәрі реттелді. Сонда да педагогтар қашықтан білім беру әдістемесі бойынша вебинарларға қатысып, ең ақсаңдайтын тұсымыз сандық білім беру құралдарын жетік меңгерген жөн. Іс жүзінде күрделі ештеңе жоқ-аздап еңбек етілсе, сол технологияларды жетік білетін маман болып шығуға болады деп ойлаймын.

3. Жеке қарым-қатынастың болмауы. Яғни жеке көзқарас пен тәрбиеге байланысты барлық сәттер алынып тасталынды. Онымен қоса дәстүрлі оқытуда сабақ барысында барлық оқушыларды назарда ұстауға дағдыланған мұғалім үшін үй жағдайында онлайн сабақ өту де бір сынақ болып есептеледі. Өйткені, қашықтан оқыту барысында барлық баланы бақылауда ұстау мүмкін емес екені бәрімізге мәлім. Бейнеконференциялар (Zoom, Google meet т.б), мұғалім балалармен сөйлесе алатын жалпы чат нақты уақыт режимінде өзара байналыс жасау құралдары бұл мәселені шешуге жеңілдік береді. Дегенмен де, өз практикадан белгілі болғаны оқушылардан талап етілгенде ғана орындайтындығы қынжылтады. Тіпті кейбір оқушылардың талаптан да аттан кететін жағдайлары да кездеседі. Бұл да бір мәселе

4. Оқушылардың мотивациясымен жұмыс жасау қажеттілігі. Қазіргі мұғалімнің міндеті оқулықты дауыстап оқу емес. Оның-міндеті оқушыларды ынталандыру және шабыттандыру, олардың пәнге деген қызығушылығын арттыру, ізденімпаздық пен бастамашылдыққа, өмір бойы білім алуға баулу. Бұл функцияларды өзіне алатын компьютерлік жүйе жоқ. Сондықтан мұғалім қашықтан оқытуда осы бағытта бұрын-соңды болмаған дүниелерді көрсете алу керек. Мұғалімдерге мотивация және ұйымдастырушылық проблемалары бар балаларға көбірек көңіл бөлу қажет болуы мүмкін: мұндай оқушылар қазір оқудың қажеті жоқ деп шешуі мүмкін. Сондықтан мұғалімдер мұндай оқушыларды бақылаудың жаңа түрлерін ойлап табуға мәжбүр болады. Бұған оқу сапасының көрсеткіші төмендеуі дәлел.

5. Оқушыларға үйде Интернеттің жетіспеушілігі жиі кездеседі. Бұл физикалық ақпаратты тасымалдаушының қашықтықтан шешуіне болатын өте күрделі мәселе. Біздің кәдімгі оқулықты, баспа материалдарын және тапсырмаларды қолдана отырып материалды зерттеу бойынша жұмысты ұйымдастыруларымызға тура келеді. Әр сабақтың алдында балаға осы сақтау құралдарымен жұмыс жасау бойынша нақты нұсқаулар берілуі керек екенін ұмытпау керек. Сонымен қатар, материалды әзірлеуді бақылауды және сіздің тексеру нәтижелеріңізді оқушыға уақтылы жеткізуді қамтамасыз етудің барлық нұсқаларын ұсыныңыз. Бұл жағдайда мұғалімнен оқушыға және керісінше материалдарды жеткізу жүйесін нақты әзірлеу қажет. Мүмкін бұл сіздің мектептің жүйесіндегі кәдімгі қорап немесе пошта жәшігі немесе оқушылармен жеке кеңес болуы мүмкін, бәрі сіздің фантазияңызға, оқушылармен және олардың ата-аналарымен қарым-қатынастағы шектеулер деңгейіне байланысты болады.[5]

Аталған мүмкіндіктерді басшылыққа ала отырып, жоғарыдағы мәселелерді шешу үшін және педагогтерге қашықтан оқытуды табысты өткізу үшін келесі білімдер қажет:

- қашықтан оқытулық психологиялық-педагогикалық аспектілері;
- қашықтан оқытуды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу;
- қашықтан оқыту жағдайында «мұғалім-оқушы», «оқушы-оқушы», жүйесіндегі өзара әрекеттестік құрылымын құру;
- қашықтан оқытудағы танымдық процестердің ерекшеліктері және мұндай оқытудың оқушылардың танымдық қызметін өзара кері әсері;
- қашықтан оқыту тиімділігін арттыру әдістері;
- қашықтан оқытудың жаңа заманауи педагогикалық технологиялары;
- АКТ-ды қолдану мүмкіндігі;
- қашықтан оқыту жүйесіндегі педагогтің қызметі;
- қашықтан оқыту жүйесіндегі ата-аналардың қызметі [3].

Қорыта келе айтарым, қашықтықтан оқыту жүйесінің рөлі қазіргі таңда білім саласы үшін өте жоғары, себебі бұл жүйе арқылы мұғалімдеріміз бен оқушыларымыз әлемдік ақпараттармен байланысуға, білімдерін онлайн жалғастыруға, ғылыми және шығармашылық жұмыстарын жетілдіруге, әлемдік ақпарат кеңістігінде өздерінің білімдерін шындауға зор мүмкіндік алады.

Аңдатпа

Қазіргі білім беру ақпараттың өсіп келе жатқан ағыны, әр түрлі мәдениеттердің өзара кірігуі, индивидтің адам қызметінің түрлі салаларында үлкен көлемде білім алу қажеттілігі жағдайында дамиды. Осы тұрғыда бүгінде қашықтан оқыту білім беру саласында өзіндік зор маңызға ие. Мақалада қашықтан оқыту ұғымы терең зерделеніп, оның мүмкіндіктері мен кемшіліктері туралы салыстырмалы талдау жүргізілген. Туындаған мәселелерді шешуге бағытталған білім көздеріне де тоқталып, сараланған. Қашықтан сабақ ұйымдастырудың түрлері мен сабақты сапалы өткізуде тиімді платформалар ұсынылған.

Кілттік сөздер: қашықтан оқыту, жаңа технологиялар, синхрондық сабақ, асинхрондық сабақ, сабақ өткізу платформалары.

Аннотация

Современное образование развивается в условиях растущего потока информации, взаимопроникновения различных культур, потребности индивида в получении большого объема знаний в различных сферах человеческой деятельности. Дистанционное обучение сегодня имеет большое значение в сфере образования. В статье глубоко изучено понятие дистанционного обучения, проведен сравнительный анализ его возможностей и недостатков. Также были выделены и дифференцированные источники знаний, направленные на решение возникающих проблем. Предложены формы организации дистанционных занятий и эффективные платформы для качественного проведения занятий.

Ключевые слова: дистанционное обучение, новые технологии, синхронные занятия, асинхронные занятия, платформы для проведения занятий.

Abstract

Modern education is developing in the context of a growing flow of information, the interpenetration of different cultures, the individual's need to obtain a large amount of knowledge in various spheres of human activity. Distance learning today is of great importance in the field of education. In the article, the concept of distance learning is deeply studied, a comparative analysis of its capabilities and shortcomings is carried out. Differentiated sources of knowledge aimed at solving emerging problems were also identified. The forms of organizing distance learning and effective platforms for high-quality classes are proposed.

Key words: distance learning, new technologies, synchronous classes, asynchronous classes, platforms for conducting classes.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. <http://oldconf.neasmo.org.ua/node/2296>
2. <http://edunews.kz/shcollnews/1803-ashytytan-oytu-zaman-talaby.html>
3. https://orleu-online.kz/student/lessons/lesson/?course_id=100712&lesson_id=1958864
4. <https://web-3.ru/dtraining/introduction/okandbaddo/>
5. <https://skysmart.ru/distant/info/plyusy-i-minusy-distancionnogo-obucheniya-v-shkole>

ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ: БҮГІНІ ЖӘНЕ ЕРТЕҢІ

Ә. Марат, С.Нихамбекова

4 курс студенттері

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды Университеті

e-mail: maratovaab@mail.ru

Ғылыми жетекші: аға оқытушы А.Ж. Жарасбаева

Білім беру-елдің аса маңызды стратегиялық ресурсы, өйткені адами капиталды дамыту – оның болашақта бәсекеге қабілеттілігінің шарты. Азаматтардың білім беру сапасын арттыру экономиканың өсуіне ғана емес, маңызды әлеуметтік міндеттерді шешуге, кедейлікті еңсеруге және демократияның қалыптасуына да ықпал етеді. Білім беру жүйесі қоғамдағы тұрақтандырушы принцип функциясын орындауға, әлеуметтік шиеленісті азайтуға және әлеуметтік қақтығыстардың алдын алуға арналған. Білім берудің жақсы сапасы және оның қол жетімділігі мықты экономикасы бар азаматтық қоғамның негізгі критерийлерінің бірі – тік ұтқырлық, таланттар мен қабілеттердің табиғи бөлінуі. Жоғары білім саяси жүйені құруда және шоғырландыруда маңызды рөл атқарады.

Әлем терең әлеуметтік - экономикалық трансформация - индустриялық экономикадан білім экономикасына көшу қарсаңында өмір сүруде. Бүгінгі таңда білім экономикасы, білім экономикасы, білімге негізделген экономика туралы сөздер танымал. Бірақ екінші мен үшінші арасындағы айырмашылық өте үлкен. Адами капитал, еңбек ресурстарының сапасы толығымен білімге байланысты. Жапонияда адамдардан басқа табиғи ресурстар жоқ, сондықтан оларды дамытады. Мысалы, егер компания жаңа жабдықты немесе жаңа технологияны сатып алса, онда алдымен сатып алудан бұрын қызметкерлер қайта оқытылады. Әйтпесе, ештеңе жұмыс істемейді. Біз осылай болар едік: табиғи ресурстарға адамдардың «дамуын» қосыңыз.

Барлық ата-аналар балаларының жоғары оқу орындарына түсуін қалайды – бұл біздің қоғамның көңіл-күйі. Жұмыс берушілер кәсіби дайындалған жұмысшыларды талап етеді-бұл да көңіл-күй. Статистика көрсеткендей, жұмыс берушілерге кәсіптік білім беруге ақша салуға шақыру

- бұл үлкен елес. Колледждер бүгінде-бұл кейін ЖОО-ға түсу үшін транзиттік жүйе. Шығудың бірі-ширек ғасыр бұрынғыдай келісімшарттық - мақсатты дайындық.

Тағы бір мәселе. Жоғары білімді дәстүрлі бесжылдықтан екі деңгейге – бакалавриат пен магистратураға бөлуден кейін жаппай жоғары білімге көшу табиғи түрде орын алады. Екі деңгейлі дайындыққа ауысатын білім беру жүйесі жалпыға ортақ және жаппай болады, өйткені ол уақыт өте қысқа (1-3-4-5 жас) кәсіпорындарды жоспарлауға бейімделеді, өйткені технологиялар, құрылғылар тез (шамамен 4-5 жыл), станоктар мен ірі технологиялар 12-15 жылдан кейін. Шығудың бір ғана жолы бар: білім беру жүйесі өте кең құзыреттілікке ие мамандарды дайындауы керек.

Бакалавриат және магистратура бағдарламалары түбегейлі әртүрлі мазмұнға ие болуы керек. Магистратура – нақты мамандықты тереңдетіп оқыту бағдарламасы, ал бакалавриат-логикалық ойлау, талдау, ақпаратпен жұмыс істеу, жобаларды орындау және т.б. дағдыларын дамытатын жалпы жоғары білім. Бакалавриатта факультеттік кедергілерді бұзу керек, студенттер Ең кең профильдегі курстарды таңдай алуы керек.

Білім берудің жаңа құрылымын енгізу мағынасыз. Жаңа бағдарламалардың мазмұнын әзірлеу және олардың басқалармен бәсекелес күрестегі артықшылығын дәлелдеу министрлік емес, университеттердің өздері болуы керек. Министрліктің рөлі- Болон жүйесінің принциптерін жоғары оқу орындарына түсіндіру және жаңа және ескі форматтағы бәсекелестіктің тең жағдайларын қамтамасыз ету.

21 ғасырда қоғамды дамытудың стратегиялық мақсаты «білім үшбұрышының» үш элементін: білім беруді, зерттеулерді және инновацияларды дамыту және интеграциялау арқылы жаһандық инновациялық қоғамды қалыптастыру болып табылады. Ғылымның да, білімнің де дамуындағы үзілістер өлімге әкеледі. Ғылым мен білім берудегі жаңаның даму ортасы тарылып, азаяды, Зияткерлік жұмыс мәдениеті нашарлайды. Ортаны құру керек. Қоғамның назарын мұнай мен бензиннен, цементтен және тонна астықтан және т.б. білім мен мәдениетті молайтуға ауыстыру қажет. Адамға инвестиция бірінші кезекте болуы керек.

Білім берудің алтын ережесі: «ақпараттық ғасырдағы білімді адам-ол білмейтін нәрсені қайда және қалай табуға болатындығын түсінетін және білетін адам».

Көптеген елдер британдық білім беру жүйесін әлемдегі ең жақсы деп санайды. Оның ерекшеліктері қандай. Англияда, көптеген Еуропа елдеріндегідей, олар өте ерте оқи бастайды. Балалар 5 жасында партаға отырады және ересектерге дейін оқиды. Мектепте 13 жыл өткізгеннен кейін ағылшындар жоғары оқу орындарына түседі. 5 жастан 11 жасқа дейінгі балалар бастауыш мектепке барады, содан кейін екінші мектепке барады, онда студенттер математика, ана тілі және шет тілі, тарих, география, музыка, сурет және діни білім негіздерін оқиды. Бұл уақытта оқушыларға шығармашылық пәндерді таңдауға рұқсат етіледі: шаш үлгісі, ағаш ою, актерлік шеберлік немесе туризм. Орта мектептің соңғы 2 жылында Британдық студенттер жалпы орта білім беру сертификаты (GCSE) емтиханына дайындалуда. Міндетті орта білім осымен аяқталады. 16 жасында оқушы мектепті тастап кете алады, бірақ ол тек техникалық колледжге түсе алады немесе тағы 2 жыл оқи алады, Advanced Level дәрежесін алу үшін емтихан тапсырып, университетке құжаттарын тапсыра алады. Әдетте колледжге болашақ мамандығын дәл анықтаған студенттер түседі және мұндай мекемені бітіргеннен кейін олар бірден жұмысқа қабылданады. Бұл колледждер көбінесе олар орналасқан университеттің атауына ие, сондықтан жұмыс берушілер арасында олардың беделі жеткілікті. Беделді тілдік арнайы мектептермен екі онжылдықта мұндай метаморфоз пайда болды: олар аз танымал болды, ал тілдерді игеруге деген сұраныс артты. Себептері бірнеше. Біріншіден, монополия жоғалды: шет тілдеріне сұраныстың артуы барлық мектептерді осы тақырыпқа ерекше назар аударуға мәжбүр етті. Екіншіден, арнайы мектептер үлкен өзгерістерге ұшыраған жоқ, ал техникалық жаңарту жүреді. Қазір компьютерлердің жеткілікті саны ешкімді таң қалдырмайды, бірақ оларды оқу процесінде қолдану біліктілік көрсеткіші болып табылады: жергілікті желілер, медиа – кітапханалар, интерактивті тақталар, стационарлық және жылжымалы бейнеконференция жүйелері, Көп функциялы сыныптар және т.б. дамушы оқыту мектептерде таратылады, өйткені дәстүрлі оқытуға жақсы балама ойлап табылған жоқ.

Мектеп оқушыларының жоғары оқу орындарына түсу пайызы оқу сапасы туралы аз айтатыны бұрыннан құпия емес. Жоғары оқу орнының ақылы болуы, оның қол жетімділігін едәуір арттырды, пара мектептерге оқуға түскендердің өте жоғары пайызын алуға мүмкіндік береді. Егер біз тек бюджеттік орындарға түскендерді есептесек те, бұл көрсеткіш емес, өйткені жоғары білім жаппай бола бастады, ал түлектердің саны бірінші курс студенттеріне арналған орындар санымен айтарлықтай ерекшеленбейді. Бұрынғы әткірлікке түсу мәселесі енді жоқ. ЖОО-ға оқуға түсуден гөрі оңай, сондықтан еліміздің бірқатар алдыңғы қатарлы мектептері балаларды ЖОО-ға

дайындайды: сабақтардың семинарлық және дәрістік нысандары енгізілді, зерттеу жұмысы, сабақтардың бір бөлігін ЖОО оқытушылары жүргізеді.

Әр елде қоғамдық қатынастар жүйесі және оның өзгеруі білімге әсер етеді, өйткені білім тарихи кезеңнің қажеттіліктері мен экономикалық даму қажеттіліктеріне сәйкес келетін болашақ ұрпақтарды дайындауда жетекші рөл атқарады. Экономикалық пайдадан басқа, білім беру басқа да әлеуметтік пайдаларды жасайды, Әлеуметтік капиталды – азаматтық қатысу үлесі көп қоғамды, жоғары әлеуметтік ұйым мен интеграцияны, қылмыстың төмен деңгейін қалыптастыруға ықпал етеді. Ерте жастан бастап білім беру әлеуметтік, эмоционалды және басқа да өмірлік дағдыларды қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Жаңа жағдайларда қазақстандық білім беру жүйесіндегі акценттер де өзгереді, олар пәнді білуге бағдарланған білім беру мақсаттарынан бастап, қисынды түрде бірінші топтан кейінгі – оқушылардың түйінді құзыреттерді алуына бағдарланған мақсаттарға ауысты. Білім беруді жаңғырту жағдайында мұғалім білім беруді дамытудың эволюциялық процесі ретінде осы идеяларды жүзеге асырудың негізгі тұлғасы болып табылады.

Қазақстандық қоғамның қазіргі жай-күйі, оның әлемдік білім беру кеңістігіне кірігуі білім берудің бәсекеге қабілеттілігін арттыруды, экономиканың тұрақты өсуі үшін сапалы білім алуға қолжетімділікті қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының Білім беру жүйесінің уақыт болмысына сәйкестігі арқылы адами капиталды дамытуды талап етеді. Сонымен бірге, «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына» сәйкес: «адам капиталына инвестициялар тез өзгертін әлемде бейімделе алатын техникалық прогрессивті, өнімді жұмыс күшін құру үшін аса қажет. Болашақтың табысты экономикалары халықтың біліміне, дағдылары мен қабілеттеріне инвестиция салатындар болады. Білім беруді тек әлеуметтік шығындар ретінде емес, экономикалық инвестициялар ретінде түсіну керек».

Қоғамдық қатынастар жүйесі және оның өзгеруі білімге әсер етеді, өйткені білім тарихи кезеңнің қажеттіліктері мен экономикалық даму қажеттіліктеріне сәйкес келетін болашақ ұрпақтарды дайындауда басым рөл атқарады. Экономикалық пайдадан басқа, білім беру басқа да әлеуметтік пайдаларды жасайды, Әлеуметтік капиталды – азаматтық қатысу үлесі көп қоғамды, жоғары әлеуметтік ұйым мен интеграцияны, қылмыстың төмен деңгейін қалыптастыруға ықпал етеді. Ерте жастан бастап білім беру әлеуметтік, эмоционалды және басқа да өмірлік дағдыларды қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Бұл білім беру қызметтерінің барлық спектрін одан әрі дамыту пайдасына сенімді дәлелдер. Қазақстанға білім беруді түбегейлі жаңғырту қажет: білім беруге инвестицияларды елеулі және тұрақты ұлғайту, оның сапасын жақсарту.

Жаңа жағдайларда қазақстандық білім беру жүйесіндегі акценттер де өзгереді, олар пәнді білуге бағдарланған білім беру мақсаттарынан бастап, қисынды түрде бірінші топтан кейінгі – оқушылардың түйінді құзыреттерді алуына бағдарланған мақсаттарға ауысты. Білім беруді жаңғырту жағдайында мұғалім білім беруді дамытудың эволюциялық процесі ретінде осы идеяларды жүзеге асырудың негізгі тұлғасы болып табылады.

Бұл жағдайда «қазақстандық білім беруді жаңғыртуды жалғастыруды қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасының Білім беру саласындағы мемлекеттік саясатын іске асырудың ұйымдастырушылық негізі болуға тиіс. Бағдарлама білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың ұйымдастырушылық негізі ретінде білім беру мен тәрбиелеу құрылымындағы, мазмұны мен технологияларындағы, басқару жүйесіндегі, білім беру қызметі субъектілерінің ұйымдық - құқықтық нысандарындағы және қаржы-экономикалық тетіктердегі өзгерістерді қамтитын ресурстар мен мерзімдер бойынша өзара байланысты іс-шаралар кешенін білдіреді».

Білім беруде жаңа тәсілді жүзеге асыру бейіндік оқыту жағдайында жүзеге асырылады. Дәл осы бейіндік оқыту жалпы орта білім берудің жаңа моделінде түлектің Әлеуметтік және кәсіптік өзін-өзі айқындауын қамтамасыз етуге бағытталған. Бейінді білім берудің мазмұны, оқыту модельдері мен технологиялары оның мәніне сәйкес келуі, оның негізгі мақсатына қол жеткізуге ықпал етуі тиіс. Білім беруді дамыту тарихында әрдайым әр оқушының білім мазмұнын игеруіне оңтайлы жағдай жасауға немесе олардың әртүрлі білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыруға деген ұмтылыс болды. Сондықтан әр түрлі тарихи кезеңдерде бұл жағдайлар әртүрлі болды және өзіндік сипаттамаларға ие болды. Атап айтқанда, егер біз педагогикалық ойдың тарихына үңілсек, Ян Амос Коменский алғашқылардың бірі болып ұжымдық жұмыс жағдайында студенттерге жеке көзқарас қажет екенін айтады, атап айтқанда өзінің «ұлы дидактикасында» сынып-сабақ жүйесі жағдайында жеке және топтық оқу іс-әрекетін біріктіру қажеттілігін атап өтті.

Қазіргі таңда пандемияға байданысты елімізде қашықтықтан оқыту жүйесі қалыптасты. Қашықтықтан білім берудің тарихына көз жүгірте отырып, ғылым мен техниканың дамуына орай оның да қарыштап дамып келе жатқанын байқауға болады. Коронавирус (COVID-19) ауруының пандемиясына байланысты жанияланған карантинге орай еліміз қашықтықтан білім алу жүйесіне көшті. Өз тәжірибеміздегі қашықтықтан білім алудың артықшылықтары мен тиімсіз тұстары қандай? Тиімді тұсы, әрбір студенттің өзінің қарқынына сай білім алу мүмкіндігінің болуы.

Қашықтықтан білім алушы студент өзінің қатарынан қалып қалам ба деп қобалжымайды. Күрделі тақырыптарға қайта оралып немесе өзінің түсінбеген тұстарын бейне-дәрістен өз қалауымен бірнеше рет қайта қарап шығуға мүмкіндік болады. Ал, өзіне түсінуге жеңіл тақырыптарды үстірт шолып шықса да болады. Тиімсіздігі, қашықтықтан оқыту студенттің виртуалды коммуникацияға түсуін талап етеді. Студенттердің барлығы мұндай қатысымға психологиялық тұрғыда дайын бола бермейді. Келесі кедергі – студенттің әлеуметтік оқшаулануы. Әр студент жеке дара қашықтықтан оқитындықтан, ол өзінің оқшаулануын сезінеді. Бұл оның психологиялық жай-күйіне әсер етуі мүмкін.

Белең алған жағдайға байланысты біз бұл жүйемен бір-ақ күнде бетпе-бет келдік. Әрине, туындаған мәселелер баршылық. Атап айтатын болсақ, барлық студенттердің бірдей интернет желісіне қосыла алмауы. Алыс шалғайдағы ауылдардың өзін айтпағанда, қала іргесіндегі ауылдарда интернет желісі нашар немесе ұстамайды. Ал интернет ұстаса, қолдарында пайдаланатын құрылғылары жоқ. Бұл мемлекеттік деңгейде шешілуі тиіс мәселе. Сондай-ақ, білім беруде тиімді деген zoom, cisco webex сияқты бірнеше платформаларды пайдаландық. Алдағы уақытта осындай бағдарламалардың жұмыс жасау алгоритмін үйрететін курстар болуы керек. Қазақстандық IT-мамандарды жұмылдырып, қашықтықтан оқытуда тиімді ұлттық платформаларды жетілдіру керек. Болашақ мектептің мұғалімдерін дайындайтын педагогикалық мамандықтарда қашықтықтан білім берудің әр пән бойынша әдістемесін үйрететін (сабақ жоспарындағы мақсаттар, сабақтың теориялық тұсының берілуі, тапсырмаларды дайындау ерекшелігі, оқушыға берілетін кері байланыстың формалары) таңдау курстарын немесе әдістемелік пәндердің күнтізбелік-тақырыптық жоспарына тақырыптар енгізу керек.

Аннотация

В статье рассматриваются новые акценты в системе Казахстана образования, которые поменялись от целей образования, ориентированных на знание предмета, к целям, логически следующим за группой первых – ориентированным на приобретение школьниками ключевых компетенций. В условиях модернизации образования ключевой фигурой проведения в жизнь этих идей как эволюционного процесса развития образования является учитель.

Ключевые слова: стратегия, образования, высшее образование, система общественных отношений, экономика образования, образовательная программа.

Abstract

The article considers new accents in the system of Kazakhstan education, which have changed from the goals of education focused on knowledge of the subject to the goals that logically follow the first group-focused on the acquisition of key competencies by students. In the context of modernizing education the teacher is the key figure in implementing these ideas as an evolutionary process of education development.

Keywords: educational strategy, higher education, the system of Public Relations, the economy of knowledge, the educational program.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы Жарлығы.

2. Коменский Я.А. Ұлы дидактика. Спб.: түрі. З. Аригольд, 326 Б.

3. Перевозный А.В. Саралау заманауи мектеп білімін жетілдіру жолы ретінде / Бейіндік мектеп. - № 6. - Б.3-11.

4. Р.Ш. Бектұрғанова Президенттің 2005 жылғы 18 ақпандағы «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» атты Қазақстан халқына Жолдауы аясындағы кәсіптік білім беру мәселелері // 12-жылға білім. № 1. - С. 6-8.

5. Загвязинский В.И. Стратегиялық бағдарлар және білім беруді дамытудың нақты саясаты // Педагогика. - 2005. - № 6. - Б.10-14.

БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІҢ АЛАТЫН ОРНЫ**¹Мекебаев Н.О., ²Назкенова Б.Б.**¹PhD доктор, ²докторант¹әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан
nurbapa@mail.ru, nazkenova_bayan@mail.ru

Кіріспе. Бүгінгі таңда білім беру саласында жасанды интеллект – басты мәселе. Н.Назарбаев халыққа Жолдауында елімізде жасанды интеллектіні дамытудың маңыздылығы туралы айтты. Цифрлық технологиялардың ең перспективалы бағыттарының бірі - жасанды интеллект. Бұл компьютерге біртіндеп мәліметтер негізінде үйренуге және аналитикалық, тіпті шығармашылық тапсырмаларды орындауға мүмкіндік береді. Жасанды интеллект технологиясы адамды алмастырмайды, бірақ оның мүмкіндіктері мен дағдыларын кеңейтеді. Соңғы жылдары жасанды интеллект технологиясында жетістіктер жасалды, бұл адамдардың өміріне өзгерістер әкелді. Жаңа технологиялар өмірдің барлық саласында тез өзгеруде. Жасанды интеллект + білім пайда болды және білім беру формасы үнемі өзгеріп отырды. Бұл мақалада білім беру процесінде жасанды интеллектіні қолдану, білім берудегі жасанды интеллектті дамытудың артықшылықтары мен перспективалары қарастырылады [2].

Жасанды интеллект саласындағы соңғы жетістіктерге және оның өмірдің көптеген салаларына әсер етуіне байланысты, бұл мақалада қазіргі заманғы тәсілдерге, әсіресе мектептерге назар аударып, осы салаға шолу жасалады [3; 1 - бет].

Білім беруде жасанды интеллектіні қолдану қандай мүмкіндіктер туғызады? Заманауи білім беру платформаларына біріктірілген жасанды интеллект технологиялары балалармен жұмыс істеуге уақытты босатып, мұғалім үшін күнделікті процестердің санын азайтуға мүмкіндік береді. Олар оқушының қызығушылығына қарай оқу жоспарларын қайта құруға, қосымша материалдар ұсынуға немесе керісінше, маңызды білім мен дағдыларды дамыту үшін міндетті тапсырмалар береді.

Жасанды интеллектінің білім берудегі мақсаты - мұғалімдер әртүрлі деңгейдегі оқушыларға білім беруге тырысатын, бірақ көбінесе жасанды интеллект сабақтарды әр оқушының жеке ерекшеліктеріне бейімдеуге көмектесетін түбегейлі жаңа модельге ауысатын стандартты модельді ауыстыру. Бұл өзіне таныс немесе таныс емес, өзін сенімді сезінетін немесе білмейтін білім салаларын анықтауды және белгілі бір іс-әрекеттерді қаншалықты ұнататынын бағалауды білдіреді.[4; 8 - бет]

Жасанды интеллект (ЖИ) – адамдардың құзыретіндегі ерекше шығармашылық әрекеттерді орындайтын интеллектуалды машина. Сонымен қатар «Жасанды интеллект» термині ғылым мен зияткерлік машиналарды жасау технологиясын білдіреді. Ең алғаш бұл анықтаманы 1956 жылы америкалық ғалым Джон Маккарти ұсынды. «Artificial intelligence» сөз тіркесіндегі «intelligence» сөзі «саналы түрде ойлана алу білігі» деген мағынаны береді.

1950 жылы ағылшын ғалымы Алан Тьюринг «Машина ойлана ала ма?» деген мақала жазды. Онда автор машинаның саналылық жағынан адаммен теңесетін кезін анықтауға болатын процедураны ұсынды. Процедура кейіннен «Тьюринг тесті» деп аталды.

«Фоксфорд» онлайн-мектебінің негізін қалаушы Алексей Половинкиннің айтуынша, мектептерде ЖИ-ді енгізу мектеп оқушыларының мектептегі компьютерлерге және оларда жиналған білім беру технологияларына үнемі қол жетімді болған кезде мүмкін болады. "Әрбір оқушы дербес цифрлық құрылғыны пайдалана бастағанда, толыққанды цифрлық мектепті енгізуді бастау туралы айтуға болады. Тек осылай ғана біз сандық білім ізін аламыз» дейді.

Жасанды интеллект адамның интеллектуалды ойлану және талқылау әрекетін қайталайтын машина жасауға жол ашады. Машиналар бағдарламалық жасақтамамен басқарылатын болғандықтан, ЖИ-дің машина әрекетін бақылайтын интеллектуалды бағдарламамен ортақ атқаратын қызметтері бар [5; 2 - бет]. ЖИ саласындағы жұмыстар адам миының қасиеттерін меңгерумен тығыз байланысты. Ғалымдар ми жұмысының қағидаларын түсінген кезде ЖИ құру міндетті түрде орындалатын әрекетке айналды. Оқыту, ойлану және шешім қабылдау кезінде адам миында орын алатын әрекеттерді қайталайтын машина құрастыра аламыз. Мұндай машина оқытуға қабілетті жүйе құруға мүмкіндік береді. ЖИ көмегімен ақылды жүйелер құрып, машиналарға шығармашылық әрекеттерді орындауды қалай үйретуге болатындығын түсінеміз [6; 10 - бет].

Нақты өмірде ЖИ-ді қолдану саласын қарастыратын болсақ, ЖИ өзін әртүрлі қырынан көрсете алады, сондықтан оның қандай да бір қызмет саласына пайдалы болуы мүмкін екенін түсіну өте маңызды.

ЖИ бағыттары: [7]

ЖИ бағыттары:	ойлау үрдістерін символдық модельдеу (теорема дәлелдеу, шешім қабылдау және ойын теориясы, жоспарлау және реттеу, болжау)
	табиғи тілмен жұмыс (ақпараттық іздеу, мәтінді іздеу, машиналық аударма)
	білімді ұсыну және қолдану (сараптамалық жүйелер құру)
	машиналық оқыту (символдарды тану, қолмен жазылған мәтінді тану, дауысты тану, мәтінді талдау)
	жасанды интеллектіні биологиялық модельдеу (нейронды желілер)
	робототехника (нысандарды басқару, орналасқан орынды анықтау, қозғалысты жоспарлау)
	машиналық шығармашылық (кино мен ойын саласында қолданылатын шынайы бейнелер құру)
зерттеудің басқа да салаларында (компьютерлік ойындардағы интеллектілерді бағдарламалау, сызықтық емес басқару, ақпараттық қауіпсіздіктің интеллектуалды жүйелері)	

1 - сурет. ЖИ бағыттары

ЖИ артықшылықтары:

- Көп ақпаратты аз уақыт ішінде есте сақтау және өңдей білу қабілеті. Адамның есінде ауқымды ақпарат сақталуы үшін күніне 3–4 рет қайталап, уақыт өткен сайын жадысын жаңғыртып отыру керек болады. Ал жасанды интеллект бір жаттағанын ешқашан ұмытпайды.
- Сандық ақпаратты жылдам өңдеу қабілеті. Мысалы, адам екі орынды санды қосып болғанға дейін, жасанды интеллект экономикалық жағдайды талдап, қай валютаны сатып алу тиімді екендігін есептеп үлгереді.

ЖИ кемшіліктері:

- Жасанды интеллект ақпаратты әлі де толық сапалы етіп өңдей алмайды. Кез келген сапалы ақпарат математикалық модель түрінде ұсыныла алатындықтан, бұл кемшілік белгілі бір уақыт ішінде шешімін табады.
- Жасанды интеллект әлі толық жетілдірілмеген және жиі істен шығып қалып жатады, сондықтан үнемі жасанды интеллект жүйесін басқарып отыратын адам керек.

2 - сурет. Жасанды интеллектінің адамзаттан айырмашылығы

ЖИ беруде қолданудың дамыған бағыты – бейімдеп оқытуда қолдану. Мұнда ЖИ әр білім алушының үлгерімін бақылайды, білім алушылардың қабілеттерін ескере отырып, курстың бөлімдерін жасайды немесе оқытушыға қандай материал игерілгенін және қайсысы игерілмегенін хабарлайды.

Қашықтықтан оқыту - бұл жоғары технологиялық білім беру. Мұнда емтихан қашықтықтан да қабылданады. Енді proctoring деп аталатын жүйе білім алушылардың емтиханды өз білімімен еш жерден көшірместен тапсырғанына көз жеткізу үшін көмекке келеді. Бұл жүйені білім алушылар бақылау тапсырмаларын орындау және емтихан тапсыру кезінде қолданады. Proctoring жүйесі бір уақытта бірнеше әрекетті қадағалай алады: кадрда «артық» дамдар бар ма, кеңседе «артық» дауыстар бар ма, білім алушылар монитордан қаншалықты жиі қарайды, браузерде қосымша беттерді ашады және бәрін бақылауда ұстайды. Бұл әрекеттердің барлығы тәртіпті бұзу болып саналады. Ерекше жағдайларда, жүйе проекторға белгілі бір оқушыға назар аудару керек деген сигнал береді. Тек осы жағдайда Веб-камера күдікті білім алушыны тіркейді.

Білім беру саласында ЖИ пайдалану мұнымен шектелмейді. Мысалы, болашақта білім алушылардың шығармашылық тапсырмаларын – эсселерді автоматты түрде тексеретін бағдарламалар жасалады. Білім беру саласында жасанды интеллектті қолдану идеялары өте кең.

ЖИ оқытудың тиімді әдістері деп санайтын көрсеткіштерді қолданады және оқытушыларға оқытуды, ақпарат беруді немесе тапсырмалар беруді жақсы жүргізуге көмектеседі. Егер, мысалы, мұғалім сабақ тақырыбынан ауытқып кетсе, ЖИ оған қайта оралуға шақыруы мүмкін. Немесе репетитор тым тез сөйлейді, ал оқушы қызығушылықты жоғалтады немесе оған уақыт жоқ деп айтыңыз. Бұл жағдайда ЖИ тәлімгерге оқушының сабаққа қайта үлгеруі үшін қарқынын төмендетуге кеңес береді [8; 4 бет].

ЖИ пайдалану жағдайлары:

1. Жасанды интеллект тәрбиеші бола алады.
2. Жасанды интеллект білімді бағалауды автоматтандыруы мүмкін.
3. Жасанды интеллект оқушылардың мінез-құлқын талдай алады [9].

Қазіргі уақытта ЖИ араласуы минималды және қарапайым жетілдірулермен шектеледі, бірақ ұйым оны масштабтауға және болашақта күрделі ұсыныстар ұсынуға үміттенеді. Алайда, ғалымдар мен бағдарламаны жақтаушылар бұл бағдарламалық жасақтама, тіпті оның толық дамуы болса да, мұғалімдерді алмастырады деп санамайды және олардың көзқарасы бойынша ЖИ қазіргі оқыту тәжірибесін түбегейлі жақсартуға үлкен әлеуетке ие [10; 2 бет].


Бірнеше ғалымдардың ойларын қарастырсақ, UCL профессоры Роуз Лукин The Guardian басылымында «Оқытуды басқарылатын және көрнекі ету үшін жасанды интеллектіні қолдану мүмкіндігі өте зор», - деді. «Біз сыныпта адам мен жасанды интеллектінің дұрыс қоспасын табуға өте мүдделіміз, бұл - алтын орта.

Үшінші ғарыштық оқытудың бас директоры Том Хупер The Guardian басылымына берген сұхбатында «ЖИ адамдарды қажетсіз етеді деген бірнеше күмәнді әңгімелер бар, бірақ әңгіме адамдарды ауыстыру туралы емес», - деді. «Біз, адамдар, тақырыптан алшақтайтын, өзіне сенімсіз балалар үшін маңызды екеніне терең сенімдіміз. Алгоритм мұны қамтамасыз ете алмайды» [11; 15 бет]. Жаппай білім беруде алгоритм адамның қатысуын қамтамасыз ете алмайды, бұл оқыту үшін өте маңызды. Қосымша ақпарат көздері үшін және оқытудың формальды емес салаларында ЖИ практикалық рөл атқара алады [12; 42 бет].

Білім берудегі жасанды интеллектіні дамытудың пайдасы мен болашағы. ЖИ сізге әр адам үшін жеке-жеке оқу формасын таңдауға, оның қабілеттеріне, оқу материалын толық түсінуге және игеруге кететін уақытқа байланысты таңдауға мүмкіндік береді. ЖИ оқудан кейін білімді тез, дұрыс және әділ тексеруде пайдалы болады, бұл бағалауды әлдеқайда жеңілдетеді және тездетеді [13; 18 бет]. Адам екіншісінен білім алу арқылы емес, жасанды интеллект көмегімен өздігінен білім ала алады. Оқытушыларға деген қажеттілік бұдан былай болмайды, нәтижесінде соңғылардың өздері білімнің басқа салаларында, сондай-ақ жасанды интеллект көмегімен білім алып, дами алады [14; 2-бет]. Қауіп дамыған жасанды интеллект емес, дамымаған. Ғалымдар ең маңызды функцияларды ең ақылды бағдарламаларға сенбейді, терминаторда және басқа ұқсас фильмдерде көрсетілгеннен гөрі өзекті мәселелер бар және оларды бірге шешу керек. Негізгі міндет - бұл техниканы пайдалану мүмкіндігі бар адамдарға түсіндіру, содан кейін біздің өмірімізді, қоғамымыздың заңдарын ол әкелетін өзгерістерге қалай бейімдеу туралы ойлануымыз керек.

Ресейліктердің жүргізген сауалнамасын қарастыратын болсақ, ресейліктердің үштен бірі жасанды интеллект технологиясының мәнін түсінеді. Әлеуметтанушылардың зерттеу нәтижелері бойынша респонденттердің 48%-ы ЖИ-ды таң қалдырады, ал 31%-ы оған сабырлы көзқарасты білдіреді. 7%-ы таң қалды немесе басқадай эмоциялар көрсетті. Респонденттер ЖИ-ді ғылым салаларына енгізу мүмкіндігін оң бағалайды, бұл туралы респонденттердің 72% мәлімдеді. ЖИ үшін өнеркәсіп саласында 69%, көлік саласында – 66%. Бірақ сұралғандардың 12%-ы ЖИ-ді енгізудің таралуынан сақтанады. Даму туралы ақпараттың жеткіліксіздігі туралы алаңдаушылық көп. 31% ықтимал техникалық ақаулардан қорқады. Ал жеке кеңістікті бұзғаны үшін 9% алаңдайды. 5% олар қорқатындарын мойындады, бірақ нақты не екенін анықтай алмады – олар ЖИ дамуының алдын-ала болжанбайтындығына алаңдайды. Ал 87%-ы мемлекет ЖИ технологиясын дамытуға ықпал етуі тиіс деген сенімде. Респонденттердің 16%-ы ЖИ адамдар арасындағы қарым-қатынасқа теріс әсер ететініне сенімді. Өмірдің күнделікті салаларына келетін болсақ, 68% ЖИ оларды жұмыста алмастыра алмайтынына сенімді. Ресейліктердің төрттен үш бөлігі (75%) жасанды интеллект (ЖИ) технологиясы туралы біледі, бірақ тек 29% оның мәнін түсінеді.

Сонымен қатар online test pad бағдарламасы арқылы сауалнама жүргізілді [15]. Бұл сауалнама жасанды интеллект идеясы туралы мысал келтіруге бағытталған ЖИ адам интеллектісін түсіну үшін компьютерлерді қолданудың ұқсас міндетімен байланысты жасалды.



3 - сурет. Сауалнама

Сауалнама нәтижесі:

- 1) Сіздің ойыңызша, ЖИ мүмкіндігі шектеулі адамдарға оқуға көмектеседі ме? 48% -иә, 25%-жоқ;
- 2) ЖИ адамның дамуына оң әсер ете ме? 40% - иә, 28,24% - жоқ.
- 3) Жақын болашақта ЖИ өмірдің барлық саласында адамды алмастыра ала ма? 46,47% - иә, 52,35% - жоқ.
- 4) ЖИ қатысуы бастауыш сынып оқушыларының ойлау қабілетін дамытуға әсер ете ме? 82,94% - иә, 8% - жоқ деген пайыздық көрсеткіштер алынды. Бұл сауалнама нәтижелерін алу себебіміз ЖИ білім беру жүйесінде қаншалықты маңызды екенін анықтау үшін. ЖИ мүмкіндігі шектеулі оқушыларға, адамның дамуына әсер етуін, басқада салаларда адамды алмастыра ала ма деген сұрақтарға жауап алу үшін жасалынды. Нәтижеге сүйенетін болсақ, ЖИ қазіргі заманға сай білім беру жүйесіне әлдеқайда өзгерістер енгізуге мүмкіндік беретінін түсінеміз.

Қорытындылай келе, информатика пәні бойынша оқытылатын тақырыптар оқушыға түсінікті, анық және нақты болған жағдайда ғана оқыту мен оқудағы нәтижеге қол жеткізе аламыз. Жақын арада білім беру процесін басынан аяғына дейін бақылайтын ЖИ қатысуынсыз білім беруді елестету мүмкін емес деп күтілуде. Оқудың табыстылығы пәннің ерекшелігіне сәйкес жүйелі түрде тиімді әдістерді таңдай білетін ұстаздың шеберлігі мен құзіреттілігіне байланысты болатыны анық. Сөзімнің соңын, М.Гандидің мына сөзімен аяқтағым келіп тұр: «Егер сен болашақты өзгерткің келсе, ол өзгерісті өз уақытыңда жаса» деген екен. Бүгінгі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі оқыту мен оқудағы білім мазмұнын жаңарту жағдайында болып жатқан үлкен өзгерістер еліміздің болашағына, оны жүзеге асыруда табыстар әкелетініне сенеміз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Li, H., Wang, H.(2020) Research on the application of artificial intelligence in education/ 15th International Conference on Computer Science and Education, ICCSE 2020 9201743, с. 589-591
2. Micheuz, P. (2020) Approaches to Artificial Intelligence as a Subject in School Education/ [IFIP Advances in Information and Communication Technology](#) 595 IFIP, с. 3-13
3. Блог Нетологии (2019) <https://vc.ru/future/71445-iskusstvennyy-intellekt-v-obrazovanii-primeruаem-na-rossiyu>
4. Макаров И.М., Лохин В.М., Манько С.В., Романов М.П.(2012) Искусственный интеллект и интеллектуальные системы управления//Наука. 336 с.
5. Осипов Г. С. (2014) Лекции по искусственному интеллекту//Либроком - М. 272 с.
6. Салғараева Г.И., БазаеваЖ.Б., Маханова А.С.(2020) Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математикалық бағыты 11-сынып оқулығы//«Арман-ПВ» баспасы. 270 б
7. Isakov, Yu.A. (2018) Artificial intelligence / Yu.A. Isakov //ModernScience. № 6-1.С. 25-27. –<https://elibrary.ru/item.asp?id=35277490>
8. Алешева, Л.Н. (2018) Интеллектуальные обучающие системы//Л.Н. Алешева // Вестник университета. N 1. - С. 149-155
9. Офтоп (2018) <https://vc.ru/flood/42578-rol-iskusstvennogo-intellekta-v-obrazovanii>
10. Тарасов В.Б. (Ред.)(2004) Новости искусственного интеллекта // Российская ассоциация искусственного интеллекта №2. 132 с.

11. Russian Journal of Education and Psychology (2019) https://www.researchgate.net/publication/333810268_TEHNOLOGII_ISKUSSTVENNOGO_INTELLEKTA_V_OBRAZOVANII
12. Москвин В. А.(2018) Станет ли искусственный интеллект умнее человека / В. А. Москвин //Инвестиции. № 7 (282). – С. 29-40 <https://elibrary.ru/item.asp?id=35250314>
13. Tadviser Бизнес ИТ (2020) [https://www.tadviser.ru/index.php/Статья: Искусственный интеллект в образовании](https://www.tadviser.ru/index.php/Статья:Искусственный_интеллект_в_образовании)
14. <https://onlinetestpad.com/ru/survey/28499-iskusstvennyj-intellekt-v-obrazovanii>

Аңдатпа

Мақалада білім беру процесінде жасанды интеллектіні қолдану, оны дамытудың артықшылықтары мен перспективалары қарастырылады. Қазіргі заманғы тәсілдерге, әсіресе мектептерге назар аударып, осы салаға шолу жасалады. Қолданыстағы шешімдер талданады, білім беруде жасанды интеллектіні қолданудың перспективалық бағыттары қарастырылады. Жаңартылған білім беру бағдарламасы мәні - оқушының функционалды сапаттылығын қалыптастыру. Білім беру саласында жасанды интеллект – басты мәселе болып табылады.

Кілттік сөздер: Жасанды интеллект, интеллектуалды оқыту жүйелері, білім беру процесі, прокторинг, машина

Аннотация

В статье рассматривается использование искусственного интеллекта в образовательном процессе, преимущества и перспективы его развития. Обзор этой области сделан с акцентом на современные подходы, особенно в школах. Анализируются существующие решения, рассматриваются перспективные направления применения искусственного интеллекта в образовании. Суть обновленной образовательной программы-формирование функциональной грамотности учащихся. Сегодня в сфере образования искусственный интеллект является главной проблемой.

Ключевые слова: искусственный интеллект, интеллектуальные системы обучения, учебный процесс, прокторинг, программное обеспечение.

Abstract

The article discusses the use of artificial intelligence in the educational process, the advantages and prospects of its development. The review of this area focuses on modern approaches, especially in schools. Existing solutions are analyzed, and promising areas of application of artificial intelligence in education are considered. The essence of the updated educational program is the formation of functional literacy of students. Today, artificial intelligence is the main problem in the field of education.

Key words: artificial intelligence, intelligent learning systems, educational process, proctoring, software.

ӘӘЖ: 543.04

«МЕХАНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭЛЕКТРМАГНИТТІК ТЕРБЕЛІСТЕР» БӨЛІМІН ОҚЫТУДА WOLFRAM МАТЕМАТИКА БАҒДАРЛАМАСЫН ПАЙДАЛАНУ ӘДІСТЕМЕСІ

С.Менеш

7M01502-Физика мамандығының 1-курс магистранты, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан
e-mail: s.menesh@mail.ru

Ғылыми жетекшісі: ф.-м.ғ.д., профессор А.К. Еришина

Қазіргі білім берудегі заман талабы – оқу процесіне ақпараттық құралдар мен жаңа технологиялық жүйелерді енгізу болып саналады. Осыған орай, физика курсының «Механикалық және электрмагниттік тербелістер» бөлімін оқытуда тиімді инновациялық технологияларды қолдану мен жүзеге асырудың маңызы зор. Практикалық тұрғыдан қарағанда, электр құбылыстарының ішінде электромагниттік тербелістердің орны ерекше. Барлық электротехника және радиотехника құралдары электрмагниттік тербелістер негізінде жұмыс жасайтыны себепті маңызды. 9-сыныпта физика курсының механикалық тербелістер мен тербелмелі процестерді сипаттайтын негізгі ұғымдар мен физикалық заңдылықтарды оқып-үйренеді. Гармоникалық тербелістерді оқытуда визуалды-практикалық әдістерді қолдану тиімді. Осының ішінде графикалық тәсіл арқылы

электрмагниттік және механикалық тербелістерді Wolfram Mathematica бағдарламасы арқылы бағдарлама тілі негізінде демонстрациялауға болады [1].

Әр физикалық құбылыстар мен тақырыптарды оқып үйрену тек белгілі бір терминдерді ғана емес, сонымен қатар тілдік құрылымдарды да білуге, яғни оқушының сөздік қорын көбейтумен қатар, жаңа білім мен дағдыларын мектептен кейінгі оқуларына қолдануға мүмкіндік береді.

Ағылшын тілі – халықаралық қатынас тілі. Уақыт өте келе біз, ұстаздар қауымы ағылшын тілін жетік біліп, оқушылардың да үйренуін қамтамасыз етуіміз керек. Әлем тұрғындарының 50 пайызынан көбі ағылшын тілінде сөйлейді және жыл сайын көптеген ғылыми әдебиеттер жарық көреді. Ғылыми жаңалықтар мен кітаптарды түпнұсқада оқудың өзіндік кереметі бар. Ағылшын тілін

білу жаңа мүмкіндіктер, атап айтқанда қарым-қатынас, ғылым, саяхат тағы басқаларға жол ашады. Ал, осыларды жүзеге асыруда осы CLIL технологиясының пайдасы мол болмақ.

Қазіргі таңда CLIL әдісі Назарбаев зияткерлік мектептерінде кең қолданыс тапқан және Қазақстанның жалпы білім беретін басқа мектептеріне өз тәжірибесін бөлісіп келеді. Заман талабына орай барша білімгерлерімізді шетел тілін үйреніп, білімді алу үшін дереккөздерді арттыру ұстаздардың міндеті болмақ.

Андатпа

«Басқа пәндерден тіл оқыту айырым болмасын, қайта өзге пәндер тіл үйренуге керек етсін» деп Ж. Аймауытов атамыз айтып кеткендей, бүгінгі таңда көптілділіктің маңызы күннен күнге артып келеді. «Қазіргі ұстаздар алдындағы міндет: ғылым мен техниканың даму деңгейіне сәйкес оқушының білімі терең, іскер және ойлауға қабілетті, әлемдік стандарттар негізінде жұмыс істей алатын құзырлы тұлғаны қалыптастыру». Осындай талаптарға сай білім берудің жаңа әдістерінің бірі ағылшын тілін пәнге кіріктіріп оқытуға бағытталған CLIL (Content and Language Integrated Learning) технологиясын мектепте қолдану – көптілділікті қалыптастыру мен жүзеге асырудың негізгі құралы болып отыр.

Кілттік сөздер: мектеп, CLIL, тіл меңгеру, интеграция

Abstract

«Language teaching should not be different from other disciplines, but other disciplines should be used for language learning», said Zh. Aimaurov, today the importance of multilingualism is growing. «The task for modern teachers: to form a component person with deep knowledge, business and thinking, able to work on the basis of world standards, in accordance with the level of development of science and technology» [1]. One of the new methods of education that meets these requirements is the use of CLIL (Content and Language Integrated Learning) technology in schools, which is aimed at the integrated teaching of English in the subject – the main tool for the formation and implementation of multilingualism.

Аннотация

Как отметил Ж. Аймауытов, сегодня важность полиязычия возрастает с каждым днем. «Задача перед современными педагогами: формирование компетентной личности, способной работать на основе мировых стандартов, обладающей глубокими знаниями, деловыми и способными мыслить в соответствии с уровнем развития науки и техники». Одним из новых методов образования, отвечающих таким требованиям, является применение в школе технологии CLIL (Content and Language Integrated Learning), направленной на предметное интегрированное обучение английскому языку – основной инструмент формирования и реализации полиязычия.

Ключевые слова: школа, CLIL, владение языком, интеграция

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Marsh, D (Ed) (2002) Content and Language Integrated Learning (CLIL). A Development Trajectory.

2. Предметно-языковая технология интегрированного обучения (CLIL): шаг за шагом: <http://www.orleu-uko.kz/ru/index.php/archives/2018> (30.11.2016 ж).

УДК 004

ПРИМЕНЕНИЯ ДИСТАНЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ОБЛАСТИ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В ЧЕЧЕНСКОЙ РЕСПУБЛИКЕ

Муцурова З.М.

старший преподаватель, Чеченский государственный педагогический университет, г.

Грозный, Чеченская республика, e-mail: zalinan@bk.ru

На сегодняшний день, особую ценность представляет использование дистанционных технологий в инклюзивном образовании.

Принципы инклюзивного образования - поддержка детей с различными способностями, в том числе не только в методологиях, но и в среде (инклюзивная среда, общение), отсутствие дискриминация в любой форме выражения.

Инклюзивное образование - это образование детей с ограниченными возможностями, инвалидов и дошкольное образование.

В Чеченской Республике термин «инклюзивное образование» приобрело актуальность совсем недавно. Так, в постановлении Правительства Чеченской Республики «Об утверждении государственной программы Чеченской Республики "Развитие образования Чеченской Республики на 2014 - 2020 годы" (с изменениями на 25 января 2019 года)» впервые начали уделять особое внимание инклюзивному образованию и способам обучения.

Чтобы успешно продемонстрировать развитие познавательной деятельности и способностей ученика, он должен чувствовать, что он является полноправным членом команды.

Было отмечено, что в учреждениях, оказывающих поддержку таким детям-инвалидам в Чеченской Республике, общие требования к оборудованию и обустройству для обучения должны учитывать социальные проблемы и трудности таких детей. Социальная среда образовательных учреждений должна учитывать уровень современной жизнедеятельности в обществе и подходить к его требованиям. Это особенно актуально для технического оборудования во всех сферах жизни ребенка: удовлетворение бытовых потребностей и формирование социальных возможностей, социальной активности и устойчивости детей.

Существуют также серьезные проблемы с использованием новых информационных технологий в образовательном процессе в Чеченской Республике, которые обусловлены следующими факторами:

- Отсутствие инфраструктуры информационных технологий (в рамках образовательных учреждений) на основе программного и аппаратного обеспечения, оптимизированного для технологий для детей с ограниченными возможностями, которые отвечают целям и задачам образования, и индивидуальным потребностям учащихся;
- Отсутствие принципов, основанных на создании технологической инфраструктуры для инклюзивного образования: простота использования, доступность, гибкость, доступность и прибыльность.

Дети с ограниченными возможностями имеют контакт с окружающей средой, недостаток физической активности, психоэмоциональные расстройства и проблемы, которые часто зависят от взрослых. Это требует систематического использования детей для выражения своих собственных условий при выполнении различных видов деятельности.

В этом отношении особую роль играют вспомогательные технологии, которые позволяют людям с функциональными ограничениями активно участвовать в повседневной жизни, в доступе к образованию, работе или отдыху от оборудования или услуг.

Чтобы решить проблемы в этой области, министерство образования Чешской Республики сначала рассмотрело вопрос создания существующей базы данных отечественного и зарубежного вспомогательного оборудования для учебного процесса различных детей.

В контексте быстрых изменений в науке и общественной жизни быстрое развитие информационных технологий как эффективного инструмента для реализации основанных на потенциале подходов (включая людей с ограниченными возможностями) в образовании предлагает рассмотреть возможность дистанционного обучения. В условиях дистанционного обучения учащиеся получают эффективные навыки поиска, отбора и структурирования информации, анализа и оценки.

Внедрение методов дистанционного обучения в учебный процесс открывает новые возможности для поиска проблем учащихся и проектной деятельности. Поэтому в условиях взаимодействия преподавателей и учеников со студентами характер современной социальной деятельности формируется естественным образом.

Организации, которые взаимодействуют с семьей, должны быть обеспечены на совершенно новом уровне для воспитания детей с ограниченными возможностями и предлагают следующее:

- Разработать программный подход для семей, воспитывающих детей-инвалидов, для поддержки и координации решений по оказанию психосоциальной и социальной помощи;
- Создание программного обеспечения и методологической поддержки для выявления и устранения проблем, возникающих между членами семьи с ограниченными возможностями, которые имеют образование;
- Создать условия для реализации прав родителей (или людей, которые их заменяют) с целью предоставления информационной поддержки службам страны в областях комплексной диагностики, комплексной реабилитации и образования;
- Семья активно участвует в работе учреждения по поддержке детей с ограниченными возможностями здоровья;
- консультирование родителей по вопросам развития своих детей;

○ предоставить родителям обучение методам и приемам оказания помощи детям в домашних условиях;

- Организовать обратную связь родителей с организацией и т. д.

Решение этих проблем и других вопросов, возникающих в интегрированных школьных условиях, приведет к устранению барьеров в сфере образования, профессиональной и повседневной жизни, а также к устранению самосознания, саморазвития и самореализации детей с ограниченными возможностями, что поможет более успешно развивать инклюзивность.

В конце концов, чтобы предоставить адекватные возможности для исследования и развития особых групп населения, необходимо создать соответствующие условия. Дистанционное образование является одной из альтернатив предоставления комплексного и качественного образования для людей с ограниченными возможностями. В конце концов, вы можете тренироваться на стенах дома и активно общаться со своими одноклассниками через форумы и социальные сети, видеоконференции и чаты, чтобы любой студент мог получить наибольшее образование. И, в частности, это дает возможность полноценно общаться с учителями и другими учениками. В то же время развиваются учебные партнерства, что является одной из предпосылок для полностью инклюзивной школы. Каждый ученик является частью этого сообщества, даже если он физически не может находиться в одном классе с другими учениками. Однако при необходимости ребенок может избежать тесного контакта с другими детьми, оставаясь в процессе обучения. Никто не будет мешать кому-либо чувствовать себя комфортно в школе.

Методы дистанционного обучения вовлекают предмет участников в учебный процесс - тему взаимодействия, а также предоставляют возможности для установления индивидуального маршрута обучения в связи с изменчивостью содержания. Внедрение технологии дистанционного обучения помогает обеспечить доступность и массу инклюзивного образования.

С его помощью вы сможете эффективно решить многие проблемы, которые неизбежно возникают в работе инклюзивных школ. Это включает в себя коррекцию и развитие сенсорной интеграции, функцию психофизиологического развития, а также реализацию профессиональных комплексов для коррекции, реабилитации и развития деятельности. Кроме того, технология дистанционного обучения может не только внедрять технологические инновации, но и внедрять инновационные технологии обучения в образовательный процесс. Использование технологии дистанционного обучения помогает минимизировать возможные психологические барьеры для общения детей-инвалидов со сверстниками, обеспечивая при этом конфиденциальность медицинской диагностики и другой личной информации в сети.

Что наиболее важно, постоянная поддержка и поддержка экспертов, учителей и преподавателей особенно полезна при решении различных вопросов, которые могут возникнуть во время обучения инвалидов. В конце концов, цель внедрения технологии дистанционного обучения в инклюзивное образование - установить прямые связи с экспертами и сверстниками.

Форма дистанционного обучения - это разнообразные взаимодействия между учителями и учениками с целью достижения определенных способностей. Организационные формы представлены семинарами, лекциями, практическими занятиями и другими видами деятельности: презентации, конференции, самостоятельная работа, контроль, исследования. Информация, предоставляемая дистанционным обучением. Взаимодействие преподавателей и учащихся в комфортной обстановке позволяет нам достичь целей информатизации образования всеобъемлющим и гармоничным образом. Появляется новый тип интерактивной организации, который вызван изменениями посреднической роли компьютеров в механизмах социального взаимодействия. Компьютеры стали одним из средств социализации. Отношения между учениками и учениками являются сутью активного сотрудничества, а сам процесс обучения трансформируется в творческое поведение.

Андатпа

Бұл мақалада білім беру саласындағы қашықтықтан оқыту технологиясының мәні мен маңызы, атап айтқанда Чешен Республикасындағы инклюзивті білім беру саласы қарастырылады. Сондай-ақ, қашықтан басқару технологияларын қолдану және оларды орнату кезінде туындайтын негізгі проблемалар, проблемаларды азайту бойынша ұсыныстар. Шынында да, біздің қарқынды уақытымызда білім ұясында сабақ оқуға бәрінің мүмкіндігі жоқ, көпшілігі қашықтықтан оқи алады.

Кілттік сөздер: қашықтықтан оқыту технологиясы, инклюзивті білім беру, Чешен Республикасында білім беру.

Аннотация

В данной статье рассматривается сущность и значение дистанционных технологий в области образования, конкретно в области инклюзивного образования в Чеченской Республике. Также польза применения дистанционных технологий и основных проблем, возникающих при их установке, рекомендации по снижению возникающих проблем. Дистанционные технологии получили особую популярность в двадцать первом веке благодаря доступности широкой аудитории. Ведь в наше стремительное время не у каждого есть возможность посещать занятия в учебных центрах, а учиться дистанционно под силу многим.

Ключевые слова: дистанционные технологии, инклюзивное образование, образование в Чеченской Республике.

Abstract

This article discusses the essence and importance of distance technologies in the field of education, specifically in the field of inclusive education in the Chechen Republic. Also, the benefits of using remote technologies and the main problems that arise during their installation, recommendations for reducing the problems that arise. Remote technology gained particular popularity in the twenty-first century due to its accessibility to a wide audience. Indeed, in our fast-paced time, not everyone has the opportunity to attend classes in training centers, and many people can study remotely.

Key words: distance technology, inclusive education, education in the Chechen Republic.

ЛИТЕРАТУРА

1. Буковцова Н.И. Инклюзивное образование детей с ограниченными возможностями здоровья: проблемы и перспективы// Инклюзивное образование: методология, практика, технологии.

2. Юрьева А. А. Применение интерактивных технологий в инклюзивном образовании // Молодой ученый. — 2018. — №16. — С. 322-323. — URL <https://moluch.ru/archive/202/49530/> (дата обращения: 06.09.2020).

ӘӨЖ: 543.04

ШӘКӘРІМ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ФИЗИКАЛЫҚ ҚҰБЫЛЫСТАР

Мұсатай Гүлшат Мейрамбекқызы

Біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты физика пәнінің мұғалімі
«М.Әуезов атындағы орта мектебі» КММ, ШҚО, Абай ауданы, Қазақстан
e-mail: gulshat.musatay@mail.ru

Мен Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармаларын сүйіп оқимын. Шәкәрімнің кез-келген өлеңдер шумағын алып қарасанда физикалық құбылдыстарға толы. Ғылыми жұмысымды «Шәкәрім шығармаларындағы физикалық құбылыстар»- деп алу себебім Шәкәрім шығармаларындағы табиғаттың кескін – келбеті оның ішінде әсіресе физикалық құбылыстардың жанды бейнеленуі. Ақын физикалық құбылыстарды өз шығармаларында әсерлеп, суреттеп жеткізеді.

I love reading the works of Shakarim Kudaiberdiuly. Any poem by shakarim is full of physical changes when you take it. The reason for my scientific work "physical phenomena in Shakarim's works" is that the image of nature in Shakarim's works is a vivid representation of physical phenomena, especially in particular. The poet expresses and describes physical phenomena in his works.

Жалпы физика дегенде біз күнделікті өмірден аулақ ең күрделі ғылым саласын елестетеміз. Оны қиын нәрсе санаймыз. Өйткені, көпшілігіміз физиканы дұрыс түсіне білмейміз. Ал шын мәнінде біз күнделікті өмірде физикалық құбылыстарды көріп, онымен араласып жүрміз. Мысалы, ондай құбылыстарға шәйнектегі судың қайнауы, көкпардағы аттың шабысы, аспандағы ай мен күннің шығуы мен батуы т. б.жатады. Тереңдей берсек физиканың қызықты да қызғылықты жақтары көп.

Жаратылыстану ғылымдарының зерттейтін объектілері өмірдегі нақты заттар мен құбылыстар.Тек әр ғылым өзіне тиісті саласын ғана қарастырады. Олай болса ,ол ғылымдар арасында сөзсіз өзара байланыс болуы тиіс. Мысалы, әдебиет пен физика пәндерін алайық. Физика- адамның табиғат заңдарын танып білуге деген табиғат ұмтылысын түсіндіретін табиғат жайлы ғылым. Ал әдебиет сол пайда болған құбылыстарды әсерлеп, суреттеп жеткізеді.

Шәкәрімнің жазып қалдырған мол мұрасы осы күнгі ұрпақты тәрбиелеу үшін баға жетпес құндылықтардың бірі болып табылады. Шәкәрім Құдайбердіұлы 1858 жылы 24 шілдеде Семей облысы, Абай ауданы, Қарауыл ауылында туған. Ақын ойшыл, композитор, аудармашы. Шәкәрім өз бетімен заманына сай жеткілікті білім алды. Шығыс және Батыс әдебиетіне зейін қойып, араб, парсы, түрік және орыс тілдерін еркін меңгереді. Бұл ғылыми жобамда мен қозғалыс және оның элементтерінде алатын орны, жарықтың таралу жылдамдығы, жарық жылдамдығына жуық болатын объект бар ма?, энергияның айналу және сақталу заңын, ақ жарықтың жеті түстен тұратынын Шәкәрім өлеңдері бойынша өлеңнің физикалық тұрғысынан шешімін табуға тырыстым. Шәкәрім Құдайбердіұлының кез-келген өлеңдер шумағын алып, оның әрбір сөйлемінің әр сөзін талдасак, олардың сыры физикалық тұрғыдан ашылмақ

Шәкәрім Құдайбердіұлының жаратылыстану іліміне қатысты таным – түсініктері туралы. Жалпы алғанда нәрсенің бәрін екіге бөліп қарастырамыз: табиғи нәрсе және жасанды нәрсе. Табиғи нәрсенің бар болу белгісі қозғалыс болып табылады. Ал қозғалыс деп кез келген табиғи нәрсенің түрленуін, өзгеруін, орын ауыстыруын айтамыз. Оны Абайдың төл шәкірті, тікелей ізбасары және туыс інісі Шәкәрім дүниетану жайындағы толғаныстық өлеңдерінде қозғалыс және оның элементтерінде алатын орны туралы өз ойын «Тау басындағы ой» өлеңінде былай тұжырымдайды:

Аспандағы ай, жұлдыз бәрі-айланды,
Жалғыз-ақ Теміқазық тапжылмайды-ау.
Күн батып, ай, жұлдыздың айналуы
Шынында дөңгеленген жер жүрісі-ау.

[Шәкәрім. Шығармалары, Алматы, Жазушы-1988, 199-бет]

Өздеріңізге таныс 7 – сыныпта өткен Астрономия – аспан денелері туралы ғылым тақырыбын Шәкәрім осы өлең жолдарымен жұлдыздардың, планеталардың және басқа аспан денелерінің қозғалысын да, ондағы өзгерістер мен процестерді бір өлең жолдарына сыйғызған ...

Шәкәрімнің тағы бір өлеңінен үзінді келтірейін:

Жаралыс басы- қозғалыс,
Қозғауға керек қолғабыс.
Жан да мейлің бір мән де
Сол қуатпен бол таныс.
Әлемді сол мән жаратқан.

[Шәкәрім. Шығармалары, Алматы, Жазушы-1988, 230 бет]

Осы өлең шумағындағы: «Жаралыс», «қозғалыс», «қолғабыс», «жан», «мән», «қуат», «әлем» ұғымдарының біліми мағыналарын, олардың қолданыстарын мектепте физика пәнінен дәріс алған кезде терең түсіне бастадық.

Әлемдегі барлық нәрсе мен құбылыс тек қозғалыстан туады және қозғалыстан тұрады деген ғылыми тұжырымдық ой расталды. Бұл біліми ойды Шәкәрім: «Жаралыс басы-қозғалыс» деп анықтаған. Физика пәнінің кинематика және динамика саласы қозғалысты тудыратын және сақтайтын бас себепші ол – күш деп оқытады. Мұны Шәкәрім Құдайбердіұлының тілінде айтсақ қозғалысқа қолғабыс жасаушы басты себепші жанның немесе басқа бір мәннің қуаты болып саналады. Әлемдік қозғалыстың нұры мен сырын терең тануға алғаш ден қойған қазақ ойшылдарының бірі Шәкәрім болған. Абай мен Шәкәрім өздерінің дүние танымдық шығармаларында «нұр» сөзіне белгілі бір ұғым мағна береді. Олардың өлеңдері мен қара сөздерінде: «нұрлы ақыл», «нұрлы ой», «нұрлы сөз», т.с.с. жиі ұшырайды. Осыған қарағанда Абай мен Шәкәрім «нұр» деген атауыш сөзді әсемдік пен ақиқаттық, яғни гармоникалық құбылыстың белгісі, немесе аталымы деп пайдаланғанын көреміз.

Шәкәрім өзінің «Үш анық» атты дүниетанымдық шығармасында: «Нұр дегеніміз жарық» деп анықтаған. «Нұр – жарық» деп анықтағаннан кейін, Шәкәрім, өз ойын былайша өрістетеді: «Нұр Күннен не оттан шықса да, жан – жағының бәріне күлтеленіп шығады. Нұр бір секундта 300 мың шақырым жүреді. Күннің нұры жерге 8 минут 17 секундта келіп жетеді. Күннен де алыс кейбір планета – жұлдыздың нұры жерге 300 жылда жететіні бар .

[Шәкәрім Құдайбердіұлы. Үш анық, Алматы, «Қазақстан»-1991, 9-10 беттер – қазақшасы]

Күн-күн жүйесінің орталығы. Күн-әлемдегі өзге миллиондаған жұлдыздар сияқты жұлдыз. Бұл дүмпуден кейін артынан газ бұлттарын қалдырған ескі және үлкен жұлдыздың «туындысы».

Күннің ішінде – үлкен қысыммен жиырылған сутегі атомдары гелийге айналатын ядролық отын бар. Бұл ядролық реакция кезінде орасан мол энергия бөлініп шығады.

Күн туралы таңғажайып фактілерге көңіл бөлейік

- Күн сәулесі бізге дейін 8 минут 20 секундта жетеді.

- Күннің диаметрі шамамен 1392000 км, Жердің диаметрінен жүз еседен де артық шамадан асады.

- Күн Айға қарағанда бізден 400 есе алыс.

- Күнге 4,6 миллиард жыл болды деп есептеледі, Жерге де осы шама беріледі.

- Күн жүйесінің бүкіл материясының 98,8%-ы Күнде шоғырланған.

- Күннің беткі қабатының температурасы 5500⁰С-қа жуық болады.

- Ядроның температурасы ыстығырақ, 15 миллион ⁰С-қа жуық болады.

Геометриялық оптика бүгінгі жарық туралы ғылымның арғы атасы. Геометриялық оптиканы геометрияның атасы атанған Евклид қалап берді. Ньютон жарықты- жарық көзінен тасқындап шығып жатқан бөтенше бөлшектер деп есептеді. Ал Гук жарық – дыбыс тәрізді толқын деп жорамалдады. Жарықтың түзусызықты таралуы оның жылдамдығын анықтауға мүмкіндік берді.

1607 жылы Италия физигі Галилео Галилей бірінші болып жарық жылдамдығын анықтауға әрекет жасады. Үлкен алаңның қарама-қарсы жағына сағаттары бір уақытқа қойылған екі адамды тұрғызды. Бақылаушының біреуінің қолында фонарь болды, оны ол жағады да өзінің сағаты бойынша уақытты жазады. Ал екінші бақылаушы жарықтың сәулесін көріп, оны көрген уақытты ол жазып қояды. Бұл тәжірибе сәтсіз аяқталды. Өйткені уақыт аралығы өте аз еді.

Италия физигі Галилео Галилей, дат астаномы Оле Ремер сияқты ғұлама ғалым жарық жылдамдықтарын өз заманында дәлелдесе, жерлесіміз Шәкәрім Құдайбердіұлы жарықтың таралуы туралы өз ойын Тау басындағы ой өлеңінде данышпандықпен жеткізе білген.

Күннен неге түсіп тұр мұнша жарық,

Сегіз минут, шерікте жерге барып

Әншейін құр жарқырап тұрып алмай,

Жылылық нұрмен бірге жүр қозғалып.

Осы өлең жолдарын физикалық тұрғыдан дәлелдеу үшінмен Рымкеевич есептер жинағындағы №1005 есепке тоқталайын.

Жарық күннен жерге дейін қанша уақытта жетеді? Есептің шарты бойынша уақытты табу үшін күн мен жердің арақашықтығын жарық жылдамдығына бөлеміз яғни, $t=l/c$, мұндағы: $c=3*10^8$ м/с жарық жылдамдығы, Жерден Күнге дейінгі орташа қашықтық $l=1,496*10^{11}$ м. Сан мәндерін формулаға қойып есептеймін. Сонда сегіз минут, жиырма секундта жарықтың күннен жерге түскенін көруге болады. Физиканың заңдары ашылмай тұрып жарық күннен сегіз минут, жиырма секундта түскенін өз заманында ойшыл ақын Шәкәрім өз өлең жолдары арқылы дәлелдеген.

Бұл ғылыми жобамда мен қозғалыс және оның элементінде алатын орны, жарықтың таралу жылдамдығы, энергияның айналу және сақталу заңын, ақ жарықтың жеті түстен тұратынын Шәкәрім өлеңдері бойынша өлеңнің физикалық тұрғысынан шешімін табуға тырыстым. Сонымен, Шәкәрім шығармаларының физикалық, алгебралық және басқа да гуманитарлық ғылымдарға ұтысты қолданысын таба алатын өте пайдалы еңбектер. Сөзімді қорыта келе Шәкәрім XIX ғасырда өмір сүрсе де ғылымның терең сырын оқып, біліп оны өз өлеңдерінде шеберлікпен жеткізе білген дей келе «Шәкәрім-физик» дер едім.

Аннотация

В научном проекте « Физические явления в произведениях Шакарима» изложены сравнения и доказательства физических явлений, встречающихся в произведениях Шакарима, по фактическим данным. В работах Шакарима представлены сравнение и анализ физических понятий. Данный научный проект может быть использован при проведении внеклассной работы по физике.

Ключевые слова: обучение, физика, литература, решение задач

Abstract

The scientific project "Physical phenomena in the works of Shakarim" presents comparisons and evidence of physical phenomena found in the works of Shakarim, based on actual data. Shakarim's works present a comparison and analysis of physical concepts. This research project can be used in the conduct of extracurricular activities in physics.

Key words: education, physics, literature, the solution of problems

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Е. Арын. Ф. Келімбетова. Е. Карин. Тарихи тұлғалар. Қазақтар. «ІДК-ТІРО» баспа – редакциялық орталығы Алматы 1988. 128-бет

2. Ш. Құдайбердиев. Шығармалары. Алматы «Жазушы» 1988. 199-бет

- 3.Р.Башарұлы, У.Токбергенова, Д.Қазақбаева.Физика және астрономия. Алматы «Атамұра» 2003. 12-бет.
- 4.Шәкәрім .Шығармалары, Алматы, «Жазушы»1988. 230- бет.
- 5.Ш.Құдайбердіұлы. Үш анық, Алматы, «Қазақстан»-1991,9-10-бет
- 6.С.Тұяқбаев,Ш.Насохова, Б.Кронгарт, В.Кем,В.Загайнова. Физика – 11.Алматы «Мектеп» баспасы. 131-132 беттер.
7. Шәкәрім. Аталмыш шығармалары, 227-бет.
- 8.Ш.Құдайбердіұлы. Шығармалары. Алматы, «Жазушы»1988. 265- бет.
- 9.Ү.Б.Жексенбаева.Оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру. «РАДиАЛ» баспасы Алматы. 2006.19-24 беттер.
- 10.Ш.Қ.Библов Оқушы анықтамасы.2- кітап. 5-11 сыныптар. Арман баспасы,2003.42-бет.
- 11.Стив Паркер.Б.Уильмс. Сұрақ және жауап энциклопедиясы. Алматы кітап.2007, 22-бет.

ИНФОРМАТИКАДАН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОЙЛАУ ДАҒДЫЛАРЫНЫҢ ДЕҢГЕЙЛЕРІНЕ СӘЙКЕС ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН ТОҚСАНДЫҚ ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ МОДЕЛІНІҢ ЖАСАЛУЫ

Мұстафаева Н.М.
магистр, Алматы қ., Қазақстан

Критериалды бағалаудың моделі білім алушының сыни ойлау деңгейінің дамуын, оның білімге деген қызығушылығын және оқуға деген ынтасын арттыруға бағытталады. Егер әр білім алушыға және оның ата-анасына түсінікті болатындай дәлме-дәл, әрі өлшемді бағалау критерийлері белгіленетін болса, мақсатқа жетуге әбден болады. [3]

Блумның білімді толық меңгеру теориясы (Learning for mastery, 1970) жақсы оқитын оқушы мен нашар оқитын оқушы нәтижелерінде 90% айырмашылық болатынын түсіндіретін негізгі үш факторды анықтайды. Бірінші фактор білім алушылардың жаңа тапсырмаларды игеруді меңгеріп, оқу үдерісіне кірісе алатын түрлі білімдері мен қабілеттерін диагностикалауды болжайды. Бұл нәтижелердің айырмашылығын 50%-ға дейін қысқартуға мүмкіндік туғызады. Екінші фактор болашақта оқуды қызықтыруға ерекше әсер ететін, алғашқыда кездескен қиындықтардың алдын алуға бағытталған эмоционалдық қолдау көрсетуді болжайды. Нәтижесінде жетістік қорытындысының айырмашылығын 25%-ға дейін қысқарту мүмкіндігі туады. Үшінші фактор оқу ортасы мен уақытты ескере отырып, оқу үдерісін ұйымдастыру кезінде жеке қолдау көрсету мен марапаттауды ұсынады. Осылайша, қорытынды нәтиженің 25% ерекшелігі қысқаруы мүмкін. Білімді толық меңгеру теориясы жиынтық бағалау уақытында балдарды есептеу әдістемесі мен баға қою механизмін айқындаудың негізі болып табылады. [1].

Информатиканы оқыту үдерісінде заманауи орталары маңызды рөл атқарады, оқыту үдерісіне және мектеп информатикасына толықтай сыртқы қатынастар әсер етеді, оның ішінде интернет және жалпы ақпарат құралдары (масс-медиа) [2]. Тоқсандық жиынтық бағалау мен бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалаудағы балдардың әр түрлі ықпал етуі тоқсанның соңына дейінгі қорытынды бағаны жақсартуға мүмкіндік туғызады. Тоқсан барысында білім алушылар алғашқы бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалауда төмен балл алса, онда қорытынды нәтижені жақсарту мүмкіндігі сақталады[3].

Оқу бағдарламасындағы оқу мақсатына сәйкес жүйелеп, бағалау критерийлерін оқу мақсатына сәйкестендіріп, оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеріп тоқсандық жиынтық бағалауға арналған тапсырмаларды жасап көрейік.

Тоқсан бойынша жиынтық бағалауда әр түрлі тапсырмалар типтері пайдаланылды: қысқа/толық жауапты тапсырмалар.Бұл нұсқада бірнеше жауаптан таңдауды қажет ететін, қысқа және толық жауапты қажет ететін 10 тапсырма бар. Қысқа жауапты қажет ететін тапсырмаларда оқушы жауапты сандық мән түрінде, сөз немесе қысқа сөйлем түрінде жазады.

Толық жауапты қажет ететін тапсырмаларда оқушы максималды балл жинау үшін тапсырмадағы тізбекті әрекеттерді орындай отырып, шешімін табады.

Күтілетін нәтижелер Білу:

Оқауіпсіздік техникасы ережелерін;

Опроцессор,қатты диск анықтамасын;

Түсіну:

- қауіпсіздік техникасы ережелерін бұзу зардаптары туралы;
- процессордың, қатты дисктің міндетін;
- бөгде жұмысты көшірудің заңсыздығы туралы.

Қолдану:

- құжаттарға құпия сөз орнатуды;
- файлдарды жалпы қолданысқа рұқсат етілген етуді;
- жалпы қолданысқа рұқсат етілген файлдарды өзгертуді және жүктеп алуды;

Талдау:

- бөгде жұмысты көшірудің заңсыздығын.

Жинақтау:

• өз ойларын көрсету және іске асыру үшін мәтін, графика және мультимедиа түріндегі ақпаратты.

- Бағалау:
- ақпараттың сапасын, маңыздылығын, пайдалылығын және тиімділігін;
- алгоритмнің тиімділігін және оның орындалу нәтижелерін;
- АКТ құралдарының адам денсаулығына кері әсерін. [4]

1-тоқсандағы жиынтық бағалау тапсырманың сипаттамасы

«Информатика» пәні бойынша 1-тоқсандағы жиынтық бағалау тапсырмалары

1. Компьютерді пайдалану қауіпсіздік ережесіне сәйкес келетін суретті (✓) белгілеңіз.



[1]

1- тапсырмада білім алушылар компьютерді пайдалану қауіпсіздік ережесін пайдаланып, тапсырманы орындайды. Тапсырма Блум таксономиясының білу және түсіну ойлау деңгейіне негізделген. Білім алушылар компьютерді қолдануда қауіпсіздік ережесін сақтауға дағдыланады.

2. Суретті қарастырыңыз.



2.1. Суреттерді салыстырып, қайсысының дұрыс отырғандығын сипаттаңыз

[1]

2.2. Қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтамағанда болатын салдарды алдын алу үшін үш іс-әрекетті жазыңыз. _____ [1]

2- тапсырмада білім алушылар суреттерді салыстырып қауіпсіздік ережесін дұрыс ұстанады. Қауіпсіздік техникасы ережесін сақтамағанда денсаулыққа зиян келетіндігіне тоқталады. Білім алушылар компьютерді қолдануда қауіпсіздік ережесін сақтауға дағдыланады.

3. Құрылғылардың атқаратын қызметтерін жазыңыз.

1. Процессор _____

2. Монитор _____ [2]

3- тапсырма білімі алушылар процессор және монитордың атқаратын қызметтерін жазады. Құрылғыларды сауатты қолданады.


4. Құрылғының атауын жазыңыз.

_____ – ақпаратты сақтауға арналған негізгі есте сақтау құрылғысы.

[1]

4- тапсырма берілген мәліметтерге сәйкес құрылғының атауын жазады.

5. Сурет бойынша құрылғыны анықтаңыз.



[1]

Кестеде берілген құрылғының суреттерінің атауын жазады. Құрылғылардың қызметін есте сақтап, дұрыс пайдаланады.

6. Монитордың түрлерін жазыңыз

[1]

6- тапсырмада білім алушылар монитордың қазіргі кездегі кең қолданыстағы үш түрін жазады.

7. Сіздің құжатыңызға құпия сөз орнату керек. Құпия сөз орнату алгоритмін өз реттілігімен жазыңыз.

1. _____

2. _____

3. _____ [3]

7- тапсырмада білім алушы алгоритм реттілігін көрсетеді. Ойлау дағдыларының қолдану деңгейіне негізделген. Компьютермен алгоритм бойынша жұмыс жасауға дағдыланады.

8. Жұмыс үстелінде өз бумаларыңды құру және бумаға ат беру алгоритмін толықтырыңыз:

1. Тінтуірдің оң жақ батырмасын шертеміз

2. _____

3. _____ [2]

8- тапсырмада алгоритмді толықтырып жазады. Компьютермен алгоритм бойынша жұмыс жасауға дағдыланады.

9. Браузер түрлерінің атауын жазыңыз

[6]

9- тапсырмада браузер түрлерінің атын ағылшын тілінде жазып көрсетеді. Білім алушылардың тілдік дағдысы қалыптасады.

10. Жағдаяттық тапсырма. Сәйкестендіріңіз

Жағдаят	Амал
Айгүл мен Самал интернеттегі мәліметтердің дұрыстығына көз жеткізіп, өздеріне қажетті ақпаратты алып отыр.	Жауапкершілік
Ахмет Алматыда тұрады Астана қаласында тұратын досымен хат хабар алмасып отыр.	Сенім
Ақжан интернетке ақпарат орналастыратып отыр.	Әлеуметтік желі

[1]

10- тапсырмада жағдаятты амалдармен сәйкестендіреді. Интернетпен жұмыс жасау мәдениетін ұстануға қалыптасады.

Балл қою кестесі

№	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
1		1	Әр дұрыс жауап үшін 1 балл
2	 <p>2.1. Иықтары еркін, тік отыру керек т.б 2.2. Көздің экранға дейінгі ара қашықтығы 50-70 см болуы керек.</p>	2	Әр дұрыс жауап үшін 1 балл
3	<p>1.Процессор берілгендерді өңдеу және компьютер жұмысын басқаруға арналаған. 2.Монитор- ақпараттарды бейнелеуге арналған құрылғы.</p>	2	Әр дұрыс жауап үшін 1 балл
4	Қатқыл диск- ақпаратты сақтауға арналған негізгі есте сақтау құрылғысы	1	Әр дұрыс жауап үшін 1 балл
5	Принетер Сканер	1	Әр дұрыс жауап үшін 1 балл
6	<p>1. Электронды сәулелі түтікшелі 2. Сұйық кристалды 3. Плазмалы</p>	1	Әр дұрыс жауап үшін 1 балл
7	<p>1. «Парольмен шифрлеу» командасын таңдау; 2.Парольді енгізу 3. парольді растау</p>	3	Әр дұрыс жауап үшін 1 балл
8	<p>1.Тінтуірдің оң жақ батырмасын шертеміз 2.Жанама мәзірден «Жаңа бума құру» командасын таңдау 3. Бумаға ат беру</p>	2	Әр дұрыс жауап үшін 1 балл
9	<p>1.Google Chrome 2. Internet Explorer 3.Yandex 4.Opera 5.Safari 6.Mozilla Firefox</p>	6	Әр дұрыс жауап үшін 1 балл
10	<p>Жағдаят Айгүл мен Самал интернеттегі мәліметтердің дұрыстығына көз жеткізіп, өздеріне қажетті ақпаратты алып отыр. Ахмет Алматыда тұрады</p> <p>Амал Сенім Әлеуметтік желі</p>	1	Дұрыс жауап үшін 1 балл

	Астана қаласында тұратын досымен хат хабар алмасып отыр. Ақжан интернетке ақпарат Жауапкершілік орналастыратып отыр.		
Жалпы балл	20		

Жоғарыда көрсетілген тапсырмаларға сәйкес балл қою кестесі құрастырылды. Балл қою кестесінде бағалау критерийлері тапсырмаға сәйкес берілген. Оқыту және оқу үрдісінде бағалауды дұрыс түсініп, тиімді қолдана білу кәсіби шеберліктің артуына және бастама нүктесін дәл анықтап білім алушының әрі қарай дамуына, жаңа идеяларға ұмтылуына серпіліс береді және білім сапасын арттыруға зор үлес қосады.

Андатпа

Мақалада информатикадан білім алушылардың тоқсандық оқу жетістіктерін жиынтық бағалау тапсырмалары осы тоқсандағы бөлім бойынша тақырыптар қамтылған. Білім алушылардың ойлау дағдыларының деңгейлеріне сәйкес қысқа және толық жауапты тапсырмалар, Блум таксономиясына сәйкес 5- сыныптың 1-тоқсандағы жиынтық бағалау тапсырманың сипаттамасы мен балл қою кестесі берілген. Информатика пәні бойынша тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларында ойлау дағдыларының деңгейі Блум таксономиясы бойынша былай анықталады:

Кілттік сөздер: жиынтық бағалау, балл қою кестесі, қауіпсіздік ережесі, сәйкестендіру, браузер

Abstract

This article covers topics in this quarter's Comprehensive Assessment of Students 'Achievement in Computer Science, with a brief and comprehensive answer to students' levels of thinking skills, a description of the Grade 5 term assessment tasks and the grading table according to Bloom's taxonomy. The Level of Thinking Skills in the Quarterly Summative Assessment Task in Computer Science is Defined by the Bloom's Taxonomy

Key words: Summative Assessment, security regulations, identification, browser

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Өңірлік және мектеп үйлестірушілеріне арналған критериялды бағалау бойынша нұсқаулық – Астана. -2016. Б.19-20.
2. Сағымбаева А.Е., Е. Ы. Бидайбеков, М. П. Лапчик, Ж. К. Нұрбекова, Г. С. Жарасова, Н. Н. Оспанова, Д. Н. Исабаева. Информатиканы оқыту әдістемесі. - Алматы. -2014. Б.185-186.
3. Мұғалімге арналған нұсқаулық Үшінші (негізгі) деңгей. –Астана. -2012. Б. 50-62.
4. Жаңартылған білім беру мазмұны аясында критериялды бағалауды жоспарлау және ұйымдастыру. -Астана. -2017. Б. 40-45.
5. <https://sk.nis.edu.kz>

ӘОЖ: 378.147

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА БІЛІМДІ БАҚЫЛАУ МЕН БАҒАЛАУДАҒЫ ІТ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Наурызова Н.К.

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе қ.
nnauryzova@mail.ru

Сандық технология ХХІ ғасырда жаһандық экономикалық өсімнің жетекші факторына айналды. Ақпараттар көлемінің қарқынды өсуі әлемдік нарық пен бизнесті ынталандырып, білім, ғылым, денсаулық сақтау, мемлекеттік басқару салаларының ішкі және сыртқы ортасының түбегейлі өзгеруіне ықпал етті. Қазір ешкім де цифрлық технологияның біздің күнделікті өмірімізді, тұрмыс жағдайымызды қаншалықты өзгертуі мүмкін екенін білмейді. Бірақ, үлкен бетбұрыстар кезеңі орын алады деуге толық негіз бар.

Интернеттегі тестілеу жүйелері бүгінгі таңда оқытуды төңкеріске ұшыратты деп айту артық емес. Олар студенттер білімін бағалауды жақсартуға көмектесті. Оқытушы әр тестті қолмен жасап, нәтижесін журналға жазып, орташа баллды есептеп шығаратын күндер өтті. Бүгінгі онлайн тест

жүйесі күрделі есептеулерден аулақ әр студенттің үлгерімін бақылауға көмектеседі. Онлайн тесттерді құрудың құралдары студенттерге де, оқытушыға да түсінікті және ыңғайлы бола түсуде.

Қазір тесттер жасау құралдары соншалықты интуитивті бола бастады, әр оқытушы өз курсы үшін керемет онлайн тест жасай алады. Ыңғайлы, көптеген бағдарламалар орнатуды, браузерден жұмыс істеуді қажет етпейді, ал онлайн-тестілерді жасауға арналған мобильді қосымшалар тіпті оңай жұмыс істеуге мүмкіндік береді (1-сурет).

Сенімділік тестілері әсіресе онлайн курстар үшін өзекті болады. Әр студенттің бағалауы объективті болуы үшін, алдаудың алдын алу керек. Интернеттегі тестілеу бағдарламаларының көмегімен студенттерге жауаптарымен бөлісуге мүмкіндік бермейтін әдістерді қолдануға болады. Сұрақтар мен жауаптар ретін өзгерту арқылы сіз бір тесттің бірнеше нұсқасын жасай аласыз. Сонымен қатар бір жұмыстың тексеру уақытын бірнеше секундқа дейін қысқартуға мүмкіндік береді. Бұл сервистерге студенттердің тіркелуі міндетті емес. Тек берілген сілтеме арқылы тест орындаса жеткілікті. Ал нәтижесі тестті құрушы оқытушыға жіберіледі.



1-сурет. Онлайн платформалар

Мұндай онлайн тест құруға төмендегідей платформаларды жатқыруға болады [1]:

- Quizlet - бұл ақысыз қызмет, ол оқыту карточкалары түрінде ұсынылатын кез-келген ақпаратты есте сақтауға мүмкіндік береді.

- Kahoot – мобильді құрылғыларда дұрыс жауабы бар онлайн викторина құруға мүмкіндік беретін сервис. Ол компьютерлер, планшеттер, ұялы телефондар және басқа құрылғылар арқылы орындауға болатын тестілерді, сұрақ-жауаптарды жасауға мүмкіндік береді.

- Socrative - бұл тестілерді құруға, іздеуге және таратуға, сонымен қатар тестілеуге арналған құрал. Артықшылықтардың ішінде дамудың қарапайымдылығы мен жағымды келбетін атап өткен жөн. Қызметтің ерекшеліктері - мобильді құрылғыларға тест тапсырмалары жеке - жеке көрініп тұрады және топпен де жұмыс жасауға болады.

- Quizizz платформасы Socrative бағдарламасына ұқсас. Ерекшелігі осы сайтта орналасқан басқа да қолданушылардың тесттерін қолдануға, көшіріп алуға, өзгерістер енгізуге болады. Және де үй тапсырмасы ретінде белгілі бір уақытқа белгілеп тест орындатуға болады

- OnlineTestPad бағдарламасымен тест, сауалнама, кроссворд құруға болады. Бір ерекшелігі студенттерді қолпаштау, марапаттау мақсатында онлайн сертификаттар ұсынуға болады.

- Easy Test Maker - бұл дұрыс және жалған мәлімдемелерді таңдауға қажет тесттерді жасауға арналған мобильді қосымша түріндегі қызмет. Дәстүрлі форматта тексеру үшін оларды .pdf немесе .doc форматында форматтауға болады. Easy Test Maker-дің ақысыз нұсқасы сізге «қағаз» форматына экспорттау мүмкіндігінсіз 25 тест жасауға мүмкіндік береді.


- iSpring Quiz Maker - интерактивті тесттер жасауға және сауалнамалар жүргізуге арналған құрал болып табылады. Бағдарламаның ақылы нұсқасы 11 типті тест (бір жауабы бар тест, бірнеше жауаты тест, ашық тест, жабық тест, сәйкестікті анықтау тесті, ретімен орналастыру тесті және т.б.) және дәл осындай 12 типті сауалнама жасауға мүмкіндік береді. Әрбір сұраққа аудио, видеофайлдар және формула қосуға болады. Бағдарламаның тегін нұсқасы арқылы сұрақтың 3 типін ғана құруға болады. Презентацияны тест, аудио және видеофайлдар, видеороликтер және басқаларымен толықтырғаннан кейін оны публикацияға, яғни жарияланымға жібереміз. Олар .swf немесе .html

форматтары түрінде сақталады. Ал *Flash* файлдардың көлемі жағынан өте ыңғайлы, кез келген ортаға үйлесімді боп келеді.

- Plickers - статистикалық жұмыс жасау үрдісін жеңілдететін және сыныптың жауабын лезде бағалап беретін қосымша. Plickers мұғалімнің ұялы телефонын немесе планшетын оқушылардың карточкаларындағы QR-кодтарды оқу үшін пайдаланады. Әр оқушыда жеке карточка болады. Карточканың төрт қабырғасы жауаптың төрт нұсқасын білдіреді, оларды бұру арқылы оқушы дұрыс нұсқасын таңдайды. Алдын ала бағдарламаға сыныптың тізімі ендіріледі, сол арқылы әр оқушының сұраққа қалай жауап бергенін білуге болады. Plickers қосымшасы арқылы тақырып соңында тест өткізуге болады және оқушылардың сабаққа кім қатысып отырғанын білу үшін де қолдануға болады.


- Quick Key бағдарламасы студенттердің тест тапсырмаларын электронды түрде және қағаз түрінде тексеруге мүмкіндік береді. Мағынасы өте қарапайым: мұғалім арнайы жауап парақтарын дайындайды, оқушылар тест тапсырмаларының дұрыс жауаптарын жауап парағында белгілейді, содан кейін барлық жұмыстар смартфон арқылы сканерленеді [2].

- 4exam, Конструктор тестов.ру ресурстары - тегін орыс тіліндегі тест құрастырушылар. Студенттермен кері байланыс орнату мақсатында Padlet, Miro, RealTimeBoard онлайн тақталары үлкен көмек болып отыр (2-сурет).



2-сурет. Padlet тақтасына тапсырма жүктеу


Сонымен қатар Mentimeter онлайн платформасының орны ерекше (3-сурет). Mentimeter арқылы студенттермен сұхбаттасуға, бірін-бірі бағалауда жасырын дауыс беруіне мүмкіндік бар және кері байланысты жасай отырып, жасырын түрде сабақты түсінгенін немесе нені түсінбей қалғандығын жазып, сұрай алады.



3-сурет. Mentimeter ортасы

Сонымен қатар мультимедиялық презентациялар жасауда Prezi, Canva, PowToon бағдарламаларын қолданып, студенттердің оқуға қызығушылығын арттыру арқылы әртүрлі

дағдыларды қалыптастыруға болады [3]. WordWall сервисінің тегін нұсқасына тіркелу арқылы дидактикалық ойын құрастыруға болады. Олар сәйкестендіру, жұбын табу, сауалнама, анаграмма, лабиринт, қалдырылған сөздерді табу, топқа біріктіру және басқа да тапсырмаларды оңай құрастыруға болады (4-сурет).



4-сурет. Лабиринт



5-сурет. Жасырын сөзбен суретті сәйкестендіру

Қорыта келгенде осы онлайн платформаларды тиімді таңдау және қолдану арқылы студенттердің білімін шындай түсуге, озық білім мен құзыреттілікке қол жеткізуге әбден болады.

Аңдатпа

Бүгінгі таңда білім беру саласына көптеген өзгерістер енгізілу үстінде. Бәсекелестіктің жоғарғы қабілетіне жету үшін заманауи әрі тиімді білім беру жүйесін қолдану керек. Ал қашықтықтан білім беруде жағдайында онлайн интернет платформаларды тиімді пайдалана білу үлкен жетістіктерге жеткізеді сөзсіз.

Кілттік сөздер: цифрлық технологиялар, онлайн тест, мультимедиялық презентация, кері байланыс, онлайн тақта, дидактикалық ойын

Аннотация

Сегодня в сфере образования происходит много изменений. Для достижения высокой конкурентоспособности необходимо использовать современную и эффективную систему образования. А в при дистанционном обучений эффективное использование онлайн Интернет-платформ, несомненно, приведет к большому успеху.

Ключевые слова: цифровые технологии, онлайн-тестирование, мультимедийная презентация, обратная связь, онлайн-доска, дидактическая игра.

Abstract

Many changes are taking place in education today. To achieve high competitiveness, it is necessary to use a modern and efficient education system. And in the context of distance learning, the effective use of online Internet platforms will undoubtedly lead to great success.

Key words: digital technology, online testing, multimedia presentation, feedback, online board, didactic game.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Л.З. Габбасова. Инновационные технологии в образовательном процессе // Инновационные педагогические технологии: Матер. V Междунар. науч. конф., Казань, 2016. - Казань, 2016. - С. 61-63
2. Ю.А. Демичева. Использование сервисов Web 2.0 в образовательной деятельности. Выпуск 2: учебно-методическое пособие / Ю.А. Демичева. - Камчатский: Камч. ИРО, 2017. - 100 с.
3. Susan M. Brookhart. How to give effective feedback to your students. / Susan M. Brookhart. Description: Second edition. - Alexandria, Virginia: ASCD, 2017. - 145 p.

УДК: 654.09

МОБИЛЬДІ ОПЕРАТОРЛАР САЙТЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫСПЕН ҚАМТУ АУМАҒЫ КАРТАЛАРЫН ОҚУ ҮРДІСІНДЕ ҚОЛДАНУ

¹Наурыз Қ.Ж., ²Хамзина Б.Е.

¹т.т.м., аға оқытушы, ² п.ғ.д., доцент

^{1, 2} С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан
e-mail: aurizastana@mail.ru

Телекоммуникация саласындағы мамандарды дайындауда Интернеттің мүмкіншілігімен қатар, мобильді (жылжымалы) байланыс операторлары сайттарында жарияланған ашық ақпарат көздерін кеңінен қолдану қажет. Мысал ретінде мобильді операторлар сайттарында жарияланып отырған «Байланыспен қамту карталары». Мұндай карталардың көмегімен еліміздің кез - келген елді мекенінің, авто және темір жол бойларының мобильді/жылжымалы байланыспен қамту дәрежесін анықтауымызға болады. ЖОО - ның соңғы курс студенттерінің бітіру жұмыстарының тақырыптарын таңдауда да - мұндай карталар үлкен көмекші болып табылады.

Ұялы байланысты қарастыратын арнайы пәндер бойынша тәжірибелік жұмыстарды орындауда карталар көмекші құрал болып табылады, мысалы: студенттерге белгілі бір елді мекенді (кіші және орташа) немесе авто/темір жол бөлімшелерін беріп, байланыспен қамту жағдайын бағалауды үйрету, соның көмегімен ары қарай арнайы математикалық аппараттар қолданып базалық станциялардың санын, қамту радиусы және тағы да басқаларды анықтау. Осы жұмыста соңғы кезде Шымкент қаласы құрамына жататын Бадам су қоймасы ауданын 4G жылжымалы байланыспен қамту жағдайын қарастырамыз.

LTE 3G TE консорциумы анықтаған 4 - буындағы (4G) сымсыз ұялы байланыстың жаңа стандарты болып табылады. Бұл ең алдымен 3G желілерін (UMTS және EDVO) одан әрі жетілдіруге және дамытуға бағытталған [1].

Желілік деңгейде LTE толығымен IP технологиялары негізінде жұмыс істейді, ал физикалық деңгейде (радиоарналарда) ортогоналды жиілікті бөлу мультиплекстеуі қолданылады, нәтижесінде біз жоғары өткізу қабілеттілігін, кідірістерді және «фантастикалық» спектрлік тиімділікті аламыз [2].

LTE бұл 3G - стандартты желіні жаңарту ғана емес, сонымен бірге басқа тәсіл болып табылады және оның физикалық мүмкінділігі келесідей [3]:

- арналардың кодалық бөлінуінен (CDMA) жиіліктік бөлуге ауысу (OFDMA және SC - FDMA);

- арналы коммутациядан дестелік коммутация IP технологияға ауысу.


Сарапшылардың пікірінше, 2020 жылы 5 миллиардтан астам адам «мобильді әлем» деп аталатын жаһандық қауымдастықтың мүшесі болады. Сонымен бірге, әлем халқының жартысы LTE желісінің қызметтеріне үнемі қол жеткізе алады [4].

Бадам су қоймасы Бадам өзенін (Арыс өзенінің сол жақ сағасы болып табылады, ұзындығы 141 км, жалпы ауданы 4329 км²) бөгеу арқылы құрылған гидротехникалық қондырғы болып табылады. Су қоймасы шаруашылық мақсатта қолданылады, атап айтсақ, арықтар жүйесі арқылы Сайрам мен Ордабасы аудандары егістіктері мен бауларын суару мен Шымкент қаласы мекемелерін сумен жабдықтау. Сонымен қатар, электр энергиясын өндіру потенциалы да жоғары [5].

Бадам су қоймасы (бұрынғы атауы Михайловское) Түркістан облысы (бұрынғы Оңтүстік Қазақстан облысы) аумағында орналасқан, Шымкент қаласынан 19 - 20 км, Ленгер қаласынан 9,5 км орналасқан [6]. Су қоймасының сипаттамасы төмендегі 1 кестеде берілсе, орналасқан орны және басқа да көріністері (Орталық Азия экология және су ресурстары туралы білім порталынан алынған) төмендегі 1 суретте берілген [7].

Кесте 1 - Бадам су қоймасы сипаттамасы

№	Атауы	Өлшемі, түрі
1	Су көзі	Бадам өзені
2	Су қоймасы типі	Толысу
3	Қолданысқа ендірілген жылы	1974
4	Қалыпты тірек деңгейі, м	649,4
5	Толық көлемі, млн. м ³	61,5
6	Пайдалы көлемі, млн. м ³	59,0
7	Пайдасыз көлемі, млн. м ³	2,5
8	Айна ауданы, км ²	4,75
9	Ұзындығы, км	4,0
10	Ені, км	1,5
11	Максимал тереңдігі, м	42,6
12	Бөгет типі	топырақтық
13	Биіктігі, м	43
14	Ұзындығы, м	1152



Сурет 1. Бадам су қоймасының орналасқан орны және басқа да көріністері

Бадам су қоймасы маңының 4G байланысымен қамтитын радиоқолжеткізім желісі - ойын - сауық кешеніне келушілерге арналады. 4G LTE Advanced (LTE - A) радиоқолжеткізім желісі технологиясы ретінде таңдалуы бекер емес, себебі қазіргі кезде облыс пен аудан орталықтарын, 50 мың тұрғыны бар барлық елді мекендерде қолданысқа енгізіліп, өз жемісін беріп жатыр. Аталған технологияны 2012 жылы «ALTEL» ЖШС - ті ALTEL 4G брендімен енгізді, қазіргі таңда барлық мобильді операторлар аталған технология көмегімен желілерін жаңартып, дамытуда. Соның бір көрінісі келесі 2 кестеде берілген [8, 9].

Кесте 2 - LTE Advanced (LTE - A) технологиясының Қазақстандағы жағдайы


Атауы	Қолданылатын жиілік жолағы	Ендірілген мерзімі	Қамту аймағы
«ALTEL» АҚ, «Қазақтелеком» АҚ	Жолақ 3 (1800 МГц)	Желтоқсан 2012 жыл	Band 3 (FDD 1800): ҚР барлық қалалары
«Kcell»	Жолақ 1 (2100 МГц) Жолақ 3 (1800 МГц) Жолақ 20 (800 МГц)	31 тамыз 2016 жыл	Band 3 (FDD 1800) және Band 20 (FDD 800): Шымкент, Алматы. Band 20 (FDD 800): қалған қалалар
«Beeline Қазақстан», «Кар - Tel» ЖШС	Жолақ 1 (2100 МГц) Жолақ 3 (1800 МГц) Жолақ 20 (800 МГц)	Наурыз 2016 жыл	Band 3 (FDD 1800) және Band 20 (FDD 800): Шымкент, Алматы. Band 20 (FDD 800): қалған қалалар

«Tele2 Қазақстан», ЖШС «Мобайл Телеком - Сервис»	Жолақ 3 (1800 МГц)	Наурыз 2016 жыл	Band 3 (FDD 1800): ҚР барлық қалалары.
--	--------------------	--------------------	---

Аймақты жылжымалы/мобильді байланыспен қамтылуын анықтау барысында басты операторлар ретінде «Қазақтелеком» АҚ еншілес компаниялары болып табылатын бірлескен кәсіпорындар «ALTEL» ЖШС - мен «Мобайл Телеком - Сервис» ЖШС - тері таңдалды.

Жоғарыда айтылып кеткендей, операторлардың ресми сайттарында (басқа да сайттарда, мысалы «Электронды Үкімет») жылжымалы байланыспен қамту карталары берілген және олар ұдайы жаңартылып отырады. Қойылған мақсатқа жету үшін «ALTEL» және Теле2 операторлары («Электронды Үкімет») сайттарында жарияланған мәліметтер алынды. Төмендегі 2 суретте «ALTEL» операторының 4G байланысымен қамту аймағының картасы көрсетілген [10].


Зона покрытия LTE



Сурет 2. Шымкент және Бадам су қоймасы маңының 4G байланысымен қамту аймағының картасы («ALTEL»)

Мұндағы (сурет 2) сұр түс өте нашар немесе мүлдем қамтылмаған дегенді білдіреді. Бадам су қоймасының солтүстік маңайы осы сұр түсті, яғни нашар немесе байланыс жоқ дегенді білдіреді.

Келесі 3 суретте «Теле2» операторының Шымкент қаласы мен қала маңының 4G байланысымен қамту аймағының картасын көріп отырмыз. Мұнда да Бадам су қоймасы маңайы 4G байланысымен қамтылмағанын көріп отырмыз [11].



Сурет 3. Шымкент және Бадам су қоймасы маңының 4G байланысымен қамту аймағының картасы («Теле2»)

Қазіргі таңда әлемдік оқу үрдісінің өзегі – жаңа технологияларға барынша сүйенуде. Қашықтан оқытудың да негізі осы сандық ресурстар екені баршамызға мәлім. Жаңа технологиялардың бірнеше түрлері бар. Әлемнің бірнеше елінен сынақтан өткізілген жаңаша оқыту төрт бағытты қамтиды. Олар модульдік технология, рейтинг жүйе, дамыта оқыту технологиясы, сын тұрғысынан ойлау. Әрбір технология өзіндік жаңа әдіс-тәсілдермен және мұғалімнің ізденісі арқылы оқушы қабілетіне, қабылдау деңгейіне, қарап пәнге орай іріктеліп қолданылады. Әр мұғалім өзіне тиімді, пайдалысын жетілдіріп, өз ыңғайына сай, оқушының қабылдауына, мүмкіндігіне қарай қолданады. Демек берілетін білім де, тәрбиелік тәлім де шәкірттің шамасына үйлесімді, танымына, түсінігіне қарап, дөп келсе ғана жүзеге асады. География – өзіндік ерекшелігі бар пән. Ол жалпы құрлықты – жер бетін, флора, фауна дүниесін, жер бедерін, байлығын және өмір сүріп отырған мыңдаған ұлттар мен ұлыстардың тұрмыс-тіршілігін зерттейтін, оны оқушыға үйрететін ғылым. Сондықтан, география пәнін оқыту – кең көлемді, терең білімді, есте сақтау қабілеті күшті, мазмұн – табиғаты терең шәкіртті түсіну, аналық мейірімді қажет етеді.

Әрбір география пән мұғалімінің мақсаты – оқушыларға сапалы пәндік білім беру. Қашықтан оқыту кезінде сабақта қолданылған оқытудың әр түрлі жаңа әдістері оқушылардың білім сапасын арттыруда және пәнге қызығушылығын, сонымен қатар әр баланың іскерлігін, ізденімпаздығын, байқау қабілеттерін жетілдіруге мүмкіндік береді. Сабақта қай тақырыпта болса да ғылыми – сандық ресурстарды, теориялық әдебиеттер, оқу- әдістемелік құралдар, көрнекіліктер, электронды материалдар, т.б. пайдалануға болады. Географиядан қашықтан оқыту кезінде тиянақты білім берудің негізі – географиялық білім түрлерін жүйелі оқыту. Географиялық білім түрлерін атап айтар болсақ: геологиялық, климаттық, картографиялық, номенклатуралық, топонимикалық, тарихи, экологиялық және экономикалық тиімді оқытуды қарастырамыз.

География пәнін оқытудағы сандық технологиялар түрлері көп.

- <https://openedu.ru/course/mipt/ELEC/>

- Массачусетс технология институты ағылшын тілінде;

- Калифорния, Гарвард, Принстон, Йель, Стэнфорд университеттері;

- Хан Академиясы <http://www.khanacademy.org/> - физика, тарих, химия, т.б. - 3000

бейнедәрістер;

- [17 батыс мемлекеттерінің ЖОО http://www.coursera.org/](http://www.coursera.org/);

- <http://www.lektorium.tv/>, <http://lectoriy.mipt.ru/>, <http://univertv.ru/> - орыс тілді ЖОО сайты;

- Ю тубта ғалымдар мен профессор оқытушылардың дәрістері;

- Ұлттық ашық университет «ИНТУИТ» <http://www.intuit.ru/>

Kahoot, Quizlet сияқты онлайн платформалар жұмыстарды тез тапсыруға мүмкіндік береді. Мұғалім бұл қызметтерді бақылау құралы ретінде қолданып, білім алушының өзіндік жұмысын ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

География мұғалімінің оқушы білімін бақылауға, тексеруді ұйымдастыруда уақыты үнемделіп, тесттері тез тексеріліп, барлық тексеру жұмысын жеңілдетеді. Мұғалім оқыту сапасының мониторингін мобильдік технологиялар мен құрылғыларды пайдалану арқылы бақылау,

оқу материалын игеру деңгейін барынша саралау кезінде білімді жүйелі бағалауды пайдалануға мүмкіндік беретінін көрсетеді. География мұғалімі пәннен Kahoot қосымшасы арқылы интерактивті сауалнамалар жүргізе алады. Мұғалім сайтта алдын-ала тест дайындайды <https://kahoot.com/>, ал сабақта компьютер мен проектордың көмегімен білім алушылар өздерінің ұялы телефондарында орнатылған қосымшалар арқылы таңдайтын сұрақтар мен жауап нұсқаларын көрсетеді. 2 режимді таңдау ұсынылады – командалық немесе жеке. Ұпайлар сұрақтарға жауаптардың дұрыстығы мен жылдамдығына байланысты беріледі. Мұғалім Тест аяқталғаннан кейін барлық тестілеу нәтижелерін оқытушы оларды кейіннен талдау үшін электрондық кестеде сақтай алады.

Қашықтан оқыту кезінде мұғалім жоғарыдағы және басқа да білім түрлері арқылы география пәндерін оқытуда оқушылардың танымдық деңгейін арттырады. Яғни, оқушылар өз беттерімен тапсырма орындап, оқу материалдарының мазмұнын жақсы меңгеріп, өз ойларын толық және дәлелді жеткізуге төселеді. Оқушылардың ойлау және сөйлеу қабілеттері артады. Өз беттерімен керекті материалды тауып, тапсырмаларды дұрыс орындауға үйренеді. Қашықтан оқыту кезінде сабақ барысында пән мазмұнының ұғымдарын қолдануға қажетті жұмыс тілін қалыптастыру да маңызды (мысалы, топтық жұмыстар, сұрақты дұрыс қоя білу, жағдайды талдау және пікірталас жүргізу үшін қажетті тіркестері); сабақ барысында лексиканы, оның ішінде терминология мен тіркестерді орынды пайдалану үшін оларды алдын ала оқыту кезеңінде тиімді қолдану; Оқушылардың тілдік дағдының төртеуін де түрлі әрекеттерде (мысалы, оқылым-тыңдалым, оқылым-жазылым, оқылым-айтылым, тыңдалым жазылым және тағы басқа) әртүрлі мақсаттарға қол жеткізу үшін қолдану; білім алушыларды пікірталас, диалогтарға тарту (мысалы, білім алушылардан қысқа жауаптарды қабылдау және жауаптары тек білімді ғана көрсететін сұрақтар қоймау; білім алушыларды өз білімін нәтижелі талқылау үшін пайдалануға ынталандыру, сондай-ақ білім алушылар диалогқа қатыса алуы үшін қажет бай сөздік қормен қамтамасыз ету); белгілі бір тілге тән дағдыларды дамыту (мысалы, қажетті мәліметті алу үшін тыңдау, түсіндіру, металингвистикалық және метакогнитивтік танымды дамыту, басқа сөзбен айту, сөздікпен жұмыс істеу дағдылары); тіл туралы сын тұрғысынан ойлауды дамыту (мысалы, тілдерді салыстыру, білім алушылардың тілді барынша нақты пайдалануға ынталандыру, тілді меңгерудегі жетістіктерін бағалау); сабақтың басында тілдік мақсатты белгілеу, сабақтың соңында осы мақсат бойынша қол жеткізілген жетістіктерді талқылау.

Қашықтан оқыту кезіндегі *танымдық белсенділік* оқушының оқуға, білімге деген ынта – ықыласының, құштарлығының ерекше көрінісі. Мұғалімнің баяндаған материалын түсіну үшін, оқушының оны зейін қойып тыңдауы, алған білімін кеңейтіп толықтыру үшін, өздігінен кітап оқуы, бақылау, тәжірибе жасау, жазу, сызу сияқты жұмыстарды өздігінен қосымша істеуі керек. Өйткені өтілген материалды саналы қайталауда, жаңадан білім алуда, оның жолдары мен дағдыларына үйренуде өзіндік белсенділіксіз мүмкін емес. Үздіксіз танымдық әрекеттің негізінде ғана оқушыларда танымдық белсенділік қалыптасып, сабақ барысында оқушының бойында танымдық, шығармашылық белсенділік пайда болады. Қашықтан оқыту кезінде оқушылардың қабілеттерінің элементтері дамиды: зеректілік, байқағыштық, ойлау және сөйлеу дербестігі т.б.

Сонымен қатар қашықтан оқыту кезінде *география сабақтарында онлайн экскурсияның маңызы зор.*

Онлайн экскурсия жұмысының мақсаты – оқушылардың қашықтан оқыту кезінде сабақта алған теориялық оқу материалдарын практикамен жалғастыру, бекіту. Сондықтан оқушылардың білімдік, танымдық белсенділігін арттыруда маңызы зор. Ол барлық оқу пәндерінде, әсіресе физика, химия, биология, тарих сабақтарында кеңінен қолданылады. Бұл оқушылардың оқу процесін бақылай білуге жаттықтырады және оқу материалын өмірмен байланыстыра алуға үйретеді.

Қашықтан оқыту кезінде төмендегі сандық ресурстар арқылы да өз сабақтарымыздың маңыздылығы мен сапасын арттыруға көңіл бөліп отырдық:

<https://interneturok.ru/>

- <http://www.eduspb.com>, <http://teachers.jinr.ru/>,
- <http://www.interneturok.ru>
- <http://www.askskb.net/>
- <http://www.edu.yar.ru/russian/projects/socnav/html>
- <http://vkotov.narod.ru/>
- college.ru
- <http://mediadidaktika.ru/>

omsknet.ru

- vargin.mephi.ru,

- alsak.ru PhET Симуляции | Онлайн симуляторы -
- EdX | онлайн курстар -

Бүгінгі таңда қашықтан білім берудің жаңаша негізін жоғары технологиялар құрауда. Қалыпты, дәстүрлі білім беруден гөрі жаңашылдыққа ұмтылу кезеңі басталды. Жаңа технологиялардың бірқатары Қазақстан мектептеріне еніп отыр. Жаңа педагогикалық онлайн технологиялар интеграция және дифференциация ұстанымдарына негізделеді. Қашықтан оқыту кезіндегі білім беру бала денсаулығын сақтай отырып, оқушы жүктемесі мен уақытын тиімді пайдалану проблемасын шешіп, оқушымен жеке түрде мақсатты жұмыс жүргізуге негізделеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Доскажанов Ч.Т., Даненова Г.Т., Коккоз М.М. Роль мобильных приложений в системе образования // Международный журнал экспериментального образования. – 2018. – № 2.
2. <https://kahoot.com/schools-u/>
3. <https://quizlet.com/ru>

ӘОЖ 371.31.853.02

ОРТА МЕКТЕПТЕ ФИЗИКАНЫ ОҚИТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Ж.Қ.Сыдықова¹, Б.Ерженбек¹, М.Қ.Сыдықова²,

¹п.ғ.к., аға оқытушы, ¹магистр, аға оқытушы, ²бастауыш сынып мұғалімі

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

²№187 жалпы білім беретін мектеп, Наурызбай ауданы, Алматы қ., Қазақстан

Zhainagtl_Sydykova@mail.ru, bulbul.83@mail.ru, meiramgul.kanjevna@mail.ru

Қазіргі білім беру жүйесіндегі үздіксіз білім беру бағдарламасының негізгі принципі – жастарды өз бетінше білім алуға үйрету. «Нағыз білім – өз бетінше оқып алған білім» деп үйретеді халық даналығы. Баланы оқыту мен тәрбиелеудің мақсаты – жан-жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыру болса, оқытудағы негізгі мақсат – өздігінен дамуға ұмтылатын жеке тұлғаны қалыптастыру. Жеке тұлғаның дамуында маңызды роль атқаратын мәселе бұл - оқушының өз бетінше жұмысын тиімді ұйымдастыра білу; сол арқылы оқу материалын саналы меңгерудің жүйесін жасау; оқушының түрлі дара қабілеттерін арттыру. Осыған орай, өзіндік жұмыстың негізгі мақсаты – оқушылардың танымдық қабілеттерін қалыптастыру, шығармашылық қабілеттері мен қызығушылығын жетілдіру, білімге құштарлығын ояту. Мұғалім сабақта әртүрлі әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, балалардың ұсыныс-пікірлерін еркін айтқызып, ойларын ұштауға және өздеріне деген сенімін арттыруға мүмкіндік туғызып отыруы қажет. Оқытудың жаңаша әдіс-тәсілдері арқылы өткізілген әрбір сабақ оқушыларды терең ойлауға, ізденіске жетелейді. Оқушылардың өзіндік жұмысы деп арнаулы осы жұмыс үшін берілген уақыттағы, олардың мұғалімнің тікелей қатысуынсыз, бірақ, мұғалімнің тапсыруымен, бақылауымен және басшылығымен орындайтын жұмысын айтады. Өзіндік жұмыс мұғалімнің ұсынған тапсырмасының неғұрлым тиімді тәсілдерін іздестірумен, жұмыс нәтижелерінің талдауымен байланысты оқушылардың белсенді ақыл-ой әрекетін қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар оқушылардың өзіндік жұмысының жоғарғы формасына олардың өз еркімен жаңа амал-тәсілдер қолданып, жасайтын шығармашылық жұмыстарын жатқызамыз. Мұғалім оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыруда өзінің басшылық әрекетін олардың талап-тілектеріне сәйкес ойдағыдай ұштастыра білуі қажет. Бұл мұғалімнен шығармашылық еңбек пен әдістемелік шеберлікті талап етеді. Оқушылардың өзіндік жұмыстарының түрлері сан алуан. Оқушылардың өзіндік жұмыстарын топтастыруда бірнеше шарттар мен белгілерді ескеру қажет. Оқытудың мақсат-міндеттеріне, жеке пәннің мазмұнына, ғылым мен оқыту әдістерінің ерекшеліктеріне, оқушылардың дербестігі мен жалпы даму дәрежесіне, оқыту үрдісіндегі алатын орнына, т.б. белгілеріне қарай олардың өздігінен істейтін жұмыстарын бірнеше топқа бөлуге болады. Оның ең жиі кездесетін бір тобы – сабақ мақсатына қарай қолданатын жұмыстың түрлері: жаңа білімді меңгеру (материалды жан-жақты талдау, мұғалімнің ауызша баяндауының жоспарын, конспектін жасау т.б.); жаңа білімді бекіту (түрлі жаттығулар т.б.); білім мен дағдыларды қайталау, бақылау және тексеру (физикалық диктант, бақылау жұмысы, тест, қалыптастырушы

және жиынтық бағалау тапсырмаларын орындау, есептер шығару, зертханалық жұмыстарды, физикалық практикумды, практикалық жұмыстарды орындау, таратпа материалдармен жұмыс істеу т.с.с).

Оқушылардың өзіндік жұмыстарының екінші тобына ғылым мен оқыту әдістеріне байланысты іске асырылатын жұмыстардың түрлері жатады: оқулықпен, оқу құралымен және басқа да ғылыми анықтама әдебиеттермен жұмыс істеу; конспект жасап үйрену; баяндамалар, рефераттар жазу; шығармашылық жаттығулар, бақылау, т.б. Оқушылардың дербестігінің даму дәрежесіне қарай, олардың өздігінен істейтін жұмыстары репродуктивтік және шығармашылық болып екі топқа бөлінеді. Репродуктивтік жұмыстарға оқушылардың дайын үлгіге еліктеу негізінде жасайтын жұмыстары (пән бойынша қарапайым жаттығу жұмыстары, көшіріп жазу, мұғалімнің берген сұрақтарына кітаптан жауап беру, берілген жоспарға сәйкес оқулықтағы мәтінмен жұмыс істеу т.б.) жатады. Шығармашылық жұмысқа қондырғыларды конструкциялау, қолдан приборлар жасау, схема-плакаттар салу; тәжірибелерді, табиғат құбылыстарын бақылауға, бақылаған нәтижелері бойынша қарапайым қорытындылар жасауға үйрету; үйде физикалық тәжірибелер мен өлшеу-бақылауларды жүргізу және т.б. жатады. Репродуктивтік және шығармашылық жұмыстар өзара байланысты болады, біріншісі екіншісіне ауысып отырады. Төртінші топқа – мұғалімнің тапсыруынсыз: міндетті түрде емес, оқушылардың өз еркімен, қызығушылығымен жасайтын жұмыстары жатады: қосымша әдебиеттерді оқуы, ғылыми үйірмелердің жұмысына араласу, пәндік конкурстарға, олимпиадаларға қатысуы т.б.

Өзіндік жұмысты ұйымдастыруда төмендегідей талаптар орындалуы қажет:

1. Өзіндік жұмыстың мазмұны бағдарламаға қойылатын талаптарға сәйкес келуі керек.
2. Оқушылардың ойлау қабілетін дамытуға тиісті.
3. Өзіндік жұмыстар түрі және мазмұны жағынан әртүрлі болуы керек.
4. Өзіндік жұмысты тек қайталау кезінде ғана жүргізбей, сабақтың барлық кезеңдерінде, орынды жерінде өткізу керек.
5. Жұмыстың көлемін шамадан асырмай, оның сапасын арттыруға көңіл аудару қажет.
6. Оқушылардың өзіндік жұмысын оқу жұмысының басқа түрлерімен дұрыс ұштастыра білу.
7. Оқушыларды алған білімдерін іс жүзінде қолдана білуге дағдыландыру.
8. Өзіндік жұмысты орындауға жеткілікті уақыт берілуі керек (8-15 мин. ұзақ болмайды).
9. Әрбір өзіндік жұмыс тексерілуі және бағалануы керек.
10. Өзіндік жұмыстың мақсаты, орындау әдісі оқушыларға түсінікті болуы тиіс.
11. Өзбетімен жұмысқа оқушылар білім деңгейіне байланысты әртүрлі уақыт жұмсайтынын ескеріп, тақтаға не карточкаға қосымша материалдар дайындап әкелу керек.

Оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру арқылы олардың ойлау қабілеттерін дамытуға болады. Оқушылардың өзіндік жұмыстарының түрлері қаншалықты көп болса, оларды ұйымдастыру жолдары да сан алуан. Физиканы оқыту кезінде оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастырудың негізгі мақсаты: өз бетінше білім алу, білімдерін дамыту, алған білімдерін практикада қолдана білуді үйрету, өздігінен үздіксіз оқуға дағдыландыру.

Оқушылардың өз беттерінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруда оқулықпен, анықтамалық әдебиеттермен жұмыс жасаудың маңызы зор. Оқушылар оқулықпен жұмыс жасағанда мұғалім оларға меңгерген оқу материалының ішінен ең негізгі мәселені таба білуге үйретуі керек. Оқығандарының негізгілерін бөліп алып, конспект жасауға үйрету үшін физикалық құбылыстарды, шамаларды, заңдарды баяндаудың алгоритмдік жоспарын жасап, ұдайы көрсетіп отыруы тиіс, олардың кейбіреуі төменде келтірілген. Бұл көрсетілген жоспарларға қосымша сұрақтар да қосуға болады [1, 2].

Физикалық шама:

1. Қандай нысанды сипаттайды?
2. Физикалық шаманы өлшеу тәсілдері.
3. Өлшем бірлігі /БХБЖ жүйесінде/.
4. Оның басқа шамалармен байланысы.
5. Шама анықтамасы.

Физикалық құбылыс:

1. Құбылыстың басты ерекшеліктері.
2. Өту шарттары.
3. Құбылыс бақыланатын эксперимент тізбегі.
4. Берілген құбылыстың басқа құбылыстармен байланысы.

5. Практикада қолданылуы.

Физикалық заң:

1. Нені байланыстырады, анықтайды, бекітеді.
2. Қандай негізгі фактілерге негізделіп тұжырымдалған.
3. Қандай физикалық шамаларды байланыстырады.
4. Заңды сипаттайтын формула.
5. Тәжірибе жүзінде бекітілуі.
6. Практикада қолданылуы.
7. Заңның анықтамасы.

Көрсетілген жоспарларды оқушылар оқу материалын меңгеру жөніндегі өзінің қызметіне бақылау жасау үшін, ал мұғалімге оқушылардың оқу материалын меңгеру сапасын тексеру үшін де пайдалануға болады. 1-кестеде физикалық шама бойынша жалпылама сипаттағы жоспардың мысалы келтірілген.

1- кесте. Физикалық шама «Абсолют температура»

2-

1	Қандай нысананы немесе құбылысты сипаттайды	Термодинамикалық жүйедегі жылулық тепе-теңдік күйі, дәлірек айтқанда нөлдік деп қабылданған күйден ауытқу дәрежесін көрсетеді.
2	Шаманың жеке жағдайлардағы мәні	Қайнау температурасы, балқу температурасы, кризистік температура
3	Белгіленуі	T
4	Өлшеу әдісі	Тікелей (эталонмен салыстыру)
5	Өлшем бірлігі (БхБЖ жүйесінде)	Кельвин (K)
6	Өлшеу құралы	Термометр, термопара және т.б.
7	Оның басқа шамалармен байланысы	$\bar{\epsilon} = \frac{3}{2} kT$; $p = nkT$
8	Өзгеру аралығы	$0 \text{ K} \text{ to } 10^{15} \text{ K}$
9	Қолданылу шегі	Саны көп бөлшектерден тұратын жүйе үшін қолданылады
10	Шама анықтамасы	Температура – макроскопиялық жүйенің жылулық тепе-теңдік күйін сипаттайды және нөлдік деп таңдап алынған күйден ауытқу дәрежесін көрсетеді.

Оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастырудың келесі бір жолы – әртүрлі типтегі есептерді шығару.

Есептер шығару барысында оқушылардың өзіндік жұмыстарын жеке-дара, жұппен және топпен ұйымдастыруға болады. Есептер шығару арқылы жаңа оқу материалы түсіндіріледі, жаңа оқу материалын бекітіледі және алған білімін практикада қолдана білуі тексеріледі [3].

Мысалы, эксперименттік есептерді шығаруда немесе зертханалық жұмыстарды орындауда, физикадан есептер шығаруда, оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыруды қарастырайық. Бұл жұмыстарды орындауда оқушылар жекелеген топтарға бөлініп орындауларына болады.

Берілген құрал-жабдықтарды пайдаланып сұйықтың, қатты дененің тығыздығын, дененің үйкеліс коэффициентін, ауырлық күшінің үдеуін анықтаңыз. Тізбектей және параллель жалғау заңдарын тексеріңіз.

№1

2-кесте. Қатты дененің тығыздығын анықтау

Дене массасы, $m, \text{ г}$	Көлем, $V, \text{ см}^3$			Қатты дененің тығыздығы, $\rho, \frac{\text{ г}}{\text{ см}^3}$	Зат атауы
	Су көлемі, V_1	Дене мен суды қоса алғандағы көлемі, V_2	Дене көлемі, $V_2 - V_1$		

3-кесте. Сұйық тығыздығын анықтау

Бос стаканның массасы, m_1 , г	Сұйық көлемі, V , см ³	Сұйығы бар стаканның массасы, m_2 , г	Сұйық массасы, m , г	Сұйық тығыздығы. ρ , $\frac{\text{г}}{\text{см}^3}$	Сұйық атауы

№2

4-кесте. Тізбектей жалғау

I_1 , А	I_2 , А	U_1 , В	U_2 , В	R_1 , Ом	R_2 , Ом	$R_{ж}$, Ом	$R'_{ж}$, Ом

5-кесте. Параллель жалғау

I_1 , А	I_2 , А	$I_{ж}$, А	U_1 , В	U_2 , В	R_1 , Ом	R_2 , Ом	$R_{ж}$, Ом	$R'_{ж}$, Ом

№3

6-кесте. Математикалық маятниктің көмегімен ауырлық күшінің үдеуін анықтаңыз

№	l , м	N	Δt , с	$\Delta T = \frac{\Delta t}{N}$	g , м/с ²

№4

Массасы 0,2кг біртекті цилиндр түріндегі қозғалмайтын блок арқылы салмақсыз жіп асырылып, ұштарына 0,35 кг және 0,55 кг жүктер байланған. Блок осіндегі үйкелісті ескермей анықтау керек: 1) жүктердің үдеуін; 2) жіптердің керілу күштерінің қатынасын.

Берілгені

$$m = 0,2 \text{ кг}$$

$$m_1 = 0,35 \text{ г}$$

$$m_2 = 0,55 \text{ кг}$$

$$T/K \ a - ? \ \frac{T_2}{T_1} - ?$$

Талдауы:

$$m_1 a_1 = T_1 - m_1 g$$

$$m_2 a_2 = m_2 g - T_2$$

$$T_1 = m_1 a_1 - m_1 g$$

$$T_2 = m_2 g - m_2 a$$

$$(T_2 - T_1)R = J\varepsilon$$

$$J = \frac{mR^2}{2}, \quad \varepsilon = \frac{a}{R}, \quad (T_2 - T_1)R = \frac{mR^2 a}{2}$$

$$(T_2 - T_1) = \frac{mR^2 a}{2R^2} = \frac{ma}{2}$$

$$T_2 - T_1 = m_2 g - m_2 a - m_1 a - m_1 g$$

$$\frac{ma}{2} = m_2 g - m_2 a - m_1 a - m_1 g$$


$$ma = 2m_2 g - 2m_2 a - 2m_1 a - 2m_1 g, \quad ma + 2m_2 a + 2m_1 a = 2m_2 g - 2m_1 g$$

$$a(m + 2m_2 + 2m_1) = 2g(m_2 - m_1), \quad a = \frac{2g(m_2 - m_1)}{m + 2m_2 + 2m_1}$$

$$\frac{T_2}{T_1} = \frac{m_2(g - a)}{m_1(g + a)}$$

Шешуі:

$$a = \frac{2 \cdot 9,8 \cdot (0,55 - 0,35)}{0,2 + 2 \cdot 0,55 + 2 \cdot 0,35} = \frac{3,92}{2} = 1,96 \text{ м/с}^2$$



$$\frac{T_2}{T_1} = \frac{0,55 \cdot (9,8 - 1,96)}{0,35 \cdot (9,8 + 1,96)} = \frac{4,312}{4,116} = 1,05$$

Жауабы: $a = 1,96 м / с^2$, $\frac{T_2}{T_1} = 1,05$

Қазіргі уақытта мектептер жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша жұмыс жасауда. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – қолайлы білім беру ортасын құра отырып оқушылардың сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін арттыру, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Бұл мәселені жүзеге асыруда оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастырудың маңызы зор.

Андатпа

Мақалада орта мектепте физиканы оқытуда оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру мәселесі баяндалған. Физикадан оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастырудың формалары берілген. Сонымен бірге, өзіндік жұмысты ұйымдастыруға қажетті талаптар көрсетілген.

Кілттік сөздер: физиканы оқыту әдістемесі, өзіндік жұмыс, есептер шығару, оқыту әдістемесі.

Аннотация

В статье рассматривается организация самостоятельной работы учащихся при обучении физике в средней школе. Приведены формы организации самостоятельной работы учащихся по физике. Кроме того, уточняются требования к организации самостоятельной работы.

Ключевые слова: методика обучения физике, самостоятельная работа, решение задач, методика обучения.

Abstract

The article deals with the organization of independent work of students when teaching physics in high school. The forms of organization of independent work of students in physics are given. In addition, the requirements for organizing independent work are clarified.

Key words: methods of teaching physics, independent work, problem solving, teaching methods.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. М.Құдайқұлов, Қ.Жаңабергенов Орта мектепте физиканы оқыту әдістемесі. Мұғалімдер мен студенттерге арналған құрал. Алматы, "Рауан", 1998.-310 б.

2. Ж.Қ.Сыдықова Физикалық ұғымдарды қалыптастыру әдістемесі // Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті. Хабаршы. «Физика-математика ғылымдары» сериясы. - 2018. - №1 (61). – Б.216-220.

3. Ә.Х.Сарыбаева Физика есептерін шығару әдістемесінің негіздері. Оқу-әдістемелік құрал.- Шымкент, 2016.-200б.

ӘӨЖ: 543.04

ОҚЫТУ САПАСЫН АРТТЫРУДА ОРТА БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУЫНЫҢ ЖӘНЕ ВИРТУАЛДЫ-ИНТЕРАКТИВТІ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ.

А.М. Татенов¹, Н.А.Сандибаева¹, А.Н. Қарымбай¹, С.Т. Токтауғалиева¹

¹Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан
e-mail: tatenov_adambek@mail.ru

Білім беру процесінің өзіне тән ерекшелігі оның айқын инерттілігі, консерватизмі болып табылады. Кез-келген инновацияны педагогикалық қауымдастық әрең қабылдайды. Алайда, 21 ғасырда адамзаттың әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық дамуының жедел қарқыны өз жағдайларын талап етеді. Қазақстан Республикасындағы жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайлар білім беру саласында түбегейлі жаңа жағдай туғызды. Бұл жағдайда білім беру мекемелерінде жаңа ақпараттық технологияларды қолдану уақыт талабы ретінде білім беруді дамытуды қамтамасыз етеді. Ақпараттық технологияларды білместен қазіргі деңгейде білім алуға болмайды. Оны меңгермеген адам уақытпен қатар жүре алмайды, одан әрі жақсы жұмыс орнына үміткер бола алмайды және т.б. мектептерде Интернетпен және компьютерлік техникамен жұмыс істеуге көбірек

көңіл бөлінеді. Бұрын - соңды болмаған құралдар-компьютерлік технологиялар, Интернет оқу процесін өзгертеді, оны жеңілдетеді, тиімдірек және қызықты етеді. Компьютерлік технологиялар-бұл ақпараттық технологиялардың эволюциялық дамуының өнімі, ол алдыңғы барлық жақсы жетістіктерді органикалық түрде сіңірді. Компьютер кино, бейне техника және техникалық оқыту құралдарының (ТОҚ) мүмкіндіктеріне ие.

Бірақ бұған оқу материалымен интерактивті өзара іс - қимыл, яғни физика, химия, биология, информатика және т.б. бойынша тақырыпты оқып-үйренудің жүріп жатқан процесінің параметрлерін өзгертуге оқушының белсенді араласуы, жеке жұмысқа қатысты үлкен икемділік, компьютерді пайдаланушы тұрғысынан шығармашылық қабілеттерін көрсетуге көшудің әмбебап мүмкіндігі (виртуалды интерактивті технология сабақты сүйемелдеу, мультимедия-ерекше күрделі тақырыптарды сүйемелдеу, жаратылыстану-ғылыми пәндер бойынша виртуалды зертханалық жұмыстар және т. б.) қосылды. Орта білім берудің барлық қызметін ақпараттандырудың кеңінен дамуына байланысты, ақпараттық технологиялардың көмегімен қазіргі кезеңде өз шешімін талап ететін, бұрын қараусыз қалған, жинақталған өзекті мәселелер қалай шешілетін болады? Ақпараттық технологияны қолдана отырып, білім беру қызметінің кейбір функцияларын қалай автоматтандыруға болады? АКТ негізінде көптеген мектеп пәндері бойынша оқыту сапасын арттырудың жаһандық мәселесі қалай шешілетін болады? Мұндай тәсілмен әдістемелік және психологиялық аспектілер? и.

Осы сұрақтардың барлығына жауаптар Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 18 сәуірдегі №400, блок-04 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасының халық шаруашылығын ақпараттандыру» Республикалық мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламасы бойынша 04.03.01 «жаңа ақпараттық технологиялар негізінде орта мектепте оқу процесін басқару және бақылау жүйесін әзірлеу» тақырыбының ғылыми жетекшісі болған 1994-1998 жылдар ішіндегі зерттеу негізінде беріледі. Бұл зерттеулердің нәтижелерін автор Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының Білім беру жүйесін ақпараттандыру бағдарламасы» мемлекеттік бағдарламасын әзірлеу тобының жетекшісі болған кезде қолданған. 1997 жылы қыркүйек айында осы бағдарламаны Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа баяндап, ол сәтті қабылданып, жүзеге асырылды.

Жоғарыда аталған барлық аспектілер мен олардың шешімдері орта және жоғары білім беру оқытушыларының біліктілігін арттыруда және қашықтықтан оқыту үшін пайдаланылатын болады.

Орта білім берудің өзекті мәселелері және оларды ақпараттық технологиялар тұрғысынан шешу жолдары 1.1 электрондық оқытуды ескере отырып, қазіргі уақытта бастауыш, орта және жоғары сыныптар үшін шешімді талап ететін орта мектеп оқушысының апталық жүктемесінің санитарлық нормалары.

Қазіргі уақытта орта білім беру жүйесінде шұғыл шешуді қажет ететін көптеген мәселелер жинақталды, бұл қоғамның интеллект деңгейінің дамуын, оқушылардың психологиялық факторының өзгеруін және т. б. ескере отырып, электронды оқыту жүйесін енгізу жағдайында орта мектеп оқушыларының апталық жүктемесінің санитарлық нормасын қайта қарау мәселесі. Бұрынғы санитарлық нормалар 20 ғасырдың 50-ші жылдарында қабылданды (жоғары сынып оқушылары үшін аптасына 37 сағат және төменгі сыныптар үшін 20-25 сағат). Қазіргі уақытта мұндай санитарлық нормалар қазіргі заманғы орта білім беру стандарттарына сәйкес келмейді және білім беру мекемелерінде сақталмайды. Сонымен қатар, бір оқушыға жүктеменің санитарлық нормаларын әзірлеу кезінде оқытылатын пәндер санының өсуін ескеру қажет.

1.2 сыныптардағы пәндер санын көбейту және оның оқыту сапасына әсерін талдау:

* оқытылатын пәндер санының артуын 15-20 жыл бұрын информатика, өзін-өзі тану, өмір қауіпсіздігінің негіздері, екі-үш шет тілін үйрену және т.б. пәндері болмағандығын мысалмен көрсетуге болады. Жоғарыда аталған пәндер бөлінген оқу сағаттарын таңдап, алдыңғы пәндерге бөлінген сағат санын азайтады. Нәтижесінде оқушы аз сағат ішінде барлық алдыңғы пәндерді және тағы 5-6 пәнді игеруі керек. Оқытылатын пәндердің мұндай өсуі мектеп оқушыларының апталық жүктемесінің аптасына бірнеше сағатқа артуына әкеледі. Балалардың үйлесімді дамуы мектептен тыс қосымша жүктемені қажет етеді, бұл балаларға жүктемені тағы бір рет арттырады. Мұның салдары өте өкінішті, балаларда психикалық, жүйке денсаулығының бұзылуына әкеледі.

Сыныпты оқушылардың толтыру саны және оның оқу үлгеріміне әсері.

Жүктеме мен оқу сапасына әсер ететін тағы бір фактор-бұл оқушылардың сыныптағы саны. Егер сыныпта 40-45 оқушы оқитын болса, онда мұғалімнің жүктемесін арттырады және бұл оқу сапасына әсер етеді.

Санитарлық нормаларға сәйкес сыныптағы оқушылардың толу нормасын қайта қарау қажеттілігі бір оқушыға келетін шаршы метр санын есептеу арқылы есептеледі, ал мұғалімнің психологиялық және интеллектуалдық жүктемесінің артуы ескерілмейді, яғни 10-15 оқушы мен 40-45 оқушы оқытатын мұғалімнің жалақысы бірдей, және бұл жүктеме айырмашылығы оқу сапасына айтарлықтай әсер етеді;

Оқушының мектептегі нақты оқу жүйесінде шамадан тыс жүктелгені белгілі болады. Оқушыны осындай жағдайдан қалай құтқаруға болады?

Шешу жолдары:

* пәндер санының көбеюі есебінен ұлғайған оқушыға сағаттық жүктемені азайтудың бір тәсілі-виртуализация және интерактивизация, сондай-ақ тақырыптарды мультимедиялық сүйемелдеу, ақпараттық технологиялар көмегімен мектептегі оқу пәндерінің барлығын қамту.

Мысалы, бір тақырыпқа аптасына екі сағат негізінде екі жарым айға есептелген, ал виртуалды-интерактивті сүйемелдеуді қолдану және осы мақала авторының жетекшілігімен әзірленген виртуалды-интерактивті зертханалық жұмыстарды орындау кезінде оқушылар екі апта ішінде тақырыпты толық игерді. Мұғалім тест жұмысын жүргізіп, тақырыпты жапты. Осылайша, екі айлық уақыт тек бір тақырыпта үнемделді.

Егер Сіз ұқсас технологияны мектеп пәндеріне қолданатын болсаңыз, онда сіз көп уақытты үнемдей аласыз, сабаққа жіберілген барлық уақыттың шамамен 60%-ы және сабақты дайындауға кететін уақыт үнемделеді.

Зерттелетін материалдарды игеру және виртуалды интерактивті сабақтардан үйренудің тиімділігі өте жоғары және оқушы үй тапсырмасын орындауда аз қиындық тудырады. Бұл фактор уақытты үнемдеуге де пайдалы әсер етеді. Нәтижесінде, оқу пәндерін интерактивті виртуалдандыру есебінен мектеп оқушысын жүктен босатудың жаһандық мәселесі шешілуде.

Ол үшін келесі тапсырмаларды орындау қажет:

- электрондық оқытудың ақпараттық жүйесі негізінде барлық мүмкін болатын мектеп пәндері бойынша виртуалды-интерактивті, мультимедиялық білім беру контентін әзірлеу қажет (физика, химия, биология, геометрия, информатика және т. б. Пәндерге түсіндіру қиын болатын тақырыптар бойынша сабақтарды виртуалды-интерактивті және мультимедиялық сүйемелдеу);

- психологиялық жүктеменің өзгерістерімен бастауыш, орта және жоғары сыныптарда электрондық оқыту жүйесін енгізуді ескере отырып, оқушылардың апталық жүктемесінің және сыныптағы оқушылардың толықтырылуының санитариялық нормаларын қайта қарау. Сынып оқушыларымен толтыру шамамен 20-25 оқушы аралығында болуы керек.

Мұғалімнің барлық функционалдық міндеттерінің санын және осы міндеттерді орындауға кететін уақыттың ұзақтығын талдау. Автоматтандырылған жұмыс орындары - АЖО «бөлінісінде негізгі функционалдық міндеттерді автоматтандыру». Қазіргі орта білім беру жүйесінде мұғалім шамадан тыс жүктелген. Білім Министрлігі, облыстық білім басқармалары, аудандық білім бөлімдері, мектеп директоры, оқу ісінің меңгерушісінің қойған барлық міндеттері талданды. Төменде мұғалімнің орындауы үшін осындай барлық міндеттердің тізімі берілген. Жаңа ақпараттық технологиялар негізінде орта мектепте оқу процесін автоматтандыру, бұл бөлімде "ҰАТ негізіндегі оқу процесін басқару мен бақылаудың жедел жүйесі" тақырыбы бойынша зерттеу нәтижесінде алынған материалдар қарастырылады. Орта мектепте оқу процесін жүргізу және әдістемелік қамтамасыз ету қызметін автоматтандыру принциптері, оқу процесін басқару және бақылау үшін қажетті оқу процесінің өлшенетін параметрлері келтірілген.

Функцияны бөлу принципін іске асыру. Негізгі идея оқу процесін әдістемелік қамтамасыз ету қызметінің, оқу процесін жүргізу қызметінің және мұғалімнің сабағын әдістемелік қамтамасыз ету қызметінің функцияларын нақты бөлу және автоматтандыру болып табылады. Функцияны мұндай бөлудің қажеттілігі бұрын, қазіргі уақытта мұғалім орындайтын технологиялық операцияларды талдау негізінде көрсетілген. Мұғалімнің шамадан тыс жүктелуі оқу процесіне әсер ететін фактор болып табылады, сонымен бірге әдістемелік қамтамасыз ету қызметі және оқу процесін жүргізу қызметі жүктелген немесе оларға тән емес функцияларды орындайды. Демек, оқу процесінің тиімсіздігі. Осы проблеманы шешу ЭЕМ базасында жаңа ақпараттық технологиялар (СНИТ) құралдарын қолдану болып табылады.

Осы мақсатта әзірлеушілердің шығармашылық тобы құрылады, оның құрамына тәжірибелі мұғалімдер, ғалымдар, әдіскерлер, жүйелік техниктер және бағдарламашылар кіреді. Бұл топтың негізгі міндеті-оқу процесінің барлық қатысушылары үшін міндетті болып табылатын тапсырманың күрделілігінің барлық пәндері бойынша оқу процесін әдістемелік қамтамасыз етуді автоматтандыруды дамыту;

- қосымша келесі қағидаттарды іске асыру;
 - оқытушы, оқу үдерісін жүргізу қызметі және оқу үдерісін әдістемелік қамтамасыз ету қызметі арасында функцияларды бөлу;
 - үш үлгідегі аттестат берумен үш деңгейлі оқыту;
 - оқушының оқу деңгейін таңдау құқығы;
 - оқушының апелляцияға құқығы;
 - оқушының аттестат үлгісіне оқушының мүмкіндігіне сәйкес келу құқығы.
- Ұсынылып отырған жүйе оқу процесін аудан, өңір және республика деңгейінде басқаруға мүмкіндік береді.

Аңдатпа

Орта білім беруді дамытудың өзекті мәселелерін шешуге тұжырымдамалық көзқарас және оқыту сапасын арттыруда виртуалды-интерактивті ақпараттық технологиялар.

Мақалада дамудың жаһандық мәселесі және орта білім берудің өзекті мәселелерін шешудің тұжырымдамалық тәсілі, сондай-ақ оқыту сапасын арттырудағы виртуалды-интерактивті ақпараттық технологиялар туралы айтылады. Жинақталған сұрақтар мен олардың шешімдері мақала авторы Республикалық мақсатты ғылыми-техникалық бағдарлама бойынша 04.03.01 "жаңа ақпараттық технологиялар негізінде орта мектептегі оқу процесін басқару және бақылау жүйесін әзірлеу" мемлекеттік тақырыбының жетекшісі болған 5 жыл бойы (1994-1998 жж.) зерттеу негізінде ұсынылады. Шамадан тыс жүктелген оқушыны түсіру, пән мұғалімдерін виртуалды-интерактивті ақпараттық технологиялар арқылы оқыту сапасын арттыру процесін автоматтандыру арқылы қағаз-есеп беру жүктемесінен босату, пәнді оқытуға кететін уақытты 60% азайту идеясы алға тартылды. *Кілттік сөздер:* параметрлерді өлшеуіш, тексеру тапсырмалары мен сұрақтарының банкі, тексеру тапсырмалары мен сұрақтарының күрделілік дәрежесі, оқушы рейтингі, мұғалімнің рейтингі, тексеру тапсырмалары мен сұрақтарының күрделілік дәрежесінің рейтингі, өлшеуіштер шкаласы.

Аннотация

Концептуальный подход к решению актуальных вопросов развития среднего образования и виртуально-интерактивные информационные технологии в повышении качества обучения. В статье затронут глобальный вопрос развития и концептуальный подход решения актуальных вопросов среднего образования, а так же виртуально-интерактивные информационные технологии в повышении качества обучения. Накопившиеся вопросы и их решения предлагаются на основе исследования в течение 5-ти лет (1994-1998 гг.), когда автор статьи являлся руководителем Государственной темы: 04.03.01 «Разработка системы управления и контроля учебным процессом в средней школе на основе новых информационных технологий» по Республиканской целевой научно-технической программе. Выдвигается идея разгрузки перегруженного ученика, разгрузка учителей предметников от бумажной-отчетной нагрузки через автоматизацию процесса повышения качества обучения через виртуально-интерактивные информационные технологии, уменьшение времени затрачиваемых на обучение предмета на 60 %.

Ключевые слова: измерители параметров, банк проверочных заданий и задач, степени сложности проверочных заданий и задач, рейтинг ученика, рейтинг учителя, рейтинг сложности проверочных заданий и задач, шкала измерителей.

Abstract

Conceptual approach to the solution of topical issues of development of secondary education and virtual and interactive information technologies in training improvement of quality. In article will mention a global development issue and conceptual approach of the solution of topical issues of secondary education, and also virtual and interactive information technologies in training improvement of quality. The collected questions and their solutions are proposed on the basis of an iissledovaniye within 5 years (1994-1998) when the author of article was the head of the State subject: 04.03.01 «Development of the system of management and control of educational process at high school on the basis of new information technologies» according to the Republican target scientific and technical program. The idea of unloading of the overloaded pupil, unloading of subject teachers from paper-reporting loading through automation of process of improvement of quality of training through virtual and interactive information technologies, reduction of time spent for training of a subject for 60% is pushed.

Key words: parameter meters, Bank of test tasks and tasks, degree of complexity of test tasks and tasks, student rating, teacher rating, rating of complexity of test tasks and tasks, scale of meters.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Татенов А.М., Артыгали С. Оперативная система управления учебным процессом школы на основе НИТ. М.: Педагогическая информатика, 1996.
2. Tatenov A.M., Artygalin S. Management and control system of school educational process based on new information technologies. The Second International Conference on Distans Education. ICDED-96. Proceedings. V.2. P.598.
3. Татенов А.М., Артыгалин Р., Артыгалин С. Система управления учебным процессом школы на основе новых информационных технологий. // Менеджмент в образовании, Мин.обр.РК. 1996.
4. Татенов А.М., Жангисина Г.Д. Автоматизированная система управления учебным процессом в средней школе на основе новых информационных технологий. Алматы: Научный журнал Мин.обр.РК. Изденис-Поиск, 2007. стр 279-286.

ӘОЖ 37.013

ХИМИЯ ПӘНІН АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Үдербаева Г.Д.

7M01504-Химия мамандығының 2-курс магистранты, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

E-mail: uderbayeva_g@mail.ru

Ғылыми жетекшісі: п.ғ.к. қауым. профессор м.а. Ж.Қ.Қуанышева

Тәуелсіз ел тірегі – білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған өзекті мәселе – білім беру, ғылымды дамыту. Өркениет өзегі – білім, ғылым. Осы орайда білім ордасының жаны - ұстаз екендігі баршамызға мәлім. Білім беру жүйесіндегі негізгі талап-сабақта білім берудің жаңа технология әдістерін қолдана отырып, оқушыларды өздігінен шығармашылықпен жұмыс істей алатын деңгейге жеткізу.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2006 жылдың қазанында өткен Қазақстан халқы ассамблеясының XII сессиясында «Үш тұғырлы тіл» туралы идианы жария етті. Ал 2007 жылғы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты халыққа жолдауында «Тілдердің үш тұғырлығы» мәдени жобасын кезең – кезеңмен іске асыруды ұсынды. Халқымыздың рухани дамуымен қатар, бұл идея ішкі саясатымыздың жеке бағыты болып белгіленді. Идеяның негізгі түйіні: Қазақстан әлемде жоғары білімді, халқы үш тілді де: қазақ тілін – мемлекеттік тіл ретінде, орыс тілін – ұлтаралық қатынас тілі ретінде және ағылшын тілін - жаһандық экономикаға нәтижелі өтудің көмекші тілі ретінде еркін меңгерген ел болып танылуы керек. Дәлірек айтсақ, үштұғырлы тіл идеясының қарапайым формуласы – мемлекеттік тілді дамытамыз, орыс тілін қолдаймыз және ағылшын тілін үйренеміз. Шығыстың ғұлама ғалымы әл Фарабидей 70 тіл білмесек те, үш тілділікті енгізу – бүгінгі таңда өзекті мәселе. Жаңа бағдарламаның түпкі мақсат – міндеті- біздегі халықтың жаппай қазақ тілін, орыс тілін, ағылшын тілін меңгеруі. Үштұғырлы тіл идеясы тілдік саясаттың жаңа үлгісі емес, заман талабына сай өмір қажеттіліктерінен туындаған идея. Қазақстан мектептерінде үш тілде білім беруді дамыту дарынды балаларға арналған 33 экспериментті мектептің, 20 НЗМ-нің және 30 білім – инновация лецейінің тәжірибесі бойынш жүзеге асырылатындығы жоспарланған болатын [1].

Көптілді білім беру дамудың кешенді бағдарламасында актуалды бағыттардың бірі болып табылады. Сапалы білім беруді және жоғары танымды қалыптастыруға ұмтылу, білім шекарасын жылжыту, оқушыларды өмірге даярлау – жаңа әлемде нақты қос не көптілділік болып табылады.

Оқыту технологиясының жаңа сапаға жетуін, заманауи оқу – әдістемелік және ғылыми – педагогикалық базаның дамуын қамтамасыз ететін үш тілде оқытудың бірыңғай тілдік стандартына сәйкес тілдік пәндер бойынша отандық оқулықтар мен оқу әдістемелік кешендері әзірленген болатын. Мектептің жоғары сыныптары үшін төрт пән бойынша (информатика, физика, химия, биология) шетелдік оқулықтар мен ағылшын тіліндегі ОӘК бейімделді. ЖМБ-ғы төрт пән ағылшын тілінде оқытатын педгог кадрларға және үштілділікті енгізуге деген қажеттілік, жоспарға, сай, физика, химия, биология және информатика пәндерін ағылшын тілінде оқыту әдістемелік бойынша мектеп мұғалімдерінің біліктілігін арттыру курстары ұйымдастырылды.

Ағылшын тілі және химия пәндімен кіріктіріп оқытудың ұстанымдарының негізі болып:

1) танымдылық көзқарас тұрғысынан түпнұсқалық оқу материалын кеңінен қолдану ұстанымы;

- 2) оқыту процесінде мұғалімге белсенді демеу және көмек көрсету ұстанымы;
- 3) екінші немесе шет тілді өнімді және қарқынды меңгеру ұстанымы;
- 4) көпмәдениеттілік ұстанымы;
- 5) жоғары дәрежеде ойлау дағдыларын дамыту ұстанымы;
- 6) оқытудың тұрақтылығы ұстанымы

Аталған ұстанымдардың бірінші, түпнұсқалылық, ақпараттың толықтылығы және когнитивті жүктеменің нақты деңгейі оқу материалдарына қойылатын негізгі талаптар екенін білдіреді. Бұл түпнұсқалық интерактивті материалдар тек жоғары уәждемелік әлеуетпен ғана емес, жасанды тілдік орта құру үшін негіз ретінде және жоғары деңгейлі қиын тапсырмалар әзірлеумен де қолданылуы мүмкін екенін көрсетумен де байланысты. Мұғалім осы ұстанымға байланысты екінші тілді, яғни мақсатты тілді белсенді қолданады (біздің жағдайда – ағылшын тілін), ол оқушылар үшін «тілдік модель» ретінде жүреді. Орта мектептің химия пәнін оқытуда үш тілді қолдана отырып оқушылардың білімі мен біліктілігін қалыптастыру және оқушылардың пәнге деген белсенділігін арттыру. Химия пәнін оқытуда үш тілді пайдалану тәсілдерін нақты мысалдармен көрсету, тілді қолдану тиімділігін анықтау.

Ағылшын тілін химия пәнімен кіріктіре оқытудың негізгі міндеттері:

- Химияны оқытуда үш тілді қолдану және үндестіре отырып оқушылардың білімі мен біліктілігін қалыптастыру;

- Үш тілді, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін пайдаланып, оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыру және химия саласына байланысты тілдік қорын дамыту;

- Химия пәнін орыс тілі және ағылшын тілі пәндерімен кіріктіре өткізу тиімділігі;

- Химия пәніндегі жиі қолданылатын сөздермен глоссарий жұмыстарын жүргізу нәтижелілігі.

Химия пәнін үш тілді үндестіре отырып меңгерту үшін стандарттық бағдарламаны игеруде оқушыны қалыптастырып, оны қызықтыру үшін тілді игертудің оңай жолдарын, тәсілін табу мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Мектеп оқушылары заман ағымына сай күнделікті өмірде өз ана тілдерімен бірге орыс және ағылшын тілдерін де жиі қолданады. Ол - заман талабы, өмір қажеттілігі. Химия пәнінде басқа тілді қолдану оқушылардың қызығушылығын арттырып, өзі өмір сүріп отырған ортада еркіндікке бейімдеп, өзін танып біліп, кез келген әрекетке жауапкершілікпен, шығармашылықпен қарау деңгейіне жеткізеді. Басқа тілді түсінбегендіктен қолайсызданудан алшақтатады [3].

«Химия (физика, биология, информатика) мұғалімі – ағылшын тілі мұғалімі – оқушылар» үшбұрышының тілдесуінен туындаған қызығушылықтың әсерінен оқу материалын қабылдау, бақылау белсенділігі артады, сезімдік және логикалық ойлау жанданады, қиялдың жұмыс істеуі қарқыны ұлғаяды. Жаратылыстану пәндерінің ішіндегі химия пәні мен ағылшын тілі пәнін байланыстыра оқыту барысында 8-сыныптарда өтілетін «Атомда электрондардың таралуы» атты тақырыпта өтілетін сабақта төмендегідей тапсырмалар жүйесін қолдануға болады. Төменде құрастырылған тапсырмалар Алматы қаласы, Медеу ауданындағы №7 жалпы білім беретін мектептің 8 а, б сыныптарымен сабақ өту барысында қолданылды.

1–тапсырма. Сәйкесін табыңыз. Find a match

Қазақша нұсқасы	Ағылшынша нұсқасы
1. Атом	a) Nucleus
2. Ион	b) Proton
3. Атомдық масса	c) Atomic number
4. Электрон	d) Charge
5. Энергетикалық деңгей	e) Ion
6. Нейтрон	f) Atomic mass
7. Атомдық нөмер	g) Atom
8. Протон	h) Shell
9. Заряд	i) Electron
10. Ядро	j) Neutron

2–тапсырма. Мәтінмен жұмыс. Берілген мәтінді қазақшаға аударыңыз. Work with text. Translate the given text into Kazakh.

Atoms are the basic units of matter and the defining structure of elements. Atoms are made up of three particles: protons, neutrons, electrons. Protons and neutrons are heavier than electrons and reside in the center of the atom, which called the nucleus/ electrons are extremely lightweight and exist in a cloud orbiting the nucleus. The electron cloud has a radius 10,000 times greater than the nucleus. Protons and


neutrons have approximately the same mass. However, one proton weighs more than 1,800 electrons. Atoms always have an equal number of protons and electrons, and the number of protons and neutrons is usually the same as well. Adding a proton to an atom makes a new element, while adding a neutron makes an isotope, or heavier version, of that atom.

3-тапсырма. Төмендегі кестені толтырыңыздар. Fill in the table below.


Name of chemical elements	Symbol	Number of protons	Number of neutrons	Number of electrons	Atomic mass
Sodium					
Iron					
Oxygen					
Chlorine					
Sulfur					
Magnesium					
Potassium					
Nitrogen					
Carbon					
Gold					

[4]

4-тапсырма. Әр элементтің атауын, массалық санын және құрамын көрсетіңіз. Indicate the name, mass number and composition for each element.



«Атомда электрондардың таралуы» тақырыбына үш тілді үндестіре оқыту және дәстүрлі оқытудың салыстырмалы көрсеткіші



Сыныбы	Қатысқан оқушылар саны	Сабақтың түрі	«5»	«4»	«3»	«2»	Үлгерімі	Сапасы
8 «А»	24	Дәстүрлі сабақ	2	11	11	-	100%	54%
8 «Б»	25	Үш тілде үндестірілген сабақ	5	13	7	-	100%	72%

Айырмашылығы	
Үлгерімі	Сапасы
Өзгеріс жоқ	18% ға жоғарылады

Үш тілде үндестіре оқыту:

- Білім сапасы көтерілді;
- Ағылшын, орыс тілдерімен салыстыра жұмыс жасау қабілеті қалыптасты;
- Ізденушілік қабілеті артты, мұғалім еңбегі жеңілдеді;
- Ағылшын, орыс тілдеріндегі әдебиеттерді қолдануға бейімделді;
- Пәнге деген қызығушылықтары қалыптасты;
- Білім сапасы дәстүрлі оқытумен салыстырғанда 18% жоғарылады.
- Пәнді интернет жүйесін пайдаланып үйренуге ұмтылысы байқалды.

Химия пәнін ағылшын тілімен байланыстыра оқыту арқылы оқушының ағылшын тілін меңгерудегі сөздік қоры толығады, сөйлеу дағдысы қалыптасады. Сабақ барысында қосымша берілетін химиялық терминдер сөздігі оқушының сөз қорын қалыптастыруда өз көмегін тигізеді.

Мен өзім орта білімдегі үш тілді оқыту аясында «Биология», «Химия», «Физика», «Информатика» пәндері оқытушыларының біліктілігін көтеру шеңберінде А1, А2, В1, В2 деңгейі бойынша ағылшын тілі курсы тәмамдаған болатынымын. Оқығанымды практика жүзінде қолдана бастадым. 8 сыныпта «Атомдардағы электрондардың қозғалысы» тарауына өткізілген ашық сабағымда пәнге тілді кіріктіру мақсатында ағылшын тілінде амандасудан бастап, сөздікпен жұмыс, «Read and match» яғни «Сәйкесін тап» тапсырмаларын орындату арқылы, оқушылардың қызығушылықтарын оятып, пәнге деген белсенділіктерін байқадым.

Қорыта айтқанда: пәнді үш тілде үндестіре оқыту – бұл бір оқу материалының үш тілде негізделіп берілуі, жалпы білімнің үш тілде тоғысуы, бір-бірімен етене байланысуы. Үш тілде ұштастыра өткен сабақтар оқушыға толық түсінік береді, заттар мен құбылыстардың өзара байланыстары туралы біртұтас мағлұмат береді, олар құрылысы бойынша белгілі қалыпқа сыймайды, сондай-ақ, оқу сағаттарын барынша үнемді пайдалануға мүмкіндік береді. Осы тектес сабақтарда оқушылардың бейнелі ой-өрісі дамып, шығармашылық мүмкіндіктері ашылады. Кіріктірілген сабақтардың құрылымы нақтылығымен, сыйымдылығымен, орамдылығымен, сабақтың әр сатысындағы оқу материалының логикалық өзара келісімімен, материалдың зор ақпараттық мүмкіндігімен ерекшеленеді.

Аннотация

Статья посвящена переходу преподавания на английском языке отдельных естественнонаучных дисциплин (химия). Автор рассмотрены дидактические условия, формы и методы осуществления межпредметной интеграции учебных дисциплин «химия» и «английский язык», даны рекомендации по организации уроков.

Кілттік сөздер: білім беру, жаңа технологиялар, пәндік - тілдік интеграцияланған оқыту (CLIL), шетел тілі, билингвальды оқыту.

Abstract

The article is devoted to the transition to teaching in English of certain natural science disciplines (chemistry). The author considers didactic conditions, forms and methods of implementation of interdisciplinary integration of educational disciplines (chemistry) and English, recommendations on the organization of similar lessons are given.

Key words: education, modern technologies, content and language integrated learning (CLIL), foreign language, bilingual education.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Астана, 2016 жыл. Қазақстан Республикасы Президентінің Н.Ә.Назарбаевтың 2016 жылғы 1 наурыздағы №205 Жарлығымен бекітілген.

2. Химия. Жалпы білім беретін мектептің 8–сыныбына арналған оқулық / М.Қ.Оспанова, Қ.С.Аухадмева, Т.Г.Белоусова, - Алматы: Мектеп, 2018. – 216б.

3. Ағылшын тілі және жаратылыстану – математика бағытындағы пәндерді (информатика, физика, химия, биология, жаратылыстану) кіріктіріп оқыту. Оқу – әдістемелік құралы. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2016. – 94б.

4. Химия: Әдістемелік нұсқау. Жалпы білім беретін мектептің 8–сынып мұғалімдеріне арналған құрал / Аухадмева, Т.Г.Белоусова, - Алматы: Мектеп, 2018. – 232б.

УДК: 378.14

ИНФОРМАЦИОННЫЕ СИСТЕМЫ В СФЕРЕ ДИСТАНЦИОННОГО ОБУЧЕНИЯ

Н.Б. Утегенов¹, И.М. Бапиев²

¹магистрант 2-курса, ²доктор Ph.D, и.о. доцента

Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана, г.Уральск, Казахстан

email: ¹nurikutegenov7@gmail.com, ²bapiev@mail.ru

Введение. Еще пять лет назад дистанционному обучению в Казахстане не так много уделяли внимания. Казалось, что полное и глубокое изучение предмета на расстоянии невозможно без надлежащего контроля со стороны преподавателя. Даже на сегодняшний день процент граждан, которые категорически против онлайн-обучения составляет 43%. Об этом говорят данные опроса, которое провело Бюро экспресс-мониторинга общественного мнения DEMOSCOPE [1]. Но именно сейчас, во время мировой пандемии COVID-19, как никогда стоит необходимость использования дистанционного обучения. А главную роль в этом играют современные информационные системы и технологии.

По данным все того же опроса, треть опрошенных (30%) считают, что главный недостаток дистанционного обучения – это стресс для детей, учителей, родителей. Но правильно ли здесь трактуется понятие стресса? Стресс – это не обязательно реакция на что-то плохое, его могут с равным успехом вызывать как вредные, так и полезные сдвиги во внешней среде – то есть любое новое явление, под которое необходимо подстроиться [2]. И ведь действительно, спустя несколько занятий через компьютер, человек привыкает к изменению в способе обучения. А спустя еще какое-то время начинает понимать, что этот способ намного удобнее и проще, нежели традиционная учеба.

Основная часть. Современные IT-технологии – это технологии с «дружественным» для пользователя интерфейсом. Они позволяют передавать информацию на огромные расстояния за кратчайшее время. Эта особенность используется в сфере дистанционного обучения. Информационные технологии дают возможность напрямую общаться преподавателям и учащимся, делиться источниками информации по теме обучения, методическими пособиями и материалами, не выходя из дома. Понятие дистанционного обучения охватывает как стандартные программы по повышению уровня квалификации, так и полноценные курсы высшего образования, во время которых реализуются способы тесного контакта студентов с преподавателями и сокурсниками, почти по аналогичной схеме, используемой и во время очного обучения. Однако во время дистанционного обучения образовательные учреждения могут задействовать и использовать гораздо более широкий инструментарий: специально подобранные и оптимизированные под студентов компьютерные программы, конференцсвязь, электронную почту, онлайн-мессенджеры.

Основным преимуществом ДО является то, что это очень удобная и гибкая форма образования. Дистанционное обучение позволяет обеспечить:

- экономию времени (не требуется тратить время на поездки к месту учёбы);
- снижение затрат на проведение обучения (не требуется затрат на аренду помещений);
- возможность одновременного обучения большого количества учащихся;
- повышение качества обучения за счет применения современных средств и технологий;
- мгновенный доступ к объёмным электронным библиотекам и базам знаний;
- создание единых, либо отраслевых образовательных сред и методик [3].

Видов технологии, используемых в сфере дистанционного обучения довольно много. Это может быть использование конференцсвязи, как сейчас. Очень удобно для обсуждения или изучения краткосрочных тем. Этот вид больше остальных похож на обучение в учебных заведениях. Преподаватель видит студентов и может лучше объяснять предмет, так сказать «на пальцах», а ученики могут обсуждать тему между собой или задавать вопросы непосредственно источнику знаний, то есть учителю. Таких приложений, как мобильных, так и для компьютеров, очень много. Самыми популярными на сегодняшний день конечно являются Zoom, Skype и TrueConf.

Электронный учебник тоже является видом дистанционного обучения. Это обучающая программная система комплексного назначения, которая обеспечивает полноту и непрерывность дидактического цикла процесса обучения. Отсюда следует, что электронный учебник содержит теоретическую часть, обеспечивает тренировочную учебную деятельность и контроль уровня усвоения учебного материала. В дополнении к этому, электронный учебник даёт возможность поиска информации, осуществляет математическое и имитационное моделирование, обладает различными функциями сервиса. В результате бурного развития информационных технологий произошел естественный переход учебника от бумажного формата к электронному [4].

Если электронный учебник является больше теоретической частью обучения, то необходимы закрепление и проверка полученных знаний. Тут вступают в игру технологии тестирования. Тестирование должно быть простым и универсальным средством проведения контроля знаний по любому направлению, вне зависимости от тематики тестирования. Дистанционный тестовый контроль знаний имеет несколько выгодных отличий от обычной системы контроля знаний (опроса, устного экзамена, зачета):

- определяется объем изучения материала как для каждого ученика, так и для всей группы в целом;

- тестирование занимает намного меньше времени у студента;

- тестирование даёт объективную картину знаний по предмету;

- тестирование психологически нагружает студента меньше, нежели устный опрос или письменный экзамен;

- благодаря использованию компьютерных технологий результаты тестирования можно представить в виде удобных отчётов, сводок по успеваемости как по конкретному студенту, так и по результатам всей группы;

- тестирования можно проводить по любым дисциплинам, удалённо и без участия преподавателя по конкретной дисциплине [5].

Наконец рассмотрим платформы для дистанционного обучения. Есть специализированные сайты, такие как Ё-Стади, Intuit, Coursera. На них собраны описанные выше технологии. То есть студент после регистрации может записаться на нужный ему курс. Затем, он получает информацию в виде текста, презентации или через видео. Обычно в конце каждой темы есть небольшой тест для закрепления и проверки знаний. По окончании курса, ученик должен пройти экзамен, обычно это тестовые задания, после чего ему будет вручен сертификат об окончании этого курса.

Чтобы получать знания на расстоянии необязательно нужны специальные платформы или приложения. Можно использовать обычные социальные сети, в которые вы заходите каждый день. Инстаграм, Фейсбук, Вконтакте располагают всеми необходимыми средствами для дистанционного обучения. Любой желающий может создать сообщество или групповой чат по определенному предмету. Преподаватель и студенты могут обмениваться учебными материалами, вести обсуждения по теме, или проводить урок через онлайн-трансляцию. Социальные сети не являются основным средством обучения, однако их возможности в решении образовательных задач, недооцениваются профессиональным сообществом [6].

Выводы. Традиционные методы обучения в настоящее время утратили свою эффективность. Поиск новых путей и методов передачи знаний и навыков позволит нам идти в ногу с постоянно меняющейся средой вокруг нас. Новые образовательные технологии помогут не только преодолеть ограничения времени и пространства, но и качественно усвоить большие объемы информации и знаний. При этом важную роль в содействии модернизации образования играют те образовательные технологии, которые основаны на современных информационных технологиях [7].

Аннотация

В этой статье была рассмотрена роль информационных систем в сфере дистанционного обучения, их разнообразное использование, представлены технологии, которые используются для обучения на расстоянии. Описаны и приведены примеры различных инструментов для онлайн образования, а также приложений на основе информационных технологий для дистанционного обучения: видеоконференции, электронных учебников, дистанционных систем тестирования, платформ дистанционного обучения.

Ключевые слова: информационные системы, дистанционное образование, технологии, IT-средства, социальные сети.

Аңдатпа

Бұл мақалада қашықтықтан оқыту саласындағы ақпараттық жүйелердің рөлі, олардың әртүрлі қолданылуы, қашықтықтан оқыту үшін қолданылатын ұсынылған технологиялар қарастырылды. Интернет-білім берудің әртүрлі құралдарының сипаттамалары және келтірілген мысалдары, сонымен қатар қашықтықтан оқытуға арналған ақпараттық технологияларға негізделген қосымшалар: бейнеконференциялар, электрондық оқулықтар, қашықтықтан тестілеу жүйелері, қашықтықтан оқыту платформалары.

Кілттік сөздер: ақпараттық жүйелер, қашықтықтан білім беру, технологиялар, IT-құралдар, әлеуметтік желілер.

Abstract

This article examined the role of information systems in the field of distance learning, their various uses, presented technologies that are used for distance learning. Described and given examples of various tools for online education, as well as applications based on information technology for distance learning: video conferencing, electronic textbooks, distance testing systems, distance learning platforms.

Keywords: information systems, distance education, technologies, IT tools, social networks.

ЛИТЕРАТУРА

1. [Электронный ресурс]. - <https://kursiv.kz/news/obrazovanie/2020-10/v-kazakhstane-podderzhivayut-distancionnoe-obuchenie-16-zhiteley>
2. Казанцева А. А. Кто бы мог подумать! Как мозг заставляет нас делать глупости / изд. ЛитРес, Москва; 2014. – 192 с.
3. Бапиев, И. М., Утегенов Н. Б. Современные информационные технологии и их использование в дистанционном обучении // Вестник ПГУ, ISSN: 1811-1807. Серия физико-математическая. – 2019. – № 2. – С. 94 – 102.
4. Гурьев, С.В. Современное дистанционное обучение: монография. – М.: РУСАЙНС, 2018. – 118 с.
5. Перова Ю. П. Технологии тестирования в дистанционном обучении // Доклады ТУСУР, ISSN: 1818-0442. – 2015. – № 1. – С. 138 – 141.
6. А.Н. Кислов. Использование социальной сети «В контакте» в образовательном процессе. // Мастерство online, ISSN 2413-2136. – 2015 – № 3.
7. Бапиев, И. М., Утегенов Н. Б. Способы применения IT-средств в дистанционном обучении // Вестник ПГУ, ISSN: 1811-1807. Серия физико-математическая. – 2020. – № 3.

ӘОЖ 378.18:378.4

14.01.85

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ БІЛІМІН БАҚЫЛАУ МЕН БАҒАЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

¹Халықова Г.З., ²Ильсова Р.А.

¹п.ғ.к., профессор, ²п.ғ.д., доцент

^{1,2}Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қаласы, Қазақстан
gulira13@gmail.com

Қазіргі біз өмір сүріп отырған ақпараттық қоғам өмірдің барлық саласына ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарқынды енгізілуімен сипатталады. Білім беру саласында ақпараттық – коммуникациялық технологиялардың кеңінен пайдаланылуы білім сапасы, оқыту әдістері мен технологияларын ғана өзгертіп қойған жоқ, сонымен қатар, оқытудың жаңа бір түрінің дүниеге келуіне негіз болды. Мұндай оқыту түрі дистанциялық немесе қашықтықтан оқыту технологиясы деп аталады [1].

Қашықтықтан оқыту жағдайындағы зерттеуді талап ететін өзекті мәселелердің бірі білімді бақылау мен бағалауды ұйымдастыру болып табылады. Студенттердің білімін бақылау мен бағалау оқу процесінің белгілі бір кезеңінде өткізілетін оқу нәтижелерінің қорытындысы екені белгілі. Қазіргі уақытта практика көрсетіп отырғанындай, көтерілген мәселе қашықтықтан оқыту жағдайында педагогикалық оқыту процесін жүзеге асырудағы әдістемелік тұрғыдан күрделі мәселелердің бірі болып табылады.

Дәстүрлі оқыту жүйесінде студенттердің білімін бақылау мен бағалауды педагогикалық диагностика деп қарастырып келгені белгілі. Ал педагогикалық зерттеулерге көз жүгіртсек, педагогикадағы «оқыту диагностикасы» термині белгілі бір шектеулерге ие, дегенмен, соңғы жылдары айтарлықтай зерттелік келе жатқан бағыттардың бірі болып есептеледі. Бұл бағытта зерттеу жүргізген көптеген көрнекі педагогтардың зерттеулерін мысалға келтіруге болады. И.П.Подласый мен К.Ингенкамп оқу процесіндегі оқытуды диагностикалауды: «тексеру оқу нәтижесіне түсіндіру жүргізбей, тек нәтижені нақтылайды. Ал, диагностика оқыту нәтижелерінің қалыптасу динамикасын, тенденцияларын, оған жету тәсілдері мен жолдарына байланысты нәтижені қарастырады. Диагностика бақылауды, тексеруді, бағалауды, статистикалық мәліметтердің қорлануын, олардың талдауын, даму тенденциялары мен динамикасын ашуды, процестің ары қарай дамуын қарастырады» [2, 3].

Зерттеушілер студенттердің білімін бағалау мен оқу нәтижелерін тексерудің принциптері ретінде: студенттердің білімін өзіндік бағалау мен тексеру принципін, білімді жүйелі тексеру мен бағалау принципін, тақырып бойынша тексеру принципін, студенттердің оқу үлгерімін саралай бағалау принципін, студенттерге оқытушының бірыңғай талап қою принципін және шынайылық (объективтілік) принципін ерекшелейді [4].

Қашықтықтан оқыту жағдайында оқытушы үздіксіз бақылау отырып, реттеу іс-әрекетін жүзеге асыруға мүмкіндігі бар. Оқытушы тек оқу тапсырмаларының орындау нәтижелерін тексерумен ғана шектелмейді, кері байланыстың көмегімен студенттердің оқу-танымдық іс-әрекетін, дәлірек айтқанда, териялық білімді түсініп, меңгеруін, практикалық тапсырмаларды орындауын, білімді жалпылап, жүйелеуін бақылап, бағалауды жүзеге асыра алады. Қашықтықтан оқыту жағдайында қарым-қатынасты жасау құралдары арқылы тікелей кері байланыс орнатуға мүмкіндік бар. Мұндай кері байланыс Discord, Zoom, Google Meet тәрізді онлайн платформалар негізінде жүзеге асырылады. Оқытушы студенттің дербес ерекшелігін ескере отырып, тапсырмаларды орындау немесе мәселені шешуге байланысты консультациялар тағайындап, тікелей кері байланыс жасау мүмкіндігіне ие. Сонымен, онлайн оқыту жағдайында оқыту студенттің тапсырманы орындау барысына бақылу жүргізе отырып, оқу әрекеттерінің орындалу дұрыстығын, оның қойылған оқыту мақсаты мен міндеттеріне сәйкестілігін, оқыту процесін басқару тиімділігін, оқу процесінің әрбір құраушы элементтерінің жүзеге асырылу тиімділігін анықтай отырып, ары қарай оқыту тиімділігін арттыру мақсатында түзетулер енгізе алады.

Студенттердің оқу материалын меңгеру сапасын дәстүрлі оқыту процесіндегідей деңгей бойынша сипаттауға болады. Блуум таксономиясына сәйкес алты деңгейді ерекшелеуге болады: білу, түсіну, қолдану, талдау, синтез, бағалау. Студенттердің даярлық деңгейі оқыту нәтижелері арқылы анықталады. Қашықтықтан оқыту жағдайында кеңінен пайдаланылатын студенттердің білімін бақылау мен бағалау түрлеріне: емтихан, межелік бақылау мен бақылау жұмыстары және жоба түрінде ұйымдастырылған дипломдық жұмыстар жатады. Сонымен бірге, қашықтықтан оқыту жағдайында тест жүйесімен бақылау студенттердің өзіндік бақылауын, оқытушының бақылауы мен оқу мекемесінің прокторинг жүйесі арқылы бақылауында пайдаланылады.

Оқыту процесінің сапасы мен табыстылығы тұтасымен алғанда, оқытуды тиімді ұйымдастыру мен әдістемелік және технологиялық сипатта пайдаланылған материалдардың сапасын, сондай-ақ, оқыту процесінің қатысушысы болып табылатын педагогтың педагогикалық шеберлігі мен жетекшілігіне тәуелді. Қазіргі білім берудегі цифрлық ресурстар кез келген көлемдегі және мазмұны жағынан әртүрлі болып келетін ақпаратты кез келген қашықтыққа жеткізу, оны сақтау, өңдеу мүмкіндіктерін ұсынады. Дегенмен, студенттердің білімін бақылау мен бағалау оқыту процесінің негізгі құраушыларының бірі болғандықтан, жоғары оқу орындарында студенттердің білімін бақылау, бағалау және мониторингілеу жүйесін тиімді ұйымдастыру мәселесі күн тәртібінен түспей келеді.

Жоспарланған оқыту мақсатына жету студенттердің білімін бақылау мен бағалау мәселесіне тікелей байланысты және оның нәтижесі оқыту сапасынан көрініс табады. Сонымен қатар, оқытудағы кері байланыс студенттердің білімін бақылау мен бағалау жүйесінің көмегімен жүзеге асырылады, сондай-ақ, педагогке педагогикалық оқыту процесінің нәтижесін көруге мүмкіндік береді. Сонымен бірге, кері байланыс қолданылып отырған оқыту әдістемесінің тиімділігін көрсетеді және оқудағы студенттердің жетістігін қадағалауға мүмкіндік береді.

Білімді бақылау, бағалау және мониторингілеудің әртүрлі типтері ауызша және сөйлеу қарым-қатынасындағы кемшіліктердің орнын толтыруы немесе оны алмастыруы тиім, өйткені офлайн оқытуда айтарлықтай орын алады, ал қашықтықтан оқытуға жүзеге асырылмайды деуге болады. Цифрлық ресурстардың көмегімен қашықтықтан оқыту жағдайында оқытудың айырымдық

ерекшелігі оқушылардың жазу тілін дамытуға бағытталады. Ауызша диалог арқылы жүзеге асырылатын ауызша фронтальдық сұрау тәрізді офлайн оқытудағы білімді бақылау мен бағалау әдістерін қашықтықтан оқыту жағдайында жүргізу айтарлықтай қиындықтар туғызады, бірақ оны жазбаша түрде жүзеге асырылатын білімді бақылау мен бағалаудың әртүрлі әдістерімен алмастыруға болады.

Бақылау мен бағалау тапсырмаларын жасау оқытушыдан педагогикалық шеберлікті талап етеді, ол белгілі бақылау құралдары мен түрлерін қаншалықты меңгергеніне және ойлаудың нақты болуына байланысты (ой нақты болуы тиіс және бұл өз кезегінде сөздің нақты болуын талап етеді, ал сөздің нақтылығы сапалы, ұғынықты диалог жүргізудің тірегі болып табылады) [5]. Сонымен қатар, педагогтің шығармашылық сипаттағы жаңа жұмыс түрлерін іздеп табуға деген үздіксіз ізденісі материалды оқыту әдістемесін жетілдіруге мүмкіндік береді де, орындаған жұмыстың нәтижесі білімді бақылау мен бағалау жүйесінен көрініс табады. Қашықтықтан оқыту жағдайында студенттердің білімін бақылау мен бағалауды жүзеге асыруға бағытталған цифрлық ресурстардың көмегімен орындалатын бақылаудың жаңа әдістері мен түрлері пайдаланылады. Қазіргі уақытта нарықта студенттердің білімін бақылау мен бағалауға арналған цифрлық ресурстар жиынтығы ұсынылған. Цифрлық ресурстарды таңдау бақылау мен бағалаудың алдына қойылған мақсаттары мен міндеттеріне тәуелді. Білімді бақылау мен бағалау үшін цифрлық ресурстар арқылы жүзеге асырылатын тапсырмалар түрлерін қарастырайық [6].

Кеңінен таралған тапсырмалар түрлеріне: көп нұсқаның бірін таңдауды ұсынатын тапсырмалар, жауабы бекітілген тапсырмалар, тізбек ретін немесе сәйкестілікті тағайындау тапсырмалары, пікір жазуға арналған тапсырмалар (peer review). Көп нұсқаның бірін таңдауды ұсынатын тапсырмалар тікелей сұрақтың өзін және дұрыс жауаптарды қамтиды, студент олардың ішінен бірнеше дұрыс жауапты таңдауы тиіс. Бақылаудың бұл форматы қазіргі уақытта кеңінен пайдаланылады, ауқымды білім көлемін автоматты түрде тексеруге ыңғайлы. Мұндай тапсырмаларды құрудың өзіндік қиындықтары бар: дистракторлар даярлау (шындыққа ұқсас қате жауап түрлері) айтарлықтай еңбектенуді талап ететін процесс, сонымен қатар, студенттің дұрыс жауапты кездейсоқ түрде таңдайтынын да естен шығармау керек. Сондықтан бақылау тапсырмаларының мұндай түрі жалпы білім деңгейін тексеру үшін пайдаланылады. Жауабы бекітілген тапсырмалар оқыту нәтижелерін тереңнен тексеруге мүмкіндік береді. Тапсырманың мұндай түрлері нәтижесі сан болып келетін математикалық есептеулерді табу үшін пайдаланылады. Дәлірек айтқанда, теориялық білімнің практикада пайдаланылуы тексеріледі.

Тізбек ретін немесе сәйкестілікті тағайындау тапсырмаларын құруда тапсырманы қадаммен орындау алгоритмінің студентке түсініктілігі ескерілуі тиіс. Мысалы, сәйкестілікті тағайындау принципі қандай заңдылыққа негізделеді, жауап бірнеше рет пайдаланыла ма және т.б. Мұндай тапсырмаларды білім көлемі ауқымды болған жағдайда пайдалануға болады. Бірыңғай терминдерді іріктеу сұрақты құрушыға қиындықтар туғызуы мүмкін, ал тізбек ретін тағайындау ұғымдарды еске сақтау процесін жетілдіре түседі.

Пікір жазуға арналған тапсырмалар құру процесі алдыңғы тапсырмалар түрімен салыстырғанда айтарлықтай жеңіл. Студентке тапсырманың мақсаты мен міндеттерін ұсынылады және оны орындауға нұсқау беріледі. Студенттен тапсырманы орындауды мәтін түрінде жазу талап етіледі және басқа студенттерге ұсынылған критерий бойынша оны тексеру ұсынылады. Peer review ауқымды іскерліктерді бағалауға мүмкіндіктер береді: бизнес-жоспар құру, пейзажды түсіру немесе ғылыми экспериментті жоспарлау. Сондықтан мұндай тапсырмалар қорытынды жұмыстарды бағалауда пайдаланылады.

Енді студенттердің білімін бақылау мен бағалауға, мониторингілеуге арналған әртүрлі типті тапсырмалар құруға болатын цифрлық ресурстарды қарастырайық.

1. Kahoot онлайн платформасы. Бұл платформа әртүрлі тест тапсырмалары арқылы студенттердің білімін бақылау мен бағалауға арналған. Жүйенің жұмысы kahoot.com сайтында жүргізіледі. Kahoot платформасын қандай жағдайда пайдаланған тиімді? Студенттердің саны өте көп болған жағдайда (мысалы, аудиторияда 100-120 студент болған кезде) және оқытушы бақылау жұмысын жүргізіп, тексеруге үлгермейтін жағдайда, Kahoot викториналарын пайдаланған ыңғайлы. Оқытушы интерактивті тақтаның көмегімен өз экранын демонстрациялайды, ал студенттер Интернетке кіру мүмкіндігі бар өздерінің қолдарындағы смартфон, планшет немесе ноутбук құралдарының көмегімен сайтына кіріп, берілген пин-кодты енгізеді. Сонымен, Kahoot платформасында студенттердің білімін тексеру екі сайттың көмегімен жүзеге асырылады. Оқытушы play командасын таңдағанда ойын тәсілін таңдау терезесі пайда болады. Бұл терезеде Teach командасын таңдау арқылы ойын коды алынады. Осы кодпен студенттер ойынға қосылады.

Тестілеу нәтижесі MS Excel қосымшасында автоматты түрде есеп ретінде қалыптасады. Есептер Reports бөлімінде орналасқан. Мысалы, есептен жүргізілген ойындардың санын, жүргізілген уақыты мен күнін, сондай-ақ, басқа да ақпараттарды көруге болады. MS Excel кестесіндегі есепте әрбір қатысушының жауабы туралы толық талдау келтірілген және оны кез келген уақытта алуға болады.

2. Quizizz онлайн платформасы. Бұл платформа тест жүргізуге және құруға арналған ыңғайлы интерактивті платформалардың бірі. Quizizz онлайн платформасында педагог өзінің тест сұрақтарын құрып, оны жөндеуге және басқа пайдаланушылармен, оның ішінде, студенттермен бөлісуге мүмкіндігі бар. Студент өзінің интернетке кіру мүмкіндігі бар құралдары арқылы (компьютер, смартфон және т.б.) берілген пин-код пен аты-жөнін енгізе отырып, белгіленген уақыт аралығында тест тапсыра алады. Тест тапсыру уақытын педагог тағайындайды.

Студенттен тіркелу талап етілмейді: викторина коды мен аты-жөнін енгізу жеткілікті.

Quizizz жүйесінде викторинаны қалай құруға болады?

Алдымен quizizz.com сайтына кіру қажет.

Quizizz пайдаланушыға әртүрлі тест сұрақтарын құруға мүмкіндіктер береді:

- үлкен таңдау - жабық тест - келтірілген жауап нұсқаларының ішінен дұрыс жауап ретінде тек біреуін ғана таңдау;

- жалауша - пайдаланушы бірнеге дұрыс жауап нұсқаларын көрсете алады (мысалы, берілген 8 жауаптың ішінен 5 дұрыс жауапты таңдау);

- баллқты толтыру - мұнда студент берілген сөйлемді аяқтау тәрізді тапсырманы орындайды (мысалы, терминді анықтау және т.б.);

- ашық сұрақ - студент берілген сұраққа жауапты өзі жазады.

Сұрақтың типін құру барысында да, жөндеу барысында да өзгертуге болады. Мұнда бланкты толтыру түріне мысал келтірілген. Бірінші жолда - сұрақ, одан кейін - дұрыс жауап, одан кейінгі жолдарда осы сұрақтың баламалы жауаптары жазылады. Quizizz_қатысушылардың викторинаға берген жауаптарының нәтижесі туралы барлық мәліметтер мен статистика Есептер бөлімінде орналасады. Пайдаланушы, яғни оқытушы студенттердің сұрақтарға берген жауаптарын, дұрыс жауаптар санын және т.б. қадағалап отырады. Сонымен бірге статистикалық мәліметтерді кез келген уақытта Excel файлы түрінде жүктеп алуына болады.

3. Quizlet платформасы. Бұл тест сұрақтарын жылдам құруға арналған онлайн платформа. Бұл платформада жаттықтыру жұмыстарын өте жақсы жүзеге асыруға болады. Тест тапсырмаларын жүйе өзі автоматты түрде құрады, мұғалімнен тек тест сұрағын енгізу ғана талап етіледі. Жүйе төрт түрлі тест сұрағын құрады және пайдаланушы қанша сұрақ енгізсе де, оның ішінен 20-н кездейсоқ түрде таңдап алып, енгізілген терминдер мен ұғымдардан төрт түрлі тест құрады. Атап айтқанда,

- 'Ашық тест;

- 'Жабық тест (көп нұсқаның бірін таңдау);

- 'Сәйкестілікке тест;

- 'Ақиқат немесе жалғанды анықтау

Бұл платформаның бірқатар қызметі ақылы болып табылады. Дегенмен жаттықтыру жұмыстарын жүргізуге тиімді платформа. Қорыта келгенде, цифрлық ресурстар оқу материалын меңгерудің барлық кезеңін бақылауға және бағалауға мүмкіндік береді. Аталған цифрлық ресурстардағы сақталған есеп студенттердің оқу нәтижелерін талдап, біліміндегі олқылықтарды толтыруға көмектеседі.

Аннотация

В статье рассматривается проблемы организации контроля и оценки знания студентов в условиях дистанционного обучения. Проанализированы диагностика обучения, основные принципы проверки результаты обучения, приведены основные виды контроля и оценки знаний студентов в условиях дистанционного обучения. Рассмотрены виды заданий, которые осуществляются в современных цифровых ресурсов. А также приведены основные онлайн платформы как Kahoot, Quizizz, Quizlet и их принцип работы и возможности.

Ключевые слова: контроль и оценка знаний, диагностика обучения, дистанционное обучение, контрольные задания, онлайн платформы

Abstract

The problems of organizing control and assessment of students' knowledge in terms of distance learning are considered in this article. The diagnostics of learning, the basic principles of checking the learning outcomes are analyzed, the main types of control and assessment of students' knowledge in

conditions of distance learning are given. The types of tasks that are carried out in modern digital resources are considered. And also listed the main online platforms such as Kahoot, Quizizz, Quizlet and their principle of operation and capabilities are given.

Key words: control and assessment of knowledge, diagnostics of learning, distance learning, control tasks, online platforms

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Халықова К.З. Дистанциялық білім беру мәселелері// Материалы IX Международной научно-практической конференции «Психолого-педагогические проблемы образования в условиях инновационного развития (05 мая 2020 г.)» // Алматы: Университет «Туран», 2020. –568 с.- 635-641 бб.

2. Ингенкамп К. Педагогическая диагностика / Пер. с нем. К. Ингенкамп. – М.: Педагогика, 1991. – 240 с;

3. Подласый И.П. Педагогика: Учебник / И.П. Подласый. – М.: Высшее образование, 2006. – 540 с.

4. Алексюк А.М. Педагогіка вищої освіти України. Історія. Теорія: Підручник / А.М. Алексюк. – К.: Либідь, 1998. – 560 с.

5. Войт Н.Н. Информатика и вычислительная техника // Сборник научных трудов. — Ульяновск: УлГТУ, 2013. — 362 с.

6. Проверочные задания для онлайн-курсов // <https://academia.interfax.ru/ru/analytics/research/2310/>

ORIGIN ПАКЕТІ КӨМЕГІМЕН ГРАФИКТІ ДИФФЕРЕНЦИАЛДАУДЫ ПАЙДАЛАНЫП, ТУЫНДЫНЫ ЕСЕПТЕУ ТӘСІЛІ

¹Шамбулов Н.Б., ²Сайидмухамедова Ж.Д.

¹ф.-м.ғ.к., физика кафедрасының доценті, ²М05301-Физика мамандығының магистранты
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан
e-mail: janerke.dusen@gmail.com


Ақпаратты өңдеу мен эксперименттік нәтижелерді визуалдауға арналған компьютерлік бағдарламалар саласында конкуренция өте зор. Міне, сондай өнімдердің ішіндегі озық ғылыми пакеттердің бірі - Origin жобасы. Origin пакетінде жұмыс істеуге арналған орыс және қазақ тіліндегі әдебиеттердің жоқтығы болмаса, эксперименттік нәтижелерді визуалдау мен өңдеу мүмкіндігі өте жоғары.

Мақалада Origin пакетінің көмегімен функцияны дифференциалдау мен туындыны есептеу тәсілдерін көрсету арқылы, тәжірибеде алынған жылу энергиясы мен магниттелу қисығынан, физикада маңызы зор жылу сыйымдылық коэффициенті мен магниттелудің температуралық сезімталдық коэффициенттерін зерттеу мүмкіндіктері сипатталған [1]. 1-суретте Origin пакетінің көмегімен импортталынған нәтижелердің мәндері келтірілген. $A(x)$ - бағанында температура, $B(y)$ – жылу энергиясы, ал $D(y)$ -магниттелу векторының мәндері. Бұл $A(x)$, $B(y)$ және $A(x)$, $D(y)$ бағандарын кара түске бояу арқылы, Plot тетігінің көмегімен еркін энергия мен магниттелу векторларының графигін тұрғызылған [2].


	A [K]	B [energy]	B' [M]	C [yErz]	D [magnetization]	D' [M]
1	50	-545	0,02	0	3,15	-2E-4
2	100	-544	0,04	0	3,14	-1E-4
3	150	-541	0,12	-2	3,14	0
4	200	-532	0,31	-6	3,14	-4E-4
5	250	-510	0,62	-9	3,1	-0,0014
6	300	-470	1,05	-7	3	-0,0035
7	310	-457	1,3	-8	2,95	-0,005
8	320	-444	1,3	-11	2,9	-0,0045
9	330	-431	1,45	-10	2,86	-0,005
10	340	-415	1,65	-10	2,8	-0,007
11	350	-398	1,7	-11	2,72	-0,008
12	360	-381	1,85	-10	2,64	-0,009
13	370	-361	2,1	-11	2,54	-0,011
14	380	-339	2,15	-10	2,42	-0,013
15	390	-318	2,85	-9	2,28	-0,02
16	400	-282	4,4	-14	2,02	-0,0575
17	410	-230	3,95	-15	1,13	-0,07755
18	420	-203	2,65	-5	0,469	-0,05395
19	425	-190	1,88	-9	0,26	-0,02511
20	450	-161	0,9	-10	0,0496	-0,0029
21	475	-145	0,56	-9	0,115	2E-6
22	500	-133	0,44	-7	0,0497	-6,58E-4
23	525	-123	0,34	-9	0,0821	-1,38E-4
24	550	-116	0,28	-7	0,0428	-0,00157

1-сурет. ASCII кодпен берілген нәтижелердің мәндері.

2-сурет және 3-суреттерде көрсетілгендей, жылу энергиясы мен магниттелудің температураға тәуелділіктері қисық сызық түрінде шығарылған.




2-сурет. Энергияның температураға тәуелділігі.



3-сурет. Магниттелудің температураға тәуелділігі.


Бұл графиктерден T_c фазалық ауысу температурасын анықтауға арналған тәсілдер қолданылады. Екінші типтік фазалық ауысулар кезінде, T_c температура маңында жылу сыйымдылығы мен магнит өтімділігінің күрт өзгеруі байқалады. Жылу сыйымдылығы $C = \frac{\partial E}{\partial T}$, ал магниттелудің температуралық сезімталдығы $\chi = \frac{\partial M}{\partial T}$ екенін ескерсек, онда 2-ші және 3-суреттерде келтірілген жылу энергиясы мен магниттелу векторларына жүргізілген жанамалардың қисығын табуға тура келеді. Origin пакеті график қисығын дифференциалдауға мүмкіндік береді. Origin пакетінде графикті дифференциалдауға арналған командаларды былай пайдалануға болады. Алдымен, жылу энергиясының температураға тәуелділік графигі ашылады. Терезеден Analysis (анализ) мәзірін тауып, оның Calculus пунктін таңдалынады. Calculusтің құламалы терезесіндегі Differentiate тетігін бассақ, Origin пакеті жылу сыйымдылықтың температураға тәуелділік графигі мен есептеу нәтижесінің сан мәндерінің кестесін береді [3].



4-сурет. Энергия мен энергияның туындысының температураға қатынасы

Сондай-ақ, Origin шығу диаграммаларда көрсетілген тәуелділіктерді саралауға және біріктіруге мүмкіндік береді. Графиктерді саралау үшін Origin пакетінде арнаулы орналасқан құралдар жиынтығы бар. Энергияның температураға тәуелділік графигі салынған терезені ашып, Double-Y функциясы көмегімен, энергия $E(T)$ және жылусыйымдылық $C(T)$ тәуелділіктерін бір суретке салу мүмкіндігіне қол жеткізіледі (4-сурет). Double-Y тетігінің ерекшелігі бір графикте екі ордината осін салуға және график тұрғызуға мүмкіндік береді.

5-суретте жоғарында көрсетілген командаларды пайдалана отырып салынған магниттелу мен температуралық коэффициенттің графиктері көрсетілген. Бұл функцияның ерекшелігі бір осьте екі ордината осін салуға мүмкіндік береді. Сол жақ ордината осінде магниттелу мәні, ал оң жақтағы осьте дифференциалдау арқылы алынған температуралық коэффициенттің графигі тұрғызылған.



5-сурет. Магниттелу мен магниттелудің туындысының температураға тәуелділігі.

Бұл графиктерден жылу энергиясы мен магниттелу векторларының температураға тәуелділік қисықтарының иілу нүктесі T_c - Кюри температурасын, дифференциалдау нәтижесінде алынған жылусыйымдылық пен температуралық сезімталдық графиктерінен нақты табу мүмкіндігін көруге болады [4].

Origin пакетінде, нәтижені зерттеудің аз бөлігін қолданып көрсетілген бұл мақала -аталған пакеттің жоғары оқу орындарының сабақтарында пайдаланудың өте қажет екенін көрсетеді. Origin пакетін мынадай оқу пәндерінде “Жалпы физикалық практикум”, “Физикалық процестерді компьютерде моделдеу” және т.б. қолдану өте пайдалы және маңызды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Исакова О.П., Тарасевич Ю.Ю. Обработка и визуализация данных физических экспериментов с помощью пакета Origin. Учебно-методическое пособие. – Астрахань, 2007.
2. https://www.studmed.ru/view/isakova-op-tarasevich-yuyu-obrabotka-i-vizualizaciya-dannyh-fizicheskikh-eksperimentov-s-pomoschyu-paketa-origin_822066b08d8.html?page=1
3. Исакова О.П., Тарасевич Ю.Ю., Юзюк Ю.И. Обработка и визуализация данных физических экспериментов с помощью пакета Origin. Анализ и обработка спектров. Учебно-методическое пособие. – Ростов-на-Дону, Южный федеральный университет, 2007.
4. <https://pandia.ru/text/80/201/19761.php>

Андатпа

Мақалада Origin пакетінің көмегімен функцияны дифференциалдауға және туынды есептеу тәсілі көрсетілген. Аталған тәсілді қолдана отырып график тұрғызу, нәтижелерді пайдаланып функциялардың қос графигін салу тәсілі келтірілген.

Кілттік сөздер: энергия, намагниттелу, температура, дифференциалдау, график.

Аннотация

В статье показан подход к дифференцированию и вычислению производной с помощью пакета Origin. Приведены примеры построения пары графиков в одном рисунке, используя вышеназванный метод.

Ключевые слова: энергия, намагнитченность, температура, дифференцирование, график.

Abstract

The article shows an approach to differentiating and calculating the derivative using the Origin package. Examples of building a pair of graphs in one drawing using the above method are given.

Keywords: energy, magnetization, temperature, differentiation, graph.

ӘОЖ 378

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ АҚПАРАТТЫҚ-ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

А.С.Шаяхметова¹, П.Б.Сейсенбекова²

¹PhD доктор, ²PhD докторант

¹Ақпараттық және есептеуіш технологиялар институты, Алматы қ., Қазақстан

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан

e-mail: ms.perizat@mail.ru

Қазақстан Республикасы Президенті кезекті Жолдауында: «Білім беру реформасының ойдағыдай жүргізілуінің басты өлшемі – тиісті білім мен іскерлік алған еліміздің әрбір азаматы әлемнің кез-келген елінде қажетке жарайтын маман болатындай деңгейге көтерілуі» - деп атап көрсетті.

Қазіргі кезде білім алушыларды оқыту үдерісінде цифрлі технологияларды пайдалану жүйесін қалыптастырудың жолдары жетілдірілуде. Оқу үдерісін мүмкіндігінше сапалы жетілдіру білім беруді цифрландыру мен оқыту үдерісінде арнайы әдіс-тәсілдерді тиімді ұйымдастыруға байланысты. Білім алушылардың ақпараттық-интеллектуалды құзырлығын қалыптастыруда цифрлі технологияларды пайдалану цифрлі қоғамның қазіргі дамуында жоғары оқу орындарына қойылатын негізгі талаптардың бірі болып табылады. Цифрлі қоғам еңбек мазмұнының өзгеруіне сәйкес жылдам бейімделетін, жаңа білімдерді, біліктіліктерді және дағдыларды қысқа мерзімде игеру қабілетіне ие болатын мамандарды қажет етеді. Осындай өзекті мәселелерде студенттерінің құзырлығын қалыптастырудың маңызды элементі цифрлі технология құралдары болып табылады.

Білім берудің нәтижесі ретіндегі құзырлық мәселесі саласында М.Ж.Жадринаның, Д.П. Мучкиннің, А. Арғымбаеваның, К.Л. Кабдолова мен Г.У. Кунакованың және т.б. еңбектерін атауға болады [1]. Қашықтан оқыту құралы және жоғары білім беру үрдісінде электрондық білім беру ресурстары жайлы А.А.Андреев, И.К.Войтович, Л.И.Миронова, А.В.Осина, И.В.Сергиенко, В.И.Солдаткин, Н.М.Якушеваның және т.б. ғалымдардың ғылыми еңбектерінен табуға болады [2].

Н.Г. Витковский, М. В. Горячева, А.В. Гоферберг, Ю.Г. Плаксина, Н.И. Сакович, Е.В. Шалашов сияқты ғалымдар жоғары оқу орындарындағы білім алушылардың ақпараттық құзырлығын қалыптастырудың зерттеу мәселелерін қарастырған.

Электрондық білім беру ресурстарын қолдана отырып ұйымдастырушылық-әдістемелік аспектілер арқылы студенттердің ақпараттық құзырлығын қалыптастыруда Е.А. Горневаның, Л.И. Миронованың, Н.И. Саковичтің, Е.В. Шалашовтың және т.б. ресейлік ғалымдардың еңбектерінде зерттелген [3].

Т.Е.Матвеева өз еңбегінде ең алғаш болып ақпараттық-интеллектуалды құзырлық ұғымына анықтама бере отырып, мектеп оқушыларының ақпараттық-интеллектуалды құзыреттілігін қалыптастыруды қамтамасыз ететін дамып келе жатқан білім беру жүйесін теориялық және эксперименттік негіздеген.

Ақпараттық-интеллектуалды құзыреттілік - оқу-танымдық іс-әрекеттегі мәселелер мен міндеттерді табысты шешу үшін алынған ақпаратты тиімді пайдалану [4].

Құзыреттілікке негізделген тәсіл іс-әрекет түрлерінің үнемі өзгеруін болжайды, сол арқылы студенттерге шабыт бере отырып үнемі рефлексияға итермелейді (мақсат қою, проблеманы анықтау, жоспарлау, тақырып бойынша жұмысты ұйымдастыру, іс-әрекетті түзету, жаңа жағдайда білім құру), ал оқу үдерісі шығармашылық қабілеттерін дамыту негізінде студенттердің мүмкіндіктері, бейімділіктері мен жақын қызығушылықтары негізінде жүзеге асырылады [5].

Ақпараттық-интеллектуалды құзыреттілікті қалыптастыру мәселесін шешу үшін білім беру кеңістігінде оқу үрдісінің мақсаттары, әдістері, мазмұны, оқу іс-әрекетінің белгілі бір кезеңдеріндегі кәсіби құзыреттіліктің қалыптасу деңгейі бойынша ерекшеленетін өзара байланысты оқыту модульдерін анықтауға мүмкіндік беретін құрылымдық-мазмұндық модель жасалды [6].

Бірінші кезең «Білім» *«не үшін және қалай істейтінімді білемін»*

Ақпараттық-интеллектуалды құзыреттілікті қалыптастыру үшін 3 критерийді қарастырдық. Білім алушылардың ақпараттық-интеллектуалды құзыреттілігін қалыптастыру үшін келесі: білімнің ұтқырлығы, икемділік әдісі және сыни ойлау факторлады есепке алу қажет. Қажетті ақпаратты таба білу, ақпаратты түсіндіре білу білімнің ұтқырлығын қалыптастырады. Икемділік әдісі әртүрлі жағдайларда ақпаратты пайдалануды ұйымдастыру. Ақпаратты түрлендіру, дәлелдер табу мен шешім қабылдау сыни ойлауды қалыптастырады. Білім алушыға осы қабілеттерді бойына қалыптастыру арқылы біз қажетті құзыреттілікке жетеміз.

Студенттердің белгілі бір тақырыпты зерттеуге деген қызығушылығы ситуациялық тапсырма, зерттеліп отырған тақырып аясында оны жүзеге асырудың жетіспейтін білімдері мен дағдыларын анықтау арқылы ынталандырылады. Бұл кезеңнің нәтижесі - оқу материалын меңгеруге деген ұмтылысқа, оны зерделеу қажеттілігін сезінуге және қызметтің жеке маңызды мақсатын қоюға негізделген студенттің өзін-өзі анықтауы.

Екінші кезең «Дағды» *(Мен жасай аламын және жасаймын)*

«Интеллектуалды іс-әрекеттің» екінші кезеңінде ситуациялық тапсырманы орындау үшін студенттер орындау деңгейін ақпараттық, импровизациялық, эвристикалық деп бөліп, ақпараттық деңгейге зертханалық жұмысты, импровизациялық деңгейге студенттің оқытушымен өзіндік жұмысын (СОӨЖ) және эвристикалық деңгейге студенттің өзіндік жұмысын (СӨЖ) орындауын қарастырдық. Әрекет әдісін студенттер қалауы бойынша жеке немесе ұжымдық деп таңдайды және ситуациялық тапсырманы орындау үшін өзін-өзі ұйымдастырады. Өзін-өзі ұйымдастыру мыналарды қамтиды: жоспарлау, іске асыру және шешім нұсқасын ұсыну. Бұл кезеңнің нәтижесі - ситуациялық тапсырманы орындау және ұсыну.

Үшінші кезең «Потенциал» *(жасай алатын жобалар)*

«Рефлексивті іс-әрекеттің» үшінші кезеңінде алынған нәтиже қойылған мақсатпен өзара байланысты. Тақырыпты игеру және оны зерттеу шеңберінде ситуациялық тапсырманы орындау бойынша өзіндік әрекетін өзін-өзі талдау және өзін-өзі бағалау жүзеге асырылады. Нәтижесі - олардың қызметінің жетістігін талдау және бағалау мүмкіндігі.

Білім беру технологиясының модель құрылымы

Болашақ информатика студенттері арасында ақпараттық-интеллектуалды құзыреттілікті дамыту бойынша модульдік курстың мазмұнын таңдаудың негізгі критерийлері - мемлекеттік білім беру стандарттарының талаптары және жұмыс берушілердің кадрларды даярлау сапасына сұраныстарын қарастыру. Сонымен бірге студенттердің оқу қызметі болашақ мамандық аясында құрылады және кәсіби білім мен технологиялық дағдылардың дамуын қамтамасыз етеді [7]. Бұл технологияны дамыта отырып, біз бұл тек білім, білік және дағдылар ғана емес, сонымен қатар олардың психологиялық баламасы - адамның әлемге қарайтын, оны көретін және түсінетін

психикалық (когнитивті) құрылымдары екендігіне сүйендік және оның нәтижелері оның өмірінде көрінетін: ойлау, сөйлеу, есте сақтау, мінез-құлық, кәсіби қызметін көрсетеді.

Болашақ информатика мұғалімдері арасында ақпараттық-интеллектуалды құзыреттілікті дамыту бойынша оқыту технологиясы:

- оқыту технологиясының интеллектуалды компоненті студентті педагогикалық ықпалдың пассивті объектісінен оқу-танымдық іс-әрекет субъектісіне айналдыруға мүмкіндік береді;

- оқыту технологиясының ақпараттық компоненті қажетті ақпараттарды іздеу, сақтау, редакциялау, жаңарту мүмкіндігі бар мәліметтер қорымен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға көмектеседі;

- оқыту технологиясының жобалаушы компоненті жобаны іске асырудың барлық кезеңдерінде - идея туылғаннан бастап соңғы рефлексияға дейінгі тәуелсіз іс-әрекет арқылы жеке тұлғалық құзыреттіліктің дамуына ықпал етеді. Жобамен жұмыс жасау барысында студенттер іс-әрекетті, уақытты, ресурстарды өз бетінше жоспарлау, жеке шешім қабылдау және өз таңдауын жасау қабілеттерін дамытады.

Қазіргі кезде білім беру ұйымында цифрлық білім беру процесінің құрылысы педагогика ғылымының жаңа саласы - цифрлық дидактикаға негізделуі керек, бұл цифрлық білім беру ортасында оқыту процесін ұйымдастыру туралы ғылыми пән. Сандық дидактиканың пәні - сандық білім беру құралдарының жұмыс істеуі емес, адамның әрекеті. В.И. Блинов «цифрлық дидактиканы белгілі бір ғылыми идеялар мен тәсілдердің бір саладан екінші салаға өзара ауысуы және олардың интеграциясы» арқылы сипатталатын, ғылыми білімнің транс-интегративті бағыты ретінде қарастыруға болады» [8].

Бүгінгі таңда цифрлық білім беру процесінде цифрлық білім беру технологиялары (аралас оқыту, мобильді оқыту, геймификация, қашықтықтан оқыту технологиялары, электронды (онлайн) оқыту және т.б.) техникалық құралдар мен мамандандырылған интерактивті жабдықтарды (ДК, ноутбук, планшет, робот жинағы, интерактивті тақта, электронды флип-чарт, интерактивті панель, интерактивті құм жәшігі, интерактивті еден, интерактивті текшелер және т.б.) жатады.

Топтық (ұжымдық) жобалардың мақсаты - әлеуметтік құзыреттіліктерді дамыту - ынтымақтастық дағдыларын, проблемалық жағдайларды шеше білу, олардың жеке мүмкіндіктеріне байланысты белсенділік деңгейі мен топтық жұмыстың белгілі бір кезеңіне қатысу дәрежесін реттеу. Барлық жобалар кәсіби құзыреттіліктің дамуына, сондай-ақ әр түрлі серіктестермен өзара әрекеттесу, диалог жүргізу және ымыраға келу дағдыларын алуға ықпал ететін кәсіби бағытқа ие.

Сонымен, ақпараттық-интеллектуалды құзыреттілікті қалыптастыру технологиясын әзірлеуде технологиялық карта және дидактикалық электронды қолдау сияқты әдістемелік құралдарды пайдалану оны оқу жылы бойына жүйелі және өнімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Ақпараттық - интеллектуалды құзыреттілік әр түрлі кәсіби міндеттерді шешу үшін әр түрлі қызметте қолдануға болатын қажетті элемент екені анық. Кәсіби құзыреттілік болашақ маманның жалпы және мамандандырылған дайындығын анықтайды, жаңа білім мен дағдыларды дамытуға және меңгеруге, оның кәсіби қызметін жетілдіру мүмкіндігіне ықпал етеді.

1-кесте. Ақпараттық-интеллектуалды құзыреттілікті қалыптастырушы элементтер

Ақпараттық-интеллектуалды құзыреттілі	Ақпараттық-интеллектуалды құзыреттілік элементі	Мазмұны және негізгі мәні	Ақпараттық - интеллектуалды құзыреттілікті анықтау деңгейлері	Ақпараттық-интеллектуалды құзыретті болу үшін	Деңгейлік сұрақтар формасы
	Білім	Белгілі бір қызмет түрі туралы жүйелік теориялық ақпарат және оны жүзеге асырудың алгоритмі. «не үшін және қалай	Білімнің ұтқырлығы	Қажетті ақпаратты өз бетімен таба білуі және ақпаратты түсіндіре білуі керек. Бұл арқылы білім алушының бойынан ізденімпаздық және түсіндіре, білгенін жеткізе алу қабілеті артады.	(...кім, ...не, ...қашан, ...мағынасы не, ...негізгі ойы қандай, ...түйінді сөзді атаңыз, ...анықтама беріңіз, ...формуласын жазыңыз, ...қасиетін жазыңыз, ...сипаттаңыз,

	істейтінімді білемін»			...сөздік бойынша табыңыз), 1 – 10 сұрақтар.
		Икемділік әдісі	Өртүрлі жағдайларда ақпаратты пайдалана алуы керек. Яғни, білім алушының бойынан икемділік, кез-келген жағдайға тез бейімделіп кету қабілеті артады.	(...қалай, ...не үшін, ...неге, ...неден тұрады, ...қалай қатысты, ...қандай айырмашылықтары бар, ...мысал келтіріңіз, ...өртүрлі амалдар арқылы шешіңіз, ...түбірлі конспект құрыңыз), 11 – 20 сұрақтар.
		Сыни тұрғыдан ойлау	Ақпаратты түрлендіру, дәлелдер табу, өз ойын ортаға салу және шешім қабылдай алуы керек. Осы қасиеттер арқылы білім алушының бойынан өзіне деген сенімділік, батылдық қабілеті артады.	(...қатесін табыңыз, ...себебі неде, ...критерийлары қандай, ...артықшылығы мен кемшілігі қандай, ...болжам жасаңыз, ...қолдайтын немесе қарсы аргументтерді келтіріңіз), 21 – 30 сұрақтар.
Дағды	Іс-әрекеттерді орындау процесінде қажетті іс-қимылдар тізбегін орындау қабілетіне ие болады. «Мен жасай аламын және жасаймын»	Ақпараттық	Зертханалық жұмыс	
		Импровизациялық	Студенттің оқытушымен өзіндік жұмыс (СОӨЖ)	
		Эвристикалық	Студенттің өзіндік жұмысы (СӨЖ)	
Потенциал	Кеңейту, даму қабілеті және даму бағыты шекаралары «Болашақта жасай алады»	(болашақта жасай алатын) жобалар		

Болашақ информатика мұғалімдерінің білім беруді цифрландыру жағдайындағы ақпараттық-интеллектуалды құзыреттілігін қалыптастыру үшін мынадай алгоритм құрылды.

1. Білім алушылардың ақпараттық-интеллектуалды құзыреттілігін қалыптастыруға арналған критерийларды анықтап аламыз.

2. Ақпараттық-интеллектуалды құзыреттілікті қалыптастыруға арналған критерийдің тармақтарын құрамыз.

3. Жалпы 3 критерий және олардық тармақтары бір-бірімен тығыз байланысты. Осы 3 критерий бойынша болашақ информатика мұғалімдерінің ақпараттық-интеллектуалды құзыреттілігін анықтаймыз. (Кесте 1)

Әр критерий бойынша құзыреттіліктерді анықтаймыз. IT бағытындағы білім алушылардың және басқа салада кездейсоқ білім алушылардың пәнге деген құзыреттілігін анықтап салыстырамыз.

Болашақ информатика мұғалімдерінің білім беруді цифрландыру жағдайындағы ақпараттық-интеллектуалды құзыреттілігін қалыптастыру бойынша көптеген зерттеулер жүргізілді. Бұл білім

алушылардың ақпараттық-интеллектуалды құзыреттілігін қалыптастыруда білім беруді цифрландырудың өзектілігін дәлелдейді. Зерттеу нәтижесінде: осы мәселе бойынша әдеби шолу жүргізілді. Болашақ информатика мұғалімдерінің ақпараттық-интеллектуалды құзыреттілігін қалыптастыру үшін білім беруді цифрландырудың мүмкіндігі зерттелді. Болашақ информатика мұғалімдерінің білім беруді цифрландыру жағдайындағы ақпараттық-интеллектуалды құзыреттілігін қалыптастырудың жалпылама алгоритмі жасалды.

Аннотация

В статье рассматриваются исследования ученых в области информационно-интеллектуальной компетенции, а также дается определение информационно-интеллектуальной компетентности. Теоретически обоснована и сформулирована структура информационно-интеллектуальной компетентности будущего учителя информатики. Информационно-интеллектуальная компетентность студентов определялась по критериям знаний, навыков и потенциала и представлялись в табличной форме. Для выполнения ситуационной задачи мы разделили уровень успеваемости студентов на информационный, импровизационный, эвристический. Лабораторную работу на информационном уровне, самостоятельную работу студента с преподавателем на импровизационном уровне и самостоятельную работу студента на эвристическом уровне. Разработан обобщенный алгоритм формирования информационно-интеллектуальной компетентности студентов в условиях цифровизации образования.

Кілттік сөздер: ақпараттық-интеллектуалды құзыреттілік, икемділік әдісі, сыни ойлау, білімнің ұтқырлығы, импровизациялық деңгей, ақпараттық деңгей, эвристикалық деңгей.

Abstract

This article reviews the research of scientists on general information and intellectual competence and gives a definition of information and intellectual competence. The structure of the information and intellectual competence of the future teacher of computer science is theoretically substantiated and formulated. The information and intellectual competencies of students were determined by the criteria of knowledge, skills and potential and presented in tabular form. To perform the situational task, we divided the level of performance of students into informational, improvisational, heuristic, considered laboratory work at the information level, independent work of the student with the teacher at the improvisational level and independent work of the student at the heuristic level. A generalized algorithm for the formation of information and intellectual competencies of students in the context of digitalization of education has been developed.

Key words: information-intellectual competence, flexibility, critical thinking, knowledge mobility, improvisational level, informational level, heuristic level.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1 Дерябина С.А., Дьякова Т.А. Профессиограмма преподавателя иностранного языка в условиях цифровизации образовательного пространства // Высшее образование в России. - 2019. - № 4. - С. 142-149.

2 P. Seisenbekova, A. Shayakhmetova and M. Othman, The Use of The Bayesian Approach in the Formation of The Student's Competence in the ICT Direction. 2019 IEEE International Conference on Automatic Control and Intelligent Systems, I2CACIS 2019 - Proceedings 2019. С. 85-90. DOI:10.1109/I2CACIS.2019.8825060

3 Білім алушылардың құзыреттілігін қалыптастыруда байес тәсілінің қолданылуы, "Хабаршы" № 2 (66), 2019, - 296 б. КазНПУ им Абая, Қазақстан, рекомендуемый ККСОН МОН РК, издательство: "Ұлағат" баспасы.

4 Bayesian approach for competence formation for students of it-specialty, Journal of theoretical and applied information technology 15th october 2020. vol.98. No 19, ISSN: 1992-8645, E-ISSN: 1817-3195

5 Филимонова О.В. Разработка технологии формирования информационно-интеллектуальной компетентности студентов технического вуза // Современные проблемы науки и образования. – 2016. – № 4.; URL: <http://www.science-education.ru/ru/article/view?id=24816> (дата обращения: 12.10.2020).

6 Дмитриев М.Е., Сережкина А. Е. Структура и содержание информационно-технологической компетенции преподавателей высшей школы [Электронный ресурс]. - Режим доступа: <https://cyberleninka.ru/article/n/struktura-i-soderzhanie-informatsionno-tehnologicheskoy-kompetentsii-prepodavateley-vysshey-shkoly>.

7 Носкова Т.Н., Павлова Т. Б., Яковлева О. В. ИКТ-инструменты профессиональной деятельности педагога: сравнительный анализ российского и европейского опыта // Интеграция образования. - 2018. - Т. 22, № 1. - С. 25-45.

